

837-342-3

III 32

З. Шашкин

1 20.10
22 980к



НІЙНЕ ХІЧКИ

ГІМНЕ

ІЛІТАРАМДАР

АУДІ ТОМДЫР



«ЖАЗУШЫ»

ЗЕЙІН ШАШКИН

Таңдамалы

ШЫҒАРМАЛАР

Алты томдық



— МИШАЛЫ —

11 ақын даудук

894.342-3

(43)

ЗЕЙІН ШАШКИН

Таңдамалы

ШЫГАРМАЛАР


Алты томдық



ЕКІНШІ ТОМ

ТОҚАШ БОКИН

роман



«Жазуши» баспасы

Алматы — 1973

«Дүниеде өлмейтін: жақсының — аты,
ақынның — хаты»
(Қазақ мәтәлі).

БІРІНШІ БӨЛІМ

I

Абақтының торлы терезесінен Алатаудың ақбас шыңы сәүкелеге ұқсайды: кеуде жағы құсырылып, ұштала біткен. Тебесіндегі ақша қарға бөленген топ-топ көк шыршалар үкі тәрізді, алыстан көзге ерекше түседі. Осы табиғаттан Тоқаш көзіне ілінген осы бір алақанның аумағындағы ғана жер. Сонау көсілген Алатау анғарын, қаракөк бұлт басқан аспанды тегіс қамтып, көз аумағына түсіре алмайды. Кешеден бері жапалақтап жауған ақша қар бүгін күн еңкейе басылды. Дала жым-жырт. Мұндағы реңсіз, жұдеу күндер біріне бірі ұқсас. Бүгін міне, қара шапаның сүйретіп, ұзақ түн де келді.

Тоқаш бүгін тағы жалғыз. Серігі — қиял. Кеш батса болғаны — сыйбырысyz жаңына кеп, сыйбыrlай бастайды. Бұл қиял сегіз ай бойы күні-түні қасында, әбден үйреншікті. Кейде балаша шаттана, енді бір жайда сәбише құліп, көнілін көтереді, кейде өлім бейнесінде көрініп кетеді... Тоқаштың кеудесі аумаған сырдың қоймасы. Ой, сыр, қиял — бірінен бірі туып, бірін бірі қуып, ойнақ салады.

Тас еденді камера іші суық, ызғар. Кішірек торлы терезе. Босағада қаңылтыр параша. Қақпағын ашсаң қолқаны қабады. Тоқаш бұған да көнді. Бірақ адамның үйренбейтін жайы да бар. Адамды қанша байлас, тұтқындал ұстаса да, көнгісі, үйренгісі келмейді екен. Тоқаш осы ойын кеше қатардағы камерада отырған Сэт ағасына сыр ғып та жазды. Осы сегіз айда Тоқаштың көксегені — бостандық.

Тоқаш абақтыға түскеніне емес, оңай түскеніне өкінеді. Қолмен істегенді мойынмен көтермек — ел ішіне көтеріліс отын тұтатқан Тоқаш. Екінші арманы — Айгүл.

Тоқаш Айгұлді ойласа жүрегі езіледі. «Қап» деп, ернін тістейді.

... Тау етегіндегі ауыл өртеніп, лаулап жанып жатыр. Зарлаған қатын-бала. Мөңіреген сиыр, қаңсылаған ит. Жүрт жөңкіле қашып барады. Мұлікті де, малды да — бәрін тастаған. Шабуыл жасаған атаман Малышевтің отряды зенбіректі құрып қойып, ауылды оқтың астына алады.

Тау бектерінде, жартаста құшақтасып екі адам тұр. Талдырмаш ақ құба қыздың көздерінен моншақ жас домалап, ерніне жиналады. Иілген қара қасы ұшатын құстың қанатындағы дір-дір етеді. Жігіт қызды қапсыра құшақтап, әлденеден қорғаған тәрізді. Екеуінің де көзі ауылда...

Осы бір сурет сегіз ай бойы Тоқаштың көз алдынан кетпей қойды. Сондағы қызбен қоштасқан сөзі әлі құлағында:

«Тоқашжаным, қош!.. Тірі болсам — жастығым сенікі. Өлсем — о дүниеде тосам. Ерді сынайтын ауыр күн туды. Маған қарайлама! Сапарың оң болсын!»— деп құшырлана сүйді де, секіріп атына мінді.

Ағыза жөнелді. Тоқаш үн-түн жоқ, теңбіл көктің соңынан қарап, тұрып қалған-ды...

Сол Айгүл кәзір қайда екен? Біреулер соңғы жолыққанда — Аянбек Қытай өтіп кетіпті деді-ау!..

Жұма сайын Тоқашқа біреу тағам беріп жібереді. Абақты қараушысы әйнекшені ашады да, ләм-мим деместен тастап кете барады. Бұл кім екен? Әуелгі кезде Тоқаш «Айгүл емес пе екен?» деп дәмеленді. Үміт — жолаушыға жылтыраған тұнгі оттай, көңілге қуаныш түсірді. Бір күні қалаш ішінен тіліктей қағаз шықты. Бір ауыз сөз ғана жазылған: «Қарлығаштың көмегі». Кім екен?

Әлгі қағазды жалғыз терезеден түскен көмескі сәулеге де үстап қарады. Қолын тани алмады. Бір кезде Петроградта бірге болған достары бар еді — соның біреуі ме?..

Біреу қабырғаны тырс-тырс қағып шакырып тұр. Құлағын тосты: екі де төрт. «Қ»— сонсоң?.. Төрт те үш.. Үште үш... Сонда не болғаны? Осы санды сөзге айналдырып, әр әріпті құрап, оқып шықты: «кімсің?» — депті

Тоқаш абақты тілін бостандықта жүргенде біліп алғанды: декабристердің өмір тарихын жазған бір кітаптан оқыған. Ұмытпаса, Бестужевтің ойлап шығарғаны. Тоқаш бұрын қабырға арқылы тілдесіп көрмеген еді — әлде тор құрып жүрген тергеушінің өзі ме? Сыр тартпақ болар. Тоқаш каба сақалын, ұзын мұртын сипап, көңіліне аз секем алды.

Қабырғаны тағы қақты. Опымай кім болса да шебер.

Тоқаш қайта соғып, кім екенін сұрады. Іле жауап алды. Сақа екен. Тоқаш қуанғанынан атыш түрдү. Эрине, Сақаның абақтыда отырғанына қуанған жоқ, тірілігіне, шынтақ тірейтін досына кез келгеніне қуанады. Осы түн қабырға арқылы талай сырдың бетін ашты. Сақаның ісі аяқталып, бүгін-ертең сотқа түспек. Қасында — Сәт, Құрышпай. Кеше оларды басқа камерадан әкеп қосыпты... Бүгін түстө Құрышпайды тағы жауапқа шақырған: жауап алған жаңа адам, түсі суық, көбіне сары ала қамшы жайында сұрапты...

Тоқаш ісінде бұл жанды жер. Тергеуші дәл басқан. Тап бүгінге дейін айлаға салып, ізін бастырмай қеліп еді. Кім білсін?.. Сол құрғыр қамшы қолға қайдан түсіп еді?

Қалада, сонау бас арықтың қыратына бүкіл Жетісу өлкесінің эйгілі байлары жиналды. Қымыз сапырылып, ет былқып пісіп жатыр. Гу-гу, қызу әңгіме, Тоқаш та келді. Қасында бір топ серігі бар: Сақа, Жұніс және Құрышпай.

Топ ортасында губернатордың тілмәші Жайнақтың Ұбрайымы, болыс Сүгірбаев, тырна сияқты серейген ұзын моянын Кақенов отыр. Бұлардың келгенін олар ұнатпады.

Ұбрайым қалтасына қолын салып, шірене сөйледі. Даусы шіңкілдеп шықты:

— Патша жарлығы — қазақ балаларын соғысқа жіберсін! — депті.

Жұрт құлаққа ұрган танадай жым-жырт. Жаңа ғана ара ұсынадай гуілдеп жатқан топ басыла қалды. Әркімнің-ақ баласы бар, көрер көзге өлімге қалай қимақ?

Сүгірбаев пен Кақенов бірінің сөзін бірі қоштап, патша жарлығын қолдады. Топта әлі үн жоқ. Тек халфе ғана басын шұлғып, мақұлдаған нышан беріп отыр. Тоқаштың зығыры қайнады. Орнынан атып түрдү. Даусы қалтырап, ызғарлы шықты:

— Бұл — халық өміріндегі тар жол, тайғақ кешу, қысылтаяң өткел. Олай болса, ат төбеліндей аз топ, Алматы төңірегінің қазақтары бұл мәселені шеше алмайды. Бүкіл Жетісу халқы шешеді. Кәне, ел адамдары түгел ме?

— Сәт қайда?.. Жігіттер жастығын кім үшін құрбан қылады. Одан да сүйегін туған жерінде қалдырады...

Халық шуы лау етіп тұтанды. Жұніс бастаған топ еліре түрегелді. Қысқа айбынды сөздер айтЫЛДЫ: «Кісі бермейміз! Жүгініп өлгенше, түрегеп өлеміз!» — десті.

Жайнақов құп-құ боп, алдындағы дөңгелек столды теуіп жіберді, қағаздар дудырап аспанға үшты.

— Бокының ұлы, төрелігінді өз еліце жүргіз! Іріткі салма, кет!

— Қазақ халқының тағдырын жалғыз сен шешпей-сің! — деді Тоқаш айғайлап.

— Шатпа! Патшаның жарлығына күман келтірмे!

— Сен мансап үшін халықтың боздақтарын сатып тұрсың!

— Ә, әкеңнің... Патша жарлығы саған қолжаулық па?

Бұл сөз Тоқаштың қытығына тиді — қасындағы Зәкірдің қамшысын қолынан жұлып ап, тұра ұмтылды. Сақа ұстап үлгіре алмады. Жайнақовтың үстіне бүркіттей қона түсті, сары ала қамшымен бір салғанда-ақ ол есекіреп қалды. Сүгірбаев арашалап, айырып жіберді.

Тоқаш ентіге басып, пәтеріне тартты. Жылдам жүріп келеді. Қылыш қынабынан суырылды — енді қайта салуға болмас. Тоқаш артына жалт қараса, Құрышпай да өкшелеп келеді екен.

— Сақа мен Жұніс қайда?.. Шақыр!..

Сол күні Тоқаш пәтерінде төртеуі бас қосты.

Бокиннің пәтері Эрмиш деген сағатшының үйі еді. Кең, жарық бөлменің терезесі ауладағы бақ жақта: арықтан ақ-қан мөлдір судың сыйдыры, бұтақ басындағы құстың әні жаздың тұнық қүнінде ерекше ашық естіледі. Төрде көрпе үстінде Жұніс отыр, алдында қымыз құйған кесе. Сөзін жаңа ғана аяқтады. Жауп күткен пішінмен Тоқаш пен Сақаға кезек-кезек қарайды.

— Жүкең ниетін білдірді. Сол дұрыс. Сапар оқ болсын. Сақа, сен осында қалып, губернатор төңірегіндегі сырды жеткізіп тұр. Жүкең Қастекке барады. Мен Құрышпаймен Шамалғанда болам. Әуелгі хабарды өзімнен күт! — деді де Тоқаш терезе алдына барды: бұтақ басында алқымы қызыл, сүйрік тұмсық құс без-без етеді: «тез! тез!» деген тәрізді. Тоқаш қайта бұрылды:

— Сақа, сен не дейсің?

— Бастау керек! Орыстар айтқандайын: «Лиха беда на-чало!» — біреу бастаса — аржағын тоқтату қыны, халық қимылы сең емес пе! Мен мұнда, орыстар арасынан тілек-тестер іздейін...

— Мақұл, мен саған бір адрес берейін, алдымен соған бар...

Тұнделетіп Тоқаш Шамалған келді. Аттың шылбырын ердің қасына іле салып, үйге Құрышпайдан бұрын кірді. Үрейлі ауыл әлі ұйықтамапты. Күбір-күбір сөз, аһ ұрган

қайғылы қапа, үнсіз сапырылысқан жүріс... От сөнген. Тек Тоқаш барған ортадағы үлкен қоңыр үйдің жабығынан гана сәуле сығалайды. Тоқаш есікті ашып қалғанда жарық сыртқа лық еткізіп төккен судай, қотанға шашырады.

Оң жақтағы қалың бөстекте Сэт отыр. Қанатын қомдаған бүркіттей айбатты, қабағын түйген, ерні салбыраған, бетаузы тілім-тілім ажым. Қалай қартайып кеткен? Тоқаш жақында, Петроградтан келген бетінде ғана көрген. Онда баяғы қалпы еді. Сәттің қартаятын құні бар ма осы, деп таңданған болатын. Енді мынау: самайы аппақ, жіңішке ұзын қасына да шық түскен.

Сэт селк етіп басын көтерді. Тоқашты көріп езу тартты.

Өткір қоңыр көзі өңмennen өткендей.

— Ел басына қасірет орнады. Ерді сынайтын қара құн туды! — деді Тоқаш амандықтан кейін іле. — Естіген боларсыз? Не ақыл айтасыз, Сэт аға?

Сэт шоқша сақалын сипап:

— Өзің не оймен келіп отырсың? — деді.

— Жігіттердің сүйегін туған жерінде қалдырағаны дұрыс болар. Қашанғы жүгініп өмір сүреміз, ойым осы.

— Ұл бол туған шығар деп, сенен үміт еткен ем. Ақтайтын түрің бар, батамды берем — сапарың оң болсын!

Ертеңінде Тоқаш Үшқоңыр тауында Бекболат Эшкеевпен кездесті. Тұс-тұс жаққа кісі шаптырып, ел білетін, жер танитын, беделді жігіттерді жинады. «Бір женнен қол, бір ауыздан сөз шығаруға үделесті, ант берісті. Сол тұні Тоқаш соғыс кеңесін құрды. Онда Пішпек пен Верныйды екіге бөлмек болды. Жұніс — осы аралықтағы қара жолды алғып, екі ортадағы қатнасты үзеді. Қырғыздар тобы сол Пішпек, Тоқмақты қамайды да, губернатордың орталығына шабуылды Бекболат жасайды...

Тоқаш ертеңіне сол маңайдағы елді аралап, сөз сөйледі: көтеріліске қатысуға шақырды...

Көтеріліс басталып кетті. Тоқаш жігіттері Самсыға шабуыл жасады. Атаман Малышевтің Самсыда тұратын отряды быт-шыт бол қаша жөнелді. Селоға кіре бергенде, Құрышпай бастаған бір топ телеграф сымын кесіп, бағанаасын өртеді.

Сол тұні жігіттер Шамалған тауының бөктеріне қонақтады. Ендігі мақсат — Шиен селосын алу. Ұзын хабарға қарағанда атаман қолы соған жиналған. Бірақ Тоқаш қаладан хабар ала алмады, Сақада үн жоқ. Кешегі Құрышпай

әкелген дерекке қарағанда, Шиенге губернатор әскер төгіп жатқан көрінеді.

Қарусыз жігіттер зеңбіректің бір оғынан ғана қырылып қалуы мүмкін. Тоқаш айла іздеді. Жоқ, атаман отрядын қолға тұсірсе — партизандар қолында зеңбірек те, пулеметте, оқ та болады.

Құрышпайды ертіп Шиен келді. Поселка толған әскер, бұзылған құмырсқаның ұясына үқсайды. Тоқаш тұра атаманның штабына барды. Малышев жоқ, орнында жас офицер отыр екен. Тоқаш өзін әдейі былайша таныстыруды: мына Пішпек жақтан дәрі шөп жинап, Алатаудан асып келе жатқанымызда, қырғыздар ұстап ап, әуре-сарсаңымызды шығарды, оқығандарға сенбейді ғой, зорға құтылдық. «Олардың ұясы қай жерде?» — деп офицер шап ете түсті. Тоқашқа керегінің өзі ссы. Бастап алғып жүрді. Жалғыз тал қылмен көтерілген өрмекші тәрізді. Тау қиялап жоғары өрледі. Төмен қараса — бас айналады. Терең шатқал. Тоқаш артына қарап еді, солдаттар шынжырдай тізбек-тізбек, бірінен бір ұстап, өрмелеп келеді. Бірі құласа — бәрі қалмайтын сиқы бар. Кенет үстерінен тау құлады. Тасада тығылып тұрган Бекболаттың отряды дойман тастандарды сырғытып жібере берді. Тас та, солдаттар да құлап жатыр.

— Тау құлап келеді! — деп Тоқаш айғай салды да, қия ссоңақпен тарта жөнелді. Артында Құрышпай. Атылған мылтық, өкініш сөз, кіжінген айғайдың бірін де құлаққа ілмейді. Тарта берді.

Тауды айналып Шамалғанға келді. Сәт тұтқынға алынған. Кім екен ұстатқан? Ауыл адамдары анықтап айта алмады, ел іші қаптаған боқалшы, саудагерлер, танымайтын жолаушылар. Кім білсін, қайсысының жеткізіп жүргенін... Сыдан екі күн бұрын бет-аузы толған түк — өзбек пе, үйғыр ма — біреуі осы ауылдан аттаныпты: Тоқаш қайда деп сұраган.

Бұл бір жұмбақ адам. Әлде Сақа жіберген бе?

Сол күні кешке қаладан Сақаның өзі келді. Әлгі жұмбақ адам Сақаның елшісі болмай шықты. Бірақ, Сақа айтқан хабардан оның кім екені сезілді.

Жақында тілмаш Ыбраіым Жайнақов соғыс губернаторы Фольбаумға барған. Ұзынқұлақ хабарға қарағанда, ел ішіндегі қиян-кескі жанжал, бұлік жайында мәлімет беріп, ақыл сұраган Фольбаум: «бұл бұлікті бастап жүрген кім?» дегенде, Ыбраіым Тоқаштың атын атаған деседі. Бұл сөзге Сақа сенеді. Александр Березовскийдің айтуынша губер-

натор сол сағатта Тоқаш соңына кісі салып, тұтқынға алу-
ды атаман Малышевқа тапсырған көрінеді.

Тоқаш Сақаға ақыл салды: сол Березовскийдің өмірде
көргені көп, ақыл сұра, қолынан келгенін аяmasын. Ер мой-
нында қарыз кетпейді. Әлгі тері-терсек заводында істейтін
Өтепов Тәшен қайда екен? Соның орыстар арасында жа-
қын достары бар еді көмек бере алатын. Сақа Тоқаш ойы-
ның алдын орап қеліпті. Анада Тоқаштың өзі берген адресі,
аңшы түскен іздей, достардың ұясына апарып тіреген. Кә-
зір сол жерде бұлардың ісіне көмектесетін, тілекtes жандар
бар.

... Осы күндері атаман Малышев жіберген үш адам Ақ-
шиге келіп қонды, Тоқаш бейсауат жүргендердің кім екенін
білуге Құрышпайды жұмысады. Іле Құрышпай қайта оралды.

— Сенсөң, пәле іздеп жүргендер! — деді Құрышпай
елегізіп.

Тау құлады десе мызғымайтын батыл, сері жігіт абыр-
жып қалған: «куле кіріп, қүңірене шықпақ. Нанбасаң ша-
пан астынан қанжардың ұшы шығып тұр!» деген Құрыш-
пайдың сөзі Тоқашқа қамшы боп тиді. Тоқаш жанына үш
жігіт ертіп, жолаушылар түскен үйге кіріп барды. Төрде қы-
зара бөртіп екі адам отыр: күйектей қара сақалды мосқал
ерек қымсынып, бұларға бажырая қарады. Тоқаш та осы
біреуді бір жерде көрген тәрізді. Ойлануға мұршасы келме-
ді. Әлгі қаба сақалдың қасындағы шегір көз, жастау жігіт
атып тұрып, қолын қойнына сұқты...

Ей, Құрышпай жігіттің төресі-ay! Өмір көргендігін жа-
сады. Тоқаштың соңынан кірсе де, алға зып ете шығып, ше-
гір көзді баспен қойып жіберді. Ол өкіре құлады. Тоқаш қа-
ба сақалға жармасты. Үйленбеген, сақа жігітте бірталай күш
болмай ма, бірақ қаба сақал бой бермеді. Жігіттер жабыла
түсіп, қол-аяғын байлады. Сұрастыра келсе — атаман Ма-
лышевтің салған кіслері осылар екен. Тоқашты тірідей ұс-
тап, атаманға алып бармақ, реті келмесе, табанда атып тас-
тауға бүйрек алған.

Тоқаш Құрышпайды алып, сол күні тұнделетіп Қаске-
лең барды. Қойнында шегір көзден тартып алған алты ата-
ры, астында бәйгекек.

... Түн. Станицаны қараңғылық басқан. Өзен қабағын-
да аңысын аңдып отырған Тоқаш пен Құрышпай аттары-
на мінді.

Атаман үйіне тура бұрылды. Қек шатырлы ағаш үйдің төрзесінен жылт-жылт от көрінеді. Апымай, ат тұяғының көшени жаңғырықтыруын қарашы! Атаман бейқам жатпас — күзет те қойған шығар. Рас-ау, эне бір қарайған мылтық асынған солдат емес не? Аттан түсіп, жаяу барса,— қаша алмай қолға түсіп қалар. Дыбысын шығармас үшін көйлектерін жыртып-жыртып, аттардың тұяғын орады.

Жақын келіп, кек шатырлы үйдің сыртын айналды. Аттың шылбырын Құрышпайға ұстата сап, Тоқаш талдан тоқыған шарбақтан аулаға секіріп түсті. Аула толы пәуеске, ерттеулі ат, терезе ашық. Самал жел торғын пердені желпиді. Жүрек те соғады. Эр қадамы санаулы. Сығаласа — оқалы шапан қиген сары атаман отыр. Қасында қазақ тақиясын қиген Зәкір — дөңгелек қара сақалды, мысық мұрты бар, Верныйдағы атышұлы саудагер Исағайдың Зәкірі. Екеуі бір қағазға төніп, кеңесіп отыр... Карта—Жетісудың картасы.

Тоқаш алты атарды суырып алды да, басып-басып жіберді. Жалт бұрылып, шарбақтан қалай қарғып шыққанын өзі де білмей қалды. Бәйгекек секіріп, зыта жөнелді. Қамшысы қолынан түсіп кетті. Қап!..

Міне, сол сары ала қамшы алдынан шықты...

Камера есігі шықыр-шықыр етіп, зорға ашылады. Тоқаш ойдан сергіп, атып тұрды.

Абақты қараушысы екен.

— Сізді жауапқа шақырады! — деді.

Тоқаш иығына жамылған шапанын сырғыта тастап түрегелді. Бармасқа бола ма? Сегіз ай бойы қунде осы, тұн ауа тергеуге шақырады, таң атқанша ұстайды. Тоқаш үйқыдан қажыды. Адам аштыққа шыдайды екен, бірақ үйқыға... Үш күннен соң есінен танады.

Абақтының бұлтармасы көп дәлізінен өтіп, аулаға шықты. Оқшау тұрған кішірек ағаш үйде абақты бастығының кабинеті бар, оған қарсы тергеуші кабинеті. Эне, терезесінен от жарқырайды. Абақты қараушысы алдына сап, Тоқашты алып кірді.

Екі адам отыр. Біреуін танымайды: ұзын бойлы, таңқы мұрын. Түсі суық. Оның қасындағы тергеуші — округтік прокурордың көмекшісі. Қatal адам — сөз үқпайды. Тоқаштан қазір бірдеме сұрайды да, арасына сөз салмай, аузымұрны қисаймастан қайта сұрайды.

Стол үстінде жыландаң іріліп, сары ала қамшы жатыр. Тобылғы сап, алтын сақинамен буындалған, сегіз өрім, дырау қамшы. Тергеуші Тоқашқа үш бұрышты орындық үсігінди.

— Тоқашпай Боқы ұлы сіз боласыз ба?.. Дұрыс!.. Мына қамшының иесі сіз бе? — деді ұзын бойлы.

— Жоқ.

— Дұрыс-ақ. Атаман Малышевті атқан сіз ғой?

Тоқаш сәл жымысып, езу тартты. Қундегі белгілі сұрақ. Құрықты қалай сермесе де, бір түсіре алмай-ақ қайды.

— Жоқ! — Тоқаш ұзын бойлының шегір көзінен көзін алмады — жылан мен мысықтай арбасты.

— Оқ атқан терезе түбінен мына қамшы табылды. О қалай?

— Бұл Зәкірдің қамшысы. Соның қолынан көрдем.— Ұзын бойлы мырс етіп күліп жіберді.

— Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам!.. Дәлел? Дәлеліңіз бар ма?

Тоқаш бірнеше күә тартты: тері-терсек илейтін заводтың жұмысшысы Тәшен Өтепов, мұғалім Александр Березовский.

— Сіз атаманға оқ атпадым дейсіз, оған қандай дәлеліңіз бар? — Ұзын бойлы жуан папканы ашып, әр қағазға бір үңіліп қояды. Тегі Тоқаштың ісі болуы керек. Кейде Тоқаш жауабын күттей, екінші сұрақ қояды.

— Мен бұдан бұрынғы жауабымда тергеуші мырзаға талай айтқам: ол оқ атылған күні мен Жауыр поселкасының өртін сөндірісікем... Мұны елден сұраңыз!

Тергеуші папканы қосарлана ақтарысып, аяқ көзінен бір бетті ашты да, сүқ қолымен көрсетті. Ұзын бойлы аузы жыбырлап, көзімен жүгірте оқып отті. Тоқаш өзі туралы Шамалған болысы «приговор» түсірді дегенді естіген. Бүкіл ел қол қойып берген. Онда: «Жаныбек қожаның баласы орыс поселкасын өртеп кеткенде, Бокин елді жинап, орыс шаруалары қазақ халқына жау емес, оларды босқа күйдіруге болмайды деп, жігіттерді жинап, өртті өзі сөндірісті!» деген. Осылай болғаны рас та, бірақ ол атаманға оқ атқан күннің өртенінде еді.

— Қамшының иесімен беттестірсем қайтесіз?

Тоқаштың жүргегі бұлк етті. Тергеуші де талай оқтанып артынан тайып кеткен-ді. Бұ жолы тұра келген қауіптен құтылуы қызын тәрізді.

— Салсын мойныма!

Ұзын бойлы тергеушіге қарады. Ол үнсіз басын изеді де, шығып кетті. Тұн ортасында кімді әкелмек, жаным-ау! Ұзын бойлы тұксіз, жалаң қабағын тұкситіп, Тоқашқа сұқтана қарады. «Енді қайтер екенсің бәлем!» дегендей езуінде мысқыл бар. Шылымын тұтатып, қомағайлана тартты да, зілдене сөйледі:

— Сіресіп мойындау ерлік емес, қорқақтық,— деп, Тоқаштың қытығына тиі.

Әрине, бұл сөзге шамданып, сырын ашуға бола ма? Тоқаш оның сөзіне құлақ қоймады. Бұл өзі қім? Прокурор ма?

Сырттан сықыр естілді. Есік ашылды. Біреу кіргендей болды. Тоқаш есікке арқасын беріп отыр еді, көре алмады.

— Отыр, Зәкір ақсақал! — деді тергеуші Тоқаштың жеке тұсынан. Тоқаш денесімен бұрылғып, жалт қарады.

Зәкір Тоқашты қасақана елемеді. Көз қыығын да тастамады. Танымаған адамның пішіні. Тұні бойы ұйқы көрмегендіктен бе, томсарып, тұксіп отыр.

— Мына қамшыны танисыз ба?

Зәкір сәл кідіріп, тұра ұмтылды. Қамшыны стол үстінен жұлып ап, бауырына қысты.

— Қамшым-ай, қамшым! Айналайын серігім...

— Айтпадым ба, бұл Зәкірдің қамшысы деп...

Ұзын бойлы таңданып, «бұл қалай» дегендей тергеушіге бұрылды.

— Қамшы шынымен Зәкірдікі ме?

— Ие, менікі, мынау тартып алып кеткен,— деп Зәкір Тоқашты көрсетті.

— Бұл адам — ардан да, намыстан да ада. Ақша үшін туған анасын сатуға бар! — деді Тоқаш іле-шала.

Зәкір ыршып тұсті. Айғайлап, қамшысын үйіріп, Тоқашты арқадан тартып-тартып жіберді.

— Тарт тіліңді, бұзық! — деп Зәкір айғайлап, үйді басына көтерді.

Тергеуші мен ұзын бойлы тұра ұмтылдып, араға тұсті. Зәкір қамшыны қалай жоғалтқанын, Тоқаштың қолынан қалай тартып әкеткенін төпеп айта бастады. Тоқаш тұс бермей, шыдап бақты. Ашу шақырып, боқтасуabyroй бермес. Дүшпан алдында әлсіздік білдіруге жарай ма!

— Зәкір ақсақал, сізге тергеуші неше сом ақша төледі? — Тоқаш езу тартып, мысқылдай күлді.

— Тоқтат мынаны!.. Эйтпеген күнде... жүндей тутем!— деп Зәкір тісін шақырлатып, қалш-қалш етіп теріс айналды.

Ұзын бойлы Зәкір кетісімен орынан тұрып, Тоқаштың қасына жақын келді.

— Енді жасырынбақ ойнауға болмас, Боскин! Кәне, моянында!

Тоқаш үнсіз басын шайқады. Ұзын бойлы ашуға басты, құлағына дейін қызарды.

— Кімді ақымақ қылғың келеді? — Тоқаштың иығынан қатты қыса ұстады.

— Тарт қолыңды! — деді Тоқаш.

— Мә, саған! — Ұзын бойлы алақанының қырымен қүре тамырдан салып жіберді, Тоқаш есінен танып еденге құлап түсты.

Қанша уақыт өткені белгісіз, Тоқаш камерада оянды...

Үш күн өткеннен кейін Тоқаш айыптау қортындысымен танысты. Абақты бастығы камераға өзі әкеп берді.

Тоқаш әрбір сөзіне жіті қарап, қайталап, ұзақ оқыды. Тағы қайта оқыды. Тағдыры осы бір тарақ қағазға сыйған. Әрбір жолдан сот үкімін де ұғуға болады. Дарға асу... Сибирге айдау... Жоқ-жоқ. Бостандық! Шіркін, бостандықтан артық нендей жақсылық қасиет бар дейсің!.. Бұл бос қиял! Кеше Бекболатты дарға асқан жоқ па, кімнен рақым қүтесің?

Бекболат демекші... Тоқаш қағазға тағы үнілді: «Жетісу көтерілісінің басшысы Бекболат Әшкеевпен тығыз байланысы болған. Куәлардың көрсетуіне қарағанда, Бокин сол Әшкеев штабында шабуыл жобасын бірге сыйысқан». Міне, дар ағашқа апаратын жол осы емес пе? Куә болған кім еken? Бекболат бұл істе ешкімді де шатпайды. Халық үшін өз басын құрбан етті. Енді қайсысы?..

Тоқаш ерсілі-қарсылы жүрді. Терезеден ұмтылып, тысқа қөз салды. Қара көк аспанның шеті ғана көрінеді. Бүгін аспан соңша неге әдемі? Тап-таза тұнық ауа, қөгілдір аспан, ну орман, сылдырап аққан су... Бұлардың бәрінен де қадірлі — адам күлкісі, қандай жанға жайлы, жүрекке жұмсақ тиеді... Сол қызыққа қайтып оралмай, мәңгі-бақи қоштасуға бола ма? Тоқаш өлімнен қорқа ма? Әрине, қорқады! Өлімнен қорықпайтын адам бола ма? Тірі жәнның бұл өмірді тастап кеткісі келе ме? Тоқаш денесі қалтырап, тоқазыған тәрізді, цемент еденнің ызғары ма? Сәттің беріп жіберген шапаның жұлып ап, бір жағын астына бір жағын үстіне жамылды.

Тоқашқа өшігіп жүргендер аз емес. Соның бірі — тергеуші. Осыдан үш жыл бұрын екеуінің жүз шайысып қалғаны бар-ды. Кәзір Тоқаш соңынан жарық алғып түскен де сол.

Гимназияның мұғалімі Нахтманның қызы Зоя — қара көзді, жібек мінезді жайдары қыз екеуінің де жүрегінен орын алған-ды. Тоқаш биші жігіт, қоя ма, емін-еркін билеп, қызды икемдеп, бауырына тартып алады. Қыз да назды құлқісімен арбал қылығымен қызықтырады. Эсіресе, қыз бойындағы Тоқашқа ұнаған қасиеті—жатсынбай, бауырына кіріп, тіл таба білді. Қаланың кейбір ақсүйектерінің қыздарындай «нәсілге» қарап, шошынбайды... Зоя гимназияны бітірген жылы Тоқаш екеуі алыс сапарға аттанды, Петроградқа саяхат шекті. Тоқаш өмір іздеді. Жұрт көргісі келді. Жетісуда толқыған ой медет таба алмады. Ал, Зоя институтқа оқуға түспек... Сол бір қуанышқа масаттанған құндер есіне түскенде, Тоқаш жүрегі шымырлап кетеді. Тұн. Сарқырап аққан Еділ... Жүзіп келе жатқан пароход. Өзеннің оң жақ қабағы—өркеш-өркеш биік жартас, палубада Зоя мен Тоқаш, көз ұшында жылтыраған қызыл ноқат.

— Анау не? — деді қолымен нұсқап.

— Ол — біздің үміт. От сияқты жылтырап, мен мұндалап шақырып тұрганын қарашы, тегі жақын-ау өзі...

Сол үміт Петроградта алысталап, көзден ғайып болды. Қыз қалаға сіңісп, жаңа орын тепті де, Тоқаштан сұып кетті. Құндер зымырап өте берді. Тоқаш қалтасындағы азын-аулақ тынн-тебені сарқылды. Қызмет іздеп, жоғарғы сот палатасына барды. Бір кезде Верный сотының тілмәші да болған жоқ па?.. Тоқашты құшақ жая қарсы алды. Түркстан өлкесінен түскен арыз, іс көп, Тоқаш қуаныш, пәтеріне қайтты. Ертеңіне тағы барды... Екінші күн барды... Құнде ертең, құнде ертеңмен уақыт өте берді. Кешегі тілінен майы тамып, бас шұлғыған шінеуніктер әжуалай бастады. Бір күні Тоқаш әбден күдер үзіп, заводқа қара жұмысқа түсті. Ең болмаса жолға ақша табу керек болды. Өстіп жүргенде, бір кезде осы тергеушіден тартып алған қызынан өзі де айырылып қалды...

Осы құндерде Тоқаш тонның ішкі бауындай жақын, ниеттес адамдарға кез келді. Өзінің Жетісудағы достары Иван Покудин сияқты жылы өнді, мейірбан адамдар. Осының біреуі — қапсағай бойлы, салмақты Федор Иванович Столяров бұған әкесіндей мейірімді болды. Выборг жақта, Кіші Посад көшесі жиырма алтыншы үйде тұрады екен. Кетер-кеткенін-

ше үйінде жатқызып, баласындаң күтті... Көп сырласты. Өмірдің ой-шұқырымен таныстырды... Бірнеше рет Ленин жайында әңгіме айтып, Тсқаш сыйна қанат бітірді... Сол кісі Тоқашты Жетісуға ұшырды. Кетерінде Ереминнің адресін берді ол. Сол Столяровтың берген адресін тергеуші тінткенде чемодан түбінен тапты... Өмір деген осы. Бұғын Зоя да, Столяров та Тоқаштың қасында жоқ. Тағдыры тергеуші Загаруляның қолында.

Есік ашылды. Абақты қараушысы тысқа шығуға шақырды. Таң атқалы асыға күткені де осы бір он бес минуттік таза ауадағы өмір. Қуана барады, егер ерік берсе, алақайлап балаша жүгірер еді. Аулада тоқтап тұруға ұқсат жоқ, арқандаған аттай, айнала жүре береді, жүре береді.

Әдеттегідей Тоқашты аулаға жалғыз алғып шықты. Басқа тұтқындарға қосуға сескенеді.

Биік дуал. Аржағында бостандық өмір. Тоқаш қызыл кірпіштен қаланған дуалды жағалап, шеңбермен келе жатыр еді, қабырғаға қүйемен қап-қарағып, ескі арабша: «Тоқаш» деп атын жазыпты. Тез қимылмен сып етіп, қағазды ала қойды. Аңдып тұрған абақты қараушысы байқамай да қалды. Қағаз алақанын өртеп барады. Қунде камераға асықпайтын Тоқаш он бес минутті жылдай күтті. Жақсылық па?

Есік жабылар-жабылмастан алақанын жазды. Қағазда: «Кеше Құрышпай аулада ағаш кесіп еді, сырттан хабар әкелді. Жақында сот. Адвокат керек пе? Сақа».

Сот! Аржағы немен тынбақ? Не де болса, өзін-өзі қорғайды. Жүрек кернеген сырды армансыз айтып қалу керек. Оған сөйлесуге Тоқаштың тілі де, ойы да, батылы да жетеді... Бұл ақырғы сот.

Көрші камерада Шамалған, Жайлымыс, Қастек елдерінің азаматтары отыр. Ертең Тоқашпен бірге олар да сотқа бармақ. Солардың көбі-ақ ойдағы сөздерін жеткізе алмай, атылғаны атылып, айдалғаны Сибирьге сапар шегіп кетеді ғой! Солардың айта алмаганын айту — Тоқаштың борышы... Анадан туған ұл емес пе, елге аты шыққан ақылды анасы Ақбалтырдың ақ сүтін ақтау керек!

II

Толық, денелі, ақ құба әйел губернатордың мекемесіне мешітті көргендей ішінен дұға оқып, әрең кірді. Қабығын

аршыған тал таяғына сүйеніп, сатымен көтерілді. Қасындағы қоңырқай жүзді жас әйел қолтығынан демеп келеді.

Қолына қара таяқ ұстаган, әдемі киінген тәпелтек ереккөз-тез басып қастарынан өте берді. Басында қыл қалпақ дәл тары түйетін келі сияқты, үстінде сәрік қойдың құйрығы тәрізді тілік етек пальто. Бет пішіні ғана қазаққа үқсайды: қара көз, қара мұрт. Құрғырдың мұрты да өзгеше — танауының астына жапсырып қойған сағыз ба деп қалатындей.

Я, Ақбалтыр есіне енді түсірді: осыдан төрт-бес жыл бұрын Тоқашпен қалаға келгенде, бір рет көргені бар. Солғой!

— Шырағым, мынау Ыбрайым мырза емес пе! — Ақбалтыр өкінішті дауыспен, ссңынан тесіле қарады.

Халима ұмтылып барып тоқтады. Анау қатарғы бөлмеге кіріп те үлгерді.

— Тегі со кісі білем, апа!.. Мына бір есікке...

— Баста! — деді Ақбалтыр, аяғын ширақ басып.

— Я, сәт! Ораздың жолын бер. Алыстан сүйретіліп келгенде, ұлымды көре алмай кетсем, өшпес арман болар! — Губернатордың мекемесі кең, биік күмбез, аумаған ертегідегі хан ордасы секілді. Табалдырықтан төрге дейін төсөлген масаты кілем, басуға аяйсың. Сырлы бағана. Тағы бір саты жоғары екінші қабатқа көтеріледі. Тегі жандарал жүретін саты шығар.

Халима есікті жасықтау қақты. Дыбыс жоқ. Ақбалтыр жүдірығымен есікті каттырақ қағып-қағып қалды. Аржакынан жаңағы қазақ шықты.

— Кіріңіздер, кіріңіздер! — деп әдеппен иіліп, жоғ берді.

Ақбалтыр әбден таныды. Жандаралдың тілмәші деп еді, септігі тисе жақсы-ау. Кім білсін, елде өсек те тараған: Тоқаңты ұстатқанның бірі Жайнақтың ұлы деген. Не жетпепті бұшіркінге?

— Шырағым, мен Тоқаштың анасы едім. Өзінді де бір көргенім бар. Атыңда да қанықпын. Әдейі сені іздел келдім! — Ақбалтыр көзін Ыбрайымнан алмады.

Ыбрайым жіңішке қасын жоғары көтерді. Құшық беті өзгерген жоқ, сазарған, ешбір жылыштың лебі білінбеді, тек астыңғы ерні салниши езу тартқандай болды.

— Отырыңыз, шешей! — деп орындық ұсынды. — Я, я. Есімде бар. Ана бір жылды сіздің қолыңыздан дәм де татқанмын.

Ыбрайым көзілдірігінің астымен Халиманы да бір сүзіп өтті. Ақбалтырға бұл қарас: «мынау кім?» деген тәрізді көрінді.

— Бұл бала әлгі Тоқаштың қасында жүретін әнші жігіт болушы еді ғой. Құрышпай... соның қалыңдығы, шырағым

Бұл сөзді естігенде Ыбрайым жіңішке қасын тағы бір көріп, мұрнын шүйірді.

— Я, шеше, бүйімтайыңызды айта беріңіз! — деді Ыбрайым, сәл жыымиып.

— Қарағым, біздің жайымыз өзіңе белгілі ғой... Тоқашжан құрбың еді, Құрышпай болса елдің о да бір азаматы... Екейі де сорлап отыр...

Ыбрайым сөздің аяғын күтпей, қосарлана сөйледі:

— Шеше, сөзіңіз хақ! Тоқаш замандасым, досым еді. Ішім ауырады. Қиналадам!.. Қолдан келгенін аяп жатқаным жоқ. Үкімет менің қолымда емес. — Ыбрайым шұбырта сөйледі: Тоқаштың ісіне талай араласып та көрді, бірақ көңілі қайтты. Ылғи алдынан кесе-көлденеңнен біреулер кез келеді: басараздық, бұрын бір сөзге кеп қалған ба, әйтеуір, бүгін солар өшін алмақ. — Тоқаштың мінезі жеңіл еді, көбінесе содан тартып отыр!..

Ақбалтыр бұл сөзді көңліне ауыр алды. Тоқаш бала болып, үлкеннің бетіне келмегені өзіне мәлім.

— Шырағым, ең болмаса дидарын бір көрсет, сағынып біттім, мұлдем тегі! — Ақбалтыр еңкілдеп жылап жіберді.

— Жыламаңыз, шеше!.. Бұл жағына көмектесейін... Қайтып жүре беріңіз. Өзім хабарлайым... Кешке жақын менің пәтеріме мына қарындастым келіп кетсін! — деді Ыбрайым.

Ақбалтыр орнынан зорға тұрды, қайдам, Тоқашты ұстаратқанның бірі осы деген расқа шығып жүрмесе?..

Түске дейінгі ашық күн тағы бұзыла бастады. Таудан ызғар соқты. Кешеден бері еріген қар, қайта қатты. Көк тайғақ мұздаққа айналады. Ілеңде аспанды сүрғылт бұлт басты. Ыбрайымның да көңілі бұзылып, қабағы түйіле түсті. Жүргегін тырналайтын бір қара мысық бар — күнде ма-засын алады. Тоқаштың шешесін көргесін, тағы да оянып, тырналай бастады. Ол қара мысықты басқа түгіл, Ыбрайымның өзі де көрген жоқ. Ол жасырын сыр. Ешкім білмейі керек. Эр адамның бір қара мысығы болатын шығар. Оның несі бар? Я, Жайнақтың ұлы, бүкіл Жетісуға әйгілі бай, өзі ғалым, өзі губернатордың оң қолы, көптің бірі бо-

ла ала ма? «Қыры көп қиын адам» атанған. Ондай мінездеме берілмесе, губернатор қанатының астына басар ма еді? Тілді құдай сыр жасыру үшін жаратқан. «Қара мысықты» тіл әшкөрелемесе, жүрек түбінде мәңгі-бақи жата берер.

Ұбрайым губернатордың адъютанттымен сыйбайлас дос есебінде амандық сұрасып, анау-мынау әзіл сөз айтЫп күлдірді. Оның қөңлін көтерді. Адъютанттың мәз-күлкісін тоспай-ақ, Ұбрайым ерке мінезben, еркін басып губернатордың кабинетіне кірді.

Сұңғақ арық губернатор терезе алдында, екі қолын артына ұстап, ойда тұр. Есік ашылғанда басын паңдана бұрды. Қиықты, селеу тұстес мұрты қатты ширатылған, тұз көзі шатынай қарады. Ұбрайым сескеніп, жүргегіне секем алды. Губернатор бұрын бұлай қарап көрмеген-ді. Жайнақов он қолын қеудесіне қойып, басын иіп, тағзым жасады. Фольбаум қарсы жүрді. Бірақ әлі жылыштаған жок, сазарып, салқын амандасты.

— Ұбрайым Жайнақович, өткен тұнгі оқиғадан хабарыңыз бар ма? — Фольбаумның даусы ашық, саңқ-саңқ етеді.

Жайнақов губернаторға әрқашанда бөгелмей, тауып жарап беретін. Бұл жолы сәл кідіріп, ойланып қалды. Тұнгі оқиғаны естімеген еді. Қап, әлгі келген мыстанның жолын қескені-ай! Қунде губернаторға кірерде әуелі қала хабарошарына, өсек-аяңына қанып, тап-түйнақтай жинақы барушы еді.

— Естімеген едім, ваше высокопревосходительство! Фольбаум езу тартып, жымыған тәрізді. Кекесін бе, жоқ «сорлы бишара» деген іштей аяныш па?

— Таудағы от өшпепті. Бұлік құмар қырғыздар тағы топтанып, өткен тұн қалаға оралып, із кесіпті...

Жайнақовтың төбесіне жай тұскендей болды. Жақындағана Фольбаумға «қазақтар тыныштанды, сұжүректер қашып, батырлары өліп бітті, ауылда қойдан жуас момындар қалды» деп сендірген. Кім еken бастап жүрген? Фольбаум Ұбрайым ойының үстінен тұскендей сөзін жалғады:

— Тамырын іздеу керек пе деймін! — деді көк шұғамен тысталған мамық креслоға бар денесімен сұңғи отырып. Саусақтарын айқастырып, иегін тіреді. Көзін Жайнақовтан айырмайды.

Осы бір оқиғаны Ұбрайымның өзінен көріп отырғаннан сау ма? Сұқтанған пішіні жаман.

— Білдім, ваше...

Фольбаум сөзін тағы бөлді:

— Нé бíлдің?

Бокиннің ісіне байланысты абақтыда Сақа Сағатов деген жас қазақ отыр. Соның әкесі, Қастек бұліншілігін бастаған Жұніс, үшті-күйлі жоғалып кеткен-ді. Бұл сол Жұніс! Бокин мен ұлын босатып алуға жасаған әрекеті. Тегі Бокиндерге сот боларын естіген той...

Фольбаум тағы да орнынан тұрып, ерсілі-қарсылы жүрді. Ыбрайым қылп етпестен әлі түрегеп тұр.

— Ыбрайым Жайнақович! Бокин ісіне ара түсіп жүрген адамдардың кім екенін білесіз бе?

Жайнақовтың күткені осы еді. Ылтипатпен басын иді де, сөзін ширақ бастап, ойын тұжыра туýді.

— Бокинді жақтайтын белді қауымнан — қалада, түзде кісі жоқ, құл-құтан, көшениң ұры-қарысы болмаса! Он жыл Сибирьге жер аударылған Березовский жақында қайтып кепті... Кейбір адамдардан Бокинде сол ҫұраса керек.

Ыбрайым Фольбаумға көз қығын тағы таstadtы. Губернатор селсоқ, керенау тыңдайды. Мүмкін тілмәш сөзі ұнамай ма? Бұрынғы ширақ қимыл, өктемді шешім жоқ.

— Тергеуді менімше бұдан былай созуға болмайды... Уақыт тар,— деп Жайнақов сөзін туýді.

Губернатор басын көтерді. Сол қолын столдың жиегіне апарды да, қайта тартып алды. Қоңырау қақты. Сол сәт есік ашылып, адъютанты кірді.

— Прокурорды шақырыңыз!.. Мен оны күндізгі үште қабылдаймын. — Адъютант шығысымен губернатор тілмәшқа бар денесімен бұрылды. — Таудағы ереуілді бастап жүрген кім екен? Біліңіз! Елге астыртын кісі жіберіңіз! — деп орнынан тұрды.

Ыбрайымға губернатор міnezі ұнамады. Қөnlі tym жабыққы. Солғын. Көтерілістің алғашқы күндері аждаһадай ысқыруышы еді. Сондағы бір сурет Ыбрайымның көз алдынан әлі күнге дейін кетпейді.

... Фольбаум Бекболатты алдырды. Губернатордың қасындағы атаман Малышев, полицеимейстер Поротиков, Жайнақовтың өзі. Қару-жарап асынған бір топ солдат Бекболатты кабинетке алып кірді. Толық, сом денелі қазақ. Бет пішиңі де келісті: маңдайы кере қарыс, қоңқақ мұрын, шүңірек көз. Қап-қара сақалы кеудесіне түседі. Губернатор жасақты шығарып жіберіп, адъютантына сөгіс берді; топырлатып солдаттарды кіргізгеніне наразылық білдірді.

Содан кейін губернатор тұтқынға назарын аударды.

Губернатор сөзін Ыбрайым аударды:

— Эшкеев сіз неге көтеріліс шығардыңыз?

Бекболат жымыш құлді.

— Сенің орныңа хан болғым келді!

Бекболат сөзінің кекесін екенін Ыбрайым дауыс ырғағынан түсінді. Бірақ, губернатор оны сол шын мағнасында ұғып қалды. «Жоқ, ваше высокопревосходительство, бұл қазақ келемеж етіп тұр, қу. Халқыма бостандық әпергім келді десе жазаның ауыр екенін түсінеді», — деген ойын Жайнаков айтып ұлгіре алмады; Фольбаум екінші сұрағын қойды.

— Сізге кім ақыл берді? Қоса айтсаңыз жаза азаяды.

Бекболат тағы да мысқылдай құлді:

— Ханға кім ақыл беруші еді, тақсыр-ау! Менің сыйыма, ісіме ортақ адам жоқ!

«Тоқашты қалай жасырасың» деген сөз Ыбрайым тілінің ұшына тағы да оралды. Айтып жіберсе қайтеді? Ақыры соны айтты да.

Бекболат жиіркене қарады Ыбрайымға:

— Тоқаш емес, сен емес пе, сен ғой, көтеріліс баста деген!

Ыбрайымның зәресі төбесіне шықты. Жаутаңдап губернаторға қарай берді. Қазақша білмегені де жақсы екен. Бұл дірді-ау мына қу бұзық! Губернатор: «не деді, не деді?» деп көңіліне секем алды. «Бокинді білмеймін дейді», — Ыбрайым жалтарып жеткізді оның сөзін.

Фольбаум үшінші сұрағын қойды:

— Мойнына алмаса дарға асылатынын біле ме?

— Ерте ме, кеш пе, бір өлімнің болуы хақ! Бірақ не үшін...

Көзінің оты аумаған бұлтты күнгі нажағайдай, жарқ-жүрк етеді...

Фольбаум полицмейстерге иегін қақты. Бекоблатты алай кетті...

Бекболат босағаны аттасымен губернатор ашуға басты. Аузынан ақ ит кіріп, қара ит шықты... — Тұтқынның сағын сындырып, терідей уқаламаған тергеуші, тергеуші ме?! Заң қайда?

Губернатор бірсесе жүгіріп есікке, бірсесе төрге барады.

Ыбрайым трашпенкесіне отырды да, Бикеннің үйіне тіке тартты...

Бикен терезеден көшеге көз салды. Таудан түскен қараңғылық қанатын жайып, қаланы жапқан. Тау да алыстап, мұнарланып, күңгірт тарта бастаған. Көше бойындағы қазқатар тізілген ағаштар, шашы жалбыраған ертегілердегі пепріге ұқсайды. Аспан тұтасқан қара бұлт. Кеш сұрықсыз, көңілге ақау салады. Бикенді тосып та отырған болар. Бикен айна алдына келді: бүгін өзіне өзі ерекше сүйсінеді. Көкшіл көзі Жетісұдың тұнгі аспаныңдай тұнық, мөп-мөлдір. Қара қасы қылған. Қырат мұрнының желбезегі сәл діріл қагады... Құндеғідей сыланып, ұзақ тараңбады. Өкшесін соғатын қолаң шашын өрді де, тиін ішігін иығына іле сап, үйден жұлқына шықты. Жүрек қысқан ой тышын алып беймаза қылды.

Ат жегілменті. Атшы жоқ. Ух, осы атшы ма, ыңғай бір бүйректен сирақ шығарады да жүреді. Бикен бір жерге барада десе болды, қайдағы жоқты сылтауғып, әдейі кешіктіреді. Қыттығына тиеді.

Бикен олай-бұлай іздеп еді, көрінбеді. Қап!.. Енді қайтті?

Сыртқы қақпадан біреу кірді. Бикен жалт қараса — Сәлімгерей. Қөрші татар саудагері Бурнашевтің жалғыз ұлы. Осындаиды жүргегі сезгендей, кез келе кететіні бар. Ақ сары, жұқа өнді, талдырмаш бозбалғын сүйді. Бикен сақылдай күлді.

— Сәлім, осы сен күн бұрын көріп, біліп отыратын болжагыш емессің бе? Маған керек екеніңді қайдан білдің? Хаха!..

Сәлімгерей мәз: екі езуі екі құлағында. Маржандай тістерін ақсита, дыбыссыз күледі.

— Менің жүргегімде сен дегенде ерекше сезім бар. Сенің ойыңды біліп тұрады...

— Ал, онда айта ғой, мен не ойлап тұрмын?

— Ат жегіп бер деп тұрсың!

Бикен тағы күлді:

— Шын, жаным!.. Шын. Қайдан білдің?

Сәлімгерей дереу ат жекті. Ауыздықпен алысқан мақпал қаралар да Сәлімгерейді танитын тәрізді. Әншайінде маңайына ешкімді жуытпайтын, шұлғып, жетегіне көніп, тұрақтады.

Сәлімгерей Бикенді қолтықтап пәуесқеге мінгізді де, өзі көзлаға отырды. Мақпал қаралар қақпадан шығар-шықлас

еліріп шаба жөнелді. Сәлімгерей делбені шалқая тартып, тежең берді. Қатқақ мұзда ат түяқтары тарс-тұрс етіп көшени басына көтерді. Бейсауат жан көзге түспейді, ызғарлы түн көше-көшени аралап, әр үйдің ауласына да кірген. Терезе қақпақтары тарс бекітілген. Тек беймаза иттер ғана шабаланып, пәуеске соңынан еріп барып, қала береді.

Бикен ішігіне қымтана оранып, намысын қытықтаған ойына қайта оралды. Қазір Үбрайым мырзамен ашық сырласып, ниетін білмей, Бикен тәуекелге бел байлай алмайды. Бірақ Бикен өзіне өзі қатты сақтық жасайды: Үбрайым қақпанына түсіп қалмай, аяғын аңдан басуы керек.

Бикен кіші жездесі — Үбрайымды бес саусағындаң біледі. Біліп отырып жайынды табады. Кешегі қайтыс болған Бикеннің апасы сырласқанда айтатын: «Жездең күлсे сақтан!..» Марқұм бірнеше жыл өмір сүргенде, талай сырға қанған екен.

Жездесі бүгін Бикенге көз сап, апаңың орнын бас дегісі келеді. Тіке айтпаса да, емеурінен белгілі. Соңғы кезде Бикенге түрлі сыйлық тартып, келгіштеп жүр. Анада бір күні екінші үлкен жездесі Зәкір келіп, ойын-шынды араластыра: «Бикенжан, сен осы Үбрайым жезденді жалғызысыратпай, апаңың орнын бассайшы, одан артық тең таба алмассың!»—деген. Бикен ішінен шошынып үріксе де, жүзін бермей сақылдап күлген: «жездежан, тегі өз қамынды бірге ойлат жүрген жоқсың ба?»—деп үй арасындағы бір аяң сөзге ишара жасаған. Ол Үбрайымның еркектігі шамалы, Үбрайымның үлкен баласы Зәкірге ұқсалты деген Тоқаштың мысқылы Бикен құлағына да жеткен. Зәкір де мәз болп, қарқылдап күліп, Бикеннің белінен құшып, инедей сақалымен бетін қытықтаған.

Бикен енді Үбрайымды торға түсіріп, қол қаршыға қыла алса, түпті мақсатына оңай жеткен болар еді. Үбрайым күлсे сақтан деп еді ғой...

Сәлімгерей де Қапал көшесі мен Сауда көшесінің мүйісінде үлкен ағаш үйдің алдына кенет тоқтады. Пәуеске екпінімен доңғалап, аттардың тірсегін соқты, биік көк доға лықсып ортадағы мақпал қараның басына тірелді. Сәлімгерей қарғып түсті, аттарды аулаға жетектеп кіргізді де, пәуескенің есігін ашып, Бикенді сүйеп түсірді. Бикен қысқа адыммен тез-тез басып, басқышпен жогары көтерілді.

Дәліз жарық... Оң жақтағы қонақ бөлмеде күбір-күбір сөз. Бикен аз құлағын тосты:

— Сен сабын, тарағыңды алып елге шық... Біл, кім екен, тағы да жел беріп, бұлік шығарып жүрген,— деді. Бұл жіңішке, шіңкілдектеу дауыс — Жайнақовтікі. Белгілі. Оған баяу, қоңыр, қарлыққан дауыс жауап қайырды:

— Бұл жолы ыңғайым келер ме екен. Соқының ұлы мениң айтқан сөзімді елге жеткізбеді деп отырмысың?.. Сот қашан дейді, білдің бе?

— Осы жұманың ішінде. Олай жалтақтама, губернатор сенің атыңды ерекше атап отыр.

Бикен көп сөзді шала естіді. Кейбір сөздер түспалдан айтылғандықтан түсіне де алмады. Бірақ, «осы жұманың ішінде» дегенде жүрегі сұып, қолы есік тұтқасын нық ұстады.

— Жауды аяған жарапы қалады. Ата жауы кешегі күні уысына түссе, бас кесуге қолы қалт етпес еді. — Тағы Ыбраіымның даусы. Бажасын орға итеріп отырған тәрізді. Бикен екі бажаны талай салыстырған, бірінен бірі өтеді. Кішісі — баспа, үн түн жоқ, байқаусызыда тарпа бассалады, үлкені—қауқөкірек, беттен алады. Сонда да болса кіші бажасы үлкенін мұрындықтап ұстайды.

Бикен есікті кенет ашты. Ыбраіым орнынан атып тұрды. Зәкір ыржынп, күле қарады Бикенге.

— Бикенжан, осындай жан тербететін ерке мінезің бар-ау? — Ыбраіым қолтықтап, Зәкірдің қасына апарды. Масаты кілем жапқан тақта ұстінде Зәкір шынтақтап жатыр, қолтығында жастық. Томпақ көзі кішірейіп, ұйқысы келген адамдай кілбиіп кеткен, түк басқан бүйрек беті бусанып, балбырап, қызара бөртіп тұр — наша тартқан.

— Айналым, балдызым! Келші қасыма,— Зәкір құшағын ашты.

Бикен даусын мәнерлеп, еркелік мінез білдірді:

— Әуелі уәде беріңдер,— менің тілегімді орындаңыңдар ма, жоқ па?.. Әйтпесе, кетем! Отырмаймын...

— Ойбай-ау, сенің тілегің бізге құдай сөзіндей: тірідей отқа тұсуге бармыз! — Ыбраіым Бикениң оң білегін сылтауратып тағы ұстады. Қыз қымсынып, қолын босатып алды.

— Жоқ, сенің сөзің Ыбраіымға дәрі шығар... Мен онша өліп-талатын қазақ емеспін. — Зәкір қаба сақалын сипады.

Бикен Зәкірдің мінеп сөйлейтінін біледі:

— Онда мен босқа келген екем. Кетейін! — есікке жалт бұрылды. Есіктен шыға бергенде, Ыбраіым қуып жетіп, ұстай алды.

— Бикенжан!.. Менің не жазығым бар?

Зәкір қарқ-қарқ құлді.

— Ей, Үбрайым-ай, әйелге осындағы осалдығың бар-ау!
Мен білетін балдыз болса:— сен сияқты ерек...— Тұншы-
га құледі.

Бикен қабағын шытып:

— Айт, жезде, көмейге келген сөзді ұстап қалма!

— Айтсам: сен мына сияқты жігітті жақсы көресің...
Үбрайым аймалап жүріп, айрылып қала ма деген қау-
пым бар. — Бұл Зәкірдің шын сөзі еді, оны Үбрайым да,
Бикен де солай ұқты.

Есік қағылды. Іле Сәлімгерей кірді.

— Аса... — Сәлімгерей сөзінің аяғын тісінің арасынан
шығармай, тартынып қалды. Үбрайым тыжырынып:

— Е, сен қайдан жүрсің? — деді де, Бикенге қарады.

— Менің атқосшым... Жігітім!..

Зәкір тағы құлді. Бұғін тым көнілді көрінеді.

— Білем, білем. Сәлімгерей Үбрайымды мұзға отырғы-
зып кетпесе, менің атымды өзге қой. Е, кәлләнді... — Зәкір
еліріп, даурыға бастады.

Үбрайым оны сөзді де, Бикенді қатарғы бөлмеге алып
кетті.

Бұл — бір кезде Бикеннің апасы ұйықтаған бөлме: төрт
қабырғасын бірдей толтыра ілген кілем. Оң жақта ақ жібек
шымылдық ішінде болыскей крауат. Үстінде қатарланып
жиналған мамық жастықтар, торғын көрпе. Крауатқа қар-
сы үлкен шар айна. Айна алдында қызыл шұғамен қаптал-
ған жұмсақ орындық.

Үбрайым Бикенді сол орындыққа отырғызды.

— Мынау — кешегі апаңың орны, Бикенжан... Қалай
өзі... Аңыратып қоясың ба? — Бикен айнаға қарап, маңда-
йына түскен шашының талшығын саусағымен кейін серпіді.

— Же зетай, буынсыз жерге пышақ салма.

— Е, сен апаңдан артық па едің? Жоқ, мен...

Бикен ерке қылықпен Үбрайымның мойнын құшты. Үб-
райым дір-дір етіп, өзін билей алмай, Бикеннің бетін қапсыра-
қысып, сүймекші болды. Бикен сақылдай құліп, басын
шалқайта берді, тапал Үбрайымның бойы қыздың ерніне
жетпеді. Үбрайымның ерніне қыздың тамағы ілінді. Құ-
шырлана сүйді. Қыз оның қеудесінен итеріп қап, құшағы-
нан шығып кетті.

— Же зетай, байқаңыз, әкеме айтсам...

— Экей батасын берген. Ендігі жауапты сенен күтем!—
Үбрайым ентіге сөйледі.

Бикен басын шайқады.

— Мен бұл өмірде бір-ақ адамды сүйем!

— Ол кім?

— Сізге жұмбақ... Маған аян.

— Габдулла Каженов пе?

Кызыз басын шайқады

— Жаңағы бірге келген татар ма?

Кызыз жымынып:

— Бұлардың бәрі табынушылар ғой, жездетай,—деді.

— Енді кім, бұл өмірде сенің жүргегіңе патшадай әмірін жүргізген?

Зәкір есіктен басын сұқты.

— Тоқаш!... Білмеуши ме едің?

Есік қайта жабылды. Зәкір бәрін естіп отырыпты. Тегі Сәлімгерей де естіген болуы керек.

Бикен Ыбрайымға тұра қарады:

— Сүюге тұрмай ма?

— Тұрмайды!

— Неге?

— Бикеш, еркеліктің де реті бар. Тұсаусыз кетпе!...

Аяғыңды байқап бас! — Ыбрайым қатал сөйледі: — Асауға да тұсау сала білеміз!

Зәкір кірді.

— Мырза, асау балдың сенің жаныңды қытықтап тұрған болар?... Жездесі ойнағанда, балдызы қарап қала ма... — Бикен қалқалап құшып,— мырза әлі сенің мінезіңді білмейді. Манағы тілегінді айтшы?

— Енді айтпаймын!..—Ақ тиін ішігін иығына іле сап, үйден ата жөнелді.

Үнсіз тыңдаپ тұрған Сәлімгерей, жымыңдаپ соңынан іле шықты.

Тұн көшеден аулаға кіріпті. Қап-қараңғы. Қақпа алдында біреу қараңдайды!.. Бикен елегізе көзін тікті. Жоқ, біреу емес, екеу. Қақпаға жабысып қалған тәрізді, қимылдамайды. Қараңғылық серпіле бастады. Бикен анық көрді: екі әйел тұр, біреуінің қолында таяқ.

— Бұл кім? — Бикен кейін шегінді.

Үн жоқ. Бикен сезіктенді. Кейін қарай шегіне берді.

Қақпаны аржағынан біреу кенет итеріп жіберді. Ауыр қақпа әлгі тұрғандарды қағып қалды — қалпақтай ұшты.

— Ой-ой!

— Көтек! — Жас келіншек кемпірге жармасты. — Өлтірер ме тегі, әкем-ау!

Бикен де сатыдан жүгіріп тұсті.

— Сәлім, тарт атыңың басын! Тарт! — Кемпірдің басын сүйеп, орнынан тұрғызды. — Зақым келген жоқ па?.. Қайдан келіп едіңіз?.. Кімді іздел жүрсіз?

Кемпір жамбасын ұстап, қынжылып:

— Шырағым, баламды іздел жүрген пендемін... Жайнақтың Ұбрайымына келген едім...

— Баламды? Не қылған бала? Кім еді ол?

— Тоқаш, шырағым. Ұядан ұшқан қыраным еді, торға түсті!

Бикен ернін тістеді. Тоқаштың шешесі екен гой.

— Ұбрайым мырзага неге келдіңіз?

— Жолықтырам деген-ди!

Пар қара макпалды жетектеп, Сәлімгерей де шықты

— Жүріңіз, апа! Бүгін кеш. Ертең мен өзім жолықтырам.—Бикен Ақбалтырды пәуескеге отырыпты да Халимаға қарап иегін қақты:—Жүріңіз сіз де...—Күн сүйк.

Бұлар пәуескеге міне бергенде, дабырлаған дыбысқа үйден біреу шықты. Пәуескенің әйнегінен Бикен есік алдында тұрған жалаң бас Ұбрайымның мұсінін көріп қалды...

IV

Бикен тұні бойы кірпік қақпады. Шарықтаған қиял дәл теңіз толқынындай иіріп алғып кетті. Жүзе берді, жүзе берді.

Тоқаштың шешесін пәтеріне апарып, қайтып келсе, әкесі мен Ғабдулла отыр екен. Бикен кіре бергенде Ғабдулла орнынан тұрып, қарсы алды. Орта бойлы, қоңқақ мұрын қара жігіт. Екі жылдан бері Бикенге құдалық сейлесіп, сырттан иемденіп жүретін. Бірақ, Бикен де, әкесі де кесіп жауап бермеген-ди.

Бикен өз бөлмесіне еніп кеткенше, Ғабдулла сыйылып, түрегеп тұрды. Бикенге мұнысы ерсі көрінді. Қартаң әйелді, үлкен үйдің шаңырағында қалған ананы ғана осылайша сыйлап, түрегеп қарсы алмаушы ма еді? Жас қызға сақа жігіттің мұнша құрмет көрсеткеніне таңы бар. Жігерсіз, ынжық еркектің қылышы да тәйір... Салғаннан әмір етіп, билеп-төстеп әкететін еркекті айтсайшы шіркін. Тоқаш сондай еді-ayl..

Бір күні Биқен Куликов тоғанына биге барған. Қасында немересінде сіңлісі Ләйлі бар. Жіңішке қара мұртты, ақ құба жігіт бидің қақ ортасында шыркөбелек айналады.

— Мұндай да қазақ бар екен-ау, бидің түбін түсіретін!—деді, Ләйлі құліп Биженге.

— Тоқаш деген осы!—деді Биқен.

Ләйлі Бикеннің білегін қатты қысты. Екеуде оның би билегенін көруге бұрыннан таңсық. Орыстың нелер кербез, сұлу қыздары Тоқашты аңыз қылатын. Бүкіл қалада одан әдемі, шебер билейтін ерек жоқ. Тоқашпен билеу оларға арман еді.

Енді бір үзілісте, Биқен қай жағынан келіп қалғанын байқамай да қалды, әлгі жігіт басын ііп, амандық білдірді. Қимылы ширак, сөзі жатық. Бикенде биге шақырды. Гимна зияда оқитын көрші құрбыларынан Биқен вальсті үйренген-ді. Содан бері іштей құмартып, арман қылатын Куликов тоғанына барып, алқа қотан тұрган жастарды бимен бір айналып шықса... О, дүние!.. Міне, қол созса, алдында сол арманы тұр!

Биқен қызыраңдап, қымсынып қалды. Тоқаш қызды еркіне жібермеді—қолтығынан ап, топ ортасына кірді. Қандай жеп-жекіл, шебер билейді! Дөңгеленіп жүріп Тоқаш: «Басыңды жоғары көтер, құліп биле!»—деп Бикеннің құлағына сыйырлап қояды. Жүрт бұлардан көзін алмай, бақылап тұр.. Қыздың намысын жыртқан, шіркін жігіт-ақ екен!—деді Бикеннің шешесі, сол күні кеш сырласқанда. Осыдан бастап, Тоқаш Бикеннің ойынан шықлады. Жүре гінің ең терең түкпірінен орын алды.

Бұл 1914 жыл еді. Іле Тоқаш Петроград кетті. Енді ол қайтып оралғанда, сұрапыл дауыл соқты—соғыс басталды. Ақыры мынау, қайран жігіт зарығып, торға түскен арыстандай... абақтыда отыр.

Биқен таң атқанша көз шырымын алмады. Ойдан ой туа берді. Шынында, Биқен өзін онша көрікті қыз деп те ойламайды. Қайта сіңлісі Ләйлі, Бикеннің өзінен гөрі нәзік те, сымбатты да. Бірақ, Бикенде басқа қыздарда сирек, қылықты наз бар, оны өзі жақсы біледі. Сөйлегенде бұралып, даусы сыйдырлап, бет ажары күбылып, сүйкімді дидарлана да. Үлкен көкшіл көзі мөлдіреп, күлімдеп тұрады.

Бикеннің осы наезды қылығынан жігіттер жақын келгенде мұздай ериді. Бас киімін шешіп, қыздың табанына салуға дайын. Биженге ғашықтың бірі Бурнаштың Сәлімгерейі. Әкесі—бай саудагер. Көк базарда магазині бар. Оның қы-

зыл шатырлы ағаш үйі дәл Бикеннің үйінің қарама-қарсысында. Кей күні Сәлімгерей терезені ашып қойып, Бикенді аңдып отырады.

Сәлімгерей сарыауыз балапан. Бикеннен бір жас кіші Әлі тіс жарып сөз айтқан емес, бірақ көлденең кісі арқылы ойын жеткізді. Онсыз да қыз жігіт көзіндегі толқыған сырды әлдеқашан біліп алған.

Бикенге Кәкеновтан ғері Сәлімгерей ұнайды. Бұл екеуіне соңғы кезде, кіші жездесі Ұбрайым қосылады. Апасының өлгеніне әлі жыл толмай жатып, балдызына ниетін білдіріп қойды. Тегі осы жылдығының өткенін қүтетін болуы керек...

Осы үйиқтамаған бетімен Бикен шай ішіп, үйқысын ашты да, Ұбрайымды тауып алды. Тоқаштың анасы кеше мерт бола жаздағанын, суықта тоқып Ұбрайымның қақласын құзеткенін, түнде пәтеріне апарып тастағанын айтты оған. Ұбрайымды ойынды-шынды тілдеп те алды: «Тоқаш сенің егінің түскен жоқ. Нең бар абақтыда отырған адаммен үстасып? Апасының жазығы не? Қолдан келгенді аямайық, сауабы тиер!» Ұбрайым әдеттегідей әзілге айналдырмады. Рұқсат алып берді.

Бикен сол бетте Ақбалтырдың жатқан пәтеріне барды. Мал базарының қақ түбіндегі тоқал үйдің дуалы, тісі түсіп қалған иек тәрізді, кетік-кетік, аржағынан байлаулы тұрған есектің құлағы қалқияды. Қақпа алдындағы қарағаш түбінде ақ жаулықты, толық әйел отыр,—алдында жез құман.

Бикен тани кетті—Тоқаштың анасы. Кеше қара көлеңкеде түсін анық аңғармапты: қыр мұрынды, қызыл шырайлы, кексе әйел. Көзінің айналасында өрмектей тоқылған шымшытырық ажым. Ой шырмадан үлкен көзін жақындаған келген Бикенге төңкерді ол. Таныды.

—Қарағым, екі көзінің жасына ғана шамасы келген сорлы анаға мейірімің түскен неғылған бала едің?.. Маған сенің мейірімінді түсірген жалғыз құданың өзі болғай да, тегі!

Бикен құлімсіреп, Ақбалтырдың қолтығынан демеді.

—Апа, жүріңіз, балаңызбен жолықтырайын!..

Бикеннің қалтарыс сыры—Тоқашпен шешесін тілдестіріп өзінің де әлі сөнбеген үмітін аңғартпақ, дидарын көріп сағынышын баспақ. Ендігі арман осы ғана. Тоқашты Петроградтан қайтқан соң Бикен бір-ақ рет көрген еді.

Бұлар Ташкент көшесімен жүріп отырып, абақтыға жетті. Бикен биік темір қақпаның алдында тұрған мысық қүйрек мұртты абақты қараушысына прокурордың берген рұқсат қағазын ұсынды...

Тоқаш елегізіп бүгін ерте оянды. Қиялды да шарықтап ұсынан ерте ұшты. Неге екені белгісіз, есіне шешесі түсті, аздан соң оның орнын Айгүл басты. Эне, Шамалған өзенінің жиегінде қымыз шелектің өңезін жуып отырған шешесінің бейнесін, қолына шелек алған Айгүл бейнесі кейін сырғытып, Тоқаштың көз алдына жақындай түсті... Тоқаш көзін үқалап, басын шайқады — елес! Қунде қиялға кеш бата аттай мініп, тұні бойы ағызып-ағызып қаратер ғып, танаулатып бірақ тоқтайтын. Қалжырап барып үйқыға шоматын... Бүгін қиялды жел күнгі тұтіндей ұйытқып, айала соғады. Эне әлгі қыз көз алдына қайта елестеді... Айгүлдің өзі! ...Айгүлдің әкесі Сәт болыстың ағайыны. Тоқаш Айгүлге сол Сәттің аулында кездескен.

Петрографада жүрерден бір күн бұрын Тоқашты Сәт қонаққа шақырды. Қой сойып, құрмет көрсетті. Ел адамдары жиналды. Ауыл арасының анау-мынау әңгімесі бола бастаған кезде, зеріккен Тоқаш сыйылып шығып, өзенінің жиегіне барды. Күн еңкейіп, салқын түскен кез. Биік жартастың көлеңкесі мөлдіреп аққан судың түбінде дір-дір етеді. Жерошақтан жер бауырлап ұшқан тұтін судың бетін қабады. Ақбас шыңды Алатаудан соққан кешкі самал қойын-қонышты аралап, денені мұздатады. Тоқаш жартасқа жақын барды. Өзен жиегінде талдырмаш, жасөспірім қыз тұр: — қолында лықылдап, суға толған шелек. Қос етекті ақ көйлектің сыртынан киген қызыл барқыт желеті белін қынаған, басында үкілі тақия, шолпысы сылдырап, өкшесін соғады. Тоқаш көзін алмай жақындай түсті. О да мұны танып орнында тұрып қалған тәрізді. Қымсынып, әдепті мінез білдіреді. Ақ құба жұқа жүзінде толқыған сырдың көлеңкесі сезіледі. Сәл езу тартып күлімдеп, үлкен қара көзін алмайды.

— Жолыңыз болады екен, Тоқаш ағай! — деді сылдыраған күміс дауыспен қыз.

Тоқаш ойдан сергіп, назарын аударды. Айгүл! Қалай өскен?

— Айтқаның келсін, Айгүлжан! Ұзақ сапарға аттанғалы тұр едім, ырымың жақсы! — Тоқаш қасына жақындағы қандай нәзік жаралған жан?

Шешесі талай айтқан-ды: «Айгүл жақсы қыз бол өсті соған құда түсейік» деп, бірақ Тоқаш көділ бөлмеген еді. Енді шешесінің сөзі алдынан шықты. Айгүл шелегін

жерге қоя бергенде, қолынан түсіп кетті—сүй ақтарылды да қалды. Қыздың өнді бұзылып, селк етті. Тоқаш қыздың қолын алғып құлімсіреп:

— Су тәгілсе—сүйінші! Үрейленбе!—деді де, шелегін суға толтырып, қызға ұсынды: — Менің саған дегенде пейілім осы судай таза, Айгұл!

Қыз ұзын кірпігін құстың қанатында серпіді — үлкен қара көзі жарқырап, қуаныш атты. Сол сэтте ұзақ сырласты. Бірін-бірі ұғысқандай болды. Дәл қоштасарда Айгұл:

— Аға, қашан ораласыз? — деді.

— Жол кеспейік, қалқам!.. Әмір болса, сен үшін оралам!

Тоқаш тез қимылмен қызды баурына қысты. Ернін ерніне тақады... Ертеңінде шешесіне:

— Айгұлді көрдім, апа! Тұнгі ай астында жарқыраған гүл екен, — деді.

Сол анасы міне тағы көз алдында: тап сондағы қолын қусырып, жүргегіне басқаны, «тәубә, құдай, тәубә!» деген даусы құлағына анық естіледі. Есік ашылды.

— Кініңіз! — деді абақты қараушысы.

Тоқашта не киім бар? Тозған френчін иығына жамылып, абақты қараушысының соңынан ерді. Тар ұзын дәлізбен шыға беріс ауызға, темір тордың қасына алғып келді. Аржағында екі адамның мүсіні көрінеді. Әйел. Жоқ шешесі! Шынымен шешесі ме? Рақымы түскен қайсысы екен? Жарты жылдың ішінде күннің көзі бүгін көрінгендей болды.

Ақбалтыр ұлын анадайдан таныды. Қанша жүдесе де көзі сол қалпы. Жар қабағының астынан шүйіре қарайды—бала күніндегі дағдысы. Бет-аузын түк басқан қап-қара қою сақалы, ширатқан ұзын мұрты бар. Тегі Бикен танымай да қалған болар.

Ақбалтыр торға тұра ұмтылды. Басы тор көзінен сыймады, қолымен аймалап, шашын сипады. Сүйе алмады—тор кедергі болды. Ақбалтырдың ерні тор темірге тиді.

— Құлыным, ұлым!... Қағанағымды қақ жарған! — Тоқаштың да ыстық демі анасының бетін шарпыды.

— Анам!.. Сорлы анам! — Баласының осы бір сыйырлап, бөліп-бөліп айтқан сөзі, бетін сипалаған қолы. Тоқаштың жас күнінде бесіктे жатып, жылап, қолымен мамасын іздегенін есіне түсірді. Ана емшегі иіл кетті.

— Сені де көретін күн болады екен-ау?.. Мына бала болмаса.

Тоқаш сонда барып анасынан көзін Бикенге аударды. Таңдана басын жоғары көтерді. Қиылған қара қастың астынан қыздың көкшіл көзі мөлдірейді. Ақбалтыр екі жасқа кезек қарайды.

Тоқаш басын шұлғып амандасты. Қалың қабағы додаій иілді. Ұнатпады ма екен? Ақбалтыр әлденені сезгендей:

— Құдай жазып осы бала кез келмесе, сені бүйтіп көрмес те едім Тоқашжан! — деді.

— Рахмет сізге, Бикен!

Абақты қараушысы келіп, сөздерін бөлді:

— Тездетіңдер! Уақыт аз қалды.

Ақбалтыр абыржып, не айтқанына түсінбей, ұлына қарады.

— Уақыт аз қапты, апа!.. Мен үшін қайғырып, жұдеме! Нартәуекел... Жақында қасымдағы бір жолдасым абақтыдан шығады, бәрін сол айтады. Сонымен ақылдас!

Ақбалтыр жылап, жүргегін кернеген сырын шертті. Жалғыздығын... Ауылда жөнді адам қалмағанын..: Ағайындардың Қытай ауып кеткенін айтты.

— Айгүлден де айрылдық!

Тоқаш сұп-сұр бол, темір торды шеңгелдей ұстаганда жұдыштығының тамыры білеуленіп, көгеріп шыға келді.

— Қалай!

— Қытай кетті... Әкесімен бірге

Тоқаш үнсіз тұрып қалды.

Жолшыбай Бикен Ақбалтырга:

— Айгүлдің атын естіген едім,— деп аржағын айтпай, Ақбалтырдың жауабын күтті.

— Қарағым-ау, о да бір өзің сияқты өмірдің артық жаратқан жаны еді. Қор болды...

Ақбалтыр көзінің жасын сыйып-сығып алды да, тақпақтап сөйлеп берді:

Айгүлдің әкесі Аянбек атақты аңшы еді. Жаз болса — құс, қыс болса — тазы салған, осы төңіректегі қасқыр, тұлқинің соры да. Мерген десе — мерген, зытып бара жатқан еліктің құлагына тигізетін. Көтеріліс басталғанда Тоқашжан шақыртып алып, бір топ мергеншіге қолбасшығып берді.

Аянбектің оғы мұлт кетпейді. Оның атағы жауға да жетеді. Осы қадала Зәкір деген шала қазақ па, үйғыр ма

біреу бар екен, Аянбектің соңына соны салған деседі.. Ақыры тірідей қолға түсірмек болған жерінде, ол қашып Қытай өтеді...

Бикеннің тұсі бұзылып, үні шықпай қалды. Артық сөз айтып қойғанын кемпір соңынан сезді. Аңқау басы-ай! Айтқандайын Зәкір Кәрден байдың қүйеуі. Осы Бикеннің жездесі емес пе еді?

Жалтақтап келе жатқан Ақбалтырдың аяғы тайып кеттіп, етпетінен сүріне жығылды. Бикен шап беріп, ұстай алды:

— Апа, тәубә қылыңыз, Зәкір ақсақалдың киесі соғып жүрмесін! — Бикен күлді.

— Мүмкін, шырағым, бұл жалғанда арамдық жағып тұрғой!

Бикен ернін тістеді.

VI

Сақа абақтыдан шыққанда тұс мезгілі еді. Ақ жауын. Көшеде жан жоқ. Әшейінде ағылып жатқан арбакештер де көрінбейді. Тым-тырыс, тек анда-санда шақырған әтештің даусы ғана естіледі. Сақа картузын қолына алып, жалаң бас жүріп келеді. Жүруді де ұмытқан ба, тәлтіректей, қадамы шалыс түседі. Жарты жыл абақтыда отыру оңай болmas. Сақаның бүйтіп оп-оңай абақтыдан құтылам деген де ойында болған емес.

Бәрі баяғы қалпы. Мынау кешегі өзінің талай оқушы достарымен қолтықтасып жүрген көшесі — бақшаны жағалап, турға тауға тартады.

Таныс адам кез кеп қалса — амандасар ма екен? Әлде абақтыдан шыққан деп қор тұтар ма екен? Сақа бұрын абақтыда тек бұзық, елден безген ер ғана отырады деп ұғынатын. Енді өзі тұскен соң ол пікірден безді. Абақтыда жазықты да, жазықсыз да, айыпкер де отырады екен...

Сақа жүріп келеді. Қарсы алдынан бір көзінің ағы бар, қарабұжыр еркек ойқастап өте берді. Таныған адамдай тесіле қарайды. Қайда көрді осыны? Біраз жүріп барып. Сақа артына қайта бұрылды. Қарабұжыр ағаш түбінен сығалап тұр. Фажап! Тегі танитын біреу болды-ау. Жаны ашып тұрғой...

Сақа қаланы шарлап, көп жүрді. Жауынның киімінен өткенін де сезбеді.

Алдымен Тоқаштың сәлемін Ереминге жеткізбекші. «Егерде шыққан бетте таныс таба алмасаң, сол Петр Алекс-

сеевиңтің үйіне тұне. Өзі жеке тұрады. «Үйі кең» деген Тоқаш қабырға арқылы тықылдатып...

Сақа Петр Алексеевичтің өзін көрмесе де, сырттан бәлен жыл тұрмыстың ашы-тұщысын бірге татқан дос, жолдастай біледі. Жасы қырық екіде... Тоқаш солай деді ғой. 1905 жылғы көтеріліске қатнасқанда отыздағы жігіт. Одан бері, міне, он екі жыл. Сол жылдар ішінде бүкіл Сибирьді аралап, ақыры Верныйға кеп үя салған. Өзі бақшашы. Ағашты, гүлді, өсімдікті сүйеді дейді.

Тоқаш дәл басып, ашық айтпады, түстеп қана жеңілжеллі сөздерді: «Қиянат, теңсіздік, зұлымдыққа о кісінің жаны қас...» Аржағын Сақа өзі топшылай жатады да. Рафік бағына кеп кірді, Ағаштар жалаңаш, арса-арса, жауын астында сорайып тұр. Жаңа ғана тебіндеген мұрт сияқты бұтақтар түйнегі басын қылтита бастаған.

Ереминді осы бақтың ішінде, жеке ағаш үйде тұрады демен пе еді... Бақ күтушілері үшін салынған қазыналық үй болса керек-ті. «Сататын алма бар ма екен?»—Қайта-қайта ұмытлас үшін жаттаған шекірт тәрізді Сақа осы бір сөзді күбірлеп, айтып келеді.

Терезені қақты. Дыбыс жоқ. Тары да тарсылдатты. Аздан соң біреу терезені ашып, басын көрсетті, қоңқақ мұрын, қаба сақал.

— Кім керек? — даусы жуан, сувық.

— Петр Алексеевич!

— Мен!

— Сіз болсаңыз: «Сататын алмаңыз бар ма?»— деді, Сақа көзін шақшила.

— Бар! Кіріңіз! — деді Еремин, қуанған пішінмен. — Я, қайdan жүрсің? Бокинді қайда көрдің?... Әуелі киімінді шеш! Үсті-басың су ғой, досым! — Петр Алексеевич қалбаңдады да қалды.

Сақа дөңгелек, тапал столдың қасына отырды да, жарты жылдың ішінде көрген-білгенін тегіс баяндады. Өз мойнына қойған кінәсі жоқ, әкесі үшін ұстаған екен. Әкесіне талай хат жаздырмақ та болған: «райыңдан қайт, қаруды тастап, беріл! Текке қан төкпе. Көтерілістің арты насыра шабады» деп, не жазатынын да айтқан-ды. Сақа көнбеді, азапқа, қыл бұрауға да шыдады.

— Петр ағай, мен сізді бұрын білмеуші едім, сыртыңыздан таныстырыған Тоқаш... Абақтыда сіздің сыр-сипатыңызды жеткізіп бақты. — Сақа төтеден сөз бастады. Уақыт тар.

— Бокин жібергесін сенем, айта бер, жатырқама!

— Тоқаштың өмірі қыл үстінде. Бұғін-ертең сот құр-
мақ...

Сақа Петрдің қасына жақындал, даусын бәсеке-
де: — Қалай құтқарамыз? — деді.

Петр үндемеді. Қабағын шытты да, шылымын орады.

— Әкеңнен хабарың бар ма?

— Жоқ.

— Таудағы көтеріліс оты әлі сөнбекен көрінеді. Осы-
дан екі күн бұрын, түнде губернатор үйінің алдына қағаз жа-
зып кетіпті. «Тоқаш пен Сақаны босат! Әйтпесе, Фольбаум
тақсыр, өз балаңнан айрыласың» депті.

Сақа елегізіп орында отыра алмады. Мұны істеген шыны-
мен әкесі міншіл...

— Я?.. Сонсоң?

— Сонсоң... Сенің шығуыңа осы қағаз себеп болмаса?

— Сонда Фольбаум шын қорыққан ба?

— Кім білсін... Арбау ма, алдау ма?...

Тамақ беріп әлдендірген соң, Петр Сақаны шатыры-
ның астына алып, Алматы өзенінің аржақ қабагына алып
етті. Жаңбыр саябырлай бастады. Көп үзамай бұлар өзен-
нің жиегіндегі тапал үйге барып кірді. Бұрын көрмеген,
қанша сұрастырса да таба алмас. Ығы-жығы тапал үйлер—
не көше, не номері жоқ. Терезеден үш рет қағып еді — Ере-
мин шамалас жұқа өнді, орта бойлы еркек есік ашты.

— О, Петр! — Ол аксия күлді, жүқалау ернінің астын-
ан ұсақ ақ тістері көрінеді. — Я, алма теруге шақыра кел-
дің бе?.. Әлде піскен жоқ шығар...

— Мен күзетші тауып алдым!.. Міне!..

— Кәне, бері жарыққа әкелші... О, әбден жарайды, Бе-
резовский! — деп өзін-өзі таныстырыды. Үй иесі Сақаның
қолын қысты. Терезе алдындағы қарағаштың талпиган бұ-
тактары жарықты үйге түсірмей түр. Іші — сап-салқын.

Березовский трубкасына темекіні баса сап, бұрқырата
тартты. Көгілдір түтін сақинадай тізбектеліп, қарсы отыр-
ған Сақаның маңына үйірлді. Еремин столды шыр көбе-
лек айналып жүр — екі қолы артында.

— Бокинге ор қазып отырған әлгі Кәрдениң күйеулери.
Жақында анық білдім. Қаскелеңнің атаманы Андрей Ма-
лышев базарда көкіп отырды. «Менің өшімді Зәкір ақса-
дал мен Ұбрайым мырза епереді» деп...

Березовскийде әлі үн жоқ. Сақа Ереминнің сөзін бөлді:
— Зәкір осы кезде әбден байып, Ғабдуалиевты қуып же-
тіпті, неге итаршы болмасын, Қытайға көшкен қазақтар-

дың мал-мұлқіне де сол ие болыпты деген сөзді абақтыда естідік.

Березовский ешқайсысын естімеген тәрізді, сөзді тыңнан қозғады. Селдір мұртын саусағының сыртымен бір сипап қойып ақытай сөйлемеді.

— Бокиннің қескіні менің есімде жоқ... Сібірге кетердің алдында көргенім бар. Петр, сенің өз айтуыңа қарағанда жігерлі, ақылы да бар азамат. Халқын соңынан ертіп, оларға басшылық жасау — кім көрінгеннің қолынан келер ерлік емес!.. Қажетті адам көрінеді, құтқарудың шарасын ойлайық! — Березовский салмақты сөйлейді екен: кесек ой, түйінді сөз тастады.

— Ех, Александр! — Петр басын шайқады. — Тоқаш Бокиннің ерлігін мына Сақадан сұра. Андрей Малышев босқа кіжініп жүрмеген болар... Қырық мың қазақ Қытайға жөңкіле ауған тұні Тоқаш Қаскеленғе келіп, терезеден Малышевты атқан... Ажалының жоқтығы рой, сол жақ құлақтың түбінен тиғен оқ терінің арасымен қуалап отырып, тап шекені ойып өткен.

— Қап! — Сақа санын бір соқты.

— Шекесін таңып жүргені сол екен ғой? — Березовский тағы да бүркүратып, темекісін тартты — Андрей Малышев екеуміздің кегіміз айқасқан қылыштай жүздесіп тұр. Кімнің жүрегі бұрын дір етсе — сол жеңіледі... Келесі жолы Сақа Березовскийдің үйінде осы сөздің жалғасын тындарды...

VII

Березовскийге Сақа ұнады: талдырмаш, жұқа өнді, зерек бала. Бала емес-ау, дардай жігіт. Сөйлеген сөзі де бытырап жатпайды, тиянақты көрінді.

Бұл — Березовскийдің сөзі.

Сол күні Березовскийдің үйіне Сақа тапа-тал түсте келді.

— Неге келдің, дәл түсте, ізінді аңдушылар жоқ па екен? — Березовский сұқтанғана қарады: не дер екен?

— Кешкі қараңғылық бейуақ емес, қайта тапа-талтұс бейуақ дең еді ағам.

— Ағаң кім?

— Тоқаш... Тоқаш Бокин.

Березовский еріксіз жымиды: тауып кетті бала!

— Тоқашты қалай құтқарамыз? — Березовский сөзді Сақага берді — не ойы бар екен?

Сақа жан-жағына көз тастады. Александр да Сақа көзінің ізін бірге қуыш отырды: алдымен қатарғы бөлменің есігі ашылды. Жабық па? Аржагында тірі жан бар ма? Болса — кім? Березовский оның көзіндегі қылтиған осы бір сұрақтарды дәл таныды. Бұ да Березовскийге таныс қауіп. Өз басында талай кездескен. Я, әні, Сақаның көзі жылжып, көк қағазбен қаптап қойған терезеге ауысты... Одан өздері отырған қаракөлеңкелеу, кіші-гірім есіктен жылжып, көк қағазбен қаптап қойған терезеге бөлмені бір шолып, Александрдың өзіне қадалды. Баланың тырнақ алдысын кудік туғызбады. Мығым.

— Қалай дейсіз бе? — деді аздан соң Сақа.— Зәкірге кісі салып, райынан қайтсын десек... Петр ағайға айтып едім...

— Я, ол не деді?

— Әүрешілік дейді!..

— Зәкір де, Ыбрайым да бір-ақ кісінің қолындағы қаршыға... Қазақ солай демей ме?

— Кайдан білесіз?—Сақа таңдана күлді. Березовский енгізгі ойдың желісін үзбеді, трубкасын сорып қойып:

— Андрей Малышевтың қолындағы асыранды құс... Малышевтың гимназияда оқыған қызы бар, жазатайым сенімен бірге оқыған жоқ па? — деді.

— Я, оқығанда қандай...

— Жайнақовтың балдызын білесің бе?

— Көргем.

— Осы екеуімен жақын болсаң, біраз сырдың бетін ашуға болар ма, қайтер еді...—Бала түсінді ме, сәл жымиды. Тағы не айтар екен дегендегі бала елегізіп, құлағын тосады.

— Малышев қызы ақылды дейді, сұлу дейді, рас па?

— Өзіңіз көрген жоқ па едіңіз?

— Мен бе?.. Жоқ. Аумаған шешесі дейді жүрт.

Сөзден сөз туды. Березовский құса боп жүрген бір жұмбақ өмірдің передесін көтерді.

Андрей Малышев Жетісуға әйгілі атаманның түқымы, өзі де ата жолын құған сабаз. Қу — азғырса тілі, алдаса айласы мол.

Александр Петрович білмейтін оның сыры жоқ. Жедел ескен, бір кезде көшедегі асық үшін, бірінің бірі мұрнын да бұзысқан. Бертін келе, мектеп есігін ашқаннан бері—қырғи қабақ, дүмбіlez араздық пайда болды. Андреймен жағала-сып, ерекіспін те қап жүрді.

Александр сүйген қызды Андрей де сүйді. Таласты. Бірақ, Александрдың да мұсініне лайық қылышы бар... Қызға үнады. Қаскелең өзенінің жиегінде, жартаста нелер әдемі түндерді хикаядығы жұмбақ түндей өткізіп жүрді.

О шақта Александрдың жүргегі бұл дүниеде жалғыз ғана сол қызы бар деп соқпады... Ұұмыстың ашы-тұшы жағына бұрыла берді. Қазақ-орыс пен солдаттардан ниетес, сыйайлас жолдас тапты. Топ қарасы көбейе берді.

Осы кезде Березовскийдің басқан қадамын аңдыған Андрей Малышев қақпанына түсірді... Сібірге айдатты. Қызға өзі үйленді...

— Малышев осындағы адам!.. Дақпыртқа қарағанда сол әйелінің ертерек о дүниеге аттануына да өзі себепші болған.—Александр Петрович сырын аяқтап, Сақаны ойлы көзімен бір шолды: сенді ме, әлде бас араздық деп қарады ма?

Сақаның шытынғанда қос қабағы қоюланып, қалыңда на түседі екен. Жүзінде бір кейіс бар.

— Атаман қызы Петроград кеткен деп еді...

— Осында көрінеді... Бізге қазір сыр таситын адам көрек... Онсыз Бокинге ара түсе алмаймыз.

Күн жылжып, дәл терезеден үңілді. Қар ери бастады. Шатырдан дірдектеп аққан тамшы, үй алдындағы қарағаш бұтағына ілініп, құралайдың көзіндегі домалай ағып, жерге түсіп жатыр.

Көшеден шақылдал, қосаяқ арба өтті. Березовский дауысқа елең етіп, құлағын тосты. Әрбір қадамды санап өткен өмір. Түк басқан саусағымен трубкасына темекі тығын-дады.

— Сені неге шығарды? — Березовский сұрақты тұрақтады. Сақаның өнді бұзылып адырая қарады—көзінде: «сенбейсіз бе?» деген сұрақ. Березовский анық оқыды.

— Сенсекіз өзімнің де тацым бар.

— Қызық... Сен тым көзге түсе берме. Басқан қадамыңа сақ бол. Байқайық не сыр бар екен...

VIII

Сақа Березовскиймен қоштасты да тұра Ақбалтыр жатқан үйге тартты. Шөп базарының жанында, Құрышпайдың бұрынғы пәтеріне түсіпті. Ереминнің айтуына қарағанда, Құрышпайдың қалыңдығы Халима, ебін тауып, Тоқашпен де кездестіре керек-ті. Көрдің бе, қандай епті?!

Сақа он қадам жүрген жоқ, көлденең көшениң бұрынан біреу жалт берді — қалқан құлақ, қара шұбар. Сақа таң қалды: осыны бір жерде көрген тәрізді. Әлгі абақтыдан шыққан күні жолын кескен қара бұжыр емес пе?.. Соған үқсайды.

Ауыздағымен алысқан екі мақпап қара жанынан ағызып ете шықты. Пәуескеде әдемі киінген қыз отыр. Екеудің біріне бірі қарасып қалды. Осы Бикен емес пе? Бір жылдың ішінде қалай жақсы өскен. Түрі де өзгерген, денесі де толған. Сәл дөңестеу ерекше мұрын — әлде қайраттың, қатымыр мінездің белгісі емес пе екен?

Кешеден бері қайта қатқан көше қарына моншақ сеуіп қойғандай жылтырайды. Көз нұрымен шағылысады. Қара көлеңкелеу абақтыға үйреніп қалған Сақа, аппақ қарға өжет қарай алмайды. Кейде асты еріген күртік қарға түсіп кетіп, етігінің қонышына дейін суға толтырады.

Құрышпайдың пәтерін әрең дегенде тапты. Жан-жағын дуалмен қоршап тастаған Махмут деген ұйғырдың үйі екен. Сақа сырттан біледі, әкесі Жұніс көтерілістен бұрын Махмұттың үйіне қонып кетіп жүретін. Махмут жөн-жоба білеттің ұйғырдың ішіндегі пысық, шымыр жігіт деп еститін. Үйінде екен, есікті өзі ашты. Махмут Сақаның кім екенін білгенмен кейін, самауыр қойдырып, ет астырды. Қалбалақтап, жаны қалмай құтті. Жүгіріп барып, шарап та тауып әкелді. Сақаның «ішпейім» дегеніне көнбеді.

— Шарапты Мұхаммет пайғамбардың өзі де ішкен...
Жұт! — Әдемі, қара мұртын сылап қойып, әңгіменің жібін тарқатты.

— Жұністен хабарың бар ма?
— Жоқ.
— Мен білдім, о кісінің қайда екенін.
— Рас па! — Сақа Махмұттың қолынан шап беріп ұстай алды. — Не білесің?

Махмут түрегел, есікті мықтап жалты.
— Әлгі Халиманың аузына сөз тоқтамайды, лақ еткізеді... Тоқаштың анасымен екеудің бір жерге қонаққа кетіп еді... Әкеңдің ерлігін естіп пе ең?

— Шет жағасын.
— Ендеше тірі. Тауда. Барсақ қайтеді?
Сақа сенерін де, сенбесін де білмеді.
— Жоқ. Ақылдаспай болмас. Әуелі хабар жеткізе аласыз ба?

Махмут тісін көстите құлді:

— Заматта... керек болса ертең-ақ.

Осы кезде тонырлап Ақбалтыр, Халима үйге кірді.

Сақаның кім екенін білген соң, Ақбалтыр дауыс қылып жылап алды. Есіне ұлы түсті ме, жоқ жүрек кернеген уайым, қайғы судай тасыды ма, әйтеүір, өксігін зорға басты.

Сақа абақтының өмірімен таныстырыды. Тоқаштың сәлемін жолдады: «Зарықпасын, елге қайтып жүре бер сін», — деген-ді. Оған көнетін ана ма?

— Сот болмай қаладан бір қадым аяқ баспаймын, шырағым Бикен де солай деді, — Ақбалтыр кебісін шешіп, тақта үстіне жайлана отырды.

Сақа Ақбалтырга таңдана қадалды. Бикен?! Сақа сұрапта үлгірмеді. Ақбалтыр сөзін жалғады.

— Осы қалада жақсылықты Бикеннен ғана көрдім, шырағым... Әлгі Қарден саудагердің қызын білмеуші ме ең?

Мм... Березовскийдің көздеген нысанасы осы ғой. Құдай өзі айдан әкелді. Қазақ не деуші еді: көктен сұрағанын жерден берді...

— Апа, ол кісіні қайдан білесіз? — Сақа егжей-тегжей һімлек болды.

Есік ашылды да, аржағынан Бикен көрінді. — Кімді айтса со келеді.

Тиін ішігінің жағасымен мойнын қымтаған. басында камшат бөрік, екі беті ду-ду еткен, қара қасы қыла дірілдейді.

— О, жазған тәңірім, Бикенжан, жоғары шық! Сені жаңа ғана сөз ғып жатыр ек.

Ақбалтыр кәуекелектеп, жанынан орын ығыстырыды. Екінші бөлмеден кірген Халима мен Махмут та Бикенге үйірліп, шұрқырады да қалды.

— Жоғары шығың!

— О, Бикен тоташ, мәртебең өссін!

— Абақтыдан бір жігіт шығыпты дейді...

— Мына кісі! — Халима жұрт аузындағы сөзді жұлып алғып бұрын ұсынды. Бикен Сақаға бірінші рет назарын аударды.

— Сіз... Сагатовсыз ба?.. Мені танымай тұрсыз ба?

— Сіз танымаган соң мен де... — Сөз арасын құлкі бөлді. — Кім біледі, абақтыдан шыққан адамның мүйізі бар, сүзіп алса.

Бикен де жымып езу тартты, «шының ба?» дегендей кекесін нышаны бар сықылды.

— Менің жүргімнің тұғі бар, қорықпаймын.

— Мақұл сөз! — Махмут қоштап қызыға ризалығын білдірді. Оның не даусынан, не бет пішінінен ешкім өзгеріс аңғармады. байыпты, ақ ниетімен мақұлдаған тәрізді.

Жүрт ду күлді, алдымен Халима сақылдан, үйді басына көтерді. Махмут әуелі аңдамаса да, артынан өз қылығына түсініп, бірге күлді. Бикеннің келуімен байланысты, өзара қүңкіл сөз тоқталып, құбыжық көргендей үрпісіп қалған еді, Махмут мінезі көңіл райын өзгертіп бұлт тарқаған аспандай жадыратып жіберді. Бикен Сақаны оңаша, тысқа алып шықты. Аулада үйеңкінің жанындағы орындық құрғақ екен, соған келіп отырды.

Тұске қарай Алатаудан соққан өкпек жел, қардың берекесін кетіріп, әр жерден бір шүрқ-шүрқ түсіп, қілегей ғып жатыр... Аспанда жөңкіле көшкен қара бұлт — тау шыңынан аса алмағандай, оралып қала үстіне қайта төнеді.

Сақа аспанды көзімен бір шолып, мағанасыз кескінмен Бикенге үңілді.

— Сізбен онша таныстығым болмаса да, әкем Жұніс ақсақалды мақтап, «достым!» деп отырғанын құлағым шалып еді.

«Қазір достым деп айтпас!» — Сақа, Бикеннің сөзіне іштей қарсылық білдіріп, қатарласа ой жүгіртті.

— Сондықтан да сіз мені жатырқамай, дұрыс ұғарсыз деп білем!..

«Қалай-қалай сөйлейді! Өмірде алшы тұскен қыз» деп кім айтып еді осыны? Е, Құрышпай қу екен ғой?! — Сақа дауыстап:

— Әрине,— деді.

— Тоқаш аман ба?

— Сау-сәламат! — «Сәлем айтты!» десе ме? Жоқ, жоқ. Керегі не шатастырып!» Осы оймен қатар жарысып, көлденеңнен тағы бір аманат есіне түсті: «Бикенмен жақын бол!» Бұл — Березовскийдің сөзі.

— Сізге айрықша сәлем айтты...

Қыздың қоңырқай жүзі бір қызыарып, бір бозарды. Енді бір сәтте езу тартып, құлімсіреген тәрізді. Бірақ, көзіне терең, тұңғиық ойдың көлеңкесі түсті.

— Ауру-сырқаудан сау ма?

Әрқашанда сөзді бастауған мұң, аржағы өзі жалғаса береді. Сақа тілінің ұшындағы сөзді ірікпеді:

— Арманы сізді көру!

Қызы ауыр күрсінді.

— Менің жүргегімді сезе ме екен?

— Сөзгендे қандай, бірақ қолынан келер не бар, бір аяғы көрде, бір аяғы жерде тұрған адам. — Сақа нысана-сына жақындай сөйледі. — Кім біледі — тыңынан жол тапса?

— Аман алып қалудың жолы жоқ па? — деді қыз, жігіт ойын сезгендей.

— Сіз таппасаңыз?

— Кім?

— Сіз! — Сақа тайсалмады. Мейлі, қалай үқса, солай үқсын. Березовский әшейін айта салған болар. Бұл қыздың қолынан не келеді?..

Қыз орнынан тұрды жүзін қара бұлт басқан күзгі аспандай тұтасып, күңгірт тартты. Қоштасып, тез-тез басып шыға жөнелді. Қайтып үйге де кірмеді.

IX

Глафира әкесінің көп мінездеріне түсінбейді.

Атаман оқ тіп, жаралы болған соң Верныйдағы үйіне көшіп кеп қалада жатып алды. Қаскелеңге анда-санда бір барады, онда да бірер сағат болып, казак-орыстардың дау-жанжалдарын тексеріп, тайып отырады.

Петроградта оқып жүрген жалғыз қызы — Глафираны шақыртып алдырды. Эйелі қайтыс болғаннан бері Андрей Васильевичтің барлық ықласы қызына ауды. Баласын кім жек көрсін, бірақ, атаманың жақсы көргені де өзгеше. Қыз көше қыдырып, құрбыларына барса да қызғанып, жанжал шығаратын болды: бір қадам шалыс басса, пәлеге қалады. Мінезі күн сайын шәлкестеніп барады: қатыгез, ашуқор шалдың нақ өзі.

Бірақ Глафира мұның бәрін аурудың зардабы шығар деп үқты. Шекесінен тиғен оқ басының алақандай құйқасын жұлып әкеткен. Сол жара алты ай бойы жазылмай қойды. Уланған оқ па деген ойға Глафира да келеді.

Әкесінің де құдай сүйер қылығы жоқ. Сорлы көшпелі елге не істемеді? Атып-шауып, ғасыр бойы отырған жерінен қуып, Қытай өткізіп жіберді. Глафира бұл жөнінде әкесіне ренішті. Талай айтысып, бетіне де басқан. Бірақ әкесі ыңқ етпейді. Қайта өршеленіп: «Шетінен құрту керек, бұларға ешбір аяушылық жоқ» деуге де аузы барды.

Глафираның өз басы бұз халықтан зиян көрген емес.

Қайта гимназияда оқып жүргенде бір жас жігітпен танысқан-ды: өте зерек, ұқыпты, міnezі жібектей, Глафираға сонша ұнаған. Осы күнге дейін есінен кетпейді.

Глафира терезе алдына жақын барды. Кітабының ашылған бетінің бір тарағы «мені оқышы, мені оқышы» дегендей көтеріліп, діріл қағып қала берді.

Көшениң екі жақ қапталына жарыса шыққан бәйтерек, қарагаштар да, сылдырап аққан арықтағы мөлдір су да, ерсілі-қарсылы жүрген халық та көзіне ілінбейді. Тек тау шыңында шөгіп жатқан ала бұлт қана бұлдырап, бірде бала күніндегі ақ қардан соққан қала, бірде сонау алыстағы Петроградтың зәулім, салтанатты ақ үйлеріне айналады. Сол қызық думаннан, орталықтан неге келді екен? Әкесі үшін бе? Оқуды қалдырып, өмірді сарп ететіндегі Глафирада әке бар ма? Әне, дәрігер келіп, жарасын қайта таңды. Әкесінің ежелгі сұрағы: «Бітетін күні бар ма? Әбден қажытты!» Қері дәрігер кетік тісінің арасынан тілін жылтыннатып: «Бітеді. Жан-жағы қабыршақтана бастады», дейді. Осыдан кейін қоштасып дәрігер қайтып кетеді. Ауыр күрсініп, атаман диванға отырады да, газетін оқиды. Құдайдың құтты күні осы....

Біреу терезе алдынан өтіп бара жатып тоқтап, Глафираға қарагандай болды. Қолын көтере ме? Глафира назарын аударды. Ба! Гимназист қазақ! Ба қайдан жүр — көктен түсті ме, жерден шықты ма?

Глафира үйден жүгіре басып, тысқа шықты:

— Сәламатсыз ба! — Глафираның көйлегі желмен бірге көтеріліп тізесіне дейін ашылды. Глафира бір қолымен етегін жауып, бір қолымен шашын басып, тағы да амандасты. Сага... Сағатовтың көзінде қуаныш бар-ау... Баяғыдай емес, жүзі жонылып, бет-әлпеті үшкірлене түскен.— Үйге...

— Үйге кіріңіз! — Глафира өз даусын өзі естіді.

Сақа қыз қолын қысты. Глафира шаттық құлқімен кешені басына көтерді. Терезеден қарап түрган кім екен? Әлде әкесі ме, Глафира аңғарып үлгірмеді, біреу теріс айналып әрі кетті. Глафира Сақаның соңынан үйге сөйлей кірді.

— Сені мұнда қуып келген қандай тағдыр? Не істеп жүрсің? — Глафира жауап күтпестен, үсті-үстіне сұрақтар қойып, Сақаға тағы үңілді. Тусі қуқыл, дөңес мұрны қоңқиған, жағы пышақ жаңығандай жүдеу. Мұнша не болған?

Сақа толқыған сезімін билей алмай, дағдарып қалған тәрізді көрінді. Глафира түсінді де әңгіме шегін өзі тарқатты.

— Петроградтан жақындаған оралдым. Қайтарған — әкемнің телеграммасы. «Қайт, жараландым!» депті.

Өмір жұмбак. Шайқалмай, тұнып тұрган елдің іші бір күнде астан-кестеңі шыққан. Аумаған дауыл соққан теңіз-дің бетіндегі. Жетісу тыныш, жақсы тұр еді. Бұл не Глафираның іші ашиды.

— Осының кесірінен мен де алты ай абақтыда отырып... тамағымды асырадым! — деді Сақа әзіл тастап. Мұмкін Глафира өзі ашылмағанда, бұл сөзді Сақа айтпас па еді. Манадан бері тілі күрмеліп, шын сырын айта алмай отырғаны осы екен гой! Глафира абақтыдан шыққан адаммен қатар отырмас деп те ойлаған болар... Жоқ, Глафира қайта ондай адамды қызықтап қарсы алады.

— Не үшін?

— Сиыр су ішсе, бұзау мұз жалайда» дейді халық!

— Әкем үшін.

Глафира құлімсіреп сөз қосты.

— Орыс та: «ағаш кессе, жаңқа түседі» дейді. Уақасы жоқ..

— Уақасы жоқ дейсіз бе?

Сақаға бұл сөз ауыр тиді ме, немене, тым ашылып, ойын Глафираның алдына жайратып салды! Қолында қару жоқ, далада бейқам өскен халықты қардай жауған оққа қарсы айдайды. Оған бармаса, көнбедің деп атып, шабады. Бұда уақа емес пе? Әкесі зорлыққа көнбей, қолына шоқпар алып, елді соңынан ертеді. Сол үшін жазықсыз ұлын абақтыға жабады. Қинайды, зорлайды. Аш-жалаңаш алты ай тас бөлмеде отырып, денсаулығын жояды. Бұда уақа емес пе?.. Сақа қызып, екілсene сөйлейді.

— Әкемді атқан кім?

— Егер мен болсам ше?

Глафира Сақаның көзіне сұқтана үңілді. Шын ба? Әлде ең бастапқы кездескенде содан қысылды ма екен?

Құйындағы үйтқыған сезік заматта Глафираның еркін биледі. Бір бозарып, бір қызырып Сақаға жауап іздеді.

— Сен емес!

— Неге? Маған ондай ерлікті қимайсың ба?

— Ерлікті?! — Глафираның көзі шарасынан шықты. Сақа да тайсалмайды. Глафираның экесін ату, өлтіру ерлік сияқты. Оны және ұялмastaн бетіне айтады.

Қатарғы бөлмeden етігін сыйқырлатып, атаман шықты да, есік қакты. Глафира да, Сақа да атып тұрды. Жаңағы Сақаның сөзін естіп қойды ма екен?.. Шатақ!

Атаман қаусырма есікті екі қолымен бірдей ашты. Бұ-

тақты, ақ сары қабағы түксиіп, ұшты мұрнының желбезегі қусырылып, үнсіз, тесіле қарады.

— Бұл кім?

— Бұл менің бірге оқыған танысым — Сақа Сагатов!

— Е, әлгі ел бұлдіргіш бұзықтың күшігі ме?

— Балағаттамаңыз, тақсыр, мен де сіз сияқты адаммын! — Сақа тайынбайды. Қыз араша түсті. Экесінен тапқазір мұндай қатыгез мінезді Глафира күтпеген еді.

— Папа!.. Бұл менің конағым, сіз сыйлауға міндеттісіз!

Малышев кейін шегініп есікті тарс жапты. Енді Сақаның да қалғысы келмеді. Түрегелді.

— Глафира Андреевна, рұқсат бер, мен қайтайын. Шашырылмаған қонақ... Аржағын өзің түсінесің ғой...

Глафираның да көңлі бұзылды, сөз әрі қарай өрістемеді, іле Сақа да қоштасып кетіп қалды...

Шам жағылып, үй ішін кешкі тағамға шақырды.

Төбедегі алтын жалатқан люстранның жарығы кең залға бірдей тегіс түседі — ас үй жап-жарық. Басын таңған, шапанының жеңін сәл түрген атаман стол басында жалғыз отыр. Күміс қасықты екі саусағының арасына өткізіп, дирименше айналдырады. Алдындағы бір бөтөлке ғендер шарабы — «тоқайды» орта түсірген.

Глафира басын көтермestен, еденге қараган бойы, экесінің оң жағынан кеп өзінің орнына отырды. Экесінің «бір жерің ауыра ма, Глаша, өңің неге қашқан?» — дегеніне тіл қатпады. Бір стакан кофе ішті де, торттан ауыз тиді. Тым тырыс. Қабырғадағы сағаттың жүрісі ғана естіледі.

— Я, сейле, Глафира Андреевна! — деді атаман кекесін пішінмен қызына көз тастап. Тегі Глафираның тіл қатпағанына ызаланған тәрізді. Мейлі... Керек болса Глафира бұдан да қатты айтады:

— Сөйлесем, өмірде, әділет деген болу керек. Мына көшпелі, момын халыққа істеп отырғандарың зорлық!

— Мұны саған кім үйретті, жаңағы келген бұзық па?

— Бұлай деуге сіздің хақыңыз жоқ! Адамшылыққа келсек, ол офицер Загарулядан да таза, адал жан!

Атаман қолындағы күміс қасықты лақтырып жіберді — зың етіп үзімнің сұы құйылған графинге тиіп, бүйірін тесті. Үзім сұы бүкіл дастарқанды былгады.

Петровна бажылдал, екі санын ұрды. Атаман екі қолын артына ұстап, терезеге қарап сілейіп тұрып қалды. Глафира өз бөлмесіне кіріп кетті.

Көңіл шыны тәрізді, шатпаған жерін жамамаса, біртіндеп

ұлғая береді. Әкесі мен Глафираның арасы ашыла берді. Соңғы жанжалдан кейін екі-үш күн қызымен сөйлеспей жүрді. Глафира да өзіне тиғен еркіндікті пайдаланып бақты: кеш жатып, кеш тұратынды шығарды. Тұн бойы әкесінен жасырып социалистердің кітаптарын оқытын болды.

Бұғын де Глафира түске дейін үйқатап, кешке жақын қыдырып көшеге шықты.

Қыста биыл береке жоқ. Қар ерте еріді, жөнді суық та болмады. Жылда қарағаш бұтағын жерге иетін жұмсақ қардың сілемі де білінбейді.

Күннің өзі бұл астына түссе де, қала іші жылы. Сөйтсі де Глафира көк жасыл пальтосын киіп, иығынан тұлқісін сап, сақтана шықты. Петроградта жылы болса да, ыңғай тенізден дымқыл леп соғатын. Верный де ол жағынан қалыспайды. Кеші салқын.

Паркты кесіп, шеркеудің алдынан өтіп бара жатыр еді. Сақа кез келе кетті. Әнеугі атаман алдында тайсалмай, зілді сөз тастаған кең маңдайлы, дөңес мұрын, екі қасының арасы қосыла біткен, жас бала жігіт — Глафираның іздегені осы еді. Оның қасындағы ұзын бойлы, семсер мұрт орысты танымайды. Глафира қарсы жүрді — Сақа тегі өкпелі ме, тұра қарамайды, байқамаған кісі боп, қасындағыға бірдеме айтып келеді.

— Сәлеметсіз бе! — Глафира күлімсіреп қолын созды. Сақа қызыраңдап, басын шұлғып, қысылып қалды. Ойында Глафира өтіп кетер деген болар. Семсер мұрт бұларды жалғыз тастап, өз бетімен кете барды.

— Асығыссың ба? Ана аллеямен жүрейік! — деді Глафира. Екейі үнсіз қатар жүріп келеді. Сақа сөз түйінін таба алмай, қипақтап біресе кепкасын қолына ап, біресе басына киіп әуре. Қыз оның мінезіне іштей мырс-мырс құледі.

— Ал, сонымен не істеп жүрсің?

Сақа қыздың пейліне түсінді ме, әлде көңлін қалдырысы келмедин ме, сырын ақтарды.

— Не істейін?.. Қазір менің арым, намысым сынға түсікен кезең. Жақында ең жақсы көретін досым сотталмақ. Міндегім — қарлығаштай соған қанатыммен су тасу.

— О кім?

— Тоқаш Бокин!

— Бокин?! О да абақтыда отыр ма? Естігенім осы. Жақсы білем. Петроградта бірге болғамыз... Я, бір кезде мен оған ғашық та болғам... — Глафира ойнақы дауыспен, Сақаның әдейі сырым тартты.

— Рас па? — Сақа Глафира сөзін әзіл деп үққандай жай неміңдің дырыпты.

— Бокин үшін осы құнгемен дейін офицер Загаруля менімен араз. Петроградта бір балда Загарулямен билемей, Тсқашқа еріп кеткем...

Сақа енді сенген тәрізді...

— Сол Тоқашты босатуға... көмек бересің бе?

— Көмек?.. Менің қолымнан не келеді?

— Өзің ойлан! Жақында сот болады...

Сақа байқамай сырын айтып қалғанына өкінді ме, кенет сөзін тоқтатты. Үйінің алдына келгенде Глафира Сақаға қолын ұсынды:

— Менен хабар күт!.. Егер керек болсаң сені қайдан табам?

— Құнде осы үйдің алдынан өтем. Егер керек болсам, терезене бір қағаз жапсыра сал!..

Екеуі дос сияқты болайтыны.

X

Бикен Зәкірді іздеді. Сақа оспақтаса да көнілдегісін қызыға жеткізіп бақты: Тоқаш өмірі бір тал қылға ілініп тұрған көрінеді. Қайтсе аман алғып қалады?

Зәкірдің үйі кең. Кіреберістегі қонақ үйдің есігінен төріне дейін төселген масаты кілем. Қатарғы бөлме Зәкірдің жұмбақ үйі. Оған өзінен басқа тірі жан кірмейді. Кілтін күндіз қалтасына сап, түнде жамбасының астына басады деседі. Зәкірдің бір өзінде үш әйел бар: үлкені Бикеннің апасы, ортанышы өзбек, ең кішісі татар. Үшеуі қаланың үш жерінде тұрады. Әрқайсысының үй жайы бар. Өзбек ыңғай паранжы сап, бетін бүркеп жасырынып жүреді. Ешкімге ләм-мим деп сөз де қатпайды. Бикен тіптен түрін де көрген емес. Ал, татар әйелі — толық келген, ашық мінезді, тілмәр, сөз қатсаң майысып, «сіз-біз» деп тұрғаны. Бәрінің үстінен әмір жүргізетін Бикеннің апасы...

Бикен еркін кірді — есікті шалқайта ашты. Төрде, тақта үстінде Зәкір отыр, алдында құс мойны — кальян. Тартқаны наша — жүзі буланған, көзі кілбиген, өзіне өзі мәз. Бет әлпеті дүниеге тойған адамның сиқы. Бикен аз іркіліп, босағада тұрып қалды. Бармағымен алақанын қасып, мысқылдай сөйлейтін Зәкір емес, бөтен біреу.

Босағадағы ілуілі жез құман — арғы бабасынан келе жат-

қан «құтым» дейтін Зәкір — салдыр-құлдір еденге түсті.
Қыз иғымен қағып кетсе керек.

Зәкір басын кенет көтерді — тыныштығын бұзған бейсауат жанға бұтақты қабағын тұксите, ызғарлы қарады.
Бикен сақ-сақ құліп, аяғын бір басып, екі басып жақындай түсті. Зәкір тісін шықырлатып, көзімен сүзді.

— Ақымақ! — Даусы қырылдаپ, қатал шықты.

— Жездетай, не дедіңіз?

— Жоқ сен емес, Ыбрайым... Әлдеқашан асau тайды мініп-мініп, жорғалатып қоймай ма. Ресуа қылды-ау, әтек!

Бикен ерке қылышпен жездесінің мойнына асылды.

— Кім дедің, жезде?

— Әтек деймін!

— Ол не? Әтеш пе...

— Ол — еркектің сәрігі, тарттырылған қошқар...

— Түү, ұтсыз...

Зәкір шыдамады, шап беріп қыздың белінен қапсыра ұстап, өзіне қарай тартты.

— Тұра тұрыңыз... Жезде... Айғай салам. Жамалды шакырам!

Зәкір қылаң мұртын қыз бетіне инедей қадап, қытықтан, жалынды сөз тастады:

— Тиши өзіме!.. Алтынға бөлейін!..

Есіктен паранжы салған өзбек әйелі кірді — қолында леген, шайнек. Зәкір кейін сескене жылжып, қарқ-қарқ құлді:

— Тұрсын-ханом, мына қыз тоқалдыққа тием дейді, қалай, үнай ма саған?

Тұрсын-ханом да үн қатқан жоқ аяғының басына қарайды. Кім білсін не мегзеп тұрғанын? Бет екеш беті де көрінбейді. Сырын болжай қыын.

Бикен құлқісін тыйып салмақты қалпына оралды. Терезе алдындағы ағаш тұғырда мұлгіл отырған үкіге жақын барды: көзі бақырайған, өзі сап-сары. Бұ да Зәкірдің ойыншығы. Жақында елден әкелген. Ала-сапыран, қан төгіс бол жатқанда, үкі кімге дәрі... Әрі-беріден соң берсе жолынан, бермесе Зәкір жезденің қолы ұзын, алып жүре береді... Анада Тоқаштың шешесі қарғап отырған жоқ па... Расында жездесі тажалдау, нысан жоқ.

Зәкір тәлтіректеп үкінің қасына келді де, қанатынан екі тал қалам жұлып алды.

— Тименіз, жезде!.. Ауырмай ма? — қыз қолын ұстап үлгірмеді, екі тал қаламды Бикенге ұсынды.

— Қада, жүрегіңе қада!.. — Зәкір балдызын қолтық-

тап, қонақ үйге қарай алыш жүрді. Тапал, дөңгелек столда буы шығып бүркырап, бір тегене манты тұр. Зәкір білекті сыйбанып жіберіп, бір уыс мантыны аузына тықпалап, зорға сидырды. Тісімен шайнады ма, жоқ па, әйтеуір қылқеткізді — жұтқыншағы кере қарыс көтерілін, қайта орнына тұсті. Негіп қақалмайды екен.

Зәкір қомағайланған асығып-үсігіп былапыт жеді. Тегене азайғанда басын бірақ көтерді. Алдында жатқан ақ орамалға аузын сұртті де, уқалап-уқалап, түреген тұрган Тұрсын-ханомға лақтырып жіберді.

— Сен қыздың осы не ойың бар?

— Ойым сол: кеше Тоқаш Бокиннің шешесі келіп жылап кетті... Мұсылман, қала берді, қазақ емес пе..

Зәкір тыжырайды:

— Соларға үйір болма, дедім ғой... Қоймасаң Ташкеннен әкең келгесін сыбағаңды аласың...

— Жезде, сіз неге өшсіз Бокинге?

Зәкір, әрине, шынын Бикенге айтпас. Оны қыз өзі де сезеді. Әйтсе де, әдейі қытығына тие сұрады. Осы жанжал басталғаннан бері, бір күнкіл өсек тараған-ды: «Бокин Зәкірді Қастекте ұстал ап, дуре соқса керек» деген. Шөлтің басы тегін қимылдамайды. Зәкірдің Бокин десе, құты кете-ді. Атын да атағысы келмейді.

— Бокин менің ата жауым... Мен жер басып жүргенде, оған күн жоқ.

Бикен ернін тістеді. Сөз бітті... Тоқашқа бұл ара түспей-ді. Анық. Реті келсе — суға батырады.

— Азамат емес пе?.. Өлім алдында кешірілмейтін күнә бола ма, жезде?

— Қой енді, сыпсындармай! Ана апаңың қасына ба-рып, көңлін көтерсөңші онан да. Кешеден бері «басым-ба-сым», деп қақсан жатыр! — Зәкірдің мастығы басылған ба, толық денесін қаңбақша көтеріп, тез тұрды да, үйден шығып кетті.

XI

Атты жектіріп әуре болғанша, базарға жаяу барса, арықтай ма? Зәкір семіздікті ұнатпайды, арам ет деп санайды. Осы қалада бірнеше саудагерлер бар — Габдуалиев, Бурнашев, Пугасов, Иванов — бәрінің де қарындары кебежедей, шүйделері түйенің өркешіндей, жер эрең көтереді. Зәкір олардың қасында «иман жүзді» десе болады.

Зәкір көк базарды аралады. Қаз-қатар тас үйлер — бірінің іші толған мата, енді бірінде аяқ киімдері, түрлі ер-сайман, ұсақ заттар. Бірақ халық аз. Анда-санда екі-екіден қолтықтасып жүрген қала адамдары аялдамай, кіріп-шығып жатыр. Бөрік киген ел кісілері, бұрынғыдай емес, тіпті көзге түспейді.

Лавканың сатушылары есінеп босқа түр. Соғыс, әсіресе, Жетісу көтерілісі қалтаны қақты, қазір бақырдың өзі алаканды алтындағы қүйдіреді.

Зәкір соңғы күндері мата магазинін ықшамдап, бір жақ бұрышынан ер-сайман сататын бөлім ашты, Ер саймандар жиналып қалды: елден қашқан-құтқан жігіттер ат-сайманын бет-бетімен лақтырып тастап кетіпті. Дүниені иесіз далаға қалдыруға бола ма, Зәкір қалаға жібере берді, жібере берді. Қазір байлық жағынан Зәкір Габдуалидің Ысқағымен таласады. Сәті түссе енді бірер жылда...

Қазір үш жерде үйі бар, үшінші үйді Тұрсын-ханомға арнап, өзен жиегінен салып жатыр. Зәкір өткен жылы Жайнақсұты еліктеп Қарғалыда ағаш үй салдырған. Тұбі сол Қарғалыдағы тоқу фабрикасына қарай иек артпақ ниеті бар — әуелі ортақтас болса да жарап...

Зәкір өзіне өзі риза. Ел арасына даңқы жайылды. «Зәкір ақсақалды» бұл өлкеде білмейтін жан шамалы. Көтеріліс кезінде ғана бір өсек тарады, әйтпесе... Кейбір бұзықтар «сарт» деп те кемітеді, бірақ аржақ атасы Наманғаннан келгенін өзі де жасырмайды. Ата қуысып, ру санасқанда Зәкір «шала қазақ» бол шыға келеді. Қазақтың асылы да осы шала қазақтар...

Көк базардың мүйісіндегі көп терезелі үлкен тас үй Зәкірдің магазині. Жалпақ цемент сатымен бес қадам жоғары көтеріліп, залға енді. Желетінің төс қалтасынан кілтін алып контордың есігіне салған бармақтың қөлеміндегі жалтырауық құлыпты ашты. Кірді. Бөлменің іші қара қөлеңкелеу. Әр қабырғаға әртүрлі қілемдер ілінген: хорасан, кашемир, парсы қілемдері құлпырып көз тартады. Терезенің көк барқыт торын кейін ысырды. Құндыз дулат бөркін арқардың мүйізіне іліп, Аидижанның ақ ала тақиясын киді.

Тыста «тпрулап»» айғай сап, біреу ат тоқтатты. Бұ кім басынып ауладан кірген? Терезеге көз тастады.

«Атаман екен ғой!» Зәкір ернін бұртитын, тәртіпсіз дыбыс шығарды — жақтырмады. Саудашының бірі жүгіріп кеп атаманның алдынан есік ашты.

— Ләппай, атаман!

Зәкір де орнынан тұрып қарсы жүрді.

— Хош келіпсіз, Андрей Васильевич!

— О, Зәкір ақсақал!.. Сені де көретін күн бар екен-ау, сағындырың! — Еңгезердей, күрек сақал, ақ сары атаманның құшағына Зәкір сұңғіп кетті.

Малышев екі иығын селкілдетіп, күле сөйлемеді:

— Хе-хе. Бір тын шық, екі тын кір... Солай ма, ақсақал? — Зәкірге бұл құлқі ұнамады. Өтірік құлқі. Бірдеме алуға келгенде мысықтай жорғалайтын әдеті де атаманның. Эйтсе де, Зәкір сыр білдірмеді — езу тартып құлімсіреп, көз қиығын тастады. Тіпті қазақтан, мына Іле бойындағы Каңлы руынан ешбір айырмасы жоқ. Тап осындай семіз сары, көк көз байлары болатын: үстіне қара барқыт жағасы бар, көк шұға шапан, басына құндызыдан тіккен шоқай бөрік киген.

— Сіз бүгін біздің Жәнібек қажыдан аумайсыз! — деді Зәкір. Атаманның «тин санайды» дегенін жадына ұстап қалып, қарсы мысқыладады. Арасына сөз араластырмай ойын жалғады: — Пітір алғыныз келіп жүр ме, күдай білсін...

Малышев Зәкір сөзінің астарына түсінді. Сондықтан да қарқылдап құліп, ойын бұлтарды.

— Таба алмадың, ақсақалым! — Атаман қазақтың «қ»-сын аудармай, дәл береді. — Бұл жолы мен өзім бермек бол келдім!

— Атаман береді дегенді бұл жасымда бірінші рет естім. Естімеген елде көп деген осы-ау.

Атаманның көзі қитарлана түсті.

— Отыр! — Ақсақалды жеңінен тартты. — Сен әзілге басып, тұлқише құйрығыңды бұлаңдата берме!.. — Атаман құйрық бойламайтын құлығына салды. Зәкірге таныс тәсіл. — Мен бүгін наказной атаманда болып ем сөз арасынан жағымсыз леп сездім.. Осы сен өткен жылы Қытайға көшкен қазақтардан қанша мал алып қалдың?

Зәкірдің іші мұздап, сескене бастады.

— Малы несі?.. Қанша мал болушы еді? Иесіз қалған малды айтасың ба?

— Иесіз деп, бұлталақтатпа, Зәкір. Фольбаум бәрін біледі... Жай жатқан жыланның құйрығын басып қайтесің.

— Сол малды ал деген өзің емес пе? — Зәкір бұлтаққа салса ұтылатынын сезді де, бармақты атаманның өзіне басты. — Қақ жартысын өзіңнің заемказа тастап кеткем жоқ па?

Малышев мұртының бір ұшын ширатып-ширатып, аузына салып, тістелей бастады.

— Гәп сонда! Фольбаум бәрін естіпті!.. Кімнен шыққан сөз екен, ә?

— Қайдам, жүрттың аузына қақпақ бола аласың ба?

— Сен білмесең, мен білдім: Бокин!.. Түркстан генерал-губернаторының атына арыз жазыпты. Екеумізді ел тонағыш, бандит қып шығарған!

— Е, патшага қарсы болса тонамағанда ше?

Малышев алақанымен Зәкірдің аузын басты:

— Жап!

Заңға таныс емес Зәкір тайықсып, бұдан әрі ой қоса алмады. Малышевты үнсіз тыңдай берді.

Суга кеткен тал қармайды. Бокинге қазір өлім төніп тұр. Оған қойылған ауыр айыптың бірі: атаман Малышевты өлтірмек ниетпен оқ атуы. Оған терезе алдында түсіп қалған сары ала қамшы тілсіз күә. Сол күәнің иесі — Зәкір. Ана жылды Зәкірдің қолынан тартып әкеткені қайда. Бокин қазір Зәкірді — қарақшы, ел тонағыш етіп көрсетсе, ұттай ма? Зәкірдің күәлігі жүре ме?..

— Осы жұмада Бокинге сот болады! — деп Малышев аз тыныстап, ойын тұжырды. Жириен мұртының екінші ұшын ширатып-ширатып, тікірейтіп қойды. Зәкір атаманнан көзін алмай, жіті қарайды. Элі де болса Малышев келгендері түпкі мақсатын айтпай отыр.

— Зәкір, осы сенің күәлігің қалай болар екен? — деп тағы бір түйді Малышев.

Зәкір енді аңдады.

— Бокиннің қамшыны түсіріп алғанын көрген де кісі бар.

Малышев кенет өзгерілді, жайдары пішінмен ақсақалдың иығынан қақты.

— Эй, білесің-ау! Керегі сол кісі. Энеугіден бері неге айтпадың? О кім?

— Дүнған Яшайлө!

Малышев көзін сығырайтып, терезеге таңдана төнді. Құн жылжып, бұлт астына жірді. Қала үстін қара көлеңке басты. Бөлме іші де сүрғылт түске боялып, құлпырып тұрған кілемдер күңгірттеніп, реңсіз көрінді.

— О кім?

— Ол бүкіл Хиндустан, Ауған, Шинжанды кезген, ел-елден, тесік-тесіктен өткен қу.

Малышевтің Яшайломен танысқысы келеді. Зәкір ат-

қосшысын Яшайлоға жіберді де, көк ала әбдірен і ашып, алтынмен жиектелген кәрден бокал мен Абрам Дюрсоның маркасында шыққан шампанскоены алып, Малышевтың алдына қойды. Сарт етіп тығыны аспанға ұшты. Зәкір бір тамшысын сарп қылмай, дәлдеп құйып, атаманға ұсынды. Атаман судай жүтті. Ұш бокалдан кейін, әңгіме тиегі өзінен өзі ағытылды. Малышев құсықтай бей-жай қылған бір сырдың бетін тағы ашты.

Кейде адам аяғының қисық басқанын сезбей қалатын тәрізді. Осынша дұрыс-ау деп, есептеп-ақ басса да, аржағында ор тұрғанын байқамайды. Жақында Сақа Сагатов деген гимназисті абақтыдан шығарып жіберген-ді. Ондағы мақсат: баланың әкесі Жұніс, бүлік бастаушының бірі, қолға түспей жүр, соны қақпанға түсіру еді. Қазір таудағы қарақшы отын жаққан да сол деген жоба бар. Анада өзі үйде жоқта бір салт атты қазақ келіп, атаман қызына қағаз тастап кеткен. «Малышев, кезек заман! Ұлымды босаттырмасаң, орнына аманатқа қызыңды алып қашам,» — деп ашық жазған. Әрине, Малышев слардың қоқанлоқсыынан қорықпайды, Жұністің баласын абақтыдан шығарғанда қөзделгені: қақпанды әкесіне құрып, баласын сол ізben қоя берсе — екеуі де түспей ме?

Бірақ атаманның ойындағыдай болмай шықты. Бала қу, желдің қай жақтан шыққанын сезіп қалған. Оның үстінен... Жоқ, аржағын тәптіштеп қайтеді. Мүмкін құр құдік болар...

Атаман сөзін бітірер-бітірмес, есікке сыймаған кісідей, біреу жартылап кірді: әуелі басы, соңсоң жарты денесі, ең ақырында сол аяғы есік жапты. Қарабұжыр, қошқар тұмсық, дембелше еркек. Сол көзін жүқталап шел басқан.

— Асс...

— Отыр, отыр! — Зәкір бөліп сәлемін айттырмады.

— Яшайло осы дейсің бе? — Атаман басынан аяғына дейін тағы бір шолды. Басында сәлде, үстінде қара ала шапан, аяғында мәсі — аумаған бұхарлық өзбек.

Яшайло қолын жүргегіне басып, иіліп, тағымын қылды.

— Исмаил, сен мына атаманды танисың ба? — Зәкір ымдал, қасынан орын нұсқады.

Яшайло бір тізерлей жүресінен отыра беріп:

— Ләппай!.. Атаман десе, Жетісуда жылаған бала уа-нады. Мен бала құрлы жоқпышын ба? — деді ыржынп.

Атаман ақ сары қабағын шытып, жақтырмаган пигыл білдірді.

— Сонда не, қорыққанынан уанған ба? — Зәкір шек-сілесі қатып, атаманның жанын қытықтай күлді. Атаман реті келгендеге өзі де Зәкірді аямайды. Кезек заман—алсын сыбағасын!

— Сен шекарадан талай өтіп, жасырын алтын саудасын жүргізеді деген хабарды мен де естігем. Бала дейсің бе, Яшайлоның сырын білмейтін... — енді атаман зіл тастай сейледі.

Яшайло жымып, дыбыссыз денесімен күлді. Зәкір енді атаман сөзін қоштап күлді. Бұл да бай-саудагердің тұрт сайтан, тұрті еді.

— Ләппай, атаман! Сөзінде астар, жүзінде ызғар бар. Менен ала алмай жүрген кегің болса, тезірек айт, басымды иіл, келіп тұрмын. Бірақ жерде жатқан таяқтың бір басын бассаң, екіншісі қайтуші еді, атаман?

Өртене бастаған сөзді Зәкір дер кезінде басты. Атаман мен Яшайло шекіспін барып тоқтасты. Табысты.

Атаманның әдісі біреудің мінін айтып, қылмысын бетіне басып, бағындырып алады. Әсіресе, қажетті адамын шешіп, кекетіп, сағын сындырады. Зәкірге бұл көптен мәдім.

Осы жолы да атаман сол әдісіне көшті. Яшайлоның да үзақ шалқаюға шамасы келмеді, еңкейе берді.

— Сары ала қамшыны менің үйімнің терезесі алдында Бокиннің түсіріп алғанын сен көріпсің ғой?

— Әлгі менімен Қаскелеңге барған тұні ше? — Зәкір Яшайлоның аузына сөз салды.

Яшайло басын изеді.

— Сотқа күэ керек... — Атаман Яшайлоның бет-әлpetіне үрлана көз қызығын тастады.

— Соған сені үйғарып едік! — Зәкір білді. Яшайлоны арбау қызын. Қайта оған тіке айтқан дұрыс. Сондықтан да Малышевтың аузындағы сөзін қағып алғып бұрын айтты.

Яшайлода үн жоқ. Кірілін жыпылықтатып, терең ойланған сипат білдіреді. Зәкір Яшайлоның бұл қызығына да таныс: бірдеме тілеп отыр. Зәкір қалтасынан алтын монетті алғып, алақанына сап, салмақтады.

— Сен кеше: «есегім тырапай асты» деп ақша сұрап едің... Мә, құлқың жаман-ау, соны сатып ала алмайтындаи болып жүрсің бе?! — алтын монетті керенау құмылмен лақтырып еді, Яшайло жерге түсірмей қағып алды. Алақа-

нын күйдіргендей үрледі де, қалтасына жып еткізіп сала койды.

— Куә болса несі бар? — Яшайло енді жайлана отырып, Зәкірдің арт жағында жатқан күміспен нақышталған шақшаны алады да, насыбайды кең танауына атқылады.

Атаман Зәкірге көзін қысып, ым қақты. Зәкір оны — «оңаша қалдыр» деп ұқты да, магазин залына шықты. Приказчик есінеп босқа тұр. Зат алушы жұрт жоқ. Зәкір енді құрітын болды. Ел ішінің бүлігі саудаға да қырысығын тигізді. Бірлі-жарым станицадан келген казак-орыстар болмаса, ер-сайманды кім алсын, тәйір. Матаны ауызға алуға тұрмайды. Матаның көкесі Ғабдуалиевте!.. Зәкірдің іші ашиды — қолдан келер дәрмені жоқ.

Осы бүгін неше сомға сауда жасады екен? Кеше не бары 50 тыынға зат сатыпты... Жоқ, ер-сайманның күні әлі алда. Соғыс біткен жоқ...

Зәкірді тұрлі ой кернеп, аулаға шықты да, шашылып жатқан жұн-жұрқа, тері-терсекті жинауға әмір беріп, конторына қайта оралды. Еміс-еміс сөздерді құлағы шалды: «Сагатов деген... Түсіндіңіз бе?» — Бұл Малышевтың даусы.

Зәкір есікті аша бергенде, аржағынан сүйеніп тұрған Яшайло үстіне құлады.

XII

Яшайло із кесті. Бірақ оңай кездестіре алмады. Бір күні Зәкірдің магазиніне келіп, иесін таба алмай көк базарға барды. Күн еңкейген мезгіл. Базардағы халық селдіреп, тарай бастапты.

Көр-жер сатқан орыстың эйелдері мен қыстан сақтап шыққан алмасын алдарына жайып салған өзбектер ғана қалған, басқа бейуақ жүрген адамдар көрінбейді. Базар шетінде бір топ дүңған, ұйғыр, татар сүйек ойнап жатыр екен. Бәрі де ентелең, балаша қуанған. Айғайлап, ерегісіп, базарды басына көтереді.

Яшайло мысықтай басып, білдірмesten шеттен орын алды. Анадай жерде талдырмаш жас жігіт пен семсер мұрт орыс күңкіл-күңкіл сөйлесіп тұр екен. Яшайло талдырмаш қазақты салғаннан таныды: Сақа! Көптен ізін кесіп аңдып жүргені де, анадағы атаманың таныстырығаны да осы. Бі-

рақ ол жолы Яшайло құлық есеппен Сақаның соңына бүріннан түсін жүргенін атаманға айтпай кеткен еді.

Яшайло Сақаның қасындағы семсер мұртқа көз тастады: Яшайлоның білмейтіні жер астында. Мұны да таңыды.

Әлгі он жыл жер ауып қайтқан қазақ-орыс. Не сөйле-сіп түр екен? Яшайло құлағын тосып, тыңдалап көріп еді, естілмеді. Яшайло бір қадам ілгері аттамақ бол, қасындағы үйғырға соқтықты.

— Уай соқырмысың? — деп ол баж етіп, иығымен итеріп қалды. Яшайло тәлтіректеп барып, сүйек ойнап жатқан бір жігіттің устіне құлады. Ол ырышп түсті.

— Гафу етіңіз! — Яшайло тұра сала, ойынға ентелеген болды. Бірақ көз қызы Сақа мен Березовскийде. Енді бір сэтте, ол екеуі базардың қақ ортасымен сауда көшесіне қарай аяңдады. Яшайло екінші жақ қапталмен бақылады да отырды. Олар ешқайда бөгелмей, Рафик бағының ішіндегі ағаш үйдің алдына кеп тоқтады. Қақты. Есік ашылды. Екейні де кірді.

Кеш қарада бастады.

Яшайло терезе алдындағы ағаш түбіне кеп, жабысып тұра қалды. Үй ішінде дабыр-дүбір сөз. Қақырынған дауыс. Құлағын тосты. Анда-санда ғана бір сөз саңқылдан анық естіледі. Бар үққаны үш сөз: «Бокин... Сот... Тау». Орысша тілге онша жетік емес, кейбір сөздер Яшайлорға қисық естіле ме, кім білсін. «Еремин» деген сөзге мұлде түсінбеді. Кісі аты ма? Зат па? Яшайло тағы да ентелей құлағын терезеге тоса беріп еді, ат түяғының дүрсілі естілді — тым жақын. Артына жалт бұрылса, салт атты қазақ бақ қақпасынан өтіп, сол үйге тіке бұрылды. Яшайлоның жаны қысылды, жуан ағаштың қалтарысына тығылды. Салт атты ел қазағы көрінеді—маңдайына түсіре киген бөркінен-ақ белгілі. Аттан қарғып түсіп, қамшысымен есікті қақты. Аржагынан біреу шығып кіргізіп алды.

Орыс үйінде ел қазағы не алады? Тегін жүріс емес. Яшайло үйдің екінші жақ мүйісіне айналды. Ептең басып, түстік жақтағы терезе түбіне барды. Пердесі екі елі көтөрілкі екен, сығалап қараса—дөңгелек столдың басында төрт адам отыр, манағы семсер мұрт пен Сақадан басқа, қаба сақал орыс пен жаңағы кірген ел қазағы.

Қаба сақал бұрқыратып темекі тартқан, көзін қазақтан айырмайды. Сақа да көзін одан алмайды... Семсер мұрттының түсін аңғара алмады—арқасымен отыр. Құлағын тік-

ті. Аяа кіретін кішкене әйнекшесі ашық екен, сөздері саңқ-саңқ етіп, анық естіледі:

— Жұніс ше? — деді семсер мұрт қазақша.

— Жұніс Түркстанға кетпек еді, баласы шықты деген хабар алған соң тоқтады. Анық-танығын біл деп әдейі мені жіберді...

— Түркстаннан не алады? — Орысшалап қаба сақал жігіттің сөзін бөлді.

— Мешітке барып құран оқымақ.— Қазақтың бұл сөзін Сақа қаба сақалға орысша аударды.

— Ба! Батырдың сиқын қара! — деді тағы да әлгі қаба сақал. Бұл мысқыл Жұністің баласына ұнамаған тәрізді— қызараңдал, жігітке ала көзімен қарады. Жігіт байқамай басқанын аңдады білем, іле:

— Үзілген үміті жалғанды, енді бармас! — деп шайып-жуды.

— Тоқаш халін естідіңдер ме? — Қаба сақал шылымын бір тастамайды. Яшайло қадағалап қарап еді, семсер мұрттың қолындағысы трубка екен.

— Естідік ұзын хабардан, жақында сот болмақ дейді. — Жігіт аздал орысша да түсінетін болу керек. Қаба сақалдың: «спроси, Березовский, что они намерены предпринять в случае, если его осудят на смертную казнь?» — деген сөзіне, қазақша айтқызбай-ақ жауап берді.

— Ондай күн болса, біз дайын! Жұністің қатты тапсырғаны да осы еді, біле кел! Не айтады екен дейді.

Яшайлоның жүргегі соғып, аузына тығылды. Атаманың манағы тапсырғаны осы. Көктен іздегені жерден табылды. Енді атаман уәдесін қалай орындалас екен...

Яшайло өз ойын қудалаймын деп, сөз өткізіп алды. Кап!..

Жігіт бәркін қолына алып, маңдайның терін сүртті де:

— Қару-жарап мол, қолымыз аз! Көп әжігіттер шыдамай, Балқаш бойына, Түркстанға өтіп жатыр...

Яшайлоға бір сүркия ой келді: қазір барып атаманға айта қойса, ә? Тапқан ақыл!.. Бұдан әрі тыңдамады. Тек кетіп бара жатқанда: «сен барып қайт!» деген семсер мұрттың сөзін аңғарып қалды. Кімге айтты?

Яшайло еңбектеп қақпа алдына қайта оралды. Шарбақтан секіре бергенде, бір ит кеп аяғынан алды. Тісі мәсіден балтырына өтіп те кетті, бірақ оған Яшайло қарамады—зытты...

Соңғы күндері Глафира мазасызданып, үй ішінен орын таба алмады. Қана басты. Әсіресе, кеше офицер Загаруля келіп кеткен соң, қөңлі бұзыла бастады. Петроград есіне түсті: уайымсыз шат өмір, бал, би, жарқыраған Нева проспектісі...

Енді соның бәрінен айрылып, Азияның алыстағы түкпіріне тап болды. Сырласып, шер тарқататын адам жоқ. Жігіттің төресі — Загаруля. Еңкек, басы сопақ, аумаған қауын. Көріксіз жігітті сыпайы, жағымды міnez көркейтпей ме? Әкесінің жақсы көретін Загарулясы қабағын түйіп, шіренеді де отырады.

Осыдан бір жыл бұрын Петроградта: «жерлеспіз!» деп қасынан қалмай біраз әуре болған. Бір күні соғыс пайдасына қойылған сауық кешке алып барды. Сонда әлгі, абақтыға түскен тілмаш қазақ — Тоқаш Бокин де жүр екен. Глафираны көрісімен ол биге шақырады. Бұдан бұрын да Глафира Тоқашпен бір билегені бар. Өте жеңіл, әсем билейді. Ерді де кетті. Загаруля соған намыстанып, Бокинге байланысқан...

Я, Бокин Глафираның жауы бол шықты, әкесін атқан да сол екен. Загаруля мен атаман соны бір кеш дат қылды. Бірақ неғұрлым Загаруля Бокинді жамандаса, соғұрлым оның Глафира алдында беделі өсе түсті. Мүмкін Загаруля баяғыдан кек сақтап қалған болар. Әлде Глафира оның өзін жек көргесін, қыз қөңлі Бокинде деп ойлай ма екен? Тек!.. Глафираға әлі жігіт ұнап көрген емес...

Глафира алдында жатқан Жорж Сандтың «Консуэласын» ашып қойып, қолымен басын тіреп, шынтақтап жатыр, әлі бір жолын да оқыған жоқ.

Біреу тықылдатқан тәрізді болды. Қыз құлағын тікті. Сақа ма? Тұн ішінде не ғып жүр. Әлде қауіп туды ма екен? Қыз тақтадан аяғын түсіріп, басын қөтерді. Тағы да тықылдатты. Әкесінің терезесі. Кім екен?

Глафира түрегеліп, жұмсақ көк замшы туфлиін киді де, айнаға барып, шашын түзеді. Ауызғы бөлмеге шықты. Әкесі біреуге есік ашты. «Гафу етіңіз, тақсыр атаман!» деп бейтаныс кісі орысша шүлдірлей бастап еді, атаман сыйырлап, «тсс!» деді. Екеуі ұрлана басып, қонақ үйге барды. Глафира да ептеп, сықырлатпай, есігін ашты. Қонақ үйге құлағын тосты:

- Рафик бағының ортасындағы ағаш қараушысының үйінде... Бокинді босатып алмақ болды...
- Кім-кім?
- Он жыл Сибирьден жер ауып келген орыс...
- Березовский. Тағы?
- Қаба сақал орыс. Танымадым. Тегі бақшашы мәдейім...

— Тағы?

— Сақа Сагатов!..

Глафираның жүргегі қағып-қағып кетті — Сақа!

— Жігіт бүлікшілер тобынан, таудан... қазір үйді қоршап ұстаса...

Глафираның әрі тыңдауға дәті шыдамады, бөлмесіне қайта оралды да, тез-тез киініп, ақырын басып тысқа шықты.

Көше тас қараңғы. Мұлгіген қала, қар аралас жаңбыр жауып тұр. Глафира Рафик бағына тұра тартты. Ойланып, толғанған жоқ. Бар тілегі — Сақаны көріп, ескерту!.. Құндіз заматта жететін бақ өлшеусіз алыстан кетті. Қазір атаман да атын жектіріп үлгірген болар. Козлаға жаңағы тыңшыны стырғызып ап, полицмейстерге барады — Глафираның үйінен алыс емес. Қолма-қол қарулы атты әскерді алып, Рафик бағын қоршайды. Әлгі ақ құба жұқа өнді жас қазақты тұтқындаиды, қолын артына байлап, шырылдатып, абақтыға жабады... Сонсоң... Сонсоң Глафира қайтып оны көрмейді. Сибирь қуады — жер ауып, іріп-шіріп қор боп өле-ді. Глафира аяйды... Жоқ, аямайды, оны күніне бір көрмесе, тұра алмайтын сияқты. Сағынатын тәрізді... Шын ба? Қой. Глафира, елікпе! Сен кім, ол кім?..

Шарбақтың кіші есігін аша бергенде, арс етіп, жұндес қанден ақ ит тұра ұмтылды. Глафира шыңғырып, кейін шегінді. Қенет есік ашылды — үй жарығы бақшага төгілді. Баспалдаққа еңгезердей қаба сақал кексе ерекк шықты:

— Дик, кет! — ит иесінің даусын естісімен, құйрығын бұландаатып, кете барды.

— Кім керек сізге?

— Маған ба?.. Маған Сақа Сагатов... — Глафира тілін зорға икемге келтірді.

Қаба сақал тесірейіп үңілді де, «жүріңіз!» деп үйге қарай бастады.

Үлкен жарық бөлмеде, дөңгелек столдың қасында қан-нен-қаперсіз екі адам отыр: бірі Сақа, екіншісі ұзын бойлы мұртты ерекк. Глафираны көріп Сақа атып тұрды.

— Глафира!

— Сақа, қазір сені тұтқынға алады. Қаш!

Екі ерекек біріне-бірі таңдана қарады. Сақа балалығы ма:

— Кім айтты? — деді.

Глафира тәптіштеп баяндаған жоқ, бар білгенін асыға-үсіге лық еткізіп төге салды.

— Қалай дейсің Березовский? — деді қаба сақал, семсер мұртқа. Глафира бір қадам кейін шегінді. Әкесінің «бұзық, қанішер» дейтін кісісі ссы екен ғой? Березовский жымиды да, Глафираның қолын қысты:

— Рақмет, қызым! — Ақырын ғана қолынан тартып, сәл өзіне қарай икемдеді — «бері жүріңіз» деген ишарат білдірді. Қыз алға аттады. Березовский орындық ұсынды.

— Петр! Шэй әкел, қызым тоңып қалыпты. Түн сұық.

— Жоқ, жоқ! Рақмет... — Глафира басын шайқады. Қауіп төніп, есіктен сығалап тұр, шай ішейік дейді! Қызық адамдар! Сақа неге қашпайды? Неге отыр?

Көз ілеспеді, стол үсті мейіз, алма, тұрлі жеміске толды. Мойны сорайып, шарап та қонақтады, бұрқ-сарқ етіп, ашулы, шертиген сары самаурын да столдың бір шетінен орын тенті. Глафира аң-таң: лезде қалай жасала қалған стол?

Березовский мұртын ширатып қойып, бір-бір бокалдан толтыра шарап құйды.

— Мұның бәрі саған жат көрінер, қызым. Алайда, үйрене бер. Өмірдің қызығы алда!.. Мына бокалды, қызым, сенің ақ жүргегің үшін көтерем! — Березовский қағып салды. Петр шарапты ұрттап, дәмін татып рақаттана сораптап ішті. Сақа ернін ғана тигізіп, столға қайта қойды. Глафираның қолындағы бокал дірілдеген қалпы, ерніне жетпей орта жолда тұрып қалды.

Осы кездे шабаланып, ит тағы үрді. Ат тұяғының дүрсіл естілді:

— Сақа, келіп қалды! Қаш! — ден Глафира бокалын жартылай төгіп орнынан ұшып тұрды.

Березовский қыздың қолынан тартып, қайта отырғызды.

— Отыр, қызым! Абыржыма!

Салдыр-гүлдір бір топ полиция кіріп келді, ең алдында атаманың өзі. Үй ішінде отырғандардың бірі де қыбыр етпеді, отыра берді.

— Глаша! — деді.

Глафира әкесіне салмақпен сұстана қарады.

Тоқаш соңғы күндері үйқыдан біржола қалды. Таң атысымен әуелі түрлі қымылдар жасап, денесін шынықтырады. Содан соң ұзақ күнге отырып алып сотта айтатын сөзін ойланып, қағаз бетіне түсіреді. Желісін бір салып алса, ертең сөйлеуге де женіл. Міне, екі тетрадьты түгелдей жазып толтырды. Айтпақ сезі әлі көп. Ой... ой... Жүректі улаған арман, ізгі тілек бәрі де осы тетрадьқа сыйып жатыр. Тек сотта айтып үлгіре алса...

Тоқаш бүгінгі жазғанын қайта оқыды: «Адам өмірдің ойыншығы» — дейді шығыста. Бұл сөзде бір ақиқат бар сияқты. Адам бұл дүниеге келген соң тіршілік құрамын деп басын тауға да, тасқа да ұрады. Өмір дариясында қалқыған қайықтай есе береді, есе береді, қай құні дауыл соғып, суға батады, соны күтеді. Оның атын өздері «тағдыр» дейді... Енді ойыншық емей немене? Ал, егер, жалғыз еспей, өзі сияқты адамдармен бірлесіп, кеме жасап, теңізде сайран салса ше! Оnda ол бақытқа айналмай ма? Олай болса, жеке адамның басына «тағдыр» үйір, балапан басына төнген қара құстай төнеді. Ал бақыт халық басына құн нұрындай жарқырайды...» Тоқаш әрі қарай созбады, ішінен күліп жіберді: бұл сотта сөйлейтін сөз емес, жайдақ философия! Сотқа ашы тіл, ұстарадай өткір ой керек. Тоқаш тетрадьтың біраз бетін жұлышпап ұсақтап жыртып, парашаға тастады.

Осы кезде камераның есігін ашып, абақты қараушысы Тоқашты киім-кешегімен басқа бір камераға алыш барды.

— О, Тоқашжан!

— Кімді айтсаң со келеді! — Қарсы алдынан Сэт пен Құрышпай өре түрегелді. Тоқаш кезек-кезек құшақтап, баурына қысты. Жарты жыл бойы ең бірінші рет көзіне жас іркілді. Әбдіролап, біріне-бірі кезек бермей, жамырай сөйледі. Әрқайсысының жүргегінде күпті ой, жасырын тілек, күйінген арман ішке сыймаған соң бұрынырақ айтып, үн деп дем алғысы келетін тәрізді. Тұтқынның мұндаидай күйіншін Тоқаш жақсы түсінеді. Өзі тап соның бірі. Сэт қартайыпты: өзі ашаң жүзді ерек бұрынғыдан да гөрі сылынып, жақ сүйектері арса-арса, сорайып шығып түр. Бойында өзгермегені пістік мұрны мен жұқа ерні ғана.

Құрышпай да жүдеген. Сығырайған тышқан көзі де аздаپ үлкейе түскен тәрізді. Жалғыз-ақ қолағаш мұрнының ұшы со қалпы бұқаның әукесіндей қыж-қыж.

Не қып сені үйіріңе қосты? — Құрышпай орамды әзіл тастамай сөйлемейді. Әзіліне құлкі және қоспайды.

Тоқаш өзі де таң қалады:

— Сотқа апаратын болар...

Тоқаш жауабын Сәт ұнатпаған сияқты, қоңырқай жүзін көлеңке басты.

— Мениңше істі қысқартқан,— деді Сәт.

— Я, сенде не демекшісіз? — Тоқаш таңдана сұрады.

— Үмітсіз сайтан. Сәткең: «халық қамын жейтін азаттар бар, соларды арқау қылам» дейді.— Құрышпай бір көзін жұмып, бір көзінің қиығын Сәтке тастады.

— Ұл бол тумай кетсін, егер бізді өлімге қиса... — деді Сәт, Құрышпай сезін мақұлдал.

Тоқаш шүғыл бұрылып, Сәтке төнді. Апырмау, осы ағайын кімді ишарап отыр?

— О қандай халық ұлы еді, ақсақал? Кімге үміт артасыз?

— Ө-өзіміздің Тынышпайдың Мұхамеджанына үміт артам. Мемлекет думасына сайланғанда өз қолыммен кепіл бергем... Қала берді Жайнақтың Ұбрайымы.

Тоқаш күліп жіберді. Құрышпай да оған қосылды. Дәліздегі абақты қараушысының тырп-тырп басқан қадамы естілді — келе жатыр. Темір кілтпен есіктің аржағынан періп-періп қалды.

— Түн ортасында бұл не құлкі?! Қысқартыңдар!

Сәт сұрланып, ыза көрнеген сыздақ пішінмен:

— Жетеді енді! Тоқтатыңдар, карцерге барғыларың келмесе! — деді.

Тоқаш күлкісін зорға басты.

— Тапқан екенсіз, ел қамқоршысын. Жайнақтың ұлынан жақсылық күтуіңіз — әлі де абақты дәмі таусылмаған екен! — деген Құрышпай сезін Тоқаш бөліп жіберіп, қызу, түйдектете сөйлеп кетті:

— Сүйеніш қып отырган ардагерлер, сізді мансабы үшін құрбан қылды, қазақтың қыршын жастарын патшаның тахыты үшін өлімге қиды. Соны неге түсінбейсіз! Қазақтың басына үшік тіктіріп, ел қылам десе, кеше Бекболатпен неғе бір болмады?

— Олар да қарағы қазақтың бақытына туған некенсаяқ. Қайтесің құлақтарын шулатып.

Құрышпай мүйіз шақшасын алып, насыбайын атты. Әдеттінше шырт еткізіп еденге түкірді. Тоқаш тыжырынып —

«түкірме!» дегендей бүйірден түртіп қалды да, Сәтті тағы түйреді.

— Аталы сөзге дау бар ма! Өз бетімен жайылған не-кен-саяқ үйірге қосыла ма! Эй, Сәт ағай, ойыңыз өте таяз-ау, тұбі көрінеді.

— Тәйт әрі! Олардың білімі мен беделін күндейсің бе? Екі сөзіңің бірі солар. Жоқ, абақтыға түсірген солар дейсің бе?

— Енді кім? — тақымдап Құрышпай да қалыспады.

Сәттің Құрышпай сөзіне еті үйренген бе, елемейді.

— Азын-аулақ оқыған, көзі ашық азаматтар арасы да ала ауыз, қара халық қайда барып оңсын. Алтау ала болса — ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса — төбедегі келеді. Бірлік қана ел қылады, шырағым! — деді Сәт шоқша са-қалын сипап қойып.

Тоқаш өз жүргегін Сәтке ұғындыра алмағанына қиналды.

Сәт сияқты мұңдас, көпті көрген, жақсы мен жаманың парасатын айыратын адам, Жайнақтың Үбрайымын түсін-бейді деуге сенбейді. Монтансып отырғаны да, немесе ой өресі жетпеген мешеулік те.

Тоқаштың енді сөзді қор қылғысы келмеді. Көңіл күйі-нің бәсекесіп, тәмен түскенін Құрышпай да сезінгендей, біраз үн-түн жоқ, әрқайсы өз ойымен болды.

Кір басқан төбeden өрмекші тәмен жорғалап, дәл Сәттің алдына кеп, теңселіп тұрып алды. Ұзілер ме екен?

Сәт пен Тоқаш бірдей көрді.

— Қараңдар! Мынау бір жақсылықтың нысанасы! — деді Сәт.

— Е, тағы қайдан жақсылық таба қалдыңыз? — деді Құрышпай кекетіп.

— Өрмекші! — Сәт қарындаштай сүйрік қара саусағы-мен өрмекшіні нұсқап, балаша қуанды.

Құрышпай да сығалай үңіліп, бұжолы Сәтті қоштады.

— Не бәріміз, не біріміз босанамыз!

Тоқаш мырс етті.

— Ақсақалды ардагерлері ұмытпас.

— Тоқаш қарағым, тым әрі кетпе! Мені тақымдай бе-рип қайтесің.

— Үй артында кісі бар. Қояйық! — деді Құрышпай, мұ-ләйімсіп, даусын кенеп. — Үшеуден үшеу отырып керіс, ас-пан айналып жерге неге түспей түр десейші.

Құрышпай да шұғыл ойлайды екен. Тоқаштың Сәтті ке-міткісі кеп отыр дейсің бе?

— Ер шекіспей бекіспейді. Ха-ха. Сэт ағаң сияқты халық бастаған ел адамы дос пен қасты айыра білуі керек. Жазатайым ертең өмір кілті қолға тие қалған күнде, дос бола біліңіз дегенім де! — Тоқаш езу тартып, мысқылдай сөйлемеді.

— Тышқан өле алмай жүріп, құйрығына қалжуыр байлады дейтін еді. Қазылып қойған көрін сығалап тұрып: «өмір кілті қолға тисе» дейсің. — Сэт те кекете ілді.

— Мен өлсем, Сақа бар! — Тоқаш Құрышпайдың иығына қолын артты, күні-түні жүргегіне тікенске қадалған күдік тағы да мазасын алды. Соны достарының алдына тағы да тартты: — Жазаның ең ауырын береді ғой. Оған сөз жоқ. Бірақ өкініш, арман қалып барады артта!

— Ә, өкінесің бе, бәлем? Онда үйінде неге отырмадың, атқа мінген сенің не теңің? — деп Құрышпай табалағандай. Бірақ, Тоқаш Құрышпайдан арам ниет күтпейді. Ол әдейі қайрап айтқан еді. Сэт аң-таң, екеуіне кезек жаутаңдайды.

— Я, екінші!.. Түк бітіре алмадым.

— Е, неге олай дейсің, шырағым: «Дүниеде өлмейтін: жақсының аты, ақынның хаты» дейді Жиленше шешен, — деді Сэт, әңгіме ыргағына ілесіп. — Халық аузындағы ер жігіттің аты өлмейді.

— Біз Жамбыл сияқты ақын емеспіз, сіз сияқты жақсы атқа да ие болғамыз жоқ қой... — деді Тоқаш тағы сыннып.

Есік ортасындағы кішкене әйнекшени ашып: «Бокин! Бокин!» деді де, бір буманы тастап жіберіп, жаба қойды.

Тоқаш буманы алды. Ақтарса — «Түркстан ведомості» атты газетке ораған бір бөлкө нан.

— Міне, саған өрмекші!.. О, тоба! — деді Құрышпай жорып.

— Нан! — Тоқаш алай-бұлай аунақшытып таңдана қарады. Шешесі жіберсе — ет, май... Әлгі аты жоқ, белгісіз досы болса — мейіз, шекер... Бұл орыс жолдастарының тартуы-ау. Мәні бар нан екен.

— Сэт ағайға ылғи қазы мен қарта, жал-жая келуші еді, саған нан келді ме? Бұ да ырыстың бөлектігі. О, тоба! Бір үзім берші! — деді Құрышпай қолын созып.

Тоқаш нанды ортасынан қақ бөліп еді, ішінен қағаздың шеті көрінді. Мм! Нан мәнісі осы екен. Суырып алса — хат! «Ардақты Тоқаш!

Ертең сот. Адвокат керек пе? Тағы да ойлан... сөзіңс

берік бол. Жалғызбын деп және ойлама! Сенің қамыңды жеуші достар да бар. Баладан бәрін естідік. Қош! 21 февраль 1917 жыл».

Тоқаш ұнсіз терезеге қарады: «баладан естідік». Ол — Сақа. Ал жазған кім?.. Элде Еремин бе?

— Уай, не деңті, айтсаңшы? Аузымыздың сүйн ағызбай! — деді Құрышпай.

— Жақында сот... Ал, кәне адвокат жалдайсындар ма?

— Менің ақшам жоқ! — деді Құрышпай күңк етіп.

— Ал, Сәт аға, сіз ше?

— Себі тиер...

— Маған да керек емес. Менің айтар сөзім дайын! Өзімді өзім қорғауға тілім де жетеді! — Тоқаш ерсілі-қарсылы жүрді.

Бозарып атқан таң сәулесі үйге кірді. Бұрыш-бұрыштағы көлеңке ағаш тапчанның астына қарай сырғыды. Әсірепе терезеге қарсы отырған Сәттің бет-ажарын анық көрсетеді.

Қолын басының астына сап, шалқасынан жатқан Құрышпай ыңғылдалап, өлең айтты.

Жүрек қысып, еркін өмір іздейді,
Көңіл шіркін жалғыздыққа төзбейді.
Елден басқа еш нәрсені місе етпей,
Қазып қойған көрді де бас сезбейді...

Таң атысымен терезеге қараймын,
Болса еken деп бір жақсылық,
Босқа тосам әуреленіп күн сайын,
Жібермейді, неге өкпелі құдайым!..

— Ах, шіркін, домбырам болар ма еді! — деп Құрышпай аунап түсіп ұнсіз жылады...

XV

Ертең түсте Бокинді сотқа шақырды. Енді өрмекші әкелген үміт те, қуаныш та саудырап адыра қалды. Тоқаш соттан қайыр күтпейді: заң — қырги құс, тырнағына ілінсе, бүріп түседі. Рақым жоқ. Айыптау қортындысында Тоқаштың барлық ісін қылмыс заңының сексен жетінші статьясына жатқызған. Бұл екі сан Тоқаштың үрейін алады. Жаналғыш әзірейілден кем емес. Тоқаш ана жылы округтік

сотта тілмаш бол істегенде, бұзау бақты дейсің бе! — біле-
ді. Бұл екі сан — өлім жазасы деген сөз.

Абақты бастығының өзі келіп, құзет бөлмесіне үшеуін
де апарды. Бұрынғы көрген қорлық: ұру, соғу, зеку, бала-
ғаттау түк те емес екен, қорлықты енді көрді. Үшеуінің де
аяқ қолына кісен салып, тұс-тұсынан қоршап көшеге алыш
шықты.

Қаптаған халық. Таңдана ма, қызықтай ма, бұлардың
алдын орап жүргізбейді. Балалар да шулап біріне бірі бұ-
ларды қолымен көрсетеді. Топ ішінен жаны ашыған, аяныш-
ты сөздер де Тоқаш құлағына еміс-еміс келіп жатыр.

Күн бүгін қандай жарық! Сәулесін шұмектеп, құйып тұр,
Тоқашқа ақырғы рет арнаған тәрізді. Қар еріп, көше құр-
ғап кеуіп қапты. Ағаштардың бұтағы шешек ата бастаған.
Көктем! Жазды қуана қарсы алыш, Тоқаш жан-жағына та-
машалай қарайды. Жүрегі бәйге атындаі желігеді. Тоқаш
серіктеріне көз қызығын таstadtы: көңіл қүйі қандай екен!

Құрышпай жігіт, тояттанған қырандай жан-жағына
елегізе көз салып келеді. Жабырқамайды, қайта таныс ке-
ліншектеріне көзін қысады. Басын изейді.

Ұнжүргасы түсіп, самарқау жүріп келе жатқан Сәт. Ша-
шы аппақ — қар басқан Алатаудың шыңындаі.

Бұлардың соңынан ерген топтың қарасы қомақтана бер-
ді. Шу да күшейді. Тоқаш таныс адам іздеді. Сақа қайда?
Еремин көзге бір ілінсе, шіркін!

Паркпен қатарласа бергенде, зарлаған дауыс шықты.

Тоқаш селк етті — қолындағы кісені сылдыр-сылдыр
етіп, жүрек дүрсіліне қосылып, шешесінің зарымен үндесті.

Көшенің қақ ортасында таяққа сүйенген шешесі тұр.
Парлап аққан жасы тамшылап, кеудесіне тамады. Шапаны-
ның екі өңірі екі жақта.

Қасында екі әйел: бірі — қызыл барқыт пешпет киген,
басында үкілі құндыз берік. Екіншісі — жұпыны киімді
тапал әйел.

— Құлыним, Тоқашым!..

Анасының ащы зарынан Тоқаштың қүйқа тамыры шы-
мырлап, тебе шашы тік тұрды. Өмірде жыламаған адамның
көзіне жас іркілді. Топ ішінде де еңкілдеп жылаған дауыс.
Қарулы жасақ жақын келіп қалды, жолдан таймаса соғып
кетуге бар. Бірақ ашынған ана мыйзғымады.

— Тай жолдан!

— Экет!

— Атам! — деген үрейлі, оқыс әмірлі сөздер көбейді.

Тоқаш шыдамады, шешесіне ұмтыла бергенде Құрышпайға соғылып, қолы кісендеулі адам сүйене алмай тыраң асты.

— Тоқта! — Жасақ бастығы бұлардың қасына барды.

Абыр-жұбыр. Кол-аяғы кісендеулі Құрышпайды тұрғызу да қыын. Құлық та жасады ма немене, әйтеп, Құрышпай тырбаңдай берді. Дәл осы мезгілде жан ұшырған ана да кеп, ұлын бассалды. Кезенген мылтықтың ұшына да, ақырған бүйреккә да қарамады.

Тоқаштың көзін, бетін, мұрнын сүйіп, аймалап жатқан ананы жасақ зорға дегенде айырды.

Тоқаш аңдамапты, Құрышпай тыраң асқанда, Халима да кеп құшақтаса керек. Сілейіп тұрып қалған қазақша киінген қызығанан.

— Ей, Тоқаш, сен ана қызыл пешпетті таныдың, ба?

— Жоқ.

— Бикен емес пе?

Соның өзі-ау. Көзін Тоқаштан алмайды. Анада анасын абақтыға ертіп әкеліп еді... Рақмет...

Сот мекемесінің алды толған қара топыр халық, ат, арба. Есік аузында мылтық асынған екі солдат. Еріп келген топ іркіліп, қақпа алдында тұрып қалды.

Үшеуін сот залына кіргізіп, жан-жағы қоршалған, кішірек сәкінің үстіне шығарды. Екі бүйірден мылтық кезенген екі солдатты қүзетке қойды. Зал әлі бос.

Тоқаш тықырдың жақындағанын жан жүйесі, жүйке тамырымен сезінгендей. Ең ақырғы алыс. Бас кессе де, тіл кеспек жоқ. Жүрек қысқан өкініш, арман үшін кек қылышиң қынабынан сұыратын кезең. Тоқаш сөзін нeden бастайды? Қызыл тілді әттең орамға бір келтірсе... Бұдан әрі Құрышпайдың әзілі. Сәттің қынжылуы — бірі құлағына енбеді. Тулаған оймен алысып әуре-сарсаң болды. Терезеден сыйғалаған күннің сәулеі тенбіл-тенбіл боп еденде жатыр — дір-дір етіп, сынаптай толқиды. Сыртта дабыр-дүбір дауыс.

Біреулер кіріп, енді біреулер шығып жатыр. Тоқаш бірін аңғармады, өзімен өзі әлек.

Құрышпай бүйірден тұртіп қалды:

— Көрдің бе?

— Нені?

— Көзің жоқ па? О, зұлым!

Тоқаш енді көрді — Зәкір!

— Қасындағысын танисың ба?

— Жоқ. — Құрышпай екіленіп айғай салды — Ей, күз сарт!

Зәкір тұтігіп қап-қара бол кетті. Құрышпай солдаттардың тоқтатқанына көнбеді:

— Қазақтардан тартып алған мал-мұлкің аз дегендей, біздің қанымызды ішкің келді ме?

Тоқаш сақ-сақ құлді! Бәлеме со керек!

Бұл жаңжалдың үстіне қызын ертіп атаман Малышев кірді. Атаманың шекесі таңулы, өңі суық, бұқадай сүзе қарайды. Ақ құба, талдырмаш қызы қөзімен біреуді іздеп, Тоқашқа кеп тоқтады — таныған сияқты, қызырып құлімдегендей болды.

Тоқаш теріс қарап кетті.. Ойы түрлі саққа жүгірді: неге құлімдеді? Адал ниетін білдіре ме; жоқ, мысыққа ойын, тыщиқанға өлім керек пе?

Осы кездे залға бір топ адам кірді, ішінде Петр Еремин бар. О да көрді, сәл басын изеді. Енді Тоқаш бар қайратын шақырып, денесін жинақы ұстады. Сын. Өлім біреу-ақ. Тірі жүріп қор болғанша, бас имей, өліп кеткен артық. Ең болмаса ертең біреуі жақсы сөзben аузына алар...

— Сот келеді! — деді абақтының бастығы жүгіріп кіріп. — Тұрыңдар!

Есік шалқасынан ашылды — үш офицер тез-тез басып, төрге, сот орнына барып отырды. Хатшы бір құшақ қағазды әкеліп столға қойды. Ең соңынан Загаруля шықты. Паң — қадам басуға ерінеді. Қозғалысында керенаулық бар, әрине, кемеліне кеп, толған адамның қылышы. Пішту! Тоқашқа көрсеткен қыры ма? Кеше ғана қанден иттей шабаланғаны қайда?..

Зал тым-тырыс. Ұшқан шыбынның ызыңы естіледі. Жұрттың көзі сотта. Ортадағы қоңқақ мұрын ақ сары сот мәжілісін ашты. Бірінші ғып Сәтті шақырды.

— Сәт Ниязбекұлы, өзіңізді кінәлі деп санайсыз ба? — деді сот бастығы. Сәт салқын ғана жауап қайырды — мойнына алмады.

Загаруля сөз алып, түрлі астарлы сұрақ қойып, тұзақ құрды. Бірақ Сәт орысша білмегендіктен тілмаш арқылы жауап қайырды. Талай айтыста ысылған әккі болыс маңына да отырғызбады. Құрышпайды шақырып еді, қасарып үндемеді — жауап бермей қойды.

Айыптаушының тілегі бойынша қуәларды шақырды. Баяғы Зәкір!..

— Зәкір Исабаев, сіз мына қамшыны танисыз ба? —
деді Загаруля сары ала қамшыны саптап.

Тоқаш Зәкірден көзін айырмады.

Зәкір басын көтермestен:

— Білем. Бұл мениң қамшым,— деді.

Құрышпай қүйінгенін жерге түкірді.

— Түү, төбет! — Біреу тұншыға құлгендей болды. Тоқаш дыбыс шыққан жаққа басын бұрып еді — атаманың қызы орамалмен аузын басып зорға отыр. Қасындағы әкесі шаяндай қып-қызыл...

— Азамат Қалдыбайұлы, сізді тәртіпке шақырам! —
сот бастығы қоңырау сылдыратты да, Глафира жаққа қа-
нарлана көзін төңкерді.

— Бокиннің бұл қамшыны Малышев үйінің терезесі ал-
дына түсіріп алғанын қайдан білесіз?

— Эй, төбет, саған неше сом берді ақысына? — Құрыш-
пай ұшып тұрып еді, солдат иығынан басып отырғызып қой-
ды. Тағы да қоңрау қағылды.

— Сол түні біз аржағынан, Богородскийден келе жатып,
Қаскелең түнеп ек. Ат жайлап жүріп көрген мына атқос-
шым,— Зәкір қасындағы қара шұбарды нұсқады.

Загаруля күлімдеп, орнынан тағы тұрды:

— Атқосшы, көргенің рас па?

— Әлбетте! — деді қара шұбар, міз бақпастан. Тіпті
қымсынып, үялу дегенді білмейді.

Сот енді Тоқашты атады. Қара шұбар жайында ойға
шомған Тоқаш, аңдамай қалды, кешігіп, атын екінші рет
атағанда барып, орнынан тұрды.

— Кінам жоқ, ол жөнінде тергеуде де айтқам!

— Мына жараны салған кім? Бүкіл елді дүрліктіріп, бұ-
лікке бастаған кім? — Бет-аузы жыбырлап, ашуға булығып,
атаман сөзін аяқтай алмады.

Сот қоңрау қағып, тәртіпке шақырды:

— Ваше благородие, атаман, сабыр етіңіз. Сізге сөз бе-
реміз элі!

Тоқаштың да атаманнан басқа ешкім көзіне ілінбеді. Ба-
сын таңған Малышев кешегі елді зар қақсатқан атаман тұл-
ғасына айналады: эне ақ боз атқа мінген атаман дөңес үстін-
де тұр. Қолын сілтеп, зеңбірекке бұйрық береді, ол гүрс-
гүрс атып, ауылды оқтың астына алып жатыр. Ауыл өртен-
ді. Бала-шаға шулап, тым-тырақай қашып барады.

— Сот алдында қылмысты бол, бүгін мен емес, мына
атаман Малышевтың тұруы керек. Бейбіт жатқан ауылды

өртеп, жас сәби бала мен қорғансыз әйелдерді қырған осы!

Залда біреулер жөтелді, бірсулер орындықты сыйырлатып отыра алмады, сот бастығы қоңрау соқты. Тоқаш оны елеген жоқ. Ақырғы сөз, ақырғы!

— Атаман Малышев қазақ елін тонап, әбден байыды. Қаскеленде, Верныйда — екі жерде үйі бар. Заимкесі толған мал. Малышев қазақтар қолынан өлмесе, бүгін осы сот алдында өлім жазасын алуы әділеттік болар!.. — Тоқаштың көзі атаманнан сотқа ауды. Сот қоңрауын шылдыратып: «Тоқтат, бұл үгіт!» — дес Тоқаш сөзін басқысы келеді. Бұл залда қоштап іштей риза боп отырғандарды да, күлімдеп, тамашалап тыңдаған Глафираны да, артында мылтық асынып тұрған кәрі солдаттың да мәз боп тұрғанын сезбеді Тоқаш. Қынабынан суырған қылыштай өткір сөзді жан-жаяна сермей берді. Тоқаштың көзіне енді Загаруля ілінді: сұп-сұр танауы дедиіп, ернін тістеп, сотқа алая қарап тұр скен.

— Мынау прокурордың көмекшісі,— Тоқаш кісенін сыйлдыратып, екі қолын бірдей көтерді. — Кісліктен біржола ада, шаш орнына бас алатын жендет!.. Қазақ байларынан пара алыш, қылмысын жасырған зұлым.

Қоңрау бебеу қағып, шырылдан, Тоқаш сөзін естіртпеуге тырысты, Тоқаш одан да қатты айғайлап, кеңірдектей сөйледі:

— Мына күәлікке келген Зәкір ақсақалың сатынды, зұлым!..

— Жап аузын, жап!

— Тоқтат!

— Экет! — Зал у-шу. Тыста да айғай күшейді...

Еремин Сақаның құлағына:

— Салды сойқанды Тоқаш! Екі өлім жоқ. Жігіт! — деді, құлағының түбін қасып.

Сақаның өңі қашып тілі күрмелді, Ереминге мақұлданта, даттап та пікір қоса алмады. Еремин де Сақаның өңі бұзылып, әрең тұрғанын сезеді. Тоқашқа жаны ашиды. Қайтсін, досы...

— Құрыды де! — Сақа шыдамады, теріс айналып, жылап жіберді.

— Енді қолдан келгенді аянбай бак! — Еремин айналасына қараң еді, қантап тұрған қаланың жатағы: қазақ. үйғыр, орыс. Қебінесе жүн жуатын заводта, темекі фабрикасында істейтін жұмысшылар. Топ арасында күбір-күбір

сөз, жүректен атқан күйінішті ыстық деп. Қазандай дулат бөріктерін маңдайларына баса киген Сәттің де ағайындары лек-лек арбамен келіп қапты.

— О, құдай жазған, не деп түр?

— Тоқаш айтысып жатыр, дейді?

— Кіммен? Тәңірім?

— Қойши, тегі не сандырақтап түр? — деген оқыс сөз, үрейлі дауыс Сәтті қолдаушы топтан шығады.

— Ей, анталамай терезеден аулақ кет!

— Былай жүр, атам! — Қарулы жасақтар терезеден сыртқа қарап түрган Ереминді қуды. Бірақ Ереминге бұл үйреншікті әкірең. Сибирде, Нерчин кенінде талай естіген, құлағы қанған әкіреңі. Березовский жоқ, неге кешікті екен? Ташкенттен бір азамат келді деп еді. Соған кетті ме? Айғай!.. Сауда көшесінің мүйісінен бір бала бұрылып ап, айғайлап зырлап келеді. Бір парап қағазды жоғары көрсетіп, қолын бұлғайды. Терезесі ашық үйлерден біреулер басын сұғып, балаға тіл қатады. Тыңдамайды. Тура сот үйіне қарап, зытып келеді.

Еремин алыстан анық таныды. Почтада істейтін Егорка. Енді оның сөзі де жетті:

— Телеграмма!.. Телеграмма, патша...

— Не дейді?! Патша?

— Есі ауған ба?

— Я, құдай, өзің жәрдемші бола гөр!

— Ләйім жақсылыққа лайықта!

Бала сөзі түгелдей естілді:

— Телеграмма!.. Патша тақтан құлаған!

Еремин елегізіп, жан-жағына көз жіберді. Халық төбесінен жай түскендей аңырып, есінен айрылып қалған сияқты. Тілі шықпайды. Түсі ме, өңі ме? Бұл не тұрыс, не қылған сабырлылық. Аспан неге қақ жарылмайды? Құн неге құркіремейді? Жоқ, бұл жалған!

Еремин терезеден атып түсіп, сот мекемесіне кіре берген Егорканың жағасынан алды.

— Бері бер! — Егорка бермей, тырысып байқап еді, жұлып алды.

— Лука Потапыч сот бастығына жеткіз деген! — Ба-ла қайсарып, тағы жармасты.

— Тоқта, оқысын! Сонсоң өзіңде береді.

Терезеден абақты бастығы басын сұқты, зекіп жасаққа ұрысты. «Шуды басындар!..» — деп әмір берді. Оны тыңдаған халық жоқ.

Еремин дауыстап телеграмманы оқыды:

«Николай Второй отрекся от престола...» дегенде есік аузында тұрған солдаттардың мылтығы қолдарынан түсіп кетті. Біреулер жүгіріп сот залына кірді:

— Ура, патша тақтан құлапты! Ура!

Загаруля алты атарын суырып ап, басып-басып жіберді — үй төбесінің балшығы тасырлап жерге түсті. Үй-іші көк түтін. Ешиәрсе біліп, аңдан болмайды. Сырттағы халық шулап, айғай сап жабырлап үйге кіріп жатыр — бірін бірі басып-көктеп, сығылыса, тырмыса кіреді. Есі шыққан сот бастығы қоңрауды лақтырып тастанап, басқа есікпен қаша жөнелді.

Атаман Малышев алты атарын суырып ап, күжілдеп:

— Бұлік! — деп қыр көрсетіп байқап еді, арт жағынан біреу шекеден салып өтті. Мұрттай ұшты. Глафира бақырып, әкесіне тап берді.

Еремин бастаған топ Тоқашқа қарай ығысты. Құзеттегі солдаттар тым-тырақай қашып та үлгірген. Тоқаш, Құрышпай, Сәт үшеуі кісендерін салдыратып, топқа қарсы жүрді.

— Ура, бостандық! — Халық Тоқашты көшеге алып шығып, жоғары көтерді. Еремин сөз сөйлемек болып еді, жүрт елемеді. Бірі құшақтап, бірі сүйіп, бірі жылап, үшеуін көтеріп алды да кетті...



Е К И Н И Ш И Б Ө Л И М

I

Тоқаш ерте тұрды да, үй-ішін оятпастан аяңдап. Басарықтың сыртындағы дөңеске шықты.

Көктем Жетісу атрабына биыл ерте түсті. Алатаудан сырғып кеп, қала үстінде қалықтаған көк жібек мұнар — көктемнің белгісі. Ағаштар да шешек атып, көк, қызыл, жасыл түске боялған.

Тоқаш сағынып көрген қаласына қайта-қайта көз тастайды. Құмарынан шығар емес. Ең арты сылдырап аққан арық суы жүрегін кернеген сырдай, кейде еркелеп, мазасын алады да, кейде үрей шақырады. Абақтының зардабы бой-

дан тез шығар емес. Тұнде үйқысын, күндіз шагтығын бұзады.

— Шіркін бостандық, әшейінде қадірін білмейді, қарашы айналаның қеңін! — деді Тоқаш өзіне-өзі дауыстап. Сөйтті де біреу естіп койды ма дегендей жан-жағына қаралды. Қарағаштың басына қонған сауысқан ұшып-қонып, шықылық атып, келемеждегендей болады. Мейлі, Тоқаш сыр бүкпейді. Адамның жеке басының бостандығы, халық азаттығы егіз, дүниеге қатар туған.

Тап былтыр Тоқаш жалғыз өзі тау басына шығып, кеудесін қеріп бүгінгідей дем алмап па еді?.. Зіл басып тұратын. Ал, бүгін ше, ақжарқын көңілге көктемнің көрікті күні сай туған.

Тоқаштың қиялы шырқап, өткен күннің уақиғасын ширата берді.

Сәт кеше ауылға аттанған. Енді үйде. Бала-шағасымен мәз-мейрам бол жатқан да болар. Қарі адам ғой, қорлықты көп көрді. Соңғы кезде қалжырап та қалды. Алланы есіне көбірек түсіріп, Жайнақтың Ұбрайымын аузына ала бастады... Шалды көзден таса қылмау керек, Құрышпай әзілдесе де шын айтады. Эй, Құрышпай-ай, жігіттің ардагерісің-ау! Үйінде Халимасының қасында ұйықтаң жатқан болар. Сақа о да ұшты-қүйді жоқ болды. Кеше Березовский: «әкссіне жолықпақ» деп отыр еді, әлде тауға кетті ме екен?

Тоқашқа бір сүық ой кірді: маңайында жүрген жігіттер бытырап, бет-бетімен кеткен. Жемге тойған бүркіт аң аула-майды деуші еді, соған ұқсан жүрмесін... Билік кімде, соны түсіне ме екен? Абақтының есігі қайта ашылып, желкеден итеріп тағы да кіргізіп жібермесін.

Тоқаш пәтеріне қайта оралды.

Шешесі самаурынды қайнатып, шайды жасап, тосып отыр екен. Пәтер иесі Эрмиш қызметіне, әйелі базарға кетіп-ті. Тоқаштың көптөн бері шешесімен жеке ішкен шайы осы болар.

— Апа, елге қайтасың ба енді? — Тоқаш әңгіме қозғады, бірер пияла шайды ішкен соң.

Ақбалтыр да баласынан көзін алмайды. Қуана қарайды

— Е, қарағым, жолым болды, құдайым көз жасымды иді. Енді қайтам. Ондағы інілерің де сағынды ғой... — Ақбалтыр сәл кідіріп, пияласына қою шайды қүйді да, сөзін жалғады. — Қарағым, осы патша құлады дегенге шын сенесің бе?

Тоқаш күлді.

— Эбден тізесі өтсе керек, тахыты төңкөріліп қалса да сенбейсің-ау, апа? Патша таҳтында отырса екеуміз осылай рақаттанып шай ішер ме ек...

— Енді кімнің өкіметі болмақ? — Ақбалтыр қауіптене сұрады.

— Енді Жайнақовтардың, байлардың өкіметі...

— Онда сен байдың баласы емессің, тағы да жауып қоймай ма? — «Мұмкін» деген тілінің ұшындағы жауапты іркіп қалып құлқімен шайып-жуды. Шешесіңің жүргегіне үрей салғысы келмеді.

— Біз көппіз ғой, апа!

— Қайдам, қарағым, шайылып қалған жүрек. Менің сұрап отырғанымның мәні бар: арманым — саған қосақ тауып беріп, қызығыңды көру еді...

Шешесіңің қақпанына түсіргенін Тоқаш өнді сезді. «Заман қынын, қоя тұрайық!» деп қалай айтады. Жаңа ғана үрэйін басып, сенетіндей сөз айтқан жоқ па?

— Элі ерте шығар.

— Кімге? Саған ба? О не дегенің, отызға келгенше сұр бойдақ болайын деп пе ең? Қсій, шырағым, ауылға кел, той жасаймын!

— Той?.. — Тоқаш есіне әлде не түскендей, көзі от шашып, жүзі бал-бұл жанып, кенет сұрады. — Айгүл қайтып па?

— Айгүл Қытай ауған... Енді оны тосып отырасың ба? Тірі ме, өлі ме кім біледі...

Анасының сөзі жүргегіне тікенектей қадалды. Шешесін Ծұрын тап мұнданай қатығез деп ойламаған-ды. Жоқ, Айгүлдің тұлғасын Тоқаш көрге өзімен бірге алыш түседі...

Тоқаш ішіп отырған пияласын жерге қойды.

Шешесі қипақтап жұбата сөйледі. Қате айтқанын түсінді.

— Менің сөзіме өкпелеп қалдың ба, қарағым? Қайтейін құдай жазбағасын. Неке қиған қосағың емес, саған құдай да, адам да риза.... Осында сен абақтыда жатқанда жанын салған, қолынан келген жақсылығын аямаған бір қыз бала бар. Менің ықыласым соған ауып жүр, қарағым. — «О кім» деп Тоқаш өзі сұрап ма деп шешесі атын іркіп айтпай отыр. Оны Тоқаш біледі. Әдейі сазарып бұл да үндемеді.

— Атақты жердің баласы. Өзі сұлу. Одан артық не керек.

Тоқаш сыйданып, қабағын түйді — бұл баласының ашу

шақырған қалпы еді. Түсінді де, Ақбалтыр ыдысын жинай бастады. Әңгіме аяқталмай қалды.

Со күні кешінде Тоқаш жаңа ашылған «Бостандық үйіне» жиналысқа барып келіп еді, Ақбалтыр алдынан шырып:

— Қарағым, саған қайырлы болсын айтуға Бикен келіп, тосып-тосып жаңа сенің алдыңдаған кетті! — деді.

— Бикені кім? — Тоқаш таңдана сұрады.

— Ойбай-ау, Бикенді сен білмеуші ме едің? Әлгі Кәрден байдың қызы. Абақтыға ауық-ауық жасырын тамақ түсіріп тұрған да сол емес пе! — Е, абақтыға анда-санда құпия келіп тұратын тамақтың сырына енді қанды. Қандай ақылды қыз. Абақтыда сарғайып отырған қазақтың азаматына қарлығаштай қанатымен су тасыған неткен жан! Мұндан ардақтың еңбегін, тілегін немен ақтайды? Өзі сұлу, өзі ақылды, бұдан артық Тоқашқа жар керек пе? Ҳа-ха. Тоқаш кейде лағып кетеді. Бикенмен екеуінің арасында қазылған көр бар, көрінер көзге соған тұсуге бола ма?..

Шешесі қипақтап, тағы қасына барды. «Ашулы ма, жоқ па?» дегендегі жүзіне үңіледі.

— Қарның ашты ғой, ауқат ішпейсің бе, тегі?

— Апа, тағы бір сөз айтқың келіп тұрған сияқты. Емеурінің солай — құлағым сізде! — Тоқаш жымып, Ақбалтырды құшақтады. Шешесі жас күніндегідей иіскелеп, бауырына қысып, бетінен сүйді.

— Абақтысы құрғып, мінезінді қатайтып жіберген бе, көнбейсің айтқанға?.. — Ақбалтыр өзінше құлық жасады — бала мінезін іітіп ап, өз ырқына көндірмек.

— Әлгі Бикен мына бір хат тастап кетті. Зер сала оқысайышы!..

Ақбалтыр қалтасынан үш бұрышты қағазды алғып, Тоқашқа ұсынды.

Шырмауық алды-артын орап, шырмап бара жатыр. Тоқаш керенау қозғалыспен хатты ашты:

«Тоқаш ағай! Қадамыңыз қайырлы болсын. Мен сізді шын жүргегіммен қуанып, қарсы алам... Сол үшін бүгін біздің үйге келіп, қонақ болыңыз. Әкем де шақырады. Бұл сізге жасаған тойымыз деп үғыңыз!

Бикен».

Жоқ, Тоқашты жүрт көзінде ажуа қыла алмайды. Тапқан екен ақымақты. Қағазды уқалап-уқалап лақтырып жіберді.

Ақбалтыр тұс бермеді:

— Қарағым, бір қате сөз жазып па?

— Мен оның үйінде қонақ бол, Зәкірмен, Ыбрайыммен бір дастарқаннан дәм татпаймын! — Тоқаш ерсілі-қарсылы жүре берді.

Бикен қытықты жерін басты. Ата жауының құлығы — оңай қолға түсірмек. Бикенің қолымен мойнына арқан тастап иоқталап алмақ! Іші қатқан дүшпандық, көзге жылпыладап: «Әй, сені ме!» деп отырған қонақтың мәні шамалы.

Зәкірді шақырмайтын болар, Бикен солай деген-ді.

— Бармайым!

— Бар, шырағым, шақырғанға бармаған, шақыруға зар болар деген аталарың. Тек сырыңды берме. Өзінді мықты, зор уста!

Тоқаштың бұл сөзден кейін тауалы қайтып қалды. «Шынында неге қашады? Ат құйрығын кесетін заман элі ерте. Іштен шалу керек емес пе?» — деді бір ой жүрек түбінен.

Бұ да мақұл!..

II

Тоқаш қонаққа Құрышпайды ерте жүрді. Шешесі «бар» деп жұмсаса да, артынан қипақтап, дәл кетерде киініп жатқан Тоқашқа: «Мен бара алмаспын, басым көтертпей ауырып барады, Құрышпайды ерте кет. Ордалы жылан ғой, жалғыз барма, шырағым!» — деді. Тоқаш шешесінің қамжеген сөзіне түсінді.

Құрышпайдың үйіне барса — Халима базарға кеткен. Құрышпай қайын ағасымен қарт соғып отыр. Кішірек дөңгелек столдың үсті толы бақыр тының, түрлі бүйім. Махмуттың әшейінде тікірейіп тұратын қызық мұрты салбырап кеткен, кең танауы қусырылған, ашудан демігеді. Құрышпай ерегіске тоя ма, лезде қайын ағасын тыр жалаңаш қалдырыған: үйін, алма ағашын, жалғыз атын — тегіс үтқан. Сибирде жер ауып жүргенде, талай атақты алайқ қуларды қарттан үтып, пенде қылғанын Тоқаш Құрышпайдың өз аузынан естіген. «Қарт жасамаймын, құдайдың әмірі, ыңғай үтыс шығады» дейтін. Міне, ойда жоқ жерде сол сөзінің үстінен түсті.

Құрышпай езу тартып жымып қана отыр. Аузын құшөппен сүрткендей, шімірікпейді.

— Өзіңе тарт! — деді Махмут Тоқашқа төрден орын берген соң.

Екі көзі Құрышпайда, тышқан аулаған мысықтай — бар ынта-жігерімен, телміре қадалып қалыпты.

Қарт тартқанда Құрышпайдың қолы қолына жүқпайды, көз ілеспейді. Алдында жатқан қартқа екінші қарт алып қосты да, сығалап қөз тастады. Жаба қойды. Құлімсіреп қайын ағасына:

— Саған нешеу керек?

Махмут қалышылдан, қартына тағы бір қарап:

— Он тоғыздан ассаң сенікі!

— Ендеше менікі жиырма! — Құрышпай қартты қайын ағасының алдына тастай берді. Махмут жерге түкірді де, орынан тұрып кетті.

— Ал, Тоқашкан, тар жerde жолдас болған қазақтың азаматы едің, күә бол: мынау үй, алма ағашы, шабдар ат осы сағаттан бастап менікі. Солай ғой, Маха, ә? — деп ол шімірікпестен Махмуттың бетіне үңілді.

Салы суға кеткен Махмут басын иезді де, шығып жүре берді. Тоқаш балаша сақылдан екі нығын селкілдете құлді. Ол Құрышпайдың міnezіне қанық. Қалжыңбас, Махмуттың сараңдығын сезді ме, әйтеүір қытықтаған тәрізді.

— Қайын ағаңды өкпелетем деп Халиманың қаһарына тап болма! Байқа, үйғыр қызы шақар келетін. — Тоқаш сөзіне қулкі арапастырды.

— Сен қалжыңды білмейтін қазақ ең. Ұнады-ау тегі?

— Сенен жүққаны да!.. — Тоқаш арнап келген мәнісін айтты. Думаннан бас тартатын Құрышпай бар ма, сөзге келместен домбырасын қолтығына қысып ала жүрді. Олар келсе Кәрдениң қонақ үйі толған қаланың қаратақтары. Мес Кәрдениң өзін санамағанда, бөтен төрт кісі отыр: біреуі қоңқаш мұрын сіріңке қара Габдулла Қакенов — Пішпектің тілмәші, Ақбалтырдың айтуына қараганда, Бикенді соған бермек; оның оң жағында ірк-ірк етіп, майдан шайлаган Сұгірбай, бұл — Шамалғаның болысы... Төрде тапал Ыбрайым — Кәрдениң ортанышы күйеуі, Тоқаштың ежелгі қасы... Тағы бір ақ сары жас отыр, жаңылмаса — татар саудагері Бурнашевтың баласы.

Бастығы Кәрдениң өзі боп, бәрі де орындарынан тұрып қарсы алды. Кәрден Тоқаштың бетінен сүйді. Жайнақов сын етіп, Қакеновтың қолтық астынан өтіп кетіп, «ой, баурымдап» құшағын жайды. Тоқаш кейін шегініп жиіркене қарады. Дағыр сап басылды. Құлаққа ұрган танадай. Ыб-

райым мұндаі қылықты күтнеген сияқты, ыржиған беті аңтарылып тұрып қалды.

— Ағайын арасына өкпе жарасқан, Тоқашжанның нағызын көтеріп алдық! — деп Сүгіrbай қарқылдан құліп, шайып-жуа бастады. Тоқаш со қалпында бәріне қол беріп, жағалай амандасып шықты. Тек Жайнақов қана сұрланып, қалтарыста қалды. Осы кезде қатарғы бөлмеден Бикен де кірді.

— Сапарың оң болсын, қарағым, біраз бейнет көрдің, — деді Кәрден қасына кеп отырған Тоқашқа.

— Я, несін айтасыз, ақсақал, мына Ұбрайым мырзаның дүғасы арқасында тамұқтың дәл аузынан қайттым.

Сүгіrbай тағы да құлкісімен шайып-жуды.

— Ұбықеңді біз ғалым деп жүрсек, молда ма еді? — Бұртиып отырған Ұбрайымға көзін қысқан тәрізді болды. Ұбрайым жыпшылықтап, қозғалып, еріксіз жымыды.

— Тоқаш төрөнің тілі аңзы болатын, бәріне де сеніп қап жүрмеңдер: менің дұғам тиетін мекеге барғаным жоқ. Хе-хе. — Ұбрайым үйдің ішін көзімен тегіс шолды — дем беруші іздегендей.

Ұбрайымның үзеңгілесе, тоң арасына түснек ниетін Тоқаш енді сезді. «Арсыз!» деді іштей Тоқаш. Бет-аузы қисаймай, моп-момақан бола қалуын!

— Сіз мекеге бармасаңыз да, мырза, кешегі ақ патшаның шарапаты тиғен дұғалы құлышың да, бірі едіңіз... Элде жұрт білмейді деп үғасыз ба?

Жұрт жым-жырт. Қарқылдан отырған Сүгіrbайдың өзі де су сепкендей басыла қалды. Сөз әзілден кекесінге айналды. Кәрден қызына сыр тастай қарады. Зерек қыз түсіндіде, қоснақтарды ас үйге тамаққа шақырды.

Кәрдениң ас үйі кең, биік, жағары төбеде ілулі тұрған алтындақан люстрадан акторғын жарық, үйдің төрт бұрышына бірдей теп-тегіс түскен. Есіктен төрге дейін тәсселген кілем. Ұзын столдың үсті толған түрлі тамақтар: буы шыққан манты, туралған сұық қазы, қарта. Татардың бәліші, ақ, қызыл шарап, қызыл алма — әрқайсысы мені бұрын же дегендей.

Бикен алғашқы қарсы алғанда үстінде қос етек көк жібек көйлегі бар еді, қазір өзбекше тілігсін шеін көйлектің етегінен қызыл шалбардың балағы көрінеді. Басында оқалы тақия, ұзын, ұсақ бұрымдары қаз-қатар тізіліп, тізесін соғады.

Әкесінен тізгінін алып кеткен ерке қызы, елдегі қазақ қыздарындай қымсынып, іркілмейді,— өзін-өзі еркін ұстайды. Сәлімгерейге шарап құйғызды да, өзі Тоқашқа, Жайнақовқа, Кakenovқа тاماқ салды.

— Тоқаш аға, сізге арналған той... — Маржандай аппақ тістерін ақсита құлді. Ұзын ақ саусақтарын майыстырып, Үбрайымның алдына қазы, қартаны жақындашты.

— Жезде, сіз қартаны жақсы көруші едіңіз...

Үбрайым қырги көзбен қыздың толық кеудесін барлады да, дәм татқандай тамсанды... Одан өтіп, Кakenovтың қасына барды. Баяу, самал дауыспен:

— Сіз де ұнатқан тамақтан салып алыңыз!

— Өз қолыңызben!

— Сізге не ұнайтынын білмеймін ғой...

Тоқаштың сол жағында бір кісіден төмен Құрышпай отыр, қасындағы ақ сары жігіт, шарапты құйып болған. Қевзімен ол Бикенді аңдып, қыз қимылын қалт қылмай отыр. Құрышпай тегін отырсын ба, шынтағымен оны бүйірден түртіп қалды.

— Аузыңды жап!

Ақ сары қызараңдаған, сескенгендей Құрышпайдың қасынан әрі сырғыды.

Кәрден мен Сүгіrbай қабақтарымен Тоқашты нұсқап қойып, сыйырласады — сөз ғып отырған тәрізді. Бикен әкесіне «сөйле!» дегендей тағы ым жасады.

Кәрден саусағымен сақалын сипап алып:

— Ағайындар! — деді, басын шалқайтып, — заман болса аумалы-төкпелі. Бір жеңін қол, бір жағадан бас шығарып, ел болайық. Кеше ғана жауласып та, пышақтасып та бақтық. Не таптық? Енді бірлік, татулық керек. Сол үшін бүгін Тоқаш төрөні шақырып, бас қосып отырмыз. Арадағы өкпені, кіркілжінді тастайық! Өсек-аяңға ермейік!..

Тоқаш тап мынадай сөзді күтпеген-ді. Кінәні Үбрайымға артып аяғына жығады десе... Тоқашты іліп-қағытады ғой. Ақкөнділ Тоқаш жаудың шалыс ізін аңғармапты. Әйтпесе, кешегі менсінбей, сирттан кекетіп, кез келгенде солғын ғана бас изейтін Үбрайым мырза негіп бүгін алдында бас иіп қалды десе? Бәсе...

Бұл көзді бояу, арбау. Тоқаш сөзін сөйлейтін халық та бар екенін сезген соң мына «аумалы-төкпелі» заманда баурына тартпақ... құ!

Бәрі Кәрден сөзін қоштап, шулап қоя берді. Бірақ Тоқаш шарабын ішпеді. Қолын көтеріп, шуды басты:

— Тұыстар! Кәрден ақсақал: «бірлік, татулық» дейді. Зәкір мен Ыбраіым түрғанда, жұрт бірігіп, ел болмайды! — Біреу қозғалып, енді біреуі даусын кенеп, қысылып қалды.

Тоқаш аз кідіріп, отырғандарды көзімен бір шолып апсөзін жалғады:

— Осы тосты, осы үйдің көркі, айы мен күні — Бикен үшін көтерейік, жігіттер!

— Тапты Тоқаш! Тапты! — Құрышпай дем берді.

— Тоқаш аға, сіздің маған деген көңіліңіз адал екеніне көзім енді жетті. Рақмет! — Бикен Тоқашпен қағыстырыда, отырғандарға қарады. — Кәне, мен үшін кім ішпейді?

Бәрі де көңілсіз селсоқ ішті. Қайтып жұрт тост көтермейді. Әрқайсысы өзара шүйрекелесіп, көршілерімен ғана кеңесіп кешті өткізді. Тоқаш қасына Бикенді отырғызып, қызу әңгімеге кірді. Тоқаш арақ ішпейді, тек тойда, бас қосқанда бір-ақ рюмке ішіп қоятын. Бикен қанша жалынса да бір рюмқадан артық аузына алмады. Жайнақов пен Кәкенов бірін-бірі кезек мақтасады, өзара мәз. Кәрден мен Сүгіrbай алдарындағы қазы, қартаны жайпап, мантыға қол салды. Құрышпай қасындағы Сәлімгерейге баса құйып, ләйлітіп алды. Оның көзі кілбиіп Бикенді қасына шақыра берді... Қыз да қызара бөртіп гүл-гүл жайнайды. Көкшіл көзі мөлдіреп, жұқа ерні балбырап, Тоқаштың жанын қытықтайды. Екеуі осы кеш жүрек сирин ұғысқандай, анда-санда бірінебірі құмарта көз тастайды. Мұны Ыбраіым да, Ғабдулла да, Сәлімгерей де сезген тәрізді, жақтырмай отыр. Тамақ артынан бәрі де қайтадан қонақ үйге барды. Бикен өз бөлмесінің есігін ашып қойып рояль тартты, Тоқаш қасына келді.

— Билемізші!.. Сіздің биіцизді сағындық! — деді Бикен саусақтарын клавишадан алмай, бетін бұрып Тоқашқа.

— Абақтыда сіңрім қатып кетсе керек, аяғым ілікпейді

Бұлардың мәз-мәйрам боп, әзілдесіп түрғанын сезген Құрышпай, есікті жапты да, қонақ үйде жерге отыра қап, домбырасын бебеу қақтырды. Домбыраны бірде құлдіріп, бірде жылатып, безілдетіп алды да, шарықтап әнге басты. Ән ырғағымен бірге теңселіп отырып-отырып, жортақтап кетті.

Ду құлкі. Эсіресе мәз болған Бурнашев. Кәкенов пен Ыбраіым терезе алдында шылым тартып, күбірлесіп түр еді. Рояльдың үні басылар-басылмас, есікті шалқасынан ашып, кіріп барды. Еденде домбыра тартып отырған Құрышпай-

дың да көзі шалды: қызы Тоқаптың мойнына асылған. Біріне-бірі телміріп, көзбен сүйіспін тұр екен. Татарша шұлдірлеп, еліріп тұрган Сәлімгерей де құлқісін кенет жиды. Өндіршектеп, бұз да барды. Құрышпай бір жанжалдың туғанын өнді түсінді. Домбырасын иығына арта салып, бұз да есіктен төнді. Тоқаш саспады, қызы білегін мойнынан ақырын сырғытып тастанап. Ғабдуллаға бұрылды. Бетіне бетін тақап:

— Жап, есікті! — деді ызғарлы.

— Шық үйден! — Какенов тісін шықырлатып, қыр-қыр етті.

— Үй менікі, Какенов мырза, байқап сөйлеңіз! — деп, Бикен жанжалды әкесіне білдірмейін деді ме, есікті жапты.

Кызы көзінің отты үшқыны бетін қайтарды ма, Какеновтың жүні жығылып, үн-түн жоқ шықты да кетті.

— Мен қайтайын, Бикеш!.. — Тоқаш қыздың қолын қысып қайтуға ыңғайланды.

— Келесіз бе, біздің үйге?..

Тоқаш басын изеді.

III

Досының үйіне Александр Березовский кешірек келді. Қас қарайған мезгіл. Домаланған жүндес ақ ит шабаланып, қарсы жүгірді.

— Дик! — Березовский қалтасынан бір үзім нанды көрсетті. Ит таныды ма, жоқ, наң иісіне алданды ма, құйрығын бұлаңдатып, қыңқылап, қолына үмтыйлды.

Есікте құлып тұр. Ешкім жоқ. Березовский үйді айналып, бақшаның ішіндегі құркеге барып отырды. Қөктем кеші әжылы да тымық... Жерде бу шығып, бақша ішін көк мұнарга бөлеген.

Жаз да келді — бостандықты да ала келді. 1917 жылдың көктемін Березовский бақытты қөктем деп санайды. Кеудесі кеңіп, қиялды алысқа, биікке мезгейді...

Бірақ осы бостандыққа кім ие? Петроградта, Россияда үкімет кімнің қолына көшті?. Жетісу сияқты шет өлкені кім билемек?

Березовскийдің үйқысын шайдай ашқан осы бір екі сұрақ. Осыған кім жауап береді? Тек оңаша қалса болды — құлақ тұсынан зыңылдан мазасын алады...

Жетісүдің соғыс губернаторы, қазак-орыстың наказной атаманы Фольбаумның қорыққаны соңша — жүрек қабы жарылып өлген. Кеше жерлесс керек-ті..

Енді үкімет тізгіні кімде болмақ? Кеше Петроградтан телеграмма келді деген хабар тарап еді... Элде Петр соны білуге кетті ме? Қала толған жаңа өмірді қөксеген азаматтар. Алаң, клуб, мешіт — құмырсқаның ұсынадай құж-құж қайнайды. Тап кеше көзге ешкім түспейтін еді, қайдан жаңашыл бола қалды? Жер астынан шықты ма?

Күн сайын губернатордың үйінде, кавіргі «Бостандық сарайында» айтыс, жанжал. Қөкезу шешендер өндіршектеп, басқаға жол бермейді. «Уақытша үкімет, Уақытша үкімет!» деп қол шапалақтап, тамағы қарлыққанша айғайлайды... Жоқ, бұлай қол құсырып отыра берсе — тізгінді тартып әкететін түрі бар...

Аяғын сүйрет басып, таяғын тықылдатып біреу келеді: эне, шықыр-шықыр етіп дәу қара құлыпты аша бастады.

Александр Петрович есікке қайта оралса айтқанындей Петр. Соңғы кезде өкшесін қажатып алыш, аяғын сылтып басады.

— Мені көп тосып қалдың ба?.. Бері жүр, жаңалық бар! — деді, үйге Березовскийден бұрын кіріп.

Шам жақты.

— Жаңа ғана «Бостандық сарайынан» шықтым... Эсерлер есіре сөйлеп, жұмақты орнатып жатыр. Қалай да халықты алдау!.. Сен бүгін неге жоғалып кеттің? Қоз жұмбай кеме көшпейді. Сенің ақылың керек. Тапқыр едің, айтшы: күшіміз жете ме? — Еремин бір қөзін қысып, басын сәл қисайтыңқырай жауап күтеді. Березовский досының сырын біледі: «көп өлшеп, бір-ақ пішу керек», деген қағидаға ие адам. Ойының салмағын таразыға сап өлшеп тұр.

— Дұрыс жолға бастай білсек, қолқанат болатындар табылады.

— Олар кім?

— Телеграфтағы достар. Баспаханадағы топтар. Қала берді қазақ, үйғыр арасындағы тілекестер.

— Бокинді көрmedің бе?

— Жоқ. Сол осы жоғалып кетті-ay!

— Еліне кетпесе?.. Оны көзден таса қылмау керек. Қазақтар арасында Бокин ұлken бедел... Ол өзі Питерде большевиктермен байланысып, ана жылы маған сәлем де әкелген. Питердің қарт жұмысшысы — Столяров маған жазған хатында: «ұғымтал, зирек қазақ» деп көп үміт күткен-ді. Ке-

шегі дауыл күндеріндегі ерлігіне қарағанда, шынтақ тіреуге жарайтын адам ба деп қалдым. Сотта қандай сөйледі, ұстараның жүзіндегі тіліп түскен жоқ па?.. Шешен екен...

Александр Петрович Ереминді мақұлдаған пішінмен басын изеді.

— Ұстараның жүзіндегі жігіт, тежеп отырмаса, арандал қалуы да оңай!.. Оған большевиктер тобы іс жүктеп, сынап қарау керек.— Березовский трубкасын суырып ап, тағы да саргайған бармағымен темекі тығындағы.

— Кеше мен Ташкенттен келген ана бір жолдаспен кездестім. Аты кім еді...

— Э, әлгі телеграфта істейтін Емелев Лука Потаповичті айтасың ба?

— Я-я. Сол маған көп ой тастады.— Еремин шертиген тапал сары самаурынға от сап, мойнын кигізді де, бір жақ ұшын пеш бүйіріндегі тесікке тықты. Сөзін қайта жалғады.

— Соңғы күндер Емелев телеграф арқылы түрлі дерек, хабар алып жатқан көрінеді. Пітерде, Ташкентте халық екі ұдай дейді: бірі Уақытша үкіметті қолдайды да, екінші жағы большевиктер тобы құрған Совдепті жақтайтын тәрізді. Құреске ашық түскен. Эрине, Жетісуды орталық қалалармен салыстыруға болмайды. Бізде жұмысшылар аз. Өйтсе де, большевиктер тобының басын қоссақ, қазір халық толқып тұрған сынап, кім бұрын икемделіп, қолын соуса, соған еріп жүре береді...

— Мениң жаңағы «Күшіміз бар ма? Жете ме?» деуім де сол Емелев әңгімесінің ұшқыны.— Петр Алексеевич Березовскийге ой түйінін тастады.

— Ендеше большевиктер орталығы да сол телеграфта болсын. Хабар алып, байланысуға да жеңіл! — деп Александр, Петр ұсынған пиялаға қолын созды.

Петр бірінші рет көргендегі, досына сынай қарады. Петр өзі Александрдан гөрі шапшаң, ширақ, жасы үлкен болса да өнді жас. Сибирде көрген қорлық, азап өміріне оның дақ қалдырған сияқты.

Қан сонарда із кескен аңшыдай Еремин сол кештен бастап қалада әрлі-берлі із кесті. Талай ғажап адамдар тапты: тілекестер де, қаны бір туыс та, «бұ кім?» деп осқыра үріккен жанға да кездесті. Көбімен тіл тауып, сыр шертісті. Жалғыз жауынгер соғыста ер бола алмайды. Шынтақ тірейтін, қызып кетсе — ат ауыздығына жармасатын дос та та-

былды. Жалғыз-ақ бұл өмірден аулақ қырғар жатқан дүние — жергілікті халық — қазақ қырғыз, үйғыр ма деп күдікті боп еді. Бірақ, бұл ойының қате екендігін Еремин тапerteңінде-ақ ұғынды.

IV

«Бостандық сарайы» араның ұясында, быж-быж қайнаған адам, гүілдеген дауыс, көкпеңбек тұтін. Бұл дәлізде келе жатқан Березовскийдің көзіне ілінген сыртқы сипат. Есік ашық екен, иін тіресіп тұрган халықтан өте алмай, ол босағада тұрып қалды. Стол басында үш кісі отыр: көзілдірік киген, шоқша сақалды кексе ерек, шинельді солдат, қазан бөрікті шаруа...

Залда отырғандардың ішінде: базарда жүретін алаяқ қулар, темекі фабрикасында істейтін жұмысшылар, көк тerezелі, қызыл шатырлы үйде тұратын тоғышарлар да көзге ғлінеді. Ауыздары құлқіден жиылмайды, қолдары шапалақтан тыйылмайды, бірі ысқырады, бірі боқтайды. Темекі тартып, шемішке шаққандар да жоқ емес. Азан-қазан.

Мінбеден бір шешен түсіп, екінші шешен мінбеге мініп, тіл мен жағына сүйенеді. Шын жүргегі ме, жоқ жүрт әуеніне ере ме, әйтеуір еркін, өздері би, өздері қожа.

Березовский бұлардың ішінен таныс адам іздеді. Терезе алдында Еремин, бүйра шашты Емелев тағы да бірнеше ниеттес серіктер бір топ бол бөлек тұр. Ереминнің қабағы шытынқы езуінде де кекесін.

Жүгіріп мінбеге тапал қазақ шықты: кигені жырық құйрық қара сортуқ, қарында таяқ, көзінде пенсне.

— Жайнақов! — деді тұргандар, біріне-бірі сыйырлап.

— Азаматтар! — деп Жайнақов бір тынды да, асықпай қалтасынан ақ торғын орамалын алғып, көзілдірігін сұртті. Даусы бойына сай шіңкілдек екен.

— Уақытша үкімет ғасыр бойы аңсап, құдайдан тілеп жүрген үкіметіміз! — Орысша таза сөйлейді. Тілі жатық.— Мен қазақ-қырғыз халқының атынан Уақытша үкіметті құтықтап, дауыс қосам. Жан-тәніміз бір!

— Былшыл! Жоғал! Гүс мінбеден!

— Сенікі дұрыс! Сөйлей бер!

— Гәптрің ортақ!

— Ибташ Ибраһим!

— Пошел к черту!

Ду күлкі. Сөз қақпақыл сыйылды бірінен соң бірі қағып алып, жерге түсірмейді.

Осы кезде қылған қара мұртты, ақ құба, сымбатты жігіт секіре басып мінбеге көтерілді. Сөзін аяқтамаған Жайнақов әлгінің айбынынан абыржып, мінбеден ойықсып шергініп кетті.

— Бокин! Тоқаш Бокин! — деген сыбыр, орын жетпей түрекеп тұрғандардың сапын қуалап Березовскийге де жетті. Байқаса — сол екен. Шын сол! Қайда жүр көрінбей?

— Жолдастар! — дауыс ашық, саңқылдан, үйді басына кетерді! — Мына шешенсіп, аузын қу шөппен сұртіп тұрғанның кім екенін білесіндер ме?

— Білеміз!

— Қойсаңшы жік туғызбай! — деді алдыңғы қатарда отырған Какенов.

— Бас, Тоқаш! — Жарысқан қосалқы сөздер бір топ үйректей ду ете түсіп тағы көтерілді.

Бокин аспай-саснай оң қолын көтеріп, ойын жалғады.

— Мұны білмейсіздер! Бұл сатынды, кешегі генерал Фольбаумның атарман-шабарманы.

Жайнақов өзгені күтсе де, Тоқаштан тап осыны күтпеген болуы керек. Не мінбеден түсіп кетерін, не жарыса сөйлерін білмей дағдарып, стол маңында отырғандарға жалтақтап қайта-қайта қарай береді. Олар не десін? Қеңшілік заман. Бостандық — қафытып сөйлеуге рұқсат, тек тұмсықтан үрмаса жарады.

— Жайнақов мырзаға ешбір қазақ сенбейді. Ат қекіліндей қазақ-қырғыз комитеті — бүкіл қазақ халқы емес. Біздің халық Уақытша үкіметтің саясатын қолдамайды. Бостандық элі жоқ. (Тұс мінбеден! Батыр тізені!) — Тоқаш бұрынғыдан да қаттырақ айғайлады. — Егер әділ болсаңдар, Жайнақов, атаман Малышевтар бостандық үйінің маңына жуытатын адамдар ма? Кешегі полицияның тыңшысы Зәкір Исабаев қазақтың талай сабаз ерлерін жазықсыз аттырғанын кім білмейді. Олай болса бұларды ұстап жабу керек!

— Жоғалсын Исабаевтар!

— Айда Бокин, жігіт екен!

— Кезек келді, аянба!

— Тұс мінбеден!

— Сені ешкім шақырған жоқ!

Терезе алдындағы топ ду қол шапалақтады. Босағадан жылжып, сол топқа жақын келген Березовский де алақанын

соқты. Бокин мінбеден түсіп бара жатып, бұл топқа басын шұлғып, күлімсіреп, ризалығын білдірді.

Емелев Бокинге қолын бірінші ұсынды.

— Сөзіңізге ризамын!.. Дос болайық!

V

Сол түні бірнеше адам Ереминнің үйінде бас қосты. Жұқа өнді, бала мінезді көрші әйелі бұларды аяғынан тік тұрып құтті. Тіптен жүрісі де сезілмейді. Петрдың кең, бос бөлмелерінде құс тәрізді ұшып, қонаады да жүреді.

Еремин алмадан ашытқан шарап құйып, қонақтарын әуелі қыздырып алды. Ереминнің қолы ашық, сері адам. Қонақ десе ақырғы көйлегін сатып, сый көрсетуге бар. Тоқаш Ереминнің бұл мінезін бұрыннан білетін еді. Шарапты тамсанып, сүйсіне ішкен, әсіресе, бүйра шаш Емелев. Тоқаш ернін тигізді де столға қайта қойды. Еремин бір-екі рюмкеге көтерген соң қызу әңгіменің шақпағын шақты.

— Сөйле, Александр!.. Күш жетеді, дедің ғой, кәне, сол күшің?

— Кім айтады? Күш деген білектің саны емес, жүректің соғысы... От жағын қыздыра білу керек сол жүректі!.. Мына Бокиннен сұрашы, ана жылы білек саны мұны мұратына жеткізді ме екен? — деді Березовский трубкасына темекі салып жатып. Темекісі тұтанбай, қайта-қайта сіреңке тартып, өзімен өзі әлек. Сөз арасы сәл кідірген кезде Тоқаш:

— Александр Петрович, сонда қазақтар босқа тыртыннадады демекшісіз бе? — деді.

— Қалай үқсаң, солай үқ: мұратқа жеткізе алмадық. Неге?

— Мен сол негені сізден сұрамақпын, Березовский!

— Жүректі от жағып қыздыра алмадың...

Бокин атын түрді.

— Қолыңыздан келсе, неге қарап қалдыңыз?.. Сізге де, мына Ереминге де талай хабар жібердік, ақыл да сұрадық. Неге аянып қалдыңыздар?.. Енді бүгін пайғамбар бола қалыпсыз!

Березовский таңданған пішінмен Бокинге қарады, ашуы на түсінген тәрізді,— икимиды.

— Жарайды, сенікі дұрыс бола-ақ қойсын Бокин. Кәне, халық жүрегін немен тұтаттың, сондағы отың қайсы?

— Мен емтихан беруге келгенім жоқ. Олай болса, сол отыңызды менсіз-ақ өзіңіз жағарсыз!.. Мен кетейін!

Еремин ұшып тұрып ұстай алды.

— Батыр-батыр!.. Сен де мұндай ма едің?

— Қандай?

— Жардан секіретін барыстай...— Бәрі ду күлді. Бокин өзі де күлімдеп қайта отырды.

Березовский трубкасын құмарта тартып, тағы да үзілген сөз желісін жалғады.

— Халық жүргегін тұтататын от — Маркстың ғылымы. Оқыған шығарсың. Сен халықты соңынан ерттің, бірақ, нысанаң анау деп, қолыңмен дәл көрсете алмадың. Қатең осында!..

Еремин сөзді әрі ушықтырысьы келмеді, Березовский трубкасымен айналысқан кезде киіп кетіп, шайып-жуды:

— Сол көтеріліс отын Бокин жолдас қайта тұтатса дейім... Асылында қазақ халқы большевиктерге ерсе — біз де мықтымыз. Оңай жеңеміз! Сіз, сол халықты тағы атқа мінгізіп, соңынан ерте аласыз ба? — Еремин сөзі Тоқашты ойға қалдырыды. Бұл туралы бұрын ойламаған еді. Қолында қаруы бар орыс солдаттары сапқа қатар тұрып, қазақтың жауы — Малышев, Жайнақовтарға қарсы наизасын бірге кезенсе, несі бар. Көнеді. Бірақ, Тоқаш тұтқыннан босанғалы, әлі елге барған жоқ. Кешегі үзеңгілес серіктерінен кім қалды? Білмейді. Не демек? Шынын айтты.

— Сенің қатең осы! — Еремин Тоқашқа бұжолы қатты айтты: — Кеше олар сенің артынан ерді, сенді, ал сен кімі бар, кімі жоқ, керек қылмайсың. Бұл қалай?.. Жалғыз адам майданда жауынгер емес.

Тоқаш балаша қызарды. Абақтыдан шығысымен соларды іздеуі керек еді. Енді дау айтуға болмас. Батырды тұган жердің топырағы да сүйеді, демей ме. Сол дұрыс та болар.

— Еліңе барып күш жинағаның жөн! — деді Перт Алексеевич Тоқашқа, сонсоң бар денесімен Березовскийге, бұрылды:

— Газет шығарам дейсің бе? Қосылам... Есінде болсын: жаңағы өзің айтқан отты сол газет жағады!

Бұдан кейін Тоқаш жөнді тыңдамады, өз ойының желісін ширатты. Ұзақ отырды: тыңнан шиыр іздеді. Еремин артынан Емелев сөз тұғырына қонды... Әрқайсысы өз ойының тезіне салып, қыистырып бақты.

Тоқаш ол түні пәтеріне кеш қайтты. Қала шырт үйқыда. Анда-санда әр үйдің ауласында шақырған тауық. Сонау көк белдеуде бозарған ақ таңдақ таң сәрісі еді.

Еремин ақылды азамат екен. Тоқаштың жанды жерінен үстады-ау. Тоқаш қазір жүгегін сыптырып ап, жаясына бір сап қоя берген құнан сияқты, құйрығын тігіп ап, артқы аяғын көтере сілтеп, үйіріне қарай шауып барды. Абақтыдан шығысымен елді де, кешегі серіктерін де — бәрін ұмытқан. Кәрден үйіне қонаққа барып, Жайнақовпен дәмдес те болды-ау! Қызы шақырса — қайтсін! Құрысын, қызы да, қонағы да! Тоқаш ертең елге барады...

VI

Тоқаш, айтқанында, ертеңіне елге жүре алмады. Жолын тағы да қызы кесті.

Шаңқай тұс. Шешесі терезені бүркеп, қара көлеңкелеп қойған екен, үйқыға маужырап жата берген. Құрышпай жүресінен отырған: көрпесін жұлып ап, сылқ-сылқ құледі; қысық көзі сыйырайып, жұмылып кеткен.

— Не boldы саған, Тоқаш, ес-тұсынды білмей?

Тоқаш ішкі көйлегін шешіп, қеудесін жалаңаштап, үйқтайтын әдеті еді. Құрышпай торсиган бұлшық еттеріне қарап, таңқалды:

— Мүшең арша-арша, тіпті абақтыға тұсті дейтін емес. Сен өзің балуансың ба? — Құрышпай сұық қолымен Тоқаштың сом денесін басып көріп еді, саусағы батпады, ашыған нан сияқты, қайта көтеріледі.

— Кәне, құрессесің бе? — Тоқаштың жастығы үстады.

Ондайдан бас тартатын Құрыш па. Тоқаш әдейі ерегістірді. Құрышпай іс-міс жоқ, жуан аяғын тырбитып, түрекелді:

— Кәне?

Екеуі алыса кетті. Құрышпай ескі тәсілмен жанбасқа сала бергенде, Тоқаш шиыршық атып, құшағына тұспеді, қайта оның басын қолтығының астына тұсіріп ап, түқырта төмен иді.

Құрышпай жан ұшырып, іштен қапсыра алып, бауыры на тартты. Тоқаш тал шыбықтай иілді.

Осының үстінен базардан шешесі келді. Тәбелесіп жатыр ма деп ұққан Ақбалтыр шошынып:

— Паруар деген, бұл не сүмдүк! — деп айғай салды.
Сенектен Эрмиштің жұбайы да сыгалады.

Құрышпай бұрын босатып:

— Қоя бер енді! — деді басын оның қолтығынан шығара алмай.

— Тоқашжан, босат! Бұл шының ба, ойның ба, атам тегі?

Тоқаш шешесінен ұялып, тысқа шығып кетті. Құрышпай да ере жөнелді.

— Бүгін елге жүреміз, Құрыш, дайындал! — Тоқаш аулада, әдетінше, денесін шынықтырып түрлі қымылдар жасады.

— Жоқ, бүгін бармаймыз.

— Неге?

— Бүгін сен біздің үйде қонақта боласың. Ҳалима: «қарарға бетім жоқ, алыс сапардан қайтқалы дәм татпады» депbezек қағып жатыр.

— О, Ҳалимаш айтса, заң!.. Тұн қата жүрсек қалай болар еді?

— Сонша неге асықтың?

— Екеуміз қонақтан жүргенде, Жайнақтар үкіметті қолына алып қойыпты... Енді басымызды алуға жақын қапты, шырақ!

— Кеше мен сені ізден, бостандық үйіне бардым... Сен қайда едің?

— Я-я, айта бер?

— Барсам лық толы халық. Жайнақов та, Зәкір де, Кақенов те сонда. Сыбап сені боқтап жатыр екен... Мен де қарап тұрмадым: бір-екеуімен байланысып, жанжал шығардым. Өтепов бастаған бір топ жұмысшылар мені қолдады...

— Қандай ниетпен жиналған, білмедің бе?

— Әскер құрмақ па... немене...

Тоқаш елегізіп, құдіктене қайта сұрады:

— Әскер?

— Я, сондай бірдемені құлағым шалды. Бірақ іске асқан тілеқ жоқ. Жиынды тарқатып жібердік...

...Ақбалтырды алып, Тоқаш Құрышпайдың үйіне қонаққа барды. Досының көңілін қимады. Жолдан қалғанына Тоқаш өзі де өкінеді. Бірақ арғы жүрек түбінен тағы бір ақылшы ақырын сыйырлап: «Бір күннің әрісі не, берісі не?» деп жұбатқан тәрізді. Кейде ол үн шешесінің даусына айналып, құлағына келеді. Осы Құрышпай үйіне баарда шешесі екеуі азынаулақ қақтығысып қалды. Тоқаш: «Бір сәрі-

деп бармай-ақ, елге аттаның кетсек, қайтер еді» деп ой тастаган. Оған Ақбалтыр қынжылып: «Жарты жылдан аса абақтыда отырдың. Енді алты күн менің қасымда боп, тынықпайсың ба? Түрің мұнау сұлік сорғандай құп-қу», — деп жылап та алған.

Тоқаш міне Құрышпайдың табалдырығын аттай беріп, өзіне-өзі уәде берді: кешті жақсы мәслихат, ойын-күлкімен өткізіп, есте қалдырган жөн. Бұз да бір табылмайтын ғанибет. Кеше ғана абақтыда осындаи ойын-сауыққа да тарық-кан жоқ па?

Құрышпай таза пейіл, жайдары мінезімен құшағын жайды. Домбыра ұстап, босағада елеуреп түр екен, бір ауыз өлеңмен қарсы алды.

— Еу! — деген кең даусы байқамай тапал үйге кіріп кеткен құстай, дәйек таба алмай шарқ ұрды.

Тоқашкан, келсең менің құжырыма,
Жақсы отыр, кері есінеп, қалжырама!
Қызығы сүм өмірдің — сауық-кеші,
Сол кешке, сал өнерді, былжырама!

Тоқаш та құшақтап, сері, әнші досының бетінен сүйді.

Махмут мәз — екі білегін сыбанған, үйғырдың түрлі дәмді тамағын столға жасап, балаша елбелектеп жүр. Халима Ақбалтырды шешіндіріп, жоғары төрден орын берді.

— Құрышым, ана жылды Абай айтты деп Жамбыл ағамыз маған бір өлең айттып еді. Сол әлі есімде. Сол өлеңмен жауап берейін:

Үйықтап жатқан жүректі ән оятар,
Оның тәтті оралған мәні оятар.
Кейі зауық, кейі мұң, дертін қозғап.
Жас балаша көңілді жақсы уатар! —

демекші, сенің әнің жақсы болса ғана мен есінемей, қалжырамай отыруға уәде берейін! — деді Тоқаш.

— Пай-пай! — Құрышпай Абай сөзіне үйіғандай момақан мінезбен басын шайқады.— Зілді маған арттың-ау!..

Кол жуып, тамаққа жаңа ғана отырар-отырмас біреу есік қақты. Құрышпай «бұл кім» дегендей Халимаға қарады, ол жүгіріп тысқа шықты.

Аулада жіңішке дауысты эйел күліп, Халимаға бірдеме айттып жатты. Тоқаш сөзін аңғара алмады, бірақ дауысы таныс сықылды. Халиманың сәл кідіруіне кейіс білдірген Құрышпай да шықты. Тағы да күлкі, сөз... Құрышпай мен Халима еріксіз біреуді алып кірді:

— Ниетіңіз жақсы екен, кіріңіз! Бөтен адам жоқ...

Тоқаш басын көтерді: Бикен!

Бикен де таңдана қарап қапты. Жүзінде қымсынған, елегізген сыр толқыны. Қек көйлегінің етегі желбіреп, белі қызылып, тал шыбықтай бұралады. Ұзын, қою қара шашы өкшесін соғады... Құлағындағы алтын сырғасына дейін дірдір, терезеден түскен күн сәулесімен шағылысады.

Тоқашқа Бикен бүгін ерекше көрінді.

Алғашқы толқын басылып, Бикен өзін-өзі қолына алған тәрізді, енді Тоқашқа меруерт тістерін көрсетіп, ақсия құліп, назға толы көз қырын тастады. Құлкісі қандай: жан тербететін әндей, осы әнге жанын бөлең, жүргегін неге рақаттандырмайды екен Тоқаш?

«Айгұл шे?» деді тағы бір ішкі дауыс, күтпеген жерден.

Тоқаш ойдан сергіп байқаса көзін Бикеннен алмай, телміре қарап қалыпты. Отырғандар дуласып, әзіл отын кезек тұтатып жатыр екен.

— Алтынам-ай, жақсы келдің-ау!.. — Ақбалтыр қау-келектеп, қыздың үстіне түсіп еді, Құрышпай мысқылдалап, бұра сөйледі.

— Жарқырап тұрған алтынын көргеміз жоқ, апа! Ішін-дегісін Бикен өзі біледі...

— Жарқырағанның бәрі алтын болмас, Құрыш ага... Адам алтыны жүрек түбінде жатады, оңайлықпен көріне қояр ма екен? — Бикен де есесін жібермеді. Сөзбен Құрышпайдың өзін шалды.

Халима мен Махмут Құрышпайдың аз бөгеліп қалғанын пайдаланып, табалай түйреді?

— Ал енді не дер екенсің?

Құрышпай өндіршектеп аузын аша бастап еді, Ақбалтыр қағып тастады.

— Тәйт әрі, аталы сөзге тоқталмайтын жаман-жәутік пе ең түге...

Тоқаш әзілге араласпады, көңілі рақат таппай тамақ аяғы жиналар-жиналмас орнынан тұрды да екінші бөлмеге барып, Махмутпен қысыр кеңеске кірісті. Қала, ел жайын әңгіме қылды. Базар қаусаған: не астық, не ет жоқ. Шаруалар қысылып, тыға қойған. Ескі ақша пұл емес, құны жоқ. Жаңа ақша шығады деген өсек бар, кім білсін...

Махмут қой үшін Боралдай барып, Жайнақовтың аулынан сатып ап қайтты. Қасапшылар етті үй арасында таныстағына ғана сататын көрінеді. Онда да бәлсініп, келемеж етеді...

Эрине, Боралдайдағы Жайнақ елінің қаймағы бұзылмай тұрғанына Тоқаштың көзі жетеді. Үбрайым мырза тышқақ лағына дейін шығын қылмаған. Тигізбеген. Ал, ана Шамалған, Қаскелен, одан әрі Қастек, Нарынқолдағы қазақ аулының күй-жайы тым нашар деседі...

Құрышпай келіп, екеуінің сөзін бөлді.

— Бикен қайтам деп отыр, шығарып салайық! Сені сыйнайы, ибалы жігіттің бірі деп жүргеніміз жоқ па!

— Макұл! — Тоқаш сый-сипат, қадырды жақсы тұтады. Жеті жасынан бастап, гимназия жанындағы «қырғыз-қазақ пансионында» оқыды. Тәлім-тәрбие көрді, кейінгі орыстың ақсүйектері жайланаған салтанатты жастық шағы ыңғай қалада өтті, ол кем десең — кеше орыстың ақсүйектері жайланаған салтанатты Петроградта да болған жоқ па.

Құрышпайдан басқа біреу: «әдепті, ибалы жігіт» десе — кекесінге жорып Тоқаш ашуланар еді. Құрышпай сөзінде зіл жоқ...

Қала үйқыда. Көше тас қараңғы. Ай тумаған. Тоқаш пен Құрышпай Бикенді екі жағынан қолтықтап, жүріп келеді.

Осы күнге дейін Тоқаш ой жібермеген, көз жеткізбеген бір сырдың бетін ашты Бикен.

Анада Тоқаштар қонақтан қайтқан соң Қәрденнің үйі қырық пышақ бол, арандалып қалған көрінеді. Жайнақов пен Какенов Бикенді оңаша ортаға алған: Тоқаш кім, Үбрайым кім, Ғабдулланы былай қойғанда? Бұл шудың үстіне Сәлімгерей кіреді. Ол Какеновпен байланысып, жағаласып та қалған... Ертеңінде Зәкір мен Қәрден бас қосып, Бикенге кісі салған: «Не Үбрайымды, не Ғабдулланы — екеуінің бірін қаласын. Тоқаш дегенді бұдан былай аузына алмасын» дегенле дейін барған.

Бикен айла жасап, кесіп жауап қайырмадан: «Қазір айту қыын, қай ұнағанына тиермін» деген.

Содан бері Үбрайым да, Ғабдулла да дәл отты айналған көбелектей Бикеннің маңында. Зәкірдің тілегі Үбрайым. Ал, әкесі Ғабдулланы ұнататын сияқты. «Бір қызыымды бердім Үбрайым мырзаға, сақтап тұра алмаған өзінен көрсін», депті. Оны Бикенге жеткізген Зәкірдің үйіндегі үлкен аласы.

Бикен енді Тоқаш жүрегінің пернесін басып байқаған сияқты: «Қәне, Тоқаш, ендігі сөз сенікі. Не дейсің?» дегендей...

Қәрденнің үлкен көк үйінің алдына кеп тоқтады.

Бикен болмай Тоқашты өз бөлмесіне алып кірді. Сыртқы баспаңдақтан кіретін есіктің кілті қалтасында екен,— ашты. Шам жақты.

Кұрышпай сыртта салқындамақ бол қалып қойды.

Кұрышпай ояна келсе сатыда үйқап отыр. Қанша уақыт өткенін білмейді. Тоқаш әлі шықпаған. Кұрышпай мысықша басып үйге кірді. Анада қонақ болғанда байқап қалған, енді есіне түсе кетті: Бикеннің бөлмесі оң жақта. Қауырма есік қатты жабылмапты. Саңлаудан түскен сәуле кілем үстінде қиғаш жатыр. Кұрышпай демін ішіне тартып, жымып жақын барды — әуестік. Сығаласа жарқыраған болсекі крауатта аяғын салбыратып жіберіп қыз отыр — ішкі ақ көйлегінің етегі сәл түрліген, жартылай аппақ саны көрінеді. Тоқаш крауат алдында тізерлеп отыр — қыздың қолын қайта-қайта сүйеді.

Кұрышпайдың көзі жоғары жылжып, қыз кеудесіне барап тынды. Жыландаған мойнын ораған ұзын бүрымы омырауына түскен. Қыздың көзі бұлаудай... Мөлтілдеген моншақ жас Тоқаш мойнына тамып-тамып кетеді...

VII

Патша тақтан құлаған күннің ертеңінде-ақ, Сақа Қаратебеге, әкесіне аттанған. Қуанышы қойнына сыймай, лепілдеп барса — әкесі жоқ.

Баласының абақтыдан шаққанына көзін жеткізген соң, Түркстандағы Қожа Ахмед Яссави мешітінің имамы — Ағзамға тартып берген. Серіктері: «Тоқаш өлім аузында, елдің атақты азamatы, қол созайық!» деген екен, үндемеген... Балам шықса болды. Басқада не шаруам бар дегені ме?..

Сақа әкесінің бұл қылышына қатты толқыды. Қазақтың ер басына күн туза — етігімен су кешері қайда? Әлде, шегірен етігін аяды ма?

Сақа үш күн тосты. Жұністен хабар келмеді. Ақырында өзінің қуанышына партизан жігіттерді ғана ортақ қылды.

Қаратебенің үңгірі тарам-тарам, тасты шағып, әдейі қуыстаған тәрізді. Төбесінде бір-ақ жерде саңлау бар — қара көлеңке. Еңбектеп кіретін тесік — партизандарға есік екен. Сыртта есік аузында күзетте кезекпен жігіттер тұрады.

Сақаның келген құрметіне қазы қарта салып, былқытып, ет асты. Жақсы хабар әкелген жігіттің аузына май. Бірақ

жігіттер таң атқанша Сақаны ортаға алды. Әрқайсысының жүрек түбінде жатқан қасіреті, күдік туғызып, сене алмай әлек.

— Сонда патша жоқ, елді кім билейді? — деді Шамалған түбіндегі ақшилік жігіт, бетіндегі түймедей қара менін тұрткілеп.

— Атаман мен Жайнақовтар болар... — деді екіншісі мұрнын тыжыртып.

— Е, онда елге барып, күн көре аламыз ба?

— Баяғы әңгір таяқты басымызға қайта орнатпай ма?

— Бұл бұзықтардан құтылатын күн жоқ десеңші!

Сақа өзі де бұл үреілі сөздерге қекейге қона тындаған жауап айта алмады. Шынында, атаман Малышев: «заимкемді өртедің!» — деп тап берсе, жаңа үкімет қорғай ала ма? Үкімет басында Тоқаш сияқты жаны ашыр адам отырса, қамқорлық жасаса — бір сәрі. Ал, Жайнақтың ұлы ара түсер ме? Қайта: «Ә, бәлем, саған сол керек!» дер.

Не дегенмен, жігіттер елге қайтып, құлаған шаңырақты қайта көтергені ақыл. Аумалы-төкпелі заман, кім біледі, атаманның өз басына күн туып жүрмесе?

Петрографад, Ташкент сияқты үлкен қалаларда нендей өзгерістер болып жатқанына Сақаның көзі жетпейді, осылай қарай асығыс аттанған-ды...

Сақа әкесін кездестіре алмай, Қастектегі шешесіне екіншү түнеп, қалаға қайтты. Келсе — Бокин тап сол түні өз еліне, Шамалған жүріп жетіпті де, Березовскийді үйінен таба алмады. Сақа селсоқ, тауалы қайтып, бақшаға бет бұрды.

Көктемнің жадыраңқы, жарқын күні. Құлпырған қарашағаш құшағын жайып, еріксіз етектен тартады. Жұпар істі, қоңыр салқын саяға Сақа қызығып отыра кетті. Құлғін түсті көгершін ұшып кеп, қона қалды.

Төбесінде айдары бар көгершін, тегі еркегі болуға тиіс, қаздаң-қаздаң етіп, шұқи бастады. Қадалып, әлгі арадан кетпеді. Қасына ұргашысы барып еді, жерден тапқанын оның аузына салды. Енді менің құрметімді ақта дегендей еркегі күркілдеп, қанатын сүйретіп, айналсоқтай берді.

Сақа көзін айырмайды. Махаббат!.. Жүргегін біреу шымшын алғандай, шанышып кетті. Глафира есіне түсті. Қөрмегелі бірсыптыра күн де boldы. Қайда екен?

Атаманның ерке қызы Сақаны маңына дарытар ма? Қиял!.. Жоқ, бұлай деуге Сақа көнбейді. Аңсайды. Қыздың құлімдеген көзі, селеу түстес шашы, қылған талдырмаш бе-

лі көз алдында. Анада Сақа нажағайдың отындай, жарқ еткен бір оқыс сырды байқап қалған жоқ па? Әкесінің пейіліне, қатал мінезіне риза емес сыйылды да... Сақага ниетін ашық айтпағанымен, көз қарасынан, қымыл, жүрісінен аңғарғаны бар...

Шым-шытырық ойдың ішіне Сақа кіріп ап, қайта малтығып шыға алмады Ал, егер қыздың ондай көңілі болмаса, анада әкесінің ниетін неге айтып, сақтандырады? Я, о күні Глафира болмағанда, Сақа таудан келген меңді жігітпен бірге абақты төрінен қайта орын алатын еді.

Содан қайтып Сақа қызды көрген жоқ. Дәл ертеңінде революцияның хабары келді, қуаныш толқынына мас Сақа әуелі есінен шығарып алды. Ертеңінде әкесіне жүретін күні Сақа іздеп барып еді, атаман үйінің есік-терезесі жабық. Қақты-қақты, ешкім жауап қайырмады. Атаман бір жаққа алып қашып кетті ме?.. Бірақ атаман неге қашады?..

Біреу қасынан өте беріп, қөйлегінең етегімен бетін сипады. Төмен, тұқырайып, көгершінге қарап отырған Сақа кесет басын көтерді. Глафира! Дәл өзі. Кімді ойласа — сол келеді. Қарағаштың саясында тығызып отырған Сақаны байқамауы да мүмкін. Ал егер көрсе ше? Түрегелді. Қаздаң-қаздаң, аяғы қандай оқтаудай түзу...

Сақа дауыстап шақырмақ бол оқтанды да, өзін-өзі басты. Ұят болар... Сонынан жүріп келеді. Қыз бақшаны кесіп өтіп, гимназияның алдымен тұра үйіне тартты. Мүйіске жетсе — үйі қақ алдында. Сақа қадамын қарыштап, қуып жетті. Асығыс басқан қадамнан сескенді ме, қыз артына жалт қарады.

— Сақа! — Глафира күлімдеп, тұра қалды. — Көктен түстің бе, жерден шықтың ба?

— Таудан түстім! — Сақа да қызыраңдап, күліп қызыдың қолын қатты қысты.

Глафира жүдеген: ақ құба жүзі тіpten қуарған, сағы сынған. Бірақ, бұл алғашқы әсері еді. Кірпік қаққанша болған жоқ, бетінің ұшы қызырып, нүр жүгірді. Сақадан қолын алмай, қатар жүре берді.

— Сені... Сізді таба алмай...

— Сені десі!

Екеуі қатар құлді. Иле Глафира:

— Сені таба алмай әуре болдым. Қорықтым да — жазатайым оқقا ұшты ма... Кім біледі, уақыт аласапыран ғой,— деді.

— Глаша, не жаңалық бар? Менің таудан келіп түскені-

ме бір-ақ сағат. Ешкімді таба алмай, мең-зен боп стырғанда, сен қасымнан өттің. Көрмедин...

— Неге тоқтатпадың? — Қызы сүқтана қарады. Сақа қызыарандап, сасып қалды. Аузы барып: «арамыз алыстан кетпеді ме деп күдіктендім!» деп қалай айтсын...

— Жөнді тани алмадым,— дей салды.

— Ха-ха... Сенбеймін!.. Жүр үйге!

Сақа қипақтал, желкесін қасыды.

— Атаман бар ғой.

Қызы тағы құлді.

-- Атаманның тырнағы батқан екен... Енді қорықпа!—
Баспалдақпен жсары көтерілді де, кілтімен есікті ашты. Қонақ үйге Сақаны қалдырып, Глафира өз бөлмесіне кіріп кетті де, аздан ссң сырт киімін шешкен, таранып, сыланып, қайта оралды. Салғаннан әңгіме желісі шынышық ата тартылды... Соңғы айрылған күннен бастады Глафира.

Сол түні үйге қайтып келіп, Глафира терезеден сығала-
са атаман торға түскен барыстай жұлынып үйге сыймай жүр
екен. Қасында прокурордың көмекшісі Загаруля, ерні-ерні-
не жүқпайды, есіп сөйлемп түр. Арасында қолын сілтеп-те
қояды.

Глафира сөздерін тыңдамақ бол, құлағын терезеге тосып
еді, естілмейді. Көшеде тұра берсін бе, қалтасындағы кіл-
тімен ақырын ашып қана кіреді. Сенектен-ақ әкесінің кү-
жілдеген даусы шығады.

— ...Тарихта болмаған жатбауырлық!

Глафира әңгімесінің өзі жайында екенін түсінеді, сез-
дірмей өз бөлмесіне кірмек бол, жүре бергенде сенек қа-
раңғы екен, бұрышта тұрған ақ балшықтан құйылған
бүркіттің тұрпатына соқтығады, сатыр-сұтыр жерге құ-
лап, быт-шыты шығады. Атаман мен Загаруля тына қа-
лады.

Глафира жып беріп, бөлмесіне кіріп те үлгерді. Атаман-
ның бөлмесінде әлі дыбыс жоқ. Тегі олар Глафира екенін
сөзбеген тәрізді. Әйтпесе, жетіп барап еді... Әлден уақытта
сарт етіп, есік ашылады: «Көтер қолыңды!» — деп үрейлене
айгайлаған Загаруляның даусын таниды Глафира. Олар-
дың сенекте партизандар тұр деп ұққанын сезген Глафи-
ра өз бөлмесінің есігін шалқасынан оқыс ашады: атаман
мен Загаруля екі жақ босағада бастарын қылтитып, алты
атарын оқтанып тұр екен, есік ашылған кезде бастарын
тартып ала қояды. Глафира шыдай алмай, ал кеп құлді.

— Диірмсімен соғысқан Дон-Кихоттар! — дейді. Масқара болған экесі ашуға булығып жетіп келеді. Жұдырығын түйіп, қырылдан:

— Глафира!.. Бұл не масқара? — дейді ол.

Қыз ерегісе мазақтайды. Загаруля қып-қызыл бол, тेңіс айналып кетеді.

Ертеңгісінде экесі қызымен қызу әңгімеге кіреді. Жанжал. Бірақ қыз ақ бозер де көк бозер танады. Рафик бағында қыдырып жүргенде Сақа кез бол, сол үйге алып кірген болады. Экесі сенді ме, жоқ сенген пішін жасады ма, әйтейір, Сақамен бұдан былай кездесуді додар деп әмір еткен...

Атаман сottан кейін Глафираны алыш, Қаскелең қашқан. Қазір сонда. Төңкеріс сағын сындырған: алғашқы күндер үйқы жоқ, тамақ ішпей жатып алған: Осыдан үш күн бұрын, қаладан Загаруля барған. Оның не ем жасағаны белгісіз, әйтейір содан бері экесінің тынысы кеңіп, қайта тірілген.

Ешқайда шығармай, үй тұтқынында ұстаган Глафираны да қалаға өзімен бірге алып келген... Қазір сол Загарулямен қонақташ жүрген болуы керек.

Сақа әңгіме ырғағын басқа арнаға салды:

— Глаша, сен енді не істейсің? Оқуыңа қайтасың ба? — Қыз іштен мырс етіп құлғен тәрізді.

— Оқу?.. Петроградта революция — тек соған қатнасуға бармасам...

Сақа шап етіп, сөзге жармасты.

— Жетісуга революция жоқ па? Жасауға болмай ма?

— Мені кім ертеді қасына?

— Мен! — деді Сақа жұлыш алғандай, бірақ асығыс айтқанын артынан сезді.

— Сен кім едің, революционер ме едің?

Сақа тоқтап, сөз таба алмады. Ойламай сөйлеген ауырмай өледі деген осы-ау. Шынында Сақа бұрын өзінің кім екеніне көз жібермеген сияқты. Сақа кім? Революцияға қосқан үлесі қайсы? Экесі үшін абақтыда отырды, артынан орыс революционерінің қасына еріп, Тоқашты құтқармақ болды өлімнен. Осы-ақ!.. Ең артығы кеше Ереминге айтпастан тауға, экесіне кетіп қалды.

Аздан соң Сақа өзін-өзі қамшылап, рухын жинады. Қызға жауапты батыл қайырды.

— Менің революцияға қосқан әлі үлесім жоқ. Бірақ са-

ған да, маған да есік ашық. Жүр қол ұстасып, ішіне кіреік!

— Шын ба?

— Айт берем

— Мен әлі... — деп келе жатқанда, Сақа қызың қолын өзінен қарай тартып, бауырына қысты, сүйді. Есіктің қалай ашылғанын олар сезбей де қалды. Ұзақ беріле сүйісті, құмардан жуыр маңда шыға алмады.

— Міне, сіздің тәрбиені! — деді босағада тұрған Загаруля, келемеж қылған дауыспен.

Сақа дір етіп, құшағын жиып алды, састы.

Глафира миземеді, жиіркеніш ата қарады. Атаман қалтасынан алты атарын суырып алып, Сақаға оқтай бергенде, Загаруля оның қолына жармасты.

— Элі ерте!.. Шу көтеретін кез емес! — Сұлқ түскен атаманның белінен құшақтап, Загаруля қатарғы бөлмелеге алып кетті...

VIII

Қос баран ағызып, қыр басына шыға келді. Козлода отырған бетінің қызыл қалы бар орыс жігіт делбені қос қолдап, тежеп зорға тоқтатты. Тоқаш арбадан секіріп түсіп, қолымен алыста жатқан арнаны нұсқады шешесіне:

— Көрдің бе, апа!.. Сонау ирелендей Бозойды қақ жарған біздің Шамалған өзені! — Ақбалтыр қолын қалқалап, көкжиекте толқыған сағымға көзін сүзді. Көре алды ма, жоқ па, әйтекір ұлына басын шұлғыды.

Сағымға оралған қыстасқ жап-жақын, айқын көрінді. Қүйген ағаш, бұзылған қора, иесіз қалған үй — кешегі көтөрілістің салдары, одан әрі өзеннің аржақ қабағында, киіз үйлер сағым толқынымен ыргалып, бірде жоғары, бірде төмөн түседі.

Бұл болыс Сүгіrbайдың жайлауы. Кәрден байдың аулы. Шешек атқан көк майса алқап құлпырып, көз тартады. Бұл кешегі елдің жайлауы. Осыдан екі жыл бұрын Тоқаш ауылға келгенде, осы алқапқа жыбырлап қонған қыруар ел, қара құрттай қантаган мал еді. Енді міне, бос қудала...

— Қайран елім! — Ақбалтыр көзіне жас алды, әлде не есінен түсіп.

Тоқаштың да көңлі бұзылды: Айгүл қайда екен? Тоқаш тез қимылмен арбаға қайта отырды да.

— Тарт! — деді көшірге.

Бір шақырым жердей озып кеткен салт атты Құрышпай еді. Ат түяғынан көтерілген шаң-тозаң, құйындаидай үйтқып, аспанға үшады. Тоқаштың да ойы сол Құрышпайдан озып, ауылға барды...

Таудан екілене ақжан тентек өзен Ақшидегі ауылдың тұсына келгенде екі айрылады да, аралды орап, қайта түйіседі. Сол көк майса аралда Тоқаш бала күнінде құстывң жұмыртқасын іздеп, балапандар аулайтын. Балағын түріп тастап, аралға өтетін. Биік мая, алабота, ермен арасында тығызып жүрген үйректің балапанын қойны-қоншы толғанша үстап, матап, ауылға әкелетін. Оларды жақсылаپ тұрып, асырайтын. Жіпке тізіп бағатын. Кейін Кәрден байдың қозысын бағып жүргенде де, ауық-ауық аңсан, аралға өтетін. Қозь, қойға жамырап талай таяқ та жеген...

Сол арада Айгүлге екінші рет кездескені қайда Тоқаштың. Жазда Петроградтан қайта оралып, елдегі туған-туысқандарына амандық жасаған.

... Құн еңкейіп, көлеңке ұзарған кез еді. Тоқаш жүрткөзіне суға түсуді сұлтауғып аралға өтті. Аралда Айгүл тоспақ, Жиектегі түйетастың тубіне қарай жақындаидар генде тас көлеңкесінде отырған қызы бен жеңгесін көзі шалды. Екеуі де қымсынып, абыржы орындарынан тұрды.

Бұдан екі жыл бұрын көрген Айгүл емес, Тоқаш таңкалды. Өскен, толған. Қазақ қызына бітпеген бет пішіні бар: қиылған қара қастың астында қарақат көзі жаудырап, буалдыр тартып, құмарландыра, ойда жоқ жерде қуанышқа ие қылады. Балбыраған жұқа ерні сәл ашылған — аң-таң. Ақ құба кішірек жұзі уылжып, мені сүйші дегендей. Тоқаш жақын барды:

— Бала күнімде, әжем осы аралда перінің қызы жүреді дәуші еді... — Тоқаш күліп, қолын созды. Қыз қара қасын керіп, ұзын кірпіктерін жоғары көтерді. Көзі күлімдеп, толқын атып тұр.

— Жоқ, ағай, мен... сізден өзім қорқып тұрмын. Орыстан аумайсыз... — Тоқаш сөзден женілді...

Ия, сол қызы тал шыбықтай бұралып, жеңгесінің көзінше ерке назбен Тоқаштың мойнынан құшқаны қайда? Сонда Тоқаш оның уыз, ернінен сүйген жоқ па еді? Әлде түсі ме екен? Сол Айгүлді өмір толқыны қайда ағызып әкетті екен?

Иван қанша шу-шуlep, қанша делбені қағып тырмыссада, Құрышпай жеткізбеді. Ауылға бұрын барып, хабар берді.

Ауылдың сырт бейнесінен соғыстың таңбасы білініп те қалады. Кеше ғана көтеріліс өрті лаулап, осы ауылды басып өткен жоқ па. Өзеннің сол жақ жиегінде самсаған жатақтың жартылай жерден қазған, саманнан соққан оқ тескен қиқы-шойқы үйлері. Есік-терезесі аңырайған иесіз үйлер, өртке шалдықкан ағаштар да кездесіп қалады.

Өзеннің оң жақ қабабында қөкорайды қонған байдың аулы. Тоқаш тесіле қарайды: жерошақтан жібектей аспанға созылған қек ала тұтін, үрген ит, шулаған бала — көптен көрмеген туған ауылдың көрінісі.

Әне бір топ бала ауылдан шыға жүгірді. Қиқулап, жарысып келеді. Қыз-келіншектер де топталып оқшаулана бастады. Үйді-үйдің көлеңкесінде отырған шалдар да таяқтарына сүйеніп, қара жолдың аузын аңдыды. Тоқаш бәрін анадайдан көріп келеді. Туған ауыл осы!..

Ақбалтырдың қара үйіне сыймай, есік алдындағы шынар ағаш түбіне алаша, киіз төсеп, жақын ағайын, қатын-қалаш сонда жиналды.

Өліп тірілген ұл қайтты, сапары оң, өмірге құт қайтты... Дұман, күлкі, әзіл, қызу әңгіме. Тегене-тегене қымыз, күжілдеп қайнап, екі иығынан демін алып, селкілдеп тұрған үлкен-үлкен самауырындар, қазан-қазан асылған ет. Тойды жасаған бүкіл ауыл; туған туыс — атсалысқан.

Аздан соң Құрышпай ән шырқады — құйқылжыған қыран даусы Алатаудың шыңына құлаш сермеді. Арқаны шымырлатып, ерікті билейді. «Ау-сай!» — деген демеуші үн, шаңқ етіп, шолақ үзіледі. Сауысқанша шықылықтап, екі үйдің арасында ұшып-қонған қаздар да шолпысын сылдыратып, жасөспірім бозбалаларды елеңдетіп қояды. Ән арасында бірін-бірі тұртіп, жымыңдастып қалады. Оларға сөздің керегі жоқ, бірін-бірі еріннің емеурінінен түсінетін тәрізді.

Тоқаш ауылды әбден сағынған, әрбір құбылысына сүйсіне қарайды, өткен өмірдің таңбасын іздейді, жүдеу өнді, қаралы көңіл туыстарына қарап ауыр күрсінеді. Дұман жиынның ардағы, сөз өнерінің ісмері, талай замандастары бар еді, бірі жоқ. Өмір желі қаңбақтай қайда ұшырып экеті екен?

Сол кешегі дауылдан аман қалған, мына алқа қотан қоршап алған шалдар, бозбалалар аса ыстық көрінеді Тоқашқа. Бәрі де шын пейілдерімен құшақтарын жаяды. Той үстінде қабақ шытып, реніш білдіретіндей бір ауыз артық сөз айтпайды. Реніш, қайғысын бүгінгі Тоқаш тойында садақа қыл-

ған секілді. Тұған елі қадірлеп сыйлайды. Неге? Тоқаш осыған өзі де жауап қайтара алмайды. Қандай жақсылық істеді?..

Бұы бүркырап табақ-табақ ет келді. Ет артынан бозбалаар балақ түріп, білек сыбанып күресіп те бақты. Бірақ сәні жоқ, сиқы келіспейді, басып тұрган бір қапа зіл бар. Бұрынғы қыруар ел болса, ат шаптырып, көкпар тартып салтанатты той жасар еді...

Кешкі салқын түсті. Жұрт та үйді-үйіне тарқады. Тоқаш Құрышпайды алып, өзен жиегіне барды.

Иван өзен ортасында тұр — шалпылдатып, балаша су шашады. Ойнайды. Аттары тұсаулы, жағада жайылып жүр...

— Эй, Тоқаш, сен орысты неменеге ертіп шықтың? Қалада ат айдаушы қазақ жоқ дедің бе? — деді Құрышпай Иванды иегімен нұсқап.

— Дос қой.

— Дос?.. Қалайша?

Тоқаш тоқтай қалып кенет бұрылды — әшейіндегі қалжыны емес пе? Жоқ, Құрышпайдың сығырайған тышқан көзі жыптылықтап, беті сазарып тұр. Зілмен айтқан тәрізді. Тоқаш үнсіз Құрышпайдың қолынан тартып, жетектеп, өзен жиегіндегі тасқа апарды.

— Отыр! — деді қасынан орын көрсетіп. — Мен саған Иванның кім екенін баяндап берейін! Осыдан бес жыл бұрын, мен бір екі елдің дауына күә болдым. Қазіргі атаманың заимкасы салынған Қаройда бір ауыл Шапырашты жайлайтын — өздері ылғи қараша үй, жатақ болатын. Атаман Малышев Кәрденге арыз бергізеді: «Қаройдағы жатақ отырған жайлай, Кәрденнің ата-бабасы қоныс еткен жер еді...» деп жала жапқызады. Ақыры не керек, ол дауға губернатор Фольбаум да араласып, жерді тартып алып, екеуі өзара бөліседі. Малышев байды иттей үргізіп-үргізіп, ақыры мә саған деп қолын шығарған. Жатақтар қараша киіз үйлерін түйеге есекке артып, Сартауқұмға көшкен... Айтағын дегенім: сол дауда, сotta, қараша үйлілерге тілмәш бол, мен сөздерін сөйлемдім... «Малышев құлық жасап отыр, байқа» дедім байға. Ол сол сөзді жағынып, атаманға жеткізе қойған. Атаман мені оңаша шақырып ап, жұз елу сом ақша берді де: «...қысып, тыншыца жүр, эйтпегендеге Сибирь айдаласың!» дегені бар ма! Күйіп кеттім. Балағаттап, жер-жебіріне жеттім. Аузымнан ақ ит кіріп, қара ит шықты. «Атаман, параны ала да, бере де біледі екенсің. Жарайды, ертең

халың алдында қайсымыз қара бет болар екеміз!» дегенім бар ма! Сол түні кешке менің пәтеріме осы Иван келді, алдында менімен бірге елге шығып жүретін дос-жаран жігіт-ті. Өнді қашқан, оңаша шығарып ап: «Сақ бол, атаман қаланың екі бұзығына ертең сотқа келтірмейтін қыл!» деп тапсырма берді. Өз құлағыммен естідім», деді... Ол түні үйден қаз қадам баспадым. Ертеңінде қызметке бір сағат ерте бардым. Қақпадан сығаласам, айтқанында, екі адам мүйісте темекі тартып тұр... Байқаймын: кетер емес, мен жаққа жалтақ-жалтақ қарайды. Жалма-жан секіріп, қөршінің ауласына түсіп екінші көшемен сот-мекемесіне тарттым. Қайдан сезгенін білмеймін, мүмкін со ма, басқа ма, мекемеге жете бергенде біреуі қып жетті. Жұдырықтай тасты қөкжелкең қайдасың деп жіберді ғой... Жан-жағыма алақатап келе жатқам, сезіп қап, бұға қалдым. Тас мекеменің терезесін быт-шыт қып, сот хатшысының қолына тиді. Басына тигенде өлтіруші еді, жараланды, бірақ аман қалды.

Тоқаш қалтасынан ақ орамалын алып, ернін сүртті де, Иван жаққа көз таstadtы: судан шығып, киініп жатыр екен. Тоқаш аз кідіріп, томсара тыңдалап отырған Құрышпайдың арқасына қолын артты.

— Жалғыз Иван емес, мен Петроградта жүргенде де, орыстардан жақсылықты көп көрдім. Қалтамда бір тын жоқ, аш қалдым. Ондағы өмірім бір кітап. Кейін тағы бір шер етермін. Тоқетері — адам құмырсқадай қайнаган, адам тағдырын тын шешетін, зәулім қалада, маған қол созған мына екесуміз сияқты кедей, жұмысшы орыстар болды... Заводқа алып барып, қолыма балға ұстатты — жәшік шегеледім. Құнімді көріп, қайтар жолыма ақша таптым... Ал, бұл Иваннан мен неге осқыра қашам? Ұлты басқа болғандықтан ба? Ұлты бір Жайнақов қастық істейді, Иван достық істейді. Өзің ойлаши, кімге сенейін?..

Иван бұлардың қасына кеп, шылымын орады. Батқан күннің шапағы өзен түбіне алтын шашты. Жел басылған, тымық.

Айнала тым-тырыс, оқта-текте ауыл жақтан шулаған балалардың даусы, үлкендердің дабыры бір басылып, бір қайта қаулайды. Аспанда біртіндеп жұлдыздар да жағыла бастады, тап Алатаудың шыңына қадаған күміс теңге тәрізді.

Аса алыс емес, жақыннан бытпылдық-бытпылдық деп, сусылдалп бөдене үшты. Бұл түн елшісі, түн ерінен хабар әкелген еді.

Ертеңінде таң атар-атпастан маңайдағы ауылдар Тоқаш үйіне ағыла бастады. Тауда тығылған жігіттер де біртіндеп қайта бастады. Бірақ олар әлі де күдікті: бәрінің аузында бір-ақ сұрақ: «кім біледі, нендей заман боларын, патша тарғы таҳтына қайта қонып жүре ме?»

Алдымен келген еңгезердей, бетінің меңі Сар қара торы жігіт — Қырбай. Тоқашқа талай сырдың пердесін сол ашты. Қарқара түбіндегі ұрыстан кейін қырық мың қазақ Қытай ауған. Қастек түбіндегі Қаратөбеде Жұніс бастаған бір топ жігіт бекініп жатып алған. Берілмеген. Қырбай Тоқашты өзінің қалай құтқармақ болғанын сөз қылды... Дар ағашқа апара жатқанда, қарулы, салт атты жігіттер мүйіс-мүйістен шыға кеп, жасақты қылыштап, Тоқашты атқа өңгермек екен...

Балдағына асылып, үйге Ақан кірді. Кешегі Самсы ұрысында Алматы, Пішпек жолындағы телеграф сымын кескен, «Алатау барысы» атанған, өжет жігіт.

Тоқаш Ақанды құшпақ болып тұра үмтүлды. Ақанның қолынан балдағы түсіп кетіп, Тоқаштың қеудесіне құлады.

— О, барысым, сен де тірі ме едің?.. Аяғыңдан айрылышың гой! — деп Тоқаш баурына қысты.

Ақан кемсендеп жылап жіберді:

— Сені де көретін күн болады екен!

Тоқаш пен Құрышпай қатар уатып, жігіттерді сырыйп, орталарына алды. Ақбалтырдың екі бөлме саман үйіне шынтақ айналмайды — тар. Бұрышта кемпірдің төсегі жинаған кебеже, ортада дәңгелек стол, төрде сырмақ. Ауызғы бөлмеде — ыдыс-аяқ, пеш. Жігіттер ін тіресіп, екі үйге лық толды, аяқ алып жүретін жер жоқ.

Амандықтан соң Ақан Тоқашты қайғысына ортақ қылды.

— Сүгіrbай күн көрсетуден қалды. Жалғыз сиырым бар еді, соның өзін қуып әкетті.

— Сүгіrbай? Ол әлі болыс па еді?

— Оны кім түсіріпті?

Тоқаш мұрнының желбезегі дірілдеп, жар қабағы түйіліп, қайта жазылды.

— Сонда саған не қылмайсың дейді? — Құрышпай да килікті. Жиылған жігіттер қозғалысып, сөз қоспақ пейілмен қипақтап, стыра алмады.

— Тыртышнийдың жел тиірменін өртедің. Содан құтыл-

масақ, ұстап айдатады-мыс, — деді екінші жігіт. Сол-ақ екен жігіттердің арызы болыстың үстінен қардай жауды. Бірін-бірі кимелеп, асыға айтты.

— Сүгіrbай дәндеген екен! — Тоқаш кекете сөз түйді.

— Олай болса, сұзеген бұқаның мүйізін қағып түсірейік.

— Е, бәсе, Тоқашжанның осында жол табатыны болушы еді!

— Әй, бәлем, ызаң етіп еді!

— Мүйізін маған бер, шақша жасап, насыбай атып жүрейін! — деп Құрышпай да ызалы жігіттерді еріксіз күлдірді.

Тоқаш жігіттер күлкісін су сепкендей басты.

— Жаңа заман туған жоқ па деген күңкіл ой әркімнің жүргегінде тұр. Әрине, заман жаңа туған айдай, күн сайын толып келеді. Сол айдың жарығымен ежелден таба алмай жүрген арманды жерге түскен инедей тауып алмай болмайды. Ол арман — шын бақыт, халық күні — бостандық. Жігіттер білекті сыйбанып жіберіп, шешіне кіріспесе — ешкім «мә, саған!» деп алақанына әкеліп салмайды. Сүгіrbайлар ығысып, жол бермейді... — Тоқаш қаланың соңғы жаңалығын сөз қылды. Сонау алыс Петроградта екі жақ тартыс: бір жағы большевиктер бастаған топ, жұмысшы, шаруа, кешеті езілген халық, екіншісі — ірі бай, саудагер, бұлар аtababасының салған жұмағынан айырлып қалам ба, бақ ауып кете ме деп жанталасқандар...

Тоқаш тыныс алғанда, Ақан килікті сөзге.

Ауылда қазір бас көтеретін адам қалмаған. Нелер арда-гер жігіттердің атылғаны атылып, дарға асылғаны асылып, қалғандары Қытайға ауған. Сүгіrbайға кім қарсы кеп, бетіне сөз айтады. Мына аузында тісі жоқ шалдар ма?.. Аузынан ана сүті кетпеген мына Рақым ба?

— Мен болсам мүгедек, аяғым жоқ. Сүгіrbай қамшы-меч бір тартса құлап түспейім бе, не қауқар бар?.. Тоқашжан, саған да серік керек. Жалғыз болма, ана Қытайдағы сарбаздарды қайыр, шамаңдан келсе! — деп Ақан сөзінің ақырын ақылға айналдырыды. Сүгіrbай Ақаның титігіна жеткен сияқты — болысты сипаттағанда аңы сөзді аямайды. Көзі ақырайып, балдағының ұшымен жерді түйеді.

Ақан сөзі шынында Тоқашқа ой салды: расында серіктерді ертең Қытайдан қайтарса — үзеңгілесіп, Тоқаштың қолтығынан дем бермей ме? Көтеріліс өртін қайта салмай ма әдетісуға? Анада Еремин де осы ақылды берген еді ғой.

Тоқаш Сүгіrbайдың аулына кісі жіберді — «ауылдың мұң-мұқтажы бар, ақылдасқан жөн болар» деген сыйпайы

сәлем жолдады. Бірақ Сүгірбай келмеді. Тоқаш кешке дейін күтті. Ауыл арасын өзен ғана бөледі, аржағы Сүгірбай болыстың аулы. Жіберген адам: «жол менікі, өзі келіп сәлем берсе, шеңінен түспес!» деген ашы сөз экелді.

Тоқаш сазарып үнсіз тыңдады да, атын ерттетіп, жүріп кетті. Бірақ Сүгірбайдың аулына барған жоқ, үш шақырым Шамалған түбінде тұратын Сэттің аулына барды. Қасына Құрышпайды да ерткен жоқ, жалғыз өзі барды.

Сэттің бес бөлмелі ағаш үйі шебер салынған: баспалдақтан көтеріліп, әуелі шынылы кең дәлізге кіреді. Дәліздің он жағында кілеммен жабылған сәкі, ортада дөңгелек стол, мұнда Сэт күн ауа шай ішіп, салқындан кітап оқиды.

Үйдің төбесі биік, шаңырақ сияқты, бүрісе салынған. Терезелерінің маңдайшасы арабша жартылай шеңберлене, ойық келген. Үй төңірегі бақ, ағып жатқан арық.

Тоқаш атын көлеңкеге қарағаш түбіне байлад, соқпақпен үйге қарай келе жатыр еді, алдынан Мәлике шықты — Сэттің ерке қызы, Айгүлдің қатар өскен құрбысы, сырласы. Тоқаштың хабарын Петроградтан Сэтке жазған хатынан Мәлике арқылы Айгүл естітін. Мәлкиеден басқа тірі жан білмейтін, бірақ Сэт оны өзінше ұғынатын.

Тоқаш Мәликені құшақтай алды. Айгүлді көргендей көзіне жылды ұшырап, қөнді бұзылды.

— Мәликеш!

— Тоқа! — Мәлике бетін басып, балаша өксіп-өксіп жылап жіберді. Тоқаш Мәликенің қылышына өте риза. Бұл достық мұн: сыңарынан айрылған қаздай, жалғыз қалған құрбының касіреті, жоғалып табылған ағаның қуанышы еді.

Тоқаш қаладан аттанарда: «Мәликені бір көріп, Айгүлді әңгіме қылып, мауқымды бассам-ау» деген ниетпен бір жүпар иісті «Гүлжиһан» сабынын, мүйіз тарақ, дөңгелек айнаны торғын орамалға орап, қалтасына сала шыққан. Соны берді.

— Сәлемдеме, өкпелемей, барына риза болатын уақыт. Алты ай ғабактыда қыстаған адамның қалтасының түбі тесік болады, қарында! — деді Тоқаш.

Мәлике құлғен беті жүгіре басып, дәлізге Тоқаштан бұрын көтерілді. Дауыстап:

— Тоқаң келді, аға! — деді Мәлике жантайып кітап оқып жатқан Сэтке. Көзілдірігін жұлып ап, Сэт басын көтерді. Құліп, қуанышты пішінмен құшағын жайды.

— Жалғыз жүрмісің? Қашан келдің? Неге күн бұрын хабарламадың? Алдынан шығатын едік қой! — деп, Сэт

бастырмалатып, өкпесін де, назын да осы бір келте айтылған сөздерге сыйдыры. Қонақ қелгенін тосып отырғандай, лезде ауыл азamatтары жинала бастады. Үй иесілері де бірі келіп, бірі шығып, қонақасыға дайындық жасады.

— Кешегі пар ат жегіп өткен, осы арадан, сен бе едің?.. Жолшыбай неге түспедің? — Сәт шоқша сақалын тарап, жайлана отырды.

— Сізді үйде жоқ деп естіп...

Сәт Тоқашты бөліп, кие сөйледі.

— Мен жоқ болсам, жеңгөң бар, қарындастың бар...

Тоқаш болжап айтса да, үстінен түсті. Сәт үйде болмаған екен.

— Кім қаладан кейін шықты, сіз бе, мен бе? Сол айыпты болсын.

Сәт қарқылдап құлді.

— Жеңдің бала. Мен сені іздең қаладағы пәтеріңе бардым. Менде де жазық жоқ.

Сөзді сөз қуалап, әңгіменің үлкен бір арнасына түсірді. Сәт қаладан естіген-білгенін тәптіштеп ортаға салды. Қалада күрылған қазақ-қырғыз комитеті Сәт Ниязбекұлын мүшеғын сайлап, әдейілеп шақыртқан екен.

— Арманыңыз орындалған, баяғыда абақтыда көксеген едің! — Тоқаш мысқылдап, езу тартты.

— Эрине, сені сайламағасын, солай дейсің ғой.

— Мен Жайнақтың баласы Ыбрайым түрган комитетте мүше бола алмаймын. Екеуміздің жұлдызының қарсы. Оған сіздің де көзіңіз жеткен. Және мен оған жағына алмаймын!

— Тоқан! Өрескел айтқанын кейінірек сезіп қалды.

Сәт бүркітше қомданып, екі қолын мықынына тіреп, адырая қарады.

— Сонда мен бе жағынған?

— Жағынбасаңыз кешегі өзіңізді сатқан, алты ай абақтыда ұстаган зұлымдарға қол беретін сіз бе едіңіз?.. Енді келіп, маған да татулас деп хат жазасыз...

— Мені сатқан қазақ емес, тағы да айтам!

— Енді кім?

— Орыс!

— Аяғыңызды қисық бастыңыз, Сәт аға!.. Ойлан. Сізді сатқан саудагер Зәкір, қаратаяқ Ыбрайым. Егер сенбесеңіз өмір өзі күә болар әлі. Сол күні сөйлесерміз. Оған дейін біз сөйлесетін сөз де қалмады. Қош! — Сәтке біржола түңілді, енді несіне отырады. Тоқаш тез-тез басып, тұра жөнелді.

Мұны күтпеген Сәт аңырайып, не дерін білмей, жан-жаяна қарады. Жыылған топ та қысылып, абдырап қалды. Екеуі де елдің маңдай алдысы — төрелік жүре ме? Асхана жақтан ашы дауысқа шыға келген Мәлике шап беріп Тоқашты ұстап алды.

— Не болды, сіздерге? Ел-жұрттан ұялсандаршы!..

Тоқаш кеуделеп, көнбеді. Қою қара қасы дөгаша иілген, танауы желбіреген, өңінде сөл жоқ.

— Мен бұл үйде енді қала алмаймын, Мәлике жан! Адал жүрек, ақ инетіммен келгенде, бетіме түкіртіп отыра алмаймын. Мен ұлken ағам, ақылшым деп келсем, ол менің алдымға үлгі ғып, қас-жауымды тартады.— Мәлике қапсыра құшақтап, баспалдақтан төмен алып түсті.

— Ойдойт дегенің! Қамшыла босқа! — деді Сәт, артынан дауыстап. Тоқаш оны естімді, аттың шылбырын шешті. Мәлике жылап, тізгініне жармасты.

— Айғұлді ұмытқан екенсің біржола! Ең болмаса аузыңда да алмадың ғой!

Тоқаш сылқ етіп, томарға отыра кетті...

X

Тұс мезгілі. Өзен жиегіндегі көкорайға үш ауылдың адамдары жиналды. Сәт аулынан да кісілер келді. Құрышпайдың көзіне екі-ақ адам ілікпеді. Сәт пен Сүгірбай. Осы ойдың үстінен түскен Тоқаш Құрышпайдың қасына жақындалп:

— Қасыңа екі жігіт ал да, Сүгірбай ақсақалдың өзін ап кел! — деді қоңыр дауыспен.— Тез бар, жұрт тосып отыр!

Құрышпай екі күндей іші пысып, өзін қоярға жер таба алмай, әуре-сарсаң бол жүр еді, бұл сөз іздегенге сұраған болды. Қасына Иванды, тағы бір жігітті ертіп, шауып, арғы қабаққа өтті. Аттан түспестен, болыс үйінің жабығынан айғай салды:

— Болысеке, сізді халық шақырады, жиналып, күтіп отыр! — деді Құрышпай ауыздығымен алысқан қара атын зорға тежеп.

— Эй, бұл қай әпербақан! — деді қырылдаған жуан дауыс. Құрышпай Сүгірбайдың даусын бесенеден таниды. Атган қарғып түсті де, шылбырын Иванға ұстата беріп, үйге кіріп барды.

— Асс... — Құрышпай қолымен кеудесін басты. — Ақсақал, айып етпеніз, Тоқаш төре жіберді: «Сәлем айт, халық күтіп отыр, келіп басқарып кетсін!» деді.

— Е, менсіз халық жинаған адам өзі неге басқармайды? — деді шынтақтап жатқан қалпында Сүгіrbай басын да көтермesten.

— Көп қорқытады, терең батырады... Өзіңіз білесіз!

— Жоқ, енді өз аяғымнан бара алмадым. Мен жиылыс шақырғам жоқ!

— Иван! — деді тізерлеп отырған Құрышпай атып тұрып, — Кел мұнда!

Ұзын Иван маңдайшаға басын соға-мога жетіп келді.

— Ақсақалың майға шайлап қапты, екі жағынан қолтықтай сүйеп апармасақ, жүре алатын емес, ұста қолтығынан!

Сүгіrbайдың бала-шағасының бақырған-шақырғанына қарамастан, Құрышпай мен Иван қолтығынан көтеріп, тік тұрғызды да, керегеде ілулі тұрған шапанды иығына жаба сап, итермелеп, тысқа алып шықты.

— Мін атқа! — Көз ілеспеді, екеуі Сүгіrbайды балаша ерге қондырды.

Ауылда да бала-шағадан басқа, бас көтерер ерек қалған жоқ екен. Ешкім ара түс алмады.

Құмырсқаның ұсындағы құжынаған халық құлаққа ұрғандай тына қалды. Ың жоқ. Сүгіrbай алқа-қотан халықты қақ жарып, төрге аяңдады. Шапанының етегін желпіл шірепне барып бір топ ақсақалдардың ішінен орын алды.

Құрышпай Тоқашты іздеді: Қырбай партизан, ақсақ Ақан бәрі бір жақ, негімен төрдегі дорбасақал шалдарға қарал қойып, өзара шүйіркелесіп отыр.

Кай жағынан келіп қалғанын Құрышпай байқай алмай да қалды, Тоқаш ортаға шығып, жүртқа:

— Халқым! — деді салмақты, ашық үнмен. — Бұл жиын тегін жиын емес, сендердің көбінің ниет-құлқың осыны талап қылды. — Тоқаш отырғандарды көзімен айнала бір шөлшіп етті. — Патша құлады, халық «үй» деп демін бір алды. Қазір жаңа өмірдің тұтқасы біздің қолда! Халық тағдыры өзінің қолында. Қандай үкімет сайлап, кімді қоям десе ықтиярлы. Мына ескі болыс Сүгіrbай әлі күнге өзгермеген, баяғы жебірлігі, елді зар қақсатқан!

Төр жақта біреулері тықырышып тамағын кенеді, енді бір-еу мырс етті. Сүгіrbай әуелі сасып, сөз таба алмай тығызып қалса керек — төмен қарап, қамшысымен жерді шүқылай

берді. Тоқаштың даусы саңқылдай өзен аңғарын басына көтереді.

— Ақ патшаға қарсы шыққан кешегі ардагер ерлерге де Сүгіrbай болыс ауыз салған. Халықтың, еңбекші қазақтың мүддесін қорғамаған. Менен гөрі өздерің жақсы білмейсіңдер ме, осы соққанды? Тап кеше көтеріліс күндері Сәтті орнынан алып, Фальбаум өзі қойған жоқ па сайлау шақырып, жар салмай-ақ!..

— Тарт тіліңді, азғын, шоқынды, сен емес мені сынайтын! — Сүгіrbай тепсіне түрегелді.

— Әкіреңдеме, күнің өткен! — деп безеніп, Ақан балдағымен жер сабалады.

Сақалы қаудиған, қазандай сәлделі біреу, молда деп ұқыты Кұрышпай, Сүгіrbайдың етегінен тартып зорға отырғызыды.

— Без-без етесің — о да тегін емес, Сүгіrbай мырза Желкең қылар кезең осы. Уа, халқым, біз қазір жаңадан болыстық комиссар сайлауымыз керек! Кімді ұсынасыңдар?

— Ақан? — деді қара меңді партизан.

— Ақан! — деді Кұрышпай мен Иван қосыла атап. Шу көбейіп, өзара егес басталды. Сүгіrbай бастаған топ ұшып тұрып, кетуге айналды.

— Тоқтаңдар! Неге кетесіңдер, ұнамай ма? — Тоқаш ызгарлы пішінмен айғай салды. — Жібермеңдер! — деп жігіттерге негін қақты.

Кұрышпай, тағы бірнеше жігіттер қоршап, жолдарын бөгеді.

— Ашу алдында, ақыл соңында, болыс ағай, ел боп, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, ауыз сөзімізді біріктіреік! — Кұрышпай мысқылдаған боп, Сүгіrbайды қапсыра қысып, жібермеді. Қолы қаттырақ батты ма, ол шоңқып отыра қалды.

Шу аяғы басылғасын Тоқаш:

— Кімде-кім, Ақан болыс болсын дегенің қол көтеріңдер! — деді. Жұрт тым-тырыс — демін ішіне тартты. Бірін-бірі бақылайды: кім көтерер еken? Тоқаш қолын көтеріп еді, қалғандары соның емеурінін күткендей, жабыла топырлай көтерді.

Сүгіrbай шыдамады, тепсініп:

— Болыс сайлауға хақың жоқ! Заңды сен қалтаңа салып жүрген жоқсың. Кімсің өзің?

Сүгіrbайға даусы қосып, бірнеше ел ақсақалдары жанжалға кірді. Тоқаштың не ойлағанын кім білсін. Кұрышпай

істің насырға шапқанын енді сезді. Монтиган мінезбен маң-маң басып, Тоқаштың қасына барды. Досының мінезін біле-ді: қызып кетсе, соғысып та алады. Бұл кезде жалғыз аяғы-мен секіріп, балдағын басына көтерген Ақан Сүгіrbайдың қасына жетті. Енді болмаса — бастан салмақ. Ұршықша ілген Иван ұстай алды.

Сүгіrbай да жан-жағына қарамастан, шыр айналып, қам-шысымен Ақанды арқасынан осып өтті. Сол-ақ екен қара меңді партизан бас боп, бір топ жігіт Сүгіrbай бастаған топ-лен айқаса түсті. Шартта-шұрт — көз ашып-жұмғанша оларды терліктей шаңға аунатты...

Тоқаш жанжалды зорға басты.

Митинг аяқталды. Сүгіrbайды бас қылып, тоғыз шон-жарды іріктең, тұтқынға алды да, сол түні Құрышпай мен Иваннан қалаға аттандырды...

XI

Қас қарада Тоқаш шешесімен қоштасты да, жалғыз өзі қалаға аттанды. Астында Қырбайдың жүзіктің көзінен өт-кендей бәйге көті есік пен төрдей, келте күйрек, қамыс құлақ жануар. Сіңірлі тік аяғын серпіп тастап, бөкен жүріспен, заматта Сәттің аулына алып келді. Өткелден өтіп, ағы қа-баққа барғанда бұлт астынан шыққан жалтыр ай алақанның сыйығына дейін айқын көрсетті.

Үәде бойынша Мәлике осы арада тоспақ еді. Тоқаш жан-жағына қарады: қарагаштың түбінде біреу қараңдаған сы-қылды. Тоқаш атының басын бұрып, өзенде жағалай, ағыс-қа қарсы жүрді. Қараңдаған сол Мәликенің өзі екен.

— Ақылды қарындасым, келгеніңе раҳмет, көре ал-май кетем бе деп көңіліме күдік алған едім... Бәрі де Сәт ағайдың қисық мінезінен.

— Битке әкпелеп, тснын отқа салмас... Тұысыңыз, тар жердегі қол созған ағаңыз, айрылысып, жауға жем бол қайтесіздер...

Қызы сөзі тым аңы, Тоқаш жүрегінің жарасын тыр-найды.

— Менен не кінә бар, Мәликежан, өзің айтшы? Жауларымның қолтығына кіріп, мені бөлектеген кім?..

— Ол кісі бірлікті көксейтін болар, әйтпесе, оларды сіз-ден артық көреді дейсіз бе!

— Не десе о десін, ұжданымды сатып, арымды табаныма басып, кешегі өзіме қастық жасаған Зәкірлермен дос бола алмайым!

— Сонда байыпты отырып, экеммен тіл табыспайсыз ба?

— Жоқ, Мәлике жаңа, ол кезеңнің бәрінен өткеміз. Біздің айтыс абақтыда отырғанда басталған. Содан бері міне елі біткен жоқ...

Ай жарығынан қыздың қоңырқай жүзіндегі кейістің мөрі айқын білініп тұр. Тоқаш сөзін тағы жалғады:

— Осы қалаға жүріп бара жатқан бетім. Енді қашан көрісеміз, белгісіз. Маған Айгүл туралы не білесің, жасырмай айт!

Мәлике күрсініп, жерден қызғалдақты көтерді — үзіліп, уқаланып қалған.

— Айгүл — ай жарығында құлпырған осы гүлдей еді

ғой, Тоқаш аға, несін сұрайсыз. Эйел мен де армандамын!

— Қыздың сөзі ауыр тиді ме, Тоқаш көзіне мөлтілдеп жас ірікті.

— Соңғы хабарға қарағанда: әкесі екеуін Құлжада, көшеде көріпті.

— Кім айтты? — Тоқаш, жұлып алғандай қыз бетіне тесірейді.

— Бұл хабарды қаладан әкем әкелді, біреу Құлжадан келсе көрек-ті. Ол Ыбрайымға айтып отырғанда, әкей: «кімді көрдің?» демей ме...

— Ол Айгүлді қайдан біледі екен?

— Әкесінің атын атаған. Аянбек сәлем айтқан.

Тоқаш сенерін де, сенбесін де білмеді. Кім екен айтқан? Өз аузымен естісе... Жоқ, не де болса, жар салып, ізін кесу көрек! Элде...

— Қытайға неге кетті, неге жібердің? — Тоқаш шешім таба алмаған, жұз рет қайталаган сұрақты Мәликеңің алдына тағы тартты.

— Оны мына болыс Сүгірбайдан сұра!.. Құдай сүйетін қылмығы жоқ-ау, дәл ала-сапыранда Айгүлді тартып алмақ болды ғой.

— Иә, не дейді? Естісем құлағым керең болсын! — Тоқаш бір отырып, бір тұрды.

— Алдында Аянбек пен Сүгірбай екеуі тәбелесіп, ол болыстың басын жарып, тауға қашып кеткен-ді. Аянбекті сіздің көргеніңіз де содан кейін болар... Ел басына қара күн туып, қансырап жатқанда өшіккен болыс Айгүлді тоқал қылмақ ниетпен әурелей бастады. Айгүл күн көрсетпейтінін

білді де, әкесіне хабар айтып, бір түнде тауға тартты... Соңдан әрі аржаққа өткен көрінеді.

— Айгүлдің тауға барғаны мен абақтыға түскесін бе?

— Я... Сізді қолға түсті деп естігенде, Айгүл талып қалды... Дарға асады, енді бізге жоқ деді!..

Тоқаш аржағын сұраған жоқ, Мәликенің бетінен бір сүйіп, атына қарғып мінді.

Ауыздығымен алысқан бәйге көк ағыза женелді. Мәликенің: «Қош, агатай»! деген даусы алыстан шақырған Айгүлдің үні тәрізді келді құлағына.

XII

Рафиқ бағының қақ ортасындағы Ереминнің ағаш үйі газеттің редакциясына айналды. Астында, жерден жартылай салынған екі бөлме — бұрын Ереминнің көр-жер тұратын қоймасы да, енді газет басатын баспаханаға айналды. Верный баспаханасының қарт жұмысшысы Алексей Орлов атамзаманнан бері аулада жататын тот басқан станокты түзеп, тазалап, бір түнде Еремин үйінің астына көшірді. Баспаханадан жасырып әріптер әкелді. Александр Петрович Ереминнің үйінде мақала қорытып, теріліп шыққан газеттің версткасын оқиды, қатесін түзсіді. Петр Еремин материал жинап, мақала жағады. Осылай большевиктердің бірінші жасырын газеті туды, өмірге келген жас баладай айғайлап, жүртты маңына жинай келді.

Александр Петрович бүгін де әдептінше, ертесімен оянып, жуынды да Рафиқ бағына аяқдады.

Мұзарт таудан күн де сығалап, көтөріліп келеді екен; зеңгір аспанда қалқыған шарпы бұлт, салқын леп; шешек атығы, гүлденген бақтың хош исі — құнделгі Жетісу табиғатының бейнесі. Александр Петровичтің бұған көзі үйренген, алыста жүрсе — сағынып, жақын келсе, елемейді. Соңғы құндері жүргегінде басқа бір таңың әрісі біліне бастады. Александр соны құмарта тосады.

Өзінен-өзі жымынып, күбірлеп жүріп келеді. Бүгінгі жазбақ мақаласының сөресін ойына салып келеді. Ленин шеттеден қайтты — ұзақ жылдар қуғында жүрген Ленин Россияға қайта оралды.

...Сөндей соғылған ашулы Петроград. Финляндия вокзалы. Құмырсқадай құжынаған халық. Эне, паровоздың айғайлған даусы естілді, бұл — Россияға Ленин келді деген

қуаныш хабар. Анталаган халық, қолтырына бас киімін қысып қараңғы тұннің өріне телміре үзіледі. Қызыл ноқат жақындаған келеді — бұл от, паровоздың қызыл көзі.

Әне, вагоннан жұрт түсे бастады. Қайсысы, қәне?.. Қара барқыт жағасы бар пальто киген, шоқша сақалды, ақ сары, орта бойлы адам! Я, тап сол! Мыңдаған қол жерге түсірмей, көтеріп алыш, вокзалға қарай аяңдады, уралаған дауystар зәулім қаланы тебіренткендей.

Алдынан шыққан меншевик әсерлерге Ленин жеркене қараап, қолын да бермestен жандарынан өтіп кетті. Тез-тез жылдам қимылмен Ленин броневиктің үстінен: «Жасасын социалистік революция!» деген ұран таstadtы...

Березовский кешегі алған үш ауыз телеграмманы осылай суреттеп, көз алдына елестетіп келеді. Бүгін осы хабарды өзінің газетіне басып, бүкіл Жетісуға таратпақ — қуансын Жетісу! Енді әсерлер қайтер екен? Шоқ-шоқ, бәлем! Ленин қолын да бермеген. Ха-ха!

Александр қалтасынан кілтін алыш, есікті білдірмей ашып, төменгі этажға тұсті. Еремин үйікташ жатқан болар. Березовский досын қатты аяйды — күні-тұні істейді, шыдан жүрген көтеріңкі рух.

Қала қазір тоғыз ойдың торабы — әрқайсысы өзінше ойлаап құрық сермейді, бірақ шындық асау, маңына дарытпайды, көбі босса әуре...

Еремин де жоғарғы этажға қатнасатын сатыдан бір-екі қадам төмен тұсті де, Александрды көріп, көңлі орныққандай баспадаққа отыра кетті.

— Тыныштық па? — деп Еремин сұрап та үлгірmedі. Березовский киіп:

— Ғажап!.. Отken тұні Лука Петрович Ташкеннен телеграмма алған. Ленин кепті Петроградқа! — деді.

— Ленин? — Ереминнің қуанғаннан көзі жайнап, жүзінде құлқі ойнады.

— Ленин революцияның екінші кезсінен көшуді талап қылған дейді.

— Сонда, қалай?

— Үкімет жұмысшы, шаруа, солдаттар қолына берілсін деген.

— Міне, енді түсінікті... айқын сыро... Соқырша жан-жақты аймалап, таба алмай жүргеніміз осы ой емес пе еді? Қалай, жайғана тауып айтылған сөз! Өзі алысқа ұзамай-ак, жанымызда тұрған, жүргімізде жүрген сөз екен-ау!..

Еремин балаша алақанын үқалап, кенет жоғары көтеріл-

ді. Александр отыра қалып, мақала жазды. Қөп ұзамай Орлов та келді. Бұл көп сөйлемейтін, салмақты адам, амандастың соң алжапқышын киді де, әрпін тере бастады. Жазып бітірген беттерін Александр Петрович Орлов алдына қоя салады, ол сұрамастан тере береді... Элден соң Еремин үстіңгі үйден айғай салды:

— Александр Петрович, Сақа келді, жіберейін бе?

— Жібер! — Березовскийдің басын қағаздан көтеруге мүршасы жоқ.

Сақа екі бүктеліп, иіліп, люктен зорға түсті, шашы дударланып шекесіне түскен, өңі қуқыл тартқан — жүдеу, көзі де алайып, іштей сыр толғатқан адамның сиқын сездіреді.

— Немене, туні бойы ұйықтаған жоқ па едің? — Александр Петрович бір жағы шын, бір жағы қалжыңға айналдырыды.

Сақа қызырып, сасып қалды — жастықтың күесі. Құбжіндеп:

— Жоқ, кітап оқып едім! — Ол сезіктене жауап берді. Березовский түсіне қойды:

— Глафира қайды?

— Білмеймін...

— Кеше қанша газет тараттындар?

— Мен өзім — елу дана...

— Сен бар да, Глафираны ертіп кел!... — Александр Петрович әдетінше сөзді келте қайырды. — Екеуіңе тапсыратын өте тығыз жұмыс бар!..

Сақа басын изеді де, үн-түн жоқ шығып кетті... Александр Петрович Сақаның соңынан қарап, отырып қалды. Қаламы ақ қағазға тірелген, кібіртікten жүрмейді. Ойна жастығы түсті — кеше өзі де осы Сақадай жасөспірім бозбала кезінде рақат, тыныштықтан біржола безіп, тар жол, тайғақ кешууге серт берген жоқ па? Я, сонда неден басталып еді? Андрей Малышев қатар өскен замандас, әйгілі казакорыстың ұлы. Екеуі ең баста қызға да таласты, артынан өмірдегі жолдары қайши келді.

... Тау қойнындағы орманға көмілген ағаш үй — бұл мұғалім Лебедеваның дачасы. Қараңғы түн. Жапалақтап қар жауып тұр. Терезені мықтап жапқан Александр жалғыз өзі үндеу басып отыр: «Патша нақақтан жұмысшылардың қанын төкті. Айуан да өз баласын өлімге қимайды, халықтың әкесімін дейтін патша не ойлаған?..» Келесі түні Александр әр үйдің бұрышына жapsыра берді. Мектепке де бір құшаш үндеу әкелді.

...Музыка, би... Атаман Малышев туған күніне той жасап жатыр. Шарап пен қуанышқа бірдей мас атаман құшағында сұлу әйелі, бір мезгілде Березовскийдің алдынан дөңгеленіп өте шықты. Петроградта, Москвада жұмысшы халықтың қаны судай ағып жатқанда, атаман қуана-қуана тсій жасайды.

Березовский қалтасынан кешегі өзінің жазған үндеуін алды да, атаманның қасына барды. Биін тоқтатты:

— Мына үндеуді оқыдың ба? — деді бетіне ұстап.

Андрей Малышев биді бұзғанына ренішті пішін білдірді. Үндеудің орта кезіне бара бергенде атаманның түсі өзгерілді. Аяғына жеткенде көзін жыптықтатып, сасқалақтап, Березовскийге тесіле қарады.

— Қайдан алдың?

— Сенің столыңның үстінде жатыр!

— Сволочь! — деді атаман, тісін шықырлатып, теріс айнала беріп. Березовскийдің әрекеті екенін білді, бірақ өз үйінде, тойының үстінде шу көтеруге бола ма. Бармағын тістеді. Сол түннен бастап, Андрей Березовскийдің соңына кісі салды. Ақыры қақпанына түсірді.

... Үркітке жер ауып, ит мұрны өтпейтін тайганың ішімен жаяу-жалпы бара жатқан тұтқындар... Солардың ішінде аяқ-қолы кісендеулі Березовский де жүріп келеді.

Қатар келе жатқан қабасақал алпамсадай мосқал ерек, — жолда қосылған Москвандың жұмыскері. Березовскийді әзілдеп, қажап та қояды:

— Қайдан шықса одан шықсын, әйтеуір атаманды бір састьрған екесің. Жанды жеріне тұз сепкен екесің, ә?.. Бірақ, бұл ерліктің астары — жеңілдік, ол есіңде болсын! — деді ол. Березовский өзі де біледі — әрине қызулық!..

Сол кездे Березовский тап осы Сақадай еді. Байқамаса, бірдемені бұлдіріп тастауы мүмкін-ау!..

Березовский мақаласын бітіріп, ең соңғы тарағын Орловқа берді де, өзі жоғары көтерілді. Ереминмен «Бостандық сарайында» кездеспекші бол, кетіп қалды...

Таң атқалы нәр татқан жоқ, қазір түс. Әйелі наның шіретіне кеткен еді, оралды ма екен? Жаңа Еремин: «отыр, бір түйір нан бар, бөліп жейік» деген-ді. Қарамады, дессының аузынан жырып қайтсін... Ертедегі жеті басты жалмалыздай, аштық қаланың ішіне енді, жүрісі де бипыл — білінбейді. Есік-терезесі аштық, бейқам жаткан тоғышарлардың үйінен де аштық орын ала бастады. Қоймалары терең

қазылған бай үйдің қақпасында ұлken қара құлып. Өған кіре алмайды.

Александр Петрович теректің түбіне тұра қалып, трубкасын тұттатты: биыл егін шықпаса ел апшысы қуырылар. Өзеннен етіп үйнен келсе — зайнабы Катя базардан әлі оралмапты. Терезе де ашылмаған — үй іші қап-қараңғы. Үй иесі — көршілері де таң атпай тау алқабына салған егініне кеткен болуы керек, көрінбейді. Откен түні көршісімен Александр ұзақ әңгімелесті. Осы Верныйда жарты ғасыр өмір сүрген адам екен. Александрдың сottалып, жер ауғанына дейін біледі — ұмытпаған. Аз сейлеп, көп тыңдайтын мінезі бар еді, неліктен екені белгісіз, шешіліп, бірсыныра пікір айтты.

— Ел іші, дәл ұясын бұзған құмырсқадай, быж-тыж. Осы арасы маған ұнамайды. Жақсы, патша тақтан құласын-ақ, өған да қөндім, бірақ есеп жоқ, тәртіп жоқ — айтыс, — деп ол сөзін бастады.— Мениң білуімше қала бес жікке бөлінгендегімет басындағы жылтыңдаған немелер — тілдері ешкінің құйрығындағы шолтаңдайды, өтпейтін тесігі де жоқ — жылпос, қу — бұлар бір жік. Екінші жік — осы қаланы қоршап алған бір тайпы атты казак бар. Олардың түсі суық. Қылыштарын қайрап отыр... Ұшінші жік — мұсылмандар, меңдуана жегендей ес-түс жоқ, сапырылысып жатқан бір халық. Тәртінші топ — мына сендер, жеңді сыбанып, өре түрегелесіндер.

— Бесінші топты атамадыңыз ғой? — Александр жымия қарады. Шал іркілмеді: «Ол біз! — деді, — біз қала халқы. Ешбір топта шаруамыз жоқ, бақылап қана отырамыз. Кімнің тарысы піссе — соның тауығымыз», — деді-ау...

Қақпа қасындағы қосымша есік сыйырлап, біреу ашқандай болды. Жалт қараса — Бокин!

Александр қабағын түйіп, сұық түспен қарсы алды — екпелі. Міне бір жұма жоқ боп кетіп, жыл құсындаі келе қалды. Не бітірді.

Бокин де Александрдың қабағынан қыс ызғарын сезгендей, жайдары жүзбен күле келді. Қөтеріңкі дауыспен сәлем берді. Қолын қатты қысып, бетіне үціле қарады.

— Немене, танымай тұрсың ба? — Александр даусы қатаң шықса да, күлім ойнаған көзінен сырын тартқан ба, қалай, Тоқаш көңліне секем алмады.

— Шүйдең шығып кетілті, уақытша үкімет бордақыға байлаған ба деп қалдым.

— Уақытша үкімет дейсің бе? Қалада біраз тұрып көр...
қатқаныңды білмей де қаларсың...

Тоқаш бұрын күлді, Александр қоштады.

— Елде не бітірдің? — Александр сөз арнасын бұрып, қайтадән түсін өзгерту. Тоқаш бір жағымсыз уақығаны есіне түсіргендей, томсарып орнынан тұрып кетіп қайта отырды. Березовскийге жартылай бұрылып, көңліндегі шерін айтты ол.

— Іздегенімді таба алмадым. Елде жөнді жігіт қалмаған көрінеді. Талай тарландар Қытай жақта қаңғып жүр деседі... Кәне не істейміз?

— Не істейміз қалай? Қазақ революцияның өгей бала-сы ма еді? Кеше олар көтеріліс отын кім үшін жақты? Біле білсең, Жетісу сиякты ә о үлттың басы түйіскен елде, жалғыз орыстар ғана революцияны құра алмайды.— Березовский трубкасын сорып, аз кідірді де, ойын қайта созды.— Жетісудағы революцияның тағдыры — қазақ халқы қатнаса ма, жоқ па, соған байланысты.

— Ол үшін не істей керек?

— Ол үшін іздегеніңді ауылдан табасың. Көре біл!.. Соңынан балапанын ұшырмаған бүркіт аң да аулай алмайды.

Александрың бұл ойы Тоқаштың аяғына салған тұсау тәрізді. Жоқ бұған көнбейді. Елдегі ақсақ-тоқсақ, бала-шагаларға уақыт өткізіп, баулимын деу — дәрменсіздік, Қытайға өтіп, сарбаздарды қайтқан қаздай тізілтіп алыш келсе... Қолына қару ұстаса — революцияны жеделдетуге болмай ма!

— Мениң ойым соларды іздеп бармақ!

— Шекарадан қалай өткізесің?..

— Уақытша үкіметтің өкілдерімен кездесіп, мандат ала-йын. Соңсоң аржағын өзім білем...

— Мандатты не деп береді?

— Ауған қазақтарды қайтару мәселесін қоямыз ертеңгі мәжілісте. Сендер мені қоштайсыңдар.

— Ай, білмеймін.. Сен онда жүргенде мұндағы елді Жайнақовтар қанат астына алыш кетіп жүрмесін.— Березовский қауып тудыра, көп әңгіме айтты. Азғырды. Тоқаш сіресіп, көнбеді — қырық мың жігіт қол емес пе? Қолына қару тисе, уақытша үкіметте ес қала ма?

Осы кезде қақпа ашылып, бір адам кірді — Сақа! Жүгіріп кеп Тоқашты құшақтай алды. Сүйісті...

Сақа Березовскийге Глафираны үйінен таба алмағанын

айтты. Үәде бойынша терезе алдынан ойқастап жүріп көріп еді, ешкім белгі бермеген. Қақпадан сығалап та байқап еді, атаманның қос қара кері аулада байлаулы тұр. Заты үйінде қонақ бар сияқты.

— Бүгінгі шыққан газетті алдың ба? — Березовскийдің бұл сұрағын Тоқаш киіп әкетті:

— Көрдім, көрдім, тамаша газет! Екінші саны бүгін шығуны ма еді? — Тоқаш балаша қуанды.

— Петроградта не болып жатқанын естідің бе? — Александр Петрович Сақадан Тоқашқа бұрылды.

— Жоқ... Откен түні Лука Потаповичті іздең, телеграфқа кіріп шығып ем, жоқ екен, таба алмадым... Я? — Тоқаштың көзі жайнап, Александрға елегізе қарады.

— Ленин келіпті шетелден!..

— Ленин?

— Қайтқанына біраз құн болса керек-ті!.. Лука Потапыч «Правда» газетін алды Ташкеннен.

— Ғажап!.. — Тоқаш ойлы жүзбен қасындағы Сақага бұрылды. Ол бар ынтасымен телміре тыңдалап отыр екен, қайтадан Александрға қарап:

— Бұл үлкен қуаныш. Ҳалық мұны біле ме? — деді.

Александр Петрович бүгінгі шығатын «Шаруа» газетінде өзінің мақаласы бар екенін, ертең большевиктер тобының мәжілісі болатындығын сөз қылды.

— Тоқаш, сен жақсы дайындалып кеп, сөйлейтін бол! — Березовский орнынан тұрып, қақпадан кірген әйеліне қарсы жүрді. Қолында ұстаған наны жоқ, өнді қашқан, көзінің жасы мөлт-мөлт етеді...

XIII

Тоқаш пен Сақа Березовскийдің үйінен шыққанда құн тас төбеге келіп, шыжи бастаған кез еді. Сақа оңаша шыққан соң, өзінің жүргегінде жүрген бір құдігін ағасының алдына тартты. Ертесімен «Бостандық сарайынан» бір қазақ Тоқашты іздең, Сақаның пәтеріне келіп кеткен — жүрісі асығыс. «Ол неге керек?» деген Сақаның сұрағына, жөнді жауап бермеген, жүре сөйлеген. Ол қазақты Сақа шырамытады. Ұмытпаса — Жайнақовтың атарман-шабарманы. Тегі Kakенов болмаса?

— Түрі қандай?

— Орта бойлы, қонқаш мұрын!

Тоқаш тап үстінен тұсті. Сол ғой! Бірақ ол өз аяғымен жүрмейтін кесел еді. Оған не болды екен?

Екеуі бостандық үйіне тұра тартты. «Бостандық саралығы» бұрынғы губернатордың мекемесі, Колпаковский пресс-пектісі мен бақтың бұрышында. Зәулім ақ тас үй. Оның қарсысында — қыргыз-қазақ пансионы. Тоқаш сонда жатып, жеті жыл гимназияда оқыған. Ол көшениң әрбір ағашына дейін таныс Тоқашқа. Сол губернатор саралының алдында, осыдан он жыл бұрын Тоқаш бірінші рет Жайнақтың Ұбрайымымен шайқасып та қалған. Ол кезде Тоқаш жасөспірім, бала жігіт еді. Бір күні қолтығында қысқан кітабы бар, мекеменің алдынан өте берді. Қос мақпал қараға жеккен пәуескеден біреу басын созып:

— Әй, бала, бері келе кетші! — деді. Қараса — Ұбрайым мырза. Тоқаш елбелектеп жетіп барып:

— Ассалаумаликум! — деді.

— Е, сен де сәлем бере біледі екенсің ғой? — деді Ұбрайым кекетіп.

— Қазаққа сәлемді ұмытуға болама, мырза. Көк әмірі әлі біздің қолға кешкен жоқ сіз сияқты, — деген-ді Тоқаш күлімсірен.

— Бала, сен тілінді тартып... қысып неге жүрмейсің? — Ұбрайым даусы қалтыраңқы шықты.

— Мен тілімді тісімнің арасына қысып-ақ жүрмін, Ұбеке! Бірақ бір ауыз сөз айтпай-ақ жазғырып тұрғаныңыз мынау, бірдеме десек жерге қағып жіберуіңіз де мүмкін. Оны білеміз.

— Ә, оны білсең, қыс!

— Қанша қысқанмен кейде құрғыр болмайды, бостауымын, Ұбеке. Қорыққан кезде мұнқітіп алам, сездіңіз бе исін? — деді Тоқаш та мыскылдап.

— Ұмытпа, осы сөзінді! — деді де, Ұбрайым сұп-сұр бол тартып женелген...

Тоқаш әңгімесін айтып та ұлгерді, «Бостандық үйіне» де баспалдақпен көтеріле беріп еді, қарсы алдарынан Какенов сап ете тұсті.

— Сені Ұбекең шақырады! — деді іс-міс жоқ.

— Үлкен адам шақырса бармасқа бола ма?.. О кісімен тайталасатын бойымыз да жоқ,— деді Тоқаш жымышп, Жайнақовтың тапал бойын мыскылдай, Фабдулла алая қарады.

«Жетісу уәлаятының қазақ-қыргыз комитеті» деген алдында жазуы бар есікті ашты. Төрдегі көк шүғамен жабыл-

Ған стол басында бір адамның басы ғана қылтияды. Бұл бастың иесі кім екенін Тоқаш пен Сақа салғаннан таныды.

— Тоқаш төре, ат-көлігің аман ба? Жоғарылат! — деді шіңқілдек даусымен Ыбрайым.

Тоқаш басын изеп, амандық жасады, қолын ұсынбады. Ыбрайым Сақаны елемеген сияқты, көз қырын да салған жоқ.

— Елге барып оралған көрінесіз, ауыл-аймақ аман ба екен? — Сыпайы сөзben бет ашар жасады Ыбрайым. Дөңгелек, бүйрек бетіне ешбір ойдың көлеңкесі түсіп, құбылмайды, сазарып стыр. Өйтсе де ой тубі саяз, құмдақ тасы көрінеді: Сүгіrbайдың ұлына жаны ашып отырғаны бесенеден белгілі болды.

— Елге бардым. Жебір болыстар жегідей жеп құртатын болды деп ел бірауыздан шағым жасады...

— Олар шағым жасайтын сіз кім едіңіз? — Ыбрайым өкіреңдемей, салмақпен сұрады.

— Елдің қамын сіз ғана ойлайды деп кім айтып еді?

— Болысты сайлаған сіз емес, халық қой?

— Өзі сайлаған халық — өзі түсірді.

— Сіз болмасаңыз Сүгіrbайды ел тұтқынға алар маеді?

Екеуі біріне-бірі қарап, арбасып отыр. Тоқашқа Ыбрайым салмақпен, сынай қарайды. Екі жақ қабырғада қара-ма-қарсы, осыларды бақылап отырған Сақа мен Кakenовте үн жоқ.

— Елдің тоғыз ақсақалы сіздің үстіңізден уақытша үкіметтің облыстық комитетіне шағым берген екен,— ол үкімет орны маған тапсырды. Елді арандатпай, бөлмей, тыныш жүре алмаймыз ба осы?.. Кешегі қан төккеніміз де жетпеді ме? — Ыбрайым сөзді нақысына келтіре сөйлейді. Әттең даусы шіңқ-шіңқ етеді, кісіні үйріп, еркіне бағындыра алмайтын дауыс!

— Тоғыз адамның сөзіне сеніп, митингте қатысқан мың адамға қалай сенбейсіз. Қөп қорқытады, терең батырады. Қазір баяғы алдауга көнетін халық жоқ. Оны ұмытпаңыз, мырза!

— Бұлай бұлік шығара берсеңіз, үкімет орны өз тұсынан шара қолдануға мәжбүр болады. Сонда маған өкпелеп жүрмеңіз! — Ыбрайым орнынан түрегелді. Тоқаш та қалпағын колына алды.

— Қорқытпаңыз, мырза! Қорқа-қорқа қоян да батыр болған екен.

— Сен де елірме, жайыца жүр, Тоқаш төре! Бір емес, екі емес — ылғи алалық тудырасың да жүресің! — Габдулла сұрланып, бір жағынан киіп кетті. Даусы ашылау шықты. Мен қарап қалам ба дегендей, Сақа да столға таман жақындады. Тоқаш төніп келген Габдуллаға жиіркене, қатал сөз тастады:

— Бүгін ғана халықшыл бола қалған екенсіздер, кеше қайда қалдыңыздар, ардагерлер?.. Сіздер жақтап отырған бай мен болысқа қалың қедейдің қанын сорғызып отыра алмаймыз!

— Ендеше шық! — Габдулланың даусы дірілдеп, сұқ қолымен есікті нұсқады.

— Шық өзің, біз неге шығамыз! — деді Сақа қосарла на айғайлап, Тоқаш үнсіз Сақаны қолымен сырды да, өзі алға ентелеп:

— Есігінді қатты жабам!.. Сертім сол: өмірім болса — шаңырағыңды ортаңа түсірем! — деді де Тоқаш Сақаны ертіп, шыға жөнелді. Артынан: «пішту!» деген кекесінді, табалаған зілді сөзге Тоқаш пысқырған да жоқ.

Қақпа алдында бір топ ел адамдары түр екен. Олардың ішінен қарны шертиген Сүгіrbайды Тоқаштың көзі бұрын шалды. Жаңындағы дулат бөрікті қазаққа қолын сілтеп, бірдемені соғып түр: «...ел ішіне іріткі салды... Күн көруден қалдық!» деген үзілді-кесілді сөздер Тоқаштың құлағына тиді. Тегі Тоқаштың сыбағасын беріп түрган тәрізді. Міне халық мұддесін қорғайтын үкімет деп осының айт — тексер-местен босатып жіберген!

Сақаны үйіне қайтарып жіберіп Тоқаш жалғыз өзі бақ ішінде ұзақ қыдырды, асаудай тулаған намысын баса алмай әлек болды. Күн санап шиеленіскең тартыс. Қашан біtedі? Немен біtedі? Қапыда қалмай, күш жинау керек. Сақа си-яқты гимназияны жаңа ғана бітірген жастар әлі аз, және олар тірек бола ала ма?..

Көңлі жабыңқы Тоқаш, қас қарайғанша көшеде жүре беріп, Бикеннің үйінің алдына қалай келгенін сезбей де қалды.

XIV

Тоқашпен өткізген түннен кейін, Бикен айнаның алдында тұрып, өзінің жүзіне өзі үңіліп, ойға шоматынды шығарды. Бикеннің жүзі қуқыл тартқан, кейіс білдірген еріндері гүлдің қауызындей, жартылай ашылған, аяқталмай қалған сөзді айтам деп үмсүнған адамның пішіні тәрізді. Бадырай-

ған қара көздерінде өмірге тоймаган адамның көлеңкесі, кейде ұзарып, кейде кішірейіп, дір-дір етеді. Әрине, Бикенниң жанарына түсken бұл көлеңкенің сырын өзінен басқа бір пенде білмейді.

Бикен әуелгі кезде өзінің жеңілtek қылығына аса маңыз бермеді, бірақ күндер зымырап өтіп жатты... Тоқаш қайта оралмады. Бикеннің мазасы кетіп, тықырышып, үйде отыра алмады. Бір күні Халимаға барды. Бәсе, Тоқаш елге кеткен екен ғой... Үміт оты қайта тұтанды. Жүректің арғы түбінен бір дауыс: «тос-тос!» деп, дәмелендірген сияқты...

Жан қиналған Бикеннің өкінішін Зәкір қу ғой, жүрттан бұрын сезді.

— Бикенжан, осы күннен-күнге жүдеп барасың... Кейде маралдай елегізіп, Шамалған жаққа жиі қарайсың тегі, қыран солай қарай ұшып кетіп пе еді? — деп қарқылдап күліп, белінен құшақтайды.

Жасынан еркелетіп өсірген үлкен жездесінің, кейде кеудесіне жабысқан қолына да өкпелемейді, қайта бірге күліп, мұртын сипайды. Зәкір қыздың тығырышқтай денесін шымшып, рахат тауып мәз болады. Қыз Зәкірдің түпкі сырьына әуелгі баста түсінбеді — не айтса соған қатықтай ұйыды. Бір кеште Бикен қаланың бір топ қыз, бозбалаларын жинап, серуенде баққа бармақшы боп жатыр еді, сайтандай Зәкір жетіп келді,— астында қос қара мақпал, үстіне кигені — көк ала шәйі шапан, басында тақия. Келе Бикенге жабысып, жібермеді. Кейін пәуескесіне мінгізіп баққа апарып тастауға уәдесін берді. Зәкір сөзін алыстан орағыта باстады:

— Бикенжан, сені құдай бізге ерке-тота қып берді. Өзің пісіп толдың. Қөркің мынау, адам баласын таңданды-рарлықтай. Енді осылай жалғыз жүре бересің бе, бір күні біреу-міреу үрлап әкетіп жүрсе қапыда кетпейсің бе?

— Қойыңызышы, үрлағаны қалай?

— Ол былай: кешкे терезеңнен түсіп, аузыңды орамалмен байлайды. Қөтеріп ап арбаға бір-ақ қояды, сүйтеді де көз көріп, құлақ естімейтін алысқа алып кетеді. Эорлайды. Абройынды алған соң не істейсің?.. Іқтиярсыз өзің көненесің!

Бикен сақ-сақ күлді.

— Ендеши бір жігіт... Жақында... абройымды...

Зәкір шошынып, кеудесін басты.

— Тәйт!.. Өзің есіңнен таңғаннан саумысың, қалай-қа-

лай шолжаңдайсың? Бояушы-бояушы дегенге сақалын бояды демекші, қалай-қалай сөйлейсің?.. Абройымың не?

— Өзіңіз айтқан жоқсыз ба?.. Үят сөз бе еді өзі?

Зәкір не дерін білмеді.

— Қысқасы — мені Ыбрайым жезден жіберді... «Апасының орнына келіп, төсегімді жаңғыртсын. Осы жұмада той жасайым!» — дейді. Бұл сның ақырғы сөзі!..

— Сіз не дейсіз? — Бикен қабағын керіп, ұзын кірпігін құс қанатында жоғары сермеді. Құлкісін кенет тыйды.

— Мен бе... Менімше мақұл ғой деймін.

— Қеше Тоқашты да мақұлдаған өзіңіз емес пе едіңіз?

Зәкір желкесін сипады:

— Ол әзіл сөз ғой. Әзілде шындық жоқ... Асылында тиетін сен, мен емес. Өзің ойлан.

— Габдулланы да мақтаған сіз... Сәлімгерейді де дүдәмал қылған сіз... Міне оқыңыз! — Бикен орнынан тұрып рояльдің үстіндегі оюмен нақышталған қобиды ашты да, бір бума қағазды, жездесінің алдына жайды.

Зәкір көзілдірігін қиіп, қолын бірінші ілінген Габдулланың хатына үңілді:

«Бикеш! Осыдан үш жыл бұрын сізге құда түспек болғанда әкеңіз: «Қарсылығым жоқ, бірақ балам жас» дегенді маған. Уақыт жетті ме деген тілекпен осы хатты арнап отырмын. Ниетіңізді білдіруіңізді сұраймын. Мен сізді бұрын көрмеген соң, Тоқмакта жүре берген едім. Енді халім мүшкіл. Діңкем құрыды. Сізді көрмесем — тұра алмаймын. Ерке сұлу, менің ендігі өмірім өзіңіздің қолыңызда: не өлтіріп, не тірілтіңіз...»

Аржағын оқыған жоқ.

— Ақымақ! — деді де Зәкір екінші хатты аударды:

«Бике — періштем! Мен аяғыңа киетін галошың болайын, қалтаңа салатұғын пұлың болайын, башмайыңа дейін сүйейін, маған жұлдызы боп күлімде, құн боп жарқыра, тұнім боп басымда тұне... Эйтпегенде маған тірлік жоқ. Өләм-өләм!.. — Сәлімгерей».

— Бұ да ақымақ! — Зәкір хаттарды лақтырып жіберді.

— Жер құрттары ғсій, бұлардан іс шықпайды, Бикеш-жан. Ауызша айта алмай, хат арқылы сөз салған еркек саған ер бола алмайды. Жасық! Сол Ыбрайымнан айрылма!

Бикен шап етті:

— Тсқаш ше?

— Одан опа таппайсың!. Бір жерде жалғыз қалдыра-ды!

Осы кеңестің ертеңінде кешке жақын Бикеннің бөлмесіне Ыбрайым келді. Аздап шарап та жұтқан ба, қызулау. Бұрын Бикенге қалжыңдаш, ойнамайтын; тартпақы мінезді адамғой, көбіне жалынышты сөз ғана тастайтын. Бұл жолы біреу жел беріп итермелеген сияқты көрінді Бикенге.

— Бикенжан, біздің қонысқа барып, серуен құрсақ, көңіл көтерсек... Қала тіптен мезі қылды,— деді қолындағы жүқа, ақ биялаймен алақанын ұрып. Бикен уайым жеген пішінмен терезеге қарады... Алыста, зенгір көкте ерте туған жалғыз жұлдыз жарқ-жүрқ етеді. Ымдайды. Не деп? Тоқаш деп түйген қыздың аужайы ма?

— Бикеш, көңілің жабыңқы, неге олай? — деді тағы да Ыбрайым жақын кеп Бикеннің білегінен қысып. — Айтқандайын, саган базарлық экелдім. Қараши!

Бикен қыз емес пе, еріксіз көз тастады.

— Сырға... Алтын! Алтын сырға?! — Ерні жымып, қасын керді. Ыбрайым шұғыл қымылмен құлағына жармасты — өткізбек. Қыз жездесінің қолын қағып көріп еді, айрылатын емес. Бикен кенет басын шайқап қап еді — Ыбрайым қыз құлағынан айрылды да қалды. Қаша жәнелді. Жездесі үй айналдыра қуып берді. Бикен сақылдан күліп, қонақ үйге қарай қашты, Ыбрайым одан да қуып жетті. Бикен өз бөлмесіне қайта оралғанда, кереуетке соқтығып, тырақ етіп құлап түсті. Ыбрайым қыздың үстіне жығылды. Құшақтап, мойнын, бетін сүйе берді, сүйе берді.

Тап осы кезде біреу сыртқы есікті ашып, баспалдақтан сенекке кірді. Бикен бөлмесінің есігін ашты. Мәр-сәрә бол жатқан Ыбрайым байқай алмады, Ыбрайыммен алысып жатқан Бикен көз тастаса — Тоқаш екен! Әуелі өз көзіне сенбеді. Елес?.. Жоқ, сол — езуінде — жеркеніш, көзінде әжуа. Бикен Ыбрайымды итеріп жіберіп, ұшып тұрды. Бирақ кеш қалды. Тоқаш есікті тарс жауып, кетіп те үлгерді. Екі иығынан демін алған ызалы қыз, тікірейе жездесіне қарады. Ыбрайым көзін жыпылықтатып төмен үңілді...

XV

Глафира мен Сақаның соңғы қылышы Малышевтың жаңына қатты батқан. Атаманның қызы қайдады бір қырғыз-бен құшақтасады... Тфу! — аржағын айтуға аузы бармайды... Ой, заман!

Атаман торға түскен аюдай, Қаскелендеңі үйіне сыймады. Есік-терезенің бәрін ашып қойып, ерсілі-қарсылы жүріп жүр — екі қолы артында. Сол күні әлгі жеркене Загаруля болмаса, сұлатып та салған болар еді...

Қызы уысынан біржола шықты. Қымс етсе — беттен алады. Экесін сыйламайтын, әкеге бағынбайтын казак бар ма? Кімнен туған?.. Марқұм шешесі нашар тұқымнан еді, соған тартқан да. Θз ұлтының намысын аяғына басқан адамды аяуга бола ма? Онда атаман атып өлтіре құдайдың да, адамның да алдында ақ.

Загаруля әлі жоқ. Қастектен хорунжий Сотников келмек. Ол — жүргінің түгі бар, ер! Он алтыншы жылы Беловод селосындағы қырғында қылышының өткірлігін қырғыздарға таныта білген... Талғарға да, Ұзынағашқа да хабар айтылған — келе ме, жоқ па?

Андрей Малышев бүкіл Жетісу казак-орыстарына қаһар еді «туф» деген түкірігін жерге түсірмей қағып алғын, енді бірі көрінбейді. Патша құлағасын зәресі ұшып, інді-ініне кіріп кеткені ме?

Солқылдақ арбаға мінген біреу ызғытып терезе түбінен өте шықты. Атаман ауыр денесіне қарамастан, жылдам бұрылып, көз таstadtы: дембелше, ақ сары орыс арбадан секіріп түсіп, атын байлады дуалға. Іле сыртта біреуге: «Қожа үйде ме?» — деді қырылдаңқы дауыспен. Көп ұзамай есік те ашылды. Сотников тағзым етіп, құрмет білдірді. Баяғы Беловодтағы уақиғасынан кейін көргені осы. Әлі өзгерменті.

Екеуі салғанинан қызу әңгімеге кірісті:

— Казактарда намыс жоқ, быт-шыт тозып кетті. Айналға көз салыңызшы, үкімет кімнің қолында?.. Жүлік, шпананың қолында! Бүйтіп күн көруге болмайды, атаман! — Сотниковтың танауы қусырылып, қызараңдап сөйледі. Малышев хорунжийді әбден қыздырып, сөйлетіп ап, сырын білген соң, өз ойын оның алдына салды.

— Жетісуды казактар билемей, тәртіп болмайды.

— Ол тәртіпті қалай орнатамыз?

— Тек күшпен ғана.

— Күшті қайдан аламыз?

Сыртта аттың дүбірі естіліп, біреу келіп түскендей болды. Сөз бөлініп, атаман терезден басын сұқты.

— Алексей Федорович! — Малышев бүгілген саусағының сыртымен ұзын, әдемі мұртын сипады — риза, дер кезін келді.

— Қалаға кетіп еді, жаңалық әкелген болар. Әуелі соны тыңдайық!

Загаруля шынында да қалаға барса болғаны, қапшиқ-қапшиқ жаңалық әкеледі. Бұл жолы қалтасына «Шаруа» газетін сала келген екен. Амандықтан кейін газетті столға жайды.

«Ленин үкіметті жұмысшы, солдат, шаруаларға беру керек!» дейді — атаман дауыстап оқыды. Атаман газетті лақтырып тастап, боқтап жіберді. — Жазған кім?

— Березовский,— деді Загаруля.

— О, тәңірім! — Атаман құрсініп, орнынан тұрды да арақты қағып салды.

— Эйтеір, онған дүние жоқ... Әлгі Бокин деген бас бүзакы Қытайға барып, ауған қазақтарды алып қайтатын болыпты,— деді Загаруля.

— Я?

— Уақытша үкіметті басқарып отырған ашықауыздар соған мандат берген сияқты... — Загаруля «Жаңалығын» шым-шымдап, дәмдеп қана айтады. Лақ еткізсе, қадірі болмайтынын билетіндей.

— Олар қайтса, Жетісу бұлінді де!.. Жаным-ау, сол саясатқа миы жетпеген бе? — Атаман аяғымен жерді теуіп-теуіп қалды.

— Айтысқа түскен адамдар да болса керек, бірақ Совдеп дей ме, толған сұмдар, өндіршектеп, дүрілдеп, ырық бермеген көрінеді...

— Оларды қалайда қайтармау керек! — деді хорунжий үрейленіп.

Атаман ызғарлы пішінмен екі жағына кезек қарады.

— Сол дұрыс. Оларды қайтармау керек!.. Ол үшін жақын арада үкімет тізгінін өз қолымызға алуымыз керек! — деп столды жалпақ алақанымен салып қалды.

Стол үстіндегі газет ұшып, қайта жерге түсті. Загаруля тағы көтерді.

Осы сөз аяқталмай, тосқан қонақтары да келе бастады.

Сол түні Талғар, Ұзынағаштағы казактардың әйгілі офицерлері түгел бас қосты. Андрей Васильевичтің досы Вернийдағы Никольский шеркеуінің епископы Пимен де мәжіліс үстіне келіп қап, о да қатнасты.

Атаман соңғы айдағы бүкіл Россияның хал-жайынан түсінік берді — ақырзаман! Бұған басқа тенеу табу қыын. Жетісу казактарының алдындағы үлкен сын — қалайда құлқұтанды үкімет басына жолатпау. Тәңірдің әмірі де осы!

Атаман сезінсін кейін офицерлер бірінен соң бірі жарыса сөйледі. Қызып кетіп қылышты ертең-ақ қынабынан сұрып, Жетісуды қанға бояу керек дегендері де болды.

— «Асықпайық, казактарды атқа тегіс мінгізген жөн», деді енді біреулері. Қебінен атаманға Пимен сөзі ұнады. Епископ алысқа мезгеді. «Қытайға кісі жіберіп, Құлжадағы патшаның бұрынғы консулы Любамен байланысып, ағылшыннан құрал, күш сұраған мақұл... Люба қырғыздардың қайтпауына да зер салады» деді.

Дорбасақал, еңгезердей Пименнің тұлғасына сүйсініп, ақылына таңданады атаман. Әрине, сырттан біреу қанат астына алмаса, ертең, құл-құттан қара құрттай қаптап, аядай Жетісуды тарпа бассалмай ма? Атаман офицерлерге бетін бұрды.

— Кім барады?

— Мен! — деді Загаруля орнынан ұшып тұрып.

Пимен басын изеді — ол қоштағаны. Атаман Загаруляның бұл қылығын өзінше түсінді: Бокиннен ескі кегін алмақ! Мейлі...

Мәжіліс артынан бәрі Қаскелең станциясының қақ ортасындағы үлкен шеркеуге барып, құдайға шоқынып, ант берісті — «қылыш қынабынан сұрылсын!» деп Исаның сүретін сүйді.

XVI

Загаруляны Құлжаға аттандыру қамымен Малышев қаладағы үйіне қайта оралды. Соңғы күндері атаман сақтанағып, жан-жағына қарайтынды шығарды. «Бостандық үйінде» күнде жиналыш, күнде айтай, Березовский мен Бокин атаманды, Зәкірді, Загаруляны тұтқынға алушы талап еткен көрінеді. Кім білсін — әлде аңдаусызда желкеден біреу шоқпармен жатқызып жүре ме... Киімін өзгертуіп, бадырағып көзге тұспеу жағына да көңіл бөлді.

Қақпаны атаманның өзі ашты. Атын қорага кіргізіп байлады да, ақырып, басып, ішкі есіктен үйге кірді. Асханаға басын сұқса, Клавдия Петровна әдетінше бұрышта жіп тоқып отыр. Бишара — өмірі осы Малышевтың үйінде өтті. Жасынан туғандай бол, атаман үйіне сіңісп кетті. Өзі де бөтен емес, Глафираның шешесінің туған апасы. Осының Глафирага әсері болған жоқ па екен?

— Таң жарық, Петровна! — Жер астынан шыға келгендей, атаман кенет амандасты.

— О, тәңірім! — Ақ шашты әйел селк етіп, абыржып, үршығы қолынан түсіп кетті.

Атаман мырс етті.

— Е, мені тоспап па едіңіз, Петровна? — Жан-жағына қарап. — Элгі сәйгелек қызың қайда? — деді.

— Жүр ғой, әлгінде ғана көшеге шыққан... — Жақтырманған пішінмен сөйлейді Клавдия Петровна.

Атаман Петровиңиң даусынан сезді — бір өкпе бар.

— Тағы не болды?

— Еркеліктің зардабын енді әкесі, өзің тарт.

— Не болды, айтсаңшы?! — Атаман қолындағы картузын жұмырлап алға бір қадам басты.

— Элгі қырғызбен күнде жоғалып кетеді. Айтсам тіл алмайды. Жібер өзін осы қаладан. Маган десе жеті теңізден асырып жібер, әйтеуір осы қаладан кетір...

Атаманның тізесі дірілдеп, орындыққа сылқ отыра кетті. Қоймады ма ол қыз?

Петровиңиң сезі қекейге қонағы. Айырмаса болмас! Қалай? Өзі бүлініп жатқан Петроградқа жібере ала ма? Кім бар?.. Лықсып бір ой келді, қайта серпілді.

Атаман сол бетінде шешінбестен, Зәкірдің үйіне аяңдағы. Шет көшелермен ығыса жүріп барса, жаңа ғана магазинінен келіп, шайын ішіп, терлеп-тепшіп отыр екен. Атаманды қуана-қуана қарсы алды. Құпия бөлмесіне оңаша кіргізіп ап, беймаза қылған шерін ақтарды Зәкір. Атаман әуелі кірген бөлмесін көзімен шолып өтті. Зәкірдің ел аузындағы «жұмбақ бөлмесі» осы екен! Құңгірт — жөнді жарық та түспейді. Жалғыз терезені темірмен торлап, оның передесін түсіріп қойған. Төрт қабырғасы бірдей қызыл шұғамен қанталған. Төрде бірінің үстіне бірін жинаған екі әбдіре. «Зәкірде екі әбдіре толы алтын бар» деп еститін атаман. Атаман ақырын көзінің қызығын аударды: әбдіренің аузында жұдырықтай қара құлып, балталаса ашылар емес.

Зәкір де мұны аңдып отыр екен, атаман көзінің ізін қуалап, әбдіреге тірелгенін сезгендей. Сәл жымып Зәкір үзілген сезін жалғады.

— Бұл негылған заман, атаман? Елдіктен қалдық па деймін. Тілі мен жағына сүйенген өңшең, көк мүйізділер, іреп, сүзіп, күн көрсетпейді!..

Боқының ұлы кіжініп, аузына қелгенін тантитын көрінеді. Өткен сенбіде «Бостандық үйінде» Зәкірді, Малышевты, Загаруляны тұтқынға алушы талап еткен. «Патшаның оң көзі» деген. Оның қолтығына дем берген әлгі Березовский

көрінеді. Біржола жүгенсіз кеткені сол емес пе, газет шығарады. Тыйым жоқ па, соларға?

Атаманға бұл жат сөз емес, әлдеқашан құлағын шіріткен. Загаруля қалаға барған сайын Қаскеленге қапшық-қапшық жаңалықтар әкеледі. «Тыйым жоқ па?» — Осы сөзді ол Зәкірдің өзінен сұрамақ-ау.

— Ауыздан жұдырықпен ұру керек! — Малышев тістеніп, жұдырығын түйді. — Эйтпегендегі бізге өмір жоқ!

Енді атаман шешілді. Жан-жағын қамтып, сөзін топтай сейледі: «Қайтсе жан қалады» деген пікірін білдірді. Бірақ, жақында Қаскеленде өткен мәжілісті айтпай іркіп қалды. Салмақты Зәкірдің өзіне салды — нірілгөн қамшы бір оспай түспейді, алдын ала қам жасаған жөн.

Қазір екі тәсіл бар: атаманың қанаты қомданып, бір-ақ түнде тізгінді қолға алу; оған дейін Бокин, Березовский сияқты тентектердің үнін өшіретіндей амал табу...

— Яшайло қайда? — Атаман арнап келген мақсатына енді оралды.

Зәкір ойының үстінен түсті ме, сның жабыңқы жүзі жадырап, елең қақты.

— Керек пе? — Өзінен-өзі сыбырға көшті.

— Яшайлоның сиқыры адамға жүре ме?

— Жүргенде қандай...

— Шақырт!

Зәкір есікті ашып, алақанын үш рет соқты, аржағынан әйелі . Тұрсын-ханом кірді.

Атаман осыдан бір жыл бұрын Зәкір үйінде қонақта болғанда танысқан: Наманганың әйгілі саудагері Бабайхожаның қызы, онда қимылы ширақ сияқты еді, қазір кәрілік етегінен тартқан ба, бүкшеңдеп, аяғын мамырлау басады. Босағада тұрып, паранжасын сәл көтерді де тағзым жасады.

— Яшайлого кісі жібер, келсін де!

Тұрсын-ханом басын иді де, жорғалап жүре берді.

Зәкір нашаны қабына-қабына тартып-тартып, жаны рақат тапқандай, көзін жұмып, аз уақыт үнсіз отырды.

Малышев саудагердің нашаға құмарлығын бұрыннан білді... Эрине, дәл қазір ерігіп наша тартып отырған Зәкір жоқ. Қайтсін, қара мысық жүректі тырнап жатыр да...

— Зәкір ақсақал, сен Сағатовты білесің бе?

— Сағатов?.. Әлгі Жұністің баласы ма, гимназияда оқытын?.. Білем. О да Бокының ұлына елікten, тыштаң-тыштаң етеді... Оған не жоқ... Немене, бірдеме деп жүр ме?

Атаман тағы да айтпады — жүректегі құса байлана берді...

Яшайло кешігіп келді. Атаман қайтпақ бол, жаңа ғана киініп жатқанда — Яшайло есіктен сығалады. Ыржияды.

— Кірсейші, бәлсінбей! — деді досының сырына қанық Зәкір. Яшайло екі қолын кеудесіне басып, тағзым қылды.

— Яшайло, осы сен сиқыршы дейді рас па? — деді атаман. — Көргім келеді!

— О, тақсыр, мен жүрген бір диуана!.. Қайтесіз...

— Исаил, атаман саған мен емес, көрсет өнерінді!

— Мә, тілегенің осы болар! — Атаман қалтасынан алтын монет ап, итке тастаған сүйектей, лақтырып жіберді.

Яшайло қағып алды да аузына сап, қылқ еткізіп жұтып қойды. Атаманың көзі бақырайып, шарасынан шықты.

Зәкір қарқылда, мәз-мәйрам болды — таныс сиқыр.

— Шын жұтып қойдың ба? — Малышев срнынан тұрды, бір-екі қадам алға басты.

— Элбette, тақсыр!

— Құс! — деді Зәкір құлкісін жинап.

Яшайло лық еткізіп қайта құсты да, алақанына сап, атаманың алдына тосты — монеттің өзі!

Малышев — «жігітсің!» деп Яшайлсның арқасынан қақты. Қасына отырғызды. Зәкірге көзін қысып, «шыға тұр» деген ишара білдірді.

Зәкір кеткен соң, Малышев оңашада:

— Алтынға қалтаңды толтырам, жауымнан өшімді алып берсөң, — деді. Яшайло түсінбеген пішінмен, жалтарып тұра жауап қайырмады.

— Қансыз өлім, іздептің осы... Жылан сияқты бірдеме шағып алса, мысалы.

Яшайло аузын көмсөндөтіп, үнсіз күледі, алақанын уқалап, тағы да ақы дәметкен тәрізді; құр уәдеге көңілі тағат қылмайды. Қазақ елін көп қыдырған атаман сөзге қойды. Қолын қалтасына сұқты.

Атаманың жемарттығына риза Яшайло:

— Ертең кешке, — деді кетіп бара жатып.

Тұн. Ай әлі тұмаған, қала үстін қараңғылық басқан. Малышев пән Яшайло қара тұнекте балықтай сұңгіп келеді. Оқта-текте жан-жағына қарап қояды. Қара капюшон жамылған Малышевтың қолында басына қорғасын құйылған жуан қара таяқ.

Кейбір терезелер қақпасының саңлауынан түскен жарық, жолдарын кесіп, аяқтарына орлады. Малышев қапа-

да: жолы бола ма, жоқ па? Ішінен құдайына сыйынып, күрсініп те қояды.. Оны Яшайло сөзгендей аяғын жылдамырақ басып, тунекке қадала қарайды — қауіп күткендей.

Бір үйдің қақпасынан канден ит кенеттен жүгіре шығып, арс етіп, атаманың балағына жармасты. Малышев ыршып түсті, сасқанынан қолындағы таяғын жоғалтып алды. Апырмай, атаманың осы иттен қорқатынын-ай! Яшайло таяғын іздеп, тауып беруге мәжбүр. Тұн өте қауіпті — әрбір сыбыр мен мұндалап, айғайлап тұрады.

Келді білем, Яшайло атаманды тұртіп: «Кейінірек қал» дегендей ым жасады да, өзі алға озды. Тапал дуалдан секіріп түсті де, атаманға қолын созды.

Терезеден сығалады: кереуетте шалқасынан киімшең біреу үйиқтап жатыр. Атаман Сағатовқа үқсатты. Қасындағы кішкене столда тас шам жыптылықтап жанып тұр. Үйде басқа адам жоқ. Яшайло асықпай, саспай қолын қалтасына сүқты — сораң еткізіп, жыланды суырып алды — ешбір шіміркпейді. Атаманың арқасы шымырлап, тітіркеніп, теріс айналды. Бірақ, өз көзімен көрмей, атаман ешкімге сенбейді. Мұмкін қызы да кез келіп қап, жазым боп жүрсе... Үйде жоқ. Қайда? Мынау екеуі бір болуы керек еді... Элде Петровнаның айтқаны жала ма? Жоқ, неге!.. Анада құшақтасып, сүйісіп жатқанын өз көзімен көргені қайда? Ха-ха, езіпсің, атаман, малтаңды! Яшайло терезенің ашық көзіне жыланды қондырды. Жылан жылжып, иіріліп, төмен түсіп барады, түсіп барады. Атаманың жүйке тамыры да жыландай жиырылды — ернін тістеп, жұдырығын түйді. Оянып кетпесе... Яшайло да тышқан аңдыған мысықтай, жіті қарайды.

Жылан иіріліп, тарқатылып, жылжып барады. Эне, жақтаудан төмен түсті... Еденді... Кереуетке өрледі.

Атаман іштей мырс-мырс құлді: —«Бәлем! Малышевтың жүргегін улап, өмірін жыландай шағып еді, енді өзін...»

Шырт үйқыда жатқан адам тырп етер емес. Шалбарының балағы түрілген, тірсегі ашық, жылан сол тірсекке қарай жылжыды.

Малышев демін ішіне тартты. Көз алдында: Глафира мен Сағатов құшақтасып тұр... қыз білегі бозбаланың мойнында... Жігіт қолы қыздың арқасын аймалайды — құмартаңды.. Эне, жылан жетті. Шақты...

Яшайло ақырын ысқырған тәрізді болды. Жылан кейін қайтты.

Атаман қутындағы басып, дуалдан қайта қарғыды... У,

қазір оның тамыр-тамырын қуалап, миға да жеткен шығар. Ха-ха! Бірақ, атаман қасында келе жатқан Яшайлоның іштей оны келемеждей, күліп келе жатқанын сезбеді...

XVII

Тоқаш пен Құрышпай шекарадағы Қорғастан аттанғанда, күн найза бойы көтерілген-ді. Енді Құлжага он екі-ақ шақырым қалды. Бүкен жүріспен жүріп отырғанның өзінде, бір сағатта-ақ жетеді. Тоқаштың астындағы бәйге көк—сақа ат, оның үстіне дәл жүрерден үш күн бүрын Құрышпай өз атымен бірге жаратып, ұзақ сапарға дайындалап, бабына келтірген болатын.

Бұл бәйге көкті Тоқашқа Қырбай сыйлаған. «Бөтен жерде, басқа елде қаңғырып жүрген ерлерді іздеуге шығыпсың, жолың болсын. Мін, мына бәйге көкке!» деп, астындағы атын алдына тартқан. Тоқаш өзінің көгін Қырбайға берді.

Жануар қамшы салдырмайды, «шүү!» десе болғаны, басын шұлғып тастап, аға жөнеледі. Іңғай тежеп отыруға үйренген — Тоқаштың қолы талады.

Бәйге көк бар пәрменімен жорғалай жөнелгенде, Құрышпайдың жириені қатты желіспен де ере алмайды.

Мынау көлбеп ағып жатқан — Іле өзені. Алатаудың бектерін айналып, туған елдегі Балқашқа құяды. Суы қандай мөп-мөлдір, әне, жол өзен жиегімен қатарласып еді Тоқаштың көлеңкесі суға түсті.

Өзеннің екі жағы — көкмайса, шалғын. Бұл шекараны құзететін, Қытай әскеріне қараган жер, бейсауат адам жүргізбейді.

Күн де шыжи бастады. Аспан айналып, жерге түскендей. Кейін қалған Алатау шынында бірлі-жарым көк ала бұлтарғана шөгіп жатыр. Жел жоқ, тымық. Боз торғайдың шырылдаған даусығана естіледі...

Тоқаш шекарарадан аттанарда: «Я, нар тәуекел! Ораздының жолын қылыш, ерлерді алыш қайтсақ, сапарымыз зия кетпес еді,» деді. Тоқаштың бұл арманы.

Бұл қазақтар малын сыйдыра алмай, жайлай іздел көшіп жүрген қазақ байлары емес. Екі ұдай тартысын, шоқпардан ығысып қоныс аударған үру да емес. Туған елінен лажсыз ауған, қардай жауған оққа шыдамай, бас сауғалаған азаматтар. Кеше қолына шоқпар алыш, бостандық үшін ақ патшамен кім күресінеді? Бөтен жерде қайғы-қасірет шегіп жүрген жігіттердің қатарында Тоқаштың бала құнінен

бірге өсken достары, ауылдағас ағайындары, керек десе ғашық жары да бар. Ол — Айгүл!..

Айгүлді сіласа Тоқаштың жүрегі лепіріш, еріксіз атын тебініп қалады. Ақбоз ытып-ытып кетеді... .

Анадайдан Құлжаның бейнесі көріне бастады. Текес өзенінің ең биік қабағына салынған зәулім үйдің мұржасы, мешіттің мұнарасы, қаланы қоршаған Қытай қорғанының құлақтары да қалқияды. Бұлар жақындаған сайын, қала қалың орманның ішіне жасырына берді.

Көрған маңында ығы-жығы күркे, қосаяқ арба, бықыған халық... Жылаған бала, қарғаған әйелдер... Тоқаш еле-гізіп, қатарласқан Құрышпайға қарады — о да елегізген! Құрышпай Тоқаштың ойын сезді де, басын изеді.

— Солар! Елден бәзін қаңғырып жүргендер ссылар! — деді Құрышпай, зіл-зарлы үн, жүдеген пішінмен.

Тоқаш жіті қарады — көзінің нұры талғанша тесілді: — Қайран өрлер-ай!.. Бір топ адам өзен жиегінде тұр. Алсаңдарымен көзін қалқалап, қаладан паром күткендей. Айғай-лайды — ауу! Апырмау, ана ортасында тұрған ұзын бойлы таныс сыйылды. Кім екен бұл!

Арқан бойы қалғанда Жетісу қазақтары екенін бұлар анық аңғарды: бастарында дулат бөрік, үстерінде кең шапан.

Тұрғандар да назарын аударып, беттерін бұрды:

— Ойбай-ау, мынау Тоқаш қой?

— Я, сол!

— Қасындағы Құрышпай ғой! — деген үзілді-кесілді сездер Тоқаштың құлағына да жетті.

Тоқаш аттан қарғып түсті. Тұрғандар «сій, бауырымдап!» өкіре ұмтылды. Лезде бүкіл аймақтағы қазақтар туғел жиналды. Арбаның астынан да, күркелерден де опыртопыр шығып жатқан халық. У-шу боп, бірінің сөзін бірі тоспайды, әрқайсы өз ойын бұрын жарықта шығарып, сұрап қалмақ. Эке-шеше, туған-туысқан, ғашық жар, бала-шаганың хабары қайсының болсын тілінің ұшында, жүрек түбінде. «Тірі ме? Не халде?» жамырай сұрайды.

Тоқаштың көзіне мөлт-мөлт іркілген жас жігіттердің көз жасына қосылып, парлап бірге ақпақ. Жоқ, жылау — ер жігітке намыс, жасықтық — жұрт алдында жас көрсету! Тоқаш өзін-өзі қайрап, бекініп, тұрғандарды көзімен бір шолып өтті: жүдеу-жадау, үстері жалба-жұлба. Кебі таныс. Мына бір ортада тұрған ұзын бойлы, имек мұрын жігіт — Бәкен. Жүністің ауылдынан, соның атқосшысы болған, ша-

қар жігіттің бірі. Қастек болысының айбалтамен басын шапқан да осы. Қалай жүдеген?.. Оған таяу — Албаның ері — Қасым.

... Анау шеткі тұрған қабасақалдының аты жадынан шықса керек-ті... Эне бір тұрған әйелдердің ішінде Айгүл көрінбейді.

Құрышпай да қолды сілтеп сап, қапшықтың аузын ашып базарлық үlestіргендей, әрқайсысына бір жауап беріп, үлгеріп те жатыр — ауыз жаппайды.

— Ақ түйенің қарны жарылды! Патша тақтан құлаған!

— Енді елге барсақ, бізге тимей ме?

— Толық бостандық!..

Тоқаш бас киімін қолына алып, дауыстап, сәлем берді. Жиналған жұрт Тоқашты алқа қотан ортаға алып ентелеп, жақын барды. Ішінде тілдері күрмеліп, сұрақты қөздері айтып жаутаңдал, мелшип тұрғандар да жоқ емес.

Тоқаш оларды үқты да ел ішіндегі өзгерісті: кешегі қылышынан қаны тамған жендеттердің қуылғанын, халық еңсесінің көтеріліп, тіл ұшындағы айтам деген сөзін айтуға ерік алғандарын ол тегіс баяндағы.

— Кешегі қуғын көрген ерлердің елге қайтуына жол ашық. Мен сол үшін әдейі сендерді ізден келдім... Бірақ, теңдік қолға әлі тиген жоқ, ол — біздің алдағы нысанға. Әзірге өкімет — байлар қолында!..

— Е, онда біз несіне қайтамыз? — деді Бәкен, бәркін көзіне таман түсіріп.

— Тартып алу үшін қайту керек, Бәкен!.. Айбалтаңды жоғалтып алдың ба? — деді, Тоқаштың сөзін киіп, Құрышпай. Бәрі ду күлді.

Тоқаш елде кім бар, кім жоқ, Жұністің Түркістан өтіп кеткенін, Сәттің Жайнақтың Ұбрайымына жарамсақтанып жүргенін, қалада да екі ұдай тартыс барын, тәптіштеп туғелдей айтты...

Аздан соң Тоқаш сөзді өздеріне беріп, сығандай көшіп жүрген қазақтардың қоныс-жайларымен танысты. Қытайға ауған қырық мың қазақ бүкіл Іле үзләятына бытырап, шашылып кеткен көрінеді: жер ізdegен, тамақ аулап, күн көрістің қамын ойлаған. Құлжа, Шәуешек сияқты үлкен қалалар маңында топ-топ боп көшіп жүрсе керек. Біразы осы маңайдағы қазақтардың ауыл-аулына сіңсіп кеткен. Дымы жоқ қу тақырлары — Құлжада тері заводында жұмыс істейді, екі аяқ арбамен кісі тасиды. Эрмен ішкери Қытайға шай егі-

сіне жалдаңып кеткендер де болса керек. Өмір осы — азапта, қайғыда.

Тап осы көш Құлжа түбіне көктем шыға көшіп келген. Көш жүдеген-жадаған, адамдарының түр нұсқасы қалмаған: жақтарына пышақ жанығандай, көздері үңгірейіп, ішіне кіріп, аш-жалаңаш, Тоқаш қынжылып, әрбір құркениң алдына бір тоқтап, ішінен тынды.

Іле қалаға базарға кеткен бір топ әйел паромнан түсті де, бір легі әрі өтті. Солармен бірге жаяу Тоқаш та өтті, қасына Құрышпай мен Бәкенді ертті.

Іленің сұы толқып, аспанға атады, бес аттық паромды көтеріп ап, қайта соғады, көбік борандай үйтқиды. Алыста, қақ маңдайда Тянь-Шань тауының өркеш-өркеш ақбас шыңдары, Алатаудай көзге ыстық көрінеді.

Паром жақындаған сайын, тау бұларға құлашын жайып, қойынын аша берді.

Биік жардың қыратына салынған қаланы тас қорғанмен қоршаған. Паром жақ қабырғасы жартылай құлаған — кеміек. Бәкеннің айтуынша: жар астындағы қаланың ішіне қарай қазылған үңгір, Сәдір палуанның қазған үңгірі екен. Тоқаш бұл үңгірді білетін бол шықты.

Тоқаш Петроградта жүргенде қазақ ғалымы Шоқан Уәлихановтың жазған кітабын тауып алғып оқыған. Сонда осы Құлжа жайында толық айтқан.

— Шоқан осы Құлжаға, Қашқарияға барып, ел түрмисымен жақсы танысқан. Сол кітабында осы Сәдір палуанды да көбірек айтқан. Манжур мен үйфыр, дүңғандар соғысып Құлжаны Манжурдан тартып алғанда аса ерлік көрсеткен екен,— деді Тоқаш.

— Сонда Сәдір батыр, мына қамалдан ете алмай, осы үңгірді қазып қалаға өткен деседі! — деді Бәкен Тоқаштың сөзін қоштап. Сөз әрі созылмай, үзіліп қалды — паром арғы қабаққа кеп тоқтады.

XVIII

Көшениң екі жақ қапталы ну ағашқа самсыған. Тіке жоғары бойлаған теректің бұтақтары құс қанатындағы жайылып, мамырлап түр. Төменде сылдырап аққан арық сұы, ирелеңдеп, терек діңгегін белбеудей буады. Дуалмен қоршаған тапал, мұқыл үйлер — Алматы үйлеріне ұқсайды.

Тоқаш сәл Құрышпайға бетін бүрді: құж-құж қызыл

мұрнының үшінша шып-шып тер шыққан. Сығырайған көзі маңдарынан өтіп жатқан қарсы келген қала халқына қада-ла сынай қарайды. Ұйғыр да, дүнған да, өзбек те, қазақ та, қытай да осында мидай араласқан. Киімдері де әртүрлі — тымақпен қатар тақия, киіз қалпақпен тайталасқан қытай-дың шошаймасына да Құрышпай көз тастайды.

Еулар қалың базардың ортасына кеп тоқтады. Құмырс-кадай жыбырлаған бір халық. Бірінің сөзін бірі үғып та, естіп те түсінетін емес. Әрқайсының аузында «шен» — ақша, қолында — зат; бірінен бірі тартып алғандай, таңдана қарап, қызыға саудаласады.

Жолдан ашығып келген Тоқаш алдымен асхана іздеді. Базар шетінде көрнекіздеу шайхана түр екен, соған кеп кірді. Қекшайға шөлін баса алмай, сораптап отырған бірлі-жа-рым үйғыр, өзбектер отыр екен. Ұшеуі терезе алдындағы бос столдан орын алды. Аспазшы өзбектен үшеуіне — үш кесе қытайдың фан-фанын алдырды. Бұрын ішіп көрмеген тамақ — әуестік.

Тамақ үстінде Бәкен Шыңжаң қазақтарының өмірімен таныстыруды: шетінен бай, тау-тастың арасы толған мал, бірақ бұл елде құн жоқ. Ауып келген қазақтарға құшағын жайып, қолдарын соза алмады. Араларына көшіп барған жігіттерді қсішы-қолаң ғып алған. Осы да туыстық па?!

— Сен, Шамалған мен Іле өзенінің арасында қысы-жа-зы аң аулайтын Аянбекті білуші ме ең? — Бәкен сәл мұдір-ген кезде, талай оқталып ретін таба алмай отырған Тоқаш ақыры сұрады-ау. Құрышпай болса, жолығысымен сұрап еді... Мейлі, өзі сұрасын деп Құрышпай да сіресіп бақты.

— Білгенде қандай!

— Айғұл қайда? — Тоқаш даусы дірілдеп, үрейлі жүз-бен Бәкенге көз тастады. Қолындағы ағаш қасықтың діріл-дегенін сол сэтте өзі де аңғарды.— Тірі ме?

— Тірі...

«Үх!»—деп Тоқаш демін алғандай болды. Бірақ Бәкен де қу екен. Қердің бе, бұлданып, сөзін іркуін? Құрышпай жымпиып екеуіне кезек қарайды.

— Айғұл осы Құлжада...

— Я?.. Айта берсейші, бәлсінбей? — деді Құрышпай шыдай алмай Тоқашқа жаны ашып, болысып. Бірақ Бәкен асықпады, алыстан орағыта бастады.

— Шіркін Айғул!.. Қыз емес, аспандағы ай, өлкедегі гүл десе болады. Несін айтасың, көрік десең — көркі, жібек-тей мінезі бар. Адамның ақ маралы ғой! Қөрген адамды

мас қылады. Мен өзім ондай адамды көрдім деген қазақ баласын естігем жоқ. Сипаттауға тілім жетпейді, ақын емеспін...

— Ай, Бәкен-ай, қусың-ау!.. Жеткіздің мақтауын! — деді күліп Құрышпай, үшеуі де құлісті. Бәкен Айгүл жайында біраз әңгіменің басын қайырды.

— Қашқан ел Текес өзенінен Қытай жеріне өтіп, кіслерді түгендейді. Оққа ұшқандары да бар. Ұңырсыған жаралы жігіттер... Жылаған қатын-қалаш, бала-шаға... дағнат айтып зарлаған шалдар... Бәрі қосылып, қараңғы түнде қайғыны қүшетті, үрейді алады. Осы кезде Айгүл қолына домбыра алыш, ән шырқайды. Зарлап жұртқа қөңіл айтады да, ең ақырында: «Баяғы ақтабан-шұбырынды» деген заманда да аман қалыпты халық, ертең-ақ ел үстіне құн туар!» деп көңілге медет тастайды. Еңсесі түскен жұрт қызы сөзіне серпіліп, құр атқа мінгендей болыш қалады. Не керек, Айгүл со түні жұрт көзіне бір көрінеді. Ел көшіп Құлжа барады. Ер басына құн туып, тізесінен саз кешеді. Әркім өз бетімен құн көреді...—Бәкен бөтен елде көрген қорлықтарын тегіс баяндады.

— Сонымен Айгүл сол Бабашев деген байдың үйінде қүң есебінді жүріп жатыр...— Бәкен сөзін аяқтай бергенде ақ, Тоқаштың түсі бұзылды.

— Сонда не?.. Бабашевқа берген бе әкесі?.. — Тоқаштың аузындағы сөзін Құрышпай бұрын айтты.

— Жоқ. Аянбек атшы да, Айгүл күтушінің бірі. Кім білсін, ақыры немен тынатынын. Жақында Мұсабаев деген бай сәудегердің қорлығына шыдамай Шарипа деген қазақ қызы суға кетіп өлді...

Тоқаш сұрланып, қайта орнына отырды.

— Бәкен, сен Құрышлайды сол Бабашевтің үйіне алыш бар. Айгүлге кездестір... Құрыш, сен хал-жайын біл!.. Мені жолшыбай Қытай губернаторының мекемесіне қалдырып кетіңдер.

— Мұнда Уалий деп атайды, жандарал деген сөзді білмейді, — деді Бәкен білгенсіп.

Ақша төлерге келгенде Тоқаш қалтасына қолын салды да, қайта тартып алды — Николайдың күміс ақшасын берсе қайтер еді?

— Ал, Құрыш, ақша жоқ. Сал залогке киіміңді.— Құрышпай қарқ-қарқ күлді.

— Мен атқосшы да, мырза сен. Төле!

— Мә! — деді Тоқаш күмісті ұсынып, ас тасушы өз-

бекке.— Ресейдің ақшасы. Өзбек басын шайқады, жүрмейді. Тоқаш кеше Қорғаста Николайдың біраз ақшасын Үрімшінің ланына, Қашғардың сарасына, Ілеңің тензасына ауыстырып алған. Кім біледі, қазақтарды іздеп, басқа үәлаятқа барып қала ма. Ат тағасы сияқты күміс ақшаны ас тасуышыға Тоқаш ұстата берді де, артығын алмай жүре берді.

Бұлар тысқа шықса, кеш қарайып қапты. Енді үәлаятқа бара алмас. Ұшеуі тұра Бабашевтің ордасына тартты.

Қаланың орталық көшесінде екі қабат тас үй екен. Жан-жағы биік дуалмен қоршалған. Үлкен қақпа тас бекілгенді. Е, мына үйден Айгүл сәйалықпен кете алмас. Тоқаш қанша қиналғанымен өзін-өзі басып, берік ұстаяға тырысты.

— Бұл қалада кеш болса терезе де, қақпа да тарс жабылды! — деді Бәкен қала тәртібімен таныстырып.

Ссл-ақ екен, Құрышпай Бәкеннің иығына мініп, дуалға шықты да, аржағына секіріп түсіп, есік ашты. Аула іші бақша. Ссл жақта үйге кіретін баспалдақ. Ұшеуі сатымен жесары көтерілді. Тоқаш іштегі ойдың қызуымен бір қадам алға басты да кенет тұра қалды. Екеуін кері шақырды.

— Біздің үшеміз бірдей салып барғанымыз жөнсіз болар. Әуелі Бәкен кіріп, жансыз білсін. Егер Айгүл кездеспесе, Аянбектің өзін тысқа алып шықсын! — Тоқаш сөзін ол екеуі де қоштады. Бәкен кіріп кетті де, Тоқаш пен Құрышпай тыста қалды. Бұлар бақшаның ішіне барып, ағаш түбіндегі орындыққа отырды.

Тянь-Шань басына лезде жиылған қара бұлт қала үстінен түйілді. Тау алқабына жаңбыр да жауа бастаған тәрізді — бұлт етегі ыдыраған, жұлым-жұлым. Тау шынында сіріңкедей тартылған наңағай, тұтанбай, жарқ етіп, қайта сөнеді.

Бәкен кешігейін деді-ау. Тоқаш тықыршып, Құрышпайға көз қыығын қайта-қайта тастайды. Құрышпай күбірлеп, өзімен өзі кеңесіп, жұмбақ тас үйге тесіле қарайды. Кіріп барып, ойран салғысы келген адамның пішіні бар.

Тосқан адамға уақыт ұзақ... Бір қыдыр заман өткен сияқты болды. Әлдебір мезгілде есіктен дабдыр-дұбыр етіп, екі адам асыға шықты: біреуі Бәкен, ирең-ирең өткен бойынан-ақ белгілі. Екінші... шоқша сақал, дембелше... Аянбек!

Аянбек келе бассап құшақтады.

— Он, бауырым! — Аянбектің көзінен жаң мәйшәқтай³ домалайды. Ерні кемсөндеп, амандық сұрауға да шамасы келмейді.

— Айгүл... қайда? — Тоқаш шыдай алмады.

— Айгүлжан осында...

Тоқаш жүргіл, аузына тығылды. «Осында? Неге мұнда!.. Тұрмысқа шықты ма?» — деген сөз тілінің ұшына тағы оралды.

— Айгүл қазір ән салады дейсің бе? — деді Бәкен.

— Я... Бүгін бұл үйге қонақ келеді...

— Ей, Аянбек, қалбалақтама, отыр! Есің шығып кеткен бе, бишара! — Құрышпай етегінен тартты. — Ал, енді баһыптаң айтшы өзің: Айгүл не істейді бұл үйғырдың үйінде, сен не істейсің?

Тоқаш әдел сақтап, айта алмай отыр еді, Құрышпай ойының үстінен түсті.

— Ей, тәйір тегі! — Аянбек қолын бірақ сілтеді. — Әй-теуір тек итшілеген өмір де... Мен ат күтем Айгүл...

Құрышпай әрі айтқызбай кие жөнелді:

— Не деп отырсың шатып?..

Аянбек еңкілдеп, балаша жылады. Тоқашты біреу қаралғыстан салып, еткендей болды. «Өлімнен ұят күшті» айта алмай отырғаны сол екен фой. Әрі қарай селсоқ тыңдады Тоқаш. Бірақ Айгүлді көріп, бір ауыз тіл қатысады ол өзіне мақұл деп тапты.

Қонақтар да көп кешікпеді, дүркін-дүркін келіп, баспалдақпен жоғары көтеріліп жатты. Ұңғай желбекей шапан киген, жуан қарын, тікірдейген мұртты қабасақалдар.

Құрышпай мен Тоқаш ағаш түбінен сығалап, бақылап отыр. Аянбек қақпаны қайта-қайта ашып, жауып әлек...

Тұн ортасы ауа Аянбек келіп, бұл өкеуіне ым қақты — «жүріңдер» дегені. Аянбектің соңынан еріп отырып, бұлар да сатымен жоғары көтерілді. Қаракөлеңкелеу дәлізден өтті. Есіктің саңлауынан сығалады: сәкі үстінде алқа-қотан отырған саудагерлер — ішінде үйғыр да, өзбек те бар. Жының қағып, сзызыла сөйлейді. Арасында еңк-еңк етіп күлісіп те алады.

Тоқаш Бабашевті іздеді. Қасында тұрған Аянбек оның ойын сезгендей, құлақ тұсынан сыйырлап:

— Терезе алдында тақтада шынтақтап жатқан байдың өзі!..

Бай дегеннің — бет-аузы түк, қонқақ мұрын, ашаң жүзді мосқал еркек. Жан-жағына тыжырығына қарайды. Ешбір пендені менсінбейтін, өмірді алақанына сап өлшеген адамның пішіні. Үлкен қара көзін оң жағына төңкерді. Сол оң жаққа Тоқаш та көз тастады. О, тоба! Айгұлдің өзі рой? Ақ жібек кейлек киген, басында оқалы тақия, қолында домбыра. Жүзін анық көре алмайды. Тоқашқа қырын отыр.

Тоқаш енді жүргімен алысты. Кіріп барып, қабасақалдардың ұсын бұзып, Айгұлді тафтыв әкетсе ше!.. Арғы жүрек түбінен, бір дауыс қарсылық білдірді: «Жоқ, жоқ, тәсіл керек. Туған жер емес. Бөтен ел. Сабыр, Тоқаш, сабыр!» деді соққан жүректің дүрсіліне айналып.

Домбыра күбірлеп, тұтығып, мазасыз сарын ойнады. Одан Жетісудың күзді күнгі қоңыр желіндегі сұық леп білінеді... Сарын әнге айналды. Айгұл нәзік дауыспен Тоқаш естімеген бір әнді айтты.

Сағынам, туған жерім — алтын бесік,
Жүрмін ғой бөтен елде азап кешіп,
Зарлаймын, жалынамын, тағдыр саған
Кететін күн тұа ма қайта көшіп?..

Бұл ән емес, зар ғой. Жас жүректен қысылып шыққан мұң, қасіретті дорбасақалдар ұғар ма? Оларға күлкі, думан керек. Әне, біреуі — «пай-пай!» деп, тамсанып, ыржияды. Дәу де болса — не айтқанын ұққан жоқ.

Айгұлдің зары алпыс тамырды бірдей қозғады. Көзде жас та іркілді...

...Сарғайып күзгі гүлдей мен семемін.
Қайғырып, үмітім жоқ, мен сөнемін,
«Мен» деген жүрек соқса сезер еді,
Білмеймін, ұмытқан ба, не себебін...

Тоқаш қасындағы еңкейіп, сығалап тұрған Құрышпайдың иығынан қатты ұстады — тырнағы бырш-бырш батты. Анау қымсынып, кейін шегінді.

— Сабыр, сабыр! — деді Құрышпай сыбырлап, жеңінен тартып. — Жүр, шығайық. Бір ой туды!

Бұлт тарқап, аспан ашылған екен. Ай Тянь-Шань тауына қонақтапты. Жұлдыздар жыптықтап, әлденеден ұялған тәрізді. Бақша көгілдір түске бөлген, мұлгіп тұр...

Тоқаш пен Құрышпай қалың орман ішіне тереңдеп барып, томарға отырды.

— Естідің бе? — деді Құрышпай. Тоқаш «нені» деп сұраған жоқ.

— Айгүл — торға түскен торғай... Тез құтқарудың қамын ойлаған жөн.

— Аянбек шақыра алар ма екен...

«Шақыра ала ма» деген Құрышпайдың сөзі тағы да Тоқаштың қытығына тиді. Өз баласына еркі жоқ па? Әлде... Бабашев қожа болған ба?... Осы әлгінде Аянбек жауап орнына сөзіне қақалды, айта алмаған бір сырғы бар.

Бәкен үйден қайта оралды. Қонақтар тарқап, Бабашевтің бөлмелерінде шам сөніп, үйқыға тегіс шомған, малыш-жалшыларының бәрі де тыныс алған сияқты. Дабдыр сөз, кісі аяғы тегіс басылған. Аянбек пен Айгүл әлі жоқ.

Тоқаш екі тізесін қапсыра құшақтап, иегін колының үстіне төсеп, байдың үйіне телміре қарайды. Асау аттай тулаған ой, арман бойды кернеп, жүйке тамырды домбыраның шегіндей ширатады. Кейде Тоқаш булығып, ой түйінін жоғалтып та алады.

Шынымен Айгүл сертін ұмытқаны ма?.. Жаңа не деді? «Мен деген жүрек соқса сезер еді деді-ау?.. Тоқаш сезебесе, Құлжаға іздеп келер ме?.. Тек өзі сертін бұзып жүрмесе.

Сықырлап есік ашылды. Басына шапан бүркенген біреу тұра бұларға қарай жүрді — Айгүл болар.

Тоқаш орнынан тұрды. Құрышпай да керенаулап турегеді. Бәкен қозгалмады. Тоқаш шыдамай қарсы аяқдады. Қоссалқы ой етегінен тартып, сыйырлағандай, кейін шегінді: жиырма қадам қалды... Шапанды сыргытып жіберіп, Айгүл Тоқашты бассалды. Тоқаш үнсіз баурына қысып, аймалап, қараңғыда ернімен қыздың ернін іздеді. Айгүлдің жас денесі дір-дір етеді, қолға түскен маралдай, әрбір тамырының соғысина дейін сезіп тұр...

— Айгүлім!..

Қыз өкігін баса алмай, толқып Тоқаштың бауырна тығыла берді. Қуаныш пен қорқыныш жүректі қатар қақтырғандай.

Тоқаш сол құшақтаған бойында Айгүлді көзден тасалау, бақшаның қалың ну ішіне алып барды.

— О, тәнірім... — Айгүлдің даусы өте нәзік, дірілдеп шығады. — Менің де көз жасымды иген екен. Сізді көрем деген үмітім жоқ еді, Тоқаш аға!

Бұлардың қасына Құрышпай да келді.

— Ес бар ма сендерде?.. Сыр шертетін жер осы ма?..

Айгұл, сен өзің айтшы: Бабашевқа басыңды байлаған жоқсың гой? Жоқ болсаң еркің өзінде. Айда тарттық! Не бар тұратын? Таң мынау атып қалған.

Тоқаш ақылына түсті. Шын-ау!.. Не тұрыс бар?.. Бұгінгідей орамды жәйт келе бермес. Шала мас саудагер үйді көшіріп жатса да сезбейтін болар. Тоқаш әуелі Айгұлге бұрылды.

— Айекең қайда?

— Баспалдақ түбінде күзетте тұр!

— Күзеті несі? — Тоқаш сезіктенді.

— Бұл үйдің иесі бүкіл Құлжаны алақанына сыйдырып тұрған бай. Ол біліп қалса — жала жауып құртып та жіберуден тайынбайды! — деді байдың содыр мінезінен зәрезеп болған Айгұл.

— Бәкен! — Тоқаш енді әмір бере сөйледі. — Бар да Аянбекті шақырып шық, кеттік!.. Баста, Құрышпай, қақпаны аш!

Бұлар біртіндеп көшеге шықты. Тұнек серпілген, ақтаңдақ. Ағаштардың сала-саласы айқын көрінеді. Бәкен алға түсті, қалғаны соңынан еріп, тұра өзен жиегіне қарай тартты. Тоқаштың ойы — ертеңгі пароммен Айгұл мен Аянбекті арғы қабаққа өткізу. Сондағы қазақтар арасында баспаналасын. Кім біледі, Бабашев полицияға іздетіп, құғын да жіберер...

XIX

Загаруля Құлжаға Бокиннен үш күн болса да бұрын жетті. Салғаннан патша үкіметінің бұрынғы консулы Любаны тауып алды. Қалтасындағы атаман Малышевтың, Никольский шеркеуінің епископы Пимениң хатын жолдады. Загаруля келген мақсатын баяндады: «Қазір Жетісуды билеп тұрған Уақытша үкімет дауыл соққан сеңдей қалт-құлт етеді. Бұғын бе, ертең бе құлауы анық. Сонда үкімет кімнің қолына көшпек? Жетісу өлкесінің қадірлі адамдары Люба шетте қалмай, Жетісу қазактарына қолын созсын, жәрдем берсін» дейді. Шынында Жетісу Москваға енетін қақпа емес пе. Егер ағылшының арыстыны да осы тұстағы қамысты жамылып ұрлана кірсе, Жетісудың Малышев бастаған қазақтары қарсы алmas па еді...

Загаруляның Любага тағы бір тапсырғаны — ауып жүрген қазақтар болды. Бұл аш бөрідей қаңғыған қазақтар

қаңыр шекарадан өтсе — Жетісуды шегірткедей қиратады. Олардың большевиктер ықпалына еріп кетуі де мүмкін. Жақында іздел уәкіл де келмек, соған Любаның мұқият болғаны жөн.

Люба көзілдірікті, атжақты, сойдақ тіс, сыған түстес қара адам екен. Аз сөйлеп, көп тыңдайды... Россияда болған өзгеріске жан-тәнімен қас. Көксейтіні — патшаның ескі тәртібі.

Қазіргі қолдан келген дәрмені — ағылшының Қашқардагы консулы полковник Эссертонмен астыртын байланыс жасаған. Оның шет жағасын сез арасында Загаруляға сездірді де... Люба қайғырады, оңашада көзіне жас та алады. Россияның халі қабырғасына қатты батады. Дүние тарыла бастады. Барар жер, басар тау да қалмай барады Любага. Сонау Саратов губерниясындағы әкесінің имениясы да талан-таражға түсken... Оның үстіне әйелі туған жерді сағынып, мазасын кетіреді...

Ертеңінде Загаруля Құлжаның о шеті мен бұ шетіне дейін шарлап, әбден танысты. Ой-шұқырын түгел аралады. Базардан, көше-көше мүйісінен, мешіт алдынан, сонау өзен жиегіндегі үңгір-қуыстан ауып жүрген қазақтарды іздеді. Тіл қатысып, көңіл қүйімен, танысты — о, бұлар етінен ет кессе де, міз бақпайтын, қайсар көрінеді. Сыр бермейді. Бокин жайында қармақ салып көріп еді, маңдарына дарытпайды. «Білмейміз» деп басын шайқайды. Загаруля алдын ала кимылдамаса, ұтылып қалуы да мүмкін. Любаны ертіп, Загаруля Уалийдың ордасына барды. Көшеге шықса-ақ болды — рикша дайын. Лезде жүгіртіп алып баралы. Кешегі қаңғырып жүрген қазақтардың біразы — Құлжада кісі тасиды — рикша екен.

Тас сатымен жоғары көтеріліп, Уалийдің кісі қабылдайтын «Дөңгелек бөлмесі» атты залына бұлар кіре бергенде, аржағынан біреу сыр етіп, шыға келді. Арадағы сырлы бағана кедергі бол, жартылай көрді — Бокин!..

Ол бағана түбіне жасырынып қалған Загаруляны байқамады. Любага жеркене көз таstadtы да өтіп кетті. Енді ол артына бұрылғанша, Загаруля залға кіріп те үлгірді. Келген екен?..

Көп ұзамай Люба Уалийға кірді, Загаруля ауызғы бөлмеде тосып қалып қойды. Кілем төсөлген дөңгелек бөлмеде екі қытай отыр екен, оларға көңіл бөлген Загаруля жоқ, түрлі түсті шынылы терезе алдына барып, ойының тиегін ағытты.

«Қалайда Бокин Құлжадан Верныйға қайтып оралмауы керек!» — деп Загаруля күбірлеп, қасқа басын сипады.

Тегі Бокин Уалийден рұқсат алған да болар? Жоқ опсай қазақтар қайта қсімас. Ертең Люба өз атынан телеграмма жіберсе — қазақтардың түсі суық, тағы да қантөгіс болмау жағын ойлаңдар десе — Ұақытша үкіметтің уәкілдері не дер еді? Мұмкін, Текес өзенінің аржақ жиегіне артиллерияны сапқа тұрғызып қсійп өткізбес.

Люба Құлжа уәлаятының Уалийна жолығып шыққанша, Загаруля ойы құстай үшіп, Жетісу жетті. Атаман Малышев... Оның ерке қызы Глафира... Епископ Пимен... Бірінің орнына бірі ауысып, тізбектеліп, біреуі күліп, біреуі томсырайып, енді біреуі зілдене қарап, көз алдынан өтіп жатты. Глафира жеңілтек, үшқалак қыз... Әйтпесе... Загаруля ол қызды бұ жалғанда ұмытпайды. Өлсे де қыздың тұлғасы көрге бірге түседі. Ғашық — ит бол бұлаңдап, табанымды жала десе соған көнер еді Загаруля. Әттең, тәкаппар қызы маңына дарытпайды. Сондағы тапқаны әлгі қазақ па?

Анада Загаруля жүретін күні атаман: «Бір өлімге өз көзіммен куә болдым... Қырғыздың күшігі о дүниеге мәңгілік сапар шекті» деген-ді. Анық болса?..

Кіп-кішкентай аяқтарын тыптырлата басып, бұрымды қара қытай Уалий кабинетінің есігін ашты. Аржағынан сорайып, Люба шықты.

Жолшыбай сатыдан түсіп келе жатып, консул:

— Жаңа ғана біздің алдымында Верныйден Ұақытша үкіметтің уәкілі кеп, Уалийге жолықса керек!.. — деді.

— Қазақтарды қайтаруға келісім беріп пе? — Загаруляның шыдамы жетпей асыға сұрады.

— Сіздің қаупыңыз дұрысқа айналды...

Консулдың үнемі өзі мінетін рикшасы бар. Тосып тұрекен, мінді де тайып тұрды. Загаруля рикша тосып қала берді. Уалий ордасынан еңгезердей қоңқақ мұрын, ашаң жүзді үйғыр кеп тоқтады. Жиналған жұрт біріне-бірі сыйбырлап: «Бабашев!» деді. Ол сөзге құлақ қойған Загаруля жоқ, жетіп барды. Рикшага: «Боссың ба?» деді. Ол басын шайқады. Тұрғандар ду күлді: Бабашевтің рикшасына мінетін бұл өзі кім!.. Бірақ ол сөзге түсінген Загаруля жоқ, орысша мықтап бір боқтады да жүре берді. Аяңдап базарға барды.

Өзен жиегіндегі Құлжаның ескі базары — құмырсқаның үасындағы қыбыр-қыбыр етеді. Загаруля бала кезінде Есік көлдің етегінде бір ойпаңға шыққан неше түрлі гүлдерді көргені бар. Қызылды-жасылды, көкшіл-сары гүлдер жел-піген майда желмен теңселіп толқып тұрған-ды. Әдейі қолдан бояған тәрізді. Сол бір көріністі қазір де көз алдына әкелді — базардағы халық тап сол сийпаңдағы түрлі түсті гүл сияқты толқиды. Загаруля шеткі жағына келе бергенде, бір топ қазақты көзі шалды. Ішінде Бокин де жүр.

Мм... Аңду керек!... Қолын қалтасына сап, алты атарын қысып қойды. Түйе жеккен арбаның қасына кеп, жұрт сөзіне құлағын тосты. Түсінбейді. Тегі: «Жетісуға қайт!» деп азғырып жүрген болуы керек.

Загаруля ұзақ күнге Тоқаштың ізін кесіп, соңынан жүрді де отырды. Көрінген қазақ бас сап көріседі. Бәрі тани ма, жоқ сондай беделді ме? Загаруля таңқалады. Өзі де сөйлеуге ерінбейді екін, сейлей береді, сейлей береді.

Күн де батты. Бокин қазақтарға еріп, қала шетіндегі бір үйге басып кірді. Терезесінен сығаламақ боп, Загаруля жақын барып еді, сабалақ ит шабаланып жолатпады.

Қас қарай Загаруля консулдың үйіне оралды.

— Е, қонағым, сені біз жергілік алдық,— деді құліп, Люба қара ала шайыдан қытайша тігілген шапанын желпіп, жұмсақ креслоға стыра беріп.

— Әшейін қаланы тамашалап, жүріп қалдым. Өзіміздің жерлес қырғыздарды қөрдім... Қайтамыз деп шуласып жатқан сияқты. Сіз әлгі келген уәкіл туралы не естідіңіз? — Загаруля консулдың бет-әлпетінен сыр толқынын аңғарғысы келгендей, қадалып көзін айырмады. Люба шешіліп сейлей қоймады. Тек бар айтқаны:

— Бабашев дейтін бай саудагердің қолында қызмет жасап жүрген қазақтар қашып кетіпті, — деді. Загаруля әуелі түсінбейді: бұ да жаңалық болып па? Бұл сұрақты іштей сезгін консулдың әйелі ері үшін жауап кайырды.

— Бабашев қазнамды талады деп шу шығарып, астанакестен ғып жатыр... Әлгінде өзі келіп кетті осында... Іздеу салуда көрінеді.

Іздеңгеге сұраған. Загаруляның күні бойы сандалып іздеңгі осы жанжал. Қаланың талай сумақайларына құлағын тосты — бірі айтпады. Қап, кешірек қалды ма екен, отқа май құйып маздататын?

— Білем қазнаны кімнің талағанын. Әлгінде ғана күшеде сөз ғып тұрган...

— Рас па? — деді Любаның әйелі шыбжыңда, орнына отыра алмай.

— Сөзіме ақы тілемеймін... — Енді Загаруля паянданды.

— Кім дейді?.. Тез айтыңыз!.. Бабашев бір ең жақсы сыйлас досым... — Бабашев тапқан адамға бәйге тікті деп Люба тәптіштеп айтпаса да, Загаруля бұл жолы консулдың қимылынан оған бір пайда түсетінін сөзді. Жарайды. Загаруляның өз пайдасы өзіне: Бокинді ұстаста мұратына жеткені ғой.

— Осында өкіл боп келген қазақ басқарса керек-ті.

— Оны қайдан білдініз?

— Мана базарда бір қазақ қалдырмай түгелдей ақша үлестірді, сонда кейбіреулері сыйырлап: «Гапты ғой, ретін білетін жігіт!» дескенін өз құлағыммен естідім... — Загаруля оспақтап соға берді.

Загаруля шарал ішіп консул әйелінің қасында жалғыз өзі қала берді, Люба түнделетіп ат жектіріп, бай саудагердің үйіне кетті...

XX

Құлжа уәлаятының Уалийі — семізше қара қытай, өкпелеген балаша аузын тсмптиып, Бокинді екінші рет селсоқ кабылдады. Сөзі сараң. Сөз орнына көбіне қымыл, қолы сөйлейді. Тілмаш боп жүрген үйғыр жігітіне мұртын тыжыртса, не кірпігін қақса болғаны, ол түсінеді де мағнасын Бокинге жеткізеді. Тоқаш: «Абақтыда бірнеше қазақтар жазықсыз отырған көрінеді. Соларды да еліне қайтаруды талап етем» деді. Тілмаш қытайша аударды. Уалий басын изеді: «Қарсы емеспін» дегені болуы керек, тілмаш Тоқашқа: «Тағы қандай тілегіңіз бар?» деді.

Тоқаш сөзін жаттап, ойын ықшамдал, жинақы ұстап барған: «Бұл өлкеде тарап жүрген қазақтарды Құлжа қаласының маңына жинауга жергілікті әкімдер бөгет жасап жатыр, және де шекарадан әрі өткізбей тонап жатқан көрінеді. Бұл жалғыз Бокиннің өз атынан қойылған талап емес. Россияда жаңа құрылған үкіметтің талабы!» дегенде Уалий кірпігін қақты. Тілмаш: «Бүйрық беріледі!» деп түсіндірді Тоқашқа... Осы кезде Уалий мұрнын тыжыртты.

Тілмаш Тоқашқа басын иіп, қолын жүргегіне басты — сөз бітті дегені. Бокин тағзыым жасап, шығып кетті...

Тоқаш қазақтарды паромға мінгізіп, лек-легімен Іле-нің аржағына өткізе бастады. Ел ішіне хабар тарады: «Қазақтарды қайтарып жатыр.. Патша тақтан құлапты... Жетісуға жұмақ орнапты... Эдейі ізден Тоқаш Бокин келіпті...»

Тоқашты қазақтар көшеде жүргізбеді, әрқайсысы өзінің туған-туысқандарын сұрайды. Амандық білгілері келеді. Бәрінің аузында бір-ақ қауып: «қайтсақ атып-шауып жүрмей ме?».. Қайтсін, аузы күйген үріп ішеді. Атаманның тырнағы батып кетсе керек.

Көше-көшениң бұрышында топталып, дабырлаған қазақтар алды-артына қараған жоқ — артық зат-бұйымдарын базарға шығарып сатып, елге қайтуға қам жасады.

Сол Уалийге екінші рет жолықкан күннің ертеңінде, Тоқаш қасында Бәкен бар базарға келді. Ниеті — күнде маңайдағы елден қазақтар келіп жатады, соларға жолығып, хабар айтпақ.

Базар шетіне кіре бергенде, алдарынан біреу сырт етіп, топ ешине кірді. Бокиннің көзі шалып қалды — жүзі таңыс. Осы бір калқиған құлақты қайдан көріп еді?.. Қиімде бұл өлкениң салтымен тігілмеген. Орысша... Эскери киім.

Тоқаш ентелей басып, ізіне түсті. Бір орында тұра ма, қыбырлаған жұрттың ішіне сұңғіп көзден файып болды. Тоқаш базар шетіне қайта шығып, жан-жағына көз тастанады. Арбаның қасында екі қазақ қой сатып тұр екен. Тоқаш пен Бәкен солардың қасына жақындей бергенде, мылтық даусы күрс етті. У-шу. Лезде жұрт жинальп та қалды. Полицияның екі қызметкері келіп, қоршап алды — кім атты?

— Мынау! — деді жаңағы қалқанқұлақ Тоқашты қолымен нұсқап. Па! Загаруля! Бұ қайдан жұр ойбай-ау?..

Жиналған жұрт аң-таң... Полиция қызметкери Бокинге түкстие қарайды.

Тоқаш қолын көтеріп, қарсы дау айтып үлгермеді.

— Осының тап өзі! — деді Загаруля тағы да.

— Бұл арандатушы! Жалған айтады! — деп қызба Бәкен боктап, тұра ұмтылды. Полиция қызметкери кесекөлденең түсіп төбелеске жібермеді.

— Куәлік қағазыңды әкел! — деді полиция қызметкерінің бірі Бокинге. Оққа ұшқан адамда ешкімнің жұмысы да болған жоқ, жұрт Тоқашты қоршап алды.

— Мен мұнның білем. Бұл Жетісудың аты шулы бұзығы — Бокин... Ешбір уәкіл емес, жалған қуәлік қағазбен ел тонап жүр! — деді айғайлаپ Загаруля.— Атқаның өз көзіммен көрдім!..

Полиция қызметкерлері Тоқаштың ақтау сөзін елеген де жоқ, мекемесіне алып келді. Бәкенді кіргізбеді. Ол да лада қалып қойды.

Полиция бастығының жүзі ызғарлы. Өзара құңқілдесті де, аз уақыт өткен соң аула ішіндегі жер астынан қазылған тұтқын үйге апарып, жауып таstadtы. Терезе түгіл, саңлау түсетін тесік жоқ. Тоқаш жан-жағын қолымен сипалап көріп еді, отырарга жер таба алмады — сыз. Ұйтқыған ыза кеудені алай-дүлей қылды. Қап, аңдаусызда жауаяқтан шалды-ау! Енді қайтып құтылады? Тегі полицияның да ымы-жымы бір, сатылған тәрізді. Ең болмаса, Құрышпай да білмей қалды-ау!..

Қанша мезгіл өткенін аңғармады, қалғып кеткен бе, есік ашылып тергеуге шақырды. Дала қап-қараңғы, әлде көзі үйренбегендік пе, әйтеуір, Тоқаш түн ортасы деп жобалады. Солай да болуы мүмкін, себебі: полиция бастығының алдында үш пілтелі шам жауып тұр.

Манағы құшық бет, қитар көз қытай отыр екен, салғаннан жауапқа кірісті: «Қайдан келген? Кім өзі? Не іздеп жүр!» — бірін қалдырмай жазып, қағазға түсірді... Ең ақырында базардағы атылған қытайдың өлімі жайында сұрады да, Тоқаштың айтқанын жазып қайтарып жіберді... Осыдан кейін үш күн өтті. Ешкім қатнаспады...

Мына Құлжаның тұтқын үйі — тірі көр екен! Верныйдың абақтысы мұның қасында жұмақ сияқты көрінді Тоқашка...

Есік ашылды — Тоқаштың бетіне біреу уыстап жарық шашқандай болды. Тоқаш қорғанып көзін жұмды. Екі қытай,— жуантық, жастау келгені алдына түсті де, қолына мылтық кезенген ұзын бойлысы артынан еріп, полиция бастығына алып кірді. Анада жауап алған қитар көз қолындағы қауырсын қаламның түбімен шекесін қасыды.

— Сізге екі айып тағылады: Құлжаның әйгілі саудагері Бабашевтің үйіне түсіп, алтынын ұрлап, қолындағы күтуші қызын алып қашып кетіпсіз... Оның ертеңінде қытайдың белгілі шебері — сағатшысы Лю Шиді атып, қалтасындағы алтын сағатын таламақ болыпсыз. Ол сағат мынау! — деді полиция бастығы одагай тілмен.

Бұл Загаруляның таққан пәлесі. Бұл іске Бабашев та суық қолын сұққан. «Алтын!..» «Күтуші қызы!» — Бокинді қалай да абақтыдан шығармаудың айласы. Аңдыған жау алмай қоймас. Аяқтан шалған жерін көрдің бе?.. Туған жердің топырағы да болысады деуші еді. Енді кім қол созар екен? Қаңғырып бытырап жүрген қазақтардың ара түскені не, түспегені не? Жалғыз Құрыш көпке топырақ шаша ала ма?

— Бұл жала, тақсыр! — Тоқаш қайрат білдіре сөйледі. Іштегі ыза бет-аузын дуылдатты. Мойнына арқанды сап, қылғындырып тұрғанда жанталасып бұлқынып, әрекет жасап байқамай, арам өлуге бола ма!

— Қалайша?

— Мен елші! Россиядағы жаңа үкіметтің жіберген елшісімін. Сіз неге тексермей, жала сөзге сенесіз?

— Сіздің кім екеніңді жақсы билетін адам күэ болып отыр!

— Ол кім?

— Бұрынғы Россия елшісі мен сол елшінің Россиядан жақында келген кеңесшісі!

— Россияда қазір жаңа үкімет, — ескі патша үкіметі құлаған. Егер Құлжа уәлаяты Россияның жаңа үкіметін танымаса — онда бір сәрі... Любa бұрынғы елші, ол — қашқын. Оның маңындағы адам, жаңа үкімет жазаламақ болған соң шекарадан қашып өткендердің бірі!

Полиция бастығы иығын көтеріп, таңданған пішін білдірді.

— Біз тегі ескі елшіні көбірек танитын сияқтымыз.

— Онда... — дей беріп Тоқаш аз мұдірді: «Жаңа үкіметке телеграмма беріп, менің кім екенімді анықтаңыз!» деген сөз тілінің ұшына оралды. Айтса ше?.. Жайнақов пән Уақытша үкіметтің екілдері суға батырмаса, ақтап ала ма... Енді қандай амал бар? Куәлік қағазға сенбей стыр. Жоқ, уақыт өткізу керек. Берсін Верныйға телеграмманы, ол екі ортада Тоқаш есебін тауып, құтылуға амал жасап қалар...

Тоқаш ерегеске кірді. Салғыласып отырып алды — Тоқашқа енді бәрбір, «шешінген судан тайынбас».

Полиция бастығы бұрын мұндай қылмыстық кісіні көрмеген бе, абыржып, ығыса берді. Тоқаш сөзбен шалып, аузын ашыромады...

Тағы да тірі көр. Іс біткен соң тегі үлкен абақтыға қө-

шірмек түрі бар. Тоқаш ешкім айтпаса да — іші сезеді... Құтылу айласы бар ма? Жалғыздықты Тоқаш осы жолы бірінші рет мойындады.

XXI

Бәкен бүкіл базарға: «Тоқашты тұтқынға алды!» деп жар салды. Мыңына ілеңде бір топ қазақтар жиналды. Бәкен көрген-білгенін тегіс айтты. Есі ауып жүрген қазақтарда не ақыл болушы еді! — Шоқпар алғып, абақтыға шабуыл жасау керек дегенді ұсынды біреуі. Тап осы мезгілде аржақтан Құрышпай да оралды — Айгүл мен Аянбекті апарып, орналастырып қайтса керек.

— Не болды, жігіттер? — деді алға ентелеп Құрышпай. Бәкен тағы да қайта баяндады. Құрышпай сұрланып, қабағын түйді.

— Қаланы жақсы білетін жүрдек үш жігіт қасыма ерсін. Кәне, кім бар?

Бәкен бастаған үш жігітті Құрышпай соңынан ертіп, Құлжа уәлаяттына барды. Шағым жасады. Уалийдің тілмәші үйғыр жігіт көмек беруге уәдесін берді.

Күндер зымырап өте бастады. Құрышпай ұдайымен үш күн уәлаяттың қақпасын құзетті. Жауп ала алмады. Үйғыр жігіт үшінші күні: «Уалий полиция бастығына тапсырды, содан біл» деді.

Полицияға барса Құрышпайдың өзін де ұстап тұтқынға алуы мүмкін. Загаруля Тоқаштың қасындағы серігі — Құрышпайды ұмытты дейсің бе? Таба алмаған болар...

Құрышпай енді ел-жүрттанды, бүкіл мұсылман халқына жар салды, Бәкенді бас қып, бір топ жігітті қала мен маңайдағы елге жіберіп бір күнде бір дорба ақша жинады. Құрышпай санаған да жоқ, Бәкенге арқалатып, полиция мекемесінің алдына келді.

Кеш қарайған мезгіл еді. Көшеде жұрт аяғы басылған. Бәкенді тыста қалдырып, Құрышпай мекемеге жалғыз өзі кірді. Құзette қалғып қарт қытай отыр. Қолында сырлы, қара таяқ — полиция қызметкерлерінің белгісі. Құрышпай жұдышықпен бір қойса — сесспей қатар еді. Не көрек, эттең, туған жер емес. Көрінгені көзге тұртеді...

— Тақсыр! — Құрышпай кеудесіне қолын басып, тағзым жасады.

Карт қытай көзін ашып, басын көтерді. Таңдана қараралды — тегі Құлжа қазақтары полиция маңына сирек келетін тәрізді. Құрышпай өзінің мұңын айтты — жалғыздосы бар-ды, соны жазықсыз қамап қсійған. Бар қылмысы — біреумен базарда төбелесіп қалған. Ол төбелескен қазақтың бірі тыста тұр, кешірім сұрайды, Қытай таңдана карап, басын шайқады — түсінбейді. Енді не істеді?

Есіктен басын сұғып Бәкенді шақырды.

— Сен Құлжада бір жылдан бері жүрсің ғой, қытай тілін білесің бе? — Құрышпай Бәкеннің жеңінен тартты. Бәкен де жөнді білмейтін боп шықты. Бірлі-жарым үйренген сөзін миының түбінен теріп, оған қол қимылын қосып, бет-аузын жыбырлатып, әйтеуір бірдемені түсіндіргендей болды. Қытай екеуін ертіп, ішкі есіктен аулаға қіргізді.

Биіктігі екі метр дуалмен қоршалған кең аула екен. Төрт бұрышта — төрт құлақ. Әрқайсысында бір-бірден құзетші. Ауланың түпкі жағында жартылай жер астынан қазылған тапал шым үй. Қытай қолымен сол үйді нұсқады — тұтқын осында отыр дегені болу керек...

Бәкен дорбаны қытайдың қолына ұстата берді де тағы да аузы-мұрнын жыбырлатып, «тұтқынды босат!» деп ым қақты. Қытай дорбаны ашып қап, қайта жапты. Бәкеннің иығынан қақты да, дорбаны өзіне қайырып берді. Алмады.

Енді қайтті? Бірін-бірі үқпайды. Құрышпай Бәкенге жабысты — қытайша білетін кісі тап!

Құрышпай өзі сол маңда қалды да, Бәкенді танысына жіберді... Түн ортасынан ауды. Бәкен әлі жоқ. Не болды?.. Айгүл мен Аянбекке Тоқашты ертіп, қае қарайғанша оралам деген де. Мә, саған оралу!.. Құрышпай өз бармағын өзі, тістеді — Тоқашты кеше бекер тастап кеткен екен! Мүмкін Құрышпай қасында болса, мұндай қүйге ол түспес не еді?..

Көшениң ортасымен серең-серең етіп біреу келе жатыр — Бәкен ғой. Құрышпай қарсы жүрді.

— Тілмаш таба алмадым. Қытайша жақсы түсінетін дүңған бар еді, Қорғасқа кетіпті. Ертең қайтпақ дейді үй іші. Тағы бір екі жерге барып, іздел көріп едім, табылмады.

Осы сәтте Құрышпайға бір ой сап ете түсті. Бірақ Бәкенге тәптіштеп айтпады. Тұнді екеуі қаланың ортасындағы бақшада өткізді. Ну орманың ішіне барып, таң атқанша үйықтады.

Қала оянып, жұрт жүре бастағанда Құрышпай мен Бә-

кей полиция мекемесінің қасына келді. Қөзге түспей, елеусіз болу үшін, екеуі полиция мекемесінен әрірек барып тұрды. Бір кеңде құзетші қытай да қақпадан шығып, тұра бұларға қарай жүрді. Құрышпай Бәкеннің қолынан тартып, қасындағы үйдің ауласына тығылды.

Тарп-тарп басып, құзетші де өтті... Құрышпай мен Бәкен соңынан ерді де отырды. Әлден соң құзетші базарға жақын қамыс үйге барып кірді...

Сол күні кеш қытайша билетін Құлжаның тұрғын қазагын тауып алып, Құрышпай құзетшінің үйіне келді.

Құзетші жүдеу тұрады еken — жаны көп, көпшілігі жұмысқа жарамайтын қызыл шақа балалар. Өзі қалқаның астында ағаштан ойыншық жснып отыр — маңы толған балалар, бірі ойыншық сырлап, бірі кептіріп жатыр — базарға апармақ. Құрышпай мен қазақ олардың қастарына кеп, амандық жасады. Қытай таныды — құлімсіреп, басын изеді.

Қазақ әуелі ойыншық жайын сөз қылып, орагытып, сыр тартты. Ақыры келген мақсатына көшті — тұтқынды бір түнде босатып жібере ала ма? Ақысы — бір дорба ақша. Қарт қытай ат-тонын ала қашты. Қорқады... Бұл күні әбден шаршаган Құрышпай, тілмәш қазақтың үйіне кеп, үйқыдан талып жығылды. Таң атқанша аяқ серіппеді...

Сол түні Тоқаштың қасына үйғырдың бір жас жігітін әкеліп салды. Жігіт ағылшын байы Арнольдтің тері заводында істейді еken. Жақында жұмысшылар ерегесіп, қызметке шықпай қойған. Тері цехтың бас ісмері жұмысшылардың еңбегін ыңғай кем жазып жүрген. Жанжал осыдан шығады. Бұлікті бастап жүрген «осы!» деп ол Валихұлды үстап берген.

Тоқаш әуелгі кеңде тартына сөйлесіп, сыр сақтап отыр еді, ашық, жарқын мінезді, сөзуар жігіт ықтиярга қоймай Тоқаштың баурына кіріп кетті. Әсіресе, Тоқаш өзінің кім екенін айтқасын Валихұлдың реңі өзгеріп, елегізіп, Тоқаштан Россияның жайын сұрай берді.

— Россияда патша тақтан құлады дегені рас па, ағай? — деді ол. Бадырайған үлкен қой көзі қараңғыда мысық, көзіндей от шашады.

Тоқаш Россиядағы революцияның дауылды Жетісуға деңін жеткенін сипаттап берді: кәзір дауыл әлі басылған жоқ. Валихұлдың өзі сияқты жұмысшылар өмір кемесінің еске-гін өз қолына алмақ бол жатыр.

— Россияда бір адам бар. Оның аты Ленин. Бұкіл Россия халқының жүздеген жылғы арман-тілегінен туған кеменгер. Сол Ленин өзінің тілін алатын, өзін жақсы көретін адамдардан топ құрып, ұзақ жылдар патшамен күресіп келеді. Мен де сол кісінің соңынан ерген жанмын. Біз туралы әлі естисің, тек құлағыңды біздің жаққа түре біл!.. Асылында өзіңмен сырлас, мұндас тобың болса, сені жалғызырыптың көрінеді гой. Орыс халқы: «Жалғыз адам майданда жауынгер емес» дейді. Кедейлер бір жеңнен қол, бір жағадан бас шыгарса, Арнольдтің тісі бата алмас еді!.. Налыма, жігітім! Біздегі дауыл осылай қарай келе жатқан жоқ па! Ертең-ақ жетеді. Күт! — деді Тоқаш құліп, иығынан қағып. Валихұл үнсіз тыңдайды. Тоқаштан көзін алмайды. Кейде суықтан тоңған адам сняқты, бүрісіп, жанжағына алақтайды. Эңгімeden әңгіме туып, бұлар ұзақ кеңесті. Аздан соң әңгіме таусылғандай әрқайсы өз бетімен үнсіз отырып қалды. Тоқаштың ойы енді өзінің өміріне үйтқып соқты. Бұл тордан қалай құтылу керек? Валихұл Тоқаштың жабыңқы көңіл күйін сезгендей:

— Аға, сіз босанам деп ойлайсыз ба? — деді де, Валихұл Тоқаш жауабын құтпестен өзі жауап қайырды: — Сіздің іске Бабашев араласса, халіңіз мүшкіл екен... Біз отырған абақты бір махалладағы полиция бөлімінің зынданы. Әдетте бұл зынданда үш күннен артық ұстамайды. Бірінші жауапты алған соң қалалық ұлken зынданға жібереді. Оған бір түскен адамның қайтып шығуы екі талай. Ешкім қарамайды. Сонда іріп-шіріп жата береді. Бұл Құлжара заң жоқ... Құтылам десеніз осы махалла зынданында қам жасап калыңыз! — деді Валихұл.

Тоқаштың тынысы тарылып, көйлегінің түймесін ағытты. Салқын зынданың ішіне біреу от жаққандай.

— Валихұл, сен қытай тілін білесің бе?

— Білгенде қандай...

Тоқаш көп күннен бері айла-амал іздеген-ді, енді жігітке сеніл сол сырын айтты...

Тұн ортасынан ауған кезде Валихұл қатты шыңғырып есік қақты. Аздан соң абақты қараушысы шал тесіктен сыйғалады... Көз ілескен жоқ, Тоқаш Валихұлды алып ұрып, астына басып, қылғындыра бастады. Абақты қараушысы жалма-жан есікті ашып, кіріп қелді. Шамын жоғары көтеріп, айғай салды «Тоқтат» — деп бүйріқ бергендей. Жерде домалап жатқан Тоқаш, Валихұлды қоя сап шалдың бар пәрменімен аяғынан тартып қалды. Жалп етіп шал құ-

лады. Шамы қолынан ұшып кетті. Дайын жатқан Валихұл ұшып тұрып, шалдың аузын басты. Қолма-қол екеулел шешіндіріп, киімін Тоқашқа киіндірді. Есікті сыртынан мықтап жапты да, Тоқаш Валихұлды алдына сап айдаған, полиция қүзетшісі отыратын бөлмеге алып жүрді. Абақты қорғанының құлағында тұратын жасақ бұлардың кім екенін сезбей де қалды. Шылым тартып, бейқам отырған қүзетшінің бетіне Валихұл бір уыс топырақты шашып жіберді. Тоқаш жолбарыстай секіріп қүзетшінің үстіне қона түсті. Қол-аяғын байлап, екеуі көшеге атып шығып тұн өріне сұңғіді де кетті...

XXII

Қараңғы тұн. Көбік атқан асай Іле де булығып, қайықты лықсытып, батыра жаздайды. Ай әлі туған жоқ. Су сылдыры, күбір-күбір сөздің өзі анық естіледі. Тұнық ауда айғай сап тұр. Ескектің бір басында Тоқаш, екінші басында Валихұл. Есіп келеді...

Арғы қабаққа өтісімен ауылдың басты адамдарын шақыртты Тоқаш. Шырт үйқыда жатқан халық үрейлене турағелді. Екі үйдің арасындағы трашпенке арбаның қасында тұрған Тоқашты қоршап алды.

— Туыстар! — Тоқаш сыйырлап сөйледі. — Патшаның жендеттері менің соңымнан қуып, осы Құлжага келіпті. Жаламен ұш күндей мені абақтыда ұстады. Міне, бүгін айламен қашып шығып отырмын.

— Қазір қуып келіп те қалуы мүмкін! — деді бір бүйірден Валихұл Тоқаш сөзін аяқтамай.

— Таң атысымен көшіңдер! Шекарада тосамыз... Жолда кездескен қазақтарды қалдырмай ала жүріңдер!.. Жар салыштар — елге қайтсын! — Тоқаш Аянбекке қарады. — Көшті басқаратын Бәкен болады! Олар қайда? Қалада жүр ме? Тез кісі жіберіндір — таң атқанша осында болсын! — Жиылған жұрт үн-тұн жоқ тарай бастады. Аянбек Тоқаштың қасына жақыннады.

— Айеке, Айғұл қайда?

— Ұйықтап жатыр, қарағым!

— Оятыңыз.. Киінсін... Таң ата Құрыш келісімен жүреміз. Төртеуіміз бір арбага сиярмыз...

Жұрт тарқап кеткенде Тоқаш арбага сүйеніп тұрып калды. Я, сапары оңынан шықпады. Аяқ астынан пәле табылды. Оған кім кінәлі? Әлде Тоқаш аңқау болып, сондық-

тан жау тырнағына оңай ілініп қалды ма? Азап шегіп жүрген жігітерге ой туғызып, жігерін қайрамақ еді, оның орына сөзі шолақ қайрылды. Жүрек қыздыратын жалынды сөздер табылмай бүйрық тәрізді бол шықты. Дұрыс ұқса жақсы ғой, кім білсін? Әлде өз басын қорғаған қорқақ дей ме?.. Тоқаш өмірде осы пікірден сасады. Батырлық, деген ақылсыз отқа тұсу емес, қорықсанға қос көрініп, қашу да емес, қыын кезеңде табанды болып, ақыл тауып, қайрат көрсету... Бар күшті, айла, тәсілді жұмысай білу.

Әдейі келген ісін аяқтамай, қайта-қайта түнделетіп, кеңін қашса — ол басын қорғағандық па?.. Әлде Загаруляға кегін алғызып, Құлжаның абақтысында шіру дұрыс па еді? Онда баяғыдан бері орыстар айтқандайын: «бақшаны қоршап» керегі не еді?.. Өз әрекетіне өзі шұбәланып, жүргегіне үңілді...

Аянбек Айгүлді оятпақ бол келгенде қыз құркениң алдында тұр еді.

Айгүлдің жүрегі кешеден бері мазасызданып, тұзаққа түскен қояндай, аласұрып біткен-ді. Осыған, кесепатқа бастап жүр екен ғой. Өзі де сезген-ді — Бабашев тегін қалдыруши ма еді?..

— Тоқаш ағай! — деді Айгүл ақырын ғана. Қасына келген Айгүлді сезбеген Тоқаш жалт бұрылып, құшагына қысты.

— Айым!.. Гүлім...

Айгүл үнсіз ернін тоса берді; денесі балқып, буындары босады — Тоқаштың кең қеудесіне сүйенбегендеге құлап та кететін бе еді... Айгүл есін жинады.

Таң белгі бере, Құрышпай да жетті. Лезде ауыл абыржұбыр болды да қалды. Сыбыр-сыбыр сөз... Тұншыға жылаған бала даусы... Зеку... Сынған ыдыс. Қираған уық...

Тоқаш Валихұлдың бетінен сүйіп қоштасты да, Құрышпай, Аянбек, Айгүл — төртеуі трашпенкеге пар ат жегіп, Қорғасқа тұра тартты. Он екі шақырым жерге сар желіспен бұлар заматта жетті.

— Тсқа, Қорғаста түстенеміз бе? Елшілік қағазынды көрсетерсің... — Құрышпай қалжындарап сөз бастады. Айгүл де, Аянбек те Құрышпай әзіліне түсінген тәрізді — жымияды.

Қалжынды Тоқаш жақтырмайды. Бірақ, тап қазір Тоқаш Құрышпайға дең қояды. Бұл сөздің үлкен астары бар — шекарадан ашық елші, есебінде өтеміз бе, жоқ, бөрідей үрланып өтеміз бе? — дегені. Әрине, Құлжадан телег-

рамма келіп, күзетшілер аңдып та тұрған болар. Айгүлдің өмірі үшін сақтық керек. Өзеннің бер жағындағы қазақ аулына келіп, саялап, кеш қарай әрі, Жетісу өтуі дұрыс..

Ауыл жаңа ғана тұрып жатқан сияқты — қотанда, жерошақтан тұтін үшіп, ауыл үстін көк тұман басқан. Үй маңында өрістен қалған ақсақ-тоқсақ мaldар мен бірлі-жарым тұсаулы аттар көрінеді. Шабалана үрген иттің даусы жақындай берді.

— Бұл ауыл Құлжаның қожасына ұстал беріп жүрсе қайтеміз. Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме деген. Бұл жақтың қазағын білуші ме едіңіз, Айеке? — деді Құрышпай, үзілген әңгімені жалғап...

Бұлар ауылдың сыртына кеп тоқтады. Тоқаш арбадан секіріп түсіп, ең шеттегі үйге кіріп кетті. Аянбек те түсті де барқыт жаға салған түйе жүн шапанының етегін қақты. Құрышпай Айгүлдің қасына жақын барып:

— Айгүл, сені Құлжаға апарған Қожанәсір болmas, егер ол болса, қармағын салып жіберіп аспанға бір-ақ шығарар еді, тегі Құлжаға апарған мен сияқты домбайдың, бірі болар, ә? — деді. Айгүл сақылдап күлді.

— Тоқта, ақырын күл! Үй иесі естіп қап, көргенсіз екен деп, қондырмай жүрер...

— О да мүмкін! — деді Аянбек бұлардың сезіне құлагын сап.

— Құрыш ағай, мені Құлжаға апарып тастаған жігіт емес — намыс.

— Е бұл намыс — туған елді тастап, қаңғыртып жіберетін болса, ондай намыс садағам кетсін.

— Ерді намыс өлтірмей ме?

— Мен жеңілдім!

— Э, солай ма! — деді манадан естіп тұрған Аянбек, қызының тапқырлығына сүйсініп.

— Айеке, сөзге ондай мерген емес едіңіз әлде көз мергендігі орнына балаңызға сөз мергендігін нәсіл еткенсіз бе?..

Тоқаш та үйден шықты. Жалпақ жауырынды жас жігіт қасына еріп, бірге келді.

— Мына азамат, дәм ауыз тиіңіздер деп, шақырып тұр. Тезірек кіріп шыға қояйық... Жолды өзі көрсетеді, — деді Тоқаш Айгүлді сүйеп арбадан түсіріп жатып. Үйге кірсе — он жақта бөстек үстінде төгілдіре ақ жаулық салған қар-

таң, толық денелі эйел отыр. Ши жанында күбжіңдеп жас келіншек жүр. Амандықтан кейін бір-бір кесе қымыз берді.

— Сапар оң болсын, ұлken елге бет алған көрінесіздер,— деді бәйбіше сөз бастап.— Жақын ғой, өзеннің аржағы ұлken ел...

Айгұл «ұлken елді» енді түсінді, қазақ жерін айтады екен. Айгұлдің жүргегі соғып, қымызды да іше алмады. Шынымен туған елді бүгін көре ме?...

— Жол білмеуші едік, бәйбіше... Мына інішектен сұрайтын бұйымтайымыз — аржаққа өткізіп жіберсе..— деді Аяңбек қара, шоқша сақалын шоштаңдатып.

— Е, қарағым өткізеді ғой...

Ас салмақ болып еді, Тоқаш пен Құрышпай көнбеді. Коштасып бұлар тысқа шықты. Үйдің иесі жас жігіт, есік алдында байлаулы тұрған қара байталға міне сап, өзен жағалаған кара жолмен жорта жөнелді. Бұлар ссңынан ерді. Ауылдың қарасы көзден үзілгесін, жігіт атының басын тартып, арбамен қатарласты.

— Ұлken елге қызы алып қашып бара жатырсыздар-ау тегі, ә? — деп жігіт жымышп Құрышпайға қарады.

— Онсыз қазақ боламыз ба!... Мына отырған скыған жігіт әдейі Алматыдан келіп, алып қашып барады... Сонымызда қуғын да болуы мүмкін... Азаматсыз ғой, әйтеуір, сайтан болмаса, адам баласы жүрмейтін соқпақ табағер! — Құрышпай шеткі атты бишікпен осып-осып жіберді. Жігіттің байталы да бірге шаба жортты. Өзен жиегіндегі өткелдің тұсына келгенде, жігіт тоқтап, қопаның арасына аттарды матап, байлатты да, өздері арбаның астына көлеңкеге жатып, дем алды.

— Шекарадағы әкімдер көрсө, сәйгелді тиген сиырдай қуып кетіп жүрмей ме? — деді Құрышпай қасындағы жігітке сөз тастап.

— Мүмкін... Көрсө ұстайды... Ақдитыны белгілі өткелдер...

— Эй, жігітім, ер азаматтың басына құн тумайтын кезең болмайды. Бірақ, сонда қол созбаған азамат дат болады,— деді Айгұлдің қасында отырған Тоқаш.

— Мақұл, атам тегі! — жігіт сыпайы қылышпен қызарападаң қалды.

— Ертең осы арамен ұлken елге қазақтар қайтады. Со-ларға колыңдан келгенін аяма!.. Жолдан шөлден келгені болса, бір тостаған сусын болса да ренжімей бер...

Айгұл бұлардың сөзін жөнді тыңдамайды, ынта-көң-

лі Тоқашта, қанша қараса да тоймайды. Қарай бергісі келеді, қарай бергісі келеді. Ақ құба жүзінде бұрынырақ көзге түсетін қою қара қасы... Сәл дөңестеу келген қырлы мұрны... Қылған қара мұрты. Айгүлдің Тоқаш деген сезімі шоқтан тұтанған от сияқты, лаулап, жүргегін өртеп барады. О да Айгүлге бұрынғыдан құмартса қарал, сүйсіне құледі, шын ықыласпен қадірлейді. Бірақ, Тоқаш мінезінде бір өзгеріс бар сияқты. Дәлдеп айта алмаса да, сезіледі. Көзге көрінбейтін, тілмен айта алмайтын құбылыс.

— Эне бір қарайған, адам ба? — деді жан-жағына көзін салып елегізіп отырған Аянбек. Көз ұшында — Корғас жақта, өзен жиегінде бір қара шоғыр көрінеді. Отырғандар тегіс назарын аударды.

— Шекараны аңдып жүретін күзетші бұл!.. Енді қайтеміз? — деді жігіт көзі алайып.

— Ұстаса — әурелейді ғой... — деді Аянбек өңі қашып. Әкесінің бұл сөзі Айгүлге үрей салды. Тоқашқа қарады.

Ол орнынан тұрды.

— Біз қамыс арасына кіріп тығылайық. Ал, сен,— деді жігітке қарап,— ат жайған жолаушы бол, жар жиегінде отыра бер... Сөзге айналдырып өткізіп жібер... Ал, қамыс ішіне кіріп, кісі іздейтін болса, оның айласын Құрышпай табады.

Бәрі де бүкендей, қамыс ішіне кірді. Құрышпай алдынан жол салады. Қамыстың шет жағы құрғақ болғанымен әрі қарай шалшық су екен. Адам батып кетуі де ықтимал. Тоқаш Айгүлді бір тәмпешікке отырғызды да, өзі бүге түсіп, сығалай бастады. Бұлардан он бес қадамдай әрі барып Аянбек отырды, Құрышпай одан да әрі кетті.

Күн ұсына еңкейді. Жел тұрды. Сусылдан қамыс тербелді. Анда-санда құстар да дыр етіп ұшып, қайта қонады... Кейбіреуі тіптен жақын, қастарынан ұшады.

Елегізген Айгүлге мылтық асынған бір топ адам келе жатқан тәрізді. Бағы ашылмаған қызға тағы бір сор кездесті ме? Бабашевтің үйіне қайта барып... тағы келемеж болғаны ма? Жоқ, Айгүл Тоқаштың ақылына сенеді, тағы бір айла табар...

Тырп-тырп басып біреу келе жатыр. Запыс болған жүрегі құрғыр, алып қашуын қарашы... Эне, қыр үстінде тұр... дабдырлаған даусы да естіледі. Қытайша бірдеме деді-ау. Жігіт: «менікі білмейді!»— деді қазақша. Оны Айгүл де, Тоқаш та естіді. Қытай өндіршектеп, тепсіне сөйлеген тәрізді. Тым-тырыс... Жігітті ұстап кетті ме, неге үн қатпай-

ды. Әлемін ішіне тартып, Тоқаш отыр. Өнді бұзылған, құп-қу. Анда-санды жылы көзбен Айгүлге бір қарайды: «Мениң жаным сенімен бірге, не көрсек те бір көреміз. Шыда!» деген сияқты.

Қамыс сыйбырлады. Жігіт тамағын кенеді:

- Тұстар!
- Кетті ме? — Аянбек орнына бірінші көтерілді.
- Ойпрай, бір бәледен сақтады-ау, құдай! — деді Құрышпай қоштап басын қылтитып.

— Қытай халқы момын, жақсы халық. Бастығы жоқта әскерлері жөнді көңіл қоймайды... Көрсе де көрмеген бол жүре береді. Талайлар аржаққа өтіп, қайтып келіп жатады гой,— деді жігіт күліп.

Кеш қарайды. Осы елең-алаңда өтпесе, ай туған соң қыын болады. Бұлар аттанды.

Айгүл қоштасарда, жігіттің мойнынан құшақтап, бетін сүйді.

— Рахмет сізге, ағай!

— Мына жігітті үлкен елден айдал алып кеп жүрген осы қылышың гой... — Жігіт қызыға таңдана қарай, ернін жалады. Көктен үндемей тұрган Құрышпай да инедей өткір тілімен пісіп алды:

— Е, бұ қыздың әлегі жетіп жатыр гой... Қырық есекке болмаса да жиырма есекке жүк!

Бәрі ду күлді. Айгүл өзі де бірге күлді. Құрышпайдың сөзіне өкпелеуге бола ма? Айтса да, зілсіз, әзілмен ғана жанайды.

Екі-екіден атқа мінгесіп, аржаққа өтті. Өзеннің бұл жері терең екен, сұы аттың қабырғасынан келді. Трашпенкені жігітке қалдырып кетті.

Арғы қабаққа өтісімен Айгүл аттан секіріп түсіп, еңіреп, жылап жіберді.

— Қайран елім!... Анамның сүйегі жатқан туған жерім... Садағаң кетейін! — Айгүлдің көзінен жас домалап, өзінен өзі ағыла берді, ағыла берді.

Тоқаш күлімсіреп, Айгүлдің қолтығынан көтеріп, орамалмен көзінің жасын сұртті.

— Айым, мұның не?... Жас... Қайта күл, қуан!... Әнсал! Кісі жылай ма екен? — Құшақтап, жартастың үстіне қарай алып жүрді.

Айгүл өзі де түсінбейді осы жастың қайдан шығатынын. Бұрын ауылда жүргенде туған жердің қадірін кім білген? Туған жердің ең бағалы екенін енді сезді.

Бұлар үлкен, жалпақ тастың үстіне шықты. Төменде ағып жатқан асау Текес. Өзеннің аржағында жымыңдаған от — әлгі жігіттің аулы, одан әрірек от — Қорғастың оты. Онда шекараның әкімі тұрады. Осыдан жарты сағат бұрын Айгүл бөтөн елде еді. Ол жақтың адамы да, жері де жат, ызғарлы еді. Міне енді туған елде отыр — қасында сүйген жары. Бақыт деген осы емес пе?.. Бірақ Айгүл бір нәрсени ұғынбайды. Адамды да, жерді де әртүрлі ғып неге жаратты екен құдай? Мына Текес өзені екіге бөлмей, бәрі неге бір ел, бір жер, бір халық болмайды?..

— Айым, сен неге көңілсіз отырсың? — деді Тоқаш қызыздың бетіне үңіліп. Сенде бір қапа бар. Соны маған айтасың ба?

— Тоқаш ағай!

— Жаңым, аға деген сөзді енді тасташы!

Айгүл құңғірт күлді. Тұнып тұрган барқыт тұнде, Айгүлдің жіңішке даусы жартасты жаңғырықтырды. Тас арасынан сусылдал, қонақтаған құстар да шошып ұшты.

— Жоқ, Тоқашкан!

Тоқаш құшырланып, Айгүлдің ернінен ұзақ сүйді.

— Айтшы?.. Жүрегінде зіл, бетінде шырмау бар сијекты?..

Тұнгі ай жарығы Айгүлдің жүзіне қөлеңке түсірген бе, неге Тоқаш сұқтанады?.. Әлде іштегі зіл-зары бет-пішініне мөрдей басылған ба?

Айгүл көзін Текестің асау толқынынан алмайды, сүйсіне қарайды — өмірге үқсайды — ағып өтіп жатыр, малту білмегендер су түбіне кетіп жатыр. Айгүл өзі де кешегі күні ағып келе жатып үйірім суға кез бол қап, шыр айналған жоқ па?

Тоқашқа сыр айтпау — жасыру деген сөз... Қалай жасырады? Бүгін бе, ертең бе бәрібір ашылмай ма? Жоқжоқ, тілі барып қалай айтады? Жүрегіне оқ атып, жара салған, немесе, у беріп, жанын қинаған жеңіл болар... Міне жалынып тағы сұрады. Айтады, айтқан жән.

— Төке... Тоқашкан. Сіз тыңдаңыз — ықыласпен тыңдаңыз мені бөлменеңіз... — өзім айтайын, өзім айтайын...

... Көшіп Қытай жеріндегі қазақ аулына келді. Шеткі киіз үйдің қасына тірелген Аянбектің арбасы. Ол шеткі үй — сол ауылдың ақсақалы, атақты байының отау үйі. Айгүлдің бағы жанған ба, арба астында жатқан жас қызға, торғайға төнген түйғындар, бай үйіріле түскен... «Тоқал бол, әйтпегенде жер басып, бұл ауылда тұра алмайсың»

дейді. Еті тірі Аянбек атын жегіп, Құлжаға қайта оралады... Қалада тұру оңай ма? Не қалтада ақша, не қолда өнер жоқ. Енді қайтеді? Біраз күн сұр атпен жүк тасиды. «Пәле келмейді, келсе — ала желеді» бір күні сұр ат арам қатады.

Қала шетінде бір дүңғапның үйінде пәтерде тұрады, онда да аула ішіндегі күркені ғана жалдайды. Айгүл сол аулада біраз күн іс тігіп, базарға шыгарып, сатып та көреді. Бірақ қытайдың шебер нәзік қол өнері Айгүлге жол берे ме? Бір күні қалжырап, қолындағы кестелі орамалын өткізе алмай, қайтинақ боп тұрганда, рикшага мінген, әңгезердей қара үйғыр сайтандағы жетіп келеді.

Арбадан тұспей, қолын шошайтып, Айгүлді шақырады:
— Келің?.. Не сұрайсың?

— Не берсеңіз де өзіңіз білесіз!.. — Екі есе артық баға беріп, алыш кетеді. Арасында бір күн өткен соң әлгі мырза тағы келеді, тағы сатып әкетеді. Бұл не гажап, дәл баяғының ертегісі... Жоқ, ол ертегі емес, құрылған тор екен. Үшінші рет, сол рикша бос келіп «қызды бай сарайына шақырады!..» дес қолясканы алдына тосады. Қызы өмірі мұнданға мініп көрген жоқ, қалай болады? Әкесі де білмейді.

Ақыры болмай қызды айтқан «бай сарайына» алып келеді. Іші жарқ-жұрқ етеді. Есіктен төрге дейін төселген масаты кілем, адам басуға айды. Айгүлдің бұрын көрмеген дәулеті. Қандай байлық. Анағы әңгезердей қара үйғыр оқалы шапанға оранған, сақал-мұртын басқап, қылмың-қылмың етіп, қызы алдынан шығады.

Не керек, бір үйінен екінші үйі асып тұседі. Бай Айгүлге аралатып тегіс көрсетеді. Қонақ қылады. Тағам дайындалп берген өзбек шалынан басқа, Айгүл ол үйде тірі жан көре алмайды. Бала-шага деген болмаушы ма еді?..

— Сен осы үйде қал... Маган қызметке тұр. Қызметің сол — есеп-қисап жүргізетін бөлмені жинап, сыпырасың. Басқа уақытта боссың! — дейді бай. Қызы көңіліне секем алады; неге бұл құлап тұр? Мұның арты насырға шаппаса?.. Айгүл құтылмақ ниетпен екіүшты жауап береді:

— Әкеммен ақылдасайын... Ертең базарда жауабын аларсыз! — дейді... Кешкे әкесімен ақылдасады — ол қабыл алмайды. Теріс жауап қайырады. Бірақ үйғыр қызың әкесіне салмақ сап, ақыры көндіреді. Аянбекті ат қараушы гып қызметке алады да, екеуіне бір бөлме беріп, со-

ған көшіреді. Айгүлдің майнына бұғалық енді түседі. О, дүние, адам басынан кешірмейтін қорлық болмайды екен гой. Не керек, қайғы жеген қара түндер, азап шеккен зарлы қүндер өтіп жатады...

Ұйғырдың аты Бабашев екен. Ол саудагер, «ах» деген түкірігі ақша соққан Құлжаның байы екен. Айгүл сонда бір-ақ біледі.

Қыз ұзақ күні оның kontорын сыйрып, столын сүртіп қасынан шықпайды. Бай ыңғай қолына шот алыш, тиын есептейді де отырады. Бірі келіп, бірі кетіп, сапырылсып жатқан қазақ, қытай, үйғыр, дүңғандар. Бірі жылап, бірі құліп шығып та жатады. Неге жылайды, Айгүл жөнді түсінбейді. Әйтеуір бірі сұрайды, бірі береді — ақша деген суша құйылады.

Түсте бай ауқаттанып, аз дем алады. Со кезде қызға жалынды көз тастап, әзілдеп те қояды.

Екі-үш күн өткен соң Айгүл бұл үйдің тағы бір сырын ашады. Бабашевтің үй-іші, бала-шағасы үстіңгі әтажда тұрады екен. Олар жаз шыға қаладан кетеді екен — кейде киіз үй тігіп, қазақ арасына көшіп кетеді де, кейде. Іле жағасындағы бақ ішіне салдырган үйінде тұрады екен.

Бір күні бай үш адамды қонаққа шақырады: біреуі орыс — сол Құлжадағы Россияның елшісі, екіншісі — қызыл көз дүңған да, үшіншісі — Америка саудагері — Бреннер. Тап осы түні байдың тілегі бойынша Айгүл соларға қызмет етеді. Әйелі Айгүлді әдемілеп, өзбекше киіндіреді. Байдың әмірімен кальян апарып беріп, шыға бергенде, қыздың құлағы өзі туралы сөзді шалып қалады:

— Ай-ай, мына сұлуды қайдан таптың?.. Сатасың ба? — дейді дүңған. Аржағын Айгүл ести алмай қалады. Әңгімеге Америка саудагері араласты. Ду құліседі... Байлар сілейте іshedі. Есіреді. Бір уақытта Бабашев Айгүлді шақырып кеп, «ән айт» деп қолқа салады.

Айгүл ризалығын білдіреді. Өзінің айтқысы да келеді. «Елім-айды» зарлап қоя береді. Бір-екі ән айтқан соң, есірген Бабашев бас сап Айгүлді құшады. Қыз құшағынан қашып шығып, ол түні бармай қояды. Ертеңінде әкесіне болған уақығаны баяндан, «кетейік» деп жылайды. Бірақ Аянбек қорқып кете алмайды.

Айгүл ақырын байқаса — қызды да торға түсіріп берген, Аянбекті де қорқытып қойған сол байдың қол шоқпары — екінші бір үйғыр екен.

Қақпанға мықтап түскенін әкесі мен баласы енді біледі. Қалай құтылмақ? Бұларды уайым басады.

Бабашев та ашына кіріседі — беті ашылған соң неге кейін шегінсін. Еркін билей алмай жүрген бозбала ма? Қызыға нелер қымбат көйлек, бағалы зат сыйлайды. Гармонь сатып әперіп, үйретеді. Думан кештерде ән салдырады. Қыздың әбден есін алып, түрлі тәсіл қолданады.

Бір күні бай қызды кешірек, үйдің алды жатқан кезде шақыртады. Жүрегі соғып, Айгүл сезіктенеді. Жұдырығын түйіп, тістеніп, амал іздейді. Бармаса ше? Күштеп әкете ме? Әлде бір шаруаға керек болды ма екен? Қызы үшінші шақырғанда зорға барады. Келсе бай шала мас... Айгүл кейін қарай жалт бұрылғанда аржағынан біреу есікті жаба қояды. Қызы терезеге қарай қашады, бай қарқарқұліп, сонынан тұра ұмтылады. Бас сап, бауырына қысып, көтеріп ап, кереуетке салады. Қызы жан ұшырып, байдың қолын тістейді. Жылайды — бірақ, ол босатпайды. Қызы байдың білек етін жалбыратып, жұлып алады. Қан саулап, үйдің ішін ағыл-тегіл қылады... Қызы аржағын білмейді, есінде қалғаны — терезеден құлап түседі. Қолы шығып, бір ай ауырып жатады.

— Сендер келерден бірнеше күн бұрын ғана төсектен тұрғам... Менің бетіме түскен шырмау осы еді! — Айгүла өксіп-өксіп жылап жіберді; бетін басып, аз үнсіз отырып қалды. Тоқаш өні бұзылып, ернін тістеп, теріс айналып кетті.

Ай да жылдысып, бұлт астына қайта кірді. Ай екеш ай да ұяды ма кім білсін? Айгүл қалай шыдап отыр?.. Әне, жер үстін көлеңке басты — дәл жабырқаған қыздың көңлі сияқты... Айгүл, қараши, Текестің сұы да жүрек тәрізді дір-дір етеді... Тоқаш қайтып оралмас!.. Әне кетіп барады, кетіп барады. Бұл оның біржола кеткені ғой! Енді Айгүлде не өмір қалды? Арманы туган жерге келіп, өлу еді.. Жартастан құласа ше? Қезді ашып-жұмғанша толқынға оранады. Бұл өмірді біржола ұмытады... Айгүл ой шырмауынан шыға алмай мен-зен боп отыра берді. «Құласам ба, жартастан? Енді құласам...» — деп өзіне өзі күбірлеп, толқып отырғанда біраздан соң Тоқаш қайта оралды. Аяқ басысы ширақ. Әлде ызалы ма?

Тоқаш бас сап, Айгүлді құшып, жерден көтеріп алды. Қызы қөзінен аққан ыстық жас Тоқаштың білегіне тамды.

Тоқаш Айгұлді көтеріп, қалың орман ішіне кіре бергенде, сүрініп жығылды. Тоқаш қызды құшақтаған қалпы оның үстіне құлады...

XXIII

Ертеңінде Тоқаш жақын ауылдан арба сатып алған, Айгұл мен Аянбекті елге жіберді де, Құрышпай екеуі жалғыз атқа мінгесіп, шекара дағы комендатураға барды. Аржақтан өткен қазақтарды дұрыс қарсы алмаса бола ма?..

Комендатурада отырған офицер: «Шекара жабылған. Ешбір адам о жақтан өтпейді! Бұйрық солай!»— деп кесіп жауап қайырды. Тоқаш қыза сөйлем «Уақытша үкіметтің ауған қазақтарды қайтару туралы берген күәлік қағазы мынау! Неге сенбейсіз?» деп айтып көріп еді, офицер қолын бір-ақ сермеді: «Уақытша үкімет?.. Сіз кешігіп қапсыз. Верныйды қазір атаман Малышев билейді!» деп келеке қылды. Тоқаштың жүрегі су ете түсті. Тоқаш Құлжада жүргенде Жетісуда төңкеріс болып қалған. Атаман Малышевтың кім екенін Тоқаштан артық кім біледі. Эйтсе де, сенбей Тоқаш ептеп сұрастырып қарап еді, офицер шешіліп сырын шашпады. Әлгі сөзіне не бар қосқаны: «Қаскеленғмен Талғардың қазақтарына қол артқан атаман бір-ақ сағатта үкімет тізгінін өз қолына алса керек» деді.

Тоқаш комендатурадан салы суға кетіп шықты. Есік алдында тосып тұрған Құрышпайға күдігі мен үрейін бір-ақ ауыз сөзben жеткізді «Құрылдық!» деді қабағын доғаша иіп.

Алматыдағы достары, серіктегі не халде екен? Атаман оларды қуып, быт-шытын шығарған да болар. Тоқашты көрсө, ол табанда ұстал жабады. Дау жоқ! Сенген жігіттерін де елге алған қайта алмады.

Жайылымнан қайтқан қаздай соңынан шұбырып, Жетісу жеріне келсе, атаман қаймығар ма еді!.. Мүмкін Тоқаш оларды ертіп, тау шатқалын қонақтап, көтеріліс отын қайта жағар ма еді?

Шынында сол 16-жылды арманда кеткен ісін енді қайта аяқтауы керек емес пе! Тоқаш Құрышпайға бұл ойын айтпаса да, ол қабақ түйісінен, бет әлпетінен, құбылысынан сөзгендей. Пәлен жылғы серігі — сөзсіз түсінеді.

Сол күні аржаққа елдің көшінің алды да келді. Тоқаш көріп тұр — айғайлап, шекараның қызметкерлерімен айтысып жатыр.

Көп келіп қосыла берді, қосыла берді, кешке жақын Қорғасты қара құрттай басты. Тозаңға оранған қала көрінбейді. У-шу. Анда-санды мылтық та атылып қояды.

Тоқаш тесіле қарайды. Жүргі ауырады. Элде қашып кетпей керек пе еді? Не көрсе де бірге көруші еді...

— Құрыш! — деді Тоқаш қасында етпетінен жатқан серігіне.— Аржаққа өтейік... Әнеугі жігіт өткел тапса — өткізіп байқайық!

Құрышпай үндемеді.

— Неге үндемейсің, барғың келмей ме?

Құрышпай мырс-мырс құлді. Тоқаш орынсыз мысқылды ұнатпайды. Тұксие қарады оған — қызық өзі, құлмейтін жерде құлкі табады.

— Сен барып, Құлжаның түрмесінің төрінен тағы да орын алғың келе ме? — Құрышпай атып тұрды:— Жарайды, мен барам!

— Екеуміз де барсақ ше?

— Жоқ... Мен!

Екеуді кешегі өткелге қайта оралды. Шекараны байқап жүрген солдаттардан ұрланып, орман ішімен жасырынып барды. Текес ашулы өзен. Бұғін көбік атып, мазасыздынып жатыр екен.

— Ал, мін бәйге көкке... Жолың болсын!

Құрышпай аттың айылын қатты тартып, Тоқашқа жалт бұрылды:

— Амандықпен көрісейік, қош! — Екеуді құшақтасып, қатты сүйісті.

Бәйге көк осқырып, суға түспеді. Құрышпай қамшымен тартып жіберіп, тебініп қалды. Ат күмп беріп түсіп кетті. Тоқаш соңынан дауысталап: — Тәуекел! — деді.

Кешкі қараңғылық бұғін ерте түскен тәрізді. Тау алыстап, бұлдырланып, ашиқ көрінбейді. Біртіндеп жұлдыздар түа бастады. Орман іші түнеріп, қорқынышқа үрей жамады. Тоқаш жартас түбінде қолымен екі тізесін құшақтап шоқшиып отыр — жүзіп бара жатқан Құрышпайдан көзін алмайды. Сақшы байқап қалмаса жарап еді. Әне, жетіп те қалды. Құрышпай аттың жалына жабысқан, басын бір көтермейді. Бәйге көк қараңғыда, суда жүзген аққудай, жауырыны ғана жалт-жұлт етеді. Құс деп, біреуі басып салып жүрмese иғі еді. Жоқ-жоқ. Қайдағы ой қайдан келе-

ді. Әне жетті!.. Шықты жиекке... Киімін сыйып, құрғатып түр. Ей, Құрышым-ай, жігіттің төресі-ау!.. Жолы болып өткел тауып, өткізе алса!..

Тоқаш ойы түрлі саққа жүгіріп, дерек таба алмады. Ана тұстан да, мына тұстан да құлағы көрінген үрей... Сыбдыр-сыбдыр, аяғын еппен басқан сақтық. Кім біледі, болжап болмайтын аласапыран өмір...

Атаман қылышын қынабынан сұырған екен де. Еремин, Березовский, Сақа қайда екен? Әлде абақтыға сап, қинап жатыр ма? Атаман ақ патшаны жоқтайды. Жетісүда сол ескі тәртіпті ұстап түрмақ. Кімде-кім көнбесе —соны атын, шашпақ... Тоқаш ернін жалайды, кезерген. Таң атқалы нәр татқан жоқ. Ана жақын ауылға барып, ауқаттанып қайтуға болушы еді. Соған көңіл жар бермейді — аржақтағы қамалып түрған ел жүргегіне ас батыратын емес... Ауылдың оты әлі сөнген жоқ, барып қайтса...

Көктемде жанған өрттің ортасында бір түп көде аман қалатын. Мына бір ауыл сол сияқты. 16-жылғы «ақыр заманда» аман қалған жалғыз ауыл көрінеді. Таңертең Айгүлді де сол ауылдан аттандырды. Арба алған. Адамдары шетінен безер, түйік көрінеді, сонымен аман қалған да.

Тоқаш ол ауылға бармады, кірпік қақпады. Тұн ортасында аржақтан ұрланып жүз шамалы үй өтті.

XXIV

Андрей Васильевич айнаның алдына келіп, селдір, бурыл шашын тарады. Елуден асса да тіп-тік, екі иығына екі кісі мінгендей. Атаман өзіне-өзі риза. Екі жағына кеңек бұрылып, ойқастап иығындағы әполетіне көз тастады: баяғы Фольбаумның генералдық формасынан аумайды. Аласапыран уақытта бой түзететін заман ба, ейтсе де ескі кімінің түсі де, түрі де ұнады.

Соңғы айда атаманның көңлі тым көтеріңкі. Қаншама көп қызмет істегенімен, өнін бермейді. Бетінен қаны тамады — қып-қызыл нарттай. Тек көзінің айналасына тұсken өрмек тәрізді ажым болмаса, мосқал адам дейтін емес... Атаман езу тартып, іштей мырс етті. Басында киіз қалпағы бар қою қара мұртты еркектің мүсіні атаман түрған айнаға түсті. Малышев жалт бұрылды — Махмут қой!

— Ат дайын! — деді ол. Атаман осы бір үйғырды ұнатып, жақында өзіне қөшір ғып алған. Ұнағанда түрі дейсіз бе? Есебі бар. Ол сырын атаман басқа түгіл өзінен де жасырады — дауыстап айтуға қорқады. Біреу естіп қойса...

Андрей Малышев пәуескеге мінгенде, күн еңкейіп, ұзына кіруге жақын қалған еді. Құздің қоңыр күні. Салқын түсе бастапты. Қос құла ат ауыздықпен алысып, тауға баратын Колпаков көшесімен тұра тартты. Паркты қиын өте берді — дәл бұрышта қыз бен жігіт тұр. Біреуі — Глафира. Енді біреуі.. Ой!. Атаман жығылып кете жаздады. Сагатов!. Қой, елес болар. Шынымен со ма? Атаман көзін үқалады. Ол қалай тірілді? Жылан шаққанын өз көзімен көрген жоқ па еді? Ей, бәлем, Яшайло, сені ме, тұра тұр! Эне, Сагатов ақсия күліп, Глафираға бірдемені айттып тұр!.. Сол!..

Атаман ашуға булығып, демін екі иығынан алды. Пәуескеден тәлтіректеп түсті. Штаб алдындағы солдат, офицерлердің тағым жасап, құрмет еткенін елеген де жоқ. Қек шұғамен жабылған емен столдың үстіндегі қоңырауға қолы жетуі ғана мұң екен, соғып жатыр, соғып жатыр... Адъютант пен күзетші офицер бірінен соң бірі қарбалас жүгіріп кірді. Аң-таң, босағада сілейіп тұрып қалды.

Малышев қоңырауды лақтырып жіберді — зың етіп адъютанттың аяқ астына түсті. Әлден соң атаман есін жиһады. Өзінің өрескел мінезін түсінді ме, жұмсақ пішінмен адъютанттына Яшайлоны алды деп бүйрек берді. Көп үзамай мысықша басып, іліп Яшайло да келді.

Атаман адъютантты шығарып жіберіп, Яшайлоны оңаша алды қолға. Алты атарын суырып алғып, тұра оқтады:

— Атам, иттің баласы!

Яшайло саспады. Ыржып тұра қарады. Көзін атаманнан айырмайды. Малышевтің іші мұздалап, енді өзі абыржыды. Яшайло қорқып, сасып атаманнан неге сұрамайды: «не үшін атасыз деп, ә? Қайсарын..»

— Неге алдадың? — Малышев бұл жолы ақырмады, бәсек, қүйінішті дауыспен сұрады.

— Мен осы қалада екі-ақ адамды алдамаймын: бірі — сіз, екіншісі — Зәкір ақсақал.

Тауып айтты, соққан! Енді не дейсің, бұған? Атаман жұмсақ креслоға сылқ етіп отыра кетті.

— Отыр, Яшайло!.. Кәне, шыныңды айтшы, әлгі қасырдың күшігі қалай тірі қалды?

— Тірі?.. Өзіңіз көзіңізben көрдіңіз бе?

Атаман Яшайлоға таңдана төнді. Шынымен сұрап отыр ма?

— Бүгін көшеде өз көзіммен көрдім.

Яшайлоның көзінен от жарқ етті — аумаған түнгі на-
жагайдай. Ол басын шайқады — атаман сөзіне сенбейтін
тәрізді.

— Жылан уы адамды өлтірмеді дегенге қім сенеді?

Мұмкін ол құдайдың сүйген құлы шығар, қасиетті болар?

Атаман құдайға сенсе де, тап Сақаны құдайдың сүйкімді
құлы деп ойламайды.

— Онда сенің жыланың қартайып, алжыған болар...

Біл! Соңсын маган айтарсың.

— Менің таңым бар, тақсыр атаман. Жылан жігіттің
балтырын өрмелеп бара жатқанда, менің ысқырығымды
естіп, кейін қайтты. Көрдіңіз гой?

— Көрдім.

— Адам денесіне тисе болғаны, жылан шақпай қой-
майды...

— Қартайған дедім гой.

Сол күні кешке Яшайло атаманның үйіне қайта оралды: сол түні үйиқтап жатқан да, Глафирамен көшеде сөй-
лесіп тұрған да Жұністің ұлы екен. Яшайло бәрін білді:
көршілердің айтуына қарағанда, екі-үш күн ауырып жа-
тып, тұрып кетсе керек. Дәл жыланың шаққан жері ісіп,
артынан жарылып, ірің ағыпты. Бірақ жылан шақты деп
ешкім ойламаған. Яшайло бұл жолы да өтірік айтты. Ата-
манды бір емес екі рет алдады. Ол күнгі үйиқтап жатқан
Сақа емес, Зәкірдің атқосшысы еді, Жылан дегені жылан
емес еді. Соңынан қалмаган атаманды Яшайло сиқырмен
көз алдына елестетіп ақымақ қылып кеткен-ді.

Атаман әуелі: «зұлым» арбап, ізінен адастырмақ па
деп күмәнданса да, артынан толқыған сезікті өзі тежеді.
Сен, сенбе, енді атаманға бәрібір...

Яшайло кеткен соң Малышев Петровнаны шақырып
алды. Қызының соңғы күндердегі жүріс-тұрысынан ақ-
пар алды.

Соңғы күндері атаман қызын сирек көреді: ертесімен
бақшага кетеді де, түн ортасында қайтады — атаман бұ
кезде шырт үйқыда жатады. Петровна да тіс жарып, ма-

қызды ештеңе жеткізе алмады. Ақылдасты: егерде қызыды Пішпекке жіберсе? Онда қыздың нағашы атасы бар. Мына қырғыздан біраз уақыт айырып, араларын сұтыңған жөн. Еркे қыз аяғының қалай басқанын аңғармайды. Бұл пікірді Петровна да қоштады. Сол түні қыз бен әкесінің арасында көптен бықсып жүрген жанжал оты тағы да маздан жанды.

— Бармаймын! — деді қыз мелшиіп. Атаман айғай сап, үйді басына көтерді. Экенің еркіне қарсы келу деген бұл өзі не?! Өркөкірек атаманға шақар қыз да көне қоймады — тасқа тиген қылыштай, шақ-шүқ болды да қалды.

— Атаң мен әжең шақырады. Кәрі адамдарды сыйлау керек, — делі ақырында дауыс қүйін өзгертіп атаман жүмсал. Қыз үндемеді. Бірақ атаман өз шешімінде қалды. Ертеңінде бұл пікірін тәздетуге тағы бір себеп тап болды.

Бүкіл соғыс бойы Иранда тұрған жетісулық екінші полк, қайтып келе жатып, жолшыбай Ташкентте большевиктердің үгітіне ерген: қару-жарағын тастап, полковник Ионовты тұтқындал, Верныйға алып келген. Бұл хабарды естіген атаман, ашуына басып, солдаттарды қамалға қамап, шағармай қойды. Қамалға өзі барды. Кіші Алматыдағы қамал — дәл құмырсқаның ұясы, быжынаған солдаттар. Азан-қазан Атаман аттан түсті де, қасына адъютантын ертіп, қамалдың комендантына барды. Коменданта үрей жоқ. Бұғін солдаттардың біреуінің қолынан газет тауып алған.

Атаман әуелі қолына газетті керенау алса да, бірер жол сқыған соң, түсі бұзылып, көзі шатынап, қадала қалды. «...Атаман қылышын қынабынан қайта сұырды. Баяры қазақ халқын қырғандай, тағы да ел ішін бұлдіріп, қан төкпек...» Кім жазды екен? Бұл тегі баяғы «Шаруа» газетін шығаратын Березовский бұзық болар. Ол газетті атаман билікті қолына алған күннің ертеңінде-ақ жапқан.

— Қандай солдаттың қолынан алдың? Танисың ба?

— Әлбетте... Аты-жөнін жазып алғамын.

— Шақырт!

Тапал, ойнақы жүзді солдат сайран коя берді:

— Өткен түні бір әдемі киінген орыс қызы әкеліп, солдаттарға таратып беріп кеткен еді.

Атаман селк етті, бірақ сыр білдірмей, өзін-өзі тежеп, бойын билеген сезімді қымтап қалды.

— Түсін танисың ба?

— Танымауым да мүмкін, көнділ қоймаған едім. — Қолақпандай атаманды алдағысы қеп тұрғанын қарашы!..

— Өзі кеше ғана болса, өзін бір көрсөң — неге танымайсың?

— Зейінім нашар еді.

— Жоқ, сенің зейініңді мен орнына түсірейін. Әуелі он күндей қарцерде ұстап, айтпасаң тағы қосам! — деді атаман.

Түске жетпей-ақ бүкіл қамал іші бұлқан-талқан болды. «Не үшін қарцер береді? Босатсын!» деп комендантты шақырыды. Жүндей түте жаздады. Комендант қашып, атаман барды. Осы уақиғадан кейін «қапыда қалмау керек!» — деп Малышев өзіне-өзі тұжырым жасады. Қапыда қалмау үшін атаман Глафираны Пішпекке аттандыры... Оның өртөңінде қалада тексеріс жүргізіп, бейсауат жүрген адамдардың бірін қалдырмай жаптырды...

Кешкі сағат жетіден былай рұқсатсыз адам жүргізбеуге бүйрек берді... Сол бүйректы қарулы жасақ бірінші Жайнақовқа қолданды — қас қарада дірдектетіп штабқа алып келді...

XXV

Қыста Ыбрайым Жайнақов алашорда мәжілісіне Семейге барып келген. Бастығы Зәкір ақсақал бол, алыс са-пардан аман-есен қайтқан Ыбрайымды қуанышпен қарсы алды. Той жасады.

Жайнақов сақал-мұрт жіберіпті, сақалы текенікі сияқты шоқша да, талпақ мұрнының астында — бармақтай қара мұрты бар сылқ-сылқ қүледі. Семейді есіне түсіреді. Сөз арасында: «Ақаң... Элекең...» деп біреулерді атап тақойып отырады. Сол түні мәжіліске қатысқан — Зәкір, Габдулла Кәкенов, Сәлімгерей Бурнашев, Бикен — бәрі де аузын ашып құмарта тыннадады.

Сонау Ертіс жағасындағы ұлken қала... Құмды көш... Пароход... Еділ... Ертедегі Арын-Рашид патшаның Шамшаарын елестетеді.

— Жадымда қалған бір ғажап дүние: Сұлтанмахмұт дейтін казактың жас ақыны бар екен. Тіл деген тіл емес — қылыш десең болады. Салып жібіргенде үйтқан қатықты тілген пышақтай тіліп түседі. Шіркіннің беттісі-ай!. Мен барған кездे бір ұлken қауым ортасында «Алаш» қаласы-

ның бас имамына тиісіп, тілдегені бар ма?.. Әлгі біздің Боқының есерсөғи сияқты дінсіз бе деп қалдым. Тап сол имамға тиіскені маған ұнамады... Мениң айтайын деп отырғаным сол Сұлтанмахмұтты имам маңындағы муридтері үр мақшы бол... ақын қаланың арғы бетіне қашып өтеді. Сонда әлгі біздің көсе Әлекең, ақынды шақырып ап бір түнде терідей илеп мап-майда қылған көрінеді. Ертеңінде «имамға» тиісіп, жақтырмай жүрген сабаз, еліне, Баянауылға қашып кетіпті деседі. Ха-ха... Әлекеңдің пысы қандай, ә?..

—Анау-мынау әңгімеңді кейін толықтыра жатарсың... Қалай күн көреміз, соны шештіңдер ме?..— деді Зәкір тыптыршып, төзімі шыдамай. Бұл сұрақты Габдулла да күтіп отыр екен, қоштап басып изеді.

Ұбрайым қаладағы жаңалықты шала естіген бе, бұл сөзге мән бермей, уақытша үкіметті біраз сөз қып алды. Содан кейін: «алашорда үкіметі қазақты қор қылмайды... Қызылдардан құтқарады» деп екпіндей барып тоқтады.

—Қоқанд уақығасын естідің бе? — деді көзін Бикен-нен айырмай телміріп отырған Габдулла, қыздың сиқырлы әсерінен құтылып, саясатқа араласып.—Жоқ дейсің бе? Мұқамеджан мен Мұстафа Қоқанд хандығын құрған көрінеді. Жақында елші де келіп: Жетісу Қоқанд хандығына кірем десе, уәкілін жіберсін деп кетті. Аласапыранда біреудің аяғы астында қалмаудың сара жолы—өз алдына Орта Азия хандығын құру дегенге мен өзім де қосылам! — деді Габдулла қоңқаш мұрнын шүйіріп.

—Сәлем айтқан кім дейсің?

—Мұқамеджан. Ол өзі қазір Ташкенттен сонда қашып барыпты.. Ташкент халі нашар дейді. Большевиктер үкіметті қолына алған соң, шетінен шатырлатып жауып жатқан көрінеді.— Габдулланың сөзіне Зәкір сөз қосты.

—Атаман да қаһарына аттай мінген... Көшеден бей-сауат кісі жүргізбейді...

—Боқының есері қайтқан жоқ па? — Ұбрайым көз қиығын қызға тастады: Бикен қабағын шытып жақтырмадай, тегі әлі де көңлі қалмаған екен.

Бикен мен Тоқаш арасындағы өсекті Ұбрайым Семейден қайтқасын естіген. Ол Зәкірден шықты. Шын деуге Ұбрайымның аузы бармайды. Жалған дейін десе — Зәкірдің үйіндегі Бикеннің үлкен апасы айтқан деседі. Бірақ Ұбрайым сенбейді. Зәкір қу, әдейі Ұбрайымды қыздырып, қызғанышын қытықтайды.

—Күлжада Бокинді абақтыға сапты. Бір байдың қаз-

насына түсіп алтын ұрлаған көрінеді, — деп Сәлімгерей Яшайлодан естіген хабарын ортага салды.

— Ха-ха... Өзіне лайық мамандығын тапқан екен! — Жайнақовтың шек-сілесі қатты.

Зәкірдің қуанғаны сонша, сүйіншіге, Сәлімгерейге он бес тиын алтын берді. Бикен қып-қызыл бол, ызага демігіп, шығып кетті.

— Аузыңа атаған майым осы. Тай да мінгізем. Тек Яшайло қайдан естіді екен соны біліп кел! — деді Зәкір қымызды судай жұтып. Зәкір соңғы кездे арақ ішуді қойған. Өз қауымының атаман сияқты қажетті адамдары бас қосқанда ғана ауыз тиеді. Жай уақытта қымыз і shedі.

Зәкірдің бұл мінезі Ыбраіымға да таныс. Сондықтан ол арақ ішуге құштемейді. Тұн ортасы ауа қонақтар үйді-үйіне тарады. Бикенді Зәкір жібермелді — арбасына мінгізіп, өзі апарып салмақ болды. Бикеннің үйінде әкесі де жоқ — кім іздел жатыр дейсінді.

Ыбраіым осы сөзге жармасып: «Қона қалыңдар, мен де бөтен адамдарың емеспін ғой», — деп қынжылды.

Бикен Ыбраіым мен Зәкірдің қысыр кеңесіне ортақ болмайын дегендей, екінші бөлмеге шығып кетіп, рояль тартып, қоңыр дауыспен ән салды. Ыбраіым құлағымен әнді тыңдал, көзімен Зәкірге: «Мына қызды қайтеміз? — деді. Құбажа ұға қойды.

— Той жаса... Бір күні айрылып қап жүрерсін... — деп Зәкір кальяннан бір тартып қойды да сөзін жалғады. — Жаңағы топырлап жүргендер, тәбеттер емес пе, қанышыңтың соңынан ерген... Габдулланың құда түсіп жүргеніне міне биыл екі жыл. Ал, ана сары бала мәжнүннің өзі, есітүсын білмейді.

— Сонда сырын тартып, байқап па едіңіз?

Жайнақовтың өні жүдеп, лезде қартая қалды.

— Шірік! — деді күбірлеп көзін алмай отырған Зәкір. — Қыз сені жек көреді. Оны өзің білесің. Қыз басқаға ғашық. Оны өзің естігенсің. Енді басқа саған не керек? Ауылға алып кет те той жаса. Біраз бұлқынар. Артынан әкесінен, менен, бізден кетіп қайда барады.

— Анада бір өсек тарап еді...

— Қандай өсек? Әлгі Тоқаш жайында ма?.. Қой әрі, жоқты есептемей... Болған күнде де ештемеден құр қалмайсың. — Зәкір дыбыссыз құлді. Ыбраіым тыржың етті — бажасы ылғи өрескел айтады. Аямайды — біреудің жанынба батады деген ой қапеліне кіре ме екен?

Зәкір есікті ашып, Бикенді шақырды.

— Тоташ, бізді менсінбейсің-ау, ә?

— Сіз, жезде, кәрісіз... Ыбыш ағам ғалым кісі, қиялы құстай қалықтайды да жүреді... Менің әлдиім — ән мен музыка.

— Айналдым, сенің ақылың — ұшан теңіз. Білем саған «әлди» керек. Соны сағынып жүрсің ғой. Олай болса, мына Ыбыш ағаңмен екеуміз саған қолқа артпақпаз.

Қыз қате басқанын түсінді — ернін тістеді.

— Әлди деген сөзді теріс үқпазыз. Ермек дегенім.

Үқтық та сол «әлдиді» таптық. Өзіңе мәлім, Ыбыш ағаның саған көптен артқан қолқасы бар, әлі жауап қүтуде. — Зәкір терезе алдында ешкіше секиіп тұрған Жайнақовқа көз тастады.

Қыз әуелі түсін өзгерте сөйледі.

— Мен жауабымды әлдеқашан бергемін. Оны, жезде, сіз өзіңіз де естігесіз... Ыбыш ағайға ғұмырлық дос болу, әрбір қазақ қызының арманы. Керегі со болса — erteң осы үйге бір сұлу қызды алып келейін — менен си есе артық. — Бикеннің күлкісі өз басына қара бұлттай қоюлана төнген әңгімені, желдей ыдыратып, таратып жіберді. Ыбрайымның шошитыны да қыздың осы күлкісі. Шындал, салмақты пішінмен сөз қозғауға келгенде, күлкіге айналдырады да тайқып жүре береді-ау...

Зәкір де кәнбей бақты:

— Сен мыңның бірі. Кешегі марқұм апаңның ошағына кімді ие қыласың, шырағым?

— Мені осы сөз үшін ғана алып қалып па едіңіз? Біз Ыбыш ағайдың ұзақ сапардан қайтқанына құтты болсын айта келгеміз жоқ па еді?

— Еркелікті қсій, балам. Осы айдың аяғында құдай жазса той жасаймыз! — Зәкір соңғы сөзді айтты да, қызының сөзіне кезек бермей, тыңқа алыш шықты. Ыбрайым бірге шықты. Түн. Қалада бейсаут жүруге болмайды. Ұстайды. Зәкір жата қалайық деп еді. Бикен көнбеді. Ыбрайым бұларды шығарып салып үйге қайта оралғанда, алдынан екі солдат сораң етіп, кез келе кетті...

XXVI

Жайнақов қалғып-шұлғып таң атқанша комендатура-да отырды. Қалтасынан алаш комитетінің бастығы деген

куәлік қағазын іздең еді, таба алмады. Олай-бұлай айтып та көрді. «Алаш» комитетінің бастығы екенін түсіндірді. Бірақ құлақ қойған жоқ. Сенбейді... Бұл түн Жайнақовқа көп сый туғызды.. Кеше ғана Семейде «Алаш мәжілісінде» қазақ өз алдына ел болды, отау емес, орданың шаңырағын көтерді. Енді өз елдерінде ие болындар демеп пе еді?.. Қайдарғы ел? Бүгін Жетісуга қайтып кеп еді, атаманның жendetтері мойынға бұғауды сарт еткізді. Кімнің мойына десейші! Ойыншық па бұл?.. Жоқ, әскер құрып, құш жинап қарсы тұрмаса, аяқ астында қалатын көрінеді. Біреуі белінен басып, омыртқасын сындырып та кетер... Бірақ, тап қазір атаманнан біржола қол үзіп, теріс айналып кетуге бола ма? Кеше Зәкір айтқан жоқ па: «бірінші жау — большевиктер, одан кейін орыстар. Бірақ, қысылтаянда арқа сүйектін казактар басшылары» демеп пе еді...

Комендантқа: «атаманға жолықтыр!» деп талап қойды Ыбрайым. Сол күні оған кездесті де. Кешегі дос атаман пәнданып, мәнсінбеген пішінмен карсы алды. Си алтыншы жылы бір ауыздан сөз, бір жеңін қол шығарғанын ұмытса керек-ті патшагар! Әлде наказной атаман болған соң өзгергені ме?

— Сізді қашып кетті деген лақап тараған еді... — деді Малышев мысқылдан, таза қазақ тілімен.

— Ол есек, тақсыр! — Жайнақсұ атаманың өз жанынан қосқан сөз екенін сезді.— Семейге барып қайттым.

— Онда неге бардыңыз?

— Менен жауап алмашысыз ба? — Жайнақсұтың өмірде бірінші рет орыс бастығына қатты айтқан сөзі осы еді. Аузынан қалай шығып қалғанын өзі де байқамады. Қап...

— Е, тексермейтін, сен кім едің?

— Мен уақытша үкіметтің мүшесі, алаш кеңесінің бастығы өдім. — Жайнақов өнді кейін шегінсе, атаман жұдырықпен мұрнынан ұрмақшы. Жалтақтауға жол кесіліп қалды.

— Уақытша үкіметті таратқам! Ал «Алаш комитеті» өзін өзі дұрыс ұстай алмаса, оны да жабам.

— Тақсыр, сіз Жетісудың көпшілік халқы кім екенін білесіз бе?

— Жайнақов мырза, саған тіл бітейін деген екен. Ақ патшаның тірі кезінде генерал Фольбаумның стігін жалаушы едің... Бұл тегі революцияның әсері гой... — деді Малышев даусын қатайтып, — революцияның аяғы немен бітеріне көз жібердің бе?

Жайнақов енді атаманға қараған жоқ, теріс, бұрышқа сәл бетін бұрып:

— Фольбаумның етігін жалаған жалғыз мен емес шығармын... — деді.

— Мен сені қазықша қағып жіберем жерге! Соган құдіретім жетеді. Соны білесің бе?

— Сіздің тамағыңызға мен сүйектей қадалып жүрмесем? Қайта құсып жүрерсіз, әл...

Атаман орнынан атып тұрып, қоңырау соқты. Адъютанты жетіп келді.

— Алып кет, мынаны гауптвахтыға!.. Тексереміз!

Адъютант алты атарын суырып ап, Жайнақовты алдына салып айдал кетті.

Жайнақовтың жабылып қалғанын Зәкір атаманның өзінен естіді. Кешінде «Жұмбак бөлмесінде» есеп-қисап жасап отыр еді, атаман Махмутты жіберіп: «Жолығып кетсін» депті. Зәкір есеп-қисабын жиып қойып, маң-маң басып тура атаманның үйіне барды. Зәкір есіктен мақтайды қірді:

— Баяғы ақ патшаның тұсындағы бейбіт өмір қайта оралды. Шіркін ақылды адамға дауа бар ма?

— Зәкір ақсақал, отыр! Мен бүгін Жайнақов мырзаны абақтыға жауып қойдым,— деді салғаннан Малышев.

— Е, не деп? — Зәкірдің көзі алақандай болды.

— Саспа!.. Сен сасатындаі іске жеткен жоқ... Откен тұні патруль ұстап жалқан екен. Маған жеп, тепсініп тілін тигізеді. Оған не болған! Ақылынан адасқан ба? Жоқ әлде... ел болдым, жетілдім дей ме? Айтшы, бажаң ғой?

Зәкір аң-таң: атаман қасындағы досы, тамыры—Жайнақовпен араздасты дегенге сенбейді. Әзіл шағар... Жоқ, атаманның қабагы түскен, реңінде бір ызғар бар.

— Тақсыр, бізге қазір араздық — өліммен тең емес пе? Ыбраіым бір елдің беделі, ары, қалай ұшқалақ қадам жасадыңыз? Ертең қазақтар сізге қол соза ма?.. Баяғыдай арт жағыңдан пышақ сұқпай ма?

— Әдейі отырғызыдым. Бәлемнің, ақылы есіне түссін. Менің шығын жүргегімді сенғана танисың ғой...

— Тақсыр, сенен де құдайдан тілейтінім; бұл уақиғаны тірі пенде біле көрмесін. Қазір пәуеске алдырып Ыбраіымды ешкімге көрсетпей, үйге алып барайын. Оңаша сейлесіп, тәубесін мен оның есіне түсірейін! Ал, ертең кешке

біздің үйге қонаққа келіңіз. Татулық, тақсыр, бірлік кепек — әйтпегенде құримың! Қазақ мақалын өзіңіз айтушы едіңіз ғой: «ашу алдында, ақыл соңында!» — деп, Зәкір атаман алдында тағзым жасап, басын иді...

Кеш қанша татулық кеші болса да атаман мен Жайнақовтың арасында бір бүкпе қалды. Бұл бүкпені Үбрайым бұрын сезінді.

Жайнақов қолын беріп, тілі мен жүргегін ұсынса да, іштей лағнат айтып айрылды. Сол түні Қоқандқа Мұқамеджан Тынышпаевқа хат жазды.

Жетісу Семейден гөрі Қоқандқа жақын. Арқадағы алашорда аяғынан тік тұрганынша, талай сулар ағып, талай өмір өтер. Өзі «тәй-тәймен» күн көріп жатқан алаш, Жетісуга қамқор бола алмас. Жетісудың жер жағынан кіндігі Қоқандпен бір. Алсын қанат астына! Атаманмен бір шаңырақ астында тілек тілеп болмайды. Қасқырды қанша асырағанмен қойға дос бола ма!

Қоқандқа түнделетіп Габдулланы жіберді де, Сәлімгерейді Шамалғанға шаптырып, Сүгіrbайды алдырыды. Осыдан бір ай бұрын алаш әскерін құрмақ боп, комитетте қаулы алған болатын. Еірақ Жайнақов іле Семей жүріп кетті де, мұнда қалған Какенов жөнді іс бітіре алмаған көрінеді. Енді Үбрайым сол істі қайта қолға алды. Күн-түн демей ел-елге кісі шаптырып, жігіт жинап, алаш әскерін құруға қам жасады. Алматының ішіндегі — татар, үйғыр, қазақ, қыргыз мешіттерін жігітке толтырды. Молда, ишан, имамның бірін қалдырмай, қалаға шақыртты. Зерек, тілі өткір, шын пейілмен пайғамбар жолына берілген молланың бірі Қастектегі халфені де алдырыды. Сөйтіп қала мен дала байларының, діни адамдарының Жайнақов басын қосты. Бұл мәжілісті Зәкір мен Кәрден басқарды да. Жайнақов сөз сөйлемеді. Ертіс жағасында жатқан Семейдің екінші жартысы «алаш» қаласы деген атақ алғанда, алты ауыл қазақ бірігіп, алаш туын көтергенде, Жетісу әркімнің тепкісінде жүре бере ме?.. Жарыс сөзде бірінші халфе сөйлемеді. Ол Үбрайымның үмітін ақтады. Халфе қолына құран ұстап, жылап, ант берді:

— Алауыз діннен шығады. Кімде-кім алауыздық жасаса құдайдың қарғысы атсын! — деп бата қылды. Имамдар бір ауыздан: «Әумин!» десті.

Атаманға Зәкірді салып, жігіттерге қару-жарақ бергіз-ді. Айшық бейнесін алаш таңбасы ғып алды. Мешіттердің мұнарасында алаштың ақ туын көтертті.

Жайнақов Бикенді кеңесіне шақырып алып, «Бостандық үйінде» сауық кеш қсійп, жастарды еліктіруді тапсырыды. Жайнақов ашынды — маңындағы адамның бәріне әрекет, іс тапты. Ендігі бір ойы — алаш комитетінің орталығын өзінің аулына көшіру. Себебі: — қалаға жақында жайлы — бақ ішіне көмілген шатырлы ағаш үйлерді штабка айналдыруға болады. Бәрінсі де Ыбрайымның көксегені — атаманың қол астына шығып өз еркімен өмір сұру. Қалада атаман әскері тұрғанда бір ауыз бос сөз айтпа, аяғыңды қысық баспа!.. Күн жоқ. Сол Ыбрайым аулына жастарды жинап, қуат, әл беріп, жүргегіне ұлт нәрін сепсе — айы оңынан тумай ма? Ыбрайым сол жастарға сүйенбегендегі кімге сүйенеді? Әсіресе, гимназияда оқып жүрген жастарды баулыған жөн... Кеше Сәлімгерей: «Біраз жас студенттер большевиктер ықпалында тәрізді. Айтатын әңгімесі Бокин... Он алтыншы жылғы көтеріліс... Революция» деген-ді. Қап, Ыбрайым бұрын осылай жасауы керек еді. Біраз уақыты босқа өтіп кетті-ay!

XXVII

Киімін, түсін, өзгертіп, Тоқаш кешке жақын қалаға енди. Қайда барса екен? Еремин үйі тегі тыңшылардың нысанасы болар... Махмутке барса ше? Басқа қолайлы адам да жоқ. Құрышпайды тосып отырған Халиманы да қуантпай реті келмес. Тоқаш шеткі көшелермен айналып, үйғыр жаққа зорға жетті.

Есік ашқан Халима танымай, кіргізбеуге айналды. Сенек караңғы еді, сның үстінен киіз қалпақ, шапан киген ел қазағы аз ба? Күн болса таң атқанша сіркіреп тұр. Жер батпақ.

— Халима, шыныңмен танымай тұрсың ба? — дегенде Халиманың қолындағы шелегі түсіп кетіп, жаңа ғана үй жуған лай су еденге ақтарылды.

— Бетім-ay, Тоқаш ағайсыз ба?.. Құрыш қайда?.. Неге жалғызысыз? — деген Халиманың үрейлі даусы екінші болмедегі Махмутты да есіктен сығалатты.

— Еотең келеді, Құрышпайың...

— Уh!.. Жүрегім-ай жаңа орнына түсті ғой...

Махмут бұрынғыдай емес, Тоқашпен сұлық амандасты.

— Жол болсын!

— Мениң қайда жүргенімді білмейтін кісідей сұрайсыз гой?.. Элде жақтырмай тұрсыз ба?— Тоқаш Махмуттың тікірейген қара мұртына, тұксиген қою қара қабағына үңіле қарады.

— Эрине, атаманға атқосшы болған адам саған тең бе?— Махмут сазарған, бет әлпетінің бірде-бір тамыры қыбыр етпейді. Әзілді Тоқаш Құрышпайдай түсіне алмайды. Эйтсе де, қалжың ба деп, шешіне бастады.

Астың артынан Махмут Тоқашты оңаша бөлмесіне кірізіп алдып, бір жасырын сырдың төркінін түсіндірді.

— Тоқаш, жаңағы айтқан сөзім шын еді. Бірақ сен сенбедің де, маған адал жүрегінді білдірдің. Енді мен сенің қолыңа тұскен қаршыға. Ұқ!.. Сен жокта қылышты заман болды.— Махмут қысқаша атаман үкімет тізгінін қолына алғанын кеңес қылды. Бір-ақ түнде Талғар, Қаскелеңнің атты казактары қалаға толып кеткен. Ертеңінде уақытша үкіметтің үәкілдері жансауғалап, өз бастарын қорғайды. Тоқаштың жолдастарын құфынға ұшыратты. Жасырынып, қашып жүр. Атаман жендеттері аңшыдай түнімен із кеседі... Махмут өзі атаманның атқосшысы.

— Атаман мұсылмандар ішіндегі құлағым деп арқамнан қағады. Бұл оның шыны. Мен көрген-білгенімді жеткізіп те қоям,— деп сөзін аяқтады Махмут.

— Неге жеткізесің?

— Сырға сыр емес пе?

— Ақылың ойфа қонады. Бірақ жүргетінді біржола сатып, халқыңа жексүрүн болып жүрме, шырақ!

Тоқаш ол түні сергек үйіктады. Махмутке сенбеді. Кім білсін, атаман бұған әдейілеп, салып отыр ма?.. Махмутке сыр бермеуі керек! Ертеңінде:

— Халима арқылы болмаса, мені енді іздеме!— Тоқаш Махмутке қолын қозды.

Күн наиза бойы жетеріле Тоқаш Махмуттың үйінен шықты. Серіктерін қайдан іздесе екен? Адрестері де белгісіз. Ең болмаса, Сақаны тауып алса жақсы болар еді. Түнде Махмут көре алмадым,— деді-ау со баланы...

Еремин бір дерек бермес пе деген оймен Тоқаш аяңдал, Рафик бағына кірді.

Күн бұлыңғыр. Алатау басын тұман басқан. Түк көрінбейді. Сүрғылт тұман көше-көшенні аралап, бақтағы әр ағаштың басына ақ торғын сәлдедей оралған. Тоқашқа керегі де

осы. Мұндай күні көшे қыдырғандар көңілсіз жүреді. Қарсы келген адамға көңілдене қарап, таныс іздемейді.

Бақ ортасындағы шатырлы ағаш үйдің есігі тарс бекілген — тақтайды көлденең шегелеп тастаған. Еремин қайда кетті екен?.. Енді қайтті? Көшеде жүре берсе, көзге тусуі де мүмкін. Тоқаш ойланып жан-жағына көз тастады. Ешкім көрінбейді. Тоқаш кейін қайтып, бақша қақпасының алдына келді. Енді не істесе екен? Барар жер жоқ деген осы. Сол бетімен жүріп отырып, Березовскийдің Алматы өзенінің жиегіндегі үйіне барды. Ол үй де жабық. Аузында құлып тұр. Сенделіп, бақшага қайта оралды. Көзге түспей қас қарайғанша отыра тұрмақ болды. Элден уақытта ағаш түбінен біреу қараң етіп, қайта жоғалды. Ақырын байқаса— жуан үйеңкіге жабысып біреу тұр. Махмут Тоқашты жеткізе қойған ба, жоқ Ереминді аңдыған біреу ме? Тоқаш таяғын секірте сермен, тұра жүрді. Бұл тегі Тоқашты қөріп танып тұр, одан қашқанымен енді құтыла алмайды... Оナン да кім екенін Тоқаштың білгені жөн. Аңдыған адам қысылды білем, екінші ағашқа жылжып, басын жасырды. Бірақ иығы шошайып, «мен» мұндалап, шақырып тұрды.

— Ей, неге тығыласың? — Тоқаш айғай салды. Ол қаша жөнелді. Тоқаш қуып берді. — Атам! Тоқта!

Анау тоқтай қалды. Жақындаса—Сақа екен.

— Ой, сен бе едің? — Екеуі құшақтаса түсті. — Негіп жүрсің, қалқаш-ау?

— Ойбай, сүмдышқты естімен пе едіңіз?.. Аман-сау қайтыңыз ба?

— Сендерді таба алмай жүрмін... Ал бері жүр, мына қалың ағашқа кірейік.

Екеуі бақтың қалың тоғайына енді. Отырды. Сақа әуелі неге жүргенін баяндағы. Екі күн болды Еремин жоқ. Есігін шегелеп кеткен. Көрші эйелі: «көргемін жоқ» дейді. Эйтейір бір түнде жоқ болды. Осыдан бір жұма бұрын атаман «Шаруа» газетін жапқан. Березовскийді тұтқынға алмақ болған жерінде, Глафира арқылы естіп қал, қолға түспеді. Березовский қазір пәтерін ауыстырып жасырынып жүр.

Еремин бақшасын құтіп, сыр бермей жүруші еді, екі күн болды, жоқ. Александр Петровичтің жоруы бойынша: атаман білдірмей тұтқынға алған сияқты. Егерде ол қауыпты сезіп, өз бетімен жасырынса, хабар берер еді. Ізі білінбейді. Откен түні Березовский: «Еремин үйінің маңын бақыла, кім келіп кетер екен» деген-ді Сақаға. Соған келгені еді.

— Ойбу, балам-ай, бұл бақылауыңмен оңай қолға түс-

сің ғой. Егерде атаман құпия тұтқындаса, бұл үй олардың жадына келмеді дейсің бе? — Тоқаш елегізіп жан-жағына қарады.

— Ал, сонда, сіз бұны не деп ұғасызы?

— Тұтқынға алуы мүмкін. Ереминді құпия ұстаса — Березовскийді де құпия қақпанға түсірмек. Түсіндің бе?.. Ал, сен өзің жер басып, тірі жүрсің бе?

Сақа қызыарып, жауапты жасықтау қайырды. Өзі тура-лы айтуға да ұялды ма, әлде Глафира жайында сырын шашқысы келмеді ме, әйтеүір, Тоқаш қайта-қайта сұрап қоймаған соң барып зорға шешілді. Сақа бір ай сұық тиіп ауырып жатқан. Бұл екі арада — Глафираны әкесі Піш-пекке жіберіп қойған.

— Дәл жүрерде келіп, қоштасып кетті. Хат жазбақ еді. Элі хабар жоқ,—деді Сақа мұңайып.

Тоқаш құлімсіреп, Сақаның иығынан қақты. Ей ба-ла-ай!..

Қаланы басқан сұрғылт тұман ыдырап, Алатаудың ақ бас шыңы ажымдала бастады. Тек төменде, шатқалда ғана жоғары көтеріле алмай, қалып қойған бір топ тұман шөгіп жатыр. Бақтың іші дымқыл тартып, салқын леп денені мұз-датады. Бұл күздің белгісі еді.

Тоқаш пен Сақа шет көшелерді айналып, Весновка өзенінің жиегіне шықты. Өзеннің арғы қабағында ығы-жыға са-ман үйлер. Тоқаш бұрын бұл жаққа келіп көрмеген-ді. Үйіл-ген тастың ұстіне тақтайдан көпір жасаған. Тақтай басса—сынғалы түр. Сақа секірді—аяғы тайып кетіп, суға малып алды. Оған қараған Тоқаш жоқ, жиекпен жүріп келеді—жер саз. Сақа бір мезгілде жерден қазған саман үйдің алдына кеп тоқтады. Тайншадай қара ала тәбет шынжырын сылдырла-тып арсылдап қарсы ұмтылды. Сақа терезені қақты—аржа-ғынан Березовскийдің, әйелі шыға келді, иығына шәлісін іле салған. Үрейлі жүзі Сақаны көргенсін жадырап, итке ақыр-ды. Тоқашты танымай қалды. Бірақ шырамытқан тәрізді, қайта-қайта қарай береді. Тоқаш сезді де құлімсіреп басын изеді.

Александру Петровичтың сақал-мұрты өскен, көзі шү-кірейген, кішірек бөлменің ортасында, «әлде кім» дегендей, тосып түр екен. Тоқашты танып, құшағын жайды.

— Ие, сені де көретін күн бар екен-ау!.. «Құлжада абақ-тыға түсіп қапты» деп өсек те тарады... Аман қайттың ба?

— Қазақтың хикаясында: «Барса келмес» дейтін арал бар, оған барған адам қайтып оралмайды дейтін. Сол «Бар-

са келмес» Құлжа екен ғой. — Тоқаш басынан кешкенін түгелдеп тәптіштеп, алдына жайып салды. Қашып-пысып жүріп, аржақтан бес жүздей ғана үй қайтардық. Құрышпай бастап, соларды ауыл-ауылға алып кетті. Ал, өздерінде не хал?

Енді Александр Петрович қала өмірімен таныстырыды.

— Көріп отырысқаң ғой хал осы!.. Атаман соңымызға жарық алып түсті...

Ең суық хабар: Еремин бір түнде жоқ бол кетті. Таба алмай жүрміз.

Атаманың қылышынан қан тамады. Аяу жоқ. Ұстаса — ол жояды. Эсіресе, Петроград, Ташкентте Совет үкіметі орнағаннан бері, қаһарын қатты тігуде. Большевиктер тобы жасырынып жүр. Бұрынғыдай ашық бой көрсете айқасу жоқ. Іштөн шалу әдісіне көшті. Ташкентпен байланыс — Емелев арқылы болып отырады. Ол бұрынғыша телеграфта істейді, бірақ оны да сезіп қалған сияқты. Қазір большевиктердің бес жерде: қамалда, солдаттар арасында, баспаханда, тері-терсек заводы мен почта, телеграфта үйімы бар. Тоқаш дер кезінде келді. Мұсылмандар бөлек жатқан бір қауым. Тоқаш енді солардың арасына кіріп, тіл табуы керек...

Березовский сөзін аяқтап, трубкасына темекісін тығындаады.

— Әуелі Петрды ойласайық... Мұсылмандармен біртінде айналыса жатармыз! — Тоқаш текке сабырсызданып отырған жоқ. Петрдың басына пәленің төнгенін жүргегі сезінеді. Жау қатаң.

— Петрдың ісін онда қолыңа ал... мұнда бір ерекше жағдай бар: қазақтар әлі атаманды әкім деп танымайды. «Алаш» комитеті екі ұдай. Бір жағы атаманды қолдайды, екінші жағы — оған қарсы. Ашық кірісе бер, — деді Березовский сөз ақырында.

Бұл сөз Тоқашқа қамшы бол тиді. Шынында да жаз болы Құлжада болды, Тоқаш бейтарап өмес пе?

Сақал-мұртын қырып, әдемі костюм киіп, ертеңінде Тоқаш көшеге шықты. Бірінші қадамы сәтті бола алмады. «Бостандық үйінің» алдында Сәтке кездесіп қалды.

— Асс... Сәт аға! — дегенше, Сәт кәүкелектен ақ ниетімен қарсы алды. Сағынған екен, Тоқашты ол құшақтап, кеудесінебасты.

— Жол болсын!.. Құлжадан келдің бе?

— Түсіп тұрғаным осы... Шекараны бекітіп тастапты атаман. Қазақтарды өткізбейді. Босқа бардым.

— «Қайтару керек» деп мен де мұнда сөз көтергем комитетте, бірақ белгілі атаман ғой, құлақ та қоймайды.

— Қазақты атаман билеуші ме еді?.. Революция! Бостандық қайда? — Тоқаш кекеп-мұқай сөйлейді. Сәт таласаталаса жалыққан ба, үндемеді.

Екеуі сатымен жоғары көтеріліп, кең дәлізге кірді. Оң жақта есік маңдайшасында: «Жетісу үзіліктің «Алаш кенесі» деген жазуды оқыда да Тоқаш мырс етті. Сәткеңнің қартайғанда тапқан үйірі — алаш кеңесі екен ғой. — Бұркіт қартайса тышқан алады. Адастың, Сәтке!..

— Сәт аға, алаш кеңесі қазақтың қамқоры емес пе еді? Қытайда жер ауып, зарлап жүрген бишара қазақтарға қолын созбаушы ма еді?

Сәт тағы үндемеді. Тоқаш Сәт өкшесін баса кірді. Кеңсе толған адам: Жайнақов терезе алдында түрегеп тұр, үстінде әскери көк кітель, иығында погон, қолында ақ биялай, оның қасында офицерше киінген Бурнашев... қаланың атақты — Зәкір, Кәрден сияқты шонжарларынан бастап, ұсақ-түйек сататын саудагер де отыр. Бәрі ұйып тыңдайды. Араларында сәлделі молда-ишиң да көзге ілінеді. Босаға жақта бір топ жастар отыр. Ішінде гимназияда оқытын таныс шәкірттер де бар. Тоқаш аттарын білмесе де, ту steer рін таниды. Е, «с корабля на бал» деген орыстың мақалы осы-ау!

Сәттің қасындағы Тоқашты көргенде, отырғандар төбесінен нажағай түскендей, селк етіп, үрпісіп қалды. Бурнашевтың ұсынған қағазын Жайнақов қолынан түсіріп алды. Зәкір тыржың етіп, басынан дулат бөркі түсіп қалатындағы нығыздай киді. Жыбыр-жыбыр сөз — иненің көзінен өткен жіптей, отырғандардың құлағын тегіс сабактап шықты.

— Бокин!

— Бұ тағы қайдан келді?.. Тірі ме еді?

— Жерден шықты ма, көктен түсті ме?

Сәт жүрттың арасымен алдағы қатарға ұмтылды. Тоқаш та соның ізімен ілгері қарай қадам басты — жан-жагына көз тоқтатып, абалап қарады. Сәтке таяу бос тұрған жұмсақ орындыққа отырды ол. Жайнақов басын изеп, амандық білдірді. Кенет залдың іші тым-тырыс бола қалды — құлақ-қа үрған танадай. Тоқаш та өзін бекем ұстап, Зәкір жаққа сұстана көз тастады. О да көз қызығымен бақылап отыр екен,

бетін бұра қойды. Құлжада сүйегін шірітті деген Тоқаш тағы да мазаңды кетірді ме?.. Тоқаштың баяғы соттан кейін Зәкірді көргені осы. Шошқадай семірген — ірк-ірк етеді. Бұғағын қарашы?

— Қымбатты азаматтар! — Жайнақов тұнған тыныштықты бұзды.

Тоқаш іштей: «даусын қарашы қызтекені!» деп мысқылдап, көзімен күлді. Жайнақовтың қасында қарсы тұрған Сәлімгерей Тоқаш кекесінін сезген тәрізді. Жайнақов аз кідіріп, сөзін қайта жалғады. Жетісу уәллятының алаш кеңесі кезекті мәжілісін ашты. Сәтті жұрт мәжіліс бастағы етіп сайлады. Қазіргі саяси жағдай жайында баяндаманы Жайнақовтың өзі жасады.

... Ел ішіне қауіп қайта туды. Ер басына күн туды. Бағыстар қаптаған қызыл шегіртке, егіндей толқып тұрған халық өмірін қиаратып, тұнеген жеріне, түк шығармай келеді. Қазір Таңкентке жетті. Шегіртке алды ұшып, Жетісуға да кеп жатыр. Бірақ қазақ халқы мұның аяғы неге соғатынын біледі. Құлдарды құтырту... Діннен бездіру!.. Біз оған бармаймыз. Алаш туы астында күн сөнгенше, сөнбейміз!

Тоқаш таңдана тыңдады. Жайнақов баяғыдай емес, ысылған. Тілі де жатық. Ақсақалдар мақұлдап, басын шұлғиды. Жайнақов әуелі қысылыңырап сөйлесе де, біраздан соң ашынып, ара-араасында «қызылдарды» боктап та алады.

Тоқаш зорға шыдады. Қазір тілді тістің арасына қысып ұстамаса бола ма!

— Мына көршіміз, дін мұсылман баласы қоқандықтар өз алдында ел бол, шаңырақ көтерген-ді. Бірақ күні қараш... Жан-жағын қаптаған жау. Өздері жансауғалап отыр... Жіберген елшіміз қайтып оралды (бүгін келе алмады, ауру). Кәне, не істейміз?.. Осылай әрі-сәрі ортада тұрғанда біреуі қағып кетіп, мұрнымызды бұзып жүрмей ме?.. Не айтасыздар, ақсақалдар?

Жайнақов сөзін бітірді де, Сәттің қасына стол басына отыра кетті.

— Тағы кім ой қосады? — деді Сэт орынан тұрмай баяу дауыспен. Бұрылып, Тоқашқа қарап: «сөйлемейсің бе?» дегендегі пішін білдірді.

Зәкір айғай салды.

— Бүгін таңда бізге атаманнан қолайлы әкім табылmas!

— Қан көтерейік! — деді босаға жақтан бір жас дауыс.

Жұрт ду күлді. Зәкір құлағына дейін қызыарып, барлық денесімен артына бұрылды.

— Тағы кім не айтады?

— Дін қауымынан бір-екі ауыз тіл қатайын,— деді Қастектен келген халфе, сақалын шошаңдатып. Әуелі еріндері жыбырлады, дұға оқыды ма, алақанымен бетін сипады. — Атаман кәпір ғой. Бізге сол атаманнан аулақ жүрген келісті сияқты... Алланы ренжітіп, оңбаспыз!.. Қоқанд әмірі аз болса, ескі Бұқара бар. Неге қорқамыз. Жібер елшіні, ба-лам! Амин! — Халфе тағы да бетін сипады. Тоқаш таң қалды: Алаш саясаты дәл олақ қол тіккен шапандай сөгіліп жатыр. Е, мырзам!

— Бұқара тым алыс қой, әулие. Мына жақын тұрған Ташкенттен неге қорқамыз? — деді тағы да әлгі таныс дауыс жастар арасынан. Тоқаш көрмесе де, Сақаның даусы екенін таныды. Жастардың қоштаған күлкісі аяқталмай, бір ел қазағы сөз сұрады. Жұпның түйе жүн шапанның ұзын етігін аяғымен басып қап, сүрініп барып ол түрегелді. Басындағы елтірі тымдағы Тоқаштың алдына ұшып тұсті.

— Мен базарға келген мына Іленің қазағы едім! — деп әлгі шаруа терлеп қоя берді. Тілім-тілім маңдайынан аққан бір тамшы тер жыミған ернінің езуіне кеп іркіліп еді, тілімен жалаң алды.— Сендердің айтып отырған сөздерің құлағыма енбейді. Осы атаман дегенді қайдан шығардыңдар? Кеше атаман десе жылаған бала неге уанды? Оны неге ұмытасыңдар?..— Шаруа сөзін бітіре алмады, тамағына тірелген ыза булықтырып, қайтадан орнына отырғызды.

Тоқаш сөз алды. Залдың іші тағы да тым-тырыс, тына қалды. Тоқаштың пысы жеңді ме, Жайнақовтың үнжырғасы түсіп, жүдей қалды, Сэтке қарай ығыса берді. Тоқаш әрқайсысына сұқтана қарап, көз тоқтатты. Отырғандардың кейбіреулері шыдамай тайқып, кейбіреулері қызыраңдал, басын төмен тұқыртты.

— Да, туыстарым!.. Өмірдің қыры да, сыры да көп. Оған адам баласы бір түнде түсінбейді. Қанша өмір сүрсе, соңша сүрініп, тыңдан жол іздейді. Тап өлерде эттең соның бәрін ерте білсем, талай ой-шұқырдан айналып өткен болар едім деп, опық жейді. Сол сияқты кешегі қан төгіс күндерінде кімнің дос, кімнің қас екенін айыра алмай, сол шұқырға түсіп кетіп, артынан санымызды бір-ақ соғып: «Қап!» деген біздің де өкінішіміз болған. Содан сабақ алмай, бүгін тағы «майда сөз», «жайдақ тілге» еріп, тыңдан жол іздемек бо-

лып отырсыздар. Бұ қалай? Тағы да сүрініп, мұрын қанату машық па? Жоқ, алдағы халықтың тұрмысына қарап, үлгі аламыз ба? — Тоқаш Сәтке бұрылып бет-пернесін аңдыды. Миның бір жақ түбінде — «кім қалай тыңдал отыр?» деген күзетші, сақ ой, негізгі пікірмен қатарласа жарысады. Тоқаш дауысын кенеді: — Тағы да опық жемейік. Атаман кеше ғана қазақ баласының қанын судай ағызған. «Атаман Малышев» дегендеге елде жылаған бала уаңған жоқ па» деп жаңағы ақсақал дұрыс айтты. Бұл қісі сол уаңған баланы өз көзімен көрген көрінеді. Қалай ұмытсын? Зәкір атаманды қолдаса — тамыры. Кешегі құні екеуі сыйбайлас болған...

Зәкір орнынан тұрып, күбірлеп: «У, кәлләнді!» деді де шығып жүре берді. Сәт:

— Зәкір ақсақал, қайда барасыз? — деді артынан тоқтатпақ болып.

— Атаманға барып, мен туралы ақпар бермек шығар. Кәрі тыңшы ғой. Барсын! — Тоқаш құлімсіреп еді, босаға жақтағы жастар тобы, қоштап құлкіге айналдырды.

— Сөзінді бітір, Тоқаш!.. — деп Сәт кіржіндеп қалды.

Зәкір жайындағы Тоқаш сөзі болысқа ұнамаған тәрізді. Сәтке жақпады деп, Зәкірді шашымай, Тоқашты құдай атып па?

— Құрметті халфе Бұқараны атады. Бұның бәрі далбасалық. Көз қарайғандық... Менің ойым, бізге ешбір қамқорлық керегі жоқ. Өзіміз ел боламыз!

— Мақұл сөз!

— Міне, жігіт!

— Біздің де сөзіміз осы: қашанғы ұлтан боламыз! — Жастар шулап қоя берді. Сәт: «Қойындар, шуламаңдар!» деп басып еді, олар тыңдамады. Жайнақов терезе алдына барып, шылымын тартты. Байлар Тоқашты қабағымен атты. Басқа ешкім сөз алмады. Біреулері ығысып, шыға бастады. Сәт сөйледі — шұбырта, мәймөңкелеп, ұзақ сөйледі. Ақырында Тоқаш ойын қоштап, жеке ел болайық деген тұжырымға тоқтады. Бірақ атаман мен Бұқара жайында бір ауыз сөз айтпады. Ежелгі тұлкі жүрісіне салып, қымтап қалды. Дауысқа салғанда — көпшілік өз алдына ел болуды жақтады.

Жиылыстан Тоқаш жастармен бірге қайтты...

... Атаманың тырнағына ілінбеу — қан төкпей деген сөз. Егер Тоқаш Ташкентке қол созайық десе — сәлделі молдалар, сақалды байлар атаманға жармасып, соған дауыс бермей ме? Онда да атаманнан іргені аулақ сап, жақсылықты күткен жөн. Ол күн алыс емес!.. Бір жұма өткен соң, Тоқаш осылай ақыл берді. Қасында төрт шәкірт отыр: Сақа, оның жанында басы қазандай, өткір көзді қоңқақ мұрын — Ораз, оған таяу — бүйра шаш, келте мұрын — Жақыпбек, енді біреу — қолаңтұс, тақиялы, үйғыр Абдулла. Тар бөлменің іші қаракөлеңке. Шырағдан сөніп барады — білтенің басы қызыл шоқтанған.

— Атаман қазақтың өз алдына «алашы» бар деп қарап отырады дейісіз бе? Бүгін сізді, ертең мені абақтыға жаппасына қандай дәлеліңіз бар? — Сақа даусын қаттырақ шығарған кезде, Ораз шынтағымен түртіп қалды. Анау күбірге көшті.

— Олай десең осы қүнге дейін сені неге тайтаңдатыш қойды? — Жақыпбек Сақаны сөзінен ұстағысы келеді. Әтештей таласа кетеді — жастық.

Тоқаш әрқайсысына кезек-кезек көзін аударып, мінездікимылына баға береді. Төртеуі бір түстес болғанымен төрт түрлі: Ораз — салмақты, шымыр; Абдулла — шапшаң, қызыба. Ал, бүйра шаш Жақыпбек — даңғой, үр да жық. Сақа — шақар. Бұлар әлі темір қанаттанбаған балапан: ұядан ұшуға жақын. Баулып, өмірге салса — іліп түсестің қырғилдардың өзі.

Тоқаш Петроград. Ташкентте құрылған Совет өкіметі жайында ортаға сөз тастады. Төртеуі де сол сөзге жармасты. Жұлмалап, пүшпағынан тартады. Дәл басып, жауап айтта алмаса да, олардың ұғымдарын Тоқаш таразыға салады. Бәрінің де ниеті дұрыс — жаңа өмірге зар. Жас көніл өзгеріс тілейді. Тоқаш бұл төртеуімен екі күндей бірге болып, талай сырдың басын қайырды. Ақыры жеміс пісті-ау дегендеге өзінің түпкі мақсатына көшті.

— Ленинді естідіңдер ме?

— Ленинді? Мен естідім! — деді Ораз.

— Мен абақтыда өзіңізден естігем! — Сақа да біліп шықты.

Тоқаш Жақыпбек пен Абдуллаға қарады.

— Біз де! — деді ол екеуі.

— Ол кім? — деді де, Лениннің кім екеніне Тоқаш өзі жауап берді.

— Ленин атын мен бірінші рет осы өзіміздің Петр Алексеевичтен естідім. Ол Россиядан жер ауып келген революционердің бірі екен. Оның білімі жатқан бір дария. Қазақтар айтқандай: «білмейтін жер астында». Бір күні кеш бақ аралап жүріп, мен соған кездестім. Әуелі сөзді өзі бастады: қазақ өмірін түсінік алды... Содан кейін ойымыз қиуласа берді. Не керек, ақыры төс соғысып дос болдық. Ленин туралы маған бір күні сол Петр Алексеевич айтты. Бұрынды-соңды талай халық мұддесін қорғаған, сол үшін өмірін сарп еткен батырлар өткен, бірақ солардың ішінде асқан кеменгер, халыққа бақыт ізделеген адам осы деді. Мен осы сөзге үйідым. 1914 жылы Петроградта Лениннің окуымен жақын таныстым. Менің үлкен қалаға кетуімे де сол Петр Алексеевич себеп болды!..

— Петр Алексеевич сондай ақылды адам деңіз?.. Гүл егіп жүруші еді бақта. Кім ойлаған... — Жақыпбек иығымен мырс-мырс күлді.

— Тұтқынға алғаны шын болды ма? — деді Сақа Жақыпбек сөзіне көңіл бөлмей.

— Солай дейді... Тез босатып алмаса, жоқ қып жіберу атаманға қыынға түспес.— Тоқаш аз кідіріп, ойға шомып, басын кенет жоғары көтерді.— Сендер маған серік болуға жарайсындар ма?

— Несі бар! — деді Абдулла бәрінен бұрын.

— Қолдан келсе! — деді Ораз.

— Мен дайын! — деді Жақыпбек.

Сақа үндемеді. Ол өзін Тоқашпен бір санайды.

— Қолдан келетін іс берем. Сендер мешітке бардыңдар ма?

— Мен болдым, толған әскер! — деді Ораз.

— Ендеши үшеуің, Сақадан басқаң, солардың ішіне кіріп, сөз тыңдаңдар... Ептең, жіліттердің сырын тартыңдар... Ал егер, әскер қатарына кір десе,— кіріңдер, офицер де болыңдар... Ораз, сен мына екеуіне бас-көз боласың. Менімен Сақа арқылы ғана кездес... Қөзге түспеуге тырыс!

Бірақ жастар шығып кеткен соң, Сақаның кішірек бөлмесінде жатып Тоқаш үлкен ойдың теңізінде қалқыды. Жігіттер Тоқаштың айтқанына сенді ме? Жүрек тебірентетіндей әсер алды ма? Жоқ, топастанып тілі жетпей, нысананаға дәл тимеді ме?

Алашорда уытын жая алмаған екен бұл жігіттерге. Кір-

шіксіз таза жандар. Жайнақов қазір жастарды маңына тартып, шыромап, тор құрып жатқан көрінеді: сауық кеші... Эдейі тігілген әдемі офицер киімі... Желбіреген ақ жалау... Қазақ ұлтам деген қамқорлы сөздер — бәрі жастарды қызықтыратын әрекеттер. Ал, Тоқаш оларға нені қарсы қоя алады? Жалынды үгіт сөздер: әділдік, теңдік, туыстық!.. Эне, бақыт құсы қанатын жайып ұшып келеді, Ташкентке қонды. Сәті түссе бүгін-ертең Алматыға да...

Сақа серіктерін шығарып сап, үйге кіргенде, Тоқаш ойына нүкте қоя алмай, үйқы жеңіп, маужырап жатыр еді.

Сақа дыбысын білдірмей шешінді де, еденге салған бестегіне құлай кетті.

XXIX

Шарбақтың есігін ашып, үш шәкірт қобалжи кірді. Бірін-бірі итермелеп, алға қарай бір-екі қадам басып, тағы тоқтады.

Мешітке кіретін баспалдақта қасында Сәлімгерей бар Габдулла Какенов тұр. Екеуінің де сап-сары ала шені бар. Оң жақ қолдарына байлаған ақ шүберекте ай мен жұлдызың үш суреті салынған. Габдулла сереңдеп, алдында тұрған үш жігітті зекіп, сөгіп тұр.

— Бейбастақ өскен, кеңқолтық қазақтар! Сендер алаштың әскері екендерінді білесіңдер ме? Тұні бойы жоғалып, атаңың үйіне бардыңдар ма? — деп төніп-төніп қояды Габдулла.

Оларда үн жоқ.

Габдулла үш шәкіртті көрді де, Сәлімгерейге иек қақты:

— Аналарға не керек? Біл!

Сәлімгерей қылышын жанбасына қысып, баспалдақтан бір-ақ секірді. Бұларға жетіп келді.

Какенов ұрсып-ұрсып жігіттерді қоя берді де, Сәлімгерейдің соңынан қарап қалды. «Настоящий Заправский адъютант!» деді өзіне-өзі жымынып.

— Ни керәк? — Сәлімгерейдің кейде татарша сөйлейтін әдеті бар-ды, бұжолы да татарша бастап, қазақша аяқтады.— Кімді іздеп жүрсіңдер?

— Какенов керек!

Бұл кезде Габдулла да маң-маң басып, жақын келді.

— Мен Какенов! Не айтпақсыңдар?

- Біздің алаш әскеріне кіргіміз келеді! — деді қазанбас, талдырмаш шәкірт,
- Атың кім?
- Ораз Жандосов!
- Сенің ше? — деді өкіншісіне.
- Жақып Сүлейменов!
- Эй, ұйғыр, сенің ше?
- Розбакиев.
- Қолдарыңнан не келеді? Оқу қайда?
- Қазір мектептер жабылған. Бітірді деп қағаз берді ғой... Бірақ біз солдат болмаймыз! — деді тағы да Ораз.
- Енді кім болғыларың келеді?
- Офицер!
- Oho!.. Қалай-қалай сермейді! — деді Сәлімгерей кемежедеп.
- Сен болғанда, біз немене, кеңе деп білесің бе? — Жақыпбек шап ете тұсті. Сәлімгерей даусын көтеріп, тілдей беріп еді, Какенов зекіп тастады. Балалар Какеновке ұнады. Білімі бар нағыз керек азаматтар осылар. Ыбрайым қуанатын болды.
- Жүріңдер! — Какенов мешітке кірді. Есіктен төрғе дейін төселген кілем. Зәулім биік зал саңғырап тұр. Есік аузында отырған сақалды шал бұларды жіберmedі.
- Шеш, шеш етігіңді!.. Қайда барасың, көктей басып? Какенов калошын шешіп, шәкірттерге:
- Тәртіп осылай! — деді. Бозбалалар аяқ киімдерін тастап, жалаң аяқ мешітке кірді. Оң жақта имамның бөлмесінде Жайнақов пен халфе оңаша кеңес құрып отыр екен. Бұларды көріп мақұлдаған пішінмен Жайнақов назарын аударды. Какенов Ыбрайымның осал жерін біледі. «Алаш ескері ішінен шыққан балам», дегені есінде. Мынау үш жігітті Габдулла өзі әкелді ғып көрсетсе — жақпай ма?
- Қатарымыз өсуде, мырза!.. Міне, нағыз керек қып жүрген азаматтарды тауып әкелдім. Қалай дейсіз?
- Е, мынау Қиқымның маубасы ғой... Әкесі атаман Малышевтың заимкасында жалши болған. Қисық қазақ та... Мынау әлгі арғын Сүлейменнің тұқымы... Кү қазақтар... — Розбакиевке қарал: — Ұйғырмысың?.. Уәлает деңгеге қолыңды да, жаныңды да аямасаң болты...
- Бұлар офицер боламыз дейді.
- Пррапорщиктер мектебіне барғылары келе ме? Осында атаман офицерлер дайындастын мектеп ашқан, — Жайна-

қов мақтана «прапорщиктер» деген сөзді нашына келтіре айтты. Оны Габдулла түсінді.

— Оқудан жалықтық... Бізді әуелі істе сынаңдар! — деді Ораз.

— Оңбайтын надан қазақ-ай!.. Оқудан қашады. — Жайнақов екі нығымен күлді. Халфе де мәз, еңкілдең күліп, көзінің жасын сұртті.

— Жарайды, Габдулла, бұл үшеуін де офицер ғып тағайында. Эрқайсысына жүзден әскер бер! — Ыбрайым сармарақау қолын сілтеді.

Какенов бұларды тысқа алып шықты.

XXX

Сақа Оразға күнде жолығады. «Мешіттегі намаз оқытын солдаттар құдайға сене ме екен?» деп Тоқаштың сәлемін айтады.

Ораз Тоқашқа қайта сәлем жолдайды. «Құдайдан безіп, дінсіздік жолын қуған жігіттер аз емес» дейді. Бұл жұмбақ сөз. Тоқаш мұның парқына түсінеді: «алаштың қой үстіне торғай жұмыртқалайтын болашақ заманына жігіттер сенбейді» деген сөз. Неге? Бұл заман сырьы.

Тоқаш енді бетпе-бет шайқасып, жігіттердің өресін байқамақ болды. Бар арманы — қалай да Жайнақовты ақсату. Баурындағы балапанын тартып алып, жалғыз қалдыру. Оразға сәлем жіберді: «Егерде жігіттер дінсіз адаммен дида拉斯қысы келсе, тоссын!» деді.

Құздегі көп жауынның бірі басылып, жадырап күн шықты. Көше лай. Халық аз! Тек анда-санда атты патруль шауып өтеді.

Тоқаш қасына Сақана ертіп, мешітке барды. Қақ аулада күн шуақтап топ-топ боп, қаптап тұрған жігіттер. Тоқаштың көзіне Ораз ілінді — бір топ жігіттің ішінде тұр, соған қарай тура жүрді. Сақа арт жағында келе жатыр еді, біреу Тоқашқа «мұнда-мұнда жүр!» деді.

— Ассалаумағалайкүм, асыл қырандар! — деді Бокин әдейі сөзін мәнерлеп. Бәрі елеңдеп жалт қарады. Тоқаш жылдам басып, үйілген ағаштың үстіне көтерілді. Қолын алға сілтеп тастап, жүректі кернеген азы ақиқатты айта бастады.

— Жайнақов Ыбрайым қазақ халқының мұң-мұқтажын көздел, алаш құрып отырған жоқ. Бұл оған мансап сатысы. Кешегі дауыл күнгі генералға тілмәш боп тұрып, не істеме-

ді? Аттырды, шаптырды. Бекболат сияқты абзалды дарға астырған да осы!..

Оқыс сөз, күтпеген қымыл. Бәрі де ұйын тыңдан қапты. Сонымен «Құдайдай сенген» бастығы — Жайнақов кім бол шықты? Жігіттер аң-таң, не дерін білмеді. Шет жақта тұрған Жақыпбек айғай салды:

— Большевиктер деген кім? Бізге шынын айтыңыз? — Білмегенсіп, кекесін дауыс шығарды.

Тоқаш жан-жағына көз тастанды — алдыңғы қатарда Ораз, Сақа, тағы бірнеше өзіне таныс жігіттер қеуделеп, ін тіресіп тұр екен. Енді Тоқаш аянбады.

— Большевиктер жолы — құдай жолы. Ең таза, ең әділ, адамгершіліктің биігіне, қияға өрлеген жол... Біз қазақ халқы сол жолдан айрылмауымыз керек!. Сол жолмен жүрсек біз бақыт табамыз!..

Тоқаш ұзақ сөйлемді. Қазіргі саясатқа түгелдей, сатылап тоқтады. Жік-жігін ашып, өмір ауанын топтың көз алдына әкелді.

— Сонда біз мылтықты тастанап, үйді-үйімізге тарауымыз керек пе, сеніңше? — деді бір дауыс киіл-жарып. Оған екінші бір ашылау үн килікті.

— Баяғы он алтыншы жылғыдай атаман жүндей тұтсін дейсің бе?

— Ой-бай, полиция!.. Казактар! — деді бір дауыс сасқалақтап.

Тоқаш секіріп түсіп, алдыңғы саптағы жігіттер арасына сұңғіді. Ораз құлағына сыйырлап: «Бізben бірге мешітке кіріңіз... Мұнарада арқан бар!» — деді.

Топ әуелі мешітке қарай жөнкіліп еді, кейінгі қатардағы жігіттер керенау қозғалып екі ортада іркіліп тұрып қалды. Сақа мен Ораз алға жол салды. Тоқаш соңынан ерді. Шу көбейе бастады. Казактар дабдырлап: «Кәне?.. Қайсысы?..» деп көкіректеп топ арасына кіре беріп еді, ін тіресіп тұрған жігіттерден өте алмады: делдиген шынтақтар өкпелеріне наизадай қадалып, бір қадам да алға бастырмады. «Жол бер, жол бер» деген бүйрық сөздер әскерлерге алыстан естілгендей басқа біреулерге ариналған тәрізді. Тоқаш мешітке енді. Ораз: «жүгіріндер!» деді де, есік алдындағы топты сөзге айналдырып, казактарды өткізбей бөгей берді.

Тоқаш сатымен жүгіріп мұнараға көтерілді. Мұнараның темір шарбағына байлаулы арқан жатыр екен. Бос жатқан ұшын беліне екі рет орады да, арқанмен сырғып мұнарадан төмен түсіп кетті.

Тоқашты іздең, Махмут Сақаның үйіне өзі келді. Жаңағана шешініп жатқанда, біреу есік қақты — ақырын, үздіксіз қақты. Жатып қалған Сақа ұшып тұрды. Тоқаш қалтасынан алты атарын суырып алғып есік жақтағы бұрышқа тығылды. «Аш!» дегендегі иегін қақты. Сақа даусын өзгертіп, балаша шілдекілден: «Бұл кім?» — деді. Аржағынан өкпелі дауыспен біреу: «Түү, болсайшы!» — деп есікті шыдамсызыданған қылышпен нұқи тартты. Махмуттың даусына ұқсайды. Бұл неғыл деп жүр түн ішінде? Әдепті қазактарды бастап әкелді ме екен?

Терезеден атып шықса?.. Қос әйнек екен. Ашқанша қазактар алдын кесуі мүмкін-ау. Әй, Сақа-ай!.. Тапқан үйін қарашы!

— Әй, қорықпаңдар!.. Мен өзім! — деді күжілден Махмут. Есікті ашып қап, Сақа кейін шегінді. Сылқ-сылқ күліп, Махмут басын сұқты.

— Бүйтіп көрген күндерің құрысын сендердің!

Тоқаш бұрыштан шыға кеп Махмуттың қолын қысты.

— Жүрісің сұық, жақсылық па, жоқ ?..

— Бүгін Зәкір мен Ыбрайым атаманда болды... Сезегнім, бүгін түнде сенің аяғыңа тұсау, мойныңа құрық салмақ... Қаш!

— Босқа даурығып жүрмейік, шын ба? — Тоқаш Махмут сөзіне шек келтірді: мұнда қандай гәп бар? Әлде — қиқарлық жасап, қазған орға күн бұрын айдал тықпак па?

— Өтірік айтып, мен сенен бірдеме алайын деп тұр дейсің бе!

— Әрине, тыңшылар жеткізіп жатқан болар...

— Менің білгенім осы... Аржағын өзің ойлан! — Махмут көрген-білгенін тәптіштеп жеткізді. Қос бажа пәуеске жегіп, қоңыраулатып штабқа жетіп келеді. Атаманның адъютанты тік тұрып, есік ашады. Құрметпен Малышевтың кабинетіне кіргізеді... Махмут сол бақша жақ терезе алдына барып, құлағын тігіп, отыра қалады. Сондағы естігені Тоқаштың аты аталады. Олар кетісімен атаман, кісі тұтқындастырын көмекшісі бар екен, соны алдырды. Бұл кездे Махмут ауызғы бөлмеге, адъютант жанына кеп, мұләйімсіп отыра қалады... Аздан соң әлгі көмекшісі қайтып кеп, адъютанттан Тоқаштың адресін сұрайды. Ол бір қағазға жазып ұстата береді. Махмут байқаса — бұрынғы Эрмиштің үйі

— Ал, Сақажан, не ақылың бар? — деді Махмут кетісімен Тоқаш.— Сенің осы үйде тұратыныңды біле ме?

— Мен бұл үйге жақында кірдім. Үй иесі Тәшеннің... Элгі тері-терсек заводында істейтін жұмысшының қайын-ағасы. Сақ, берік адам. Сол Тәшен ағай тауып берген болатын.

— Бірақ енді бізге бұл үйде қалуға болмайды. Кеше сені де мешітте байқап қалған болар. Элгі ақсары көрді дейсің бе?.. Ендеше соңыңа кісі салды де де қой.

Тоқаш бұл тұні ұйқы көрмеді. Эрине, Махмут келмей тұрып та өзін бейқам ұстаған жоқ еді. Бірақ Махмут сөзі қамилды бол тиді.

Қап-қараңғы тұн. Жыныс орман. Соқнақ көрінбейді. Кадамды екі аттасаң — ағашқа соғылады. Не істей керек?.. Міне, Тоқаш халі тап осындаї.

Ертеңінде Березовскийдің үйіне большевиктердің жасырын мәжілісі ашылды. Тоқаш көп жігіттерді бірінші рет көріп сонда танысты. Эрқайсысына көзін тоқтатып, сынай қарады.

Дудар шаш, қоңырқай жүзді — телеграфта істейтін Лука Емелев шымыр, тез қимылды, ер көңілді адам екен. Қасында отырған ақ құба, қос ерін Павел Виноградов, салмақты, асықпайды. Ана Емелев мінезінің тұра қарама-қарсысы. Өзі де он жылдай жер ауып, одан соғысқа барып, жақындаған қайтыпты. Оған таяу осы Верныйдың баласы, Орынборда жаңа ғана прaporщиктердің мектебін бітірген Сергей Журавлев қыр мұрын, сопақ бет, көрікті жігіт; жақында атаман штабына қызыметке енген көрінеді.

Төрде, терезе алдында қою қара мұртты, денелі Тәшен отыр. Бұлардың ішінде тек Еремин мен Овчаров жоқ... Бәрінің жасы бір қалыптас — жиырма мен отыздың арасында. Ішіндегі ең жасы — Сақа.

Сөзді Березовский бастады. Жасырын шығатын газеттің соңғы санын Ереминге арнағанын, жау бір түнде оны үрлап кеткенін; Ереминнің өмірі жалғыз тал қылға ілініп тұрғанын қысқаша орамды тілмен жеткізді.

Одан кейінгі Емелев те сөзін шишишкі атқыза сөйледі:

— Ташкенттен түскен телеграмманы оқып, пешке жағып отырамыз. Бізден де хабарды олар үзбей алып отырады... Бірақ атаман мениң де соңыма кісі салғаны сезілді,— деді ол.

Журавлев те өз аңғарғанын ортаға салды:

— Қазарма қайнаған қазандай, бүгін-ертең бүрк-сарқ етіп төгілмек!.. Солдаттар атаманды жақтамайды.. Атаман көшеде бейсаут адам жүргізбейді. Қалаға шығатын әрбір жолдың аузына құзетші қойып, рұқсатсыз бір адам өткізбейтін болыпты. Қөше-көшеде шауып жүрген атты әскерлер. Тағы бір сұық хабар атаман Құлжадағы патша елшісі Любаш арқылы ағылшынмен байланыс жасап, қару-жарақ сұратып жатқан көрінеді...

Тоқаш өзінің Құлжадағы көрген-білгенін, Загаруляның қастығын айттып, сөз қосты.

— Е, баяғы соттың тегеушісі ме? — Березовскийдің сөзі жиіркенішті үнмен айтылғандай болды. — Ол өзі осында жүр дейді.

— Осында? — Тоқаш қозғалақтап отыра алмады.

— Қазір солардың дәүірі жүріп түр ғой... Не амал?! — деді Лука Потапыч терезеге қарап түрған бойы, өкінішті үнмен.

Виноградов үндемеді. Ойда отыр. Жаңа келген адамға бұл қаланың ой-шүқыры көп, жат жер емес пе?.. Бірақ о да әбден тыңдап болған соң пікірін туйді:

— Алдымен Ереминді босатып алуға қам жасайық. Жау қатал, көзін жоғалтып жіберуден де тайынбас... Сонсоң, қаладағы коммунистерді жұмысшылар арасына салып, ықпалымызға біржола алуымыз керек!

Виноградовтың сөзін Емелев қағып алып, әрі созды.

— Сенімен, қабат тауда қол артатын бір күш құрсақ, қалаға жіі-жіі шабуыл жасап, мазасын алсақ... — Басын сілкіп қалып, көзіне түскен шашын кейін серпіді.

— Мен барам, тауға! — Тоқаш түрегелді.

Отырғандар оған тегіс назарын аударды. Березовский трубкасын аузынан алып, іздегені табылғандай, жүзі жадырап көңілдене қарады. Емелев те ұшып тұрып, Тоқаштың қолын қысты:

— Тапқан ақыл. Жігіттерің бар ма... Соңынан ере ме?

— Солар үшін Құлжага барып, Қытай абақтысына жатып келген жоқ па.— Тәшен еңкілдеп иығымен құлді.

Ендігі әңгіме осы Тоқаш ұсынысының маңында шығ берді.

— Екі ортадағы байланысты Сақа арқылы жерден

— Тоқаш тұн ортасы ауғанша көп күннен бері вінан құшты. желісін қатты тартып, жолдастарына айта б

Тоқаш Бокин баяғы Бекболат Әшкеевтің, одан кейін Жұністің үя салған Үшқоңыр тауына, атақты Қоратөбеге бұ да үя салды. Аржағындағы Шамалған, Қастек еліне Сақаны жіберіп, Жұніс, Сәт, Қырбай сияқты ел адамдарын, кешегі құндері патшаға қарсы қолына наиза ұстаған ерлерді, тауға қайта шақырды.

Бірақ Сақаның әкесі Жұніс Түркстан өтіп кетіпті. Сәт келмей қалды. Қасында он шақты жігіті бар Қырбай ғана жетті. Қытайдан қайтқан елді орналастырып, соңына елу шақты жігіт ертіп Шамалғаннан Құрышпай да оралды. Тауда бірлі-жарым шашырап жүрген партизандар да жиналды...

Тау басында қолдан соққандай кең үңгірдің іші жап-жарық, төбесінде сәулесі түсетін тесігі, кіретін есігі де бар. Өзі жылы.

Тоқаштың бір кезде уысынан шығып кеткен арман, қайтқан құстай қайта оралды. Сонау аспанда қалықтап жүрген арманды шетінен атып түсіретін кезек енді келген сияқты. Айы оңынан туды.

Ең әуелі жігіттердің басын қосып, әңгіме құрды. Он алтыншы жыл мен бүгін-ертең туатын он сегізінші жылдың айырмасы үлкен... Атаманда баяғы құш жоқ. Бірақ, бүкіл казактар поселкасы аттарын ерттеп, қылыштарын қынабынан суырып, атаманның лебізін күтіп отыр деседі.

Тауда жапалақтап қар жауып, жерге тиер-тимес, еріп жатыр. Биыл қыс жұмсақ. Тыста күзетте тұрған жігіттер де онша қалың киінбеген.

Жігіттер Тоқашты ортасына алған, отты маздатып жаққан тау үңгірінде, жау алмайтын қамал сияқты бейқам отыр. Тоқаштың сақал-мұрты ескен. Қыруға уақыты да жоқ. Сен-сең құлақшының тұқырта киіп, үстіндегі қара былғары пешпентінің сыртынан жалпақ офицер белбеуін салған. Көзін оттан алмайды. Қызыл тілін жалақтатқан жалын қаралғайды сиырша жалайды. От сыртырап жылап жанады. Жігіттер де сол отқа үңіліп, құлақтарын Тоқашқа тосқан тәрізді. Тым-тырыс. Анадай жерде, бұрышта, киіз үстінде тырайып үш жігіт жатыр. Олардың біреуі — Құрышпай, қорылдаپ, жігіттердің әзіліне ілініп те қояды.

Бұл үш жігітті Тоқаш өзі таңдалады. Бүгін түнде қасына ертіп, қалаға аттанбақ. Тоқаш әлі көзінің шырымын да алған жоқ. Ұйқы қашқан. Әлгінде мызырып, алмақ бол,

жатып көріп еді, тіпті біреу инемен тіреп қойғандай, көзі жұмылмады.

— Эй, Сыбан, мына отқа қазан неге аспайсың. Босқа жанып жатыр ғой, тегі, — деді Қырбай, шегір көзін шаныша қадап.

— Қырекең, табақ-табақ ет жеп үйренген кісі, іші шұрылдаپ отыр ғой тегі! — Құле жауап қайырды Сыбан. Тоқаш жүзін көрмесе де, арт жағында ілулі тұрган етті кесіп жатқан Сыбанды даусынан таныды. Алдағы жорық көнділ шырқын бұзып тұргандай, жігіттердің құлкісі құс тәрізді бұрынғыдай ұзақ шарықтап қалықтамайды, дүр етіп үйіріле қонады.

Сыбан мосы астына әжектәуір, қара қазанды асып, ішіне бір қойдың етіндей ет салды. Тоқаш мосыға көз қырын тастады: көтере алмай құлап кетіп, тағам рәсуга бол жүрмей ме? Жоқ, көтерер темір мосы екен.

Үңгір іші қаракөлеңкеленіп, жарық азая қалды. Барлық жарықты қазан бауырына тартып алған тәрізді. Отырған жігіттердің жүзі күңгірт тартып — жүдеп-жадап қалды. Сәлден соң құрғақ қарағай бытырлап лаулап жанды. Сәуле молайып, жігіттердің жүзінде қайтадан жылышық келбет пайда болды.

Тыста: «Бұ кім? Атам» деген дауыс шықты. Тоқаш кеңет басын көтерді. Отырғандар елеңдеп, өре түрегелді.

— Білші! — деді Сақаға. Қысқа тонын иығына жамылдып отырған Сақа сырғыта тастап, френчімен жүгіре шықты. Дабдыр-дабдыр сөз. Тоқаш анық айыра алмады, бірақ, жіңішке әйел даусы естілді. Эйел ме? Бұ кім? Тоқаш елеңдеп, ықтиярсыз есікке төнді. Сау етіп, бір топ адам кіріп келді. Ең алдында Сақа, артында басына шәлі ораған, қызыл пешнент киген біреу. Тоқаш Айгүл екенін жүзінен танымаса да, жүргімен сезінді.

Айгүлді көрмегелі Тоқашқа бір айдан асты. Тек көрмегенсін ғана жүре берген екен Тоқаш. Шын сағыныпты. Бассап құшып, ұзақ сүйді.

Қызыраңдап, қымсынған Айгүлді Тоқаш от басына әкеліп, өз орнына отырғызды.

Осы кезде дабдырмен оянған Құрышпай да басын көтеріп:

— Айгүлжан, пері емессің бе? Қайдан тұстің — жерден бе, көктен бе? — деді.

Айгүл жүгіріп барып, Құрышпайдың мойнынан құшты. Еркелеп, басын қеудесіне салды.

— Эдейі іздеп елден келдім.

— Сау басыңа сақина тілеп жүрсің-ау, ә?.. Құлжа аз болғандай.— Құрышпайдың бұл сөзін кейбір жігіттер де қоштап, езу тартып, жымысты.

— Айым, бері кел, отқа жылын... Эңгімеңді айт: ел іші аман ба? Біз әрі-беріден соң кетеміз.— Тоқаш Айгүлді қасына қайта шақырып алды.

— Қайда? — деді жұлып алғандай Айгүл.

Тоқаш Айгүл даусынан үрей, қорқыныш лебін сезінді. Бірақ, сыр бермеді. Сылтау айтты — жақын ауылға барып, таң атқанша қайта оралмақ.

Айгүл де сенгендей, жамандыққа жори беріп қайтсін. Өмір онсыз да қатал. Қыз да елден құралақан келген жоқ. Жуырда Жайнақов келіп, бүкіл Қытайдан қайтқан қазақтарды жинап алып сөз сөйлеген. «Баяғы қыңыр мінезді қойып, кім қас, кім жау соның парқын айырыңдар. Қазір Алматыда қазақтар өз алдына эскер құрып, ел бол жатыр, соның салына тұрыңдар» деген ол. Жайнақов сөзінің төркінін байқаған Айгүл, әкесінің ығынан шыға келіп: «мырза, атадан жақсы ұл туса, елінің қамын жейді» деген, біз жер ауып, қурайдай қатып, қайғыға құста бол жүргенде қайда қалдыңыз?.. Қала берді, кеше Тоқаш ағай соңынан бала-пандай елді ертіп келгенде шекарадан өткізбей қойды. Неге сонда қамқор болмадыңыз?»— дейді. Жігіттердің кейбіреуі Айгүл сөзін қоштап: «Е, бәсе! Баяғыда қайда қалған!» деп көтермелеп үн қосады. Жайнақов мықылдай күліп: «Бұл сыпсыңдаған көргенсіз қызың кім еді?» деп Сүгірбайға бұрылды. Ол жымышип, оның құлағына сыйбыrlайды. Айгүл ести алмайды. Екеуі қарқ-қарқ күледі, тегі ажua қылғандай.

Сол күні кешке таман ақсақ Ақан Айгүлдің аулына әйелін жіберген: «Сүгірбай мен Жайнақов Айгүлді қалаға алыш қашып кетпек. Сақ болсын!» дейді. Әрине, Айгүл бұған сенеді. Себебі нысапсыз Сүгірбай баяғыда соғыстан бұрын тоқалғып алмақ болған. Соны әлі ұмытпайтын көрінеді. Айгүл арқылы Тоқашқа да қақпан құрмақ ниеті болар, әйттеуір, Айгүлдің түнделетіп келуі осыдан.

Тоқаш қиналды. Айгүлді тауда қалдыруға болмайды: Өздерінің осы тауда тұруының өзі неғайбыл, жау қашан тап береді ертең бе, бүгін бе, деп отыр. Қыз жазатайым, капылыста қаза тауып жүрсе, обалына Тоқаш қалмай ма? Қыршын жас. Егерде ол «Кім үшін қаза тапты?» соны түсініп барып, өмірін пида қылса арманы жоқ, қой...

Сыбан етін түсіріп, үлкен астауға лықылдатып салып, ортага қойды. Елті жігіттер жеңдерін сыбанып жіберді де, бәкілдерін қалтадан суырып ап, етті жапырақтап турай бастады...

Сол түні Тоқаш қасына Құрышпайды бас қып, үш жігіт ертіп, қалаға тартты.

Тұн тастай қараңғы. Көзге түртсе көргісіз. Ай туған жоқ. Таудан ескен өкпек жел суылдан, дөңгелене соғады. Аттың тұяғы түйдек-түйдек түсіп, көсілтіп келеді. Қасындағы салт атты жігіттерде үн жоқ. Тоқашты беймаза қылған кешеден бергі бір-ақ ой: қалайда болса, Ереминді құтқару. Қаладан алған соңғы хабарға қарағанда Ереминнің қай абақтыда жатқаны әлі білгісіз. Атаман Малышевтың штабы тұрған үйдің астында құпия камера бар, Еремин сонда деген лақап бұдан едәүір бұрын тараған.

«Штаб жаңа үйге көшіпті — қаланың ортасында, казарманың бір жақ қабырғасын ала салынған кең терезелі, биік үйде. Алдында мылтық кезенген күзетші солдаттар жүреді» деген-ді барлаушы жігіт.

Жақын жібермесе штабқа қалай енеді? Ал, тікедей бас салып, шу көтеріп, мылтық даусын шығару — тірідей өзін-өзі жауға ұстап берумен тең. Нендей қимыл болса да үнсіз болсын!..

Тұн ортасы ауа бұлар қалаға келіп жетті. Березовский-дің тауып беріп жіберген пропускасына онша сенбей, тау бектерін жағалай, жолсыз ағашты қалқалап отырып, тап құмдақтан шықты. Ең шеткі үйге тақалғанда, аттарының тұяқтарына дайындал алып шыққан киізін байлады. Штабқа жақындаған жерде, жігіттердің біріне аттарын қалдырыды. Қалған екеуін ертіп, Тоқаш ағаш-ағаштың арасымен тұра жүрді. Енді біраздан соң ай да туады. Көше жарқырап, олай-бұлай өткен көзге іліне бастайды. Дуалдың аржағына серіктерін тастап, Тоқаш тапал үйдің шарбағына секіріп түсті. Қарагаш түбіне барып жан-жагына көз жіберді. Штаб алдында мылтығына сүйеніп екі солдат тұр. Екеуін атып түсірсе, аржағынан бүкіл казарма көтеріледі. Ал, егер үнсіз жорғалап барып, тап берсе ше?.. Көшеден көлденеңдеп өтіп бара жатқанда қарама-қарсы тұрған солдаттар көріп қалмай ма? Солдат пен бұлардың екі арасы жүз қадамдай жер, секірсе — үлгірмеуі мүмкін.

Тоқаш сыйырлап, Құрышпаймен ақылдасты.

— Кіріп барып, күзетшіге мылтық кезеп, босат десек?

— Мына екеуін қайтесің?.. Тұнде маңына жолата ма олар сені? — Құрышпай қабағын шытып, қалтиып тұрган екі солдатты сұқ қолымен көрседі.

Жоқ, бұл әурешілік екен. Өлім тілеу, деген осы. Тоқаш бұл райдан қайтып, аттарына мінді де, мимырт жүріспен Махмуттың үйіне тұсті. Құрышпай Халимасын көрмей отыра ала ма? Жаз бойы Құлжада жүрді, жақында бір-екі қонып, тауға қайта оралды...

Құрышпай аттан домалай түсіп, терезені екі рет тақылдатты. Іле-шала қақпа да ашылды. Кім деп сұраған да жоқ. Ашқан Халима — басына шәлісін орай салған. Аттарды жетектеп қораға енгізді де, төртеуі сау етіп, үйге кіріп барды. Махмут шошып кетті білем, қатарғы бөлмeden әуелі жасқана сығалады. Тоқашты танып, көйлек-дамбалшаң сорап етіп шыға келді. Амандықтан соң, Тоқашты оңашалап, өз бөлмесіне алып барды.

— Қала айналса сақшылар, қалай өттіңдер?

— Тірі жанбыз ғой. Өзінде қандай жаңалықтар бар?

— Сен сұрама, мен айтпайын. Хал мұшкіл.

— Сонша неқылған кіріптарлық? Атаман әлде майдың орнына құрамай қаптырды ма?

— Келемеждейсің-ау! — Махмуттың бет-аузы қисайып, түрі өзгеріп кетті. Тоқаш мысқылды тоқтатып, байыпты қалпына көшті.

— Сағынып көріскенде әзіл тұтатып, күлмесек не болғаны?.. Айта бер.

Махмут сәл жадырап, атаман ордасынан мағлұмат берді. Загаруля Құлжадан қайтқан. Қазір атаманның оң көзі. Ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс. Откен тұні қамалдан бір топ солдаттарды тұтқынға алған... Қала ішінде аштық. Нан жоқ. Ертеден кешке дейін өшіретте тұрган эйелдер мен балалар. Жайнақов пен Зәкір өз алдына «құдай». Зәкірдің үйінде күнде жиын, күнде той. Жақында Ұбрайым мырза үйленбек — Бикен балдызын алмақ дейді...

Тоқаш штаб жайындағы әңгімеге толығырақ қанды. Егжей-тегжейін жете сурады. Махмут сөзі әбден таусылған соң, Тоқаш жігіттеріне:

— Жатындар, жігіттер! Аз да болса көз шырымын ала-йық! — деп әмір етті де, өзі де жата қалды. Махмут тысқа шығып, қақпаны бекітіп, о да Тоқаштың қасына қисайды. Бірақ, Тоқаш та, Махмут та кірпік қақпады.

Олардың әрқайсысы өз ойымен әуре болды.

Махмут сөзі Тоқаштың есіне Бикенді түсірді. Бикен... Ыбраіым... Жоқ, Тоқаш Бикенді біржола жүргегінен өшірғен, әнді қайтып оралмайды!

Өйтсе де көз алдына келуін қарашы... Қиылған қара қасының астынан көкшіл көзі тұпсіз теңіздей мөлдіреп, жалынады кеп, жалынады. Бетін Тоқаштың бетіне тақайды... Тоқаш сц жақ бүйіріне аударылып түсіп көзін жұмды Бикенниң срнына Айгүл кеп мойнын құшады. Үлбіреген оймақ ернін Тсқашқа төсейді. Алакандай қарақат көзін бұлдырап сағым басқан. Жан-тәнімен Тоқашты тілейді... Тоқаш жүреғі де дірілдеп, тап сол үшін соққандай... Тоқаш жата алмай басын кенет көтерді. Үй іші жап-жарық. Терезеден түскен таңның сәулесі бұрыш-бұрыштағы көлеңкені қуалап, керегүттің астына әкеп сырғытты.

- Маха! — деді жаңа ғана көзі ілінген Махмутты тұртіп.
- Ләппай! — Махмут басын көтеріп алды.
- Шай қойыңыз... Біз аттанайық.
- Тапа-тал түсте ме? Сені өлім айдан бара ма?
- Жазғанын көрерміз...

Шай артынан Махмут атаманды штабқа апарып, сұранып үйіне қайтып келді де торшолағын жекті. Тоқашты кемпірше киіндіріп, Весновка өзенінің арғы қабағындағы мұқыл үйге алып барды. Өзінің кім екенін ұмытып кеткен Тоқаш арбадан түссе де, есікке жеткенше бұкшеноңдеп, таяғына сүйеніп, кемпірді елікtedі. Сыртынан бақылап тұрған Махмут та шыдай алмай дауыстап күліп жіберді. Есік алдында байлаулы тұрған тайыншадай жұндес төбет арсылдап, тұра ұмтылды. Ызалаңып, шынжырды тістеледі.

Есікті Екатерина ашты. Тоқаш:

— Березовский деген етікші осында ма? — деді Екатерина танымады, бірақ етікшіні сұраған адам әйтеуір жат емес екенін білетін. Үйге алып кірді. Александр Петрович ауа көрмегендіктен бе, жоқ арықтаған ба, құп-қу, жүдеген. Тоқаш басындағы жаулықты жұлып тастап, құшақтай алды. Березовский мен Екатерина шаттана күлді.

— Кемпір, аумайды... Сөзі де тап тісі түскен кемпірдің сөзіндей!

— Жүрек жұтқансың-ау, неғын жүрсің, тапа-тал түсте? Тоқаш Ереминді босатудың амалын ізделп жүргенін айтты.

Березовский кеп жайға қанық екен: Ереминнің қазір штаб астындағы жасырын камерада жатқаны анықталған. Сергей Журавлев сол күзетші солдаттар арқылы білген:

«Ешбір адаммен қатыстырмайды, қинап жатқан көрінеді». десе керек-ті.

— Кешегі газетте осы туралы тағы да бір мақала жаздым. Бұрынғыдан да ашы. Мә, алып тауда оқы! — деді Александр Тоқаштың қойнына тығып. Газеттен баспахана бояуының ісі әлі кетпеген, мұрын жарады.

Еремин жайын қазір бүкіл қала іші біледі. Енді жасырын, тығып үстай алмас. Бірақ қысылтаяңда атып кетуі мүмкін.

Березовский бұл жөнінде бұрын көп ойлан, кеңінен толғанғанды. Тоқашқа кісі жіберіп, ой тастағаны да сол еді.

Мұсылмандар қалада әзір елеусіз, ал орыстарды бір қадам шет бастырып жүргізбейді. Қөшеде өтіп бара жатқан орыстың бетіне тесіле қарап, үңіліп өтеді. Жасырынып жүрген большевиктерді іздейді. Әсіресе, атаман тыңшылары шарқ ұрып жүр — таппақ. Сондықтан сырттан келген Тоқаштың жегіттері де елеусіз. Алаш солдаттарының белгісін тағып алса — штабқа да жақын жолатуы мүмкін. Ереминді босатудың екі-ақ жолы бар: бірі — орнына кісі салып, ауыстырып қашырып жіберу. Бірақ оның орнына барған адам өлімге барады. Атаман табанда атады. Енді бірі, тілекtes солдат арқылы, бір есебін табу. Қалай? Оған Березовский-дің миы жетпейді...

— Ол тілекtes солдат күн бұрын кілт дайындалап ап, құлыпты ашып, босатып алып шықса қайтеді?

Березовский бұған сұрақпен жауап қайырды.

— Олар қақпадағы күзетшілерден қалай өтеді?

Тоқаш ерсілі-қарсылы жүріп, қайта отырды. Көзін Александрдың жүзіне қадады: Ереминнің амалын сол көздің қарашығынан іздегендей.

Сол түні кеш Березовский Журавлевті шақыртып ап, кеңесіп жатқанда, Тоқаш та Махмут үйіне Ораз, Жақыпбек, Абдулланы алдырды. Құрышпайды тысқа күзетке қойып, шүғыл ой қорытысты.

Тоқаш бұл үш бозбалага іштей риза, солардың пікірін көбірек тыңдайды. Үшеуі де ысылған, бойларын түзеп киінген. Сөздері ұшқыр, бірақ ұрда-жық емес, салмақты, батыл.

Әуелі Ораз сөйлемді:

— Алаш әскері екі жақ. Бірі алашты жақтайды да, енді бірі большевиктерге тілекtes. Өзара күнде тартыс. Оларды Жайнақов та ит жүгіртіп, құс салып аңдуда...

— Әсіресе бізді аңдиы! — деді Жақыпбек.

— Анада сізді қашырган біз деп, ақсары айтса керек,— деді Абдулла.

— Осы біз солардың арасында жүріп не опа табамыз? — Ораз күліп, сырдың бетін ашты. Тоқашқа бұл сөз қамшы бол тиді: бұлардың келешек өміріне дақ түсіріп керегі не. Тауда Тоқаш қасында болса пайдасы көбірек тиер...

— Қазір алаш мөрі бар қағаз табыңдар! Және... Қолға тағатын төрт белгісі керек! — деді Тоқаш алаш әскері жайында мағлұмат алған соң.

— Табам! — деді Ораз. Төс қалтасынан «Жетісу уәлаятының алаш қеңесі» деген мөрі бар тілдей ақ қағазды сұрып берді де, Жақыпбекке иек қақты. О да қалтасынан аймен жұлдыз суреті бар, қарға байлайтын орамалды алып, Тоқашқа ұсынды.

Түсінкіті: тауға қашып кетпек болған. Тоқаш дер кезінде бұлардың қышыған жерін тапқан екен.

— Астарыңда аттарың бар ма?

Жігіттер біріне бірі қарады. Тегі, ат жайын естерінен шығарған тәрізді. Бұл жолы Абдулла ақылды бұрын тапты.

— Табамыз!.. Әлгіде көзім шалып қалған: Зәкірдің ауласына үш салт атты қазақ кеп түсті.

Тоқаш күліп жіберді.

— Егер базарға келген кедейлер болса — сорлатпайсың ба?

— Зәкір үйіне кедейді түсірмейді. Олар түспейді де. Және келгендердің қарындары кебежедей, бишара болмас тегі.

— Абдулла үлкен, сирек тістерін ақсита күліп, қошамет сұрағандай Оразға бұрылды.

— Ендеши жарты сағатта осында болындар. Бірақ ат үрлаймыз деп қолға түсіп жүрмендер!..

Бұлар кетісімен күндіз үйқысын қандырган үш жігітке, Тоқаш бүйрық беріп, ат ерттетті. Откен түні үйқы көрмеген Тоқаш, көзі жұмылса да шыдал, ақ қағазға күәлік жазды. «Алаш әскерінің жүздік басшысы Тоқаш Бокин қаладағы бейсауат жүрген адамды атаман штабына апарып тапсыруға міндетті» деп Жайнақов болып қойды. Сонсоң Махмуттың бөлмесіне барып, онымен одаша қеңесті.

— Маха, сен мұсылман халқы үшін өміріңді бағыштауың керек.

Махмұт бұқаша тұқырая қарады.

— Айт?

— Сені біз көшеде үстап, қолыңды байлап, штабқа апа-рып тапсырамыз... Аздаң денеге дақ та түсіреміз... Неге деп сұрама!

Махмут ернін дүрдитіп, ойлана көзін төңкерді.

— Атаман «қылқ» дегізіп, желкемді қиып жіберсе қайтем?

— Мұсылман үшін шаһит боласың! — Тоқаш әзілге көшті.

— Менің орынма басқа бір мұсылман тапсайшы, керек болса, ана Зәкірді... Атаманың тісі оған батпайды,— деді Махмут та ойынды-шынды. Махмуттың іргесін аулаққа сала бастағанын Тоқаш сезді. Қай жағынан кеп мұны шалса екен?.. Анада Тоқаш Құлжаға жүрерде бәйге көкті көріп, Махмут қызығып еді...

— Осы тілегімді орындасаң астындағы бәйге көкті, әйтпегенде сондай ат тауып берем... Экел қолды! — Махмут бәйге көктің атын атағасын құлімсіреп, керенау қолын созды...

Махмут үйінде жапа-жалғыз отырып қалды. шегедей қадалған бір ой мазасын алып, қинап отыр. Әлгі Тоқаш атаманды ұрлап әкетейін деп жүргеннен сау ма? Олай болғанда Махмут тым арзан көнді. «Досын» тым арзан бағалады. Шынында атаман мен Махмут арасы соңғы күндері тым жақындағасқан — араларынан қыл өтпейтін халге жеткен. Штаб жаңа орынға көшерден бір күн бұрын, Махмут ескі мекеменің ауласынан кіші-гірім дорба алтын тапқан. Өлген губернатордың тығып кеткені ме деп жориды.

Иттің тіміскілеп жүріп, қадала тырмалаған жерін Махмут кеңейтіп, тереңдете қазған. Махмут көкейін атаман да сезген — қу ғой. Жансыз бақылап жүрген көрінеді. Махмут дорбаны сораң еткізіп жер астынан суырып алғанда, сарт етіп терезе де ашылған. Атаман үстінен түскен. Енді не амал? Дорбасын салақтатып, Махмут атаманға алып қелген. Аузын шешіп, ашып қалса — алтын! Жарқырап, көз нұрына шағылысады. Шіркіннің нұры-ай, адам тоймайды, ықтиярсыз уыстатаады... Сондықтан ба, атаман да қолын созып баққан, о кісінің уысы кең, қолы ұзын, қапсыра бір уыстағанда, бүкіл дүние сыйып кетеді ғой... Терезеден басын созып, алтынға тап берген. Махмут та адам баласы емес пе, ақылға жеңдірмей, сезімге билеткені бар ма! Қораздай тікірейіп, қабағымен атып, пәрменімен дорбаны өзіне қараң жұлқылайды — ит тартыс. Не керек, ақыры жақын адам қайда барсын қақ бөліскең-ді. Содан бері атаманмен жұрт

көзінде ымы-жымы бір де, ал іштей біріне-бірі өлім тілейді.

Ләйім бүгін сол атаман болғайды. Алтынын өндіріп алар еді. Ол сандығына салды ма, кім білсін. Ал, егер, атаман болмай шықса,— онда Махмут ұтылды...

Жұрт аяғы басылып, кешкі орынға отыра бере Махмут үйінен сегіз адам аттанды. Біреуі жаяу, қолы артына байланған. Ол — Махмут. Бірлі-жарым көшеден өткен тоғышарлар таңдана бір қарап қойып, өз беттерімен кетіп жатты. Ала-сапыран уақыт, кісі айдау, тұтқынға алу жи кездеседі.

Тасыр-тұсыр Махмутты штабқа айдал алып келді. Құзетші солдаттар мылтығын кезеніп, өткізбеді.

Тоқаш атын қамшылап, алға ұмтылады:

— Біз алаш солдаты... Мына большевикті тапсыруға әкелдік... Саған куәлік керек пе?.. — Өндіршектеп, өктемдей сөйлейді. Беті қайтқан солдат күәлікті оқыған да жоқ, қолына алды да, қайырып беріп босатып жіберді.

Аттарын байлай сап, жігіттер секіріп-секіріп тұсті де, Махмутты итермелеп, штабқа кіре берді.

— Құрыш, Сымак, екеуің есікті құзетіңдер! — Тоқаш Махмутты алға салды.

Топ алдындағы Ораз есікті аяғымен теуіп ашты. Құзette тұрған офицер атып тұрды.

— Айда, мынаны жап!.. Большевик! — Тоқаш офицердің қасына ентелең жақын барды. — Біз алаш солдаты... Мен офицер!.. Білесің бе, мынаны? Шпион!

Сасып қалған офицер, өзі жас өнді екен, Махмутты таңыды ма, көзін айырмай, телефонын жұлып алды. Тоқаш қолынан қағып жіберді. Алты атарын суырып, ап, кезеп әмір берді:

— Сен бізді жансыз қарақшы дейсің бе?.. Не деп тұрмын саған!.. Аш камераны! Эйтпесе, тұрған жерінде сұлатам!

Тоқаштың айбаты шыдатпады, офицер ығысып, сөз қайыра алмады.

— Пожалуйста! — Міңкілдеп, томпаңдап ала жөнелді ол.

Аулаға шығып, сатымен жер астына тұсті де, есікті ашып айғай салды.

— Ей, Покудин! — Аржағынан уәде бойынша бүгінгі құзетке келген Иван сораң етті. — Аш!

Солдат есікті ашып жатқанда офицердің желкесінде тұрған Жақыпбек шап беріп, аузын орамалмен басты. Оразben Абдулла екі қолын ұстап, тырп еткізбеді. Көз ашып-жүмғанша офицердің үнін шығармай, қол-аяғын байлан, құпия камерға домалатып жіберді.

— Еремин, шық! — деді Покудин қол шамын көтеріп. Дыбыс жоқ. Үрейі үшқан ба? Тоқаш жүгіріп барды. Бұрышта тізесін құшақтап, Еремин отыр — тірі өлік. Петр Алексеевичтің қаракөк көзі болмаса, Тоқаш танымайды да екен. Жерден көтеріп алды.

— Ораз!.. Жақыпбек!.. Көтеріп алыңдар!

Тоқаш Ораздың арқасына мінгізді де, Абдуллаға көзін қысып, офицерге естірте:

— Мына атаманның құйыршығын атып кет! — деді Махмутты көрсетіп.

— Қайтесіңдер, оқты шығын қып,— деді Абдулла, шыға беріп. Покудин есіктің сыртынан құлышын салды.

Таза ауаға шыққан Еремин есін жинады. Көзін ашып, құлімдеді, Тоқашқа қалтыраған қолын созды.

Өз бетімен атқа міне алатын емес. Енді не істеу керек? Аулада бұлай тұра беру қауіп. Сыртта құзетте тұрған солдаттар сезіп, дабыл соқса — қазармадағы прaporщиктер атой береді де... Әлде көшедегі жасақтың қару-жарағын тартып ап...

Ереминді алып, офицер отырган бөлмеге келді. Тоқаш қанжарын сұрып ап, телефон сымын қиды. Покудин мен Оразға: — Қару-жарағын тартып ап, байланңдар! — деді иегімен тыстағы жасақты нұсқап. Сол-ақ екен есік те ашылды. Жабыла топырладап, көшеге шықты. Жасақ — кімнің кім екенін әуелі кезде айыра алмады — екі солдат екі жерде домалады да қалды.

— Тартыңдар! — деді Тоқаш атына мініп қатаң, басыңқы үнмен. Ереминді Құрышпайдың алдына берді де Покудинді өзінің артына мінгестірді.

Бәйге көк атылып аспанға қарғыды...

XXXIII

Глафираның кеткені әкесіне оңай тимеді. Бұл жасында ешбір адам ұнап, қөnlіне жақпаған атаман қызына дегенде, бүкіл әкелік мейірін төккен-ді. Қатыгез атаман қызының

алдында жұп-жұмсақ, мап-майды еді. Іште тығызып жатқан жасырын мінез, қолкіп сыртқа шығатын. Оны өзі байқамаса да қызы тәй-тәйлап жүре бастағанда-ақ сезген-ді, бертін өсе келе әке мінезін парықтап, еркелігін тым асырып жібереді. Әке сған мәз боп, баланы бетінен қақпады. Сол «жұмсақтықтың» зардабын енді тартып отыр. Өз қызыны өзі жер аударды. Бірақ қызының дәл жүрердегі сөзі, көзінің жасы үйиқтаса түсінен, құндіз ойынан шықпайды. Елестейді де тұрады. Содан бері Андрей Васильевич, қиналып, қасірет шеккендіктен бе, жоқ кәрілік келген бе, әйтеуір, сырқатқа ұшырады: басы зеңгіп, көзі қарауытатын болды.

Міне, бұғін де жөнді үйиқтай алмай, аунақшып, денесі ауырлады тұрды. Ауа райы да бұзылды. Қылаулап қар жауып тұр. Қөше іші ақ тұтек боранға айналуы да ғажап емес.

Саңғыраған бос үй — көңілсіз, жұтап тұр. Мейрімді Петровна таңтереңгі тамақты жасап қойып, үнсіз тосады. Атаман шар айнаның алдында қырау басқан шашын тарап тұрып, өткенге өкініш жеп қызыны тағы да есіне түсірді. Глафира хат жазуды қойды. Әдейі қәрі әкеге сазайын тартырмак. Ах, Глафира! Құдай өзін жалғыз, өзін ерке ғып бергеніне не дауа?.. Әкесі сағынып жүрген шығар деп ойламай маекен? Мінезі атаманың өзі сияқты қатал... Элгі қыргызың күшігі болмаса — атаман қызын қасынан сынық сүйем жіберер ме еді.

Атаман бір стакан шайды ішер-ішпестен терезе түбінен біреу шауып өтіп, қақпа алдына тоқтай қалды. Атаман елең етіп, терезеден есікке бұрылды. Жүгіріп адъютанты кірді.

— Ваше превосходительство! Штабқа партизандар түсіп, тұтқын Ереминді босатып әкетті. Оның орнына күзетші офицер мен сіздің атқосшыңыз Махмутты қамап кеткен — Малышевтың қолындағы кәрден пияла түсіп кетіп, быт-шыты шықты.

— Махмут?! Ол онда қайдан барған?

— Өзінің айтудынша көшеден ұстап, қол-аяғын байлап, штабқа алып барған.

Атаман жалпақ алақанымен столды салып қалды. Шыны ыдыстар сылдырап, ақ самауыр дір-дір етті. Петровна шошып, бақырая қарады. Атаман өзінің шеңберден шығып кеткенін сезді де, қызарып қырылдаған дауыспен:

— Жалған!.. Оңбаған алдаркөс!.. Бәрін істеген сол! — Атаман осы сөзді айтқан кезде, іші толған алтын шегіреп дорба көз алдына елестеді. Езуіне мысқыл іркілді.

Түкке түсінбеген адъютант сіресіп, орында қатты да қалды. Атаман оны жиіркене басынан аяғына дейін бір шољип:

— Жектірт атты! — деді. Бұйыруы-ақ мұң екен, аз уақытта атаман штабқа да жетті. Қазарма толған офицерлер, солардың дәл иегінің астынан тұтқынды үрлап әкету — дәрменсіздік. Бұл жақсы нышан емес!

Атаман жауының жұлдызы оқынан туған екен. Бұл дәрі салған бөшкенің үстінде отыр деген сөз. Сіреңкені тартып қалса — аяғы аспаннан келеді. Бүкіл штаб офицерлерін шақырды. Құпия камерадан офицер мен Махмутты алдырды. Ол екеуі бастан кешкен тұнгі уақиғаға кезекпе-кезек тоқтап бірін-бірі толықтырды. Екеуіне де жан керек — қоспасы да бар шығар, әйтеуір кісі сенетіндей, мәлдіретіп айтты. Атаман оңайлықпен қолға түспес, байқа, Махмут!

— Эй, Махмут, сенің дініңде қарамай, бауырыма салып едім. Қасқыр болдың ба, енесіне ауыз салатын? — Атаман қазақтың таза тілімен безеп, сынай қарады.

Махмут басын жоғары көтерді.

— Тақсыр, қасқыр екендігім қай жерімнен көрініп тұр?

— Откен тұнгі уақиға сенің аузыңың дағы емес пе...
Аз ба?

— Мынау кімнің тісінің дағы деп білесіз? — Махмут көйлегін жыртып омырауын ашты: кек ала қойдай, ойдым-сідым теңбіл дақ.

Атаманның сағы сына қалды. Көзі сыртына шығып, жан-жағына қарады. Қазақша айтқаны ақыл болған — ұятқа батып қала жаздады-ау. Атаман толқып, бір қызарып, бір бозарып, ақырында:

— Босатыңыздар! — деді адъютантқа, сөйтті де бәрін шығарып жіберіп, Загаруляны оңаша қалдырды.

— Не деп үғасың? — Атаман терезенің торғын пердесін сырғытып еді, аулада әскери өнерді үйретіп жатқан прапорщиктерге көзі түсті. Әнебір шеткі прапорщик үйікшамаған ба, мең-зең... Онға десе, солға бұрылады. Құып жібермей ме, күлкі қылғанша!.. Загаруляның жауабын ойға шомып тұрып, аңдамай да қалды.

— Э, не дейсің?

— Мен дейім: бұның бәрі қолдан жасаған іс. Махмут пен офицерді тексеру керек еді.

— Жоқ... Онда аңды тұзаққа түсіре алмай, үркітіп алғаның... Білмеген, сезбеген бол да, ізін кес!

Сол түні Яшайлоны шақырта кісі жіберді. Белгілі адрес-ке кісі жіберіп белгі беріп еді — екі сағат өткен соң өзі келді.

Шел басқан көзін жұмыңқырап, сау көзін ашыңқырап, күле кірді. Майысып, қолын қеудесіне басып, тағзым жасады. Бұл қылышынан бір жазбайды — жер қозғалды десе де, бұлтармас.

Атаман ішінен қошаметті жаны тілейді, бірақ, тап бүгін көнді алай-дүләй, Яшайлсның майысқанын да жақтырмайды...

— Не білдің?

— Бар бәле почта-телеграфтан тараиды... Сонда бүйра шаш бар. Сол нағыз батбахыт! — деді Яшайло қазақша.

Атаман басын изеді.

— Гм-м... — Атаман қасында жапақтап, түккө түсінбей отырған Загаруляға орыс тілінде түсіндірді. — Сен фамилиясын білесің бе? — деді Яшайлого.

— Ельмелев!

— Емелев те... Ондай бар...

— Федор Алексеевич, сен почта бастығынан білші, кім екен ол өзі?.. Сонсоң кеңесейік.

Загаруля басын изеді де, бұларды оңаша қалдырып тайып тұрды.

Атаман Яшайлоны қасына диванға алып, ұзақ әңгіме құрды. Қала жаңа қылыштарын тегіс айтқызды. Жайнақовтың мешітін, әскерін де сұрады. Яшайлоның өз ұғымынша: алаш орысты, оның ішінде атаманды жек көреді. Тек күнін күтіп жүрген сияқты. Бұл сөз атаманға ақыл қосты. Кешегі уақытада алаш солдаттары қатысқаны да мәлім. Алаш кім? Алаш не біржола атаманға жанын да, дінін де сатады, әйтпегенде, ұсын талқандап, күлін көкке ұшырады атаман!

— Яшайло, сен Махмут деген үйғырды білесің бе?

— Әлгі сіздің атқосшы ма?

— Тап өзі.

— Тұс танимын.

— Соны біліп берші!

— Хүп, мақұл!...

Атаман Малышев сол күні Талғар станицасына барды. Астынан су шыға бастағанын сезгендей: не қамалдағы солдаттар, не алаш әскері қолға ұстайтын қаршыға бола алмады... Дондағы «Оңтүстік союзға» жіберген уәкіл: «Совет әкіметінің күні санаулы. Донда, Кавказда генерал Деникин

қол жинап, Москваға аттанбақ» деген сәлем әкелді. Атаман енді тек Талғар, Қаскелен, Қастек казактарына ғана сенеді. Бүгінгі келіс те сол — Дон сәлемін жеткізіп, олардың кегін шақпақтай шағып, өрт қоймақ. Талғар атаманы: беделді казактардың аттарын ерттеп, атойды күтіп тұрғанын білдірді. Атаман да тартынып, сырын бүгіп қалмады. Бір жағынан тырнағының үшін көрсете сөйледі: Қашқардағы ағылшының елшісі жақында қару-жарақ жібермек болғанын, Дон мен Жетісу казактарының арасындағы келісімді қайталап айттып, ауқатты казактардың делебесін қоздырды. Мұндай қөп жиында атаман қылышын сурып, безене қызатын әдеті де. Бүгін тіптен өзін-өзі билей алмады. Оған өзі де таң. Қылышын сурып ап, айғайлап, сөзін бітірді:

— Ескі мейірімді Россия үшін, орыс патшасы үшін қасық қанымызды аямаймыз! — дегенде отырғандар ду қол шапалақтады... Осы шапалақты станица атаманы өзінің үйінде аяқтады.

Сол түні Талгарда сауда-саттық жайымен Зәкір де келген екен. О да станица атаманы үйінде бірге болып, қол шапалақтады. Станицаның әйгілі казактары жиналып, Малышевқа сыйлық көрсетті. Өзімен қатарлас, дәмдес казак басшылары өткен күндерін жоқтап, айбат шегіп, білек те сыбанды. Андрей Васильевич бұлардың сөзіне сеніп, көңлі енді жай тапты. Қазақ басшылары кімнің арқасында күн көріп, рақат өмір сүргенін біледі. Ертеңгі күні терлеп-тепшіп, жиған дүниенің кімнің қолында кететінін де сезеді. Тек Малышевқа уәдесін беріп, ертең дүбір шықса атқа мінетіндей болса — үмітті ақтағаны...

Біраз шарап та ішілді, біраз сөз де сөйленді. Атаман мен Зәкір екеуі бір пәуескеге отырып қалаға тартты түн ортасында. Жолшыбай атаман Зәкірге бірер сараң сырдың бетін ашты. Көмейін білдірді. Зәкір бойын сақтап, шарапты жөнді ішпеген, оны атаман да байқаған еді. Зәкір сөзге құлақ қойып, жүргіне тоқытындаш шамада.

— Зәкір ақсақал! — Малышев қасқыр ішігінің жағасын кеңірек ашып, мойын бұрды,— өткен түнгі ғажапты естідің бе?

— Жоқ, о не ғажап? — Зәкір білмейтін тәрізді. Бірақ тым асыра таңдана сұрады-ау. Сірә...

— Алаштың бір топ әскері штабқа шабуыл жасап, саяси тұтқын Ереминді тартып әкеткен.

Зәкір сылқ-сылқ күлді.

— Ол Бокин шығар...

— Ыбрайым мырза Жайнақов солдатын есептеп пе? Түгел ме екен?

— Кеше түгел-ді... Бұғін жоғалтып алмаса?

— Мен қазақтарды сыйлап, аз шаңырағын өздері көтерсін деп тиген жоқ едім... Қадір билетін емес. Қаһарға қайта мінуге тура келіп тұр! — Малышев «қаһар» деген сөзді нақыштап айтты. Ондағысы: «қазақтарға тимегенім, тағы да бұлік оты тұтанып кете ме деп, тізгінді солғын ұстап едім. Бірақ, көнетін емес. Енді тас-талқан қылам!» дегені. Зәкір де үқты, атаманға қипақтап, өзінің адалдығын айта берді. Оны тыңдаған атаман жоқ. Тілін қамшылай басты.

«Сыйға сый, сырға бал» дейді қазақтар. Малышев Зәкір үшін, бір кездे губернаторға да жақпады. «Елді тонады Зәкір» дегенде, атаман торғайдай шырылдап, екі араға түсіп, есебін тауып, ол арыздың жайын тапқан. Ал, бұғін Зәкір үшін Жайнақовтың сұрқия мінезіне де қөнбек пе? Тамшы аға берсе, тасты да жонады. Төзімі тозды. Енді атаманнан қайырым күтпесін... Жетісуда екі билік жүрмейді... Қоқанд деп аузын толтыратын көрінеді. Біле ме екен большевиктер Қоқандты не қылды. Шаңырағын ортасына түсірді де, күлін көкке ұшырды.

— Қашан? — деді Зәкір даусы дірілдеп. Шын естімен екен.

— Осы жуықта! — Атаман бұл хабарды кеше ғана алған-ды, бірақ оны әдейі айтпады. Сөзге мат құрды!

Зәкір үндемей құтылды...

Екі пар ат ағызып, заматта қалаға жеткізді. Сөз желісі үзілді...

XXXIV

Осыдан екі ай бұрын Бокиннің аяқтатпаған мәжілісін Ыбрайым қайта шақырды. Талғардан қайтқан Зәкір атаманың зілді сөзін түгелдей жеткізді. «Қазақтардың әскери үкіметін қазақ қолдап, соған бағынады» деген Зәкір ұсынысын шарға салды. Сәт дауыс бермей, мәжілістен кетіп қалды. Сәт қабағына қарайтын қала тоғышарлары Сартауқұм, Жәйліміс болыстығының өкілдері де мәжілістен шығып кетті. Оған Зәкір мен Ыбрайым пысқырып та қараған жоқ... Іле атаман Малышевтың штабына барып, алаш комитетінің қаулысын түсірді. Жайнақов атаманға оқа шапан жауың күміс ертоқыммен ерттелген ақ ат тартты.

— «Біздің хан!» — деді Зәкір күліп... Атаман сол күні Жайнақовқа полковник деген шен берді. Алаш әскерінің тізгінін атаман өз қолына алды...

Екі бажаның бұл қылышы Какеновке ұнаған жоқ. Бір жағынан Жайнақовтың шені Габдулла жүргегіне қызығаныш отын тастаса, атаманға барғанда және ертпеуі бір жола көңлін қалдырды. Бикен үшін қырғи қабақ жүрген Габдулла Пішпекке кетпек тілегін білдірді. Әуелі Кәрден байға өкпесін айтуға барды. Бай Габдулланы бұрыннан шетке теппей жақын тартатын, араларында аздаған алыс-беріс те болатын. Қырғыздың бір байымен дауласқанда Габдулла есебін тауып оны Кәрденге жығып берген. Содан бері бай аузынан да тастамайды. Сауда шатағы болса — Габдуллаға бел артады. Құрғыр саудагерлер арасында дау болмай қоя ма, тағы бір шәлім-шәлкес уақығада Габдулла тағы да бір бой көрсеткен-ді. Соның артынан іле, Бикен жайында байға көңлін білдіріп еді, бай үйіп, көмейінің бостығын сездірген. Бірақ өзі ерке, өзі кенже қыз әкесіне дес бермеді. Осыған орай Үбрайым үйіндегі ортаншы қызы қайтыс бол, Бикенге қыңқыл көбейді: «Бір үйіміз еді, апасының орын Бикен сұytпауы керек» деп күн бұрын тұзақ құрды. Әрине, Габдулла бұл сыйбыста да естіді. Амал не? Заман алай-дүлей, ырық бермейді, әйтпегенде, сұлу қыз Пішпектегі қызыл шатырлы үйдің бір бұрышына құрған полыскей керуатта жатар еді...

Жәнеде, Какенов үйлі-баранды адам. Шешініп кірісуге батылы жетпеді. Тоқаш пен қыз арасындағы өсекті де құлағы шалды, бірақ, мән бермейді. Жастықта не болмайды, ерке қыз қайта қанатын құйдірсін, сонсоң өзі де қонаады тұғырына. Мүмкін ол тұғыр — Какеновтың Пішпектегі жайы болар...

Соңғы күнде Габдулла алаш әскерін басқарып, атағы шығып, «көш басшы да, қол басшы да» бол, лепірген күндері аз емес. Әскер қолда тұрғанда, ана Қоқандтағы ағаларының қолтығына дым бүркіп, дем берсе — Жетісуға билік айту қын тимейтін еді. Не керек...

Какеновтың қадірлітіні, Кәрдениң бойындағы жақсы мінезі — ол саясатқа жөнді араласпайды. Зәкір сияқты сұғанақ емес. Шотын қағып, тынын санап, қалтасын қампита береді. Мүмкін, екі бірдей қүйеуі — Зәкір мен Үбрайым саясатпен араласып жүргенсін, соларға сенетін де болар... Эйтеуір салқын қанды. Габдулла бай мінезінің бұл өңі деп қа-

на үрады, астарын әлі білмейді. Өз жоруында кісіге қақысын жіберетін шал емес. Керек жерінде тісін басып та қалаады. Және, тісі қандай, қасқырдың аузы десе қаталаспас...

Мұмкін Какенов осы аузын еске алғып, өкпесін айтып, сыр тартпақ сыйы бар шығар.

— Есің барда елің тап деген. Пішпекке жүрмек бол, қоштасуға келдім сізге! — дейді Габдулла амандықтан кейін Кәрден байға.

— Е, не болды, шырағым?.. Талаптарың жақсы еді. Сырттан сүйсініп отыратын ек.

— Жоқ, аға, бізде бірлік жоқ. Ел болмаймыз! — Какенов соңғы кезде комитетте болған өсек-аяңды, қырғи қабақ, шәлкес мінезді тегіс жеткізді. Қайын атасының алдында Зәкір мен Ұбрайымның қоясын ашты, атасының елемейтін, көрмейтін қылықтарын айтып, ұятқа батырды. Байдың қысылғаны сонша, терлеп қоя берді. Бүркіт мұрнының ұши шып-шып тершіді — бұл сенерін де, сенбесін де білмеген адамның қылышы.

— Қорқам, шырағым! Тұсім жаман. Осы біз бір кесаптақ ұшырамасақ не қылсын. Ол антүргандарға не жетпей жүр, осынша қарауытып.

Какенов енді Бикен жайында сыр тартты.

— Ұбрайым мырза маған қызығанышпен қарайтын сияқты... Анада, сізben арамызда бір болмашы әңгіме бар еді, соны естіген бе...

Әккі бай тұсіне қойды.

— Шырағым, маған екеуің де жақын боласың. Қазір заман болса қын. Араздық ел бұзады. Мен ырықты Бикеннің өзіне бергем. Өзі білсін...

Какенов тыжырынып, үзын мойнын созыңқырап, елең қақты — екінші бөлмеден Бикеннің сақылдан күлген даусы естілді. Сөз біткендей. Онда Габдулла бүгін Бикенге кезде-сіп, қызыңың көңіл-күйін шертіп көрсе?

Какенов аз мұдіріп, байға жауап қайырды.

— Эрине, Бикеш Ұбрайым мырзаны қаласа, таласым жоқ. Бірақ адап шешейік те. Өсекке неге айналдырамыз.

— Екеуіңнің араңда бір тұсініспестік бар сияқты, шырағым. Битке өкпелеп, тоныңды отқа салма деген... Пішпекті қоя тұр. Өзіміз ел болып шешерміз! — деді Кәрден.

Бұдан әрі әңгіме жалғанбады, байды тыста біреу шақырып тұр деп әйелі алғып кетті де, Габдулла Бикен бөлмесінің есігін қақты.

Бір топ қыз үш бұктемелі биік айна алдында Бикеннің басына құндыз бөрік өлшеп, әуре-сарсақ бол жатыр. Мәрестәре, күлкі мен әзіл теңдесе түсіп, үзенгі қағысады. Жетісу-дың тұнгі ашық аспанында, Бикеннің тұнық көк көзі күлмейді. Ойға шомған. Босағада тұрған Габдулла, қарсы айна-дағы қызыға үңілсе, о да сол айнаға түскен мұсінді байқап қалды. Бикен бұрылмады — айнадағы мұсінге басын шұлғып, наездана жымиды.

Габдулла қыздың қасына жақындалап барып әзіл таста-ды:

— Бике, дәл жар-жар бастардай, қайда киініп жатыр-сыз? — Габдулла Бикенді көптен көрмеген еді. Өзгерген. Кеудесі жұмырланып, белі қыла түскен. Жүзінде бір шырмау бар, жүрек түбінде жатқан күйінштің зардағы тәрізді. Габдулла анық айыра алмады, әйтеуір, сыртқа шықсан сырдың сыйдағы. Қыздар құлкісі саябыrlаған кезде Бикен Габдулла сөзіне кешігіп жауап қайырды.

— Жар-жар дейсіз бе, ә?.. Соқыр тауықтың түсіне тары кіредінің кері болып жүрмесін, Габдулла аға?.. — Бикен даусында зіл. Қыздар да ду құлісіп, найзадай өткір, әзіл сөздің ұшына Габдулланы ілді де әкетті.

— Ағай, жар-жар тілесе той қылсын!

— Беташарға мені шақырыңыз!

— Әлгі... Қимылдатар деуші ме еді... Оған да шашу ке-рек болар.

Қаланың бай саудагерлерінің ерке қыздары ажуа қылды. Бикен сөзінен көzlі қайтып, қысылып қалған Габдулла қыздардың қалжыңына қонымды жауап қайыра алмады. Эзілі дөрекі керіс тәрізді бол шықты.

— Шашу қалтамда, қимыл керек болса, мен дайын.

Бикеннің көзінен ашу оты жарқ-жүрк етті. Жалт бұрылды:

— «Бостандық үйінде» сауық кешін әзірлеп жүрміз ғой, білесіз!.. Біз асығыс едік, ағай...

— Е, мен де соған барам! — деді қыз ишарасына әдейі түсінбеген Габдулла.

— Онда, сол жерде кездесейік, ағай! — деді Бикен.

— Габдулла бойын тік ұстап, қадамды сабырлы басқанымен, күнірене шықты. Бұл қыздың уысына түспегенін әбден сезді. Оңашада жадында піскен әдемі сөз, алтын уәде, бәрі де қыз қасына келгенде, торғайдай бытырап, ұшады да кете-ді. Габдулла тіс қақтан сайдақ еркек. Өмірді де көрген. Бұ-

рын эйелдерге де мұндай жасық емес-ті, әйтеуір, осы Бикен-нің пысы жеңеді де тұрады.

Көшеге шықты. Жүріп келеді. Қасына Сәлімгерейді ертіп, бір күнде Зәкір мен Ыбрайымды комитеттен қуып шығып, алашты қолға алса... Атаманмен жең ұшынан жалғасса...

Шайхана алдында бір топ ат байлаулы түр. Терезеге көзі түсіп еді — сәкіде дастарқанды жайып сап, бір топ қырғыз шай ішіп отыр.

— Асс... «әлекүмді» ернімен жыбырлатып айтып, Габдулла кіріп келді. Отыргандар елеңден, сөзін қоя қойды.

Габдулла шайды сораптап отырган қаба сақал, қызыл бетті тани кетті — Пішпек қырғызы Қалдыбай екен. Әңгіме түйіні салғаннан шиленісті.

— Я, Қалдеке, жол болсын. Қайдан жүрсіз?

— Айылдан... — деді сөзін қырғызша бастап, қазақша аяқтап. — Тауда тағы да қашқындар көбейді... Бұл не қылыш заман?.. Елдіктен кеттік пе? Алаш қайдада?

— О не қашқындар?

— Баяғы он алтыншы жылғы көтерілісті бастаған Тоқаш Бокин тағы да тауда қол жинап жатса керек-ті... Біздің Пішпек түбінен қырғыз жігіттері қашып кетіп жатыр соған.

— Оған мән бермеңіз, Қалдеке!.. Адымы қысқа, қайда барап дейсіз. Атаманның бір зеңбірегі жалынсын. — Габдулла шайып-жуып үрейді баса жауап қайырды. Бірақ ішінен кірпідей жиырылды. Анадағы үш шәкірттің қашқаны алаш жүзіне түскен дақ. Ыбрайым: «Алаштан ат-тонын ала қашатын қазақ баласынан таба алмаймыз. Бокин?.. Бокин қазақ емес, шоқынды» деген-ді. Енді бүгін қазақтар Бокиннің таудағы ұсынына ұшып кетіп жатқанын қалай ұфуға болады?.. Өз ойын қуалап кеткен Габдулла Қалдыбайдың сөзіне құлақ та қоймады, кеш бата ашна әйелінің үйіне қарай аяңдады. Көше мүйісін айналған беріп еді, біреу адымдай басылып, қатарласа түсті. Габдулла көз қыығын тастанап еді, кепкенің астынан дударланған селеу шашы көзіне бұрын ілінді. Қөп ұзамай сып етіп, бір ашық қақпаға кірді де кетті. Жүрісі онша бейсауат адам тәрізді көрінбеді Габдуллаға... Көшеде кешкі жетіден былай жүргуге болмайды. Соған асығып барап жатқан біреу ме? Қек базардың түбіне жақындағанда тағы біреу қатарласты — имек мұрын, қара сыған сияқты. Е, бұл әлгі Загаруля емес пе?

— Никак Қакенов! — деді ол алдын кес-кестеп, екеуі қол алысты.

- Көрмегелі көп айдың жүзі болды дейді біздің қазақ... Қайдан жүрсіз бұ жақта?
- Бір таныс адамның соңына түсіп, жете алмай-ақ қойғаным... Аяғы ұзын екен соққанның.
- Элгі әзірде жанымнан біреу жұлдыздай ағып өтіп кетіп еді, со болмаса иғі еді.
- Пішінін байқамадың ба?
- Дембелше... Дудар шаш!
- Сол... Қай жаққа кеткенін байқамадыңыз ба?
- Какенов мырс етіп, бетіне үңілді. Ерні жыбырлап, азы сөз тіліне орала беріп еді, сезгендей Загаруля бұрын қамтыды.
- Гапу етің!.. Ол кісі жаңа ғана мені ізденеп келіп, таба алмай кетсе керек... Мен штабтан қайтып едім.
- Какенов Загаруляны бұрыннан біледі, прокурордың көмекшісі бол тұрғанда талай кездескен. Бет пернесі ешбір күбылмайды, безереді де тұрады. Сыр сілемін табу қын. Жете қадала қараған адам: ол безерген бет, батырлар киетін сауыт сияқты қалқан екенін сезе қояды.
- Бұлтармаңыз... Түсіне қарағанда, сіздің серік емес.
- Жә!.. Балықшы балықшыны анадайдан таниды...
- Қайтеміз көшеде салғыласып... Бет алысыңыз қалай?
- Какеновке бір ой түсті: «Загаруляны қолына қаршыға ғып ыбрайымға салса қайтер еді?» Габдулла Загаруляны өзімен бірге алғып жүрді.
- Есік ашқан Зәкірдің көп әйелінің бірі, Насима-ханым. Габдулла Насима өміріне іштей риза. Атағы Зәкірдің қатыны болғанымен, аралары көптен сусысып, алыстап кеткенді... Зәкір анда-санда бір кіріп шығады, онда да сауда-саттық жайында. Насима қаладағы атақты саудагер Бурнашевтың қарындасы, әкесі өлген соң дәүлетін екі баласына бөлгендे, бір магазин осы Насимаға тиген. Насима шаруасын өзі басқарып, күнін өзі көреді. Зәкір тек сырттан бакылап, кіріс-шығысын есептеп, көз боп қояды. Габдуалиев, Пугасов сияқты миллионы бар саудагерлермен қақтығыс-соқтығыста ғана Насиманы есепке алғып, намысын жыртқызыатын... Насима толық денелі, қуаты қайтпаған, сыланып бойын күттін жас әйел. Бүгін де Габдулланы ертеден күтіп, гүл-гүл жайнап, кешіккенге шыдамсызданып отыр екен. Қуана қарсы алды. Загаруляға көз қырын да салған жоқ, паңданған пішінмен дастарқанға шақырды... Венгрияда шығатын «алаш» шарабын біраз сілтеген соң, Загаруля қылжақтай бастады. Ұзақ жылдар жер астында базда жатқан шарап, әб-

ден ақыра қүшеген екен — екі бокалдан кейін-ақ күрмеген тілдің тұсауын ағытты.

— Ҳал нешік?.. Қалай күн көреміз деп жүрсіңдер? — Габдулла сыр тартып, сөз бастады.

— Күн көргені несі? Біз алашорда емес, — әлін білмей, әлең боп жүрген, — деді Загаруля, қанша есірсе де, алаш комитетінің әскер құрып, ел боламыз деп жүрген әрекетін кекесті.

— Басқа барыспайық,— Габдулла салмақпен, сөзін тегеп ұстады.— Атаманың да аспаннан жұлдыз ұстағанын көргеміз...

— Көрерсіз әлі... Ағылшының арыстаны Жетісу кеп ақырғанында, ана жағыңызға берік болыңыз... Бұлдіріп ап жүрмеңіз.— Загаруля Насимаға бұрылды: — Сіз ғапу етіңіз, артық сөз болса — қалжың.

Насима мұрнын тыжыртты. Габдулла шыдамады — күліп жіберді.

— Неге қүлесің, өтірік пе?.. Баяғыда ақ патша ана жағымен пук дегенде, сіз «жәрекім алла жасаңыз!» — деп, бас иетінсіз.

— Қысқарт енді, Загаруля!.. Аузыңа келгеніңді тантыма! — Габдулла досын зекіп таставы. Насима шыдай алмай орнынан тұрып, басқа бөлмеге кіріп кетті.

— Ғафу етіңіз, мен не дедім? Шындық қөзінізді қари ма?.. Баяғыда полицмейстер Поротиковке «Қара», «Ұзақ» деген жасырын атпен патшаны жамандады деп донос түсірғен мен емес...

Габдулла ауыздан періп жіберді — мә, саған донос! Загаруля шалқалап, орындық-морындығымен гүрс ете құлады. Габдулла жылдам атып тұрып, жағадан алды да, сүйреткен бойы сенекке алып шықты. Сілкілеп тұрғызды да, жұмсақ жерінен бір теуіп, баспалдақтан домалатып жіберді.

Габдулла есікті жауып үлгірмеді, мылтық даусы гүрс етті. Оқ есікті жарып, Габдулланың тап құлақ тұсынан зуылдап өтті.

Насима бақырып, Габдулланы құшақтай алды.

— Бұл кәфириңі қайдан ертіп ең!.. Қаһар жұтқыр!..

Загаруля енді қайтып атса, Габдулла да атпақ еді! — алты атарын суырып, есікке оқтанды, Загаруляның үні өшті.. Кайтып жолаған жоқ.

Шу шығарып, атаманға жаманатты болып қайтсін Загаруля. Басы жаңа ғана сыйып жүргендеге... Жоқ, есебін ала-тын мезет алда...

Загаруля қызып қалғанын таза ауаға шыққасын сезді. Басы айналып, дуалға сүйеніп біраз тұрды. Өйтсе де мас емес, есін біледі. Габдулланың шамына тиетін не айтты? Е, әлгі... оған неге ашуланады? Жалған емес. Жазған өзі... Жарайды, кезек келер?..

Загаруля ескі ереженің бой-бой бол сөгіліп, ыдырап қалғанын енді сезгендей. Кеше «тфу» деген түкірігін қағып алғып, «мың жаса» дейтіндер, бүгін теріс қарайды, қарсы кеп қалса — тыжырынады. Бой сұнбайды. Қайда барып оңар екен?.. Загаруля екі күн іздетіп, Яшайлоны зорға тапқызыды — менсінбейді. Атаман түсіндіріп айтқаннан кейін, аздал илген тәрізді ол.

Загаруля Құлжадан қайтысымен атаман мұны штабқа алғып, ерекше құпия қызметтерді тапсырған. Бірақ жүрт білмейді, арнаулы формасы да жоқ, бой сұнбайды. Бүгін Яшайло да шешілмей іркіліп қап отырды. Әңгімесі келте:

— Қамалдың қақпасын ашып, ал қаланы тона десе — сағат мерзімінде түбіттей түтер еді. Ең алдымен осы штабтың шаңырағын ортасына түсірер еді... Неге дейсің ғой? Ашынған. Әрине, желсіз шөптің басы қымылдамас болар. Іріткі сап жүрген адамдар бар,— деді Яшайло бейнелеп.

— Кім? — Загаруля қолына қаламын алды.

Яшайло сәл кідірді — езуінде кекесін тұр. Загаруля асығыс сұрағанын сол кекесін түсіндірді.

— Анық біреуін өзім көрдім. Орта бойлы, әдемі мұрты бар. Офицерше киінген. Қамалға жиі келеді. Қақпадан қалай өтетініне таңым бар... Кеше қарсы кеп қалып еді, бетін бұрып әкетті. Қозі бір таныс адамның қозі.

— Кімнің, кімнің?

— Баяғы Сибирьден жер ауып қайтқан...

— Березовский ме?

— Со ма дедім.

Загаруляның қозі шырағдандаі жанды. Атып тұрып, қайта отырды.

— Тағы да?

— Почта-телеграфта істейтін дударбас, кеше Қастек кетті.

— Қайдан білдің?

Яшайло құлді. Тағы да жаңсақтық. Загаруля ішінен өкініш сезінді.

— Арқасына дорба артып, қолына таяқ ұстап, бет-аузы на сақал-мұрт жапсырып, жолда кетіп бара жатқанын көрген адам бар. Айтқан солардың өзінің адамы.

- Ол адамды қақпанға түсірсе.
- Ол түспейді. Қөрдім деп байқамай айтқан.
- Дударбас неге қашқан? Сеziктенген бе?
- Эйтпесе қаша ма?

Загаруляның осыдан екі күн бұрынғы рабайсыз қымызы, ізін кесем деп, үркітіп алғаны, одан Габдуллаға кез келіп, қызып қалғаны есіне түсті. Сөз біткен тәрізді. Яшайло жанжагына қарап, есіней бастанды. Загаруля қоштасып, Яшайло ақпарын қағазға түсірді. Атаманға жеткізіп, ақыл сұраған жөн, бір жағынан аброй да...

Загаруля рұқсатсыз кіріп келді — атаман өзі солай деп келіске болатын. Эйтпесе адъютант күзетші ит тәрізді — ісміс жоқ арс етіп, етектен алады. «Неге кіресің!» деп көзімен атуын қараши!..

Есікті мықтап жауып, жайдарлы пішінмен Загаруля сәлем берді. О, бөтен біреу отырғай. Қалқанқұлақ. Ба!.. Жаңағы Яшайло. О, соққан!

Малышев қатал жүзбен:

— Дер кезінде келдің. Отыр!.. Мына Яшайломен кеңестің бе?

— Элбетте!

— Саған айтпаған бір сыры бар.

Загаруля оған ішінен риза бола қоймады. Қу дүнған атаманға жақсы көрінбек. Элде Загаруляны сөз арасында жамандап та қойды ма? Элгінде әңгімелесіп отырғанда тегін жымыңдамаған болар...

Атаман аз кідіріп, Яшайлоға бұрылды:

— Менің атқосшым Махмут адап адам болмай шықты. Үйіне таудан кіслер жасырын келіп жүретін сияқты. Қалай дейсің — осыған сенуге бола ма?

— Таудан кіслер келеді деп түйін жасау қыын. Елден келген болар, кім біледі!..

Загаруля енді Яшайло сөзін қоштамай, өтірікке шығарғысы келді. Жаңа іркіп қалмай, Загаруляға өзі айтса — бір сәрі, мүмкін қолдар еді.

Яшайло да бұған сыздана көз таstadtы.

— Бұл да ақыл. Жарайды. Яшайло, сен жансыз бақылай бер...

Яшайло кеткен соң, Малышев сақалын шенгелдең уысstadtы да, ойлы пішінмен Загаруляға бетін бұрды.

— Махмұттың адап еместігі анық. Сезем... Бірақ, бұл алаяқ. Аяғын матамай, ноқтасын алып қоя беруге болмайды. — Атаман ойын ылғи қазақ ұғымына лайық құрады.

Загаруля аң-таң — қазақ сөзін қайдан біле берген.

— Сонда?

— Сонда... Бұған іс тапсырып, сынау керек... Егерде ақтаса — дос. Алдаса — жаза белгілі...

— Қашып кетсе ше?

— Кете берсін. Қолға бір түсер... Бірақ қашырмайтын етіп, соңына кісі салу керек. Сен шақыр да Березовскийді тап, ізде! деп тапсырма бер. Уақытын айт! Әңгіменің шетжағасын сездір.

— Мақұл. Ал, әлгі Емелевті не істейміз? Ол Қаскелең қашыпты.

Атаман ызаланып, столды түйіп қалды.

— Қаскелеңге ол тегін кеткен жоқ. Сенімен менен қорқып қашпаған болар... Қаскелең менің жұқа жерім. Оnda досымнан қасым көп. Әсіресе қазак-орыстың өз арасында тістерін қайрап жүргендер аз емес. Қаскелеңге таяу Шамалған, онда Бокиннің туыстары көп. Бұл өте қауіпті серуен... Бәлен жыл атаман болып отырғанда біреудің маңдағынан шертпей әлпештеп отырды дейсің бе?

— Онда не істе дейсіз?

— Мм... Ізін сен өзің кес. Бір түні ебін тауып, кез келген жерде көзін жоғалт. Ең әуелі достас. Сені ол тани ма?

— Мүмкін.

— Таныса — қыын екен... Ой, тәйірі, түнде қараңғы станицада кімді кім көріп жатыр. Тығылатын жер керек болса — шіркеудің есігі ашық. Діни атаға менің атымды айтсаң жетеді... Сенің әлгі жібереді деген қару-жарагың қайда? Ҳабар-ошар жоқ. Аяғы қойболдыға айналды ма?

— Осы жұма тосайық. Егер келмесе Құлжага кісі жіберейік. Люба қарап жатпайды. Арystan сөзінен тайып жүрмесе?

— Хал нашар... Та什кент қызылдары шабуыл жасай ма деген қаупым бар... Жақында алған хабар солай дейді... Ал, бар! Жолың болсын! — Малышев орнынан тұрып қолын созды. Загаруля солғын, жабыңқы шықты штабтан. Не екенин өзі де аңғармады, атаманмен сөйлескеннен кейін жүргегіне құса пайда болды. Қайралып, жігер қоса алмады.

Алатаудың басындағы мұздақ, күн сәулесіне шағылысып, қарға сепкен моншақтай жылт-жылт етеді. Бірақ Загаруля сның біріне де елікпеді. Қабағы түсіп үйіне келді жолға аттанбақ!..

XXXVI

Петр Алексеевич Еремин тауда жатып тыныңса да, бұрынғы жайдары қалпына келе алмады. Бір сырқаттың жабысқанын өзі сезеді. Жөтел ауыз жаптырмайды. Тоқаш енді аз кешіксе, абақты азабына шыдамауы да мүмкін еді. Күн санап әлі кетіп, денесін билей алмайтын халге жеткен-ді.

Тоқашқа рахмет — ерлік жасады. Көрдің жиегінде тұрғанда құтқарды. Сол Тоқаштың ақ пейлі Ереминді аяғынан тік тұрғызды. Қазір өз бетімен кіріп-шығады. Тоқаштың таудағы әрекетіне қатынасып ақыл қосады. Әскерлерге күнде әңгіме айтады. Большевиктердің жолын уағыздайды. Асау Тоқаш Ереминнен басқа ешкімді де тыңдал көрген емес. Березовскиймен де талай шайқасып, шақ-шұқ қеп қалғаны есінде. Тоқаштың тілі өткір, ойы да үшқыр. Бірақ қапысы бар: ол — сақ емес, көзжұмба. Еремин Тоқаш мінезінің осы бір қырын ескеріп, оған білдірмей, ақырын, қақпаларап, кезінде тежең отырады.

Еремин тауға келгеннен бері күн зымырап өтіп жатыр. Уақыт деген дәл ұршыққа ораған кемпірдің жібіндей айналғаны есінде. Тоқаштың тілі өткір, ойы да үшқыр. Бірақ қапысы бар: ол — сақ емес, көзжұмба. Еремин Тоқаш мінезінің осы бір қырын ескеріп, оған білдірмей, ақырын, қақпаларап, кезінде тежең отырады!

Еремин үңгірдің ішіне түскен жарықтан мезгілді айырды. Тағын ұстап тыска шықты. Үңгір маңы толған күрке, қос. Жерошақтан үшқан түтін тау шатқалынан аса алмай, қайтадан жер бауырлайды.

Үңгірдің ық жағында жігіттер жеңдерін сыйбанып мал сойып жатыр... Енді біреулері ас пісіруге тау етегінен отын жинап жүр...

Тоқаш көрінбейді. Қайда екен? Соңғы күнде Тоқашты ізден, қашып келген жігіттер саны көбейе бастады. Құрқол. Қару жок. Бір күні атаман казактардың бір жүздігін жіберсе — қырып кетпей ме. Малышев бұларға әлі мән бермейтін де болар. «Тау ішінде жасырынып жүрген бір топ қашқын қазақ кімнің зәресін үшірып, кімге әсер етеді?» деп те ойлауы мүмкін. Немесе атаман шахмат жүріс жасап, торға түсірмек пе?

Осы бір ойы кешеден бері Ереминге құдік болып жүр. Қапыда қалмай жігіттерді үядан үшіру керек. Ол үшін қару керек. Тоқаш оны қайдан алады?

Екі салт атты төмөннен көтеріліп, үңгір қасына тоқтады. Тоқаштың қасындағы Сақа екен. Төмен тау етегінде соқпақ аузын күзеткен жігіттермен Тоқаш әлсін-әлсін байланыс жасап, хабар біліп тұрады. Елден келген жігіттер қалаға барған барлаушылар, бәрі де сол күзетшілерден рұқсат алмай өте алмайды.

Тоқаш тағы да соларға барып қайтқанға ұқсайды. Жадыраңқы дауыспен анадайдан:

— Петр Алексеевич!.. Хат! — деді. Үшеуі үңгір алдындағы қолдан жасаған орындыққа отырды. — Кешегі жіберген жігітіміз қаладан келді. Александр Петрович хат беріп жіберіпті.

Петр Алексеевич қарындашпен жұқа қағазға жазған хатты ұзақ оқыды. Кейбір сөзді екі рет қайталап оқып, әрең шығарды. Эріптері де тышқан ізіндегі ұп-ұсақ.

«... Қала халі мүшкіл: Нан жоқ — өшірет: Бір күн сатса, екінші күн жұрт тісін шықырлатып, көшеде жүреді. Атаман қазактарды атқа мінгізді, қылышын қынабынан сұырмак. Күн сайын қалада тінту, тұтқындау — әбігер, іздейтіні біз.

Ташкенттен алған хабарға қарағанда бүгін-ертең жіберетін көмек көрінбейді. Халық, өзі білсін: егерде атаманды қолайлы көрсе, шыдан байқасын, әйтпегендеге, халық көзін ашиңдар депті... Комитеттің күпия мәжілісінде күн белгіледік. Сол түні не құримыз, не тіршілік құрамыз.

Қазір Сергей Журавлев офицер той, қамалда солдаттар арасында жүр. Оның айтуына қарағанда: солдаттардың жасырын комитетті құрылған. Кесе Сергей бір топ өзіне берілген тән солдаттарды жиып ап, біздейдің газетті оқып отырса, комендант жетіп келген. Біреу жеткізе қойған ба, немене... Газетті Покудин шалбарының ішіне тыға салады. Оны байқап қалған комендант. «Шешін!» деп бүйрый өзінде. Ызалы солдаттар шап беріп комендантты желкеден алып, кейінгі жағынан бір түйіп, тысқа лақтырып тастайды. Бұл арада топ тарқап та үлгіреді. Не керек, атаман әмірімен Покудинді ғаупвахтаға жабады. Бүгінмен екі күн, бүкіл қамал азан-қазан. Солдаттар Покудинді босатуды тілеп, ереуілдеп жатыр... Мұның аяғы немен бітеді, белгісіз...

Ал, Луканың басқан қадамын аңдып, әне-міне деген түні қашып үлірді. Ол өзі сол сендер жаққа аттанған. Бірақ, оның мінезін өзің білесің: жүргегі түк, пышақтың жүзімен жүруді жақсы көретін адам. Сенің Тоқашың сияқты қисық. (Тоқаш пен Сақа күліп алды). ... Сол Қаскелен маңында казактар арасынан атаманың, қасын тауып, соған карсы салмақ... Қолға түсіп қалмасын, көз қырын салыңдар... Сен кеткелі газеттің екі-ақ санын шығардық. Мұмкіндік жоқ. Баспа-хананы қоршаған жасақ. «Алаштан» хабарым жоқ, узынқұлақтан берекесі кетіп, быт-шыт болып жатса керек. Айтқандайын, Зәкір мен Ыбраійым мырза атаманды қан көтеріпті...

Ал, енді, сендерге тапсырма: Құлжадан қару-жарақ жіберген көрінеді. Патша елисі мен Қашқардағы ағылышын елисі жіберген сияқты. Сол жолды кесіп, қалайда қолға түсіріңдер!.. Көш осы екі-үш күнде шекарадан өтпек.

A

P. S. Осы хатты аяқтағанда, сүйк хабар кеп жетті: «Овчаровты тұтқынға алған. Біздің хал не болар екен? 25 февраль 1918 жыл...»

Петр Алексеевич Тоқаш пен Сақаға тіл қатпай, кезек-кеzek қарады. Тоқаш орнынан тұрып, ерсілі-қарсылы жүріп, қайта отырды.

— Қаруды қолға түсіреміз. Дау жоқ... Мен өзім барам.

— Құрышпай мен Сақа барса ше?

— Ия, мен барсам қайтеді?

— Біздің тағдырды шешетін осы операция. Мен өзім барам!

— Тегі сәті түскен іс болар. Тап келуін! — Петр Алексеевич қарсылық білдірmedі. Тоқаш сөзін ішінен қоштады. Сақа әлі бала, кім біледі: құр қалып жүрмесе...

Тоқаш ас басынан Айгүлді іздеді.

Айгүл бұл төңіректе жоқ боп шықты. Тоқаш аяңдал тау басына шықты. Айнала — түйемойнақ иір тау, бірінен асса, аржағында одан да биік тау сорайып шыға келеді. Төмен ылди, шыңырау. Аппақ ұлпа қардың салмағынан майысқан ағаштар бұтағы оқ тиген құс қанатындаі салбырап тұр. Алатаудың биік шыңы көк тұманға оралып, көзге күңгірт ілінеді — көктем белгісі.

Айгүл қайда кеткен?.. Ойпирмау, Шамалған тартып кетпесе иғі еді. Кеше кешке әкесін ойлап, налып, «барың қайтсан ба» деп қипақтаң стырган-ды. Қап!.. Тоқаш мән бермей: «барсаң бар» дей салған-ды. Кетерде ақылдаңауышы ма еді? Кімге еріп кетті екен?.. Тоқаш опық жеп, өзін-өзі кіналайды. Жайбарақаттық! Жазатайым Айгүл қолға түсіп қалса. Тоқаштың жүргегінен кетпейтін өкініш болмай ма?

Айгүл ақылды қыз, бірақ балалық шағы әлі басынан кетпеген, кейде жүргегінің әуенімен жүреді. Бикендей ерке дейін десе, асau мінезі білінбейді. Нәзік жан.

Тоқаш кейде байқамай жанына қата тиіп, өкпелетіп алам ба деп те қорқады. Денесі де даусына сай — ұлбіреи, бұраплады да тұрады... Тоқаш құшағына алып, сүйе бергісі келеді. Бірақ, маңына дарытпайды. «Тағдыр екеумізді ықтиярсыз қосты. Енді осы тауда той қылып, неке қияйық» деп көріп еді Тоқаш, Айгүл қарсы болды: «Жақсы заман туса туған-туысқанның қалауымен той жасап, батасын алайық...» дейді. Тоқаштан өзі бөлек жатады. Құрышпай Тоқашты күнде мыскылдайды: «Сен осы немене, Айгүлден айрылып қалайын деп жүргеннен саусың ба?» деп жанына тиеді. Кеше ол Бикенде де есіне алды. Тоқаш басып тастады. Бейпіл ауыз — несі бар, біреудің жүрек жарасын тырнап? Ол түгіл Тоқаш өзімен-өзі сырласып, есіне алмайды. Бұл сыр Айгүлге де жеткен тәрізді. Айтса — сол Құрышпай, мыжып жүрген. Құлжадан қайтқанда, Айгүл тым жақын еді Тоқашқа. Қазір алыстап барады. Өкпелейтін жөн Айгүлдікі емес. Тоқаштікі...

Соңғы күндері, ол тауда көп нәрсені аңғарып, түсініп қалды. Еремин мен Тоқаштың кезек айтқан әңгімелерін шын ынталасымен тыңдайды. Кеше совет өкіметі жайында Петр Алексеевичке бірнеше сұрақ беріп, ұзақ күнге кеңесті.

Айгүлді біржола елге қайтару керек. Енді бұдан былай тыныштық өмір тауда жоғалады. Шайқас басталады...

Бұл кезде Айгүл қасына Құрышпай мен Жақыпбекті алып, Шамалғандағы ауылға барған еді. Бұларға ерген Покудин жолшыбай Шамалған селосында, үйінде қалып қойды.

Айгүл тауға кеткен соң, Сүгіrbай аздап әкесін әурелеген көрнеді — тұтқынға да алмақ болған. Аянбек коқанлоқыға көне ме, «ә, десе мә» деп маңына дарытпаған. Ел іші ба-

яғыдай қой аузынан шөп алмайтын момын деп жүрсө керек. Осы күні халық ашынған, шақар, бет тырнайды. Аянбекті жақтап Қытайдан қайтқан шалдар да өре түрегелген. Сэт те бір жағынан қабағын шытса керек-ті...

Айгүлді сағынған Аянбек, айналып-толғанып мәз болды да қалды. Соңғы қар жауғаннан бері, нағыз қансонарда төрт тұлкі атып алған екен, содан Айгүлге ішік тіктірмек те болды.

— Тойыңа дайын қылам,— деді аңқау Аянбек, баласының ұялғанын аңғармай.

— Жалғыз ғана ішікпен құтылмассыз. — Құрышпайдың әзіл десе көзі шырағданда жанады. Құлімдеп, ерні жыбырлап, шыға бастады: — Қүйеу бала да тоңып жүр.

Айгүл мен Тоқаш жөніндегі әңгімеге қанық емес Жақыпбек:

— Қүйеу бала бар ма еді өзі,— деді өкінген дауыспен.

Бозбаланың сөз төркінін таныған Құрышпай қалжың-дап оның есін шығарды. Шадыр Жақыпбек Құрышпаймен төбелесіп қала жаздады. Айгүл әңгімені басқа бір салаға бұрды.

— Сүгіrbай облыстық қалада ұлық болды дегені рас па? — Айгүл әдейі келген соң Тоқашқа хабар апармақ боп қала жайынан сөз қозғады.

— Өлімтікке, үймелеген қарақұстай, алаш-малаш дей ме, соның маңында болса керек.

— Жаңа болыс кім?

— Қайтадан Сәтті сайламақ еді, өзі қөнбеді... Ел Сүгіrbайдың кеткеніне қуанбаса, ренжімейді... Біраз тыныс алды. Қын көрсетпейтін, кәззап... «Салық» деп шабарманын жіберіп, діңкілдейтін де тұратын. Тәуір жері өзімен бірге атарман-шабармандарын қоса ала кетті... Ал, өздерің тауда не істеп жүрсіндер. Хабар-ошар жоқ. Өстіп, қонақтайтын мекен таба алмай, әуре-сәрсеңде жүре беруші ме едіңдер... Айгүлжан, осы сен үйге қайта оралсаң қайтеді. Саған көз алартын Сүгіrbай енді жоқ.

Аянбек туған аулына келіп, көңілі орнықты ма, әйтеуір дәл бүгінгі өміріне өзі риза сияқты. Әкесі бұрын да тез қанағат қылатын адам да. Сері, аңшы қазақ. Астына ат, қолына шіті мылтық беріп, тауға қоя берсө болды — тамақты мосыға асып жеп, далада тұнеп, ұзақ жазға ауылға жоламайтын. Үйінде шаруасы қүйзеліп жатсын, оған қолы тимейтін. Бертін келе Айгүлдің шешесі қайтыс болған соң шаруаның бар ауыртпалығы Айгүлге қалған.

Айгүлдің келгенін естіген ауыл адамдары Аяибектің үйіне толып кетті. Аузы қүйіп қалған жұрт, атаман Малышев үкіметті қолына алды дегенді естіп, сағы сынып, елеңдеп қалыпты. Казактар кешегі 16-шы жылды еске түсіріп, өш алып жатса керек-ті. Көрші Қастекте, Ұзынағашта көшеден қазақ жүргізбейді деседі. Атын тартып алып, дүре соғып қоя беретін көрінеді. Атақты Тыртышный: «16-шы жылы қазақтар дірменімді сындырды» деп Айнабұлақтағы ауылға барып, дау салған. Қеудесін қағып: «Біз қазақпаз» дейтін Жайнақтың Ұбрайымы қайда? Неге жақтап, болыспайды.

Біздің сенетін адамымыз жалғыз Тоқаш еді, оның өзі тауда қашып жұр деп естідік. Сәлем айта барындар: «Келіп кетсін, жөн-жоба көрсетсін»— деді ақсақ Ақан балдағымен жерді сабалап.

Құрышпай мен Жақынбек өздерінше түсінік берді...

XXXVII

Дәл жүрерде шырт етіп Айгүлдің көңілі бұзылады. Тауға бармай, қалып қойды. Құрышпайды оңаша шығарып ап: «Тоқаңа сәлем де, ренжімесін, ойлаған мұратына жетсе — маған оралар. Тосамын.» — деді. Құрышпай жалынып көріп еді, маңына дарытпады. «Қызы басыммен еркектің соңынан далақтап, шауып жүре алам ба. Мүмкін қаладағы Би-кенине де барап... Бөгеп қайтем»,— деп мысқыл аралас қызығаныштың басын қайырды. Эйел деген осы емес пе.

Құрышпай енді қысылды. Оны қасындағы Жақынбек те сезіп тұр. Тоқашқа айтпай қыздың әуеніне еріп, кетіп қап еді. Енді не деп жауап берер еken... Тағы да Құрышпайдың орашолақтығы. Мана келе жатқанда Айгүлге: «Қалада бір totash жолын тосып жұр» деп Тоқаш жайында қалжындағаны тағы бар да...

Бұлар түнделетіп тауға тартып отырды. Жолшыбай Шамалған түсті. Иван тоса-тоса екі қөзі төрт болған көрінеді. Кішкене екі бөлменің ортасында қызып тұрған орыс пеші бар еken. Тоңып келген жігіттер де сол пешке үймеледі.

— Шамалғанда кімді көрдің дени? — Иван қонақтар шешінер-шешінбес сарнай бастады. — Загаруляны.

— Е, қойши... О, қайдан жұр? — Құрышпай Жақынбекке қарады.

— Бізді өкшелей о да келсе керек осында... Жаңа ғана көршіден естідім: Емелев дегенді іздең жүр дейді.

— Емелев... Ол осында ма екен. — Құрышпай лаулап жауып жатқан отты көседі.

— Жоқ. Мұнда ондағы адам болған жоқ депті.

— Ендеше біз оны атқа бөктөріп, Тоқашқа алыш барсақ қайтеді? — деді Құрышпай.

Жақыпбектің шытырман оқиғаны жаңы сүйеді. Әңгімені бар ынтасымен тыңдады. Я, сәт... Ерлік көрсететін жер осы. Тек Покудин шегіншектеп жүрмесе. О, Покудиннің де екі езуі екі құлағында.

— Тапқан ақыл. — Тонын иығына іле сап, Иван тұра жөнелді. Құрышпай тоқта дегенше болған жоқ, есікті ар жағынан жауып та үлгірді. Жақыпбек Құрышпайға қатты сүйінеді: батыл, әнші, жайдары, жүзіктің көзінен өткен сегіз қырлы, бір сырлы жігіт. Загаруля жайындағы ақылы — адам баласының ойласа ойына, үйиқтаса түсіне кірер емес.

Бұлар Иван шешесінің қолынан бір-бір стакан шай ішер-ішпес, Иван қайта оралды.

— Атын жегіп қойыпты... Осы арадан тұра Қаскелен бармақ.

Бұлар асығыс тысқа шықты. Ай жарық. Құн сұытқан. Алыстағы Алатау шаңытын, мұнарланып тұр. Аттарының айылын қаттырақ тартып, тәуекелге бел байлап, селоны айналып, қара жолға тұсті. Сар желіспен селодан он шақырымдай асқан соң, Құрышпай атының басын тежеді. Жол бұралаңдап, қалың орман ішіне енді.

— Иван, осы арада тосайық,— деді Құрышпай.

— Ол өзі жалғыз ба екен? — Жақыпбек қанша еліргенімен, оқиға жақындаған сайын жүргегі қобалжи бастады.

— Қасында көшір бар. — Құрышпай жолдан шығып, әрі орман ішіне барып, ағашқа атын байлады. Оның соңынан аттарын жетектеп Жақыпбек пен Иван да барды. Құрышпай ойын ортаға салды. Иван қосылды да, Жақыпбек үндемеді. Ондағысы наразылығы емес, көп жайға түсіне алмады... Орман іші жылы, таудан соққан өкпек жел тына қалды. Ай жылжып бұлт астына тұсті. Тұн түсін сұыта тұсті...

Жақыпбектің екі көзі Құрышпайды. Қолында қанжар, биік ағаштың бұтағына аттай мінген, аумаған тұғырға қонған қаршығадай елігізіп отыр. Иванның тіptен қарасы көрінбейді, қайда тығылған. Жақыпбек Шамалған жаққа құ-

лағын тігіп, демін ішіне тартады. Дыбыс жоқ. Мүмкін бүгін тұнделетіп жүрмейтін де болған шығар...

Аяз күшейген сайын Жақыпбек үйді қөбірек есіне түсірді: Есіккөл көшесінің бұрышындағы ағаш үй — Сүлеймен-нің үйі. Әкесі тақыр кедей, сонау Қарқаралыдан, ел-жүрттың аман кезінде көшіп келген. Еті тірі — сауда-саттық жүргізіп, Ташкентке, Орынборға мал айдал, қаласына ақша салып алған. Ақкөңіл, кішіпейіл адам да, баласын орыс мектебіне беріп, арманы ұлық қылмақ еді. Бірақ әкесі баласының қызығын көре алмады. О дүниеге аттанды. Тірі болса шашын жұлып, қарғар ма еді, әлде, риза боп тілеуін тілер ме еді?.. Кәзір үйі қандай жылы екен. Пеште маздап жанған сексеуіл. Буы бұрқыраған манты. Жақыпбек тамсанып, сілекейін жұтады.

Бір дыбыс шыққан тәрізді. Тағы да құлағын тікті: ат түяғының дүрсілі, шықыраған қардың даусы анық естіледі. Жақыпбек ұшып тұрды — тізесі қатып қапты, илікпейді, жығылып қала жаздады. Жақыпбек бір-екі қадам ілгері басып, мойнын созды. Пар ат жеккен біреу сар желіп келе жатыр. Уәде бойынша мылтығын қолына қысып, ағаш-ағаштың арасымен Жақыпбек жолға тұра жүрді. Құрышпай: «ен әуелі атын ат» деген. Жүрегі дүрс-дүрс соғыш, аузына тығылады. Жол жиегіндегі ағаш түбіне жабысып, мылтығын оңтайлады.. Пар атты жиырма қадамдай қалды. Сонша болған жоқ ағаш басындағы Құрышпай топ етіп, шанаға сепіріп түсті: үйқы-түйқы болды да қалды. Біреуі өкіріп, енді біреуі мылтық атты. Жолда домалап, екі адам қала берді. Елірген пар ат Жақыпбектің жанынан бар пәрменімен шауып өте шықты. Ой-бу. Жақыпбек атып ұлғіре алмай қалды-ау!

Иван да жан ұшырып жетті. Бұлар жақын келгенде Құрышпайдың бет-аузы қан-қан, жерде жатқанның құшағынан тұрды. Анау сілейіп, сұлық жатыр.

— Қараши... Құлағымды жұлып алғанын. — Құрышпай қолымен құлағын басты. Иван серейіп жатқанды аяғымен теуіп қап, шалқасынан аунатып түсірді.

— Соның өзі,— деді ол.— Өліп қалған ба?

— Қолым тамағына батыңқырап кеткен болар... Кәзір есін жинайды. Жақып, жүгір атқа! — Құрышпай қатал әмір берді

Жақып атты алып келгенше, Загаруляның қолын байлаап, тұрғызып қойған. Құрышпай атының терлігінен тіліктей киізді кесіп алды да, Иванның сірінкесін тұтатып, күй-

дірді. Киіз пысылдаң жанбай, элек болды. Жақыпбек аңтаң: бұл не істемек бол түр? Кііздің шеті қызыра бастағанда Иванға: — бас, құлағыма бас, — деді. Жақыпбек енді түсінді: қанын тоқтатпақ. Қазақтың ескі емі.

— Бәлем, сені ме... Екі құлағыңдан бірдей жүрдай қып, шүнтитпасам ба,— деді Құрышпай орысшалап, кедір-бұдыр тілімен. Құлағын, мойнын орамалымен таңып алды да, Загаруляны Иванның артына өңгерді...

Аттың артына өңгерілген кісіні көріп, Тоқаш шошып қалды. Жаралы Айгүл ме?

— Қасқыр соқтым, байладым, Тоқаш, саған,— деген Құрышпайдың жайдары даусын естігенде ғана барып оның жүргөрі орнына түсті. Тұнгі у-шуға оянған Петр Алексеевич те үңгірден шықты.

— Танисыз ба? — деді Тоқаш әбден есі кетіп дір-дір еткен Загаруляны нұсқап.

— Ого... Анау-мынау емес, дуадақтың өзі ғой. — Тұрғандар дұ күлді.

— Мұнда алып келіңдер. Достан жаңа хабар естиік. — Тоқаш мұртынан күлді.

Бір жігіт шырағдан жақты. Темір пешкең сексеуіл де салынды. Загаруляның қолын шешіп, отқа жақын отырғызыды, жылындырыды. Ыстық шай да берді. Загаруляда өң-тұс жоқ, жан-жағына таланған иттей сескене қарайды.

— Алексей Федорович, дүние кезек деген осы: кеше сізге мен пенде болып ем, бүгін сіз... Ал, кәне, есеп айырыса-йық, мына тұрған жүрттың алдында. — Загаруля Тоқашқа тұра қарай алмай көзін тайғызып, бетін теріс бұра береді. — Верныйдышың абақтысы... Құлжа... Есіңізде бар ма? — Тоқаш мысқылдаң Загаруляға шаншила қарайды. Жігіттер де ыржия күлді.

Тоқаштың сөзін Еремин жақтырмаған тәрізді. Білегінен тұртіп, «тоқтай түр» дегендей ым жасады.

— Загаруля, бізге қажет — атаман ордасы. Не істеп, не қойып жүрсіздер, соны айтыңыз... Өзінізге жеңіл болады.

— Еремин аз кідіріп, жауап күткендей.

Загаруля басын көтерді. Толқып, қиналып отырғаны белгілі болды — сөзінің тігісі жатық, үйлесіп шықпады, әр нәрсенің басын бір шалды.

Тоқаштың оның сөзінен үққаны: атаман біржола билік тізгінің қолына алған. Үлкен армия құруға кіріскең. Ниеті — Талғар, Қаскелең казактарын сол армияға арқау қылмақ.

Тек Құлжадан қару-жарап күтіп отыр. Жақында ағылшын елшісі бір керуен мылтық, оқ-дәрі жіберген көрінеді. Атаманның бел алыш отырған кісісі — Дондағы генерал Корнилов. Сонымен астыртын байланысы бар... Ол Москваға шабуыл жасағанда, Малышев та осы жақтан қолдан көмек бермек.

— Бұ жаққа өзің неге келдің? — деді Сақа бір жағынан қалыспай.

— Жай... Атаманнан хат әкеп едім, казактарға.

— Емелевті іздеп шыққан кім екен? — Жақыпбек шыдамады, естігенін айта салды.

— О да бар... — Загаруляның даусы қалтырап шықты.

— Кездескен күнінде не іstemек едіңіз?

Үн жоқ.

— Айтпақ едім де. — Құрышпай да тек отырмады, сөз қыстырып жүртты құлдіріп те алды. Аздан соң жігіттер Загаруляны тәлек қыла бастады. Тоқаш сөзді доғарды.

Ертеңінде Бокин, Еремин, Сақа үшеуі оңаша кеңес құрды: Загаруляға қандай жаза кеседі, соны ойласты. Атып тастау оңай, бірақ, осы Загаруляны пайдаланса қайтеді де-ген ой туды.

— Загаруля, сіз патшаның жендеңі болғандықтан ату жазасын кестік. Бірақ әлі жассыз, сізге өмір сұру керек... Егерде келе жатқан қару-жарапты біздің қолға түсіріп берсеңіз біз азат қыламыз,— деді Еремин.

— Қолымнан келсе — аянбайын...

Бір жұма өткен соң Загаруля оққа үшты. Ош арқылы өткен керуен Қаскелецен бері асқанда, Тоқаштың отрядына тап болды. Айламен ұстап бермек бол келе жатқан Загаруля тұнде, күзетшінің оғына бірінші ілінді. Бірақ екінші оқ атылмады, тұс-тұсынан қоршаған жігіттер күзетшіні бас сап, қойдай домалатып, қол-аяғын буды. Шырт үйқыда жатқан казактар жан сауғалап тым-тырақай қашты. Төрт шана толы мылтық партизандардың қолына түсті...

XXXVIII

Құлжаның атақты саудагері Мұсабаевтың Верныйдағы салдырған ағаш үйін Махмут сатып алған. Мұсабаев Россиядағы аласапыран кезеңді сезді ме, әйтеуір пұлдан өткізді. Махмут те алтынды аяған жоқ, сұрағанын берді. Арманы қаланың ортасынан бір үй салдыру еді — орындалды. Жер-

ден табылған алтын Махмутты бір-ақ мұнде Алматының әйгілі адамдарының қатарына қости. Ауызға ілінді. Кейбіреулер сұқтана сұрады:— осы лезде қалай байып кетті?

Түрлі сақта жүгірткен өсек Махмутқа жетіп те жатты: біреулері: «Махмут Түріктің жасырын тыңшысы екен»,— деді, енді біреулері: «Ташкент сияқты үлкен қалада кісі тонап, үрлықтан байыған» десті. Ащ тіл не демейді, Махмут мұның бірін де елемеді. Пар ат, қашавой шанаға да ие бол қақпасының алдына кеп тұратынды шығарды. Махмут көк базардан ет лавкасын ашып, қасап қылды. Қолы ұзын—елге барса, бір қора қойды алдына сап, айдан келеді, қасап қыныға түспеді.

Махмут бұрынғыдай емес, енді таудан келген кісіні маңайына дарытпайтын болды. Халимаға: «Жолатпа!.. Егерде оларсыз отыра алмасаң, өзің бар. Сау басыма сақина тілер жайым жоқ», дегенді айтты. Махмут іргесін аулаққа сап, басына тыныштық тіледі...

Үйін сырлатып, өзі жататын үлкен бөлменің қабырғасына кілем ілдіріп отыр еді, ойда жоқта Зәкір кіріп келді. Бұрын мұны кісі деп есептемейтін ақсақал, теңдес құрбы тәрізді мақтап, арқадан қаға келді. Махмуттың төбесі көкке жеткендей, қалбалақтап, асты-үстіне түсті.

— Мениң төбем көкке жетті, Зәке, сіз келгесін... Ақылды адам, шіркін, жүйрік аттай алдына жан сала ма. — Махмут қарсы мақтап, жақында сатып алған кальянын Зәкірдің алдына қойды. Өзі тартпаса да Зәкірдің нашаға құмарлығын естіген-ди. Аздан соң екеуі көнілдес әңгімеге кірісті.

— Сені жүрт бір қапшық алтыны бар дейді, шын ба? — деді Зәкір нашаны бір-екі тартқасын.

Махмут мұртынан құлді — бұл өсек. Пәлен жыл жалаң аяқ, жалаң бас, үлкен қалаларға мал айдағанда, босқа жүрмеген де болар. Махмут жауабына Зәкір онша сене қоймады.

— Кәзір алай-дүлей заман. Алтынды тығып ұстau керек... Кім біледі күйіміздің не боларын. Сен естідің бе: қамалда солдаттар атаманға қарсы дай шығарып жатса керек... Егер большевиктер үкіметті қолына алса — бізді қайыр сұратып жібереді. Мал-мұлкізді тартып алады... Ана Петроград, Ташкент сияқты ірі-ірі қалаларда қырып-жойып жатқанға үқсайды. Мал-мұліктерін тартып ап, бір үйге қамап, бәрін бір көрпенің астына тығып жатса керек. «Сенікі, менікі» деген сөз жоқ — әйелдеріне дейін ортаға сапты... Саған бәрібір, бойдақсың! — деп Зәкір қарқ-қарқ құлді.

Махмутке Зәкірдің бұл сөзі ой туғызды. Шешім таба алмай, қобалжып қалды. Жаңа ғана қолы жеткен ағаш үйі, мұлкі тіктен ыстық көрінді. Біреу тартып алатында жүргегі шошып, орында отыра алмады.

— Сонда бұл солдаттарды бұзып жүрген кім деп ойлайсыз?

— Кімі несі?.. Большевиктер! Бокин... Березовский...

— Солай ма? — Махмут ернін тістеді. Ойпырмау, осы адамдарға Махмуттың өзі де жақын жүрген жоқ па еді? Кеше көмектескен де еді. Ереминді босатқанда... Шатақ!..

— Солдаттардың бәрі де большевик болмас... Жәнеде казактар жібермес бұлік шығаруға! — Махмут Зәкірдің өзі тудырған шүбәсіне қайта оралып еді, Зәкір оған маңыз бермедин — қолын бір-ақ сілтеді...

Зәкір қайтқан соң, Махмут түні бойы үйкітамады. Ақсақал неге келді? Большевиктер жайындағы әңгімесі өсек пе, жоқ шыны ма? Бұл рас болса — Махмут ағаш үйінен де, алтынан да айрылғаны ғой... Адам сияқты өмірге жаңа ғана қолы жетті ме деп, ұмтыла бергенде, көк желкеден кескені ғой. Бокин олай демеген еді — кедейлер адам болып, қолы жұмаққа жетеді деген-ді. Осы анада бір сөзінде «Байды құрытамыз» деп те қалып еді-ау! Махмут қазір бай қатарына жетті ме, жоқ па?..

Ертеңінде Махмут атаманға барып, атқосшы болып істеп жүргенде ауысқан шылиясы бар-ды, соны сылтау қылды. Атаманның қабағынан қар жауып, ренжіп отыр екен. Махмутке: — Сен жайында талай әңгіме тарады. Саған орқазып жүрген де аз емес. Байқа!.. — деді.

Махмут қысылып —«кім-кім» дей берді.

— Кім екенінде нең бар?.. Әйтеуір қыл үстінде тұрсын...

Алтынымды ұрлады деп арыз беруші де табылды.

Махмут атаман қалжында отыр ма деп бетінен үңілді—жоқ, шыны.

— Ойбай-ау, өзіңіз көрген жоқ па едіңіз?

— Е, мен қайдан білем, сенің қайдан әкелгеніңді. Мұмкін сен өзің қазып, тығып қойған шығарсың, э?

Махмут жүргегін ұстады—астапыралла! Мойынына арқан түскен екен. Атаман да алтынан аз берді деп, риза көрінбейді, сөзінен беп-белгілі. Жоқ, атаманның етегінен ұстағаны ұстаган. Енді айрылмайды. Махмут жағына сөйледі.

— Березовскийдің адресін білдім!—деді ойда жоқ жерден.

— Вот молодец! — Атаман орысшылап, столды қойып жіберіп, орнынан атып тұрды. — Табасың ба?

— Табам!

— Қалай білдің?

— Таудан келген күйеу жігіттің соңынан жансыз еріп отырдым...

Атаман қоңырау қақты. Адъютантқа бүйрек беріп, тағы да екі офицер алдырды да, Махмутты ішіне алып, Березовскийдің тұрган үйінің жоспарын сыйзды. Тірі қолға түсірудің тәсілін ақылдасты: си, он бес солдат Весновка өзенінен өтеді де, үйді қоршап алады, екі адам қолына гранат алып, үйдің ығында тұрады; Махмут есік қағады аштырады... Осы кезде ықта тұрган екеуі жетіп барып, бассалауды...

XXXIX

Атаманның көңілі жай тапқандай кабинетіндегі креслоға шалқая отырып, темекі иіскеді. Қазақтардан үйренген әдеті. Құміспен нақышталған сүйек шақшасын ашып, үлкен бармағына бір атын насыбай салып, кең танауына кезек-кезек атқылады... Березовский енді торға түсті. Он бір жылға созылған қиястық... қастық, бүгін шегіне жетіп, тынғандай. Енді оған бұл бүғалықтан босау жоқ. Асау тайды ұстаған қазақтай шірене тартса — омақа ата құламай ма? Бүкіл қырғыз-қайсақты құтыртқан, солдаттарды елірткен осы Березовский...

Қолы кісіндеулі Березовскийді алып келді. Бетінде ызығар. Іші тұлан тұтып тұрса да, тұс бермеуін қарашы? Кіімі үйпа-түйпа, қарсылық жасады ма, жоқ офицерлер жолшыбай тізесін батырды ма екен.

— Березовский, сен аңы өмір көрсөң де, бұзықтық мінезінді қоймадың. Ұлтыңды саттың... Енді өзің өзің үкім шығар. Бердім тілегінді!

— Менің тілек тілейтін құнэм жоқ... Ендігі үкімді халық шығарады. Сенің құнің өткен.

— Оған да қосылдым... Ей, казак!.. Сен халық ұлысың, айтшы: казактарды сатқан адамға нендей жаза қолдануға болады?

Офицер тез қимылмен екі аяғын бірін-біріне соғып, сарт еткізді де, тағзым қылды.

— Тарас Бульба ұлын қалай өлтірсе, бұ да солай өлмек!

— Естідің бе? — Атаман Березовскийге офицерді қабағымен нұсқады.

— Ол халық емес, жендет!

— Хорунжий Сотников! Березовскийді қолыңа бердім — не қылсаң о қыл! Егер шын сырын айтса — ойлан, айтпай, қыңыр сөйлей берсе — үкімін өзің шығар! Барыңдар!

Есік ашылып, тез қимылмен асыға-үсіге адъютант кіріп келді.

— Ваше превосходительство!..

Адъютанттың көзі шарасынан шыққан, танауы дедіген, ерні қисайған, үрейлі даусы атаманды селк еткізді. Атаман оған адырая қарады. Березовскийді итермелеп, шығарып бара жатқан хорунжий да кенет тоқтап қалды. Атаманның көз қылғы қабинет ішіндегі құбылысты тегіс шалды. Кез ашып-жұмғанша тыныштық орнады.

— Шекарадан өткен көшті партизандар тонап, қару-жарақты тартып алған!..

— Не дейді? Кім айтты!..

Адъютант бетін бұрмастан, артына қарай екі аттады, есікті шалқайта ашты. Аржағында паршатка тон киген, басында малақай, еңгезердей мұртты казакты көрді атаман.

— Не болды?

— Қаскелең түбінде партизандар шабуыл жасап, керуенді қолға түсірді... Бізден екі адам оққа ұшты.

— Ех, шляпа! — Атаман құрқіреген жуан даусымен! — айтай салды. — Тұтқынды! Тексер! Экет мынаны!

Атаман Березовскийдің ернінен мыскылды байқап қалды, қап, табалады-ау мынау! Мұны неғып алып кетпеген?

Березовскийді алып кетісімен, іле қамалдың коменданты телефон соқты.

— Қалтасынан жасырын газет табылған солдатты жаңа қарцерден шығарып алды. Солдаттар ешкімді тыңдамай, ереуілдеп, қарцердің шаңырағын ортасына түсірді. Есіргі қирап, бір бөлек қалды. Аузындағы қара құлыш табылмады. Бірекі дуалдан атып жіберсе керек деді.

Енді бір сағат өткен соң атаман кабинетінде соғыс советі мәжіліс құрды. Сырттан епископ пен Жайнақов та қатынасты. Петроградтан тараган жүқпалы ауру—большевиктер үгіті Жетісуга да жеткен. Ел іші бұлінді. Қытайдан жіберілген қару-жарақ таудағы қарақшылардың қолына түскен. Бұл — бүтін-ертең қалаға шабуыл жасайды деген сөз. Оларға кім қарсы тұрады? Қамал анау, қайнаған қазандай бұрқ-сарқ етеді.

Атаманың бұл сөзі сүйк суға малып алғандай отырған-дардың денелерін мұздатты. Оны Малышевтың өзі де сезді. Полковник Ионовтың жириң мұрты мысықтікіндей тікірейді. Өнді қашып, сол жағында отырған хорунжий Сотниковке үцілді. Ол тіліктей қағазға, ұсақ әріппен өзінің пікір желісін жазып отырған секілді... Полковник Жайнақов о да шүқшишп, қағазға тенген. Бірақ, басына алтын жалатқан қарындашы екі саусағының арасында босқа түр. Қөзіне пенсне киген ақ бас шал—штабта істейді. Сөзге сараң, тек бүйрық жазуды ғана біледі. Жазса артық сөзді және табуға болмайды. Ұғрын генерал Фольбаумның қол астында талай жыл ығыр болған қу. Одан төмен отырған жастар, көбі Россиядан қашып қелген офицерлер.

Сотников сөз алды. Ол өте қысқа тұжырып сөйледі.

— Екінші полктың пәтерін Жаркент ауыстыру керек...

— Қала тағдырын кімге қалдырамыз? — деді оның сөзін бөліп, жастау капитан.

— Сіз түсінбедіңіз бе, его превосходительство атаманың жаңағы айтқан сөзін?

— Түсіндік.

— Түсінсөзіз—біз іштегі жыланға қалай сенеміз?.. Қазактарды қалаға алдырып, кару-жарап беріп, атты әскердің қатарына қосу керек. Сонда ғана Верныйды ұстап тұра аламыз!

— Ол қандай казактар? — Жайнақов сөзге қосылды, тегі ойласа керек алаш әскерін алдымен атап өтер деп...

— Талғар... Қаскелең... Богогородское...

— Бұл ойға мен де қосылам. Ақыл... — деді полковник Ионов.

Жайнақов сөз сұрады. Атаманың қолдан жасаған әскери қызметкері маңыздана, әр сөзін нығап сөйледі. Өзі Наполеонға еліктей ме, қалай? Бойы да сол сияқты қораш!.. Ал, ойын көрейік. Атаман құлағын тосты.

— Менің алған хабарыма қарағанда, таудағы қазақтардың саны азаймаса, көбейген жоқ. Қаруды олар алғанымен де іске жарата алмайды. Бірақ, әрине сақтық керек. Мениң ұсынысым: қолдағы саяси тұтқындардан абақтыны тазалау керек.. Қала тәртібін алаш жүздігіне жүктеген жөн.

Атаман ернін шошайтты—жоқ, мынауың қылдан жұда емес. Қала тәртібін алаш жүздігіне тапсырса—не болар еді? Не большевиктер үкіметті қолына ап кетер де, не алаш өзі... Атаманды бас қып, қырып, түгін қалдырmas. Зәкір әлде-

қашан жеткізген. Сәт сияқты алаш мүшелері Жетісуда бір орыс қалдырмау керек деп соққанын... Саясиларды жоюға қосылады. Дер кезінде еске салды...

Отырғандар қақтығысып, сөздерін түгел тауысқасын Малышев:

— Екінші полкты ертең Жаркент аттандыр! — деп полковник Ионовқа бүйріқ берді де, сол жағындағы хорунжий Сотниковке бұрылды:—Абақтыны азайту сізге тапсырылады, бүгін түннен қалдырмаңыз! Полковник Жайнақов, сіз алаш әскерінің ең сенімді жігіттерін мына Сотниковтың қарамағына, атты казактардың қатарына қосыңыз!..

Бұлар кабинеттен тарамай-ақ атаман адъютанттын шақырып алды.

— Талғар оңай, Қаскелеңге кімді жібереміз? Жолдағы бұзықтар қолына түспейтін елеусіз адам болуы керек.

— Махмут! — деді адъютант қарсы дау айтуға жібермейтін үнмен...

XXXX

Тағы да сол түні, таң алдында хорунжий Сотников қасында екі казак-орыс, штаб астындағы құпия камераның есігін ашты. Қол шамның жарығы дірілдеп, бұрышта отырған Березовскийдің бетіне төнді. Хорунжий бір-екі аттап, жақын барды.

— Березовский, тұрыңыз! — Бұлыға сейледі ол, Березовский үн қатпады. Көзін қадап, жеркене қарайды. Хорунжий үқты.

Мана қанша қинауды — жанды жерінен тепті де. Мызымыайды. Тіптен қайсар екен.

Талайдың тілін шығарып еді, бұжолы өзі жеңілді. Эбден қалжыраған соң, қайтадан оны камераға апарғызып тастаған. Оңаша қап, Сотников маңдайының терін сүртіп, жан шақырган. «Атаман алдында ұят-ау, тіл қатыра алмағаны!» — деді Сотников өзіне-өзі. Сейтті де ақырғы рет тағы алдырып, арбады, шынын айтса, босатпақ боп, уәде де берді. Эйелін де көрсетпек болды. Березовский көнбеді. Көбесін сегіп, тырнағын қопарған. Есінен тандырып, қайтадан апартып тастаған. Енді мынау, со қалпы!..

Қабырганы шарлаған шамның жарығынан хорунжий қабыргадағы жазуды байқап қалды. Оқыды: «Мен коммунизм үшін өліп барам.

Еремин, Виноградов, қалада сендер ғана қалдыңдар.

Басқарыңдар!.. Таудағы Бокинмен қатнасты үзбеңдер! Сәлем—А.П. Березовский».—Қанымен жазған. Хорунжий солдаттар көрмесін деп, жарықты қалқалап, тағы да Березовскийдің бетіне түсірді.

— Не тұратыны бар. Алып жүріңдер!—Хорунжий әмірі тез орындалды—екі солдат тік көтеріп, ауладагы шанаға салды. Үстін кенеппен жапты да, нығыздап баса отырды. Тоңазып тұрган пар ат, божыны қағып қап еді, ызыгыта жөнелді.

Таң. Көкжиекте ақтаңдақ пайда болған. Жұлдыздар сөне бастаған. Ай Алатау шыңына ілініп қалған тәрізді, қозғалмайды...

Кіші Алматыдан өткен соң, Талгар баратын қара жолдан бұрылып, орман ішіне ене атты тоқтатты. Березовскийді шанадан түсіріп, әрман қалың орман ішінә алып жүрді.

Березовский әрең жүріп келеді — таяқ өткен сияқты. Хорунжий қолына алты атарын алып соңынан: «Тез-тез!» деп асықтырып келеді.

— Тоқта!—Сотников солдаттарға ым жасап, өзіне қарай шақырды.

— Немене, атпақсың ба, жендет?—деді Березовский, үні шығып. Жалт бұрылды: «Жасасын Ленин! Жа...са...сын!» деген даусы ағаштан ағашқа соғылып, әуемен бүкіл даланы жаңғырықтырырды. Біреу естіп қалды ма дегендей хорунжий алақтап, артына қара жолға қарады.

Хорунжий ашумен алты атарын кезеңіп атпақ бол еді, Березовскийдің көзінен атқан оқ, өңменінен өтті. Қолы дірледеп, төмен түсіп кетті.

— Теріс қарат!— деді солдатқа. Ол барып үлгермеді, Березовскийдің өзі теріс айналды.

Алты атар шаңқ етті—орман да тітіркеніп, шуылдап қоя берді.

Ормандағы мылтық даусы қамалға естілмесе де, «солдаттар комитетінің» жасырын мәжілісіне келгендер Сергей Журавлевтің сөзінен Березовскийге ажалдың тақалғанын анық ұқты. Жүрек қобалжып, жамандықты сезінді... Таңың, атуына қарай таудағы серіктерінен хабарды асыға күтті.

Бұ кезде шапқылап, Қаскелең бара жатқан Махмут Тоқаш отрядының сақшыларына кез бол, әрі өте алмады. Қо-

рықты. Тінтсе тауып алар, онан да жақсы атақ Махмуттың өзінде қалсын деген оймен қалтасындағы атаман бүйрігін өз қолымен Бокинге апарып табыс қылды...

УШІНШІ БӨЛІМ

I

...Ақ боз атпен ағызып жартасқа шыға келсе, төмен ойда, сай жағалап ақшулан зытып барады. Жалма-жан бүркіттің томағасын жұлып алды да лықсытып түсіріп жіберді. Бүркіт домалап құлап кетті. Енді көз ашып-жұмғанша, ол қиялап шыңға өрледі. Шырқап жоғары көтеріле берді. Біраз шарықтап, бойын жазған тәрізді. Асықпады, аспанда қалықтап тұрып алды.

Ақшулан жалт бүрілген, тау бектерін орай бет алды, қауіпті сезгендей зытып барады.

Сол-ак екен, бүркіт қанатын жиып ап, өзін жерге тастап жіберді. Эне, жерге түсті! Құлады-ау!.. Заматта шиыршық атып қайта көтерілді. Ақшуланға төнді. Ол састы: құлағын жымитып, құйрығын кысып, бұлтақтай бастады. Енді көп ұзатпады—жарқ етті. Бүркіт үстіне қона түсті. Бүрді. Ақшулан жан ұшырып басын сілкіп қап еді, бүркіттің бір аяғы тайып кетті—қанаты жалпылдан, ауыр денесі лықсып, ауса берді, бір ырғып, бір құлап, орныға алмады. Осы кезде ақшуланның аузына ілінді. Ол ала қашты.

Қап, әттеген-ай!.. Ақ бозды ызамен тартып-тартып жіберді. Қуып берді. Төтеден қуғап ақ боз ұзатпады. Тақымдап, оқ тиетіндей шамага келді. Басып қалды. Оқ артқы аяғына тиген тәрізді. Бірақ, ақшулан құламады. Екінші атуға келтірмеді, тау аңғарына енді. Көзден ғайып болды.

Айт-шу! Қамшыны тағы да басты. Ақ боз ыршып-ыршып түсті. Бар пәрменімен ағып келеді. Жетті-ау, жануар! Енді жетті.

Ақшулан тау аңғарындағы жалғыз бейітке кірді де кетті.

Аттан секіріп түсті. Жетіп барып төнді. Көрдің беті ашиқ.

Аржагынан ақшулан емес, қасқыр шыға келді. Екі көзі

кып-қызыл қанталаған; езуі ыржиған, тісі сақ-сақ етеді Тұра үмтылып, қолына жармасты... Тоқаш Бокин селк етіп, ояна келсе: «Тұр-тұрлап!» Құрышпай қолынан тартып тұр екен. Тоқаш көзін үқалап, атып тұрды. Қалтасынан сағатын суырып алды: он екіге он бес минут қалыпты. Дәл он екіде басталмақ. Он бес минутта үлгіріп жете ала ма?

Үйдің іші қаракөлеңке. Сандық үстіндегі шырағдан сөнуге айналған, майы таусылып, білтенің басы қызыл шоқтанаип, жарығы дір-дір етеді.

Ауызғы үйдің босағасында Халима тұр—өңі қашқан, үйқысыз түн оның бет ажарына мөрін басқан тәрізді. Махмут қала ортасынан үй сатып ап, көшіп кетіп, ескі үйін қарындастына қалдырған. Халиманың көптенгі арманы — басына лашық орнату еді. Соған да қолы жетті...

Тоқаш тері тужуркасын иығына іле сап, кепкесін іздеді. Жан-жағын сипалап еді, қолына ілінбеді. Таба алмады. Шайтан тығып қойды ма, құрғырды! Жалаң бас тысқа жүгіре шықты.

— Құрыш, кеттік! — Тіл-тік жүретін Тоқаш иіле алмай, басын маңдайшаға соқты. Өкшесін баса келе жатқан Құрышпай:

— Ehе! Басым-ай, басым! — деді, ауырсынған дауыспен.

— Сен де соқтың ба?

— Жоқ, саган жаным ашиды.

Халимаш еріксіз мырс етіп күліп жіберді. Далада Халимаш Құрышпайдың мойнына асылды.

— Қорықпа!.. Эділлеттік іс — әрдайым оң болады!.. Үйден шықпа. Қақпаңды мықтап бекіт. Ешкімді кіргізбей! — деген Құрышпай сөзін қақпадан шыға бере Тоқаштың да құлағы шалды.

Әй, Құрышпай-ай!.. Бейпілауыз! Кеше Тоқаш әдейілеп есіне салған-ды «Халимага тісіңнен шығарып... ләм-мим деуші болма. Жылайды. Соңсоң қөршілер де естіп қалуы ықтимал». Жаңа мызғып кеткенде, бірдеме деп қалса керек... Қимады ма? Алда тосып тұрған оқтандың де болар, адам гой...

Көше қараңғы, лай. Жаңа ғана қарлы жаңбыр жауып өткен, дымқыл исі қолқаны қабады. Март айының ызғары денені шіміркентіп, құлақты шымшиды. Алатаудан соққан сұық жел үйтқып, көшениң екі жақ қапталында сусыған төркөтерді тербейді.

Қала шырт үйқыда. Тірі жан көрінбейді. Тоқаш қараңғы қошеге тесіле қарады. Қошениң ұзына бойында жалтажұлт от пайда болды—түнекке жазу жазғандай, әуеде иректеліп, шимай сымады.

— Көрдің бе?

— Көрдім... О не?

— От—біреу шылым тартып келе жатыр... Бері жүр!— Тоқаш сыйырлап, Құрышпайдың жеңінен тартты. Аяққа ілінген балшық жабысып, жүргізбейді. Тоқаштың сәнді құрым етігі мидай сазға күмп-күмп кіріп кетіп, зорға суырылады. Қөп ұзамады, қолдың саласындағы теректің арасынан біреу сумаң етіп шыға келді.

— Тоқта!—деді кенеттен. Ашы дауыс түн тыныштығын қамшыдай осты. Қақ алдынан мылтық көзенген солдат кескестеп өткізбеді.

— Пароль?!

Бокиннің іші мұздап, көңліне секем алды: шынымен кеш қалғаны ма, әлде атаманның патрулі ме? Құрышпайды не қара басты — не қып сілейіп тұр? Арт жағын айналып кеп, бас салсайшы!

Жетісу! — деді Бокин күндізгі уәде бойынша.

— Өтіңіз!—Солдат мылтығын иығына ырғыта сап, ағаш ішіне сіңді.

Бұ да оңға басталған істің нышаны. Қош-көшеден революция солдаттары сапқа тұрған. Басталған екен. Не қып кеш қалған? Әлде сағаты артта қалып па?

Казарма жақтан мылтық даусы шаңқ ете түсті?

— Эне, басталды!—Тоқаш қалт тұра қалды. Құлақ түрді—аттың шабысы. Қай жақтан шығады! Құрышпай да басындағы тымағын жұлып ап қолтығына қысты. Зер сала тыннады.

Лек-лек адамдардың екпінді жүрісі—бытыраңқы емес, түйдек, ширақ. Енді бір сәт—әлгі дыбыс тұс-тұстан далиып үлғая бастады. Тұнық ауа қысқа берілген әмірді, саптағы солдаттардың дүбірін, қысыла шыққан түшкірікті де қаттырақ естіртеді.

— Дүние ошақтан құлаған қазандай төңкеріліп те үлгеріпті ғой!—деді Құрышпай, әзілін тар жерде шақпақтай шағып. Бокин үндемеді. Құрышпайдың әзіліне оның құлақ еті үйренген. Елемейді. Дәл казір Тоқаштың ойынан жігіттері шықпайды. Мана, кешке жақын Ораздан хабар алған. «Весновка өзенінің жар қабағының астына кеп саяладық. Жетер жерге жеттік, ендігі әмірді Тоқаштан күтеміз» деген, оған

Тоқаш: «Тұн ортасы уәделі мерзім болсын. Этеш азанымен бірге бүйріқ күтсін!» деді келген Жақыпбекке.

Бұл жас өспірім бала жігіттер—Сақа, Ораз. Жақыпбек, Абдулла — төртеуі де қауқөкірек, көзжұмбай емес, ақылды. Ой жіберіп, жан-жағын шолып, түйін жасай біледі. Тауда Тоқаш маңына жиналған ел жігіттеріне бұлар ашытқы болды. Қияға өрлеген соқпақта, өзендері өткелде — алдыңғы санта жүрді... Қазір өзен жиегіндегі отрядты Оразға тапсырып кеткен. Сақа да қалада...

Қараңғы тұн, ұңғарейген көшесі... Әрбір бұрыштан үрей сығалап тұрған тәрізді. Үрей демекші Тоқаштың түсі қандай жаман. Әрине, түске сенбейді, сөйтесе де, ойласа денесі түршігеді...

Бұлар өзен жиегіндегі тапалдау үйге кіре бергенде, есіктен қарсы біреу шықты — асыға шығып, соқтығысып та қалды.

— Фу, шайтан, бұ қайсың?

— Мен — Бокин... Покудинбісің? — Бокин жауап қайырып ұлгірмеді. Құрышпай есікті ашып қалды. Жарық шашырап сенекке төгілді. Бокин көзін сыйырайтып, тез-тез аттап, үйге кірді.

Кішірек бөлме тұтінге лық толған. Қекпеңбек. Терезе алдында екі адам сөйлесіп тұр. Бұлардың тұлғасы тұтіннен күңгірт көрінеді. Еденде шашылған қағаздың қиқымы, шылымның қалдығы — жаңа ғана тарқаған топтың ізіне күәсияқты.

Бокин асыға басып, төрдегі екеуінің қасына барды: ашаң жүзді, орта бойлы еркек, сөзін бөліп жалт бұрылды. Ұлken кекшіл көзі күлімдеп селеу түстес ақ қабағы жоғары көтөрілді.

— Күндізгі уәдені бұзауға тұра келді. Саған хабарлауға мұрша келмеді,—деді Виноградов Бокиннің қою қасты жарқабағына ұңіліп.

— Себеп?

— Себеп: жау сезін қалды. Жоба бұрынғыша. Эуелі қазармаға жет. Содан екі пулемет ап, ногай мешітіне бар. Жігіттерің дайын ба? Еремин мен Сагатов сені сол қазарма аузында тоспақ.—Виноградов қалың сары қағазға ораган төмекісін күлшына тартып, сөз бітті дегендегі Бокинге қолын созды.—Сагаты түссін!

— Мақұл! — Манадан үнсіз бақылап, қалшиып тұрған Құрышпайды Тоқаш қапсыра итермелеп: — Айда, жүр! —

деді. Виноградовтың қасындағы көртік мұрын Тоқаштан көзін айырмады, бірақ Тоқаш оған көңіл бөлмеді...

Түнек қоюланған тәрізді. Бірақ анығында олай емес еді. Қалаға төнген жаңбыр бұл ыдырап, арасынан ай сәулесі сығалап тұрған-ды. Үйдегі жарыққа дағдыланған көз, салғаннан көшениң егжей-тегжейін айыра алмады.

— Ал, менен мықтап ұста! — деді Тоқаш Құрышпайға.
— Арыққа құлап...

Құрышпай іліп әкетті:

— Ақсақ атанаң жүрмे... Менікінің уақасы жоқ. Сені айтсайшы: биден қалғаның гой... — Құрышпай қуланбай сейлемейді. Әзілін қалтасына салып жүргендей, керек кезінде суырып алады. Мүмкін, мұндай кезеңде әзіл қауіпті азайтып, көңілге демеу беретін шығар...

— Неменеге мәз бол келесің — тойға келе жатқаннан саумысың? — деді Тоқаш әдейі қажал.

— Той емей немене? Той болмаса мен домбырамды алам ба?! — Тоқаш морт тоқтады.

— Не дейсің?

— Домбырамды алам ба деймін! — деп Құрышпай салмақпен сөзін қайталады. Дауысында қалжыңың лебі бар.

— Кәне?

— Міне! — Қойнынан мылтығын суырып ап, көзенін тұра қалды ол.

— Түү, саппа екенсің! — Тоқаш қолын бір-ақ сілтеді...

Бұлар паркты кесіп, казармаға тіке жүрді. Көше жарық бола бастады. Бұлт тарқап, Алатаудың ақбас шыңы жапжакын көрінді. Жел басылды. Тымық.

Казарма алды олыр-топыр. Көшениң ұзын бойында жілке тізген шиедей солдаттар сап түзеп үнсіз тұр. Мылтық асынған. Өндөрі сұық. Қақпа алдында бір топ командирлер де тұр. Әр жерде құрылған зеңбіректер — казарманы жұтып қоятындаі, аузын арандай ашады. Тоқаш қақпа алдына жақын келді. Бір топ командирлердің ішінен көзіне түскені екі адам: бірі — Еремин, көше таудан өзімен бірге түскен, екіншісі — Сақа Сагатов, бет әлпеті Тоқаштың өзі сияқты, қоюқасты, дөңестеу ұзын мұрын жігіт.

Тоқаштың толғатқан құндізгі күдігі теріске шықты. Со-лай болсын де, соған өзі де қуанышты. Кіші Алматыда тұратын жетісулық екінші полк түгелімен көшеге шыққан. Қа-зір казарманың алдында жауап күтіп тұр: егер де прapor-

шыктер мектебі бағынбаса, қару-жарагын тастап берілмесе, тас-талқанын шығармақ. Соңында бір рота солдат, Журавлев казармада кіргелі аз уақыт болса керек. Бәрі де үрейленіп тосуда. Кім біледі—қан төгіле ме?

Еремин Бокиннің шатынай қараған ұлken қара көзінен көзін айырмай:

— Қасына бір рота алып Емелев почта-телеграфқа кетті... Біз сені күтіп тұрмыз,—деді.

— Күтсөңіз... Сақа! Шап жігіттерге! Келсін ногай мешітіне! Менің атымды ұмытпай сонда ала келіңдер!— деді Тоқаш екі қылмайтын әмірлі дауыспен.

Осы кезде іштеп біреу шыға кеп: «берілді» деді көтеріңкі дауыспен. Күтіп тұрғандардың тынысы кеңіп, жеңіл дем алғандай болды.

Жаудың арқа тіреген басты күші қан төкпей берілгенсін, қалғаны оңай сыйқылды. Бірақ Тоқаш әлі де құдікті: ногай мешіті толған «Алаш» кеңесінің әскері, мылтығын кезеп, қылышын қынабынан суырып, дайын отыр. Қан төгілуі мүмкін. Кеше өткен тұні жасырын комитеттің төтенше мәжілісі болды. Сонда Емелев те, Еремин де қан төкпес жағын мұқият тапсырған.

Мешітті алуға Тоқаштың күші жетеді — жігіттеріне де сенеді. Қазір слар Весновка өзенінің жар қабағының астында аттарын ерттеп «атой» күтіп тұр. Сақа ендігі жеткен де болар. Ревкомның шақыруымен Тоқаш пен Еремин отрядтан қалаға бұрын келді. Еремин сақал-мұртын қырып, мойнына дорба сап, қайыршы бол қалаға енді де. Тоқаш пен Құрышпай бір есекке отын артып, сақал, мұрт жамап, базарға қарай аяңдады. Сәті түсін аман-есен таныс адамға кездеспей, Халиманың үйіне бұрылып кетті.

Тоқаш мешітке жақындаған бергенде, соңынан үнсіз еріп келе жатқап Құрышпай:

— Аттанды!—деді. Тоқаш та құлағын түріп еді: түйдек-түйдек түскен ат тұяғының дурсілі таңғы ауаны жаңғырықтырды. — Қап, балалық-ау, неге асықты екен? Оятып жіберсе — кан төгіледі-ау!

Бұлар Қырғыз көшесінің мүйісін айналып, Сауда көшесіне шықты. Мешіт маңында ешкім көрінбейді. Есік алдында да күзет жоқ. Мұнысы несі екен — қаннен-қаперсіз жатқаны.

Аттылар тұс-тұс жақтан аяңдалап кеп, мешітті қоршады. Тоқаш Сақа бастаған ондыққа қолын бұлғады. Аттан се-кіріл-секіріп түсіп, Тоқаш қасына топталды. Тоқаш келте әм-

ір берді. Жігіттер тапал ағаш шарбақтан қарғып-қарғып түсіп, мешіттің есігіне келді — жабық. Бұрылып Тоқашқа қарады. Тоқаш ағаш баспалдақпен жүгіре шығып оюлы, сырлы есікті иығымен итеріп қалды. Тиегі атып кетті. Есік шалқасынан ашылды. Сау етіп кіріп барды. Доғаша иіліп салынған кең терезелерден түскен сәуле зәулім залдың бұрыш-бұрышына дейін құлап барып қалған. Оң жақ бұрыштағы мұнараға көтерілетін сатының асты ғана қаракөлөңкелеу — жарыктан қашқан көлеңке сонда тығылған тәрізді.

Есіктен төрге дейін төсөлген масаты кілем үстінде қойдай жусап бырқырап үйқатап жатқан жігіттер. Бірінің қолы екіншісінің бұтының арасына кіріп кетсе, енді бірінің аяғы қасындағының мойнында жатыр, ығы-жығы. Аяқ басарға жер жоқ. Бәрі де таң алдындағы тәтті үйқыға батқан.

Таң бозарып, тұн тунегі кейін серпілген кез. Есік аузында қалғып отырған күзетші ұшып тұрды; мылтығын кезеп:

— Тоқтаңдар! — деді орысша айғайлап.

— Жұлып ал мылтығын, Құрыш, қараши өзін,— деді Тоқаш есіктен кіре берген Құрышлайға. Ол шап беріп мылтығын жұлып алды — көз ілеспеді.

Осы кезде күзетшінің:

— Құрыдық, қырды! — деген шыңғырған даусы мешіт ішін басына көтерді. Жігіттер опыр-топыр, бірі құлап, енді бірі ата түрегелді, бас жағындағы тіреулі мылтықтарына жармасты.

— Қозғалмаңдар! — Бокин айғай салды.

Кейбіреулері селк етіп, кейін тартынды, енді біреуі мылтығын алып та үлгеріп — кезене берді.

— Таста!

— Мә, саған таста! — мылтық даусы құрс ете түсті. Мешіт іші көк тұтін. Оқ зу етіп, Тоқаштың құлақ тұсынан етті.

Екіншісі оқтай бергенде, жақын тұрған Сақа оның мылтығына жармасты. Сөйткенше болмады, жетіп келген Сәлімгерей Бурнашев Сақаға тәнді. Дабдыр сөз ұлғайып, шуға айналды. Бірін бірі тыңдамайды.

— Имансыз, бұзық! — Бурнашев Сақаның кеудесінен итерді.

— Тарт қолыңды!

— Сендерді әлдеқашан Үкімет іздең жүр!..

— Сенің өкіметің құлаған, Бурнашев!

— Үр өзін!

— Соқ!

Тоқаштың әрі естүге мұршасы келмеді, артына жалтқарап:

— Құрышпай, дайын бол! — деді де, самсап тұрған жігіттердің арасынан сыйылып шығып, аспай-саспай, Бурнашевтың қасына келді. Жігіттер де жымдай, демін ішіне тартқан. Бәрінің көзі Бокинде, соның қымылында.

— Тарт қолыңды! — деді Бокин.

Бурнашев қолын тез жұлып ап, бар денесімен Бокинге бұрылды. Шегір көзі оқ атады. Тістенген. Оң қолы ақырын жанбасына жылжыды.

Бокиннің соңынан еріп келе жатқан Құрышпай, шап етіп Бурнашевтың қолын ұстай алды. Қатты қысып, орнынан жылжытпады.

Осы кездे, қайдан келгені белгісів, ешкім байқамай қалды, офицерше киінген Какенов жетіп келді. Ұзын қара мұрты мысықтың құйрығында жоғары көтерілген. Тұсі суық. Келе Бокинмен айқасты.

— Шық! — деді ол бетін Бокиннің бетіне тақап. — Бас сауға қылсаң шық!

— Какенов! — деді Бокин зілді, салмақты дауыспен, — өкінерсің, қайт райындан. Құш бүгін бізде!

— Сенде құш жоқ! Жалған! Кет мешіттен! — деді Какенов өршеленіп.

Тоқаш үнсіз, есік аузында тұрған Оразға иегін қақты. Ораз есікті шынтағымен итеріп қалды. аржағынан мылтықтарын кезенген солдаттар сауылдалап кіре берді, кіре берді.

— Эріске ал, мынаны! — деді Бокин Оразға қолымен Какеновты нұсқап.

Какеновтың алты атарын сұыруға мұршасы да келмеді, солдаттар жан-жағынан қоршап алды. Мешітте бір басылып, бір көтеріліп тұрған шу, тағы да құлаққа ұрган тана-дай жым-жырт бола қалды.

— Жолдастар! — Бокин орындыққа шықты. — Бүгін өкімет большевиктер қолында. Жетісулық екінші полк біздің жақта. Босқа қарсыласпаңдар, қан төгіледі. Атаман өкіметі құлады... Кедей дихан балалары, бері шығындар! Біздің қатарға қосылындар! Революцияға қызмет етпей-мін дегендерің қаруды тастап, үйді-үйіңе қайтындар! Кім-

де-кім қарсыласса, оған аяу жоқ... Эне терезегө қараңдаршы!.. Қоршауда қалдыңдар!

— Бұл арандату! Жалған! — деді Бурнашев айғайлад.

— Алаш бұған көнбейді! — деді тағы бір дауыс.

— Ешбір қазақ баласы сенің соңынан ермейді! — деп Какенов ұстап тұрган солдаттардан бұлқынып, босанғысы келді.

— Бізге ергендерің былай шығыңдар! — деді Сагатов айғайлад. Маңдайына түскен ұзын қара шашын басымен кейін серпіп.

— Мен!

— Біз! — алдымен Сагатовтың қасындағы қазақ жігіттері бірыңғай іркіле бастады.

Құрышпай қасындағы Бурнашевты иығымен итеріп қалды.

— Сен немене, боржуй?.. Шық!

Бурнашев Құрышпайға алайып бір қарады да:

— Тұра тұр, бәлем! — деп мылтығын лақтырып тастап Кәкеновтың қасына барды.

— Жігіттер, еріңдер Бурнашевқа! — деді Какенов айғайлад. Тағы бірнеше жігіттер мылтығын тастанап, кейін шегінді.

— Босат Какеновты! Ол офицер! — деді Бурнашев Сагатовқа төніп.

— Эй, татар, осы саған не керек? — Бурнашевтың соңынан қалмай бақылап жүрген Құрышпай оның жағасынан ұстай алып, төмен тұқырайтып, доғадай иді. Сәлімгәр бұлқынып көріп еді, Құрышпайдың құрсауынан босай алмады...

— Сақа! — деді Бокин Сагатовтың қасына келіп. — Какеновты абақтыға апарып жап! Мұнда мен өзім аяқтағын!

— Жарайды, Бокин, кездесетін жер жалғыз бұл емес шығар. Сен де ұмытпа! — деді кетіп бара жатып Какенов...

Алаш әскерінен жиналған қару-жарақты Тоқаш жігіттерге таратып беріп, қасына он шақтысын ғана ертті де, атаман штабына қарай аттанды. Дүркірәй шапқан аттардың тұяғы, ертеңгі ауада жаңғыртып, қаланы басына кетерді. Шошып оянған қала үрпіп, өре түрегелді. Кім кімге қарсы? Ешкім түсінбейді. Қапал көшесінің көркі — атақты Габдулланың көк сырлы қақпасының алдында бір топ адам тұр екен, жанынан шауып өткен Тоқашты қолы-

мен нұсқап, бірдеме деп қалды. Ортадағы тапал қара жұдырығын түйген тәрізді... Мүйістен иығына шелек артып шыға келген екі әйел сасқалақтап, аттың астына түсе жаздады.

Штабқа жақындай бергенде биік көк үйдің терезесі сарт-сұрт ашылды да, мұртты біреу басын сұқты. Тоқашты таңыды ма, іле қайта жаба қойды.. Парктен бір тоң жастар шықты. Дабырлап, қолдарын бұлғап, сөйлеп келеді. Біреу Тоқашқа айғай салады:

- Эй-әй!.. Тоқта!
- Мынау әлгі Бокин емес пе?
- Ура! Революция!..

Кенет салт атты казак қылышын үйіріп қарсы алдынан шыға келді. Тоқаштың бәйге қөгінен қалыспай, құйрық тістесіп келе жатқан құла атты Ораз еді, құрық бойы қалғанда ол тарс еткізіп атып қалды. Казактың аты омақата құлады. Бұлар тоқтамады, әрі шауып өтіп, штабқа барды,

— Атаманды үстадыңдар ма? — деді Тоқаш шетте тұрған папахты ұзын қара мұртқа. Ол басын шайқады Тоқаш ат-матымен кейін бұрылды. Бәйге көк аспанға қарғыды.

— Еріңдер соңымнан! — Тоқаш Оразға айғай салды. Тасырлатып тауға қарай шапты. Атаманды қашырып алды-ау осылар. Әккі қасқыр қақпанға түсерін сезген де болар. Тірідей қолға түсіруді ешкім ойламаған, қате. Кісі беліп, ізін кескен де жөн еді...

Қақпа астынан жүгіре шығып, жарысқан ақ құшік шәүілдеп біраз жер ілесіп барды да, біртіндеп қала берді — ере алмады. Ең артқы жігіт оны қамшымен тартып жіберді білем, қаңқ етіп үні өшті. «Талай ит бүгін қаңсылар!»— деді ішінен Тоқаш.

Колпаковский проспектісінің басындағы ұлken ағаш үйдің қақпа алдына кеп тоқтады. Тоқаш секіріп түсіп, атының тізгінін еріне арта сап, биік сатымен жоғары көтерілді. Тоқашқа ілесе мылтықтарын кезенген Ораз, Жақыпбек, Абдулла, тағы үш жігіт бірге көтерілді. Есік жабық екен. Мылтық дүмімен Жақыпбек салып-салып жіберді. Аржағынан кәрі әйелдің даусы естілді — кемсендеп:

- Не керек? — деді.
- Аш!

Есік ашылды, кемпір қалтырап, қолы дірілдеп кейін шептінді. Басына салған көнетоз сиса орамалдың астынан ап-

нақ, самай шашы шығып тұр. Бұл — Петровна еді. Тоқаш ганымады.

— Атаман қайда?

— Жоқ. Кетті...

— Қайда кетті?

— Әлгі бір әзірде... Қайда кеткенін айтпады.

Қап! Қашқан екен, Тоқаш қасындағы Оразға қарады — пішіні енді қайда барамыз дегендей.

— Жайнақовтың үйіне тарттық! — деді Ораз Тоқаш ойының алдын орап.

— Жақыпбек! Абдулла екеуің осы үйді тінтіп, Жайнақовтың үйіне келіндер! — деді атқа қарғып мінген Тоқаш. Жайнақовтың жаңа үйі — өзеннің аржақ бетінде, орман ішінде еді. Оған бару үшін Пугасов көпірінен өтіп, өзенде жағалай, тауға қарай жұру керек. Ыбраіым бұрынғы ескі үйін сатып жіберіп, соғыстың алғашқы жылдары осы үйін салдырган. Ыбраіым байымағанда кім байды. Бүкіл Жетісү өлкесінің дауы осының қолынан өтетін. Сонда талай түйені түгімен жұтатын. Губернатордың көзі — Жайнақовтың аузынан шыққан сөзі дауы еді — қолма-қол шешетін. Патша тақтан құлаған соң, «алаш» көсемі атанды. Елден жинаған пұл, ақша тағы да Ыбраіымның қалтасына түсін. Алаш пен Ыбраіымның қалтасы ауысып, ақырында бірігіп кеткен... Елде тағы үйі бар, қора-қора малы бар. Соның бәрін тастап мырза қайда кетпек?

Тоқаш бәйге көкті тебініп қап, көпірден бір-ақ секірді.

Найза бойы қөтерілген күннің сәулесі Алатаудың шыңынан шашырап қаланы күлгін түске бөледі. Шашылған бұрашақтай, халық көшеге қаптады. Шауып жүрген салт аттыларға тамашалап қарайды.

Биік сырлы қақпаны Ораз теуіп-теуіп қалды. Ашылмады. Баспалдақты сыртқы есікке көлденең тақтай сап, шегелеп тастаған. Ат үстінде тұрған екі жігітке Тоқаш: «Секір дуалдан!» — деп әмір берді.

Киіз қалпағын қойына сұға сап, қанжарын аузымен тістеп, салпы ерін жігіт даулға қарғып, аттай мінді. Аулаға көз салды да — ым жасап, мылтық сұрады. Жақын тұрған Ораз мылтығын ұстата берді. Осы кезде шынжыр сылдырлап, әрлі-берлі арсылдан жүгірген иттің даусы естілді. Тоқаш атын омыраулатып кел дуалдан асыра көз жіберді.

Тайшадай сары төбет шынжырын сүйретіп, арсылдан аулада жүгіріп жүр екен. Салпы ерін өкпе тұстан мылтық-

пен басып қалды. Ит қалпақтай түсіп, қайта ұмтылды. Өкпеден деген оқца құласа да, жан бермедин. Ұшып тұрып қайта құлады. Не деген мықты хайуан! Жігіт секіріп түсіп қақпаны ашты. Тоқаш өзі бастап шынылы дәліз арқылы үйге кірді,— аржағынан Бикен қарсы жолықты. Тоқаш аңтаң, не әрі, не бері жүре алмай тұрып қалды, өңі ме түсі ме? Қыздың мөлдіреген көк көзінен — үрей, өкініш, өкпе де тапты Тоқаш. Көз ашып-жүмғанша Тоқаш пен қызы талай сырдың басын қайырды. Тоқаштың: қайдан жүрсің! Мұнда неге келдің? Әлде?.. деген сияқты тілге құрмеліп, айтылмаған сұрағын қызы да көз қарасынан түсінген тәрізді. Сыр бермедин.

— Жол болсын? — деді биязы қылышпен қызы, бірінші тіл қатып.

— Ыбрайым мырза керек! — деді Тоқаш қабағын шытып.

— Жоқ. О кісі елге кеткен...

Тоқаш сынай, тесіле үңілді қызға. Қыздың екі беті дұылдал, бояу жаққандай қызара тұсті — ұяты бетіне шықты деген осы екен.

— Шыным! — деді ол үнсіз сұраққа дауыстап жауап қайырып. Тоқаш Оразға қарап, қабағымен «тінт!» дегендай ишара қылды. Қызы жымиды —«Сенбедің ғой, көрерміз» дегендай. Енді Тоқаш беттегі шырмауды сырғыта тастап, қыздың қытығына тиесінде сөйлемеді:

— Біржола осы үйге көшіп алғаннан саумысыз? Соңдай бір сыйыс тараған еді?

— Сізді жаяу өсекке құлақ қояды деп ойламаған ем. Оған маңыз берсеңіз: жалған дейім! — Қыздың тілі удай.

Тоқаш қанын ішіне тартты. Сайқал!

— Кім білсін... Алла тілді ой жасыру үшін жаратқан дейді. Тілімен «сүймеймін» деп, оңашада құшағына кірген әйелді де көргем...

— Ондай еркекке мен де кездесіп ем, алыста емес өзі...

Тоқаш ұтылғанын білдірмей құлқімен жуды...

— Жоқ! — деді қайта оралған Ораз.

— Ыбыш агадың шаңырағын ортасына түсіруге кеп ем.. Қап!.. Үлгірген екен... Сені ме! — Тоқаштың зілді сөзін қызы да сезді, бұрылып шығып бара жатқан Тоқаш соңынан:

— Қайтып көрер есігін қатты серіппес дейді біздің қазақ, есіңізде болсын, төре! — деді.

Тоқаш жалт бұрылып, сұстана қарады.

— Қатты серіпсем; қайтып көрем дегенім, жауласып көрем дегенім, Бикен!..

Тоқаш қақпадан шығысымен Зәкірдің үйіне тартты. Зәкірден айрылса — естен кетпейтін өкініш болар. Жайнақов өзі қашқанда қызды иесіз үйге қалдырып кеткен. Е, Тоқаш аңғал: Жайнақов дүние қоныз, жәдігөй емес екен. Олер жерін білген.

Ашулы Тоқаш атын қамшылап, көк базарды қақ жарып, Зәкір магазиндерінің алдына тоқтады. Жабық — жұдырықтай қара құлып ілулі тұр.

Зәкір атаманның қазақ еліндегі оң көзі. Сыр таситын тілі; жебір, жыртқыш. Зәкір кешегі көтеріліс күндері қазақ баласын аяған жоқ-ты, сермеген құрығы бос кетпеді — талай ардагер жігіттерді өкіре құлатып, жандармның қолына ноқталап ұстап берген. Абақтыда отырған қазақ жігіттері қөзінің жасын көл ғып, Зәкірден көрген қорлығын жыр ғып айтатын. О, Зәкір сен бүкіл Жетісуды қан қақсаттың, ақ дегенің алғыс, қара дегенің қарғыс бол, алдыңнан көлденең бір адам өткізбедің. Қисық қарады деп дүре де соқтырдың... Кезек заман!.. Зәкір, қашып үлгірмесең, Тоқаш енді алыс-берісті айырысады..

Сауда көшесінің бұрышындағы жыбырлаған көп төрөзелі үлкен ағаш үйдің Тоқаш астан-кестенін шығарды. Бірақ, Зәкір табылмады. Тұрсын ханым азарда-безер — құранды аузына алды — кешеден жоқ, балалары мен өзі де түні бойы көз шырымын алмаған.

Тоқаш сенбеді. Эйелдің көзіндегі бадырайған қорқыныш Тоқаштың көңіліне секем алдырыды. Тоқаш төрдегі қызыл барқыт портьераға аяқ басқан сайын эйел қымсынып, кес-кестеп, алдына түсе берді. Тоқаш ашып қап еді, аржайы есік — Зәкірдің құпия бөлмесі бар деуші еді.

— Кілті қайда?

Тұрсын ханымның тілі күрмеліп тұрып қалды.

— Ораз! Мылтығыңды әкел! — Ораз жалпақ жаурынымен қаусырма есікті баса итерді. Есік сыйырлап, қиуы кете бастады. Тұрсын ханым байбалам сан: тана-тал түсте үйге тұсу, тонау емес пе! — деп үйді басына көтерді. Оразға екінші жігіт кеп құш қосты. Есік сыйырлай сынып шалқасынан ашылды. Ораз бен жігіт аргы бөлмеге өздерінің салмағымен құлап түсті.

Тоқаштың қолында оқтаулы алты атар, кіріп барып болағада тұра қалды. Жасырынып тұрып бас салса...

Үш қабырғаны түгелдей қызыл шүгамен қантаган.

Еденге масаты кілем төсеген. Бөлме шынылы күмбезден түскен сәулемен шағылысып, лағыл тастың түсіне болған. Қақ төрде ұлken сары ала әбдіре тұр.

Тоқаш мысықтай басып, әбдіренің аржағына үңілді — жоқ. Бұл байлықты тастап Зәкір оңай қашпас. Әбдіре аузындағы бармақ басында күміс құлыпқа үңілді. Әбдіре аузы да сықап, жымдаса жабылмаған — саңлау бар. Тоқаш Оразға: «Аш әбдірені» — деді. Екеуі екі жағынан үстап, әбдіре қақлағын көтерді — ішінде қып-қызыл нарттай Зәкір жатыр. Тұншығудың аз-ақ алдында — бет-аузын тер жапқан. Судан шыққан балықтай екі иығынан дем алады. Ораз бен жігіт желкеден қысып, дірдектетіп сұрып алды. Гұрсын ханым өксіп, Зәкірді бассалды.

— Э, Зәкір ақсақал, әбдірең алтынға толмаған соң, өзінді сап толтырғың келді ме?.. — Тоқаш мысқылдай құлді. — Іздегеніміз осы алтын еді. Алып жүр!

— У, кәлләңді! — деп Зәкір құңқілдей алая қарайды.
— Қысқарт! — Ораз алдына сап алып шықты.

Тоқаш тыста қалған жігіттерді шақырып ап, ең қымбатты заттарды құпия бөлмеге жинатып алды да, есікті тақтамен шегелетіп, бекіттірді. Аузын құлыптаپ, кілтін Тоқаш қалтасына салды.

Зәкірді абақтыға жаяу айдады. Еңіреген қатынның, «әкелен» зар қаққан баланың көз жасына қайрылып, Зәкір кемсеңдеп, қоштаса бастап еді, жігіттің біреуі мылтықтың дүмімен желкеден түйіп жіберді:

— Кет әрі! Баланы ойласаң зорлық-зомбылық неге жасадың? — Зәкірдің сүмірейген мұсініне, сұық құнгі үрпиген этештей жұндес бет-аузына, қан толған көзіне Тоқаш қайта-қайта көз қыығын тастанды. Өкініш іздейді. Жоқ, қасқыр өкінбейді, босатса қарсы шабады...

Абақты алды қара топыр: тұтқыннан босағандар, ағайын, туыстарын қарсы алуға келген қала тұрғындары, абақтыға айдал алып келген офицерлер, бұрынғы полиция қызметкерлері, тыңшылар — бәрі де мидай араласқан. Кімнің кім екенін айырып болмайды. Анадай топ ішінде Сақада тұр — Какеновты алып келген беті болу керек. Дабыр сөз, жылаған дауыс, қуанышты күлкі — жамырап, шуға айналды.

Абақтының қақпасы жабық, Тоқаш бәйге көкті жанбасқа бір сап, омыраулап қалың топтың ішіне енді.

— Бұл не тұрыс? — айғайлап, Сақаға қол бұлғады.

— Абақты кілтшісі жоқ, кілтті алып қашып кеткен көрінеді.

— Тұтқындар қалай босанды?

— Даудан қарғып түсті.

— Осылай тұра бересің бе? Кім басқарып жүр?

Сақаның жауабын естірmedі, қақпа ашылып, жұрт аулаға лықсыды.

— Тұтқынға алынған офицер мен байларды, тыңшыларды алып кіріңдер абақтыға! — деді әскери киім киген ұзын бойлы, таңқы мұрын ерек қатал дауыспен. Апымдау, осыны қайда көрді Тоқаш? Әлгінде Виноградовтың қасында тұрған осы емес пе еді?..

Какеновты алдына сап, Сақа мен екі жігіт аулаға алдымен кірді. Бұлардың соңынан қолын артына байлаған жеті-сегіз офицерді кіргізді. Алып қелген әскерлердің ішінде Емелевтің қасында жүретін бала жігіт — Егорка Собуров. Үстінде шинель, иығында мылтық, Тоқашқа қаралыржия күледі...

Ораз да Зәкірді нұқып аулаға енгізді. Анадай тұрған Какеновты арқа тұтты ма, Зәкір жалт бұрылып, Оразды құлақ шекеден қондырды. Бейқам келе жатқан Ораз сүрініп, тізерлей құлады. Тоқаш алты атарын сурырып ап, тұра ұмтылды. Осы кезде жақыннан мылтық даусы гүрс ете түсті. Зәкір мұрттай ұшты. Тоқаш оң жағына жалт қараңса — таңқы мұрын аспай-саспай, наганын қынабына салып жатыр екен. Құлімсіреп, Тоқашқа басын изеді.

— Бұған со керек... Кімді ұрады?.. Зәкір-шакал!¹ — деп таңқы мұрын Тоқашқа жақын келді.

Миы ақтарылып жерге түскен Зәкірді офицерлер ортаға алып, серігінен айрылған бір топ шағаладай шуылдады да қалды.

— Бұл бассыздық!.. Кәне, атқан кім? — деді Какенов қолымен әуені есіп, Тоқашқа қарсы жүрді.

— Революция! — деді таңқы мұрын қатал дауыспен. Сейтті де тез қимылмен оларға жонын беріп: — Жүріңдер! — деп Тоқаш бастаған топты абақтының ауласынан алып шықты. Қақпа алдындағы сенсөн малақайлы, қартаң солдатқа «Берік бол!.. Ешкімді шығарып, кіргізбе», — деп әмір берді.

Петр Алексеевич Еремин телеграфтан шықты. Таш-

¹ Қорқау.

кентке Верныйда Совет өкіметінің орнағаны тұралы ревком атынан жаңа тілдесіп хабар берді.

Алатаудың шыңына иегін артқан күн бүгін өзгеше жарқырайды. Эуе түп-тұның. Бәйтеректер бір түн ішінде көгеріп, шешек атқан тәрізді. Таңертеңгі хош исі мұрын жарады.

Еремин жүгіре басып «Бостандық үйіне» келе жатыр. Үәде бойынша серіктеп сонда жиналмақ. Патруль ұстап, күәлігін тексерді. Әлде асыға басқан қадамы, ойға шомған түр әлпеті — сезік тудырды ма, әйтеуір, екі рет бөгеді. Қалада мас адамды жүргізбейді. Әр көшениң бұрышында әскер. Кіші Алматыдағы қорғанда тұрган әскер, ұясы бұзылған құмырсқадай бір түнде қалада өрді де кетті.

Әне, бір қатардағы тас көшемен лек-лек әскерлер кетіп барады. Аяқтары дік-дік түседі — жұз аяқ бір аяқтай Іле Марсельеза әні қаланы қүнірентті.

...Басыңдар аяқты, жолдастар...

Еремин баспалдақпен көтеріліп, губернатордың кабинеті болған бөлмеге тұра жүрді. Бұрынғы генералдың ордасы — сол қалпы: есіктен төрге дейін төсөлген масаты кілем. Терезелерінде торғын перде. Кабинеттің есігі ашық екен, гүлдеген дауыс коридордан-ақ естілді.

Кабинеттің іші ыс салғандай көк тұтін. Темекінің ашыисі тاماқты қырады. Жөттелтеді. Бықыған адам. Петр көбін танымайды: шинельді әскерлермен бірге, шоқша сақалды, саудагерге ұқсас біреулер де жүр. Мұндай төңкеріс кезінде жолдан қосылатын — жолбикелер де аз болмас. Бірақ, салғаннан кімді біліп болады. Бөлменің бір бұрышында көк барқытпен жапқан дөңгелек стол жанында әңгімелесіп отырған екі адам Ереминнің көзіне басқалардан бұрын түсті. Қең иықты, сымбатты Тоқаш қыза сөйлейді. Ұлken қара көзі, ашан, ақ құба жүзіне аса бір келбетті өң тудырғандай. Қияқты қара мұртын саусағының сыртымен сипап қояды. Қою, қиғаш қара қасы ой ырғағымен бірге қозғалып: бірде сыйылып, енді бірде сынып түседі. Қасындағы Сақа ынтасын сала тыңдайды.

— Сенің өзің білесің, мен өмірде қорқуды білмеуші ем ғой. Тегі менен де асқан жүрек жүтқан ба, деп қалдым. Шімірікпестен атып салды-ау!.. — деген Тоқаш сөзін Петрдің құлағы шалды. Кімді айтып түр! Петр жақын кеп қолтығынан алып қарсыдағы оңаша бөлмеге апарды.

— Атқан кім? Атылған кім?

— Зәкірді атып таstadtы... Кім дейсіз ғой? Таңқы та-
нау! Әлгіде Виноградовпен ревкомда бірге тұрган еді... О
кім, сіз білмейсіз бе?

Еремин қынжылып, қабагын шытты.

— Бірінші қымыл жасаған кім?

Тоқаш тәптіштеп көрген-білгенін айтып берді.

— Фамилиясы кім дейсіз? — деді Сақа сөз қосып.

— Фальковский. Мен өзім де бүгін ғана көрдім, — деді

Еремин. — Революционер көрінеді...

Еремин өз көзіне өзі сенбейді, күәлік сұрап, тексерген
жоқ. Қағазда не тұр? Іс жүзінде сендірді. Ереминнің аз
кідіріп, өз ойымен өзі жеке қалғанын Тоқаш та білгендей;

— Ол бүгін революционер екенін танытқан болды, бі-
рак, мұндай анархияны сүйетін бейбастақтар аз емес
көй...

— Анархист! Зәкірді атқанда ол тәртіп бұзғаны ма? —
Сақа да Тоқаш сөзін ұнатпады. Айтыс оты тұтанып кете
ме деп қауіп қылған, Петр түйіндегі сөйлемді:

— Дәлелсіз сенбеу — қиянат. Менің өз сынауымша
революция жолындағы адам сияқты.

— Мейлің... — Тоқаш әрі созбай, тіл ұшындағы сөзді
айтпай доғарды. Есіктен Емелев пен сол Фальковскийдің
өзі кірді. Басында қызыл шүберекпен төбесін тыстаған па-
паха, былғары тужурка, мойнына қылыш асынған. Мана
үстінен киғен киімі басқа емес пе еді?

— Сонымен атаманды қолға түсіре алмадық па? — деді Сақа.

— Жоқ. Атаман түгіл, Жайнақс та табылмады. Ме-
німше бүгін тұн қаладан тарайтын жолдардың аузын аңду
керек пе дейім... Тығызып қалғандар тұн жамыла іннен
шығар... Егер маған әскер беріп, тапсырсаңдар, аңдыр
едім, — деді Фальковский. Бәрі аңырайып, қиқы-шойқы ра-
байсыз ұзын Фальковскийге қарап қалды. Шынында дұ-
рыс екен. Іздеу керек! Еремин өкінішті дауыспен:

— Қапыда қалыптыз: қасқырды інінен шығармау ке-
рек еді. Ташкенттің бірінші сұрағы солар болды, — деді.

— Мен айттым ғой, болдың ба? — Тоқаш бет-пішіні:
«ал енді кімдікі дұрыс?» деп табалағандай көзі шырағдан-
дай жанады.

— Кеше ғана қылышын сермеп аюдай ақырған атаман,
тұлқідей ізін шатастыруды деп кім ойлаған. — Лука ма-
зактай күлді.

— Жан қадірлі гой, қайтсін... — деді Фальковский
Петрмен бірге күлін.

Тоқаш күлмеді.

— Элгінде маған бір ой келді: осы баяғы Фольбаум-
ның кебін кітп жүрмесін деген,— деді Бокин төтеден.

— Осы сол шын болды ма? — Сақаның таңырқап біл-
гісі келді.

— Оны мына Тоқаштан сұрап! — деді оңашалау тұрған
Лука. — Өлді деген Фольбаумды көрден таба алмады
гой. Қабірін ашып табытты көтерсе — өлік жоқ боп шық-
кан.

— Өтірік көмген ғой... — Сақа терезені ашты. Жуан
еменнің бұтағында қарқылдалап күліп қарға отыр. Өмірде
нальмайтын, өмірге мас құстың бірі!..

Еремин әзілден іске көшті. Өзінің ойын серіктерінің
алдына салды.

— Ал, қазір бүкіл қаладағы ұйымдардың біріккен мә-
жілісін ашамыз. Эсерлер де ревкомнан орын сұрайды... Қа-
лай дейсіңдер?

Тоқаш тез қимылмен бұрылып, зілді сөз тастады:

— Маңайға жуытпау керек. Биледі ғой, жетеді!

Еремин құлімсіреп:

— Олардың адамдары ескер арасында да бар сияқты,
ең алғашқы кезде біреи-сараң орын берген жөн болар...
Қалай дейсің, Лука?

Петр Емелевтің жанына келіп, терезе алдына отырды.

Лука ойланған қарап:

— Әуелі өз кісілерімізді мықтап ақылдасып алайық...
Бірлі-жарым орын берген де жөн,— деді.

— Дұрыс емес! — Тоқаш пікірін кесіп айтты. — Эсер-
лерге сену қын.

Журавлев кірді — толық келген, ақ құба, ат жақты ер-
кек. Ақ сары шашы құстың мамығы тәрізді ұлпілдеп, уф
десең ұшуға дайын.

— Ал, бастаймыз ба?.. Жұрт тосуда,— деді ол кірген
бетінде.

— Бері қел. Әуелі өзіміз келісіп алайық? — деді Ере-
мин қолын үлғап. — Тоқаш эсерлерге орын бермейік дей-
ді... Сен не дейсің?

— Салғанинан құмайық... Біртіндеп..:

Тоқаш бөліп кетті. Қою қара қасы түйіліп:

— Онда Ивановты қайта экел де ревкомға отырғыз!
Емелев те көнбеді.

— Іс-міс жоқ, иықтан шауып жіберуге болмас!.. Сен қылышыңды қынабыңа сұға тұр, досым...

— Дауды қойыңдар! — деді Еремин түрегеліп: — ыңғайына қарай көрейік. Әйтеуір сақ болу деген дұрыс қой... Мен өзімізден Емелевті, Бокинді, Журавлевті ұсынам.

— Виноградов!

— Еремин!

— Тағы кім?

III

Ол тұні Тоқаш үйқтай алмады. Қаншама шаршаса да—көзін инемен тіреп қойғандай, бір жұмылмады. Бірнеше күнгі айтыс, тартыс құшіне тиген тәрізді.

Тоқаш бүгін арманының шоқтығынан ұстагандай—қуанышы жүрек кернейді. Күндізгі тас-талқан айқас, жаудың ізін кесу, қала берді, ревком мәжілісі де есіне түсті. Сол уақыттарды қайта шолып, нені уысынан шығарып алды, неге үлгермеді, соны талдады. Алғашқы тұнде, комитеттің жасырын мәжілісінде Тоқаштың серіктепі бір нәрсені ұмытқан. Олар — үйді-үйінде үйқап жатқан атаманды, алаш көсемдерін естерінен шығарған. Тоқаш кешігіп қалмаса — мүмкін еске салар да еді. Ревком басындағы жолдастарының бұл бірінші қатесі. Екінші қатесі — эсерлерді ревком мүшелігіне бекер енгізді. Ешкім білмейтін Фальковскийді «герой» ғып, тексеру комиссиясына сайлады. Мінезіне қараса — анархист сияқты. Соны кім ұсынды? Тоқаш есіне түсіре алмай қойды. Шіркін, Березовский болар ма еді.

Тоқаш та соған өкінеді. Шіркін, Александр Петрович Березовский арманда кетті-ау! Тоқаш кеш қалды, әйтпегенде... Махмут кеп айтқан тұні Тоқаш штабқа шабуыл жасамақ ниетпен қалаға барып еді, болды ма: «кейін қайтта жігіттеріңді шынықтыр, бір-екі күнде өзіміз хабар жібереміз. Қамалдағы әскерлердің бір қайнауы әлі ішінде», деп отырып алған жоқ па, жасырын комитеттің мүшелері... Березовскийді кім ұстап берді екен? Махмуттың айтуына қарағанда сол өзі тұрган Весновка жағының тоғышарлары болса керек, білдірмей, аңдаусызда, мойнына арқан тастаған. Березовский үзенгілес серік, мейрімді дос еді. Ұстатқан зұлымды табу керек!.. Тұнде адамның қия-

лы шарықтағыш келетіні несі екен? Тоқаштың ойынан ой туып, созыла берді.

Ертең митинг болады. Аз болса да үйқап алса жақсы болар еді. Тоқаш екінші бүйіріне аунап тұсті.

IV

Мысықтай басып, Құрышпай ашық терезеден сығалады.

Кең, жарық бөлmede ешкім көзіне ілінбеді. Құннің сәулесі алтын табақтай жарқырап еденде жатыр. Бұрыштағы керуеут әлі жиналған жоқ, бос.

Тыстан Тоқаш кірді. Құрышпайдың бақылап тұрганын ол байқамады. Үстінде жағасы кестелі ақ торғын көйлегі бар, ылғи мейрамдарда киетін көйлегі. Осы көйлегін киіп түскен суреті әне, кереует тұсында ілулі тұр. Тоқаш құрым етігін шұғамен ысып жылтырата бастады.

Құрышпай Тоқашқа қызығанышпен қарайды: Тоқаштың сымбатты бойы, тік жүрісі, тез қимылы... бәрі сәнді, бәрі ұнамды. Құрышпай өзінің кейіпсіз екенін де біледі. Қараған адам езу тартып құлімсіремей қоймайды: «мұрны қолағаштай, қып-қызыл, ұшы ағаштың қабығы тәрізді, қыж-қыж. Көзі сығырайған, құлімсірейді де тұрады. Маңдайы қушық. Бірақ, Құрышпай өзінің түрінен ұялмайды, тек күрсініп қана: «мені құдай аямаған ғой!» дейді...

Тоқаш айнаның алдына кеп: сақалын, мұртын қыруға айналды. Сабынын көптіріп, баттастыра бетіне жақты.

— Жетеді, қалыңдығыңа барайын деп жатқан жоқсың? — деп Құрышпай терезеден басын сұқты. Тоқаш сасқанынан құліп жіберді.

— Апырмай, Құреке! Қорқытпай жүрмейсің-ау!

— Қорыққаның әкесін мен тұнде көрдім... Ehe-ehe!

— Ия?! Айтты... Кірсейші үйге.

Құрышпай ауладан үйге дейін дауыстап сөйлеп келеді. Эдегінше үш саусағын бүрістіріп түйген.

— Тұнде бір буржүйды ұстап ап, арманымнан шықтым-ау... Қыңқ дегізбедім.

— Не дейді? — Тоқаш алая қарады. Жағына апара берген ұстара, қол қоюға ұмтылған саусақ арасындағы қаламдай шошайып қалды. — Сиқың жаман, бірдемені бүлдіріп жүрме, әйтеуір! — Тоқаш қайтадан кырына бастады. Құрышпай сөзін жалғады. — Тұнде үйге қайтып келе жатсам — шамасы сағат тұнгі он екіге кеткен кез. Су-

ға қанған қара атандай, екі бүйірінен демін ап, еңгезердей бір мес қарын қара шыға келді. Агаш арасына тығыла қалдым. Келе бергенімде тапаншамды суырып ап: «көтер қолыңды!» дедім. Ол селк етіп кейін шегінді. Қасақана білмен бол:

— Атың кім?

— Кәрден! — деді.

— Э, әлгі буржуй ма? Жүр... Сені іздел келемін.

Қалшылдаپ сүреңі кетіп, тілі күрмеліп, ештеме айта алмады. Қараңғыда мені танымай да қалды ғой деймін. Алдыма салып ап, томпаңдатып айдал келдім. «Тезірек!» деп қоям. Ыңқ-ыңқ етеді. Әбден жаны қысылды. Жеті атасынан бері сыбап келем, үн жоқ. Өзен жиегіне ап келдім. Жарға тұрғыздым.

— Ал, иманыңды айта бер!.. Қазір о дүниеге барасың! — дегенімде сол-ақ екен отыра қап, ботадай боздан, аяғымды құшты. Жалынды.

— Сен мені танымаймысың?

— Таныдым ғой. Өзіміздің Құрышжан емессің бе?

Не керек, әбден ит қылып: «Енді қайтып қолыма түспе», деп қоя бердім-ау!

Тоқаш күлерін де, ашуланарын да білмеді. Басын шайқады.

— Сен бұл қылышты таста! Түсіндің бе?

— Е, неге? — Құрышпай шақ ете түсті. — Буржуйды аяйсың ба?

— Олай бейбастақтық жасауға саған ешкім құқық берген жоқ. Буржуй болса сенсіз-ақ жөнін табамыз! — деді Тоқаш қатаң даудыспен.

Құрышпай Тоқаштың мінезін біледі: айтқанына көнбесең — шатақ шығарады. Үндемеді.

— Ал, кетпейміз бе? Халық жиналып та қалған шығар? — Құрышпай әңгіме желісін әдейі бұрды. Екеуі сыртка шықты. Тоқаштың қабағы түйілген, үнсіз жүріп келеді. Құрышпайдың тұнгі әуре-сарсаңы ұнамаған тәрізді. Мейлі, өз саусағын өзі кесе ме!

Тоқаш бір аттағанда Құрышпай екі аттайды. Адымы қысқа. Қонетоз шапанының етегі желең-желең етеді. Аяғындағы жалпақ табан «американ» сықырлап, «ән» салады. Оны Құрышпай мақтаныш көреді. Құлағын сап, сүйсіне тыңдайды. Баяғыда бүкіл Жетісуда Ыбрайым мырзаның етігі ғана сықырлаушы еді. Қарашы, көшеде кетіп бара жатқандар бір қарамай өтпейді.

Тоқаш аздан соң жібігендей болды. Құрышпайға жаңалықты айтты. Петроградтан телеграмма бар: мұсылман халқының жұмысын басқаратын комиссариат бүйрек жіберген көрінеді. Жетісуге кенес өкіметінің орнағанын тез білген, — дед сөзін аяқтады Тоқаш куанышты пішінмен Құрышпайға бұрылып.

— Кол қойған Лениннің өзі ме екен?

— Жоқ.

— Ал, не деңті сонда?

— Он алтыншы жылғы көтеріліс үшін қазақ-қырғызды құғындау тоқтатылсын делінген.

Құрышпай қуанғанынан қатар келе жатқан Тоқаштың шынтағынан ұстай алды.

— Уә, сәт!

— Е, Құрышым, екі жыл бойы күні-түні «жарғақ құлағың жастыққа тимей» көксеген арманың емес пе? Бір-ақ күнде орындалды. Көрдің бе?

Құрышпай басын изеді. Біледі: Уақытша үкімет тұсында қаншама айттысып, Қытайда ауып жүрген ерлерді Гоқаш қайтара алмады. Құрышпай әлі өкінеді. Бәкен сияқты жігіттің ағасы, бөтен жерде ұлтан боп жүр...

— Қытайға біреу жіберсек қайтеді? — деді Құрышпай, ой салып: — Қуанту керек!

— Оның дұрыс ақыл. Құн туды — енді өмір біздің қолда... Сен баоасың ба, әлде?.. Жоқ. Сен мұнда маған керек-сің... Кімді жіберсек екен?

Бұлар парктің мүйісін айнала бергенде қарсы алдарынан торы атқа мінген, дембелше қара жігіт кез келді. Ердің қасына артқан балдағы бар. Шамалғандағы мүгедек Ақан.

— Ойбай-ау, мынау өзіміздің Ақан ғой? — деді Құрышпай.

— Тап өзі, шақыр!

Құрышпай барылдаған кең даусымен бүкіл көшені жаңғырықтырды. Айғай салды.

Ақан аттан секіріп түсті де, шап беріп балдағын қолтығына қыса қойды.

— Ассалаумалейкүм! — деді кырылдақ даусымен.

— Жол болсын, Ақа! — деді Тоқаш үрейі қашқан туысының бетіне үңіліп.

— Елден келем... Қалада жаңадан өкімет құрылды дей ме?

— Міне! — деді Құрышпай сөзді Тоқаштың аузынан жүліп ап, жұдырығын түйіп, — өкімет біздің қолда!

— Бәсе, Аянбектің дүрілдеп жатқаны, бірдеме білген еken ғой.— Ақан әлде не есіне түскендей мұртынан күлді.

— Мені жіберген Айгүл. Қалада тағы соғыс басталған көрінеді, біліп кел, Тоқаш... — Ақан аржағын айтпай, қолын бір-ақ сілтеді.

— Тоқаш та, Құрышпай да сау-саламат... Айта бар! — деді Құрышпай.

— Айгүлдің дені сау ма? Кеше бір кісіден хат жібергем. Алған еken ғой... Ал, елде тағы не хабар бар? Айекең құжілдеп жүр дейсің бе?

— Сәт комиссарлықты Аянбекке сыйлады.

Тоқаш таңдана қарады Ақанға.

— Я, неге? Сәт Совет өкіметіне қарсы ма еken?

— Қайдам... Баяғы тауда тұлкі аулайтын аңшы Аянбек жоқ. Екі аяқты бір етікке тығып, қуырып барады. — Ақан әзіл аралас, мадақтап та қояды. — Сәт елді жинап: «Халайық, мен шаршадым, көрім жақын дегендей, алдымда — кәрілік. Сыйладыңдар — рақмет. Мен де шамам келгенше өз дәүірімде тырысып бақтым. Енді мына Аянбек тәрізді інілерім бар, тұғырды соган сыйладым», деді. Жұрт шуылдап Аянбектің мойнына мөр салған киіз дорбаны асты... Ертеңінде Айекең «ескі өкімет құлапты. Мен заңды жаңаша жүргізем» деп Кәрден байдың жылқысынан лауға төрт семіз алдырды... Соның біреуі менің астындағы. Тегі, сол Тоқаштың хатынан естіген еken-ау? — Ақан сол жаңа өкіметтің орнағанына сенбей келген еken, енді көзін жеткізсін.

— Аянбек сөзін жұрт қалай ұғынды? — Тоқаш егжей-тегжейін сұрап, халық қөкейін білгісі келеді.

— Ел құлағы елу деп, қаладан хабар күтуде. Эркім өзінше би, законшік. Біреуі: «ойбай, большевиктер деген малжаныңды тартып ап, ортаға салады еken», енді біреуі: «кедейдің қамын жеген, әділ өкімет осы болмақ!» деп кеу-кеуlep, бірін бірі іліп-қағып, кейде қызыл кеңірдек болып, жұдырықтасып та қалады. Дәл мен жүрерде Қастектен Төкей үста келген соң бақалшы Боштаймен жанжалласып зорға айырдық. Төкей: «Қытайға кісі жіберіп, сүйінші сұратайық» деп еді, Боштай кекетіп: «Сенің жаршыңды шекарада күтіп тұр деген, пішту!» деп ернін шығарғаны бар ма.. Осыдан ұшынып, ұлken сөз болды. Ел екі жарылды.

— Шіркін, мен болмаған екем, Сібірде аюды қалай үй-

реткенімді Бошаңа көрсететін. Көптен тісімді қайрап жүр ем!

— Жарайды, Ақа! Сен жүре бер біздің үйге!.. Сені елге ұлық қып қайтарам!

— Анада бір сайлап, лезде түсіп қап ем, қайдам... — Ақан атына мініп жатып әзіл тастады.

Митингтен Тоқаш, Сақа, Құрышпай — ушеуі бірге қайтты. Әрқайсының өзінше алған әсері бар. Тоқаш пен Сақа халық санын, кім қалай сөйлемді, жұрт жақтырды ма соны әңгіме қылды.

Құрышпай соңынан еріп, кейінірек келеді. Бір кенет ой түншықтырып, тынышын алған тәрізді. Қабағын түйіп, ернін дүрдитіп, екі қолын артына ұстап, ырғала басады. Тоқаш пен Сақаның әңгімесін еміс-еміс естиді.

... — Виноградов сөйлегендеге тым-тырыс болды — ұшқан масаның ызыңы естіледі. Өзі де әдемі сөйлемді. Ойы алақанға салғандай ал-айқын. Тілі қандай жатық, — деді Сақа, даусы көтеріңкі.

Құрышпай мырс етті: «кім қалай сөйлегенін Құрышпайдан сұра!.. Жоқ, о да сезіпті!..» Құрышпай құлағын тағы тікті: — Сен сөйлей бастағаннан-ақ сыйыр көбейді...

Жоқ, Сақа аңғармапты. Құрышпай алыстау тұрса да бәріне қанық: Тоқаш сөзі түйдектеліп, ойы сыйылысын шықты. Халық жүрегіне кілт тапты. Әсіресе, «Кеңес өкіметі халықтың көптен тосқан атар таңы, шығар күні! Міне, бүгін сол таң атып, күн шықты! Жүректі ашып, жайдалы жүзбен қарсы алайықшы, жолдастар!..» Құрышпайға Тоқаштың осы сөзі ете ұнады. Сонсоң не деді? Ия...

«Қазақ халқы он алтыншы жылы қанын бостандық үшін төккен! Талай ер жігіттер қыршын жасын осы күн үшін қыып, осы бостандық үшін құрбан қылған.

— Арап! — деді орысшалап, топ ішінен біреу. Құрышпай екінші қатарда тұр еді, дауыс шыққан жаққа жалт қарады: — Бикеннің қасында бірнеше қызы, жігіттер тұр екен. Ішінде Сәлімгерейді де байқап қалды. Құрышпай қайсысы екенін айта алмады, шынтағымен жол сап, ілгері ұмтылды.

— Жігіт болсаң — осындай бол! Өзі сымбатты, өзі сал. Тілі қандай майда — шешен! — деді Бикен қасындағы құрбыларына құліп.

— Сен ғашық бол қалмасаң иғі едің?

— Бикештің жүрегі тым осал, болса болар!

Ду күлкі... Құрышпай бәрін естіді. Бұл не? Кекесін бе, сыр ма?

Тоқаш түйдек-түйдек ой тастап тұр. Жұзі сұрланған, жар қабағы түйіліп, ұлken көзі Құрышпайға қадалған тәрізді. Құрышпай қолын, түйіп, «тағы да сөйле, сөйле!» дегендей басын изеді.

— Байлар бізден рақым күтпесін. Баймен қаспызы! — деді Тоқаш жұдырығын түйіп, Бикенің қасындағы Бурнашевка арнағандай.

Құрышпай бұл жолы кімнің айтқанын анық аңғарды:

Бурнашев селк етіп, тістене орысшылап айқай салды:

— Провакатор! — деді.

Құрышпай ауыздан сылқита қойды. У-шу. Абыр-жұбыр төбелес болды да қалды. Бірақ, жұрт айырып жіберді...

— Сен төбелесті байқадың ба? Бір-екеуі соғысын тақалды,— деді Сақа. Құрышпай Тоқаш жауабын қүтіп еді, ол үндемеді...

Сақа кеткесін, сол түні Құрышпай да өз пәтеріне бармай, Тоқаштың жанына қонды. Ондағысы жүректегі бір күйігін айтпақ еді.

Ақ сары татар, мана төбелестен кейін: «Бокин шоқынды, діннен безген, Тоқаш немістің шпионы!» деп қала халқына пікір салып тұрды. Сол сөзді ол қайдан алды? Тоқаш үйінің иесі — Эрмиштің кім екенін анық біле ме?

— Ақырын сөйле,— деді Тоқаш Құрышпайға,— қабырға өте жұқа. Ана үй иесі үйқтаған жоқ. Қазақшаға судай.

— Естісе қайтейін! — деді Құрышпай олқы дауыспен.

— Сен ол кісіні білмейсің... Бұл өзі сағатшы. Шебер адам. Бірақ, өмірді түсінеді. Ондай өсек-аяң тасымайтын адам, — Тоқаш даусын сәл бәсекдетіп. — Маркс есіңде ме?

— Қай Маркс, әлгі көк базардағы етікші жебрей ме? Тоқаш күлді.

— Жоқ. Мен анада айтқаным қайда: бір ұлken ғалым адам бопты деп?

— Е, ия-ия!.. Әлгі кедейлер өкіметті қолына ала алады дейтін ақсақал ғой?

— Тап өзі!

— Ия?

— Сол Маркстың «Капитал» деген кітабын бірінші рет оқуға берген осы кісі... Өзі саясатқа қатнаспаса да, көп біледі.

Құрышпай қараңғыда сипалап, шақшасын тауып алды да, насыбайын атты.

— Осы кісінің бір қызы бар деп едің?.. Айтқандайын саған айтуға ұмытып кетіппін. Қыз дегеннен шығады-ау... Мен бүгін кімді көрдің десеңші?

— Кімді?

— Тағы да Кәрденнің ерке тотысын... Сені құтырта мақтап тұрды. Өтірігі ме, шыны ма? Өзің білесің жарқыным. Әркімнің атының сыры өзіне белгілі.

Тоқаш жымиды. Құрышпай оны қараңғыда байқамады да.

— Не деді, сонда?

Құрышпай көрген-білгенін баяндап берді.

— Ол қызбен екеуміздің арамызда ұлken өткел бар. Одан өту қыын,— деді Тоқаш тұспалдап, Құрышпай өзінше жорыды.

V

Ашық күндерде Алатаудың күміс шыңы жап-жақын, қол созсаң жеткендей. Бұлыңғыр күні басын тұман шалып, көзден ғайып болады.

Бүгін де тап сондай — қою, ақ тұман тау аңғарындағы қалаға жылжып түсіп, бүкіл көшені аралап, үйді-үйдің ауласына енді.

Фальковский терезеден қарады. Шарбақтың үстіне қонған ақ этеш мойнын созып, күшене шақырады. Даусында әқау бар, дымқыл әуеде басыңқы, қысыла шығады, құйрығын қысқан бұралқы сұр ит, жер тіміскілеп, терезе алдынан жүгіріп өтті. Құн ерте, әлі көшеде тірі жан жоқ.

Фальковский иығына шинелін іле сап, тұнде бітпей қалған хатын тағы қайта оқыды.

«... Верныйға келгеніме міне бүгін он бес күн. Керемет оқиғаның үстіне дәл келдім. Сіздің айтқан шамаңыз дұрысқа шықты...» Хатты әрі оқымаі, сырып тастанады да, екі қолымен басын сүйеп, терең ойга шомды.

Валентин Робертович тағдыр дегенге сенеді. Бақыт — тап даладағы сағым сияқты, алыстан қызықтырып, көз тартады, еліктіреді, соңынан ертеді, жақындаі бергенде әрі қарай жылжи береді, жылжи береді. Валентин асай өмірдің шоқтығынан бір үстады. Енді оңай айрылып қалатын сылбыр, жасықтың қатарына өзін қоспайды. Қынын сында — ақыл, тар жерде — айла, ерегісте мірдің оғынданай тіл табады.

Ал, осындағы ер адамға бақыт жылы жүзбен бір қарамайды, ыңғай теріс айналып жонын береді. Валентин Робертович бақытты — сұлу қыздай тәкаппар, тағы құстай үркек, тұлқідей алдағыш деп ұгады. Эйтпесе, 40 жасқа келгенше үйсіз-күйсіз, ұшарын жел, қонарын сай біліп, қаңбақтай бүкіл Россияны кезіп жүрер ме еді? Саяси өмір, Балтық теңізіндегі толқыған Петроградтан Азия келді... Генерал Корниловтың інісіне кездесті... Одан Жетісуға қайта оралды... Осыдан екі жыл бұрын қырғыз көтерілісі жайында құпия іспен бір келгені бар еді. Кіші Корнилов: «Саған Жетісу таныс. Сонда барғаның жөн» деп қайрап салды. «Атаман Малышевқа жолық, түбінде сені өсіретін — сол», деп оған үміт артып хат та жазып беріп еді, ол атаманиң шаңырағы ортасына түсіп, жан сауғалап бір түнде жоқ болды. Фальковский ізін да таба алмай қалды — жан қандай тәтті десеңші?

Алдында Валентин Робертович Корниловтың хатын беріп үйінде қонақта болған. Өз буына өзі семіріп Россияның шексіз қыыр даласын алақанымен басып айбар шегіп отырған-ды. Сол үйде бірнеше жігерлі азаматтармен танысып, қайсы бірінің адресін де алған еді. Никольский шеркеуінің епископы — Пимен... Хорунжий Сотников... Бірақ Валентин Робертович адамға сенбейді. Қашшама кіші Корнилов мақтаса да, атаман қазып қойған орга оңай түсті. Жылдар бойы жиған дүние, байлықтан айрылды да қалды.

Аңқау, аңқау... Жан бермек оңай ма. Фальковский аласұрып, түнектен саңлау іздеді. Екі жақ бетпе-бет кеп, айқасып жатқанда аяқ астында қалып қоюға болады. Ниеттес серік қарастырды. Ақыры тапты. Валентин Робертович оңашада жүрек түбіне алтындағы тығып қойған сырны ұрлана көз тастайды. Онда: патшаны, монархияны жек көретін. Тым тар шеңбер деп есептейтін. «Конституциясы бар ел болса...» деп ибалы ойдың шет жағасын ғана көрсетіп қоятын. Көңіл құрғыр сап таппайды, аңсай береді. Оған елігіп даңғойланған беруге тағы болмайды. Экесі марқұм айтатын: «Ұятсыз тілден көз ұлады» деп. Тілде сүйек жоқ, бір күні жасырын ойды сыртқа шығарып қойса... Осы жасырын ойы өмір бақи жүрек қалтарысында жатушы еді, өсіп-өсіп, міне, тап кеше Жетісуда болған төңкеріс күні гүлдеп, жарыққа шықты...

Валентин Робертович әудемде ала бөтен көзге түсті: «Марат!» атанды. Бір кезде ызбарланып, сыңар езуленіп

жүргендер бүгін тілекtes адамша жымия қарайды. Зәкірдің өлімі — өміріне өріс берді...

Фальковский хатына қайта үңілді. «...мұндағы большевиктердің үйімі, анада біз топшылағандай емес. Бұлардың арасында ысылған «қырағы» азаматтар да бар көрінеді. Мені жақсы қарсы алды. Ревком мәжілісінде революциялық трибунал сайланып, соның қасындағы тергеу комиссиясының бастығына мені ұсынды. Ұлықпін!.. Анада сіз Ташкенттен кететін күнгі кездескен дос бар еді гой, соны әлі таба алмадым. Жоқ. Сізге тағы да ескертіп қояйын дегенім: осында ойда жоқ жерде ескі «досым» кез бол қалдым. Оны баяғыда осы Верныйда көргем. Өзі қырыз, өте қырағы...» конвертке сап, сыртына адресін жазды: «Москва қаласы, ЧК. Поповқа».

Аяңдалап абақтыға барды. Өткен түні ревкомда: «Абақтыда отырған офицерлерді тексеріп, ашық жау емес, дақбыртпен түскендерін 24 сағат ішінде Верныйдан қуылсын», — деп Фальковскийге тапсырма берген. Не істеді екен? Бұл — үлкен сын. Ойдағыдай шығара ала ма, жоқ па?

Абақты алды толған халық: қыбырлаған ат-арба, қазқатар тізілген шелек. Жақындарына тамақ әкелген қатын, бала-шага шеттеу түр.

Фальковский қүзетші тұратын үйге кірді. Үстінде сары шолақ тоны бар солдат қолын басының астына тәсеп, столға асыла үйқтап отыр. Мылтығын қолымен қапсыра ұстап, баурына қысқан. Жақсы тәртіп екен! Фальковский оған жиіркене көз таstadtы да, тезірек басып қасынан өтіп кетті. Абақты комиссарының кабинетіне барды. Оnda да ешкім жоқ. Бұл не қылған иесіз дүние. Офицерлер нағып қашып кетпеген? Абақтының ауласын аралап келе жатыр еді, мұртын құлағына ораған, едірек көз шикіл сары, дік-дік басып алдынан шықты.

— Кім керек сізге? — деді ол.

— Комиссар! — деді Фальковский ызбарлы үнмен.

— Мен! — деді ол жыптықтап.

— Сен болсаң жаман комиссарсың. Ешбір тәртіп жоқ. Қүзетшің, үйқтаган... Есіктерің ашық... Бұл не? Сен көптен істейсің бе?

— Бұрын абақты қарашысы едім.

Екеуді кабинетке кірді. Фальковский паңдана басып рұқсатсыз комиссардың орнына отырып алды. Асықпай шылым шекті.

— Сен осы менің кім екенімді білесің бе? Жоқ? Онда мен өкімет жауларымен күресетін тергеу комиссиясының бастығымын. Тұсінікті ме? Менің рұқсатымсыз бір адам шығарып, бір адамды кіргізбейсің.

Комиссардың көзі жыпылдықтап, реңі қуқыл тартты. Тұрған қалпы басын изей берді.

— Абақтыда неше офицер отыр?

— Жиырма бес.

— Ішінде ашы дауысты қиқары бар ма?

— Біреу бар. Өзі қырығыз.. Антұрған заңға өте жүйрік.

— Соны алыш кел!

— Ләппай! — комиссар жалт бұрылып, есікті серпи жапты.

Бір адам майданда жауынгер емес демей ме? Арқа сүйейтін серік керек. Кім бар, қайдан табады? Мұндайда асығыстық қазылған ормен бірдей. Құлап түскенін сезбей де қалады. Жат адамның жаны қараңғы түнек, одан көз үйренгенше ақ пен қараны айыру да қыны.

Аздан соң абақты комиссары еңкіштеу, ұзын бойлы қазакты алыш кірді. Галифе шалбары дедліген, белін жалпақ белбеумен қатты қысқан. Төмен қарап, қырындал түр. Пішіні — «ә» десең «мә» деп, шап беріп, бет тырнамақ.

Фальковский салғаннан таныды: баяғы өзі көрген Каценов — пістік мұрын, қысық көз, әлі өзгерменті.

Фальковский жымып, басын шұлғып:

— Отырыңыз! — деді.

Каценов үнсіз сылқ етіп отыра кетті де, Фальковскийге көзінің қыығын таставады. Ұзын қара саусақтары сексеуілдің бұтақтарына ұқсайды.

— Мені танисыз ба? — деді Фальковский жайдары дауыспен.

Каценов басын көтеріп, адырая қарады.

— Шырамытам. Бір жерде көрген тәріздімін.

— Я, көрдіңіз, оған ешбір дау жоқ. Жалғыз-ақ қашан көрдіңіз, мәселе сонда?

— Мұнда қалай түстіңіз?

— Ата жауымның жаласы.

— О кім еді?

— Несін сұрайсыз, әлдеқашан атып жіберетен ит. Бұзық. — Габдулла бұлтақтап, дәл басып айтпады.

— Оның аты-жөні бар ма?

— О да сіз сияқты комиссар. Білесіз.

— Комиссар болса әрине білем.

— Комиссар болмай тұрғанда да білесіз.

Фальковский құлімсірен, шылым ұсынды «Тапыды»— деді ішінен, сөйтті де дауыстап:

— Какенов сіз оқыған азаматсыз. Бір кезде адвокат бол, заң қызметіне де араластыңыз. Дұрыс қой?.. Ендеше жасырынбақ ойнамай, тура іске кірісейік. Бізге беріліңіз!

— Мен берілмей не қастық жасадым?

— Тегін қамамаған болар...

— Мен айтып отырмын ғой, ата жауым жала жапты деп. Оның ат-жөні белгілі — Бокин. Сізге де онша жақсы дос бола қоймас.

— Элгі... — Фальковскийдің өзі тұтығып қалды.

— Элгі он алтыншы жылы орысқа қарсы шыққан.

— Енді түсіндім. Ол бір заман, достым Қазір өмір басқа — асау аттай алып қашып барады. Шамаң келсе, шоқтықтан мықтап ұста, тулас бір жерде түсіріп кетпесін... Мениңше сіз уақыт дегенді ұғынбасызыз. Уақытты сезбенген адам көшке ере алмай жүртта қалады. Қырғыз аулында көшке ере алмай жүртта қалған адамды көріп не едіңіз?

— Эрине! — деді Какенов Фальковскийдің ойы қалай қарай жалтарарын аңғармай.

— Олай болса, сіздің де орныңыз революцияда!

— Қалайша? — Какенов іздегені табылғандай жылы-шырап. Фальковскийдің бетіне үцілді.

— Былай... — Фальковский орнынан тұрып есікті жауып. Какеновтың қасына жақын барып отырды.

Бір сағат өткен соң Фальковский Какеновты абақтыдан шығарып жіберді. Сол кеш Фальковский Никольский шеркеуіне Пименді өзі ізден барды.

Шеркеуді қоршаған темір торлы шарбақ. Есігі жабық. Калай кірсе екен? Қарғып түсуге болмас — көзге түсер... Жә, бұлай ұзақ тұрудан да пайда жоқ. Фальковский шарбақтан сығалады. Аржағында күбжеңдеген шал — аула сипырып жүр екен.

— Аш! — деді Фальковский айғайлап.

Ол жауап қайтармады. Сылп-сылп аяғын сүйрете басып, шалдың өзі келді.

— Бұл кім едің мезгілсіз жүрген? — деді ол.

— Аш! Маған Пимен керек. — Фальковский қаһарлы үнмен бүйіра сөйледі.

— Пименді іздеушілер көп, бәрін бірдей қабылдамайды. Науқас. — Шалдың сөзі ерніне жабысып, зорға шыға-

ды — тіс жоқ. Фальковский шалға олай-былай түсіндіріп көріп еді, ұқпады — сөз ететін шал емес.

Фальковский бұрылды да жүре берді. Бұрынғы полиция қеңесіне келді. Қазір мұнда өкімет жауымен құресетін комиссия. Үй сиқы шырайсыз-ақ, едені бес елі кір, терезелерінің көзі сынық. Бұрыш-бұрышта өрмекшінің топы. Кешегі полиция бастығының кабинетіндегі есіктен төрге дейін төселген масаты кілем, жұмсақ диван «құдай патшаны сақта!» әнін айтып, сылдырап тұратын алтын сағат — бірі жоқ.

Бұл мекеме бір жыл ішінде екі рет талан-таражға түсін. Осыдан бір жыл бұрын патша тағынан құлаған күндері қағаздарын жыртып, стол, орындығын қиратып, бытшытын шығарған, қала берді, осы бір жұманың ішінде — төңкеріс кезінде де тағы да тоналды. Ашулы солдаттар үйдің ішіндегі заттарды мылтықтың ұшына іліп, ойна келгенін істеп бақкан.

Фальковскийдің кабинеті қара көлеңкелеу — ымырт жабылған кез. Фальковский қоңырау қағып, құзетші солдатты шақырды. Ол есіктен басын сұғар-сұқпас:

— Шам! — деді.

Жақында Фальковскийге орынбасар ғып Жақыпбекті жіберген ревком. «Жергілікті ұлттан шыққан жас қызыметкер, төселіп кетер, баулы» деген-ді. Фальковскийдің байқауынша тіл алғыш, зерек жігіт көрінеді. Бар айыбы — беймаза. Дөңгеленіп, қасынан шықпайды. Көрінгенді сұрайды, міне тағы келіп, Фальковскийдің ойын бөліп тұр.

— Березовскийдің өлімі жайында тағы да бір дерек таптым.

— О қандай дерек? — Фальковский ұнатпаған пішін білдірді.

Жақыпбек қолындағы бір бума қағазды ашып, төмен тұқырайып:

— Ізіне түсіп жөріп едім, тура Никольский шеркеуіне алып барды,— деді.

Фальковский елегізіп, қопаңдап орнында отыра алмады.

— Я, нақтылы кісі аты атала ма?

— Элбette, Пименнің аты жүр ішінде.

— Пимен?.. Шеркеудің епископы?..

Фальковский сәл ойланғандай бурыл қабағын шытты.

Жақыпбек тағы үңілді:

— Қандай дәлеліңіз бар?

— Эулие-атаның қолымен жасалған тізім болған көрінеді, большевиктерден о дүниеге кімді бұрын аттандырады... Сонда тізім басында Березовский тұрған.

— Бұл да дәлел емес, жалпы жоба... Кәне, тізімінді әкелші!

— Тізімнің көшірмесі ғана бар.

— Көшірме деген дәлел болып табылмайды. Мүмкін, басқа біреу жазған болар... Істі мен өзім жүргізейін, Маган бер? — Фальковский папканы қолына алып ұзақ ақтарып, әр бетінен тиіп-қашып оқып, үнсіз отыра берді. Жақылбек аз бақылап тұрды да шығып кетті...

... Қаба сақалды, тіп-тік сырғауылдай Пимен кабинеттің қақ жартысын өзі алды. Аппақ балғын саусағымен мойнындағы алтын кресін ұстап, кабинетке жиіркене кірді. Бақайына түскен қара жібек рясасын аяғандай отырмады. Кең қеудесін жогары көтеріп, Фальковскийге тіксіне қарайды.

— Отырыңыз, әулие-ата! — Фальковский орындық ұсынды.

— Мені неге шақырдыңыз? — деді ол зілді.

— Кешірім сұраймын, әулие ата! Солдат жіберіп, сізге қиянат жасағандай болдым.

Фальковскийдің даусы әрі жылы, әрі бәсек шықты. Экімдік ызғары да сезілмеді.

— Талай ғаламатты бастан өткізген заман. Соның бірі болар! — Пименнің жуан, күжілдеген даусы кабинетті басына көтерді.

— Эуелі адамшылық парызынан құтылайын,— Фальковский өтірік күлді. — Сізге сәлем жолдады. Кім дейсіз ғой?

Пименнің көзі бадырайған, қып-қызыл жұқа ерні күбірлеп дыбыссыз дұға оқиды.

— Кім дейсіз ғой? — деді Фальковский тағы да аздан соң. — Корнилов!

— О, тәнірім! Бұл не жалған? Мені әуре қылмаңыз! Фальковский тағы күлді — сақ қарт!

— О кісі сізді жақсы білетін көрінеді... Біз сізben анада бір кездесіп едік, есіңізде мे?

— Балам, сендердің саясаттарында діннің жұмысы жоқ... Мені әуреғып қайтесің.

Пимен сәл абыржыған тәрізді. Фальковский оны сезе қойды. Бұл әрине жақсылық — торға жақын барды деген сөз. Сондықтан да Фальковский тап қазір тышқанмен ой-

наған мысықтай, құлығын соза берді. Тоқ етерін айтпай, кейінгіге сақтайды.

— О кісі: «за веру — на крест, за царя — на плаху, за отечество — на штык» баруға дайынмын деді.

Пимен еңгезердегі денесімен бұрылышп, Фальковскийге тесіре耶 үцілді. Қаба сақалы желді күнгі шөптің басындаған, дір-дір етеді.

— Сіз кімсіз осы?

Фальковский сол күні пәтеріне кеш қайтты. Өзіне өзі риза. Атқан оғы мұлтіксіз дәл тиді. Талай сырға қанын, талай сырды ақтарды. Кім білсін, бұл істің аяғы немен бітерін? Әйтеур ірі ойынға кірісті. Қөнге ақша емес, бас тігілді...

Пимен Жетісу өлкесінде ең ақылы мол, зерек адам болып көрінді Фальковскийге. Саясат өмірін безбенге салып, өлшеп болжап отыр... Ой жүйесі даңғыл қара жолдай апайқын. Соңынан ере берсең шаршамайсың. Москваны басып, Лондонға барып бір-ақ тоқтайды. Пименнің кейбір сөзінен Фальковский сескеніп, үрей де жамады. Бірақ, бұның бәрін сактандыру деп үқтү ол.

Фальковский алдында тұрган бір стакан шайға тиген де жоқ. Әлдеқашан сұып қалған. Шамның керосині де таусылып, жыпылықтап тұрып сөнген. Бөлменің іші қап-қараңғы. Фальковский бұрқыратып шылымды тартып отыр, тартып отыр. Ойы да зымырап, көштің соңынан ерген күшіктей, күндізгі сқиғаның соңынан шапқылап, ере береді. Сонымен Пимен сөзін немен түйді? Пимен былай деді: «Жетісуга қаймағы бұзылмаған екі бөлек өмір бар. Бірі казактар — бұлардың көпшілігі ерлерін баурына алып, тулаған, асау аттай осқырып, жаңа өкіметті әлі маңына жолатпайды. Қиқулап, біреу атой салса — бәрі дүрсे қоя бермек. Алдында ор қазылса да керек қылатын емес. Екінші күш — қазақ, қырғыз өмірі — бұлар кім жылы сөз айтса, маңдайынан сипаса, соның соңынан еріп жүре береді.

Бұлардың белгілі басшылары да бар — бірі патша өкіметіне құйрығын тығып, ит бол үргендер. Ал енді бірі — кеше елді азғырып, бұлік шығарғандар, бұлар большевиктер қауымының ықпалында. Пимен бұларға сенбейді. Пименнің жасырын тізіміне түскен он шақты адам бар. Қауілті солар көрінеді.

Ол адамның бірін айтпай-ақ Фальковскийдің өзі де тү-

сініп отыр. Оған бұл кінәлі. Сол күндері аяды ма? Жоқ, әлде салақсыды ма?.. Айыпталып іс бітіп тұрган да — Фальковскийдің бір ауыз сөзі оның тағдырын шешуші еді. Енді мынау, жаны қыл үстінде. Бәрі бір-ақ нәрсеге байланысты — тани ма ол, танымай ма?

Өткен түні ревком мәжілісінде сол қазақ қайта-қайта Фальковскийге көз тастады. Дәл кетерде қара мұртын ширатып, өктана тағы бір қарады. Эрине, әрбір уға қарсы дәрі бар демей ме, орыстар. Оған қарсы у — Какенов. Ол «ата жауым» деді. Бұл өмір шахматындағы табылған өте бір қолайлыш жүріс...

Жексенбі күні еді. Ұзақ күн қар аралас жаңбыр жауып, кешке таман айыға бастады. Бұлт тарқап, күн көкжиектен жарқырап нұрын текті. Фальковский шеркеуге бармақ боп, киімін киді. Шеркеуде қазір жұрт тарады. Фальковскийге керегі де осы. Жаумен құресетін орынның адамы елеусіз сырттай бақылау жүргізгені қисынды. Пимен сенімсіз адамның қатарында, оны көзден таса қылуға жарамайды. Сондықтан Фальковскийдің шеркеуге барғаны дәлелді де, ерсі де көрінбейді.

Терезеден түскен күн сәулесі шеркеудің әшекейлеп алтын жалатқан бағаналарына шағылысып, көз тартады. Қаңбырғалар толған — әдемі түрлі-түсті текше тастардан шағып орнатылған құдайдың, періштелердің суреттері.

Фальковский шоқынып, құдайға тағым жасады. Шеркеудің іші өте көңілді. Тебесі дәл қырлы-қырлы тақия тәрізді. Құмбез. Тебесіне неше түсті көк, қызыл, жасыл бояулармен шым-шытырық керемет суреттер де салған. Әне, топан суы дүние жүзін қаптап, бар әлемді ағызып, жердің жеті қабат астына түсірген. Бүйра шашты әдемі жас жігіт толқынимен құресіп, бір қалқып, бір батып барады. Дария ортасындағы аққан салға жете алмайды. Анда-санда қолын бұлғай, жан ұшыра шақырады. Оған таяу бір қыз қолын ербендетіп суға батып барады, жең дария бетінде көлкіп жатқан ұзын шашы ерекше көрінеді. Сал Фальковскийге жақын есіп келіп калды. Ескектен ұстаган қарулы қаба сақал Ная атанаң өз!..

Фальковский бала қүнінде шеркеуде хорға қосылып ән де айтқан. Сонда осы суреттерге көзі талай қанған...

Терезе алдында әзірейіл суретінің тұсында екі адам тұр. Біреуі — епископтың өзі де, екіншісі — орта бойлы, ақ сары

еркек. Жириен мұрты батқан күннің сәулесімен бұрынғыдан да гөрі күреңдene түскең. Хорунжий Сотников осы екен ғой! — деді ішінен Фальковский жақындай беріп.

Фальковский епископтың қолын сүйді. Қолынан ладан¹ исі аңқып тұр. Фальковский хорунжийге жымия қарап басын изеді. «Сотников — әккі, тіс қаққан; аяғын аңдап басады. Жүргегі — тас, қолы — қылыш» деген кешегі епископтың берген бағасы есіне түсті. Хорунжий көзінің қарашығын кішірейтіп, Фальковскийге инедей қадайды. Сынайды.

Хорунжий алғашқы беттегі үрейін басып, көңлі орныға сөйлейді: атаман Аненковтан алған хатының мазмұнын баяндады.

Атаман Аненков Семейден Қапалға қарай бет алған. Талғар. Қаскелең, Қастек казактарды да табаққа наны мен тұзын салып, алдынан қарсы шығуға аттарын ерттеп тосып отыр.

— Бұл істі кім бағтаиды? — деді Сотников.

Пимен жуан даусын қаншама бәсендесде де бос шеркеу жаңғырып, күңгірлеп кетті:

— Әулие Павел: жыланның басын көгерпей, табанға сап, тілін суырса, қауіпсіз деген. Сондықтан бұл жылан күш алып кетпесін әуелі, тілін...

Осы кезде сырттан тырсыл естіліп, баспалдақпен біреу көтерілді. Сақ құлақ Хорунжий қабағымен есікті нұсқады. Епископ екі аттап, алтаръға² көтерілді. Хорунжий шоқына бастады. Фальковский есік жаққа сұстана бетін бұрды. Сырттан шеркеудің күзетшісі кірді. Эңгіме бітпей қалды..

VI

Жетісудағы алаш кеңесінің бастығы Ыбрайым Жайнақов — бір тұнде жоқ болды да, содан ізін таптырмай кетті. Оның бірінші орынбасары Сүгіrbай Кәрден байдың үйіне паналады. Міне, тығылып, көрінбей жатқанына біраз уақыт болды. Сырт дүниеден Сүгіrbайдың еміс-еміс қана хабары бар. Онда да бала-шағадан, басы қатып, үрейі үшқан Кәрденнен боқтық аралас бірдеме естиді, ызалы адам ойын да жеткізе алмайды екен, Сүгіrbайдың көкейіне қонарлық, көңлі басатын сөз де айта алмайды. Кәрденге қоя-

¹ Ладан — хош істі май.

² А л т а р ь — дін үағызын оқитын орын.

тын кіна да жоқ: Верный қаласына ағаш тамырындай тармақтана жайылған үрім-бұтағы кесіліп, үзілді де қалды. «Үясы бұзылды» деген осы. Кәрдениң үлкен күйеуі — Зәкірді атып жіберді, кіші күйеуі — Жайнақов туған жерін тастап, бассауғалап, қаңғырып кетті. Үйі иесіз қалды. Ереккөй бала болса жоқ, қолындағы жалғыз Бикен, оның өзінің басы қатып жүр... Енді Кәрден ыза болмағанда, кім ыса болады... Сүгіrbай әбден түрткілеп қоймаған соң, Кәрден өз білгенін жеткізген болды, онда да: қала өмірін саудасаттық базар нарқымен өлшел, сол түргыдан ғана бағалайды. Кәрден сөзінен бар ұққаны: «базар құрылды», «нан жоқ», «магазиндер жабылды». Саудагерлер сауданы жең ұшынан ғана жүргізеді. Ел арасында аштық күшеюде. Жаңа өкімет күні-түні мәжіліс құрып, астық іздейді. Бірімен бірі қызылшеке бол айтисады. Дел-сал, не істерін өздері де білмейді. Қала халқы аш-жалаңаш. Жан-жақтағы станицаларда не бол жатыр, ешбір хабар-ошар жоқ, дауыл алдындағы тыныштық сияқты.

Сүгіrbай есік-терезесі бекілген Бикеннің бөлмесінде жатады. Құндіз онда Бикеннен басқа жан кірмейді.

Сүгіrbай бір оянып, бір қалғып, март айының ұзақ күнінде, сұлқ түсіп жатады да қояды. Тек дәретке ғана тұрады — онда да басына Бикеннің жібек шапанын бүркеніп, ұрланып шығады. Соңғы күндерде жиі шықпастық айласын жасап — шайды да аз ішті. Бара-бара шай түгіл басқа тағамдар да құндіз көзіне көрінбеуге айналды. Үй іші күндей онда-мұнда кетіп, бастары кешке бір-ақ қосылады. Ол тاماқты істеп ішкенше — түн ортасы да ауады. Кәрден кеше бір сөздің ретінде үйінің ішінде тигізе мысқылдалап, құліп те алды: «Біздің туыс, большевиктерден қорыққанынан өмір-бақи, ұстамаған оразасын да ұстады-ау!» — деп, Сүгіrbай мақұлдалап, басын изеді. Құлмеді. Құлкісі құргыр келмедин. Әйтеуір, соңғы төрт-бес күннің ішінде біраз сылынды, толық сом денесі жішірейіп, киімі олқылдай бастады. Қашып кете алмады. Бір шатасқан адамға қайдағы кедегір үйір тұратын несі екен.

Көше барлай жіберген адамы: «қаладан шығатын жолдың аузын тексермей бір адам не әрі, не бері өткізбейді» деп қайтты. Оның үстіне, «Зәкірді атып жіберіпті» деген хабар тағы дүңк ете түсті. Ұстаса атқаны, дау жоқ, тірі қалдырмайды. Бокин тісін қайрап жүрген, аямайды...

Енді не істейді? Елге бармайды, барса — құл-құтан бас сап, жүндей түтеді... Біржола көзді жоғалтып, Ташкент

сияқты қалаға қашып кеткен дұрыс болар. Кеше Қәрден: «жата бер, әбден басылсын» деді. Сүгіrbай тіптен зерікті. Бүйтіп быж-тыж қор боп кеткенше, атысып-шабысып өлген артық.

Түнекке де көз үйренеді екен. Бикеннің тас қараңғыланған бөлмесі Сүгіrbайға жап-жарық. Үлкен терезе алдында рояль. Сол жақ бұрышта кісі бойында шар айна, оң жақта ақ торғын шымылдықпен қоршалған болыскей кереует, аяқ жағында, есікке таяу — кілем жабылған тақта. Есіктен төрге дейін созылған хорасан кілемі.

Сүгіrbай шымылдық ішінде кереуетте жатады. «Есік көруге келген күйеуге ұқсаймын ба, қайтеді» дейді өзіне өзі әзілдеп. Дені сау, жападан-жалғыз жатқан адамның сыйна не келмейді — оның үстіне үйқысы қанып, зеріксе...

Бұғін де солай көп жатты, көп ойлады. Ақырында: «бас паналайтын жер — Ташкент, соған қашу керек!» — деген сөйді түйіп, Сүгіrbай төсектен қарғып тұрғанда, аржағынан оқыс сыртқы есік ашылды. Сескеніп, тына қалды: жүйке тамыр, домбыраның шегіндегі ширатыла тартылған, әрбір дыбысқа жауап қатып, лепіріп тұрады. Қулағын тікті: тық-тық басқан қысқа адым. Кілт сылдырады. Біреу есік аша бастады. Сүгіrbайдың жүрегі орнына тұсті.

— Бикеш!

Бикен аты Сүгіrbайға ой салды — көптен бері іздегені табылғандай. Бұған қашуға көмек беретін адам осы! Бикен соңынан ерген бір топ жігіт қыз әмірін патша әмірінен кем орындағандағы сияқты.

Жібек көйлегі судырап, хош иісін бүркыратып, тез қимылды, жайдары Бикен кіріп келді.

— Ағатай, үйқыдан басыңыз іскең жоқ па? — Сақылдаған ашық дауыс тып-тыныш мұлғіп тұрған үйді басына көтерді. Мұндай шуға аздан бері тотығып қалған Сүгіrbай түршігіп, үрпіп қалды. Үні де шықпады. Оның үстіне тыстан кірген қыздың көзі түк көрмей, Сүгіrbайға сұнтыкты.

Кереуетте басын көтеріп отырған Сүгіrbай Бикеннің белінен құшақтай алды. Қыз денесі тығыршықтай, қапқатты, толық. Сүгіrbайдың бойы балқып, денесі шымырлады. Көзі қарауытып, санасты құңғірттеп, толки берді. Сүгіrbай елтіген бойы қызды құшып жібермеді. Алмадай жұп-жұмыр кеудесіне бетін тақады. Қыз исіне құмарта аймалады.

Бикен сақылдап күліп, Сүгіrbай құшағынан босауга әрекет жасады. Ол босатпады...

— Ағатай, ғафу етіңіз, мұныңыз не?

Сүгірбай сақалының түгін қыз бетіне тақап, әурелей берді.

— Қолыма түстің бе? Енді жібермеймін... Ақы бересің бе?

— Тілегеніңізді алыңыз?

— Шың ба?

— Шың. Ағатайна қимаған жиеніңің жаны құрсын.

— Садағаң кетейін, Бикешжан. Қазақтан ақылды қыз туса, соның бірі сен бе деп ем. Дұрыс жорыған екем.

Қыз есікті ашып, ауызғы үйден саңлау кіргізді. Бөлме жарықтана бастады. Бикен айна алдына барып таранып, ұйпаланған шашын түзеді.

— Бикешжан, не жаңалық естідің? Менің құлағым сенсің!

— Какеновты көрдім. Абақтыдан шығыпты. Шыққана на бір жұма!

— О неге мұнда келмей жүр!

— Сіздің қайда екеніңізді білмеген ғой. Өзі есекіреп қалған ба дедім. — Бикен рояльдың қасына кеп, қақпагын ашты.

— Оны қайдан сездің?

— Кібіжіктеп, аржағында бірдеме түрғандай, менімен сейлесе алмады... «Ағымға ере білу керек» деп бірдемені қоңырсытты. Түсінбедім. — Бикен бір-екі нота алды: тата...

— Бикенжан, қоя тұр осыңды. Шулатпашы! Біреу келіп қап жүрер...

Бикен тағы құлді — қорыққанда қос көрінеді.

— Зәкір жайында не дейді? Өз көзімен көргені анық па екен? — Сүгірбайдың даусы дірілдеп, Зәкірдің атын атауға қорыққандай, сыйырлап сейледі. Бикен де арқасында құмырсқа жыбырлағандай түршігіп, қабағын шытты. Қараңғыға көзі үйренген Сүгірбай, қыз мұрныңың желбезегі кірбің еткеніне дейін байқап қалды.

— Жездемнің өлімін өз көзімен көрмесе керек... Естідім дейді...

Кәрденге абақтыдан хабар жеткізген соның өзі емес пе еді? Тегі Габдулла қызыға шынын айтпаған. Қызды аяп, рөнжіткісі келмеген ғой, Сүгірбай ішінен жорыды да, қызыға дауысталап:

— Ыбрайымнан хабар бар ма? Елден кісі қатнасты ма? — деді Сүгірбай.

— Ыбыш жездемнен хабар жоқ... Елден де ешкім қатнаспай жатыр.

Сүгіrbай іштей Үбрайымға қызықты: «Кү тапал ендігі Шиңжаңда болар!»

— Бокин елге шығып кетіпті, әдейі іздел барған едім.

— Не дейді? Ол соққанда не жұмысың бар? — Сүгіrbай шошып қыз бетіне үңілді.

— Жездемді атқаны шын ба, соны сұрамақ ем.

— Соның саған не керегі бар? Отпен ойнап қайтесің, карағым. Заман болса қыын.

Бикен рояльдың пернесін тағы да басып-басып қалды. Құңғренген жүрек күйінің ыстық лебі ән сазына ара-ласты.

— Бикешжан, жаңағы уәдені орындаисың ба?

— О қандай уәде, нағашы?

— Ұмытып қалдың ба? Ой-ой, қыз жадына сенбе деу-ші еді орыстар.

— Е, жаңағы айтқаныңыз ба?.. Қалаңыз?

— Қаласам, есебін тауып мені қаладан шығарып жібер. Тек саған ғана сенем. Құдайым саған көрікті де, ақылды да біржола үйіп берді гой.

— Ағатай, мені асыра мақтамаңыз, қолымнан келмей қап жүрсе...

— Сөзімді бөлме. Мен саған еркекке артпаган қолқаны аратам.

— Ағажан, осынша сөзді қорғып қайтесіз. Менің қо-лымда тұрса,— аспандағы айды да алып берер едім сіз-ге! — Бикен салмақты пішінмен Сүгіrbайға бұрылды.

— Жарайды, ендігісін өзің біл: бір әйелдің айласы қы-рық есекке жүк болыпты, демей ме. — Енді Сүгіrbай күл-ді де, Бикеннің жіңішке, ұзын саусақтарын быртық қолы-мен қатты қысты.

— Ағатай, менің бір сұрағым бар, осы сіздер Тоқашпен неге өшсіздер?

Сүгіrbай: «асыра мақтап жібергем жоқ па?» дегендей аңырайып, қыз бетіне қарады. Бұл сөзде не астар бар?

Сүгіrbай Бикенді қасына отыргызып, жүрек түбінде жатқан сырды қопарды. Сүгіrbай Тоқашты қасынан біле-ді. Бір ел, бір қалада өскен адам әсте жақын келеді. Әуелгі кезде Сүгіrbай Тоқашқа аға ретінде ақыл айтып жүрді. Қызба, айтысқа жаны құмар; лепіріп сөз бермейді. Талай жиында ерекісіп, жанжал да шығарған. Сүгіrbай өз басы, мінезін сезген соң бойын аулақ сап, аралары сұысып кет-

кен, оны ол жақсы түсінеді. Қазір, Сүгіrbай екеуі өзеннің екі жақ жиегінде тұр. Арадағы судан өтіп, біріне-бірі бармайды да, қол да созбайды. Реті келсе — бірін-бірі жардан құлатып, суға батыруға тырысады...

— Бокиннің өмірі ұзақ... — деді Сүгіrbай сөзін түйіндей.

Бикен демін ішіне тартып, тына қалды:

— О не деген сөзіңіз?

— Кеңес өкіметі ұзақ жасамайды. Ал, Тоқаштың өмірі соған байланысты.

Бикеннің жүзі сұрланып, томсарып, аз отырды. Жіңішке қара қасы нәлдей иілді.

Сырттан біреу есік қақты. Бикен Сүгіrbайды кілттеп, қонақ үйге барды. Сүгіrbай демін ішіне тартып, есіктің тесігінен сығалады. Келген адамның өзінен бұрын үйге құрым етігі кірді. Бикенге жақын барды. Сүгіrbай қонақтың түрін әлі көре алмады, тесіктен қеудесі ғана көрінеді. Қонақ қолын сөзды.

— Бурнашев, сені қашып кетті деп еді ғой, — Бикен күлді, даусы құйқылжыған, көтерінкі.

Жігіт отырды. Сопақ бет, шегір көз — Сәлімгерей. Сүгіrbай салғаннан таныды. Бикенге ғашық жігіттің бірі осы. Анада сөз саптуынан сезген. Бикен суға тұс десе күмп беретіннің өзі. Сүгіrbайдың тілегін орындайтын осы болмаса иті еді?..

Сүгіrbай тағы құлағын тікті.

— Қашатын мен бе? — Ол сүқ қолымен қеудесін нұсқады.

— Енді кім? — Қыз тағы күлді. Құлкісі жанға тиетін мазақ, кекесін күлкі.

— Мен Тоқаштың басын кеспей, осы қаладан кетпеспін! — деді ол, тістеніп.

«Паң, мынау бір ер ғой!» — деді ішінен Сүгіrbай.

— Жалғыз басын саған беріп — ол ақымақ дейсің бе? —

Сүгіrbайдың аңғаруынша: қыз кекете сөйлеген тәрізді.

— Оны өмір көрсетер.

— Біреудің сыртынан кіжіну батырлық емес, Сәлімгерей. Қозіне айтып, тайталасып, өнерінді іске асыр, жігіт деп сені сонда айтады!

— Басын әкеліп сенің алдыңа салғанда — сонда көрерсің өнерді! — Бурнашев аяғын аяғының үстіне сап, қолындағы қамшысын үйірді.

«Пан! — Сүгірбай қозғалып орнында тұра алмады.
— Көпірме. Сәлімгерей, жөнінді біл! — Қыз сөзінде келемеж де, оспақ та бар — тілін шаншып алады.
— Құдер үз, totash! Оның көздегені сен емес...
— Ерекестірме! Мен тілесем — ертең осы үйде отырады!

«Пан! Не дейді мыналар!» — Сүгірбай екі көзін бірдей жыпықтатып, есіктен кейін шегінді. Әзілі қалай жаман? Енді бір сәт қызы сиқырлана құлді. Соңсоң қубір-қубір сөз басталды. Сүгірбайдың анық естігені бір-ақ ауыз сөз: «Бүгін тұнде!» деді Сәлімгерей. Кездесу ме, жоқ әлде... Бұл арасын Сүгірбай түсіне алмады.

VII

Кәрдениң сегіз бөлмелі үлкен үйінде он екі білтелі аспалы шамдар бүгін тағы жағылмады. Кондақ үйде сән жоқ — сұық, қаракөлеңке. Пешке от жағылмағалы бір жұма. Кәрдениң әйелі еліне, Шамалғанға кеткен. Шаруашылықты басқаратын да ешкім жоқ. Бикеннің қолы тимейді, ертелеі-кеш тамақ пісіреді, Ыбраіымның иесіз үйін күзетеді, бос уақытында алаш кеңсесіне барады — қала жастары бол құнде сауық-кешіне дайындалып, ән салады. Бикенге өмір өзгермеген сияқты.

Кәрден магазинде түнейді. Қала аласапыран, магазинде біреу-міреу тонап кетсе — миллионға тарта зат бар, босқа ысыран болғаны. Соңдықтан да соңғы уақытта Кәрден тым сақ.

Дөңгелек қара тақиясын маңдайына түсіре киіп, жеңіл камзолдың төс қалтасынан алтын сағаттың бауын салбыратып қою Кәрдениң әдеті, бұлай киінуді ол баяғыда Нижний қаласына жәрмеңкеге барғанда орыс саудагерлөрінен үйренген. Бүгін де сол желегей-желпі қалпында, қасында Какенов бар, үйіне оралды. Екеуінің де аяқ басысы пысық, қымылды тез, әлденеге күйінген тәрізді. Какеноңтың киімі де бұрынғыдан өзге — үстінде көнетоз шапан, басында жұқа киіз қалпақ. Бикен оны жақында көрсө де әзер таныды. Әкесі ұнатса да Бикен Ғабдулланы жақтырмайды. Осы мәселе бұл үш адам арасында көптен бері шешілмей келе жатқан жұмбақ. Айтушы — Какенов, шешуші — Бикен де, әкесі — төреші.

Соңғы кездे Какенов басқа бір тәсілге көшкен, көбіне

өзімсініп, Бикенге сырттан қамқорлық жасап, қорғағансып жүреді. Мұнысы Бикенге тағы ұнамады: «Бикен Габдуллаға тиетін болыпты» деп құрбылары осыдан кеп өсек таратса бастады. Бикен Габдуллаға «сырттан иемденуді қой» деп аузы барып айта алмады. Бірақ, Бикен де басқа бір тәсілге көшті. Кейде әдейі жігіттермен әзілдесіп, Габдуллаға көңіл де бөлмейтінді шыгарды. Ондағысы қыздың назарын аудару — бұл қыз жүрегін ерітудегі көптен бергі тәсілінің бірі.

— Жоғары шығыңыз! — деді Бикен сыпайы, майдадауыспен.

Қыздың әуенінде жұмсақ жүрісі, сұңғақ бойы, талдырмаш белі, қос бұрым ұзын қара шашы Ғабдулланың жүрегіне оттай басылды.

Қыз ырғала басып ас үйге кетті де, әкесі қыздың бөлмесіне кірді.

Бұныны босап тұрып қалған Какенов өзіне өзі ренжіді: әрдайым осы, қызды көрсе, әшейінде батылдығы жоғалады. Кірпі сияқты жиырылып аузына жөнді сөз де түспейді. Элде бұл қыздың сиқыры бар ма? Әйтеуір шалғай жатқан бір дүние. Шынында осы қыздың басқа қыздардан несі артық? Шашы ұзын, ақылы қысқа әйел емес пе! Көрек десе Какеновке атқосшысы болып жүрген Бурнашевқа татымады ма? Габдулла осы бір ойға булығып түрғанда, қатарғы бөлмеден Кәрден мен Сүгіrbай шықты. «Мәссаған, безгелдек! Мына кісі қайдан жүр!» — деді Какенов ішінен, сыйнан серігіп. Қарсы жүрлі. Колын алды.

Сүгіrbайда баяғы паңдық жоқ. Құбжеңдеп:

— Пан, сені де көретін күн болады еken fой! — деді ол.

Қыз әсерінің шырмауынан босанған Какенов, екілене сөйлеп кетті.

— Адам өмірі, маған, жілкө тағып, аспаннан салбыра тып түрган өрмекші тәрізді. Тиіп кетсең болғаны — үзіліп түседі... Бұл бір қызық. Бұрынғылар тегін айтпаган ба дейім: «Тірлік деген әурешілік» деп... Тап кеше біреудің қодалы өмірімнің өрмегін үзіп жібере жаздады...

— Сен осы ауысқаннан саусың ба? — деді қарқылдай күліп Сұгіrbай, өзінің қайда отырғанын уақытша ұмытып.

— Мүмкін,— Габдулла басын изеді.

— Ауыспаса да соған жақын! — Кәрден күліп, Сұгіrbайдың сөзін мақұлдады.— сен естіген жоқсың, Тілеке, бұл мықтының өзі большевик болған көрінеді.

— Койшы? Бәсө, шатып отырғаны сол ғой! Онда бетіңен жарылқасын. Сөз сенікі!

— Аспан төңкеріліп жерге түсті. Дүние быт-шыт. Үміт үзілді, сенім жоғалды. Көз қарайды. Осы кезде бір адам қолын созды. Соған мен де жармастым. — Габдулла бейнелей сөйлемді.

— Осы сен офицер емес, ақын ба деп қалдым-ау! — Кәрден кеңкілдеп, бар денесімен күлді. Ауыр денесі іркілдеп, желіп келе жатқан ат үстіндегі адамдай қопаң-қопаң етеді.

— Габдулланың мінезі Алатаудың басындағы бұл емес пе? Білмейсіз бе, Кәрден?— деді Сұгіrbай қабағын шытып.— Бәлсінбей айтсайшы, жақсылығың бар ма, жоқ па?

Бикен кіріп стол үстін жинап, тамақ әзірлей бастады.

Какенов қызға көз қызығын бір төңкеріп еді: Бикен томсырайып, әлденеге реніш білдіргендей.

— О, үстінен түйе жүрсе де мызғымайтын Тілекеңің терісі жұқарылты ғой, бұ да қыспақтың зардабы! — Габдулла күлді де қала оқиғаларына ауысты. Әңгіме енді кең арнаға түсті.

— Мен өзімізге риза емеспін,— деп бастады сөзін Габдулла.— қоðдан іс келмейтіні бар — орыстар айтқандағын, «шарбақ құрып не керек?» Бір жыл бойы әлектеніп, құрған өкіметті большевиктер бір-ақ түнде талқанын шығарды... — Габдулла ашынғанда шақар да, шешен де, оны Сұгіrbай сезгендей құлімсірей тыңдайды.

— Ревкомның жауапты хатшылығына Бокинды сайлаган. Бар өкімет соның қолында. Іздегенге сұраған. Енді ол ондыраш ма?

— Жайнақовқа бұрын да тісін қайрап жүруші еді, енді қолына жарық алып түскен... Мұндағы туыстары болмаса, Ыбекене не етпек? Қытай кеткен адамға не істейді,— деді ызалы Сұгіrbай.

Буы бұрқыраған бір тегене мантыны Бикен столға қойды. Сырлы ожаумен Кәрден әрқайсысының алдында түрған тарелкаларға салды. Қызыл бұрыш салған шыныны

Сүгірбай өз алдына жылжытты... Бикен де майыса келіп, стол шетіне отырды.

— Я, сөзінді бөлме! — деді ынтық болған Сүгірбай.

— Сізді де сұрап қояды дейді!

— Айттым ғой, ол тұрғанда бізге күн жоқ деп. Осы төңіректе оны жақтыратын пенде болмас. — Сүгірбай қарны ашқаның ұмытып та кетті. Алдында сұып манты тұр.

— Неге болмасын, ағатай, бар,— деді Бикен сыйзылып.

Какенов қасықты аузына апара берген күйінде аңырайып тұрып қалды. Кәрден қызына бұрылып, ала көзімен қарады. Сүгірбайды біреу инемен сұғып алғандай селк етті, бірақ тез есін жинап мырс-мырс күлді.

— Бикежан әдейі айтады. Сөзінді бөлме!

— Кеше алаш кеңесінің атынан қарсылық білдіріп, ревкомға қағаз түсірдік.

— Е, бұл бір тірлік екен! — Сүгірбай қомданып жинақы отырды.

— Ол өзі көрінбейді. Елге кетіпті. Қазір ел іші аштық, халық қырылып жатса керек.

— Болсын. Большевиктерден жақсылық күтетін немелер ғой! — Кәрден быртық қолымен бір мантыны аузына жұмырлап тыға салды.

— Е, соңсын?

Какенов әрі асықлады, мантысын жеп, Бикенге көз қиынын тағы таstadtы: қыз бұлардың сөзін тыңдамаған тәрізді. Жүзінде қапалы ойдың ізі сезіледі.

— Е, тағы?

— Ревкомда отырганның бәрі сол неменің ығайы мен сығайы. Не деуші еді? Мұнда дұрыс бір адам бар. Элі жөнді танысып болғам жоқ. Анада, менің абақтыдан шығуыма да себепші болған сол. Кеше қызметке де орналас дед жабысты.

— Орналасу керек, несі бар?.. Менің енді Жетісуға қашан қайтатыным белгісіз. Боқының ұлы тұрғанда екіталаї. Сен қал! Бірге істес. Менің ақылым сол. Алашты құлатпа!... Біздің өмір соған байланысты! — Сүгірбай ұзақ сөйледі, бар ақылын айтты.

Сырттан сықыр естілді, біреу қақпа ашқан тәрізді. Сүгірбай сөзін тоқтатып, тына қалды. Бәрі де құлақ тұрді.

— Шықшы, Бике! Білші! — деді экесі тықырышып.

Осы кездे сау етіп, бір топ адам үйге кірді. Сүгірбай сескеніп, артымен өзі жатқан бөлмені ашты. Кәрден орнынан тұра алмай қалды, ауыр денесі икемге көнбеді. Топ ал-

дында Бурнашев, оның соңында — бір көзінің ағы бар қара-бұжыр. Ең артта қалып, есік жапқан Бикен болды.

Какенов Бурнашевты көріп, күліп жіберді. Ресінен қанжүгірді. Яшайло тізерлеп, иіле келіп Кәрденнің қолын алды.

— Э, Исмаил! Қашан қайттың? — деді Кәрдең бәсең дауыспен. Бірақ, Какеновтың бір құлағы соларда болды.

— Кеше.

— Ия, ол жақтан қандай хабар әкелдің?

— Бұл қайда барып еді? — деді Сүгіrbай Какеновке. Ол Сүгіrbайдың құлағына сыйырлап:

— Контрабандист... Жақында Қытайдан оралды. Ыбекенді шығарып сап келген осы болса керек! — деді.

Яшайло мен Кәрден сыйырга көшті.

— Ыбырайым аман ба?

— Бәріңе сәлем айтты... Кейін! — деп Яшайло жақтырмай тойтарып тастады Кәрденді.

— Бірдеме өткізе алдың ба? — деді тағы да Кәрден.

— Шамалап.

— Не? Апиын ба?

Дұнған жауап орында көзін жұмып, ернін тістеді. Оны Какенов байқап қалды. Бұлардың әңгімесін Сәлімгерей бөлді.

— Манағы уәде бойынша мына малғұнды әкелдім, — деді Сәлімгерей Яшайлоны нұсқап. — Мұның білмейтіні бит, жер астында, Сүгіrbай ағайды қапқа салып, арқалап, қала сыртындағы үйінді төгетін ұраға апарып тастайды.

Бурнашев сылқ-сылқ құлді. Бикен де еріксіз жымиды.

— Қаладан шын шығарып жібере ала ма? — деді қуанған Сүгіrbай.

Бурнашев жалынды көзін қыздан айырмай:

— Бикеннің сөзі маган патша әмірімен бірдей, Яшайло шығарады, мен оған істеткізем, менің тілімді алмаса, алтынның тілін алады! — деп Сәлімгерей тағы Бикенге қарады.

VIII

Кәрден тәңкерістің алғашқы күндерінде жөнді маңыз бермей: «Ертең-бұрсігүні Ұақытша үкімет қайта орнар!» деп өзін-өзі уататын. Міне табандатқан бір ай ешбір өзгерістің лебі білінбейді. Кәрден абыржы бастады. Әсіресе, анада түнде ұстап алып, қинағаны-ақ жанына батты. Жұ-

ретінегіп жарылмай қалды екен!.. Сондай бір түні жалғыз оқ жалынсын. Ол ол ма? Соңғы күнде тағы бір лақап тарады. Тоқаш байлардың малын тартып ап, кешегі ереуіл шығарған қазақтарға, өзінің серіктегіне таратып беремек деседі. Бұл сұық хабар Кәрдениң Сартауқұмдағы қара мақпал жылқыларын, таудағы қойларын, қоймадағы мatalарын есіне түсірді.

Кәрден жатпай-тұрмай қам жасады. Елге әйеліне хабар жіберді: «жылқыны үйір-үйір гып бөліп құм арасына бақсын. Сонау Балқашқа қарай айдан кетсін» деді. Жер астында, қоймада жатқан асыл мatalардың да көзін құртпақ болды. Сүгіrbайды қашырып келген Ислам Яшайлолға салмақ салды. Соның артынан үш күннен кейін, Кәрденді дірдектетіп тергеу комиссиясына алыш барды. Үйінің іші білмей де қалды. Магазиннен ұстап әкетті. Жаман айтпақ болды. Сүгіrbайды қашырып келген Ислам Яшайлол алмайды-әу! Ұзын дәліздің іші қапа, ауасы тым тар. Қолқаны атқан бір сасық иіс.

Мылтық асынған солдат Кәрдениң желкесінен нұқып итеріп қалды, Кәрден табалдырықтан сүріне аттады. Ия, тәуекел, жолы болады екен... Көңлі орнына түскендей, үмітпен басын көтерді. Қарсы алдында тесірейген біреу. Түсі қалай сұық — көзі өнменінен өтеді.

Кәрден ішінен аллаға сыйынып, бір басып, екі басып, жылан арбаған қояндай, стол қасына зорға жақындалды. Тергеуші қолын созып, дәүіттің қасында жатқан қalamды көтерді. Кәрден де сол созылған жаққа көзін аударды, қalam жанында алты атар жатыр.

Жүргі су ете түсті. Алла! Өмір шынымен біткені ме?

Тергеуші Кәрдениң аты-жөнін қағазға түсірді. Қайтақайта сұрап, асықпай жазды. Бармағы қандай ұста, нәзік, нағыз қalamға икемделген қол. Кәрдениң сезімі бойынша әрілтері де торғайдың құмға түскен ізі сияқты. Осы бала жігітті Кәрден бұрын бір жерде көргені бар, бірақ есіне түсіре алмады.

— Сіз Ислам Яшайлол деген дүңғанды білесіз бе? — тергеушінің дауысы Кәрденге шеркеудің азандағы қоңырауындағы дүңк-дүңк етіп алыстан естілді. Жүргі аттай тулаап, бар күшін жинаады.

— Жоқ!

— Неге білмейсіз? Ол сіздің үйден шықпайды.

— Қайсы бірін біле берейін, шырағым. Біздің үйге жастар көп келеді.

— Сіз мені білесіз бе? — Кәрден бұрын көрген сияқты. Есіне түсіре алмады.

— Шырамытам. Бірақ...

— Осы қаланың баласымын. Ана Ыстық-көл көшесінде тұратын Сүлейменді білмеуші ме едіңіз?

— Білгенде қандай. Шек-қарнымыз араласқан тамыр да болғамыз.

— Экем Кәрден бай ақымды жеп кетті деп зар жылайтын!.. Қайдам.

— Астағыпраалла! — Кәрден жағасын ұстады. — Марқұм қате айтқан болар.

— Экем әлі өлген жоқ, тірі!

Кәрдениң құлағына дейін қызарды. Аңдамай сөйлегеніне қапы жеді.

Тергеушінің жұмсара бастаған бет-әлпеті тағы да қатулынып, қабағын түйді. Кәрден күбірлеп құдайға сыйынып, демін ішіне тартты. Аяғы да талды. Бұл хайуан отырығызбаушы ма еді? Жә, Кәрден онша неге үрейленеді! Не қылмыс жасапты. Жазғаны бай болғаны. Байлық қылмыс па екен?

Кәрден сылқ етіп бос орындыққа отыра кетті. Жақыпбек адырайып қарады да, тағы тұқырайып жаза бастады. Ерніндегі мысқыл тарқамады.

— Сонымен Яшайлоны білмейсіз бе?

— Жоқ!

— Қазір Яшайлоны шақырып әкеп мойныңызға салсаң қайтесіз?

Кәрдениң жүрегі үзіліп төмен тұскен тәрізді болды. Маңдайынан шып-шып суық тер шығып, көзін жыпылықтата берді.

Жақыпбек те көзін алмайды. Кәрдениң бет құбылысынан жасырын сырын оқығысы келеді.

Кәрден зорға дегенде, күшенип:

— Сала алмайды! — деді де іштей Яшайлого лагнат айтты. «Құрыдым. Оңбаган дүңған түбіме жеткен екен!»

Жақыпбек есікті ашып, солдатқа тұтқынды алдырды. Яшайлө бүқадай тұқырайып, алшаң-алшаң басып кірді де, кабинеттің тап ортасында тұрып қалды. Сүзе қарайды. Сақалы өскен. Жүдеген.

Яшайлоның мұліктен айрылып, рәсуса қылғанына Кәрден енді түсінді. Пәле келсе жалғыз келмейді, ала келеді. Сол апшысы қуырылған заман. Жар құлағы жастыққа ти-

мей, түнде үйқы, күндіз күлкі көрмей жинаған дәулеті бір күнде ысырап болды... Кәрден басын қолымен сүйеп отырып қалды.

— Мына кісіні білесің бе? — деді тергеуші Яшайлоға.

Кәрден тістеніп, қолын қатты жұмдыш.

— Білем.

Кәрденнің алақаны тершіп қоя берді. Құртты-ау мына топас!

— Қайдан білесің?

— Магазин иесі.

— Үйіне бардың ба?

Кәрден сұп-сұр, жүзін Яшайлоға аударды. Ол тұқыра-йып жер сүзеді. Ең болмаса бір қарамайды-ау ым жасайтын.

— Бардың!

О, алла! Кәрден аяғының басына қарады. Жұмсақ ше-гірен мәсінің тұмсығы дір-дір етеді.

— Неге бардың?

— Қызына!

Бәсе, туа білмейді, жүре біледі. Қытаймен екі ортада бәлен жыл бойы жүргенде де айла керек болған шыгар... Кәрден «uh!» деп демін алды, жүрегі орнына түсті.

— Қызына барғанда әкесі көрмей ме екен?

— Әкесінің көзінше қызымен сөйлескенді қайдан көр-дің?

Жауабы мірдің оғындан — нысанана тура тиеді...

Жақыпбек сол бетінде Кәрденді үйіна қайырып жібер-ді де, Фальковскийге «Мата Яшайлоның өзінікі болды» деп қортынды жасады.

Фальковский Жақыпбектің пікірін мақұлдалап, ризашылығын білдірді. Бірақ Яшайлоны шахмат ойнындағы та-былған дойбы деп санады.

Келді кезек. Әрі созуға болмайды. Іле Какеновты алдырыды. Қолға қаршыға ғып ұстау үшін оның алдынан тор құрды.

— Уақыт қимылды тілейді. Кешендеу өліммен тең.

Ревкомның бұрынғы жандарм мекемесінің барлық қағаз, қатынастарын сұратып алдырганын айтты.

— Сенің атыңды іздеп жүргөн көрінеді. Кім екенін білесіз гой!

«Әрине, Бокин!» — деді ішінен Какенов, қуарып Фальковскийге жалына қарап.

— Мен дайын. Не айтсаңыз да көнem! — деді Кakenов ашынған, бел байлаған адамдай қатаң дауыспен.

— Мен майда-шүйде қағаздар болмаса өзің білетінді жіберткенім жоқ. Саспа! Бірақ қамсыз да болма...

Фальковский ой желісін бұзып, басқа ариға түсірді.

— Яшайлоны білесің бе?

— Эбден.

Фальковский қолындағы қаламмен столды тықылда-тып:

— О кім? — деді алақанында қардай еріген Кakenовке.

— Мылқау қару!

Фальковский қарқылдай күлді. Кakenов ұнады: қырағы, алыстан көреді.

Яшайлоны абақтыдан босатып, Қытайға қайта жіберді. Бұл жолы ол матаның ішіне тігіп Құлжадағы Россия консулы Любага хат әкетті.

Жақыпбек Яшайлоның шыққанын естігенде, қиқаңда-йын деп еді, туған-туыстары, көрші қазақтар тізерлеп оты-рып алды: мұсылманның баласы, жүре берсін! Кімнің егі-ніне түсіпті. Бәрі де күн көрістің әлегі деген сөз Жақып-бекке қамшы болып, туыстарынан аса алмады.

IX

Бірақ Габдулла сезіктеніп, осы қаладан кетуге біржола бекінді. Қорқыныш жыландаі бақайшағынан жүргегінің басына өрледі — сұп-сұық, денені түршіктіреді. Ата жауы көмүлі жатқан сырды алса — Жетісуда жер басып жүрудің өзі екіталай. Алдын ала қамтып бір байлауға келу керек. Кешегі Фальковский тұтқа болып, етегімен жауып, бүркеп алып қала ма? Әлде сырт беріп ауызды өзі бірге са-ла ма?

Кakenov қаладағы таныс қазақ, татар, үйғыр үйлерін аралап еттеп сыр тартты. Қазіргі күн көріс — тұлкі қуған тазыдай, ұстасаң — тоқсың, көз жазсаң — онда бұралқы иттей тіміскілеп қалған-құтқанды аңдисың... Кakenовтың бұл ашынған сөзі құба жүэдегі айғаймен бірдей жауапсыз қалды. Мақұлдан басын изегенімен, білек сыйбанып, қылы-шын кезеп соңынан еретін казақ табылмады. Қайсысы болсын Сүгіrbайдың жолшыбай Ташкенттен жіберген сә-лемін айта берді. «Ешқайда тарамаңдар. Кеңес өкіметінің күні санаулы» деген. Алтыбақан ала ауыз қазақ. Өсектен басқа қолынан не келуші еді... Қашу керек. Ең дұрыс

ақыл Сүгірбайдың жолын қуып, Ташкентке тарту. Бірақ Бикен көне ме? Какеновпен еріп кете ме?

Ғабдулла көше жақтағы сатылы есікті ашты. Дәлізде тұрып құлақ салды. Музыка даусы — біреу рояль ойнайды. Мақамы қандай қапалы! Какеновтың естімеген әні. Әүде болса, бұл Бикен. Какенов есікті жартылай ашты: болжағаныңдай Бикен рояль тартып отыр. Жұқа ақ көйлегінің етегі еденде жатыр. Құлаштай, ұзын қара шашы жыландаі иіріліп арқасына асылаған. Қыз құлағына күн сәулесі түскен — қып-қызыл. Ғабдулла ақырын басып қасына барды. Қыз байқаған жоқ. Ұзын жіңішке саусақтары рояль пернесінде бебеу қағады. Ән лебізі — майда, нәзік, жан тербейді.

Ғабдулла да біртіндеп елігіп қиялға шомды.

...Орман. Ертедегі көк күмбезді алтын сарай. Әне, баспалдақтан түсіп келе жатқан Бикен — нағыз қосетек, бұраң бел. Басында сәукеле бөрік, үкісі желп-желп етеді. Маржандай ақ тістерін ақсита күліп қолын созады... Ғабдулланың жүргегі лепіріп аңсап қарсы ұмтылды. Бас сап құшырлана сүйді. Бикен бұрылып ернін тосты — жартылай ашып, құмарлық білдірген тәрізді. Жалынды сыйырмен: «Тоқашжан!» деп шақырып жалынады. Бұл көз ашып жұмғандағы құбылыс, енді бір сәтте өтіп жүре берді. Ғайып болды. Екеуі де шындық өмірге қайта оралды. Алдымен есін жинаған Какенов: «Апырмай, Тоқаш деді ме?»— деді құбірлеп.

Бикен құшып тұрган адамды танып кеудесінен итермелеп, атып тұрды. Ұлken қара көзінде ашу, ернінде жиіркениш.

— Сізге не болған?

Какенов ентіге ұмтылып:

— Бикежан, маған сенсіз өмір қараңғы. Айт ақырғы сезінді!

— Отырыңыз! — деді зекіл қыз.

— Мені қорлама!

— Қызды көріп, ақылынан танып, есінен адасқан жігіт жігіт пе? — Бикен мысқыл тастады.

— Мен саған ақырғы рет келдім: ертең жүрем. Маған жауабынды бер.

Қыз енді келемеждеді:

— Мекеге жүріп кетпеңіз, офицер жолдас!

— Ташкент жүрем, бірге жетейік. Менің бақыттым сенде!

— Мен ешкайда бармаймын, сүйген жігітім бар.
— О кім!.. Тағы әлгі...
— Я, сол Тоқаш!
— Жоқ, жоқ. Сүймейсің! — Габдулла айғайлап жіберді. — Жалған сөз! Суюге қақың жоқ! — Сұп-сұр Kakенов тәніп ентелей берді. Қыз арбап күліп, кейін шегінді:
— Неге?
— Ол — ата жауың! Бүгін мені, ертең сені атады.
— Соның қолынан өлсем, арманым жоқ!
Какенов сылқ етіп отыра кетті. Сөз таусылды.
Бикен женілtek байдың ерке қызы. Көрсекқызыар. Эйтпесе Тоқаш теңі ме еді.
Габдулла осы Бикен үшін талай байдың, осы қаладағы саудагерлердің қызынан құр қалды. Габдуалиевтің Варшавадан оқып келген қызы анада біреу арқылы ниетін де білдірді. Адамзаттың перизаты — ақыл десең ақыл, көрік десең, көрік бар. Соны да осыған теңгермеді-ау Kakenov.
Какенов басын кенет көтеріп:
— Байқа, Бикеш! Бүгін өмірдің құны бір-ақ тиын. Не мен, не ол тұрады! — деді де, есікті бір қойып шығып кетті.

X

Жақыпбектің: «Березовский мойнына түскен арқаның бір үші Никольский шеркеуінен табылды» деген сөзі Пименге де жетті. Қауыптың төнгенін епископ енді сезді. Атаман Малышевтың үйінде: «Березовский діңсіз, құдайға қарсы, сондықтан шеркеу оған лағнат айтады» деп, бірінші ауызға сөз салған Пимен еді. Кім айта қойды екен? Сол отырғандардың біреуі қолға түсті ме екен?

Көзі ілінсе — шым-шытырық түс көріп, түні бойы қиналып шыққан епископ, таңертең зәресі үшып, жарты сағат Исаңың суреті алдында тізерлеп тілек тіледі. Одан тықырышып терезе алдына келді. Эне телеграф сымына қонған құс, жіпке тізген моншақтай,— қаз-қатар, бірінен-бірі асыра шырылдап, түрлі әнге басады.

Күн де ойнақы мінезбен сәулесін шүмектел құяды. Бныл көктем ерте түсті — ағаш бұтақтары көгеріп, шешек атты. Құдайдың күні қандай көңілді. Көшеде де шу — ойнап жүрген балалар даусы... Жоқ, балалар даусынан басқа ызғарлы бір үн келеді құлағына. Үн емес, ән.. Эн емес, өлім маршы.

Пимен қолымен жүргегін басты — қалай тулайды, аузынан шығып кетер ме екен.. Терезеге жабысты. Марш үні есін алып, бойын қалтыратты. Жақындап кеп қалды — элде өлім бе қойнын ашып келе жатқан. Жоқ, жоқ! Пимен шатасқан, бұл — елес...

Терезе алдынан қара жалау қөтерген лек-лек халық өте бастады. Музықа бұрынғыдан да қайғылы, қаралы күйді зарлатып, қүйқа тамырды шымырлатады. Дік-дік басқан мыңдаған аяқ, Пименнің үстінен жүріп, басып, езіп бара жатқандай; міне бір қисықтабан күректей етік тұра кеп бастан тепті. Пимен селк етіп, кейін шегінді.

Бұл — елес. Епископ ауырған екен. Шу қүшәйіп, үйдің қабырғасы дірілдейді. Құрғырлар Пимен үйін быт-шыт қып, бұзып кетер ме екен, екпіні қалай ызғарлы...

Пимен өзіне-өзі сенбей тағы үңілді терезеден. Мойнына венок салған бір топ адамның артынан табыт қөтерген адамдар, табыт сснында еңіреп бара жатқан эйелдер. Табыт қалай үлкен. Қара шүберекпен көмкерген қызыл мәуіт жапқан. Ақ бояумен қайтыс болған адамның ат-жөнін жазған. Епископ тесіле қарады — алыстан айыра алмады... Екінші табытты тағы да алып шықты... Кімдер екен?.. Музыка бәсеңдеп, тынды.

— Жасасын Совет өкіметі!

— Березовский өлген жоқ!

— Жоғалсын қара ниет құзғындар, ақ генерал, алдамыш поптар! — деген дауыс бүкіл қаланы басына қөтерді. Жүздерінде — ызғар, үнінде — қайғы, жоқтау.

Пименнің көзі қарауытып, басы айналып, терезе жақтауына сүйеніп, тұрып қалды. «Алдамыш поптар» деп бүйіра шаш тұра Пименнің терезесіне қарады. «О, тәңірім, өзің кешіре гөр!» — епископ шоқынып, мен-зен, тұра берді, тұра берді.

Березовскийдің сүйегін тапқан Жерлемек... Сол түні Фальковский Пименді тағы қорқытты. Кенет жауапқа алдырыды. Ревкомда: «Березовскийді өлтірген жауды тап» деп Валентин Робертовичке үш күн мерзім берген. Жақыпбектің қолындағы істе Пимен жайында бір мәлімет бар екен, онда атаман Малышевпен бірге қолын қанға бояған осы Пимен депті.

Ол ол ма. Қабыр басында бірталай ишара сөздер айтылған. Пимен: «кім не деді» тегіс білгісі келсе де, Фальковский бәрін айтып үлгіре алмады.

Қабыр басында достары кезек-кезек сөйлеп, жылап та алған. Әсіресе, күңірене сөйлеп, өкіре жылаған Еремин мен Бокин.

Ереминді епископтың естуі керек. Ертеден жер ауып Верный келген, Рафиқ бағының бақшашы — агрономы. Атаман абақтыға салып қойған еді, партизандар ұрлап тауға алып кеткен. Төңкеріс күндері түнде сол мәжілістен қайтып келе жатқанда, біреу оқ атқан көрінеді, қолы таңулы қалпында қабыр басына барса керек. «Березовский Жетісу халқының бақыты үшін өмірін сарп еткен, тайсалмай зұлымдықпен құрескен адал ұлы еді. Қабыры торқа болсын!...» деп еңкілдеп жылап, көзін басады. Жиылған халық қосыла жылайды. Ереминнен кейін Бокин сөйледі. Бұл екілене, жұдырығын түйіп, кекті сөз тастайды. «Александрың өміріне қастық жасаған сүмдар, біздің арамызда жүруи мүмкін қазір, ізін жасырып, тап осы қабір басына келіп тұрған болар... Жоқ, бізді нанғыш ашық ауыз деп ойламасын! Білеміз Березовскийді кім өлтіргенің бай, поп, атамандар!» деп, атын атамаса да ишара жасайды. Мұның сөзін қоштал, біреулер айғайлап та жібереді: «Құрту керек қас жауларды!..»

— Сізді әдейі алдырыдым: былайры жұрттан жауап алдым, өзара сыр айттым. — Фальковский мұрнын шүйірді. Ал, сізге шеркеуге мен барсам ала бөтен көзге түспейім бе? Түсінесіз ғой. — Фальковский есікті мықтан жауып кеп тағы да сыйырлады: — мен істі әлімнен келгенише созам. Ендігісін өзіңіз білесіз.

— Ұлым, сонда не іstemекпін. Рясамның етегін түріп ап, ойдан ойға, қырдан қырға қашам ба?

— Қашу — жол тапқандық емес, әулие-ата, ол әркімнің қолынан-ақ келеді... Не бітіріп жатырсыздар? Хорунжий Сотников қайда? — деп Фальковский сөзден іске көшті.

— Хорунжий өткен түні келіп кетті. Атаман Анненковты күтеміз бе, жоқ, бастай береміз бе дейді. Мен оған жауап бере алмадым! — деді Пимен ашылып.

— Тоспайық... Қайта атаманиң келуіне жол ашайық. Ол үшін: бізге бөгет жасайтын адамдар бар. Олардың сөзінде салмақ, өзінде атақ бар. Алдымен соларды тиісті же ріне қондырған жөн... Маған үш күн мұрсат беріңіз... Содан кейін «аттан!» деген бүйректы мен берейін! — Фальковский ақырғы сөздерін сыйырлап, ернімен айтты.

— Хүп, балам!

Жақыпбек оқыс кіріп келді. Фальковский түсін сұтының
қатаң дауыспен Пименге:

— Ешқайда кетпеуге қол хат бересіз ғой? — деді.

— Ұлым, қарт адам қайда кетуші еді...

Фальковский Жақыпбекке мойнын бұрып, қолын созды — әкелген қағазына қол қойып тезірек шығарып жібермек.

Жақыпбек бір сөзді саусағымен нұқып:

— Мына бір кісінің аты... Бүгінгі... — еңкейіп сыйырлады ол,— мәліметте пайда болды.

Пимен саққұлақ, Фальковскийдің ернін жыбырлатып сыйырмен айтқан: «Кақенов» деген сөзін естіп те қойды.

Фальковский үнсіз басын изеді де, қоңырау соқты, коридорда отырған құзетші солдатқа: «Пименді шығарып жібер!» деді де, Жақыпбекпен оңаша қалды.

Фальковский Жақыпбектен неге сескеніп, қымсынатынын өзі де түсінбейді. О да әдейі Фальковскийдің жанын қытықтап қайдағы жоқты тауып, жылтыңдап келе береді. Кақеновтың да ізін кескен. Енді бір шамада — Фальковскийді қақпанына түсірер бұл... Әлде Кақенов сақтанбай, егес-қиясқа түсіп, өзін сездіріп алды ма...

Кақеновпен ойда жоқта, ревкомда кездесіп қап, көшеге бірге шықты. Рафиқ паркін кесіп өтіп бара жатып, атусті бір-екі ауыз сөзге келді.

— Сұлейменовты, сені қайдан біледі?

— Түс таныс... Бокин құлағына құйып жүрген де!.. Сіз байқаңыз: ол Бокиннің қол шоқпары.

— Бокиннің не істеп, не қойып жүргенін біліп беретін қолайлы адам бар ма?

Кақенов аз кідірді, жадында қалған танысты іздегендей:

— Бар, Махмут!

— О кім?

— Атаман Малышевтың көшірі. Бокин жолдастың қайнағасы. Үйғыр.

— Атаман... Бокин... Мұнда бір сыр бар екен.

Парк қақласына жақындағанда Фальковский әңгіме арнасын кенет бұрды. Жақыпбектің Кақенов жайындағы өзөурей айтқан сөзін есіне түсірді.

— Онда Бокинді нысанадан шығарма! Төбесінен жай түсіретін. — Фальковский ымдаған сөзінің аяғын бейнелеп бітірді. — Табу керек. Білдің бе?

— Эрине. Қош!

Екеуі екі айрылды...

Фальковский кеңесіне келісімен Махмутты алдырды. Махмут төңкерісті онша қуана қарсы алмады. Меңзеп, болашаққа көз жіберді — жұлдызы оңынан туып түр ма? Атаманмен дәмдес боп, жерден алтын тапты, байыды. Артынан атаман қырғи қабақ болған соң, Тоқашін бұрынғы достығын сезіп қала ма дегендей, Махмут қуыстанып, Березовскийді... Жә, ол жайында Махмут өкінбейді, мұсылман қанын төкпесе болғаны, құдай өзі кешірер... Кәкін жасырған мысықтай, со күні Березовский өлімін Тоқашқа жеткізіп, атаманды сатты. «Сатты» деген сөзді Махмут жек көреді. Тоқаштан ол үшін ақы алған жоқ қой, осындай қыршақты сөздер ауызға қайдан ілінеді еken. Сонда Махмут сол Тоқашқа жеткізген хабарымен кінесін ақтай ала ма? Алға алмаған күнде жаңа үкімет алдында қылмысты боп табылмай ма?.. Ол қылмысты кім біледі? Загаруля еді, оны партизандар атып тастаған. Атаман болса қашып, Қытай етіп кетті. Енді кім бар?..

Ой жібін осылай түйіп, көңліне медеу тауып, срныға бастағанда тергеу комиссиясынан екі кісі кеп, түн ішінде діректетіп алды да барды. Балтамен долбарлап шапқан сырғауылдай үзын орыс тіксініп, зәрін төгеді... Келгелі әлі бір ауыз сөз қатқан жоқ. Үнсіз арбаң, айбат шегеді. Махмут сңай қолға түспес. Баяғыда кіре айдал Бұкарға барғанда, Әмірдің жәндеттері тырнағының көбесіне ине жүгірткен: «Стамбулдан әкеле жатқан апиыныңды бер, әйтпесе, су түбіне жібереміз» деп те қинаған. Оған да шыдаған. Махмутты өшіктіре берсе, бір күнде тауға кетіп, бүкіл Жаркент үй-ғырларын маңына жинар.

— Сізде алтын көп... Өкіметке тапсырыңыз! — деді аздан соң Фальковский қаламымен столды тықылдатып.

Жеткізген еken біреу. Жұқа жерден ұстады. Махмут баын шайқады.

— Алтын байларда... Мен бай емес.

Фальковский қарқ-қарт күлді.

— Мен бала емес, «кішіт-кішіт» деп, қолды шошайтса алданып, мәз болатын. Міне, көрдіңіз бе, күректей тісім бар, әлдеқашан шыққан... Сізде қанша алтын бар екенін де білем.

Ол алтының жатқан жерін, адам түгіл сайтан да таба алmas. Оспақтай бер.

— Сенбесеңіз, тінтіңіз!

— Сөзді доғарыңыз! — Фальковский столды алақаны-

мен салып-салып қалды. — Өкіметке алтын керек. Бермесеніз — жаусыз. Атамыз!

— Ақтығына жетпей ата берсеңіз қалада кісі қалмас. Біздің күткен үкіметіміз ссы ма еді! — Махмут монтанысып, жыптылқтап, бір жағы жалынышты дауыспен жауап қайтарды. Мә, алтын деп, қартайғанда, алланың өзі әкеп, алақанына салған дәулетті бере қсімас Махмут! Алтын үшін жанын құрбан қылуға дайын!

Фальковский түсін өзгертіп, баяу, жылы дауыспен:

— Махмут!.. Сіз ержүрек, адал адамсыз. Кедей болғанызы да мәлім. Сіздің одан да басқа қылмысыңызды аштык.

Махмуттың отырған жері ойылын төмен түсіп бара жатқандай басы айналып, құлағы шыңылдады. Құрыды. «Березовскийдің үстәп бергенін ашқан ба?»

— Айтыңыз, тақсыр, қылмысым болса.

Фальковский тыжырынып:

— Мен «тақсыр» емеспін... Қай мекемеде отырғаныңызды білесіз бе?

— Кешіріңі... жаңылып... Жолдас начальник! Мен жайында Бокиннен, Тоқаш Бокиннен сұраңыз. Ол жақсы біледі. Большевиктерге көмек бергем!..

Фальковскийдің бет-пішіні қызығылт тартып, іздегенін тапқан адамдай көңілдене сұрады:

— Боскин дейісіз бе?

— Я, Тоқаш Боскин — көміссар, ревком мүшесі. Білесізғой?

— Білгендегі қандай!.. Онымен жақсы жолдассыз ба?

— Туыспыз, сның жолдасы, ағайыны Құрышпай менің қарындасымды алыш отыр.

— Жақсы... Онда біз сіздің күнәңізді кешейік, алтынды да өз жаныңызға қалдырайық. Сіз бізге жәрдем беріп, қызмет көрсетіңіз. Революцияның жауы көп... Олардың бәрін искатау керек!

— Қолдан келсе — аянбайын!

— Қолыңдан келеді... қалада кім не істеп, не қойды соның бәрін бізге жеткізіп отыр. Әсіресе, байлар, сқығандар скімет жайында не сөйлең, не қойып жүр...

— Болады. Бұл қолдан келеді.

— Және де, сізге бір адамды тапсырамыз. Соның не істеп, не сейлегенін бақылап, табжылтпай жеткізіңіз...

— Болады... Кім ол?

— Тоқаш Бокин.

— Бокин? — Махмут селк етіп, басын көтерді. — Бокин комиссар ғой? Большевик!

— Бізге бәрібір. Бүгін комиссар, ертең жау. Кімді кім біліп жатыр... Аласапыран! Мүмкін ол ақ адам болар — сынап көз жеткізу керек қой!

— Әлбette!..

— Ендеше, мына бір қолхатқа қол қойып жіберіңіз! — Фальковский столының тартпасынан тіліктей қағазды сұрып ап, Махмутқа ұсынды.

Күн бұрын жазып, дайындақ қойған ба шіркін...

«... Құпия сырды шашпасқа қолхат берем» Махмут шімірікпей, арапша иректеп қолын қойды. Фальковский қолхатты қайтадан стол тартпасына сап, кілтін жапты да, түркіяпты орныға, салмақтана сөзге кірісті.

Тоқаш жайында қадағалай сұрады. Абақтыдан босандан соң қандай бағыт ұстады, кіммен байланысты? Әлде Жайнақовпен екеуінің арасындағы араздық қиқарлық па? Іштей шек-қарыны аралас дос та болуы мүмкін... Тағы да бір өсек: Бокин Эрмиш деген неміс үйінде түрған көрінеді. Ол неміс кім?.. Германиямен байланысы жоқ па еken?..

Тұн ортасы ауа Фальковский Махмутты үйіне дейін өзі шығарып салды.

XI

Махмут ревкомға Тоқашты іздеп барды. Шаңқай тұс. Мекеменің алды толған халық. Әрбір ағаш түбінде байланған ат, дөгарылған арба. Үйірілген топ-топ ел қазақтары шарта жүгінген, көшеде сылдырап аққан арық сұымен беттерін жуып, кепкен ауыздарын шаяды. Махмут қастарынан өте беріп, орталарында отырған Кәкеновты таныды. Ол шарадай құндыз бөріктінің ұсынған күміс шақшасын алғып алақанына насыбай сап жатыр еken. Махмут сөзінің аяғын ғана естіді. «Бұл рас болса, шоқынды деңіз!..» Кім жайында еken? Азғырып отыр соққан!.. Махмут бұларға соқпай, кенет бұрылды. Кәкенов аңғарып қап, соңынан айғай салды: — Маха!

Екеуі оңашалау шығып, мұң шертісті. Сөзді бірінші қозғаған Габдулла болды. Мына отырған сорлы қазақтар Іле, Талғар болыстарынан ревкомға арыз әкелгендер. Бәрі де Бокының ұлынан жәбір шеккендер. Бірін ұрып, біреуінің көзін шығарып, басын жарған. Екі ауыз сөзге келмesten,

қамшының астына алады екен. «Неге?» — деп сұрасаң, пәлеке қалғаны. Тыр жалаңаш шешіндіріп, жұрт алдында абыройын төгіп, тұрғызып қояды дейді... Бұл не заман? Бостандықтан қазақ халқының күткені осы ма?..

Махмут сөнбеді. Какенов тым сөзуар. Бокин ел қамын жеген азамат. Мына отырғандар біреудің айтақтаған иті болуы да ғажап емес. Сөзінде пәтуа жоқ, тіл сұқ, өмірде шәждеге басы тимеген, таһарат сындырмаған ел қазағына сену де қиын. Шұба келтірген Махмұттың сөзіне Какенов өкпелеп қалды. Томсарып, аз мұдірді де бұрынғысынан да өзеүреп, Тоқаштың жер-жебіріне жете тілдеді.

Какенов Боскинмен замандас, қатар есті, жақсы біледі. Ол — шоқынды! Эне бір отырған құндыз бөрікті қазақты өлімші ғып ұрган, денесі көк ала қойдай. Бар жазығы: «сен кім?» дегендеге, «мен сот едім» депті. Сонда шап беріп: «мә, саған сот!» деп қамшының астына алған...

— Алаш комитеті құлаған жоқ па? — деді Махмут Какеновтың сөзін бөліп.

— Құлағаны несі? Қазақ халқының мұддесін кім қорға-мақ? Бокин бе?

— Ондай шымбайыңа батса, сол комитетке сай... бірде-ме демейсің бе, даңғылым?

— Деуге кеп тұрмыз.

— Онда не тұрыс?..

Ревком Губернатор көшесінің бұрышындағы бөренелі ағаш үйде. Қірпіш сатымен жоғары көтеріліп, екеуі тар сенекке кірді. Қарсы есіктің маңдайшасында: «Жетісудың революциялық соғыс комитеті» деген жазу тұр. Какенов: «Әуелі сен кір!» дегендей, Махмұтты итермеледі. Махмұт кейін шегінді. Тоқаш айтатын. «Әкеңден бұрын дар арқанға басынды сұқпа!» деп, сол тәрізді. Махмұт ақымақ емес, Какенов сияқты алашорда бастығынан бұрын кіретін. Және де Махмұт Тоқашты ізден келген-ді, ол елден оралды ма белгісіз...

Тез-тез сатымен біреу көтерілді. Махмұт қараса — қолын таңған Еремин екен. Баяғы қаба сақалын қырған, көк түқыл. Терең орнатылған тұздай көзі Махмұтке құлімсіреп қарады:

— О, Махмұт!.. Аман ба? — Еремин қолын қысты да, жедел қимылмен Какеновке бұрылды.

— Какенов! — деп Габдулла да орашолақ қобал қимылмен Ереминнің саусақтарын қысты.

— Жүріңдер!.. Кіріңдер! — Еремин қаусырма есікті сау қолымен итеріп қалды. Ешкім жоқ. Кабинет бос. Еремин бұл екеуін ертіп, түкпіргі бөлмеге алғып барды.

— Я, неге келдіңдер!.. Совет өкіметі үнай ма?..

Габдулла бұрын жауап қайыолы:

— О не дегеніңіз?.. Біз де еңбек сіңірдік қой, бұл өкіметті құруға, солай ма, Маха!

Махмут басын шұлғыды.

— Махмутке үнайтын болар... Сен менің өмірімді аман алғып қалуға да еңбек сіңірдің гой. Әлде, Маха, осқырып жүрсің бе, қызметке қояйық деп ек, неге көрінбейсің? — Еремин әдетінше кулана, бауырына тарта сөйлейді.

Махмут Еремин сөзіне іштей үйіп қалды. Үй сатып алмаған, пәле сатып алған көрінеді. Бір жағынан жұрт өсектейді. Махмут біреуден не тартып, не үрлап алған жоқ, өз еңбегімен тапқан маңдай терісі, табан ақысы. Ол өз алдына. Бұл үйдің жұмысы тағы көп — көктем кезі, бақшада жеміс екпесе, кім асырайды? Қалтасында соқыр тиыны жоқ. Махмут Ереминге тағы бір сырдың бетін ашпақ бол аңтаратылып қалды. Эттең мына сіріңке қара — Какеновтың отырғаны, әйтпегендеге, түндегі Фальковский әңгімесінің шет жағасын сездіретін де еді...

— Кәне, кімнің қандай шағымы бар? — деді Еремин. — Бүгін ревком мүшесінен күзет кезегі менікі еді.

Қошамет іздегендей, Махмутке көз қызығын аударып қоюп Какенов сөзін бастады:

— Мен Виноградсты іздеп кеп ем, Қаскелеңге астық дайындауға кетсе керек-ті... Алаш комитеті атынан қарсылық білдіре келдім! Тоқаш Бокин ревкомге қандай үйім атынан кірді екен. Біз мұсылмандар оны уәкіл етіп сайлағамыз жоқ. Әуелгі келісім бойынша — ревкомға әрбір үйімнің қолайлы деген адамы кірмек емес пе еді? — Какенов орысша сөйлегенде тақ-түқ, тілі таңдайына жүқпайды.

— Бокин большевиктер үйімы атынан сайланды. — Еремин сезіктенген тәрізді, көзін шүқшитип, Какеновтен айырмайды.

— Ол большевик емес! — деді Какенов жұлымп алған дай.

— Оны сіз қайдан білесіз?

— Оның қызығы большевиктерге ұқсамайды. Елді тонап, халықты зәбірлеп, зар қақсатуда.

— Дәлел?

— Дәлел керек болса —есік алды толған ел адамы, сізді тосып отыр.

Ереминнің қабағы түйіліп, қайта жазылды.

— Шақырыңыз!

Какенов шығып кеткенсін, Еремин Махмутке таңдана қарады.

— Сен мұны қалай үғасың?

Махмут мұрнын шүйірді.

— Кім білсін... Қызыба жігіт еді.

Еремин басын шайқады. Кебеже қарын, сақалы қаудиған жуан қазақ, Какеновпен бірге, даңғойланған кірді.

— Ұлық осы ма?.. Шырағым Габдулла, жеткіз шағымымды мынауыңа. Тесірейген мұсіні қалай сиықсыз еді. Мен дихан, ешкімге зәбірім жоқ қазақ. Әлгі Бокин деген балшайбек кеп, мұрнымды бұзып, тісімді қағып түсірді. Міне, тісім мынау! — қойынан шуберекке ораған сап-сары мұқалған күрек тісті алақанына сап. Ереминнің көз алдына тендерді. — Сен деп атын атағам жоқ. Бар жазығым: қызыымды қойынма салмадың дейді... Тірі адам бұған қалай қөнеді?

Еремин мұрнын тыжырынып, басын кейін шалқайтты. Тестің түсінен шошыды ма, Бокин қылышына зәресі ұшты ма, әйтеүір, жиіркенгенін, оны бақылап отырған Махмут анық сезінді.

— Мұнда... Мына жерге қойыңыз! — Еремин алдында әрам өлік жатқандай ссқыра қарап: — Неге ұрды? — деді қазаққа.

Какенов өз жанынан сөз қоса жеткізді қазаққа:

— Тегіс айт: не үшін? Қалай болды?

Қазақ бөркін біреу жұлып алатында, баса киіп, сөзін тізбектей жөнелді.

Бокин атарман шаптырып: «Келе жатырмын, сегіз қанат киіз үй тіксін, құлын сойып күтіп алсын. Бүгін тұс ауа келемін» дейді. Ауыл боп жан қалмай әзірлік жасап, күтеді, қазан-қазан асылған ет... Саба-саба қымыз... Үәделі мезгіл. Жұрттың екі көзі қара жолда — көріне ме? Жоқ, Кеш... Әлі жоқ. Көз талады. Тұн асылған ет босқа рәсүә болады. Мүмкін келіп те қалар, ауыл киімшең бүрісіп жата-жата кетеді. Таңертенг аттың дүрсілі оятады ауылды. Шабарман — қызыл мұрын Құрышпай — есік-есіктен, тесік-тесіктен өткен бұзық, тепсіне келді: «Тоқаш төрениң алдынан шықпайтын сендер кім едіңдер?.. Неге үйіктайсыңдар?..» деп қамшының астына алады. Өзі момын, тендерк ала алмаған, азғана

атаның баласынан құралған ауылдың көзі шарасынан шығып, есінен айрылып қалады. Осы кезде Тоқаш төре де жетеді. Қоңыраулатып пар ат жеккен, баяғы жандаралдан кем емес. Қасында сап-сары шен таққан ыңғай салт атты орыс. Пәуескеден секіріп түсіп:

— Сен кім? — деген алдынан шыққан қаба сақалға.

— «Мен жақадан сайланған халық соты едім» — дегенде, жұдырықлен ауыздан періп жібергенде күрек тісі опырылып жерге түскен. Осы тісі. — Қазақ көзіне жас алғандай, кемсендеп, Ереминге көз қызығын тастады.

Махмут сенбеді: Бокин ондай ұрда-жық емес!

Еремин езу тартып, құлімсіреп мысқыл тастады:

— Іс-міс жоқ, бас сап ұрмаған болар, ақсақал?

Какенов қазаққа алая қарап:

— Аузыңдан сөзінді нышыратып... жаңа қызыым үшін ұрды дегенің қайда?

Қазақ қалтырап.

— Атама, тегі, түйіліп кеп бүрді, содан тісімді қағып ап, тынды ғой, әйтейір...

— Жақсы. Тісті арызға қосып тастап кетінің! — Петр Алексеевич жуан қазақтың қасына кеп: — аузыңды ашыңыз! — деді. Жуан қазақ сасып, күбежеңдеп, кейін шегінді. Петр Алексеевич ылтипатпен жуан қазақтың қолтығынан ап, терезе алдына апарды. Імдады. Жуан қазақ ернін ыржитты — күрек тісінің орны үңірейіп тұр. Петр Алексеевич кір-кір шүберек үстінде жатқан тіске көз тастады, жуан шалдың тісімен салыстыргандай.

Махмут те сезді: бұ қазақ тісіне ұқсамайды, мына тіс жалпақтау, кішірек...

Какенов қанын ішіне тартқан — сұп-сұр, жуан қазақты ертіп, шығып кетіп, қайта оралды. Енді ол ұзын бойлы арық қазақты алғып кірді. Белін көк орамал белбеумен екі-үш ораған, жіп-жіңішке, бет-аузы толған түк.

— Мына кісінің де арызы бар,— Какенов оны алға итермелеп: — айтатын жерің осы! — деді.

Ұзын қазақ қолын қойына сұғып жіберіп, күмәжнегін ашты да, бір топ қағазға ораған шашты Ереминге ұсынды.

— Сақалым. Боқының ұлы шыжыған күн көзіне жалаңаш тұрғызып қойып, ақырында сақалымды жұлып ап, қолыма берді.

Еремин үнсіз бетіне төнді, сақалдың орнын іздеген тәрізді.

— Не үшін жұлды?

Ұзын қазақтың орнына Кәкенов жауап қайырды:

— Мен де таңқалам — не үшін десеңізші? Бұл кісінің айтуына қарағанда: кешке жақын Бокин отрядымен ауылға сау ете түседі. Мына кісі мал қайырып жүр екен. Бокин үйдің қасындағы үолі күпена шөптің көлеңкесіне көрпе салдырады. Сиыр сауға кетіп бара жатқан мына кісінің тоқалын шақырып ап, қасына отырғызады... Жатқызады...

— Жұрт көзінше ме? — Еремин жаралы иығын сау қолымен басып, қабағын шытады.

— Қарбалас кез, жұрт аңғармаған көрінеді.

— Куәң бар ма?

— Мен өзім үстінен түстім. Сен неге келдің деп, атып тастай жаздады.

Еремин шыдамады:

— Шық, айуан! — ақырып ұзын қазақты қуып шықты да, абыржыған Кәкеновке ақшия төнді. — Сіз осы кімсіз, ақшаға сатылған адвокатсыз ба, жоқ байлардың аузына сөз салып итермелеп жүрген арандатушысыз ба?

Әуелгі кезде Кәкенов қысылып қалса да, артынан тез есін жинап, кекете:

— Сізді еңбекші бұқара сайлаған жоқ па еді? Бұл дихан. Шағымын қабыл алмауга қақыңыз бар ма? — деді.

— Бұл дихан емес, бай!

— Гафу етіңіз, сіз кешегі Фольбаум мен Малышевтен да асып түстіңізғсій. Қазақ халқы зәбір көрген бай, кедейі — бәрібір, айырмасы жоқ. Оны білесіз бе?

Махмут зердесіне сап, қызыға тыңдады,— немен тынар екен. Тұрт шайтан, тұрт! Мұндайда екі ортада Махмутке жем түсуші еді. Кәкенов заңға жүйрік, егес-қиясқа жаны құмар. Ереминді басып, жүргегін шәйіп алмақ — қайтып беттепеудің әдісі. Еремин ашудың орнына басын шайқап, сәл езу тартты.

— Қазақ байлары не айтса соған сенетін мен баяғы губернатордың чиновнигі емес. Ақ пен қараны айыра білеміз. Айтарым: бұл дөрекі істелген іс. Сенбейміз!

— Алаш комитеті Бокиннің бұл қылышына маңыз береді... Аяқсыз қалдырады деп ойламаңыз! — Кәкенов күш көрсете сөйлемеп шығып кетті.

— Бокиннің қай жақта жүргенін білмейсіз бе? — деді Махмут ашулы Ереминге.

— Кеше сол жақтан табандатқан үш адам келді, олардың айтуынша: Бокин әрі Пішпек өткен. Ел іші аштық. Со-

ған байлардың малын бөліп беріп жүр дейді... Пәтерінен барын біл: қашан қайтады екен...

Махмут ревкомнан тура тергеу комиссиясының бастығы Фальковскийдің кабинетіне барып, өз жанынан бір ауыз сөз қоспай, көрген-білгенін түгелдей жеткізді.

XII

Еремин кешке дейін елден жақын поселке, станицалардан келген қазак, орыс шаруаларын қабылдап, мұңын жоқтап, мұқтажын тауып берді. Жұрт аяғы басылғасын, оңаша қалып, терезені ашты, таза ауа жұтып, дем алды. Иығының жарасы сыздап мазасын ала бастады. Шаршаған екен.

Бокин?.. Петр Алексеевич қолындағы қазақтардың арызын үқалап-үқалап лақтырып жіберді. Своловоч!

Сыртта аттың дүбірі естілді. Біреу кеп түсті... Тез-тез басып жоғары көтерілді... Кірді — Бокин! Кімді ойласа со келеді.

— Сені тессип отырмын, батыр!

— Мені? — Тоқаш таңданған пішінмен Петрдің бетіне үңілді.

— Я, сені... Қашан қайтқаның түгіл, қайда жүргенің, не істегенің бәрі мәлім бізге.— Еремин Бокиннің жүзінен өзгеріс табам ба деп, көз қының тастады. Құбылмайды, түркияпты со қалпы.

— Біреу кеп өсек айтқан болар.

— Орыс «ұры басындағы бөрік жанады» десе...

— Біздің қазақ — «сезікті секірер» дейді,— Тоқаш қайтарлана сейледі. — Қазақ байларының құлық-мінезі, тәсілі маған мәлім.

Еремин өзі де солай ұққан. Аржағын созбады, басқа ой арасына көшті.

— Какеновты білесің бе?

— Какеновты білмей... Ол қазір: «Совет өкіметі жақында құлайды. Ұзақ тұрмайды» деп ел ішіне үгіт таратыпты. «Рас па?» — деп менен сұрайды. Алашорданың кеңесін жабу керек. Елде саясат жүргізуге бөгет жасап отыр...

Бұдан кейін Тоқаш ел жайын суреттеді: аштық жеті басты жыландаиды ыскырып, ел ішінің үрейін ап, ауыл-ауылды аралай бастаған. Откен жазда жауын жаумай, егін шықпай қалған көрінеді. Көтерілісте шаңырағы ортасына түскен ауыл

біржола күйзеліп, ішерге сусын, жерге түйір тамақ таба алмай отыр. Әсіресе Шу аңғарындағы қыргыз-қазақ шұбырып көшіп жатыр. Совет өкіметіне жау кулактар: «Қалада астық береді» деп азғырып қалаға төсітқан... Аш туыстарының өлігін көрген қыргыз-қазақ естиярлары құңқілдеп, алашорда үгітіне сене бастағандығы байқалады. Оған ораі Какенов ел ішін үркітіп қойыпты. «Совет» десең кейбір ауылда асау аттай осқырады...

Тоқаш ауыл-ауылда тағам беретін асхана ашты. Тұрлі тағамды, соғымды бір орынға жинап, асханада дайындасты да, аштарға құніне үш рет тамақ бергізді.... Соғым малды байлардан алды. Басқа тағамды орыс поселкелерінен, кулактардан жинағы. Дұнған, үйғыр болыстарында құрылған ұлтшыл «Шура ұл исламының» ақша қорын түгелдей тартып ап, аштардың жабдығына жұмсады...

— Енді мені байлар аясын ба? — деп Тоқаш сөзін бітірді:

Әрине аямайды. Еремин өзі де сенбейді. Тоқаш тым қатал кіріскең. Бұл арыздың бәрі соған қарсы жауап. Асылы — сақтық керек! Бұл ойын Еремин Тоқашқа қайталап жеткізді:

— Сақ бол!.. Жаңағы сүрқиялар нендей зұлымдыққа болсын тайынатын емес... Анадағы мен құсатып бір бұрыштан атып кетіп жүрмесін...

— Қояннан қорықкан егін екпейді, олардан қорқып, халықты аштан қыруға бола ма?! Қалайсыз, жара бітті ме?.. Сол түні сізді көздеген жоқ, нысанасы мен болуым керек.

— Сен не, мен не — оларға бәрібір... — Еремин қолын сілтей... — өйтсе де енді елге шықсан, қасына отряд ал! Ертең ревком мәжілісінде мен де айтайын...

Екеуі ревкомнан шыққанда кеш қарайып, қанатын сүйретіп түн де келген еді...

XIII

Бикен соңғы күндері Какеновтен үлкен өзгеріс тапты. Бұдан бір ай бұрын Бикенге келіп: «қашайық!» деп жалынып-жалпаятын Габдулла жсқ. Соғыс трибуналына тілмәштік қызметкес енгенинен бері, ағын нық басып, сыйдана сөйлейді. Ыбрайым Жайнақов бағытын ұстап жүргенде, ол кеткесін, ел арасында ауызға ілініп, алаш комитетін қолына алды. Бикеннің тағы бір аңғарғаны — Габдулла қызыр жігіт

көрінеді. Алған бетінен қайтатын сыйылды емес. Қайта алаш комитетінің маңына жастар жинап, баули бастады. Соңғы құндер сауық кешін қоймақ бол, қунде кешке рептиция жасайды. Гимназия шәкіртері мен Фатима апайдың мұсылманша мектебінде оқып жүрген қыз балалардың басын қости. Осыдан екі жыл бұрын Фатима апайдың мектебін бітірген Бикен сияқты қыздарды да бауырына тартты.

Екі жездесін бірдей жоғалтып, қаралы болса да, Бикен «Бостандық үйіне» барып көңлін көтерді. Жүргегінің бұрышында тығызып жатқан бір арманы бар. Ол — Тоқаш. Аңсайды да тұрады. Анадайдан болса да бір көрсе мауқын басар еді. Бикен Тоқаштың ұмытып кеткеніне өкпелеп, көңліне кекті зіл де алмайды. Кінә өзінен. Тез берілді — лепілдеген жүргегіне ие болмады. Ал, Тоқаш болса жігіт... Жәнеде, Бикеннің маңы түгелдей онымен ұстасып, жауласып алған. Кешегі марқұм Зәкір жездесі полицияға арыз да жазған көрінеді... Ыбрайым губернаторға өсектеген дей ме, әйтеуір шым-шытырық, қиян-кескі өмір.

Айнаға тағы бір қарады, бүгін өнді құлпырып шешек атқан жазғы гүлдей. Кеше ерте жатып, жақсы ұйықтап еді, тынығып қалса керек. Бірақ көк көзін басқан уайым — ашиқ құнгі аспанда толқыған көк мұнар тәрізді. Бикен ақ торғын қойлелгін киіп, басына көк ала шәлісін сап, тысқа шықты. Көшениң арғы қапталында, өз үйінің алдында тосып оғырған Сәлімгерей қарсы жүрді. Қолтығынан ап, «Бостандық үйіне» алып қірді. Алаш комитетінің екі бөлмесі толған жастар: қазақ, өзбек, ұйғыр, татардың қызы бозбалалары. Бірі билеп, енді бірі құліп, кең бөлмеде суда жүзген балықтай, ерсілі-қарсылы соғылышып жүр екен. Бикенді қөріп, оқ түсken қаздардай шу етіп, топ қақ жарылды. Бикенді ортаға алды. Музыканы Бикендей ешкім тарта алмайды. «Бұл Бикен теңі жоқ жорға!» — деп кеукелен, рояльдың алдына отырғызды. Бикеннен көз жазып қалмайын дегендей, Сәлімгерей де итере-митере, рояльдың артына барып, қызға қарама-қарсы тұрды.

Бикеннің көк көзі айна тәрізді — әрбір қимыл, ым-жым, шытынған қабақ дірілі де тегіс түседі, қыз түстеп, аңдан қарамаса да, бірін жібермейді, қөріп отырады. Қоршаған жастар құшақтасып, иін тіресіп тұр — қосылып ән салмақ.

— Қандай әнді тартайын? — Бикен пернені басайын ба дегендей, саусақтарын қанаттайды жазып, клавишаға апарды.

— «Оян, қазақ!» — деді кешігіңкіреп кірген Габдулла. Топ «Оян, қазақ!» деп шулап қоя берді.

Бикеннің салалы жіңішке саусақтары пернеде құрдай жорғалады, безілдетіп, бір түйісіп, бір алшақтап жарыса берді.

Басыңқы жуан дауыспен Какенов хор бастады. Жай сөйлегенде даусы ондай жуан емес, әдей күжілдеп айтады. Какенов мақамын қыз-бозбалалар қағып ап, үйді басына көтерді. Әуелгі кезде бірі қырға, бірі ойға сүйреп, әр дыбыс өзінше тым-тырақай, берекесіз шулады. Какенов тоқтатып, қайтадан бастатты. Өзі саусағын шошайтып, дирижер си-яқты әмір беріп, кезекпен айтқызды. Әуелгі жіңішке дауысқа бастатып, сонсоң жуан дауысқа қоштатты. Бар-бар еткен даусының ақауы бар жігітті топтан шығарып жіберді.

— Сенің даусың бұзып тұр, жеке айтасың! — деп Какенов аздап келемеж де қылды. Жастар оған құліп, мәзмейрам болды. Тапалдау, қара домалақ жігіт екен, мәу деген жоқ, босаға жақта жеке қалды. Саусағы перне тартқанмен көзі шалып құлағы естіп отырған Бикен, артына жалт бұрылды. Шамданғаны бет-әлпетінен білініп-ақ тұр, томсарап, бұқаша сүзе қарады...

Енді жөнге салдым деген Ғабдулла өзі үзіліс жариялады. Үйірліп, бір уыс бол тұрған жастар, бұршақтай шашылды. Екі-екіден билеп, дөңгелек айналды. Гимназия шәкірттері қала қыздарына би үйретем деп біріне-бірі соқтығысып, құлап та қалды... Бикен музықадан нәр алатындей құмарта тарта берді, тарта берді.

Рояль жақтағы бұрышта Сәлімгерей бастаған бір топ жігіт өзара шекісіп те алды. Кейбір егес сөздерді Бикеннің құлағы да шалды.

— Осы сурет кімдікі? — деді біреуі Бикенге қарсы қа-бырғадағы ілулі тұрған шоқша сақалды, көзіне пенсне ки-ген сопақ бетті қазақты нұсқап.

— Білмейсің бе? Ой, қазақ болмай кет. Сен түгіл мына Сәлімгерей де таниды! — деді екіншісі құліп.

— Е, немене, Сәлімгерей саған қолжаулық на? — Сәлімгерей төніп, өндіршектен, айбат шекті.

— Рас-ая, Сәлімгерейде нең бар. Білгіш болсаң өзің айтшы? — деді шіңкілдек дауыс.

— Білмейді дейсің бе? Бокин. Тоқаш Бокин! Ха-ха. — Ду күлді. Бикен де құліп жіберді. Бұл құлқінің үстіне Какенов килікті.

— Габеке, мынаны қара. Мынау отырған Бокин дейді. Мирұла!

— Мен мұны хордан тегін шығармаған болармын, дауысына ғана ақау түспеген, миына да түскен екен! — деді Кақенов шымбайына батыра тілдеп.

— Немене, Бокин қабырғаға ілуғе тұрмай ма? Ол — нағыз батыр! — деді әлгі сөз таластырып.

Өй, қойсайшы! Тіл мен жағыңа сүйенбей! — деді екі-үшесінің барылдақ дауысты ортаға ап, өктемден.

— Сыңар езулеме!.. Көрермін!.. Жалғыздың үні шықпас!

— Уай-дай-ай!.. Мынау не оттап тұр! Шығар! — деді зекіп Габдулла.

Сол-ақ екен үш жігіт оны сүйрелеп, тысқа алыш кетті.

Кақенов Бикеннің қасына оралды. Бұл кезде Сәлімгерей де қыз құлағына сыйырлап, Кақеновты мұқатып жатқан еді.

— Бикен, тағы бір жүрек тербейтін күй тартшы, бүгін көңілім бұзылып, жабырқап... тұрғаным...

— Жаңағы жігіт пе, бұзып кеткен? — Бикен сақ-сақ құлді. — Әудемге келмей, апшыңыз қуырылып қалды ғой... Әлде Бокин суреті ілініп қала ма деген күдікте жүрмеці?

— Бикеш, бұл екеуміздің арамыздығы көптен келе жатқан дау. Кімнің кім екенін сезгендей болып ең... Қайтейін...

Бикен де үндемеді, көңілді күйді безілдете тартып, жастарды қайтадан биге шақырды. Тағы да екі-екіден дөңгеленіп, залда зыр айналды.

Есік шалқалай ашылып, бір топ адам сау етіп кіріп келді. Топ алдында — Боскин, кигені — құм түстес гимнастерка, айқыш-үйқыш мойынға салынған белбеу, жанында — наган, қызыл шалбар, құрым етік. Қабағымен атады. Бикенді елемейді. Қасындағы еріп жүргендерді де таниды Бикен. Тоқаштың оң жағында тұрған қара торы жігіт — Ораз, оған таяу сопақ бет, мұрты жаңа ғана тебіндеғен — Абдулла, үйғыр, Тоқаштың сол жағында тұрған қою кара қасы тұтаса біткен үзын байлы — Сақа, оған таяу — эйгілі Құрышпай, Тоқаштың «атып кел, шауып келі», жұрт солай атайды. Қөзін Бокиннен айырмай, бір танауынан құлімсірейді... Бикен әуелгі кезде тамашалап қарады да, сөздің иеден басталғанын аңғармай да қалды. Кақенов сұрланып, айбат шегіп, ышқына сейлегенде барып, Бикен ой құрсауынан боссанды.

— Сіз кімсіз?

— Мен ревкомның жауапты хатшысымын. Сізге мандат керек пе? — Тоқаш қалтасынан қағазын сурып алды.

— Алаш кеңесін жабуға өткен түні ревкомның мәжілісінде қаулы алынған. Соны іске асыру біздің міндегі! — деді Сақа түсіндіріп.

— Бұл Бокинның қитүрқосы! Ондай қаулы болған жоқ! — деді Кakenov, жан-жағындағы жігіттеріне қарап, қолтығына дем бүрке ме дегендей.

— Сөзді дөғарып, табан жалтыратқан дұрыс болар, Kakenov! — Төқаш кекеп, бұйыра сөйлемеді.

— Қәне, қайда қаулың?

— Алашты жабатын өкімет әлі туған жоқ!

— Не деп жабады?

— Бостандық қазаққа да берілген?

— Бокин, әлегінді аулақ әкет! — тұрған қыз-бозбалалар қар лақтырған балалардай тұс-тұс жақтан сөз жаудырыды.

Кakenov енді нәр алғандай, көтеріліп шаптыға тиісті.

— Біз аш-жалаңаш қазақтар үшін сауық-кешін қойып, ақша жинамақпыш. Бөгет жасамай, бара тұрыңдар. Ертең де күн бар!

— Сіздер ревком қаулысына бағынбаушы ма едіңіздер? — деді Ораз топқа.

— Жоқ-жоқ,— бірнешеуі қатарласа айғай салды.

— Kakenov, сіз түсінетін азаматсыз. Алашорданың күні қаран! Енді өкімет билігі еңбекші бүқара қолында. Мына Құрышпай сияқты қу-тақыр кедейдің өкіметі. Таласып қайтесіз?

— Құрышпай дейсің бе? Бұл тесік-тесіктен өткен, талай абақтыда отырған алаяқ емес пе? Олай болса — оңған екен өкіметің?

— Құрышпай абақтыда отырса, елден Kakenov сияқты пара алыш, қазақтың қанын сорып, патша ұлығына жағыншып, жүртты жамандап тұскен жоқ. Ел үшін, жүрт үшін.

— Пішту! — деді Kakenov қатындарша ернін шығарып.

Құрышпай теріс айналып, бөкссесін қақты. Қыздар бақырып бетін басып, тым-тырақай қаша жөнелді. Бикеннің де дәті шыдамады, ернін тістеп, теріс айналды. У-шу. Біреуі күліп, біреуі боқтап жатыр.

Сәлімгерей бастаған үш жігіт Құрышпайға жабысты: әйтүйін қарамастан жағадан ап тысқа сүйреледі. Құрышпай төрт тағандап тұра қап, қослын жан-жағына сілтеп-сілтеп жіберді. Жармасып жүрген бозбала жігіттер тырапай аса құлады.

— Тоқтат! — деді Тоқаш қатал. — Какенов, ақырғы рет бүйірам: кеңсөні тастап, шығыңдар! Есікті құлыпта, кілтін қалтама сап, сүргіш мөр басам!

— Шықпайым! Бағынбайым!

— Өз обалың өзіңде! Акты жасап, әскер шақырам!.. Сақа, патруль шақырт!.. — Тоқаш стол үстінде бұрышта тұрған машинканы алып, акты жаза бастады. Бикен Тоқаштың қасына келді.

— Тоқа... Мен үшін... Қайтесіз.

— Бикен, жалынба! Не керек қадырыңды кетіріп! — деді соңынан ере барған Какенов. Бикен Какеновтың қыстырылғанына риза болмады. Босқа ушықтырады...

— Сіз, бара тұрыңыз! — Бикен Какеновты кейін қайырды да, Тоқашқа тағы жалынды. — Істі насырға шаптырып қайтесіз? Бұ да қазақтың азаматы фой...

— Бикеш, мынаған айтыңыз: у-шусыз шықсын! Мен де оны жаптыруға құштар емеспін!

Бикен Какеновке қайта оралып, оны азғырып көріп еді: — көнбеді. Үршып түсті.

Ораз патруль алып келді.

— Ревкомның жауапты хатшысы Бокинмын! Мына алашорда кеңесінің бастығы Какеновты абақтыға тапсырыңыз. Эріске алынды. Мына актыны қоса тапсырыңыз! — деді Тоқаш. Патруль сөзге келмеді, алдына сап, томпаңдатып, айдақ кетті. Қалғандарын Құрышпай өзі-ақ қуып шықты.

Тоқаш алаш мекемесінің есігін өз қолымен жауып, кілтін қалтасына салып алды... Бикен дел-сал, үйіне қайтты. Жолшыбай Сәлімгерейге бір-ақ ауыз сөз қатты:

— Тоқашқа не болды! Өзі отырған ағашының бұтағын өзі кескені ме?

Сәлімгерей сылқ-сылқ құлді.

— Ағаш бұтағында отырған сені мен біз. Ол — кесуші!..

Фальковский Какеновтың тұтқынға алынғанына айрықша маңыз берді. Екі жеп, биге шығатын кезең: «Алашты» жақтаған қазақтар — бір дойбы болса, казактар екінші дойбы... Епископке жолығып, Талгар, Қаскелең станицаларына сол түні жасырын хабар жіберді...

Ертеңінде аттарын ерттең, атой құтін отырған казактар қылыншын қынабынан суырып, қалаға шабуыл жасады. Сол түні көше-көшеге білгісіз адам қағаз жапсырып кеткен: «Уа, жарандар... Қала бұзықтар қолында. Күнде атып-ша-

уып жатыр. Күн көруден қалдық. Орыс, мұсылман халқының ең жақсы ұлдарының көзін құртып жатыр. Кеше алаш комитетін жауып, Кәкенов сияқты демократты жазықсыз тұтқынға алған. Ертең оны атпақ...

Талғар, Қаскеләң казактары бұл қорлыққа шыдамай қылышын қынабынан суырды!

Көтеріліңдер, құтылайық дінсіз бұзықтардан!..» деп көтеріліске шақырган.

XIV

Ақ казактар қаланы екі жақ бүйірден қысып, кенеттен басып алмақ болды.

Емелев бастаған бірінші социалистік полк алдарынан кесе-көлденең тұрып, алғашқы қарқынын тойтарып тастады. Беті қайтқан ақтар қаланы қоршап алды, елмен қатнасын үзді. Аш қала ұзақ уақытқа шыдай ма, іштен бұлік шығып, өзінен-өзі берілмей ме?.. Жау қаланың жұқа жерін тапқан. Іштегі астыртын тыңшылары жеткізді ме, әйтеуір қазармадағы азық екі күнге жетті. Үшінші күні тамақ әскерге бір-ақ рет берілді. Қауып-қатер енді күшайді.

Еремин мен Емелев ссы жайды ұзақ кеңесті. Ақыры майданнан Тоқашты шақыртып ап, азық-тұлік дайындауға жұмсады.

— Бұл іске сенен қолайлы адам жоқ. Қаланы да, ауылды да білесің... Іле жаққа ел ішін аралап, азық-тұлік жина! Тап!.. Барлық өкімет қолында! — деді Еремин.

Емелев оның қасына си әскер ертіп берді.

— Бұл сенің отрядың... Бүгін кешке дейін бірдеме жеткізбесең — хал мүшкіл. Аш солдат соғыса алмас? — деді Емелев қолын қысып.

Тоқаш пәтеріне келсе — алдынан хат тосып жатыр. Жалма-жан конвертті жыртып, асыға оқыды.

«Тоқашбай Бокыұлы!

Сен сатылдың. Саған мұсылман халқы лағнет айтады: қайт райыңдан! Құдайды, о дүниені ұмытпа — кәпірмен біріксең ұзақ жасамайсың!..»

Тоқаш үй иесі Эрмиш шалды шақырып алды:

— Мына хатты кім әкелді?

— Әлгіде бір бала әкеп, саған «бер» деп тастап кетті. Немене, сүйк хабар бар ма?

Тоқаш хаттың мазмұнымен таныстырды. Шал басын шайқады.

— Ойланатын жәйіт. Бұл қорқыту ғой... Сен жалғыз жүресің, қапыда қалма, балам!

Тоқаш езу тартып құлімсіреді.

— Неге?.. Жалғыз емеспін. Қасымда досым Құрышпай бар... Одан қала берді, мынау патруль емес пе? — Тоқаш терезенің пердесін сырыйп, көшеде тұрған бір топ салт атты әскерді көрсетті.

— Бұлар да күні-түні қасында жүрмес. Сен сияқты адамның әрбір көшеде, үйде, аулада қорғайтын досы болу керек.

Тоқаш бұл сезге ойланып қалды. Анада Жұніс те солай деп еді ғой? Шынында Тоқаштың соңынан ерген жолдастары бар ма? Кешегі бірге болған серіктері, бірі—социалистік полктың қатарына еніп, майданда жүр, енді бірі төңкерістің ертеңгі күні еліне қайтып кеткен. Ораз, Сака, Абдулла үшеуі де әскерде — командир... Жалғыз Құрышпай Халимасының қасында, жайbaraқат жатқан. Ешбір қауыпты сезетін емес..., аңғал батырың!

Осы ойды толғатқан бойы Тоқаш атыңа мінді. Осы оймен жолшыбай Құрышпайды үйінен ертіп алды.

— Ал, Құрыш, мылтық кезейтін заман қайта туды. Ертте атыңды.

— Біз революцияның ұлы — не істе десе, соны бұлжытпай орындаимыз. Атым дайын. Революцияның аксақалы айтқандай: кедей құлдығынан басқа несін жоғалтады? ...

Аспанда кек ала бұлт. Анда-санда ыдыраған сол бұлттың арасынан күннің саулеңін кисая түседі жерге. Жел жок, тымық. Қаланың шетінде Тастақ жактан мылтық гүрслі естілді... Көше-көшеден өтіп кетіп жаткан лек-лек әскер, бірі қазармаға дем алысқа қайтып, енді бірі алдыңғы шепке барада жатқандар. Түйдек-түйдек басқан қадамдар. Қысқа, қатал командирдің әмірі.

Тоқаш азық-тұлік жинауды қаланың басты саудагері — Бурнашевтен бастады. Ақшасы калтасына, малы жеріне сыймайды. Астылы-үстілі кірпіш үйі бақшасымен бір кварталды алады. Бұғінде магазинін жапқан, сауданы жең ұшынан жасайды. Соңғы кездері Кәрден екеуі сауданы астыртын жүргізетін сияқты.

Құрышпай аттан секіріп түсіп, қақпаны ашты. Қалғандары ат-матымен аулаға кірді. Бурнашевтың өзі терезеден көрген бе, үйдөн асыға шығып, қарсы жүрді.

— Қазір он қап ұн, жиырма қара соғым табасыз. Рево-

люциялық комитет атынан бүйірам! — деді Тоқаш аттан түспей қамшысымен бүйірін тақап.

Бурнашев дірілдеп, жауап қайыра алмады. Тілі күрмеліп жыптылықтағ, кейін шегінді. Көк атқа мінген Тоқаш жан алатын әзірейілден кем көрінбейтін тәрізді.

— Он қап түгіл бір қап ұн жоқ осы үйде! — деді Бурнашев есін жиып.

— Сен таппасаң, біз өзіміз табамыз! — Құрышпай қамшысын үйірді.

— Не тұрыс бар? Тінтіңдер! — Тоқаш әскерлерге бүйірек берді. «Ә» десе «мә» деп тұрган сайдактар кең ауланы, екі қабат үйді лезде астан-кестенін шығарды. Құрышпай дәл көридордың астынан қазған қойманы тапты. Жермен-жексен — койма бар деп адам сілайтын емес. Қүрекпен сыйып-сыйып беткі топырақты лактырып тастап еді, аздан соң қүрек шықырлап темірге тиді. Құрышпай лом темірді салып жіберіп, көтеріп қалды, қойманың аузын жұқалау қаңылтырмен жауыпты. Сіріңкені жағып, әскердің бірі сатымен төмен түсті.

— Не көрдің? — Тоқаш төмен үңілді.

— Ұн... Май... Казы-қарта... Бәрі бар! — деді ол көтөріңкі дауыспен Тоқаш адырайып Бурнашевқа бұрылды. Қанын ішіне тартып ызага булығып тұр екен:

— Бала-шагамның қорегі. Алуға хақың жоқ! — деді шырылдаپ қойманың үстіне түсіп. Құрышпай иығымен қағып жіберді.

— Әрі тұр!

Екі арбаға тиеп, бес әскер казармаға ала жөнелгенде Бурнашевтың қатын-баласы еңіреп, көшеге ере шықты. Азан-қазан. Осы кезде Бурнашевтің үлкен ұлы Сәлімгерей де жетті. Қасында бір көзін шел басқан қарабұжыр Яшайло бар. Сәлімгерей Бокиннің шылбырына жармasti.

— Что за бесчинство! — деді өнтігіп, орысша.

— Мұның аты — революция, соғыс. Кімдікі артық соны тартып аламыз. Қөрмейсің бе, қалада бір түйір нан жоқ. Әскер аш! — Тоқаштың езуіне жиналған мысқыл тарқамады.

— Бұл талан-тараж! — деді Бурнашев қарт ащы дауыспен.

— Тоқтат, Бокин, ана көлікті! Эйтпегенде, қантөгіс болады! — деді Бурнашевтың баласы алдыңғы арбаға қарай ұмтылып.

— Кет, былай!.. Жармаспа! — деп Құрышпай барыстай |
секіріп, қолын қақты.

— Қол жұмсама! — деді қарабұжыр Құрышпайға жар-
масып. Құрышпай екеуі айқаса түсті. Қарабұжыр да әлді
екен, тартып қалғанда Құрышпай шапанының жағасы дыр
етіп, аяғының басына жетті.

Құрышпай шықшыттан қойып жіберді, Яшайло мұрттай
ұшты. Тоқаш атын тебініп қап, жандарына жетіп барды.

Тоқтаңдар!.. Сен білесің бе, тар кезең екенін, ә! — То-
қаш Яшайлоны аттың омырауына алды,— жөніце жүр!

— Кездесетін жеріміз бұл емес... Жарайды! — деді
Бурнашевтың баласы Яшайлоны қолынан тартып...

... Тоқаш кешке дейін қаланың басты-басты саудагер,
байларын аралап, үн да, ет те, май да танты. Берменгеннің
жолынан, бергеннің қолынан алды. Кейбіреуі камшыдан
қорқып, қарсыласпай, үн-тұн жек беріп құтылды. Енді бірі
таяқ та жеді... Өз ықтиярымен сұрамай әкеп бергендер де
табылды.

Әділдің үйінен жаңа аттана бергенде, қарсы тоқал үйден
басына орамал тартқан жас келіншек Тоқаштың қасына жа-
қындады.

— Сіз әскерге тамақ жинап жүр деп естідім... Менде бір
семіз қой бар. Мейрамға сақтап жүр ек, алыңыз, пожалуй-
ста!.. Әскер ашықпай, әйтеуір жауды жеңсе болғаны... Ме-
нің ерім майданда! — деді көзінің жасын сүртіп.

Тоқаш риза боп келіншектің қолын қысып, соғыс бітке-
сін ақшадай, не еттей қойын қайтаруға қолхат берді...

Кеш те түсті. Ұзак күнге аузына нәр алмаған Тоқаш
қарнының ашқанын енді сезді — аузы темір татып, таңда-
йына қыл жабысқан тәрізді. Қасындағы әскерлері де аш-

Ымырт жабылып, ағаш бұтақтары қонақтаған құстай,
салбыраң, мұлғи бастаған. Арық та ағысын бәсендегендей,
сылдыры баяу.... Күнде жұрт орнына отыра шәүілдеп бе-
зек қағатын ит те үрмейді — соғыстан қорқып тығылып қал-
ған.

Үрәйлі қала демін ішіне тартып, бір сұмдық күткендей.

Қала шетіндегі майданнан да үн жоқ. Элде дауыл ал-
дындағы тыныс па...

Тоқаштың ойы ат аяғының ырғағына сай.

Бүгін тұнде казактар шабуылды күшайтеді. Әскердің
қарны аш екенін білмеді дейсің бе? Сумаңдал қала кезген
тоғышарлар арасында олардың да адамы бар шығар... Бә-
ринен де, асты пісіріп, таратып беруге улгерсе де... Әйтеуір

жанталасып жүріп, сегіз мың әскердің бір күніне жететін азығын әзірледі... Тоқаш әр жаңға бір қадақ ет пен бір қадақ наинан салды...

Аттарын аяңдатып, Сауда көшесіне бұрылғанын Кәрденің үйін көргенде сезді Тоқаш. Қарсы алдынан тосып тұрған Бикенді көзі шалды.

— Кеш жарық, Бикеш! — Тоқаш атының басын тежеді.

— Батыр, түсіңіз. Қонақ болыңыз! — деді Бикен сүйкімді үнмен.

Жаңа туған жарық айдың сәулесі Бикен жүзіндегі мұңды қағазға басқан мөрдей көрсетті.

Шаршап, сусап келе жатқан Тоқаш түскісі де келді.

— Біз көпіз ғой?

— Пейіл қеңісе — орын да, тамақ та жетеді.

Қызы ибалы қылышпен Тоқаштың тізгініне жармасып, аттан түсірді.

— Түсіңдер!. Ат шалдырамыз! — деді Тоқаш қасына ерген солдаттарға.

Қақпа ашылды. Бұрын керуен түсетін сарай бос үңірейіп тұр еken. Атқа шөп сап, шалдыруға да болады...

Тоқаш атын Құрышпайға берді де үйге кіріп барды. Кәрден жоқ. Әлде малын алады деп корқып, жансауғалап, басқа бір үйге кетті ме? Кім білсін... Кәрдениң қалада малы жоқ, елде. Оны Тоқаш біледі. Әйтпесе, алдымен осы үйден-ақ бастар еді...

Бикеннің реңіне қан жүгіріп, көлеңке басқан жүзі жадырап, өзгеріп, қайта қекшіл қозіндегі жас, таңтеренгі гүлге түскен шықтай мөлт-мөлт етеді. Жас? Тоқаш жақын кеп, жұмсақ кішкене саусақтарын қапсыра ұстады, дір-дір етеді.

— Бикен, көзіңдегі жас па?.. Түсінбедім ғой...

Тоқаш өз даусын өзі естіді — жылы, сырлы, сазды.

— Жүргімді қайғы кернеп, құса болым. Әулиедей бас үрган кәрдендей таза, қардай ақ деп үққан сіз — қара жүрек болды деген өсекті құлағым шалды. Соның күйігі...

— Бикен, біз екеуміз жардың екі жақ биік қабағында тұрмыз. Екі ортамызда — шыңырау бар, тереңдігіне көз жетпейді... Одан өтіп, тіл табу бұл өмірде бізге жоқ. Құлағың естіген өсекке сене бер... «Сенбе!» деп айта алам ба?

Бикен сұрланып, екі иығынан демін алғып, бекіне сейледі.

— Тағы бір сұрағым. Зәкір жездемді атқаныңыз рас па?

— Жоқ.

— Бізді неге жек көрсіз?

— Зәкір мен Ыбрайым мені неге жек көреді?

Қызы теріс айналып жүре берді...

Лезде екі солдат ұлкен сары самауырының екі жағынан зорға көтеріп, үйге кіргізді. Бұрынғы керуендерге шай қайнататын самауыр керекке жарады. Әскерлерді кең столға отырғызып, Бикен он кісіге шай да құйып үлгірді. Столдағы үйілгін таба-таба нан, лықылдаған ұлкен табақ қуырдақ, тарелка-тарелка майды аш солдаттар заматта жусатып салды. Тағам үстінде бірімен бірі әзілдесіп, күндізгі алған әсерлерін сөз қылыш, гүйлдесіп стырганда, Кәкенов кіріш келді. Сақал-мұртын қырған, иіс су жаққаң, абақтыга түсті дейтін емес, тазының күшігіндей, әжилмаң-жылмаң етеді.

Тоқаш аң-таң абақтыдан кім шығарған? Кәкенов те Бокинды кездестірем деп ойламаған сияқты, селк етіп, кейін шегінді — біреу қеудеден итеріп жібергендей болды. Бикен орнынан тұрып, әдеппен жымызып, столға шақырды. Кәкенов қызыға рахмет айтып, басқаларымен амандаспастан кері шығып кетті.

Тоқаш та шыдамсызданып, шайдың артын тоса алмады. Солдаттарды казармаға қоя берді де, Құрышпайды қасына ап, тұра Ереминнің пәтеріне тартты.

Тоқаш атына мініп жатқанда, Бикен:

— Келіп тұрыңыз... — деді.

Текаш:

— Хош! — деді де атын жанбасқа бір салды: «Келіп тұрыңыз?» — деді ішінен Бикен сөзін кекете қайталап...

XVI

Петр Алексеевич өзінің бұрынғы үйінде, Рафиқ бағының қақ ортасында тұрады. Жалғыз өзі. Әйелі мен баласы ғлыста, Москва түбінде, көрмегелі үш жылдан асып барады. Жетісуда кетеріліс басталысымен әйелі мен баласын әкешешесіне қайтарып жіберген: кім біледі, қандай заман болатынын. Қасірет шексе — Петрдың жалғыз өзі шексін. Үй ішін бірге жүдетіп, әуре қылу адамшылыққа сия ма?

Міне, ссңғы бір жылдан бері хат та алмайды. Катынас үзілді. Өзі болса жаралы. Тек арқа сүйектіні бакша күзетшісінің әйелі, мейірімді, үқыпты әйел. Петр тұрған үйдің ас-

тында, жартылай жер астына салынған екі бөлмеде тұрады ол. Құлсы бссаса киімін өтектеп, тамағын пісіреді.

Бүгін де ревкомнан кеш оралған еді, сол көрші әйел жылы тамақ беріп, есін жидырды. Жарасын таңып жатқанда Тоқаш пен Құрышпай келіп кірді. Петр Алексеевичтің Төқашқа айтпақ әңгімесі қөп, білгендей келген екен.

Тоқаш бүгін қанша мал, астың жинағанын айта кеп, Какенов жайында сөз қозгады.

— Трибуналға тілмәш бол қызметке өнген. Қызметке алған кім?.. Абактыдан шығарған кім?

Тоқаштың қынжылуы жолды. Петр Алексеевич өзі де түсінбейді кімнің қолдап жүргенін. Әлде... бұл ойын ол Тоқашқа жеткізді. Мана, кешкे жақын тергеу комиссиясының бастығы Фальковский ревкомға келіп Бокинді тұтқынға алу жайында келісім сұраған-ды. Елден де, қаладан да шағым түсікен: «Ұрады, ссгады деген. Дәл бүгін бір ауыз сөзге келмей Яшайлө дейтін жұмысшыны ұрып, бет-аузын дал-дұл қылған... Басбұзар, анахист! Енді аз уақыт оған ерік берсе — бүкіл халықты өкіметке қарсы қоймай ма» дегенді айтқан.

Бұл әңгіменің ішінде Емельев, Виноградов та қатнаскан. Бірақ ревком көпшілігі, Фальковскийдің сөзіне сенбей, мән бермеген... Осы істі қолдан жасап жүрген біреу бар сықылды. Шағым дегенің жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаптаған...

— Яшайлоны ұрган мен! — деді манадан үн жоқ, түн жоқ тыңдал стырған Құрышпай

— Неге ұрасың?

— Бурнашев деген татар байының тығып тастаған астынын «алма!» деп төбелесіп, шапанымды жыртты. Міне! — деді көктеп қсіған шапанның жағасын көрсетіп.

— Байды ұрмасақ, эскер бүгін аш қалатын еді... Байды аяп, өкіметтен айрылуға болмайды! — Тоқаштың даусы сәл қалтырап шықты, ашу кернегендей демін жиілетті.

Есік такылдады. Еремин босаға жақта отырған Құрышпайға қарады. Ол есіктің тиегін ағытты. Аржағынан Махмуттың басы сығалады.

— О, Маха! Кір-кір! — деді Тоқаш үй несінен бұрын. Махмут әдетінше қолымен жүрегін басып, күлімсіреп сәлем берді.

— Өкімет басында отыратын осы Махаңдар ғой... Қайдарғы Фальковский-Мальковскийді тауып аламыз... Сіз оны білесіз бе? Кім өзі? — деді Тоқаш үзілген әңгімені жалғап.

Еремин иығын көтерді — білмейді. Қайдан келді? Тергеу комиссиясына ұсынған кім?

— Әкірді атты деп, жұрт көтеріп, қолдан-қолға түсірмейді. «Тергеу комиссиясына қатал, ер адам керек. Оған осы жарайды» деді ғой... Өзің білесің о күні мен жараланып, бара алмағам.

— Кімнің кім екенін айырып алғанша әлі талай өкінерміз! — деді Тоқаш жақтырмаған пішінмен қолын сілтеп. Сөзді осымен досарып, Махмутқа бұрылды. — Маха, неге келдің?.. «Шаруаң» қалай? — Еремин Тоқаштың әзілін үқтый.

— Махмут, сенің үй сатып алғаның рас па осы?

Тоқаш Құрышпайға қарады, ол күліп жіберді. Махмут қызыарып ернін дүрдитті.

— Құрысын, үй алмадым, басыма пәле сатып алдым... Соғыс мынау... Аяқ астында қап жүреміз бе деп қорқам.

— Неге олай дейсің? — Еремин жаңа сыр ашқандай.

— Қаладан ақтарға қашып кетіп жатқандар да аз емес көрінеді.

— Жалған! Қала халқының көбі қару алыш, алдыңғы шепте жүр... Бүгін майданда тыныштық... Егер олар енді бір сағатта шабуыл жасамаса, шабуылды біз бастаймыз... Солдаттар тамақ ішіп, әлденсін... — Еремин Тоқашты иегімен нұсқап: — Бокин болмаса, бүгін әскер аш та жатар еді, жігіт!.. Тоқаш, ертеңді ойладың ба?

— Жоқ. Мен шепкे барып, қолыма мылтық алсам ба дейім... — Ереминше Тоқаштың бұл сөзі қате. Байлар арыз жазды деп өкпелеп, ең қын кезеңде жауапты істен кейін шегіну — ақылға жатпайды. Тергеу комиссиясының бастығы — Малтекбас. Ақ пен қараны айыра алмайды.

— Сенсіз де мылтық ұстайтындар табылады. Тамақ тауып, асырайтын адам табылмайды. Ертеңді ойла, жақын ауылға шығасың ба, қайтесің... — деді Еремин ойын дауыстай түйіп.

Махмут орнынан көтерілді.

— Неге келіп ең, Махмут? — Еремин сөзін бөлді.

— Жәйша... Амандық білмек ем.

— Қатынасып тұр... шаруаңнан қолың тисе.

Бәрі тағы күлді.

Махмут бұл жолы да тұра Фальковскийдің кабинетіне барып кірді...

Қасында жұз шамалы жігіті бар Тоқаш шаңқай түс мезгілінде Бұрындайда ат шалдырды. Аттың тізгінін қосшы жігітіне ұстата беріп, қарағаш көлеңкесіндегі самалға отырды. Арқасын ағашқа сүйеп қойып, ақ кестелі көйлегінің жағасын ағытты. Маңдайын сұртті. Аспан ашық, сонау мұнарланған Алатаудың шыңында шөгіп жатқан бірлі-жарым көк ала бұлт қана көзге ілінеді. Әшейінде таудан соғатын еспе жел де сезілмейді, әуе тұнық.

Тау етегінде жатқан қала көрінбейді, тек зеңбіректің гүрсілі үдей береді. Соғыс әлі жүріп жатыр. Кім біледі, не боп жатқанын? Тоқаш аттанғалы міне табандатқан бес күн. Қаланың батыс жағындағы елдерге барып әскерлерден азық-тұлік жіберді де, тұнделетіп Шамалған барған.

Ел де үрнисіп отыр екен — сүйқ хабар жата ма, лездे жеткен. Әсіреле, Айгүл екі көзі төрт боп, құлағын қалаға тосумен болған. Үйінің қасына келіп, түсіп жатқан Тоқашты көріп қап, Айгүл бас сап, құшақтап мойнына асылды. Айлы тұнде мөлтілдеп қыз көзінің жасы Тоқаштың білегіне домалап түсті. Әйелдің қуанғанда жылайтын әдеті несі екен? Тоқаш бетіне үцілді: құлім қағатын ақ құба жүзінде шырмау бар. Жұқа еріндері жыбырлан, өзек өртеген күйінішін дыбыссыз айтқан тәрізді. Оны Тоқаш ұқты. Аузынан сүйді, сол сөзді тіс арасынан шығарғысы келмедин. «Тірімісің?.. Сені де көретін күн бар екен-ау, Тоқашжан?» деген күйініш сөздер, сол бір салтанатты мерзімнің кейіпін бұзатындағы көрінді. Жүрек түбіне сайысқан күйік, қапа лезде тұмандай тарқап, өмірді қызықтырып, құмарын арттыра түсті. Бес білтелі шамды жағып, мойнын кигізіп жатқанда, қыз жүзіне Тоқаш тағы да көз тастады. Айгүл бетіне қан тарап, алмадай қызарады... Ернін сәл ашыңқырап, аппақ маржандай тісін ақсита құледі. Не керек, алғыста жүргенде қинала қаққан жүректің құмарын Тоқаш баса алмады. Тек дәл аттанарда сол тұні, үй сыртында құшырлана тағы бір сүйді.

Аянбек үйде жоқ екен. Аңшы, сері Аянбек, болыстық комиссар екенін ұмытып, ел аралап, құс сап кеткен көрінеді... Қеңсе қызметін хатшы бала мен Айгүл жүргізеді. Елге керек қағаздарды хатшы жазып, Айгүл мөр басып, экесін үшін қол қояды екен. Болыстық комиссар деген атақ Аянбектікі де, басқаратын — Айгүл боп шықты.

Айгүл әңгімесіне қанған Тоқаш шек-сілесі қатқанша күлді. Айгүл ысылған. Дауды да қолма-қол шешіп, мөрді былш еткізіп баса салатын көрінеді. Кейде Аянбек бір жұма жоғалып, қайта оралғанда, жұрт сған бармай, әдетінше Айгүлге барып, дау-шарын шешеді екен.

Сол түні Тоқаш Айгүлдің тағы бір мінезінс риза болды. Хатшы балаға ауылдағы жігіттерді лезде шақыртып алдырыды.

Шайды жиып, Аянбектің төр үйінде кеңесіп отырған еді, жігіттер сәлем беріп, сау етіп кіріп келді. Тоқаш шетінен таңиды. Кеше өзімен бірге тауда болған жігіттер де бар ішінде. Төңкерістің ертеңінде: «Әкімет орнаттық» деп, бөркін шекесіне шеките киіп, қамшысын беліне тіреп, ауылға қайтқан. Ауылда бұл жігіттерге қызығанышпен қарайды.

Айгүл қымсынып, ауыл қыздарындай ұлған жоқ, сабырлы мінезben жігіттерге арнап бір-екі ауыз сөз айтты:

— Тоқаш ағай әдейі сіздерді ізденеп кепті. Елім бар, жүртім бар деп қолқа арта келіпті. Ер басына күн туған. Ел ішіне бүлік кірген. Аянбаңдар, тілегім осы,— дегені бар ма, дәл елдің ақсақалы сияқты.

Тоқаш таңдана қарап, өз көзіне өзі сенбейді. «Осы шешен қызы, шынымен Айгүл ме?» деп те шубә келтіреді. О, тоба!.. Әрине, Тоқаш ойына аялдап, сөз арасын іріккен жсқ. Айгүл сөзін жедел іліп әкетті: «Ақ қазактар атқа көтеріле мініп, қаланы қоршап, қысып тұр. Егерде олар жеңсе, ауылда бірің қалмайсың, не қырады, не ана, он алтыншы жылғыдай мойныңда қайта құрық тастап, үстіңе аттай мінеді... Өкпеге тебеді. Күн көрсетпейді. Ойланадар! Аз күн болса да Совет әкіметінің жемісінің дәмін таттыңдар. Еркін өмірге ие болдыңдар. Бай қаймығатын болды, жалшы адам катарына қосылды. Эйел теңдік алды!.. Қалай осыдан оп-оңай айрыламыз? Ендеше, Совет әкіметін қорғауға тартынбай тегіс аттанайық. Не басқа жаулық сап, үйде ошақ басында отырайық!..» Тоқаштың бұл сөзі әлі есінде. Нақысына келтіре, қыздыра, жанға тигізе айтқан. Жұрт ұқты да бірауыздан: «Мақұл!» деп аттарын ерттеген.

Тоқаш бұл жігіттерді бір жағынан жақсы да көреді, бір жағынан бұларға онша сенбейді. Төңкерістің ертеңінде қайтып кетіп жүрген жауынгерден не күтсін... Кейбір қалада өскендері, немесе, жұмыс істеп қолына құс түсіргендері ғана әскер қатарында қалып қойған-ды.

Жоқ, Тоқаш маңына топ жимай оңбайды екен. Ол топ

кім? Бұлардан басқа, ысылған, бейнет көрген, халық үшін қайғы-қасірет шеккен, Қытайды ауып жүрген ерлер тірек бола алады... Соларға тезірек хабар жіберіп қайтарса...

Аттарын шідерлеп, тұсап жігіттер де Тоқаш маңына оралды. Мұндайда күлдіріп, думан ғып отыратын Құрышпай да болмады, кеше ғана елден жинаған азық-түлікті қалаға алғып кеткен-ді.

— Қолымызда сойылдан басқа дәнeme жоқ, аяқ астында тырапай асып жүрмесек осы... — деді бір жігіт, көңілде жүрген қаупын жігіттердің алдына тартып.

— Асылқанның шиде мылтығы бар ғой... Сол жетеді,— деп екінші жігіт күңк ете тұсті. Бәрі ду күлді. Әңгімеге Тоқаш та килікті.

— Баяғы керуеннен тартып алған мылтықтарың қайда, Қытайдан атаманға жіберетін ше? — Тоқаш бірінші жігітке үцілді, сөзін соған ариған тәрізді.

— Төңкерістің ертеңінде-ақ казармаға тапсырғамыз. Үйіңе қайтсаң, тастап кет деді ғой...

Кала жақтағы қара жолмен біреу құйғытып шыға келді.

Отырғандардың назары соған ауды. Кім екен бұл жүрісі суық?

Әңгіме осы салт аттының маңына қомақталды. Түрлі жоба айтыла бастады:

— Ссғыстан қашқан біреу де, тәйірі...

— Дәуде болса — Құрышпай! — деді екінші біреуі. Айтқанындағы сол боп шықты. Киіз қалпағы маңдайына түсken терлеп-тепшіген.

— Уай, саған не болған...

— Соғыс емес әуре... Тыным жоқ. Құні-тұні сергелдең... Ақ казактар Тастақ түбіндегі шепті бұзып, қалаға салды ауызды... Екі күндей ұрыс тоқталып, келісім сөз басталған екен... Ақтар «абақтыда жатқан тұтқындарды босатыңдар, бержағынан біз астық жіберейік» депті. Соған келіспей ме... Ертеңінде біреулер тұтқындарды абақтыдан күн бұрын босатып жіберген. — Ал, ақтар соны пайдаланып, шабуылды қайта бастаған.

— Ойбай, құдай-ай!.. — Екінші жігіт санын бір-ақ соқты.

— Қап! — деді үшіншісі. — Неге ерте босатты екен?

— Эй, насыбайың бар ма? — деді Құрышпай қасындағы шұнақ құлақ жігітті бүйірден түртіп қап. Мүйіз шақшаны етігінің өкшесіне қағып-қағып, насыбайды алақанына

үйемелете салды да, көз ілестірмestен, ернінің астына ыт-
қытып жіберді.

— Жаңа ревкомде Ереминге жолығып ем, Тоқаш, са-
ған «тез жетсін» деді. Жан ұшырганым со да... Міға сап қа-
расам: сен Бұрындайға жетуің керек... Үстіңнен дәл түскем
жоқ па? — Құрышпай лептіре сөйлейді...

Жотаның астымен екі салт атты қырындап өте берді.
Жүргүгеге бет алып, орнынан тұрған Тоқаш оларды жүрттan
бұрын байқады.

— Құрыш, ана бір екеу кім екен?

Бәрі өре түрегелді. Салт аттылар дөң астына қайта тұ-
сіп көрінбей кетті.

— Кәне?

— Кім болса да ұстау керек. Тіл шығар...

Кеу-кеуlep тұрғанда, Құрышпай атына қарғып мініп тұ-
ра қуды.

— Ай, тоқта! Атам!

Жігіттер де тым-тырақай аттарына қарай жүгірісті...
Дүркірей шапты. Жан беру оңай ма, олар да зытып барады.
Аттары болдырып келе жатқан алыс жолаушы ма, Құрыш-
пай ұзаққа жібермеді. Қуып жетті. Бөгеді. Тоқаш келсе, Құ-
рышпай шақ-шүқ айқасып қалған. Біріне бірі: «Сен кімсің
тексеретін?» деп, бой бермей тұр екен. Салт аттының екеуі
де орыс, бастарында қызыл жұлдызды шлем, үстерінде ши-
нелі бар — қызыл әскер екенін Тоқаш енді аңғарды.

— Мен — комиссар Бокин. Мынау менің отрядым... Қа-
лада соғыс. Сіздер қайдан келесіздер? — Тоқаш өзін та-
ныстыра сөйледі. — Қуәлік қағаздарың бар ма?

— Е, манадан бері осылай дегенде, сөз өзгеше болатын
еді... — деді бірінші әскер.

— Сіз бізді алдап тұрған жоқсыз ба? — деді екінші әс-
кер.

— Аллады десең өзің біл...

— Біз... бізге Совет өкіметінің өкілі керек! — деді енді
бірінші әскер.

Тоқаш қалтасынан алып ревкомның мүшесі деген доку-
ментін көрсетті.

— О, енді сендік. Біз Ташкенттен келе жатқан Мураев
отрядының барлаушылары едік.

— Мураев? Бізге көмекке жіберілген бе? — Тоқаш асы-
ға сұрады.

— Тап өзі!

— Отряд қайда?

— Осыдан он шақырым жерде...

Тоқаш атының басын қайта бұрды.

— Жүр, баста! Тезірек жеткіз!.. — Сол жерде жігіттерді қасына ертіп, Мураев отрядының алдынан шықты. Та什кент ағайындық істеді. Қысылтаяңда қол созды. Дер кезіне тап болды отряд... Жақсылықтың нышаны екен.

Мураев сыйған сияқты қара, сұңғақ бойлы еркек екен. Жатырқамай, Тоқашты туысындай құшағын жайып қарсы алды. Тоқаштың кім екенін білуі мүң екен — оңаша шығарып ап қаланың хал-жәйімен танысты. Құрышпайдың соңғы экелген хабарын естігенде, ол орнынан тұрып жылдам бұйрық берді, әскерін атқа мінгізді. Эскадрон бірнеше күн жол жүріп келсе де, әлі тың, жүрістері ширақ. Бір сағат өтпей, жаудың арт жағынан қапылыста кеп тиді. Зеңбіректеңін орнатып қойып, қаланың шеткі көшесіне кіре берген ақтарды оқтың астына алды. Есі шыққан ақтар тау жақ қанатына қарай ығысты. Мураев зеңбірек оғын қалқанғып атты әскадронды майданға енгізді. Ойысқан ақтарды қуып жеткен атты әскадрон жекпе-жек айқаста қылыштап турай бастады... Бірнеше күн соғысып, қансыраған ақтар қарсыласа алмады, сол бетінде бас көтере алмай қаша берді, қаша берді.

Мураевтың отряды ақ казактарды Қаскелеңге жеткізбей тас-талқанын шығарды...

XVIII

Ақ казактардың жеңілуі Фальковскийдің жүргегіне үрей туғызыды. Үміт қирады. Енді қайтеді?.. Кеше ревком мәжілісінде Бокин көзін алмады. Сұқтанады... Оған орай Пименнің ісі өсіп, не «босанатын», «не сottалатын» кезі таянды. О күнде, кім біледі, мүмкін ол Фальковскийді су түбіне бірге жіберіп жүрер. Суга кеткен тал қармайды демей ме?

Әулие ата Құлжага жол тауып, Любаны түртпектеп, ағылшын «арыстанын» Жетісу жеріне өткізіп жіберсе, Лепсі арқылы келе жатқан Анненковке болдырған атқа берген сұлыдай тиер еді. Осы ойды Фальковский кезекті тергеуде Пименнің өзіне айтты. Ол теріс көрмеді, екеуі ұзақ кеңесті...

Сол түні Фальковский тағы бір адамды қабылдады. Ол — Габдулла Какенов. Шайтандай ебелектеп, көз алдынан кетпейтін Жақыпбекке «Какенов өзімізге керекті адам» деп атын атамаса да, шет жағасын сездірді. Какенов те бұ-

рынғыдай емес, революциялық трибуналға тілмаш болғаннан бері тергеу комиссиясының қызметкерлеріне бас изеп, бұрын амандасып, қысылмай, өзін кең ұстайды... Сын көзімен қараған Фальковский: «входит в свою роль» деп іштей жынысып, оған үлкен үміт артады.

Қакенов Кәрденнің үйіне елеусіз келді. Байдың үлкен қонақ үйі лық толған қала саудагерлері, ел ақсақалдары, қожа-молдалар. Қақ төрде — сақалы беліне түскен, татар мешітінің имамы, оған таяу он жақта — Қастек мешітінің имамы қияңқы халфе. Одан төмендеу — он алтыншы жылғы көтерілістің батыры жүқа өнді, көк көз Жұніс, жақында Қожа Ахмед Яссайдың бейітінен оралған көрінеді. Қасында Ұзынағаштың бақалшысы — Боштай бар. Масаты кілем үстіне төселген төрт қабат көрпеде малдас құрған. Біреуі тәспік тартып, енді біреуі сақалын талдалап сипап, қақбақыл сөзбен бірін-бірі іліп-қағып, әңгіменің кең арнасына түс алмай отыр екен...

Аулада бұрқ-сарқ қайнап, төгіліп жатқан ақ бөліскей самауыр, ас үйде — буы бұрқыраған бір қазан ет. Бикен бастаған бір топ әйел ауызғы бөлмеде бірі кіріп, бірі шығып, жабдық жасап жүр. Қонақтардың екі жақ қанатында отырған ағалы-інілі Кәрден мен Әділ, анда-санда, сөз сөне бастағанда, тамыздық сап, үрлеп қояды. Әңгіме қайта қызып, шеңберіне жетеді.

Кәрден сырғып, қасынан Габдуллаға орын берді, мұның келгенін елеген пенде де болмады. Оған намыстанған Қакенов те жоқ, қайта іштей риза. Бұлардан құрмет күтпейді. Мейлі... Сөзін тыңдаса жетеді. Кәрден ақсақал ат шаптырып ел адамын жиғанды тегі, бір шешімгі келмек қой. Қазақ қамқоры — Алаш кеңесі жабылды. Әйгілі, халық сыйлаған адамдаодың мал-мұлқін тартып ап, қайыр сұратып жатыр... Бұған не амал, қандай қайрат керек? Бокин ел сөзіне құлақ қоя ма, жоқ, біржола ат құйрығын кесіп, жауласа ма?

Әңгіме қызып, ұшқары ойлар қылыш жүзіндегі айқаса түсті.

— Мұсылман басына қара күн туды! Бүгін біз жасырмай, ар-иманымыздың алдында ашық айтуымыз керек,— деп халфе бір түйіп мұдірген кезде, Кәрден оның сөзіне жел берді:

— Сөзіңге құлдық, халфеке, сіздің әділ жан екеніңізге бүкіл Жетісу атрабы куә. Бірақ, мұсылман халқына қара күн тудырып отырған Совет өкіметі болмас. Өз ішімізден

шыққан шұбар жылан болар. Әлгі «өзіңнен зорлар шықса, екі көзің сонда шығар» деген емес пе. Қазақ анамыз жалғыз көзді жалмауыз талқан сияқты.

Кәрдениң тілі удай ашы. Отырғандардың қүйқа тамырын шымырлатқандай, кейбіреуі қозғалып орнында отыра алмады.

— Астапыр-алла!.. Тәубе, тәубе!

— Естімеген елде көп!

— Құдай артын қайырлы қыла көр! — Отырғандар жағасын ұстап, шошынады. Тұс-тұстан үрейлі, зілді зарлы сөздер бірін бірі җалғап, Кәрден ойының кем-кетігін толтыруды.

Кәрден бүгін шешен, шешіле сөйлеп, құрделі пікірге жол ашты. Қою, қара сақалын ұстап, тағы да толғанды:

— Осы қалада зәбірлік көрмеген қазақ, ұйғыр, татар, ісі мұсылман жоқ. Айтын, осында отырғандар өтірік деп? — жан-жағына қарады. Какеновты көзі шалды. Аз кідіріп. Какеновтен де қошемет күтті. Бірақ Ғабдулла бой сақтап үндемеді,— Қазақ халқының бетіне шығар қаймағы сіздер. Сәлем жолдап, шақыртқандағы айтар мұңым осы! Не ақыл қосасыздар, сөз сіздердікі!

— Құрметті қонақтар! Мен әңгіменің шет жағына ғана іліндім. Ғапу етіңіздер! Бұл қадірлі үйде Жетісудің әйгілі ұлдарымен кездесем деп сіламаған да ем.— Ғабдулла Кәрденге қарады. Ол басын шұлғып: «айта бер, ерніңнің емеурінен түсінем» дегендей, даусын бір кенеп, сөзін әрі созды:

— Орыстың біріне тиғен жоқ. Менің ішім неге ашымайды. Қазақтың, қала берді мұсылман халқының, малын — малдай, жанын — жандай тонап, шыдатпайды. Совет өкіметі солай істе деп нұсқау беріп отырмаған болар. О жағынан да хабарымыз бар... «Сенсің» деп сның атын атаған жан және жоқ.

— Осы сіздер кімді айтып отырсыздар? — деді Жұніс бір кезде бет-аузы шімірікпестен. Халфе оған тікірейе жалт бұрылды.

— Құлағың керең бе, жараным? Боқының бұзық баласын айтып отырмыз. Дос жылата, қас құлдіре айтады. Оның оң қолы боп жүрген сіздің балаңыз көрінеді, Жүке! — деді халфе тістеніп.

Боштай Жұністің томырық мінезін біле ме халфеге: «бекер» дегендей, жаратпай қарады.

— Жек! — деді Жұніс қатал дауыспен. Біреу ауыздан жибергендей. Кәрден аузын басты. Жұніс сөзін жалғады:

— Тоқашты мен білем: қазақтың қанды, уытты ұлының бірі — халқын сүйеді. Мінезі өткір, тілі мінезіне сай. Кеше он алтыншы жылы қазақ қамын ойлаған жалғыз сол емес пе еді? Оны неге көрмейсіңдер?.. Пыш-пыш есек. Сенбеймін!

— Эй, сен не оттап отырсың, өзің? — Қасындағы қияңқы халфе дір-дір етіп, сәлдесін басынан жұлып алды.

— Мә, саған оттаган! — Жұніс халfenі ауыздан шалқайта бір қойды. Апыр-топыр екеуі айқаса тұсті. Ел билеген, өмір көрген кексе адамдарда мұндай жеңілtek қылық кездеседі еken? Қакенов іштей қиналаса да, тіс жарып тоқтау айта алмады.

— Төбет еken мына Жұніс!.. Ай дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ, әбден жаман үйренген. Асып-тасқан. Дандаисыған!

Мұрнынан қаны дірдектеген халfenі бір жігіт сүйеп тысқа алып шықты. Шу басылды. Нұрылла хазірет:

— Жұніс, сенікі — пендешілік! Моллаға қол тигізу құдай алдында күнә. Кешірім сұра! — деді.

— Е, молдаға құдай боқтасын деп пе? Менде не хақысы бар?.. Әркім өз сөзіне ие. Әркім білген жерінен қайтады. Ел боп, бас қосып, ауыртпашилықты көтереміз деп отығанда, қисық айттың деп тіл тигізуге бола ма?.. Мен бұл жасымда халфе түгіл, жандаралдан да боқтық естіп көргем жоқ... Ал, Тоқаш жайында мениң ой-тілегім халfenің ұғымына қайшы... Кәрден ақсақал да асығыс айтқан ба деп білем. Ел өсегі — жылан уында тәнге жайылады. Ойланайық! Тоқаштың өзімен тілдесейік. Не дер еken?.. Балам Сақа, халфе айтқандай жауыз емес. Бір кезде онымен халық үшін қол ұстасып, өлімге басты да қигамыз. Одан бері бірталай уақыт өтті, кім ол? Қандай жол ұстады өмірден? Маган белгісіз. Соны білуғе өзім де құштармын.

Есіктен жорғалап басып, қайта кірген халфе Жұніс сөзінің жалғасын құлағы шалды:

— Инша-алла!.. Оған ешбір күмәнім жоқ... Сенің де мұсылман жолында екеніце шегім бар, — деді халфе орнына отыра беріп.

Жұніс атып тұрды. Иегі кемсөңдеп, қолы дір-дір етеді.

— Мынауың тілін тартсын, әйтпесе — мен кетем! —

Жұніс халғені саусақымен нұсқап, Нұрылла хазіретке қарады. Хазірет үндемеді. Тәспіғын тартып, отыра берді.

— Тартпаймын тілімді! Бұл Жұністің қазақ баласына жік салмай, бөлектемей жүрген күні жоқ...

Жұніс ләм-мим демеді, қамшысын алып үйден шыға женилді. Тепта да үн жоқ, сол жақтырмagan қалпында қала берді. Кәкенов іштей «кетсе кетсін» — деді.

Кәрден ұялғаннан тысқа шығып, Жұністі аттандырып, қайта оралды. Габдулла оның құлағына: «Көнбейді. Барсын! Қайта сөзге қонақ бермей бұлдіретін еді» деп мырсымұрс құліп алды.

Жиылған ақсақалдар ұзақ отырды. Шай ішті. Артынан ет жеді, Жұністі жақтырмаса да, сол Жұністің айтқан сөзіне кеп тоқтады. Боқы ұлы Тоқашпайға кісі салып: «Райдан қайтсын, ел ішін жүдепесін. Ал, егер де көнбесе, ұстасатын жерін айтсын. Бүкіл қазақ баласы лағнат айтпақ!» деген сәлемді жолдамақ болды.

— Райдан қайтпаған күнде, біз оны мұсылман деп, қорғай алмаймыз! — деді халфе етегін желпіп.

Кәкенов мысықтай басып, ақырын зыта жөнелді.

Қонақтар тараған қездे, Бикен әкесінің қасына келді, жаңағана шотты қолына ап, есеп-қисабына кірісестағанды. Бүгін үйінде болған кеңестің шет-жагасын Бикеннің де құлағы шалған.

— Эке! — Бикен қаншама даусын жұмсартып айтам десе де, дірілдөңкіреп, жүрек толқынын білдіріп қойды! — Осы Тоқашта неңіз бар? Біреудің итеріп салғанына неге көнесіз? Білем, тұртпектеп жүрген Кәкеннің баласы да.

— Қарағым, не айтып тұрсың? — деді әкесі шоттан басын көтеріп, ақырайып.

— Анада, соғыс күндері жүрттың малын тартып алғанда сізге Тоқаш тимей де кетті ғой. Сол жақсылықты неге білмейсіз?.. Жүртты жинап... Баяғы заман бар дейсіз бе — Бикен әкесінің мінезін біледі, бір туласа, ерді мойнына ап, оқыс тулады. Сондықтан баса айтып, бетін тойтарып тастамақ болды.

— О жолы мені аяп қалдырыды дейсің бе?

Тоқашпен екеуінің арасындағы сырды сезіп, ишара қып тұр ма деген ой Бикеннің ұятын бетіне оттай басты.

— Не демекшісің, әке?

— Қазақтардың малын тартып, ап, орыстарға әперем деп, әлгі ревкомда күж-күж етеді дейді. Алдымен мені атапты... Жаны ашығаны осы ма?

— Тіліңізден тартып жүрсіз, әке! Тыныш жүр деп талай қақсадым. Какенов дегенге еріп алдыңыз. Ол күнде өсек тасып, араларыңызды ушықтырады.

Кәрденде үн жоқ. Тыстан кірген Кәрдениң кіші әйелі де қызына қосылды:

— Жаңағы молда, қожалардан не түседі деп үйір боп жүрсіз? Басыңа күн туса — бірі қалқан бола алмайды. Боқы ұлы мен Сағаттың ұлдары сен түгіл кешегі жалыны аузынан шығып тұрған ақ патша, жандаралмен де алысқан... Олар мұқата алмағанда, сөндердің қолдарыңынан келмес, шалым... Артын қысқан бай болады демей ме?.. — деді, толық келген қара әйел.

Ертеңінде Кәрден Шамалған түбіндегі аулына жүрмек болды. Малды ретке келтірмесе, ысырап боп кетуі мүмкін.

Бикені бірге барам деді. Кәрден қарсылық қылмады. Керегі де болар, ақылсыз бала емес қой...

XIX

Какенов Кәрден үйінен шығысымен Бурнашевқа барды. Қөшени кесіп өтсе болды, аржақ қапталындағы көк терезелі қызыл шатырлы ағаш үй — Сәлімгерейдің үйі. Қақпа ашиқ, аула ішінде күркеде Сәлімгерей мен тағы біреу отыр. Габдулланы көріп қап Сәлімгерей айғай салды: — Габеке!

Жолы болар жігіттің жеңгесі алдынан шықты деген осы. Жанындағысы кім? Какенов жақындай бергенде-ақ таныды — Яшайло. Бұл қайдан жүр, көптен көрінбей кетіп еді?

Сәлімгерей мен Яшайло бұған қарсы жүрді. Сәлімгерейдің әке-шешесі ауладағы флигельде ме, бөлмелерінің есіктөрі ашиқ, үй саңғырап бос тұр. Какенов үлкен Бурнашевтың қарындасты Асмамен ашна болса да, Бурнашевтердің үйіне кіргені осы да, бөлмеден бөлме, ең түпкіргісіне алып барды — тегі Сәлімгерейдің еншісіне тиғен тәрізді. Терезені қызыл шұғамен жапқан портьера. Төрт білтелі канделлябр тұтас жанған. Үйдің іші жап-жарық. Ортадағы жаңағақ ағашынан жасалған дөңгелек стол басынан қонаққа орын берді де, қайқы бас, шала табанды тоқымалы креслоға Сәлімгерейдің өзі сұлқ етіп отыра кетті. Эрі-бері тербе-

ліп, ыңылдал, татар әнінің мақамын салды. Жаңа тебіндеп келе жатқан сары мұртын шүқылап:

— Сүйінші! — деді Какеновқа. Әшейінде Сәлімгерей қалжындағы беретін, сондай есер қылық па деп, Габдулла маңыз бермеді. Бірақ сөзге Яшайлор араласты.

— Сізге бір адам сәлем жолдап: «Жетісудың ауа райы қалай екен?» дейді...

Какенов абыржып, екеуіне жалтақ-жалтақ қарады. Ойбаяу, бұ құрғыр қайдан естіген? Әлде Жақыпбек салып отыр ма?.. Алғашқы толқынды үрей кейін серпілді, ақылы есіне түсті: Яшайлор Қытайға барып келген жоқ па?.. Фальковский біле ме екен?

— Рахмет, Жетісу күні ашық! — Габдулла көзін алмайды Яшайлодан.

Яшайлор пешпетінің өңірін сөгіп таза шүберекке орауды тіліктей қағазды ұсынды. Сәлімгерей мен Яшайлор дос. Сәлімгерей мен Какенов дос. Енді Қытайдан келген хатаркылы үшеуінің де тілегі үштасты. Осы түйіннен кейін Габдулла көңліне демеу алғандай, хатты асықпай оқыды.

«...Яшайлодан ауызша хал-жайды естірсің. Хабарыңды үзбе... Жетісудың күні қалай? Ашық па?» Ыбырайымның қолы. Аман-есен барғаң екен.

— Қашан келдіңіз? — Габдулла тез қимылмен жақын отырып ықылас қоя тыңдады.

Яшайлор Жайнақовты Құлжада, атаман Малышевтың пәтерінде көрген. Баяғы қалпы, жүдеген жоқ, тек мұндағы қалған ағайын-туысын сілай беретін сияқты. Бикенді аузынан тастамайды. Реті келсе, со жаққа шақыратын да көңлі бар... Атаман да күйісіз емес. Маңына осы Жетісүден, Семейден, сонау Ресейден қашқан-пысқандар тегіс жиналған. («Қашқан-пысқандар» — Габдулла іштей мырс етті.) Қол жинап жатқанға ұқсайды. Яшайлор сөзін Жайнақовтың тапсырмасымен аяқтады:

— Ата жауы түрғанда қазаққа күн жоқ. Алдымен содан құтылсын. Сонда мен де елге қайтар едім,— деді «ата жауы» кім? Оны айтпады. Өзіңіз түсінерсіз!

Какенов түсінді. Ол бүгін де ақсақалдардың талқысына түсіп, сөз болды

— Кім екенін мен де түсініп отырмын! — деді Сәлімгерей орындықта әрі-бері теңселіп.

— Эй, сен кеше солдатша киініп, иығыңа мылтық асып жүргенің қайда? — Какенов кекете сөйледі.

— Эне, босағада ілулі тұр... Анада алдыңғы шепте болып, Совет өкіметін «қорғадық». Со да жетпей ме? — Сәлімгерей сылқ-сылқ күлді. «Қорғадық» деген сөзге аса мән беріп, тұрлей айтты.

Какенов кешегі ақсақалдар сөзінің түйінін ғана жеткізді. Боқының ұлына кісі салмақ болды.

— Ең қыны,— Кекенов бұл екі жігіттің жүргеғіне кілт таппақ ниетпен қынжыла сөйлемді. — Жұрттың малын тартып ап, қайдары қашқын, бұзықтарға, орыстың мұжынына бермек дейді.

— Қашқын дейсіз. Шыңжан мен шекара қаратопыр көшкен ел. Баяғы ауған қазақтар қайтып жатыр... Алды елге қелді, — деді Яшайлө Кекеновтың сөзіне сөз қосып. — Ти-ыш келсе, бір сәрі, бәрінің аузына су бүркіп койғандай: «Тоқаш Боқы ұлын білесің бе?.. Қайда екен? Өкімет басында дегені рас па?» деп жар сап, кез келгеннен сұрайтын көрінеді...

Кекеновтың денесі тітіркенді, құмырсқа жорғалаған тәрізді. Елде сойқан енді басталады... Ұшеуі ұзақ отырды. Сол түні қол соғысып, уәде байласты, бірі өлген жерде бірі өледі, жан қияр дос болады. Заман солай, бірлеспесе құрыш кетеді...

Сақа Пішпекте өкіл бол, Қытайдан ауыш келген қазақ-қыргызды бұрынғы мекенине қондырып, ауылдарда комиссар сәйлады. Селолардан азық-түлік дайындауды. Осы күндері ревкомнан телеграмма алды: Пішпектің уездік ревкомына өткізіл, уездік партия комитетін құруды тапсырыған. Е. бұл, Алматы деген сөз. Енді оңайлықпен Пішпектен кете алмас Сақа... Ренжіді, тулады, не керек, тәртіп. Соғыс әлі біткен жоқ. Партия қайда жіберсе, соған барады. Қөнбеске, шара не?.. Бір күн елді аралап жүріп, Глафираны іздеп, ол Тоқпаққа да соқты. Глафираның үйін де тапты. Бірақ Глафираның нағашысы «Глафира жоқ, Ташкентке кеткен» деп келте жауап берді. Ең соңғы жазған хатында қызы: «...Тоқпақта тұрам... Қөңілсіз. Енді аз күн осында өмір сүрсем: не асылып өлем, не қашам. Екінің бірі...» деген-ді. Қашқан ғой. Сақа қамығып, салы суға кетіп Пішпекке оралды.

Әкесі Глафираны Сақадан қызғанып, қуып жіберсе де, хат жүрек сырын тасып тұрды... Қатынас төңкеріс күндері ғана үзілді. Содан бері Сақаның Глафира ізіне түскені

осы да. Кеш қалған екен. Ертеңінде Сақа Верныйға аттаңды — төсек-орнын алып, біржола оралмақ болды.

Пәтеріне түсер-түспестен әкесі Жұніс кіріп келді. Сақаның қуанғаны сонша, жуынып кеп сүртініп жатқан ора-малын қолынан түсіріп алды. Шоқша сақалы кемсеңдей, Жұніс те құшағын жайып, өзінен бойы ұзын талдырмаш ұлын бауырына қысты.

— Сақажан, тірі көрісетін де күн болады екен-ау! — Жұніс даусы ширак, жайдары, ұзақ сағыныштың сарыны білінбейді. Сақа әкесінің үн ыргағына қосылды. Қүле сөйледі:

— Ертең келсеңіз көрісе алмайды екенбіз.

— Апырмау, балам, шешеңді ұмытқаның ба? Келсем, екі көзі төрт — не сен, не мен жоқ. Жүдеп-жадаған. Әйттеуір, ағайындар көмектесіп, көз болған. Гүлжан сол үйді алып тұрған!..

Сақа шын қынжылды. Әрине, теріс мінез. Қандай күн туся да шешені ұмытуға жарай ма? Бірақ абақтыдан алғашқы шыққан жылы, февраль оқиғасынан кейін бір барып, мауқын басып, жатып қайтқан. Содан бері қолы да тимеді-ау. Төңкөріс, одан есті жаңа жия бастағанда ақтар бүлігі кіді... Енді мынау Пішпек ауысты. Қызметті тастап кетуге болмайды.

Жұніс үққан тәрізді. Қайтып бұл жайында сөз қозғамады, тек дәл кетерде: «Жазда шешене сұранып барып қайт» деді. Ұлы уәдесін берді.

Жұністің асығыс шаруасы — ел жайы екен. Бұл әңгімені жаңа ғана бастай бергенде, үйге сау етіп Тоқаш, Ораз, Жақынбек, Абдулла кіріп келді. Бәрі мәз-майрам шуласты да қалды.

— Сенің қалаға келгеніңді мына Жақынбек терезеден көріпті. «Ағызып біреу өте шықты, қарасам — Сақа» дейді... Содан құстай үшып, маган жеткені... Жаңа ғана Абдулла кеп отыр еді, — деді Тоқаш қайдан білгенін баяндап.

— Сендерге мен де бір адамды көрсетейін! — деді Сақа артына бұрылып. Бұрышта, слеусіз тамашалап қарап отырған Жұністі нұсқады.

— Мә?.. Жұніс... Жүкең ғой?! — деді Тоқаш ілгері аттап. Құшақтасып, төске төс соғысты. — Жол болсын?

— Сендерді ізден келдім. — Жұніс ши барқыт пешпетін шешіп, қамшат бөркінің ішінен қара барқыт тақиясын киді. — Шырағым Тоқаш, қазақтың уытты баласы ең, сақ бол. Жауың, көп екен! — Бұл сақтық сөзден кейін әлгі бір

әзірде болған әңгіменің шет жағасын сездірді. Түстеп айтпады. Сақа әкесінің бұл мінезін ұнатпағы. Жақын ниеттес адам, ол бас қосқан қазақ халқына жаны ашыған ақсақалдар емес, белгілі кім екені... Бірақ Жұніс пәлен «бүй» деді, түген «сүй» деді, деп атын атамаса да, түсінген адамға өз сөзі ғып біраз сырдың бетін ашқандай болды.

— Осы сен екеуіңе не жетпейді? Тоқаш, саған баса айтам: қазақтың озық туган ардагері ең, не болды, елді шулатып осынша?

Токаштың жарқабағы түйіліп, көзін Жұніске қадады.

— Шулағаны қалай, Жүке?.. Ел ішінде аштық. Ана он алтыншы жыл өзіңізге серік болған ерлер де қайта оралып жатыр, не басында лашығы, не аузында наны жоқ. Оларды сорлатып қойып, байлардың аузынан майын ағызып мен отыра алмаймын. Не десе, о десін...

— О да дұрыс. Қадамың қайырлы болсын! Бірақ ұрып-соғып, зорлықпен жалғыз не бітіресің, жау көбейткеннен басқа?

— Сабыр, Жүке!.. Революция деген миллион халықтың күш толқыны, ығысып жол бермесс таптап, басып өтіп жүре береді. Ол миллионды не сіздің, не менің тоқтату әлімізден келмейді...

— Менің айтарым — жалғыздың үні шықпас. Маңайға дос жинаған жөн, балам. Революция деп мастана беру-үшқарақтық. Сендер аз, олар көп, ертең қор боп жүрмеңдер... Әр көшениң мүйісінде дастарың тұрган күні ғана қорықпай, тыныш үйқтауға болады...

Тоқаш күлді. Жұніс бұл сөзді анада бір айтқан еді.

— Эй, тәйір-ай, қазақ атам. «Қырық күн атан болғанша, бір күн бура бол» деген. Қәзір жүзін тойтарып тастамаса — пәлен жыл үстем болған байлар кедейлерге ерік бере ме?

— «Көп қорқытады, терең батырады» деген тағы бір мақал бар, оны есіде алмайсың ба? Он алтыншы жылы біз неге құрымадық? — Жұністің көзі шатынай түсті.

— Қазақ кедейлері көп, бірақ байлар ықпалынан әлі шығқсан жоқ. Олардан гөрі білекке сенген дұрыс қой,— деді бір жағынан Ораз.

Сақа бұл пікірге қосылмайды. Ертең большевиктердің арқауы болатын, елде байларға қарсы тұрып, социализм құратын осы қазақ кедейі... Бірақ Жұніс сөзінде де шындық бар, қапыда қалмау керек. Тоқаш тым батыл...

Жұніс пен Тоқаштың жекпе-жек айтысы созыла басталғанда Жақыпбек сәтті бөлді.

Ораз, Жақыпбек, Абдулла үшеуінің де солтүстік майданға аттануын сөз қылды.

Атаман Анненков Аягөзден Қапалға қарай бет алған. Оның «шабуылын тоқтатыңдар, бар күшті жұмсаңдар!» деген Москвадан, Лениннен телеграмма алған... Ертең қызылгвардияшыл полк соған қарсы аттанбақ. Емелев — майданның қолбасшысы да, Ораз, Жақыпбек, Абдулла саяси жұмыс жүргізетін қызыметкерлер... Ертең ерте жүреді Сақа жақсы оралды. Кім бәр, кім жоқ — арманда қалмай қоштасқан да жөн. Тоқаш болса елге шығады. Жеті басты жалмауыз — аштық ел ішін әлі жайпап жүрген көрінеді, оның үстіне Қытайдан азаматтар да қайтып жатыр. Кеше Тоқаш өзі шақырып кеткен, қарсы алмаса бола ма? Фальковский Жақыпбектен есебін тауып құтылған көрінеді. «Әскер ішіндегі өкіметтің жауымен күресесің» деп, Жақыпбектің иығынан да қаққан... Бұлар түн ортасы ауа тарқады.

Алматы — тентек өзен. Таудан сарқырап ағып кеп, жолында жатқан үйме тастанға соғылады да, шыр айналып, көбігі шығып, жогары атылады. Сылдыр-сылдыр — қайда асығады екен?

Тоқаш жиекте, сандықтайды текше тастың үстінде отыр. Қезін судан айырмайды. Аңғырт ойы осы өзен сүйна ұқсайды. Асығып, өмір ағымын қуып, кейде озып та кетеді. Өмір зымырап өтіп барады. Құн сайын жас баладай, Совет екіметі нығайып, аяғын тәй-тәй басады. Құн жылға парапар. Бүгін таң атқалы Тоқаш талай оқиганы басынан өткізді. Кеш түскенше әлі нелер оқиға тумас екен?

Бүгін ревком жойылып, оның орнына облыстық атқару комитеті құрылды. Тоқашты мүше ғып өткізіп, ұлт мәселесін басқаратын комиссариатты жүктеді. Тап осы мәжілісте Тоқаштың баяндамасын тыңдады.

Ел ішінің өмірі — қысқы түтеген ақ боран сияқты, үйтқып халыққа бас көтертийді. Қытайдан көшіп келіп жатқан ел... Ерсілі-қарсылы ағылып, қашып жүрген ақтар... байлардың өсегі... жеті басты жыландай аштық... Осы жыланмен күрес тәсілін, өзінің тәжірибесін сөз қылды Тоқаш.

Ереминнің ұсынысымен президиум Тоқашқа алғыс айттып, қайтадан елге жіберді. Елде Совет өкіметін нығайтып, кедейлерге теңдік әперуді, ірі бай-манаптардың малын тар-

тып ап, аш қазақтарға беруді, Қытайдан қайтқан елге жәй тауып беруді тапсырған еді президиум.. Ертең соған жүрмек.

Бұл бұл ма, кеше өткен күні қанша оқиғаны Тоқаш басынан кешірді. Бірінші социалистік полктің командирі Лука Постапыч Емелев солтүстік майданға аттанды. Тоқаштың балапандары Ораз, Жақыпбек, Абдулла — бәрі де серік бсп Емелевпен бірге кетті. Бүкіл қала бол қоштасып, шыгарысып салды... Сол күні кеш Қытаймен шекарадағы жанжалды шешүгे, ауып жүрген қазақтарды қайтаруға комиссияның бастығы болып Павел Виноградов та ертең Құлжа жүрмек.

Қашып жүрген ақтар Жаркент қаласына шабуыл жасап, соған Сергей Журавлевті жіберді.. Ескі достар бытырап, тұс-тұс жаққа тарады. Енді кім қалды?.. Еремин! Науқас. Тиген оқтан денсаулығына ақау келді. Кей күндері қызметке шықпай, төсек тартып жатып та қалады... Тоқаштың әлденеге көnlі жабығып, мұңайған жүзбен судан көзін алмайды... Су түбінде шалғын қара мұртты, кең иықты, мосқал ерекк пайды болды.

Тоқаш басын көтеріп қараса — өзеннің аржақ жиегінде Махмут түр. Ыржияды.

— Маха!.. Уа, Маха!

Үн-түн жоқ, аяқ киімін шешіп ап, Махмут суды кешті. Шалп-шұлп жүріп келеді... Өзеннің ортасына жете бергенде, аяқ сүрініп кетіп, жалп етті, иірім су ағызып ала жәнелді.

Тоқаш абыржып, ұшып тұрды. Ойырмау, шынымен суға кеткені ме? Тоқаш етігін сұрып тастап, тұра ұмтылды. Шалқалап ағып бара жатқан Махмут су ортасындағы қара тасқа соғылды. Тірі жан гой, Тоқаш жеткенше, өзі де түрегелді.

— Маха, не болды саған? Мас емессің бе?

Үстінен су сорғалап ағып тұр, ширатылған қара мұрты жаңбыр астында қалған сабақтай, салбыраған. Әшейінде маңына адам дарытпайтын кербез Махаң, сүмірейген, ұсқыны кеткен. Адам аз нәрседен сыналады дейтін Петр Алексеевич. Бұл сөзге қарағанда Махмут жаны осал да томырық.

Махмут киімін сығып, Тоқаш қасында мұңайған кейіп-пен отыра берді. Бетінде шырмау бар. Сөзуар, жайдарлы Махмут жоқ.

— Сөйле, Маха!

— Тоқашжан... Сені... өз баламдай көрем. — Махмут сөз таңдалап айта алмай, қиналады. Тілінің ұшында бір сөз тұр, бірақ күрмеліп шықпайды. Махмут сөзін қайта жалғады. — Қала ішінде «пыш-пыш» өсек көбейді. «Мұсылмандарды жек көреді, шоқынды» деп те күңкілдейді... Тілің ұшынан шықпасын, мен айтты деме. Әйтеуір, қасың көп...

Тоқаш бұл «сырды» осыдан он күн бұрын естіген. Мейлі, ит үреді, керуен көшеді.

— Маха, оған қынжылма! Мен ондаи бұзық емес, көріп жүрсің ғой: қазақ халқына жақсылығымды аядым ба? Жоқ! Кеше қолын қазақ баласының қанына бояған Какенов те жүр жер басып... Ертең тағы да ауылға жүрем. Байлар малын кедейлерге әперем...

— Қалай әпересің? Тартып аласың ба, пәлен жыл жинаған малын?

— Малды өсірген бай емес, малшы-батрактар, Maxa! Мына сен... Қазір кішкене байшікеш қатарына ендің, бұрын қарақасқа емес пе ең. Есінде ме, Қәрденнің малын айдал, жаяу Орынбор, Троицк базарына барғаның.. Қәрденнен алмақ ақың болса — ертең елге кел... Мал берем...

Махмут үндемеді. Тұр-әлpetі жақтырмадан тәрізді. Қабабы түсіп, ерні дүрдиіп, отыра берді.

Тоқаш Қәрден байлығын Махмуттың көз алдына елестетті:

— Қалада екі жерде жеті-сегіз бөлмелі ағаш үйі бар. Қек базардағы жарты көшені алған мата магазині, терітерсек сататын лапкеге де сол ие. Мал базарының қожасы да сол Қәрден. Бұл Верныйдағы байлығы. Ана Жаркентте, Әулиеатада, Шымкентте, Таңкенттегі магазиндерін қайтесің? Шамалғандагы үйір-үйір жылқы, қора-қора сиыр, тау жайылымдағы сеңсөң қой кімдікі? Інің Әділдің байлығын былай қойғанда, кешегі күйеуі Зәкірдің дүниесі мен Қытайға қашып кеткен кіші күйеуі — Жайнақовтың байлығына сан жете ме? Қәрден тамаққа шыққан бездей тармақтанып, бүкіл Жетісу өлкесіне жайылған... Одан зорлық көрген Махмуттың жаны неге ашиды? Тоқаш түсінбейді.

— Мұсылман ғой?

— Қәрден мұсылманның жаны ашып, саған мұлкінен бөліп берді ме? Ал, сен оған маңдай терінді, тапқан-таянғаныңды неге бөліп бересің?

Махмут мәу деген жоқ. Әңгіме торы үзілді. Тоқаштың ызасы кеп орынан тұрды: — «Ей, Тоқаш-ай! Кімге сөзің-

ді өткізбексің?..» Іштей шамданып, үйіне қайтты. Махмут үқпайды!..

Салқын түсіп, көлеңке ұзарған мезгілде, Эрмиш шал қақпаның алдын сыбырып жүр екен:

— Екі қазақ сені тосып отыр. Ана бақшада — деді ол.

Әдептінше жылдамырақ басып, Тоқаш қснақтарға кеп, сәлем берді. Пәтеріне алып кірді.

— Шырағым, комиссар қазақ Бокы баласы сен боласың ба? — деді қазандай сәлдесі бар, бет-аузы түк-түк, шоқша сақал, шұбар молда.

— Осы кісі!.. Амансың ба, Тоқашпай! — деді пысықша келген қауға сақал қыргыз. Е, әлгі Қалдыбаев екен гой. Тоқмақта еді, мұнда не ғып жүр? Қыргыздардан алаш тобына атсалысып жүретін ссы мен Аралбас ғана деген еді-ау... Мұның Тоқашта не жұмысы бар екен?

— Шырағым, сізге халық атынан аманат алып кел едік. — Шоқша сақал молда сөз бастады. Тоқаш қснақтардың әрбір бет тыржыцын, қабақ қағысын бос жібермеді, аңдан отыр.

— Аманат құдай хақы деген, Тсқашпай. Көп атынан келген елші, той атынан сөйлейтін шешенбіз. Жақсы сөз — жарым ырыс. Әуелі жақсылықтан бастайық, — деді Қалдыбаев қапсағай денесімен одағай бұрылып.

— Ия, қазақ қауымының маңдайына туған жұлдызы, төл ұлы көрінесің, шырағым, жолың оңға бастағай да. Атыңды өсітіп қуанып, ісіңді естіп қайғырып кеп отырмыз.

Тоқаш көңіліне секем алды: «Қайғырып кеп отырмыз»...

— Не боп қалған екен, молда-еке?

— Халфенің сөзі ақ жүректен шыққан халық мұңы, Тоқаш! — деді тағы Қалдыбаев молданың сөзін бөліп. Тоқаш халфенің бұрын атын естігені болмаса өзін көрген жоқ-ты. Халфенің «тырнағы уытты» дейтін Сәт... Е, осы екен гой!

— Бүкіл Жетісудың бетіне шығар қаймағы саған қолқа артады, балам! Басымызды қосып ел қылсын. Қазақ дейтін атымыз, мұсылман дейтін дініміз бар еді, бізді кәпірге қорлатпасын дегенді айтады. Сенен соны тілейді. — Халфе шүйірле қарады.

— Е, мен қазақ үшін қызмет етпей жүр ме екем?

— Сол қызметің қазақ пайдасына болмай, орыс тілегіне сәйкес дейді. — Халфе сақалын сипады.

— Кате. Жаудың өсегі. Байлардың жаласы!

— Қазақ-қырғыз баласы біріне бірі қас дегенді естігеп-нім осы! — деді Қалдыбаев қыстырылып.

— Екі қазақ бар, Қалдыбаев, оны сіз білуіңіз керек. Кешегі елді, халықты қинаған байлар. Екіншісі — езілген, құл-құттан кедейлер. Соның қайсысын жақтап келіп отырсыздар?

— Екеуін де! — деді молда жұлып алғандай.

— Онда мен сіздердің елшілігіндегі қабылдамаймын!

— Елден, жұрттан асып қайда бармақшысың сонда? — Қалдыбатың дусы шыныдай шатынады. Елшілердің мәймәңкені қалдырып, қамшыны тура басқанын аңғарды Тоқаш.

— Ат төбеліндей қазақ байлары ел емес, олардан кетсем кетіп-ақ қояйын... Қысқа айтыңыз: не тілейсіз менен, халфе? — деді Тоқаш, түсін суытып. Қалдыбатың мұрны тыржындалап, жақтырмаған пішінмен теріс қарады. Халфе қу жымын жылы үнмен, мәнерлей сөйледі. Уысын ашып, енді қалай түспес екенсің дегендей, дәмелі де.

— Ақылың — дария, жүргегің — арыстан, шырагым, сені халық солай үгады... Өз халқың, өз елің, туған жерің, тыйышын алып, жіктеп қайтесің.. Ақсақалдардың қатты тапсырғаны осы. Біріншіден: қазақ малын тартып алуды қойсын, қазақ кедейленіп, орыс байығанда не түседі. Екіншіден: алаш кеңесінің кілтін қайтарсын деді. Осы екі тілек орындалса — батамызды беріп, ел боп, үстіңе кір жуытпаймыз. Солай емес пе, мырза? — деді қасындағы Қалдыбаевтан қошемет күткен халфе.

— Дұрыс, рахмет! — Тоқаш кекесінін халфе түсінбеді ме, жұлып алғандай:

— Е, өркенің, өссін. Бәсе... қазақ баласы қазақтан кетуші ме еді,— деді.

Халфе женілтек, адымы қысқа, ашуқор сияқты көрінді Тоқашқа. Эйтпесе, үн ырғағын сезуі керек еді. Рахмет деген сөзді Тоқаш қалай айтты. Ұқпаса, енді соқырға таяқ ұстакандай үғындырады.

— Сол сіздерді елші ғып жіберген ақсақалдарға сәлем айтыңыз: қазақтың көпшілігін, бұқарасын аштан қырып, комиссар боп отыра алмаймын. Ондай комиссардың құны бір-ақ тиын. Айта барыңыз: байлар малды еркімен қоңсы-қолаңына бөліп берсін. Тимейін. Ал, алаш кеңесінің кілті берілмейді. Ол мекеме жабылған!

— Солай ма? — Қалдыбаев атып тұрды. Дірілдеп:— Ақырғы сөзің осы ма?

— Осы!

— Онда бізден жақсылық күтпе! — деді Қалдыбаев.

— Өз обалың өзің шырағым! — деді қосарлана халфе.

— Корқытасың ба, Қалдыбаев?

— Корқытам: қайт райыңдан!.. Эйтпесе, тұрысатын жерінді айт! — Қалдыбаев тісін шықырлатып, Тоқаштың бетіне төнді.

— Тұрысқан жерім — байлардың аулы!

Қалдыбаев кіжініп, үйден жүгіре шықты. Соңынан қысқа адыммен жыбырлай басып халфе де жөнелді.

Тоқаш ұзақ ойланды. Жау қорқытып кетті. Қолынан келгенін енді аямайды. Кімді кім бұрын шалады, сол жығылмақ... Махмуттың бүгінгі қынжылуы осы екен той. Бұғып, алған беттен таю революция ерінің арына сыймас. Қайта бұлардың жүзін тойтару керек. Ол үшін — ашық хат жазып, әлеумет сотына сап, әшкерелесе...

Бұл — тұндегі Тоқаш ойының түйіні.

Ертеңінде Тоқаш «Бостандық таңы» газетінің редакциясына барды. Редакцияда үй сипыруши әйелден басқа ешкім жоқ екен. Редактор облисполкомға, хатшысы типографияға кеткен. Тоқаш редактордың кабинетіне кірді де ашық хат жазды.

«Азамат редактор!.. Газетіңіз арқылы осы ашық хатымды жарияласаңыз екен...» Тоқаш тағы бөгелді. Әлденеге елегізіп жан-жағына алаңдады. Құннің көзі терезеден сывалап, еденге әшекейлі ою салады.

«... Бұкіл жүртқа айтам, бар даусыммен айғайлап айтам: байлардың қоқанлоқысынан қорықпайым! Еңбекші халықты жақтаудан, алған бағыттынан, ұстаған жолымнан қайтпаймын... Халық кегі теңіздей шайқалып, булыға толқиды. Сол теңізде қалтылдан есіп бара жатқан жалғыз қайық байлардың өмірі...»

Сөзін аяқтап ұлғірmedі, сенектен шу естілді. Дабырланған қатал үн Тоқаш атын атаған тәрізді. Біреулер сатымен жоғары қөтерілді. Тоқаш дегбірсізденіп, есікке төнді.

Шинель киген, мылтық асынған бес әскер кіріп келді: алдыңғы қарабұжыр, көзінің ағы бар дұнған таныс сияқты, бірақ басындағы шлем, шинельден бе, атын есіне түсіре алмады. Оның артында ақ сары татар, бір жақ бетін, бір көзін ақ шүберекпен таңып алған. Жалғыз көзі жарқ-жүрк ашу атады.

— Сенің фамилияң кім? — деді қарабұжыр.

— Бокин! — Тоқаш орнынан тұрды.

— Айда, жүр! Сені іздеп таба алмай жүрміз. Соғыс комиссары сені алып кел деп бұйрық берді!

«Соғыс комиссары?» Жоқ!.. Бұл мүмкін емес...

— Қәне, рұқсат қағазың? — Тоқаш сезіктенді.

— Какое тебе разрешение? — Қарабұжыр Тоқаш алдында жатқан қағазды жұлып ап, ақ сарыға берді де, Тоқашты нұқып қалды. — Жүр, айда!

— Жүр-жүр, айда! — Қарабұжыр Тоқаштың жеңінен тартты!

— Үстама! — Тоқаш қалтырап зілді зекіді. — Бармаймын!

Үшеуі жабыла түсіп, сүйрелеп сенекке алып шықты.

Таныс адамның көзге түспеуін... Қап, Құрышпай да білмей қалды-ау отрядқа жеткізетін. Кеше «Атты жайып, түске қарай әкел, қонаға жететіндей боп аттанайық,» — деген-ді Тоқаш.

— Алактама! — деп арт жағынан біреуі мылтықтың дүмімен желкеден түйіп жіберді. Тоқаштың миы аузына түсе жаздады. Етбеттеп құлап барып тұрды.

Пәлеге ұшырағанын Тоқаш енді сезді. Соғыс комиссары жіберсе, бұлар қол жұмсамас еді. Халық көп жүретін көшеден ығысып, қалтарыс, оңаша көшемен алып жүрді.

— Мен бармаймын! — Тоқаш қарсыласты. Осы кезде алдарынан бір топ адам кез бола кетті. Бір үйдің ауласынан шықты ма, мүйісте тосып тұрған ба, келе қоршады.

— Әлгі шоқынды осы ма?

— Э, әкеңнің... көрдік-ау сенен көресінді.

— Соқ! — біреуі таяқпен салып өтті. Қызыл танау елірген топ апыр-топыр жабыла түсті.

— Тұгандар! Мен комиссармын!.. Танымайсындар ма?

— Мә, саған комиссар!

Екі-үшеуі жабылып алып соғып, Тоқаштың үстіне мінс түсті. Бірі тепті, бірі ұрды, қолы жетпегені жерді сабалады.

— Ал өшінді!

— Өтті ғой ызасы!

— Кеше қазақ малын тартып ап, базарға сатқанын көзім көрді.

— Мұсылманды зәбірлеп, малын орысқа берген шоқынды осы!..

Тоқаш бұдан әрі топ сезін аңғара алмады, есі ауа бастады. Еттен өтетін алғашқы таяқ екен, аздан соң Тоқаштың еті үйреніп алды — кескіледі ме, шімшіді ме, тепті ме, бірін

сөзбеді. Әйтеуір, шу, кіжінген келте сөз, кейде біреудің: «Өлтіресіңдер ме?» деген аяған сөзі құлағына еміс-еміс ілінеді. Тоқаштың бар әрекеті — қолымен басын құркелеп, көзін қорғап бақты. Аш қасқырдай құтырған топ талай берді. Кім болса да жау, өшін алды!

— Туыстар, бұ қалай? — Естімейді. Есінен танды... Ұйқыдан зеңгіп оянғандай, есі кірді: арық басында біреу бет-аузының қанын жуып отыр.

— Ойырмай, өлтіріп жіберуге аз-ақ қалған!.. — деген сөзді құлағы шалды.

— Тоқа!.. Қалайсың?

Құрышпай!.. Тағы кім? Әскер... Өзінің отряды ма? Тоқаш қайда жатқанын, не болғанын енді аңғарды.

— Құрыш, көзім аман ба? — Тоқаштың бір қорыққана көзі. Соқыр бол өмір сүргенше өліп кеткені артық! Бір көзі іскең, жөнді аша алмайды.

— Оң көзінді жұм!.. Енді сол кізінді аш, қара!.. Не көрдің?

— Саусақ!

— О, көресің!.. Атты алып, пәтеріне жақындей бергенде, Махмут жолықты. «Ойбай, сұмдар редакцияға аңдып барып, Тоқашты үрып жатыр» деді... Тура шаптым... Келсем, топ тараган. Мына тұрған орыс солдаттары — патруль құтқарып алған. Сені таниды екен...

— Ұрған кімдер? Ұстадыңдар ма?

— Қашып кеткен... Үшеуін ғана тұтқынға алдық. Белгілі байдың балалары... Ақ сары татар — Бурнашев, қара-бұжыр дүнған Яшайло бар ішінде...

Ух! Сол қолы қозғалтпайды. Сынған ба?.. Сонша қатты ауырады — жанын көзіне көрсетті-ау.

Арба да кеп жетті.

— Аурұханаға алып барыңдар! — деді салт атты. Тоқаш бетін бұрса — Еремин екен!

Еремин дәрігерден ұқсат алдып, палатаға кірді. Тоқаштың қолы таңулы, жалғыз өзі жатыр екен. Өңі қашқан, тек ерні ғана құлімдейді. Үлкен кара көзінде толқыған ойдың таңбасы ашық көрінеді. Сау қолын созып, Петрдің саусақтарын қапсыра ұстады, қысты.

— Қалайсың? — Петрдің көңлі бұзылып, аузына сөз де түспеді.

Тоқаштың мінезі өзіне мәлім — аяғанды жек көреді. Бірақ, жаудың қылығына жаны түршігеді. Тұні бойы қынжылғаны сонша, ұйықтамай шықты. Қасқырдай талаған.

Патруль кез болмаса — өлтіріп тастаң, тұс-тұс жаққа тарап кетпек. Сонсоң тап кімнің өлтіргенін? «Ашулы халық аямаған, өшін алған, үшқалақ болған өзінен көрсін» деп қарсы дау салмақ! Бұл жаудың белгілі құлығы.

— Сол жақ бұғанамды сындырса керек... Қозғалтпайды! — деді Тоқаш.

— Кеше бұл жайында облыстық атқару комитетінде сөз болды... Сұрастырып қарасақ, байлар тергеусіз сот құрған: Сенің басқан қадамыңды аңдып жүріп, редакцияға жалғыз барғаныңды көріп қалған...

— Білем кімнің ісі екенін... — деді Тоқаш, — қалай да мені елге шығартпаудың әдісі.

— Сонда кім деп ойлайсың?

— Какенов!..

Петр Алексеевич өзі де солай үйғарады. Бірақ жауапқа тарту үшін күэ керек... Ана, қолға тұскен екеуінен қысып сұраса — айтар да. Зерттеп, қылмыс бетін ашуды Фальковскийге тапсырды. Петр Алексеевич кәзір облаткомның әкімшілік-азамат бөлімін басқарады. Бұл жағына Еремин өзі мұқият болады. Тоқаш қапа болмасын. Аз күнде істің беті ашылады. Қолға тұскен екеуі — «бізді соғыс комиссары жіберді» дегенді айтқан екен. Бірақ Еремин телефон арқылы хабарласып еді, ол ешбір әскер жібермелеген болып шықты...

— Петр Алексеевич, мен ертең ауылға жүрем! — деді Тоқаш іс-міс жоқ.

— Қой, пожалуйста! Мына халіңмен қайда баrasың?

— Жоқ. Кетем. Дәрігер шығармаса қашып кетем!

— Жат. Емдел!. Баламысың?

— Болмайды. Мен есеп-қисап айырысам.

Еремин шын қауіптенді. Рас — қашып кетуі де ықтинал. Мінең шақар, бара қырғидай тиуі де мүмкін.

— Ойлан! — Еремин Тоқашқа ақыл салды.

— Ойландым! Байларға рахымым жоқ!..

Петр Алексеевич бұл тақырыпқа енді қайтып оралмады. Майдан жайын сөз қылды.

Солтүстікте Лепсі өзенінің жиегінде қан төгіс. Емелевтен телеграмма бар: Анненковтың қолымен жекпе-жек күреске тұскен. Құн сайын ең жақсы коммунистер сол майданға аттанып жатыр...

Дәрігер келіп, сыпайы қылышпен, Ереминнің мерзімінен аса отырып қалғанын есіне түсірді...

Сэт әлеумет өмірінен алшақтап, қиялданып, үйінде жатып алды. Өқитын кітабы — ескі қиса «Сал-сал» мен «Зарқұм», одан жалақса — кішкене бақшасындағы он шақты түп алма ағаштарын күтеді. Жаңадан бұтақтар орнатып, жер қазады...

Бұл өмірде Сэт не көрmedі? Баяғыда Петроградқа да барған. Мемлекет думасында Бақытжан Қаратаевтың сөзін де тыңдаған... Абақтыда да отырып, ақ патшаны қарғады. Құдай тілегін қабыл қылып, самұрықтың тоңқалаң асқанына да қуә болды. Кеше Уақытша үкіметтің тұтқасын ұстап, ел биледі... Соның бәрі қолдың кірі екен. Жуды — кетті. Одан Сэт өміріне не қосты, шашын ағартып, өлімді жақындағаннан басқа? Дүние — боқ деген осы.

Сэт қолындағы күргегіне сүйеніп, қазған орға үціледі. Ор?.. «Біреуге ор қазсаң — кең қаз» демей ме қазақ. Кәрден Тоқашқа ор қазып жүр, ол — анық. Сэт үйде отыrsa да, бәрін біледі. Қаланың сүмдышы, елдің өсегі, түрлі өзекпен Сэтке кеп құйылып жатады.

Кәрден — қу қазақ. Сәттің Тоқашқа сөзі өтетінін біледі, әйтпесе үйде отырган Сэт Кәрденге не керек? Кеше өзі келіп: «Сэт, қатар өскен, құрбы, туыс ек. Заман болса қыын. Келіп, дәм татып кет!» деп шақырды. Бірақ Кәрден күйгелек, ойы тілінің ұшында тұрған қазақ емес. Не істесе де, тәптіштеп, байыбына жеткізе істейді. Тоқашты орға жиғуын бір жықты. Енді соның ізінен адастырмақ.

Сэт қарағаш түбіндегі орындыққа кеп отырды. Маңдай терін сұртті. Құн шыжи бастады. Бақшага су жібермесе болатын емес. Шамалғаннан бұрып әкелген арық кешеден бері ақпай қалды, тегі қызы bekітіп тастаған ба. Су үй маңындағы жаңа өсіп келе жатқан қиярды езіп, ағызып жібере ме деген қауіп бар... Сэт аяңдал өзен жиегіне барды. Сылдырап ағып жатқан мөп-мөлдір су, аға береді, аға береді... Баяғыда Сәттің ес білген бала күнінен бастап осы Шамалған ағатын да жататын. Сол қалпы Сэт бозбала боп, бірінші рет ауылда қыздарға қарады, өзен жиегінде, айлы тұнде қызы құшақтап, махабbat сезінді. Сонда осы Шамалған құбірлең, сол тұннің хикаясын ағыс үніне қосатын... Кейін Сэт үйленді, дүние жиып, болыстық құрды, сонда да осы өзен — өзен еді... Дүние осы — өзен. Ағады да жатады, ал, Сэт сияқты сорлы пенде, тырбаңдал, тіршілік құрам деп әуре боп, қара тері шығады, ақырында тырапай

асады. Әурешілік... Сәт о дүние бар, адам жұмақта тіріледі дегенниң өзіне жөнді сене де қоймайды. Қөтерілістің алдыңғы кезінде Қастек қазагы — Жұніспен кездескен. Ол бір қияңқы, шақар қазақ. Өз айтқаны болмаса көнбейді. Сол айтқан Сәтке: «О дүниеге барып, қайтып келген адам жоқ. Кім біледі, — тірілеміз бе, жоқ, осы күйімізде шіріп қаламыз ба?» деп. Сонда Сәт іштей Жұніс сөзін мақұлдаган еді. Молдалар айта береді. Сәт түнде қараңғыда құдайға сыйынып, тілек тілесе де, күндіз күн сәулесі жарқыраган мезгілде, ұмытып кетеді... Күн әсер ете ме, қайтеді?..

Өзен жиегіне Сәттің ұлken қызы Мәлике келді, қасында — Аянбектің қызы Айгүл. Қолдарында шелек. Таң атпай, Айгүл неғып жүр екен?

Мәлике әкесіне:

— Айгүлді де әкесімен Кәрдендікі қонаққа шақырған көрінеді — деді су алып жатып.

— Э, солай ма... — Сәт енді Кәрден ойының үстінен түскендей. Аянбек пен Сәтті Тоқаш найзасына қалқан ғып ұстамақ ол.

Тоқашты қала зымияндарының иттей талағанына Сәт наразы. Бірақ Тоқаштың ел ішіне іріткі сап, байлар малын тартып ап, кедейлерге бергенін Сәт қоштамайды. Өрескел. Откен күні Қытайдан қайтқан бір жігіт келді, баяғы он алтыншы жылғы қөтерілісте — аты шулы мерген болған. Сол Сәтке бір сөз бастаған:

— Тоқаш бізге мал әпереді... Кешегі тізесін су кешкен серіктерін ұмытпаған жалғыз ғана сол... Талайдың жүрек жарасы біткен сияқты. Есінде де жоқ, — деп Сәттің өзіне тигізе сөйледі. Халық бұлдіретін де осындай қаңқу сөздер...

...Шамалған өзенінің аржақ қабағындағы ауыл — Кәрденнің аулы. Сегіз қабат ақ үй — Кәрден байдың шаңырағы. Жазда Кәрден ұлken эйелінің қасында болады. Малды таудағы жайлайға айдап жіберіп, өзі уыз қымыз ішіп, ел дауына араласады. Содан малға қоң біте, Қарқара жәрменкесіне аттанатын.

Соңғы екі жылда ол қалды. Жәрменке жабылды. Енді сауда-саттықты жең ұшынан жүргізеді екен, малды да, матаны да жасырып, Шыңжанға тоғытып жатыр деген сыйбысты Сәт әлдеқашан естіген.

Көптен өз бетімен қадам басып, ел араламаған Сәт Кәрден шаруашылығынан кем-кетік таба алмады. Сол қаймағы бұзылмаған қалпы. Ортадағы ақ үйдің маңы толған қойышықолаң жабырлап: біреуі — бие сауған, енді біреуі самауыр-

ға от тұтатқан, тағы біреуі — жерошақ басында домалатып қой сойып жатыр, жымырайған қарашаүйлердің төбесінен тұтін будақтап та шықпайды, тезегі құрғыр тұтанбайтындей, жыбысқылап, жер бауырлай ұшады. Кәрден қолында таяқ, желбегей үй сыртында тұр — екі иығына екі кісі мінгендей, жан-жағына түйіле көз тастайды.

Сәт те келіп түсе бергенде, Аянбек те қызымен келіп жетті. Аянбектің аулы да өзеннің оң жақ қабағында, Сәтке көрші, үш шақырымдай жерде тұрады. Кәрден аулынан да қашық емес, өзенде өтсе тұра арғы жағада. Жаз бола бұл үш ауыл өзен жиегіне қатар қонаады. Малдарын таудағы алқап-қа отарға жіберіп, өздері сауын малмен ғана қалады.

Арбадан екеуі де қатар түсіп, жақын келген Кәрденге сәлем берді... Кәрден үйге алып жүрді. Қонақтардың келгенін естіген Бикен де жүгіре шығып, құрбыларын қарсы алды... Сәттің көзі тесіліп: Бикен ана екеуінен бойшаң да то-лық; Айгүл нәзік, жұқа өнді, ішіндегі ең жасы Сәттің өз қызы тәрізді. Шолпыларын сыйдыратып, қыздар отау үйге бұлардан бұрын кірді.

Төрдегі төрт қабат патсайы көрпеге малдас құрып, жайлана отырған соң, Аянбек сөзін бастады. Сәт өзінен тәмендеу отырған болыстық комиссардан көзін айырмай, таңдана қарайды, кешегі — қыс бойы тауда аң аулайтын аңшы Аянбек емес, бөтен: сөзі жатық, парасат айыратын ақылға да ие. Заман осы-ау!..

— Қытайдан қайтқан ағайындар бұрынғы өзінің жерін, ата қонысын сұрайды. Талан-таражға түскен мал-мұлқін қайтаруды тілек етеді... — Сәт көз қыығымен байқап қарап еді: Кәрдениң түсі қуқыл тартқан. Тегі Зәкірдің елді талағанын өзі де ұмытпаган болар?

— Олардың қонысы қайда еді? — Сәт әдейі сұрады.

— Мына Кәрден ақсақалдың жазғы жайлауы — Ақшиде. — Аянбек бүкпелемей бетке айтады. Кәрденде үн жоқ. Мал-мұліктері Зәкір ақсақалда. О кісі жазым болған соң қазынаға тұсті деп біреуі айтады. Кеше қаладан бір жігіт келіп еді, ол Тоқашқа жолығып, ел атынан арыз айтқан екен. Оған Тоқаш: «Зәкірдің кілті қалтамда, елге барып, әуелі жер мен малдарыңды қайтарам да, қалаға қайтқан соң мұлкінді таратып берем. Со кезде хабарлас» десе көрек...

— Тоқаш ақаусыз жазылған ба екен?

— Жазылмақ түгіл мына Сартауқұмда мал бөліп жүр,

жакында осы жаққа оралатын көрінеді. — Аянбектің әрбір сөзі Кәрденге түрпідей тиіп отырғанын сезбей ме, әйтейір, бетің бар, жүзің бар демей тұрасын айтады.

Кәрден сөз кезегін өткізіп жіберіп, негізгі ойына қайта оралды.

— Сәт екеуміз замандаст ек. Мына Аянбек бізден кіші, кеше қанат астымында өскен ініміз. Бүгін заман ағымымен ел билеп отыр. Бәрі де өз орнына сыйымды мақтан іс,— деп Кәрден сөзін алғыстан орағыта бастады. — Мен ел басына туған бір қауіпті ескеरтіп ортаға салмақ едім, ағайындар!.. — Кәрден ойы аяқталмады, тыстан «Ойбай, өрт! Құйдік!» деген дауыс ауылды басына көтерді. Үйден атата шықты. Ауыл сыртында жарты шақырым жерде лаулаған өрт. Жел жоқ — көде қаулап жанып, жылжып келеді. Әдейі, бірнеше жерден қойған шоқ-шоқ өрттің арасы лезде қосылып, қанатын жая өртенеді.

Кәрден шынжырдан босанған барыстай, айғайды сап, ауылдың апшысын қуырып, өртке айдады. Қоңсы-қолаң бір-бір тіліктей киізді, қиіз қолына түспегені терлікті ала, өртке үмтүлды.

Кеш қарада бастаған мезгіл еді, дөң жақты түтін басып, қаратунекке айналды... Жалпылдап жанған өрттің қызыл жалыны аймақты алтын арайға бөледі...

Үй сыртында түрған Сәт пен Аянбектің қасына Кәрден оралды.

— Бірлік деген осы... Қайтып ел бол дейсіңдер! — деді қынжылып, аузының лебі ып-ыстық, Сәт кейін шегінді,— шын қүйінген екен Кәрден.

— Сонда өртті әдейі салды дейсің бе? — деді Аянбек.

— Енді қалай? Жай түскен жоқ... Отты шайтан экелмесе... Жаңағы өзің айтып отырған Қытайдан қайтқан жігіттер де... Енді кім дейсің?

— Олай болған күнде мен өртең атқа мінем. Бұл тағы да ел ішін өртеу, алалау... — Сәт ашуға басқанын өзі де сезбей қалды.. Тамаққа да қараған жоқ, аулына қайтты. Оны еліктеп Аянбек те аттанды. Былқыған бағланның жас еті қазанда желінбей қалды... Бұларға тоқта деп жалынған Кәрден де жоқ. Әсіресе, Аянбек сөзінің төркіні оған ұнамаған тәрізді. Татулық, бірліктің жылы лебі емес, ызғар сезіледі. Сәт те солай үкты.

Өрт басталғанда, уш қыз үй сыртындағы дөңге түзге барған-ды. Шүйіркелесіп қайтып келе жатқанда алдарынан өрт тап болды. Не әрі кете алмай, не бері өте алмай,

әрі-сәріде түршіп қалды. Бұлар өзенге қарай ойысты, үрейлі үш қыз қолдарынан ұстасып ап, жарды жиектеді. Ауыл тұсына жеткенде Айгүл ақыл салды:

— Экелеріміз жоғалтып, әуре-сарсаң болар, тура ауылға қайтайды! — Жар жиегінде отырғысы кеп, қипақтаған Мәлиkenің қолынан тартты Айгүл...

Бикен көкшіл көзін Айгүлге бір қадап, жардан атып шықты. Мәлике сүрініп, құлан қалды. Айгүл оған балаша сақ-сақ құлді. Бикен Айгүлге қызығанышпен қарап, әрбір қимылын бақылап, сын елегінен өткізіп келеді. Қазіргі құлкісі орынсыз болса да, даусы әдемі, құлаққа жағымды тиді. «Тоқаштың ғашық дегені шын ба екен?» Ұзақ күнгі жүрек кернеген осы ой. Бұл қызығаныш ой кеше туды. Аянбек аулына қатнасқан жігіт: «Тоқаш Айгүлге үйленбек, жақында той» деп көптіріп келді. Бикеннен артық Айгүл қандай қыз? Тоқаш ғашық болса, Бикеннен артық болғаны да.. Осыдан үш жыл бұрын Айгүлді бір көрген-ді. Бірақ о кезде қыз жас та, Бикен түстеп қарамаған еді... Бұл өңірде өзінен асқан қыз жоқ деп жүрген Бикенге бұл сыйбыс оңай тиген жоқ. Осы бір мазаны алған күндестік экесіне де ой қостырды: «Сәт те, Аянбек те Тоқашқа жақын адамдар, қонаққа шақырып, араласқан жөн болар... Қыздарын да бірге шақырайық...» — деген-ді. Әрқашан да қызының ақылына ден қоятын, қыз ақылымен санасатын Кәрден, бұжолы да қарсы болмады. Ертеңінде қонаққа Сәтке өзі барды да, Аянбекке кісі жіберді.

Үшеуі жардан шықса, ауыл көрінбейді, қап-қара түтін. От жарқылдамайды. Өртті сөндірген. Енді бұлар асықпады. Қөңілдері орнығып, әзілге берілді. Алдынан екі қадам озық жүріп барып, әсем қимылмен бұралған Айгүл Бикен-ді шын қызықтыра бастады. Қыпша бел, ақ құба қара қөзді жас қыздың мінезінде — тартымды қылық, сөзінде — наз бар. Бикен сол нәзік қылықты өзінің басынан таба алмай дағдарды.

— Мәликеш, қарашы, анау жетіп бара жатқан сіздің үйдің арбасы емес пе? Бізді іздел жүргеннен сау ма? — деді Айгүл.

Бикен көзін тікті.

— Рас!

— Шақыр! — Бикен қолын бұлғады.

— Ау... Ау!..

Айгүл қолымен аузын қағып, жіңішке, ойнақы дауыспен айғай салды. Айғай ырғагы құлкіге ауысып, сықылық-

тай барып тынды. Өрсекел жасанды қылық емес. Орынды. Бикен қыз көрмегендей, осынша неге тамсанады? Бикен ән салады, рояльда ойнайды; бір көрген жігітті соңынан бұзаудай ертіп жүре бермей ме?.. Какенов: «Сіздің көзіңіз қазақ қызында жоқ көз, теңіздей толқып, аңсатады да тұрады» десе, Бурнашев: «Уыздай ұлбіреген сұлу ернің, «мені сүй» деп құмартады. Қалай қызықпайын» дейтін... Бикен өз қадырын өзі білмейтін де шығар... Айгұлмен екеуін қатар қойса, жігіт көз қырын алдымен Бикенге тастамай ма?

Бұлардың даусы жетпеді ме, әйтеуір, көлік қайрылмады.

Ауылға келсе — бұларды жоқтаған адам болсайыш!

Отауға ауылдың қыз-келіншектері тегіс жиналды. Асартынан қыздар ән сап, сауық құрды. Ауылдың алты аузын айтуға әуелі Бикенге жол берді. Алматы қаратаяқтарының тамсанып, «Шіркін, Бикеннің даусы-ай!» дейтін атағын ел арасына да жайсын... Қөрсін, ана күндес қыз, Бикеннің артықшылығын!

«Тел қоңыр тай» Бикеннің жүрек сырьына үндес ән. «Ізіай, жатыр өзі жоқ, қалқатайдың!» деген шумағын Бикен Тоқашқа арнайды. Сондай «ізді» мына күндес қыздың жүргегіне де қалдырыды ма еken?.. Бикен Айгұлге қызыға көз қиығын тағы тастады. Жұзі нұрланып, құмартта үйіп тыңдайды. Тоқпақтау ерні сәл ашылған — «қиқу» сап, көтермек боп, оқталып барып, тоқтаған адамның пішіні.. Койши осы қызды, неменеге әлдеқандай ғып отыр Бикен. Ана отырған Мәликеден несі артық?.. Бикеннің көмейі үйреншікті әнді салса да, ойы бөлініп, Айгұлге орала береді. Эң қайырмасын қыз-келіншектер де қоштап, тұн түнегін серпіп, жұрт үйқысын ашты.

Айгұл де зорға отыр екен. Жанындағы жігіттің домбырасын шұғыл қимылмен сұрап алды да, безілдетіп, екі шекке тіл бітірді. Кейде құліп, кейде толқып, қыз-келіншектің еңсесін көтеріп, еркін билеп алды лезде.

Бикен енді Айгұлге зілді көз тастады. Тіптен Бикенмен ол үнсіз таласып, өнер сынасқандай. Пішту! Домбыра тартқан өнер емес...

Бикеннің Тоқашты сүйетінін біле ме екен осы?.. Естісе — сайқалдың өзі. Сыр білдірмейді. Бикен қаншама сыр бермейін десе де, жүргегіне орнаган қызғаныш қыздың бет-әлпетіне сыйық сала берді. Айгұлді уысына сыйдыра ал-

май қиналды. Тұн ортасы ауа сауық та бітіп, үш қыз қатар бір көрпенің астына жатты..

Бикен Айгүлді құшақтап, жылы сөзбен баурына тартты. Бикеннің бұл қылышы Айгүл жүргегіне жол ашты.

— Айгүлжан, сениң жақында тойың болады дегені рас па?

Бикенге жабысып жатқан Айгүлдің жүргегі қаттырақ соқты. Шын екен...

— Бұрыннан уәдеміз бар да. «Жақсы күн туса — той жасаймыз» деген.. Хабар айтыпты, жақында оралам деп.

— Айгүл атын да атамайды. — Экем әлі білмейді.

— Солай ма?.. Мүмкін Аякең...

— Жоқ, жоқ. Экем іштей сезеді. Риза. Бірақ ашып айтқамыз жоқ.

— Э... Сен шын сүйесің бе?.. Әлде атақта құмартып жүрсің бе?

— Ол үшін өмірімді құрбан қылуға бармын. Міне, екі жыл, онсыз күнім де, тұнім де қаран.. Соны ойлап жаным күні-тұні толас таппайды. Кейде оңашада тілдесіп, наз да айтып алам...

Бикен кейін сырғыды — қыздан мұндай жауап күтпегенді. Ес-түсін білмей сую... Бикен өзінің басындағы ғана қасиет деп ұғушы еді.

— Егер ол басқа қызды сүйсе ше?

Енді Айгүл кейін сырғыды. Қараңғыда үлкен қара көздері нажағай тәрізді жарқ-жұрқ етіп от шашты.

— Сонда мені алдаған бола ма?

— Солай болғаны да.

— Ол кім?..

— Кезінде көрерсің.

— Сіз кімді айтып отырсыз? — деді Бикенге манадан тыңдал жатқан Мәлике.

— Айгүл кімді үйғарса — мен соны айтам.

— Тоқашты!

— Мен де соны айтам... Саған қаны бір, тағдыры бір қазақ қызы деп ескерткенім гой... Ол азамат: «шоқынды, орысқа сатылды» деген қалада өсек те бар, бірақ өз басым оған сенбейім... Ал, ана қыз жайында — екеуінің бір тұн үйқтап шыққанына өзім күемін.

Айгүлдің көзінен аққан ыстық жасы тырс етіп жастыққа тамды. Манадан артық көрініп, бақытқа қолы жетіп жатқан сайқал қыздан Бикен өшін бір алды, кемітті!

— Алдау — ер азаматқа тән қылыш. Ұяты Тоқашқа да,

қалыңдығы Айгүлге де келмес. Қындырған қызға келер, — деді Мәлике сөз қорытып.

Би肯 ернін ауырта тістеді.

Тоқаш Ақшидегі шешесінің үйіне түстеніп, қонаға қөрші ауылдағы Аянбек үйіне келді. Жазда Шамалған өзенін жағалай жіңі қонған ауыл бірімен-бірі сапырылысып, қатынасып жатады. Тоқаштың келгенін есітіп күтіп отырған болу керек, алдарынан жаяу-жалпылап, бір топ адам қарсы шықты. Топ алдында жақында Минскіден майданнан қайтқан Қастек жігіті Тілеубай, Тілеубайдың қолында қызыл жалау. Мысық құйрық мұртын ширатып-ширатып, едірейтіп қойған. Россия жерінде көргені бар ма, ағашқа қызыл шүберекті байладап, иығына сап, терлеп-тепшіп көтеріп келеді.

Тоқаш іштей бұл қылыққа ұлкен маңыз берді: «Бұл мені емес, Совет өкіметін сыйлаған!» деп үқты.

— Тоқаш! — деді Ақан балдағымен шегірткедей секіріп алдына келіп. — Біз сені жаңа өкімет деп танып өзіміз арман еткен билік деп алдыңдан шықтық. Айып болмас!

Тоқаш аттан қарғып түсіп, кезек-кезек қолдарын қысып, риза болды. Басқа ауылдарда мұндай адап ниетті көрмел еді Тоқаш. Қайта үркіп, кірпідей тікірнейіп қарғы алатынды. Бұл әрине, туған елдің Тоқаш ықпалында екенін сездіреді.

Қаңқулап, шулап Тоқашты болыстық ревком Аянбектің үйіне алып жүрді. Тоқаштың қасына еріп жүрген он қызыл әскер де, сол араға аттарын матап, ауылға жаяу аяңдады.

Кешкі мезгіл. Таудан ауық-ауық салқын самал соғады.

Ауыл абыр-жұбыр. Жекелеу тігілген екі ұлкен ақ үйдің ортасында тұрған кең иықты, толық келген кексе ерекек, бұларға қарсы жүрді. Балдағын сүйретіп Ақан шыққанда паңданып тұрған қайсы? Тоқаш жақындағанда барып таныды. Аянбек екен. Енді түсінді: Айгүл Тоқаштың сәлемін жеткізген де, Аянбек өзін қайыната есібінде ұлкен тұтқаны.

— О, Тоқашжан, тірлігіңе, бақытыңа қуанып, шын жүректен туған елің қарсы алады!

Амандықтан кейін Аянбек Тоқаш қасындағы он әскерін кішілеу ақ үйге бөліп кіргізді де, Тоқашты ауыл адамдарымен ұлкен ақ үйге апарды.

Тоқаш көзімен Айгүлді іздеді. Көрінбейді. Бұрын ұялмай ашық кездесіп жүретін қыз, жүз көрсетпейді.

Тоқашқа бұл жұмбақ сыйқылды. Әлде қалыңдық атағы ауыл-аймаққа жайылғасын, қымсына ма?..

— Жау зұлымдығының шет жағасын естіп те жатырмыз. Арты оңға бассын... Құртып жіберуге де барған ғой, тегі, — деді Ақан Тоқаштың таңулы қолын негімен нұсқап.

— Денеңе зақым түскен жоқ па? — Аянбек те осқыра қарады.

— Бұғанам сынса керек... Сол қолымды көтертпейді...

— Кім екен? Қолға түскені бар ма? — Ақан тағы да килікті.

— Үшеуін ұстады. Нагыз бастықтары... Қала байларының балалары..

— Біз соның бәрін істеткен мына Кәрден деп естідік. Кеше біреулер Кәрдениң аулына өрт қойды. Жұрт әбден ашынып алған, тіптен жазықсыз адамдар да құйіп кете жаздады. — Аянбек ойланып, алдында жатқан текеметтің оюына қадала қарап сөйлейді, пішіні — сол текемет оюын сөзғып отырған тәрізді.

Тоқашқа бұл хабар ерекше әсерін тигізді. Қуаныш пен өкініш, реніш толқыны араласып, булықтырып қөңіліне ақау түсірді. Ел Тоқашты жақтайды екен, оған енді көзі жетті. Бірақ құрес әдісі — ауыл өртеу ұнамайды, баяғы барымтаның бір түрі. Жоқ, бұлай тап жауымен құресуге балмайды!.. Қуаныш сол — сол ел санасы ояна бастаған!

— Апатқа ұшыраған үй болды ма? — Тоқаш Аянбекке бұрылды.

— Жоқ. Кәрден өте ызалы.

Аянбектің бұл сөзі Тоқаштың шамына тиді. Ызалы? Ертең малын осы отырған жігіттерге алып бергенде қайтер екен?.. Жарылып өлер әлде? Жігіттер қопақтап, біріне-бірі елегіз қарады.

— Шын болды ма со хабар? — деді әлі де сенбегендей Тілеубай.

— Естіп отырсың гой... Тоқаш, мен кеше Қытайдан қайтқан жігіттердің біразына жолықтым. Сені сұрайды, — деді Аянбек.

Тоқаш қайтқан қазақтардың мұң-мұқтажына таныс. Азап шеккен, ел үшін жанын пида қылған ерлерді туған жерінде аштан қыру — оңбағандық. Онда атқа мініп, ел басқарып керегі не? Ана Кәкеновке жол беру керек...

Бұл ойын Тоқаш отырған елге жеткізді.

— Жақында Құлжаға Жетісудан елші кеткен. Қытаймен екі арадағы дау-жанжалды шешіп, ауып жүрген қазақтарды қайтармақ та. Тек соларды аштан қырып алмайық. Мен аралаған ауылдарда қайтып келген жігіттер бірлі-жарым. Оларға жай таптым... — Тоқаш қою қабағын шытып, қынжыла сөйлейді.

— Өз көзіңмен көр, не керек екен, біл! — деді Аянбек сөзді тұжырып...

Тоқаш та сол ойға ұйыды — өз көзімен көріп, мұң-мұқтажын білмей, алыстан шешүге болмайды.

Қас қарайып, тұн де келді көрпесін сүйретіп. Ауыл маңында жылт-жылт еткен жерошақ оты. От басында жабырлаған бала-шаға. Құбір-кұбір сөз. «Тәйт!» — деген кенет айғай мен қыңсылаған ит даусы қатар шығады.

Тоқаш тұнгі ауыл көрінісін бақылап, есік алдында біраз тұрды.

— Құрыш, сен Айгұлді көрдің бе?

— Жоқ... Өліп барасың ба?

Тоқаш саусағымен Құрышпайдың қырыж-қырыж қызыл мұрнын түртіп қап:

— Білші.. Келіп, амандық та жасамады... Дені сау ма екен?... Тамақтан кейін маган жолықсын де, — деді де көрші киіз уйге кіріп барды. Эскерлер карта ойнап отыр.

— Сенікі ше?

— Жиырма бір... көн!

Олар Тоқашты көріп абыржып қалды, картын тығын үлгере алмады.

— Покудин! Кеше мен саған газет бергенім қайда, әскерлер арсына оқы деп?

— Міне, міне, жолдас комиссар! — Иван ішкі қойнынан уқаланған газетті сұрырып ап, алдына жайды — Енді оқи-мызы...

— Карттан гөрі газетті оқыған пайда емес пе?

— «Бостандық таңы» газеті ме! Мен оқығам. Сіздің «Жауларыма!» деген ашық хатыңыз бар, — деді екінші әскер Вдовин.

— Айтқандайын, кешегі ауылда, бір қазақ қолында шиті мылтығы бар, жолдас комиссар отырған үйді көп торыды. Мен үстап ап, қысып едім: «аңшы едім» деп құтылды. Бірақ соның мінезі ұнамады... — деді үшінші әскер Чечелев.

— Жырық ерін бе? — деді Покудин газетті Вдовинге үстата беріп.

— Ия? Сен де көрдің бе?

— Соны мен әлгіде осында көрдім.

— Эге!.. Тұнде күзет қою керек! — деді Чечелев.

— Мениң туған елім гой... Сүйтсе де сақ болындар! —

Тоқаш шығып кетті...

Тамақ артынан жүрт тарқады, қонақ үйге төсек салуға Айгүл келді. Айгүлдің жүзі сынық, ұлкен қара көзінде өкпенің көлеңкесі бар секілді. Бұрынғыдай қуана ұмтылып, құшағын жайлайды.

— Айым!

Тоқаш бауырына қысып, ұзақ сүйді. Қыз қарсылық білдірмесе де, солғын, көңілсіз жауап қайырды...

Ай сәулесі шаңырақтан сығалайды. Тұндік ашық. Тоқаш тулаған асau көңілдің тұсауын ағытқандай бүгін алаңсыз, армансыз, жастық әуеніне берілді. Бұрын мұндай әдемі тұн кез болғанда бірдемесі ұмыт қалғандай, мәдет ала алмай, асығыс жарым-жарты өткізетін-ді. Ойы, арманы сонау Алатаудың қиясында шарықтаған қырандай, туған елінің маңайында шыр айналатын. Тоқаш бүгін өзіне өзіриза. Күмәнді ойларды кейін сырып тастап, қуанышына жол асты. Беріле сүйді.

— Айтшы, неге жабыңқы отырыңың, Айым? Сені іздеп, сағынып келдім... Осы жолы ерекше ұрын келдім. Бұрын мұндай сағыныш мені билемеген еді, қазір еркімді алып, аңсайым да тұрам. Сені көрсем, сүйсем дейім де тұрам. Эйте-үір, соңғы рет больницаға түсіп шыққаннан бері осы күйге үшырадым.

— Сенбеймін,— деді Айгүл ақырын, өкпе-назбен.

— Сенбеймін?.. Олай болса ертең-ақ некемізді қияйық! Айгүл Тоқаш бетіне қадала, сынай қарады.

— Маған бір адам сіз жайында жұмбақ тастады... Осымен екінші рет алдынан шығып отыр. Анада Құрышты әзіл деп үқсам, мынау менің намысымды жыртып отыр.

— О кім?

— Шын ба еді?

... Тоқаш не демек? Өсек емес. Ол бір жастықтың ерке тұні. Үәде бұзып арына таңба түсірген жоқ... Бір әдемі тұн — тұс сияқты өтті-кетті. Қайтып оралған да жоқ, қайтып сйлаған да жсқ. Айгүлжанды Тоқаш ешбір жанға теңгермейді. Қызғаншақ болма, жасынан. Осы бір сөзді іштей ойласа да, ақыры айтып та салды... Қыз мәу деген жоқ, бірақ реңі өзгеріліп тұс бере бастады. Бұлыға шыққан күлкіні де ауық-ауық Тоқаш құләғы шалатын болды.

Тоқаш арманын қыз алақанына жайып салды. Ескі дүние — күлтәлқан қирады. Бір күнде өмірге жаз шықты. Сол әдемі жайдары жазбен бірге Тоқаш жүрегі де гүлденді. Айгұлді аңсады. Енді қайтып Айгұлден айрылмасқа уәдесін берді. Тек Айгүл өзі уәдесінде тұра алса?..

Бұдан бұрын талай қылыш заман бастан өтті. Тұтеген боранда махабbat гүлі шешек ата ма? Және де Тоқаш Айгүл өміріне қызығанышпен қарады. Жазатайым аяқ астында оққа ұшса, жүректен өшпейтін өкініш емес пе? Тоқаш арманына жетуге жастығын әлдеқашан құрбан қылған. Бүгін сол арманына жетті. Енді Айгұлмен тамаша жаңа өмірдің тәрінен орын алмақ... Кешегі баста лашық жоқ, ертең жейтін тамақ жоқ, қиналатын кезең өтті бастан. Жарқырап күн туды!..

Айгұлдің де алақандай қарақат көздері айлы түнде қуаныш сәулеңсін шашады. Жұқа еріндегі күлімдеп, бар ұжданымен, сәби таза жастығымен сеніп, сол өмірге тап осы бір минутте қадам басқысы келеді. Асығады. Ол тілегін Тоқаш та таниды. Мастана бауырына қысып сүйеді. Аймалайды...

Тоқаш «Әйт, шу!» деп айғайлап, мал қайырған дауысттан оянды. Бұзау мөңіреп, қозы маңырап, ауылды басына көтерген. Азан-қазан. Көзін ашса жанында Айгүл. Шырт үйқыда. Екі беті дуылдап, балбырап жатыр. Жүзі тұнған — ешиәрседен хабарсыз. Экесі көріп қойса? Ұят-ай!.. Тоқаш қызықты — құшақтап, сүйгісі келді. Қимады. Ептеп тұрды да, ақырын басып, тысқа шықты.

Ауыл малды өріске айдалап барады екен.

— Уй, мәлік келгір!

— Қак мүйізін! — деп көсе сары шал, қолында сойылы бар жас балаға бүйіреп барады.

Мал соңынан еріп, Тоқаш өзен жиегіне келді. Жартас түбінде ересектеу келген сопақ бет, ақ құба бала отыр, қолында қармақ.

— Қармағыңа бірдеме ілінді ме, жоқ босқа... — Бала күлімсіреп Тоқашқа аңырая қарады.

— Сабыр түбі сары алтын, сарғайған жетер мұратқа демей ме, ағай. Тегін отырмаған болармын. — Момақан баланың жауабы Тоқашқа ұнады.

— Тегі мұратыңа жетуге аз уақыт қалған сияқты. Бір кезде балық сатып байығанды да көрген ем... — Тоқаш әдебі тиісе, шымбайына батыра сөйлемді. Баланың сөз саптауы оңай көрінбейді. Кімнің баласы екен? Тоқаш кейінгі жас еспірімдерді танымайды соңғы төрт-бес жылда сайдауыт-

тай жігіт боп өскен. Аға сөзіне іні аз мұдірді — жауап іздеңдей. Астыңғы ерні салпия түсті.

— Байлық дейсіз бе, аға?.. Байлықты Кәрден байға бердік; бізге қонбас. Өкімет кедейдікі болса, байлық сол емес пе? — Қармағы дір ете түсті, балық қапқан тәрізді. Бала оқыс тартып қалды, күмістей жылтыраған шортан сошаң етіп шыға келді. Тұлап, қармақта шыркөбелек айналады. Бала сиңғыраған көтеріңкі дауыспен:

— Аға! — деді Тоқашқа.— Мұндай балық қармағыма бұрын ілінбеген еді. Сіз де ортақсыз. Алыңыз!

Баланың сөзі жатық, жөн-жобаны, құрмет-сыйлықты бәрін түсінетін көрінеді. Тоқаш риза. Болашақ өмірдің тұтқасы осы балалардың қолында. Оқыту керек. Алматыға апарып, қолына қалам, аузына наң берсе — ұлken адам болуы шексіз. Ел ішін аштықтан құтқарып, Қытайдан қайтқан серіктерін құтты жеріне қондырған соң, Тоқаш осы балалардың қамын жейді...

Тоқаш баламен танысты: жасы он екіде, жетім... Әкесі көтерілісте қаза тапқан; шешесі екеуі ғана. Биыл әбден жұтаған — ең аяғы сауатын сиыры да жоқ.

— Енді немен күн көресің?

— Эне! — деді бала ұсақ қолын шошайтып,— өзен жагалай жайылған бұзау — соны бағам. Ақыма сүт алам. Жақында ортада «қор» ашылады деген еді, ұшті-күйлі хабарсыз кетті.

— «Коры» несі?

— Ортаға бие сауып — қымыз, қой сойып — ауқат берсе керек-ті.

— Оны кім айтты?

— Аянбек!.. «Тоқаш ағай қатардағы ауылдарда «қоржасапты» деген лақап тараған. Енді өзіңіз келдіңіз фой... Бірдемесі болар.

Бұлардың әңгімесін, балдағына сүйеніп, шегірткеше се-кірген Ақан бөлді. Әңгіме енді қызды.

— Сол «қорды» күте-күте қөзіміз ағарды. Әйтеір, үнжұргасы түсіп кеткен жұрттың енсесін бір көтердің. Ал, айтшы қалай құрдың басқа ауылдарда?

Әуелі Тоқаш өз аулына кешендеу келген себебін сөз қылды. Қатардағы болыстардың халі бұл Шамалғаннан да нашар екен. Халық топырлап, қырлып жатыр — аш, жалаңаш, үстінде лыпа, басында лашық жоқ. Әсіресе, анау қырғызы атрауында Пішпек, Тоқымақ уездерінде, қала берді, Верный уезінің он болысында, Қапал уезінде де аштық ха-

лый үрейін алған. Әрбір үйдің табалдырығын аттаса, сегіз басты жыландаі, жоқтық ысқырып алдынан шығады. Тоқаш ұзақ уақыт сол уездерді аралады. Қаланың жайы о да белгілі. Астық тапшы. Күнде казактар станциаларынан сатып ап, күн көреді. Жақында «қазақ-қарғыз еңбекшілеріне» деген Тоқаштың үндеуі де жарияланды. Кәзір елде ақ бар, қалаға тоғылғанда шығар пайды не?

Тоқаш ауылдарда тамақ беретін «қор» құрып келеді. Байлардан тартып алған бұзаулы сиыр, сауынды биені ортаға сауып, сүт пен қымызды жүртқа бөліп береді. Қойды да ортаға сояды. Бұл «қордан» тамақ алатын — үйінде бас көтерер иесі жоқ, жесір қатын, жетім балалар. Ал, еңбек етуге жарайтындар малдай алып өсіреді...

— Бұл бір жақсылық екен... Мына өзеннің аржағында, Кәрден аулына қонсылас Қытайдан жүз шамалы үй көшіп келді. Кеше сені іздетіп, кісі де жіберген екен...— Ақан балдағымен жерді шаңдата түйгіледі.

— Онда мен алдымен сол ауылға барып қайтайдын. Сен, Ақан, Аянбекпен бірге Кәрден аулына барып, байдың малмұлкін қатта. Бір қарасын жасырып қап жүрмесін. Сақ бол!.. Мен келгенше дайын қыл!..

Бұл үшеуі ауылға оралғанда күн жоғары көтерілген-ді.

Ауыл жаңа тұрып жатыр. Әскерлер де ауыл сыртында ерсілі-қарсылы жүгірісіп, қан таратып жүр екен.

Тоқаш түскен үйдің сыртында бір әскер күзетте тұр, қолында мылтық, бейсаут, сезікті адамның біріне аяқ бастырымайды... Ана Қапалда жүргенде, талай байлар кісі жалдап, Тоқашты өлтірмек те болған. Ах, чорт с ними!..

Шай артынан Тоқаш өзі отырған үйге Аянбекті әйелімен, отрядын тегіс алдырды. Айгүл де келді. Түндік жабық. Керегенің іргесі түрілген. Ашық тұрған қаусырма есіктен қотандағы өмір тегіс көрінеді: жерошақ басында күбжеңдеп сүт пісіріп жүрген әйелдер... Сүйек кеміріп жатқан аш ит... одан әрі қотанда үйеңдеп тұрған жылқы оқта-текте пысқырып та қойды... Желқомын көтеріп, жүгенін қарына іліп, кезектен қайтқан жылқышы. Бәрі Тоқашқа бала көзінен қанық көріністер... Тоқаш сөз бастады:

— Қымбатты Аяке, мен сізбен сонау қатал қундерде дәмдес бол қол ұстасып, залым патшага қарсы соғыс аштық. Сонда мен сіздің мергендігіңізге, ерлігіңізге сүйсініп, балаша көзіме жас та алдым. Қала берді, қараңғы түнде шиті мылтықпен жалғыз өзіңіз атаман Малышевтің отрядын селдіретіп, шекарадан өткізіп, талай қазақты аман алып

қапсыз... Оны да естідім. Сіз мені де білесіз. Жас күнімнен қолыңызда өстім. Менде бір-ақ арман бар-ды, ол — туған елімнің қолын бақытқа жеткізу еді. Сол күн туды. Енді сонымен бірге өз өміріме де күн туып, қызықты шағым жеткен тәрізді. Жастығым темір қанаттанып, ұя салмақ. Бүгін сол үшін сіздерді жинап отырмын. Заман өзгерді. Сол жаңа өмірдің бірінші қарлығашы мені мен мына отырған Айгүл. Сондықтан ескі әдет-ғұрыптан аттап, қолқа сап, рұқсат алмақ ойымыз бар. Мына Айгүлді мен сүйем, Айгүл де мені сүйеді... Екеуіміздің осыдан үш жыл бұрын берген сертіміз бар да: «аман қалсақ өмірлік дос боламыз» деген! Сол сертке жеттік... Не дейсіздер бізге? — Аянбектің алқызыл беті қан күреңденіп, қою қара қасы бұрынғыдан гөрі де қарай бастаған тәрізді. Қүйеудің өзі «құдалық түскеніне» ұялғаны ма, жок, баласын қызғанып, қысылғаны ма? Кім білсін... Мұртын ширатып, жан-жағына сұқтана қарады. Эркімнің көзінен зіл, келемеж тапқысы келе ме, жоқ болмаса, қуаныш іздей ме?

Тоқаш та Аянбек көзінің ізімен отырғандардың кейпін сыйап аралап өтті. Кейбір әскерлердің жүзінде таңданғандық, әңгіме мазмұнын ұғынбағандық білінеді. Бірақ, көбі қазақша біледі. Осташкинода қазақпен аралас өсken орыстар. Түсініп отыр.

Аянбек Айгүлді бермейім деп айта ма? Тоқаштан артық жар таба алма ма Айгүл. Тоқаш шын таза махаббатын сақтағанын да сездірген. Қытайға барып Айгүлді аман-есен алып қелудің өзі Тоқаш махаббатына күә емес пе? Тоқаш осы бір ойды түйіндей бергенде, Аянбек:

— Қарағым, Тоқаш! — деді, даусы сәл қалтырап шықты.— Мен сениң Айгүлді қадірлайтінінді Қытайға келгенде сезгем. Менде де жүрек бар емес пе... Сен бір Алатаудың қиясына өрлеген қырансың. Ел болып, саған ризамыз... (тамағын кенеп қойды) — Айгүлді шын сүйсөң, Айгүлдің өзі риза болса — қарсы тілек айтпаймын. Қанатыңды қомдап, өрлей бер қияңа. Батамды берем, алла, тек сапарыңды оң қып, бақытты өмір сүріңдер! — Аянбек қызының бетінен сүйді. Тоқаш енді жағалай отырған әскерлерге көз таставды. Соларға сөзін арнады.

— Менің елде де, қалада да жауым көп. Өсек үстімнен қардай жауады. Сондықтан сіздер күә болыңыздар!.. Кәне, Айгүлжан, айтшы өзің, зорлап, маган жар бол дедім бе?

Айгүлдің алақандай қарақат көзі құлімсіреп, ақ құба жүзі қызыл шырайланып, әзілдей сөйледі:

— Менің жүргімді зорлаған құдай. Саған итерген по-
ріште!

— Жақсы... Маған жар болам деп, өз ықтиярыңмен сө-
зінді бердің бе, жоқ, әкеңнің ыңғайына көштің бе,— Тоқаш
өз мінезін өзі ерсі көрсе де, келешегі үшін зорлап отыр.

— Жар болам деп үмтүлған жүргім. Сіз өлген жерде
мен де өлем деп, осыдан екі жыл бұрын ант ішкем!

— Жолдас қызылгвардияшылдар, естідіңдер ме? Кім
түсінбеді?

— Естідік!

— Куәміз

— Куәміз — куәлікке жүредүрміз! — деді Құрышпай
мен Иван қосыла әзілдеп. Бәрі ду күлісті...

Ат шаптырып, ел жинап, той жасаған жоқ Аянбек. То-
қаш рұқсат етпеді. Заман болса қыны. Халық ашта, той
ерсі. Тек ырымын істеп, ауыл жастары бір күн бас қоссын
деген түйін жасады. Айгүлдің тілегі бойынша Тоқаш ат жі-
беріп, шешесі Ақбалтырды алдырды. Анасының бір ауыз
сөзі Тоқашқа ауыр тиді.

— Есітіп жатырмын, Тоқашжан! — деді Ақбалтыр аз
кідіріп «есітіп жатырмын» деген сөзді нақыштап айтқан си-
якты. Тоқаш елең етіп, құлағын тікті.

— Бірақ менің көкейіме қонған бір адам бар еді, оны
жақтырмадың. Өзі келген ырыс еді, аяғыңмен тепкен жоқ-
сың ба?

Тоқаш түсінді — Бикенді ишарап отыр. Бикен жақсы
қыз, бірақ...

— Айгүл сіздің көкейіңізге қонбай ма, апа? — Тоқаш
та қу, өзі құрган торға шешесі өзі түссін. Ақбалтыр бұрын-
нан Айгүлді біледі. Бикеннен бұрын да Айгүлді өзі мақтап
жүретін. Ендеше Бикен қай мінезімен ұнап қалды? Жаңағы
«ырыс» деп тұрғаны — дәулеті де.

Ақбалтыр Айгүлдің аты аталған соң сылық етіп құлап
түсті.

— Жәй, әшейін сөз ретінде айтқаным да, құлым! Құ-
дай өмірлерінді ұзаққа жазсын!..

Ақбалтырдың сөзі аяқталмай, ауыл сыртына пәуескемен
біреу кеп түсті. Іле сықылықтаған әсерлі құлкіге, шолпының
сылдырына амандық бірдірген еркектің келте даусы төтеден
кеп қосылды. Өзі таныс, өзі қадірлі қонақтың келгендігі
сезіліп-ақ тұр. Тоқаш есікке үмтүла бергенде, сау етіп бір
топ адам кірді. Бикен мен Айгүлдің өкшесін баса Қәрден
байдың атқосшысы және кірді. Ақбалтыр абыржып қалды.

Бірсек Бикенге, бірсек Айгұлге жаутаңдап, екеуіне де қасынан орын ұсынды. Тоқаш қолын кеудесіне құсырып, оқшашаулау, сазарып тұра берді. Түсінбейді: Бикен қайдан жүр? Айгұлмен қайдан таныс? Е, кешегі Айгұлге «сыр тастаған, Айгұлдің намысын жыртқан» осы қыз екен ғой...

— Апамды естіп, әдейілеп қонаққа шақыра келгенім! — деді Бикен еркелеген дауыспен.

— Рахмет, қалқам!.. Сәлемінді жеткізді,— деді аңқау Ақбалтыр. «Сәлемінді жеткізді» дегенді Тоқаш жадына сақтап қалды... Араларында сөз жүрген. Шешесі мен Бикеннің осы ауылда түйісуі де кездейсоқ нәрсе емес-ау, тегі.

Тоқаш көз қиығын Айгұлге аударды. Қап, Айгұлдің көңіліне тағы да ақау түсірді-ау мына Бикен. Қайдан келіп еді!

Тоқаш іштей булығып, тылса шықты. Әскерлер жатқан киіз үйге қарай аяңдай бергенде, Кәрден байдың атқосшысы қуып жетті.

— Тоқаш төре! Бір ауыз аманатым бар еді, сізге табыс қылмақ!

Тоқаш адырая қарады — несі бар осылардың соңынан қалмайтын.

— Гапу етіңіз, оңаша бір адамның сәлемін жолдамақ едім.

— Айтыңыз!

— Бикен мына бір хатты сіздің қолыңызға табыс ет деп еді.

Тоқаш қолын солғын созды. Алар-алмасын білмей, екі-үшты толқып, өзін зорға күштеді. Үйге кірді. Әскерлердің бірі үйқатап, бірі ер-сайманын жамап, жайбарақат отыр. Ортадағы дөңгелек стол касындағы сандықшаға кеп отырды да, хатты оқыды Тоқаш. Сөзі жатық, арапша зирек жазылған. Қалада Фатима апайдың әйелдер үшін ашқан «Галиясында» оқығандығын хат айттып-ақ тұр. Бастапқы жолдың өзінде ерекше мән бар.

«...Адам өз жүргеңін ие емес екен, Тоқа! Осы сөзді қызылып, әйелдік намыстан bezіп, ақырғы рет жазып отырмыйн, ғафу етіңіз! Мүмкін мені сыртымнан келемеждең ажуда қыларсыз, мүмкін, «бишара» деп аярсыз да. Бәріне де көндім. Менің көнбей жүрген жерім бар ма? Анада, қорлан қайтып бұрылмай да кеттіңіз. Оған өкпем жоқ. Кінә өзімнен. Сізге қарсылық жасауға дәтім шыдамады...

Бүгін сіз «той» жасамақ деген хабарды естігенде жынданып кете жаздадым. Осы күнге дейін жүрек түбінде жылты-

рап жатқан шоқты біржола сөндірдіңіз! Ес-түсімды білмей тұра үмтүлып, айғай салам: «Тоқтатыңыз тойды! Күдай қосқан жарыңыз мен!.. Сізге менің ғана хақым бар. Мен ғашықпин!..»

Тоқаш әрі оқи алмады, хатты уқалап-уқалап лақтырып жіберді де, басын ұстап отырып қалды...

Сол күні кеш ауыл сыртында бозбалалар алтыбақан құрды. Тойда болған жастар түгел сонда барды. Ай бірде бұл астына түсіп, бірде жылжып, бетін көрсетіп, жастар сауығына қулана сәуле шашты.

Бикен Тоқашпен бірге алтыбақан тепті. Сұранған қызын өзі. Арқанды шырқатып тұрган Кәрденнің атқосшысы іркіп қап, қызды Тоқаштың ұстіне құлатты. Бикен сақылдап Айгүлдің көзінше Тоқаштың мойнынан құшты. Тоқаш Айгүл жүзін, көзін көрмесе де қандай сиықта болғанын шамалай жорыды. Қыз Айгүлмен екеуінің ортасына от жақпақ. Тоқаш солай үқті да.

Тоқаш алтыбақаннан түсіп, Айгүлдің қасына барса — өнді қашқан, мұрны қусырылған, көзінде жас мөлт-мөлт етеді, елегізіп тұр.

— Айым! — Тоқаш қолтығынан ұстай беріп еді, қыз теріс айналды...

XXI

Валентин Робертович пәтеріне түнде кеш оралды. Шаршап, жүдеп қайтты. Соңғы күндері алға басқан аяғы кейін кетіп, жігері құм болды. Шынтақ тіресіп, қатар тұрган серік табылмады. Пименді жасырып Пішпек түбіндегі Беловод селосына жіберген-ді. Сонда ұя салмақ, қазақтардың бұзылмаған шынайы ордасы да сонда.

Хорунжий Сотников Жаркентке аттанған, шекара жақын ғой. Оның кешегі сәлеміне қарағанда қолайлы кісілер де табылып қалған тәрізді. Құлжадағы Любамен де сәтті байланыс жасаған. Анада Яшайло әкелген хатта Люба адам табылса, оқ та, қару да табылады деп, ишара еткен-ді.

Валентин Робертовичтің үміт артқаны атаман Анненков болатын. Ол алғашқы қарқыннын айрылып қалып, кәзір черкес селосынан бері қарай өте алмай тұр. Осыған орай Фальковскийдің жүрек түбінде тырылып жатқан үрейі де басын көтерді. Анненковтың жолын тосып жүргенде Бокин желкесін қыргидай қып түсіп жүрсе...

Аштық қазақ-қырғыздың қолына тағы да сойыл, шоқ-

пар үстата ма деп те құлақ түріп еді, сезілмейді. Бокин олардың басына лашық, үстіне лыпа, аулына тамақ тауып беріп жатқан көрінеді. Бокиннің үстінен түскен бірнеше арыздарды облыстық атқару комитетінің президиумына салып көріп еді, Еремин деген өндіршектеп бой бермеді: «жете тексерілсін!» деді. Жарайды, Валентин Робертович жете тексереді, керек болса арыздан қора салдырады.

Есік қағылды. Ой құрсауынан шаға алмай мен-зең бол отырған Фальковский үстіне біреу сүйк су құйып жібергендей, ыршып түсті. Бұ кім түнделетіп жүрген? Түу, Какенов еken ғой. Жүйке тамыры гитардың ішегінде тиіп кетсең ызылдарап, мазаны алады.

— Кешірім сұраймын, Валентин Робертович, өте тығыз шаруа! — деді Габдулла кірер-кіместен сәл асығыс, орашо-лақ қымылмен, жан-жағына алақтап. Фальковский ымына түсінді де, көз қыығымен қатарғы бөлмені нұсқады. Габдулла «тілім — тасқа» дегендей алақанымен аузын басты да жақын отырды.

— Бокин сіз жайында материал жинап жатса керек-ті: «Сен Фальковскийді білесің бе?» — деп ол Сақа Сагатевтан сұраған көрінеді, Сақа — біреуден, ол біреу — Сәлімгерей Бурнашевтан сұрапты! Бурнашев сол сөзді маған жеткізді. Ал, ана біреудің кім екенін Сәлімгерей айтпады.

— Сәлімгерей тұтқында отырған жоқ па?

— Бұл әңгімені ол абақтыдан жазып отыр.

— Абақтыдан? — Валентин Робертович тамағы кеуіп, қырылдарап, тілі әрең илікті.

— Менің ақылым бар, көнсөн... Ол мынау: Яшайло мен Сәлімгерейдің ісін қысқартып, тұтқыннан босатып жіберіңіз. Саяси қылмыс жоқ хулигандық қой. Соңсоң екеуін де ауылға жіберейік. Сол елде-ақ оның жәйін тауып қайтсын...

— Тапқан ақыл!.. Осыған қосымша: сіз де елге атта-ныңыз, ол Верныйдың сегіз болысында кедейлерге мал бөліп бергенде, көбіне, өзінің туыстарына, жақындарына таратқан... Базарда сатқан... Істің осылай қисыны болғаны заңға да сыйымды. О кісі комиссар, атқару комитетінің мүшесі... — даусы құйқылжып, күлкіге қалай айналғанын, Фальковскийдің өзі де сезбей қалды. Екеуі сөзге тұсау салғандай аз мұдірді. Әрқайсысы өз ойының арнасын қуалаған тәрізді. Валентин Робертович өзін өзі тежеп, салмақты ұстауға тырысты. Үрейдің шет жағасын ең арғысы қасындағы Какенов та сезбеуі керек. Сезсе-ақ болды, оның құты қашады, онда ол — Фальковскийге серік емес...

— Махмутты көрдіңіз бе? Жоғалып кетті... — Фальковский жасанды дауыспен немқұрайды сұрады.

— Естімеп пе едіңіз? Ол Жаркентке кеткен. Ұзын хабардан біржола сонда көшпек!

— Не дейді? — Валентин Робертович таңданған болды. — Бокинды аяп, аңдығысы келмеген де! Своловчы!...

Ертең соңына кісі сап, ұстатпаса, Фальковскийдің атын басқа қой...

Сол түннің ертеңінде Фальковский Яшайло мен Бурнашевтың ісін қысқартып, абақтыдан шығарып жіберді. Сәлімгерей үйінде қалды да, Яшайло сол күні қазақша киініп, Кәрден аулына аттанды.

XXII

Тұн. Ай сүттей жарық. Алыста мұлгіген Алатау. Құбірлеп аққан Шамалған өзені. Өзеннің сол жақ қабағы — көлгір, көк майса. Исі мұрын жарады.

Суга төнген Бикенге су түбінен сұлу қызың қамыға қарайды. Қасында, құлаш созым жерде дөп-дөңгелек ай жатыр. Аспандағы айды құшқан қандай қызы өзі?.. Осындай сұлу, бақытты қызды Тоқаш неге сүймейді еken? Несі артық Айгүлдің? Бикен осы жартастан құлап, суга кетсе ше... Жоқ, әлі ерте. Тірі болса — қыран қолына қайта қонады. Күмәні жоқ... Бикенниң хатына ол жауап қайырмады. Мейлі, Бикен оған да өкпелемейді. Өзінің жүргегін алдына тартты — ойлансын!.. Ана қызың қаншама шаттанып, бақыт жұлдызының қолына ұстаса да, Бикен сол түні оның жанына шоқ салды... Арқаннан құлаған боп, Тоқаштың мойнынан құшқанда, қызың сұрланып, теріс айналды. Шоқ-шоқ!.. Мүмкін тап қазір Исмаил ол қызды... Элде Тоқаш екеуін бірдей... Ойбай атама! Исмаил Тоқашқа тимейім деген... Аржақтағы ауылдан үрген иттің еміс-еміс даусы естіледі. Басқа ешбір дыбыс жоқ. Бикен құлағын тігіп, елегіzedі... Яшайло қайтса судан өтер еді... Білінбейді. Қараңғылық қоюлана бастады.

Енді аздан соң Бикен қорқуға айналды. Қасқыр кеп бас салса? Бикен адамның қасқырын жұмсап отырғанда — нағыз бөрінің өзі тілін жалақтатып, көзі қызыарып жетіп келсе... Біреуге ор қазба, қазсаң тереңірек қаз! Шөп сыйдырлаған тәрізді-ay! Бикен алақтап жан-жағына карады. Бірдеме қараяды!.. Сонау жар жиегінде қарайған адам ба, жоқ... Қозғалады ғой.. Ляхаула!.. Ойпырмай, шын қасқырдың өзі

болмасын. Айдың да, құрғыр тфу, жарықтық айдың да бұлт астына еніп кеткенін қараши. Жоқ, Бикеннің бұлай отырының өзі ерсі. Яшайлоны неге тосады? Ол өзі келмей ме?

Бикен жүрексізденіп орнынан тұрды да, ауылға қарай бет бұрды. Оң жағына жалтақтап қарап қояды. О да соңынан еріп, қадамын жылдамдатқан сияқты. Бикен тұра жүгірді. О да жүгірді... Жетеді-ау енді... Бар пәрменімен зырлап келеді... Жетті-ау! Ааа!.. Бикен шыңғырып, айғай сап етпетінен құлады...

Біраздан кейін көзін ашса — отауда жатыр. Шам жағылған, қасында әкесі, Яшайло және молда отыр. Молданың аузы жыбырлап, үшкіріп қояды. Мұнысы несі?.. Ауырып қалған ба?.. Яшайло көзін қысып, ыржияды. Онысы несі?..

XXIII

Қытайдан көшіп келіп, Қаскелең тұбіне қонған ауылдан Тоқаш кешірек оралды. Құрышпай мен эскерлері ере алмай көш жер кейін қалды, бұл қайдасың Шамалған деп, қара жолмен тартып келеді... Ойы дауыл күнгі құйындаи ұйытқып, булықтырады. Біресе Айгүл, біресе жаңағы ауыл суреті, кешегі серіктерінің кейпі елестеп, көз алдынан тізбектеліп өтіп жатты... Аш-жалаңаш, жұдеу, ауыру, сырқау. Өзен жиегінде арбаның астында, ағаш тұбінде, көлеңкеде жатыр. Жақын ағайын туыстың ерулігімен күн көруде. Ол еруліктің де бітетін кезі жақын. Сонсоң немен күн көрмек? Өздері сол жатқанына мәз, қуанышты. «Туған жерде өлсек, арман жсқ» дейді. Рухы күшті, мұңаймайды. Шіркін, Отан!..

Жоқ, Тоқаш оларды былай қалдырмайды. Ертең-ақ Кәрден байдың малын бөліп береді. Қаладағы Зәкір қоймасының аузын ашып, кешегі көтеріліс күндері таланған өздерінің дүние-мұлкін қайтарып береді. Ол дүниеге Құрышпайдың өзін жібереді, мейлі арба-арба ғып тиеп алып келсін, осы ауылда халық көзінше таратады...

Апырмай, жүргегі бүгін бір орнықпады, толады да тұрады. Ас та іше алмады. Айгүл қайта-қайта есінен шықпайды. Әлде бірдемеге ұшырап қалды ма? Айгүл! Ай астында есекен нәзік гүл, Жетісудың көкнәрі. Айналса болмай ма, Айгүлден!

Көкжиек те сүзіліп, таң сәрісі белгі берді. Ай жарқырап

бұлт астынан қайта шықты. Жұлдыздар да сөне бастады. Тұн салқын. Бәйгекөк басын шұлғып тастап, есіп келеді. Жол аузында қонақтаған құс дыр ете түсіп, атты үркітеді.

Алдынан шабалаңып ит үрді. Бұл кезде таң шапағы лаулап бүкіл шығысты өртеген еді. Ауыл шырт үйқыда. Аттан секіріп түсіп, өзіне тігілген үйге кіріп барды: оң жақтағы акторғын шымылдық түсірілген. Сол жақта бұк түсіп бір бала жатыр — күндізгі балық аулаған балаға ұқсайды. Айгүлдің немересінде көрінеді.

— Айым!

Айгүл шымылдықты сырыйп, құшағын жая ма деп еді, ешбір дыбыс бермеді. Қатты үйқап кеткен бе?

Тоқаш шымылдықты ашты. Айгүл шалқасынан түскен, шырт үйқыда. Ақ құба жүзі сәл күңгірт тартқан.

— Айгүл! — Үн жоқ.

— Айкеш! — Тоқаштың денесі дірілдеп, даусы қалтырап, бас салды. Қыбыр етпейді. Тірі жанның белгісі білінбейді. Жалма-жан көрпесін ашып, қолын кеудесіне басты — жүрек соқпайды. Денесі сұп-сұық. Тоқаштың қаны толқып басына шапты, көзі қарауытып, басы айналып кетті. Тоқаш өкіре Айгүлдің үстіне құлады...

XXIV

Алатай басына қонақтаған қою қара бұлт батысқа қарай жөнкіле көшіп, ығысып барады, үрейленіп қашып бара жатқан тәрізді. Көздің жасындаған бір-екі тамып, жаңбыр тоқтай қалды. Тозаң қөтеріліп боранға айналды. Алай-түлей. Шамалған өзенінің оң жақ қабағына қонған ауыл азан-қазан. Дауыл тұндікті желпілдетіп, есікті жұлқылайды. Жел аз бәсендеп, қайта екілене соғады. Шалдардың бөркін, балалардың тақиясын жұлып әкетіп, шыркөбелек айналдырып, ағып жатқан өзен сұына тастайды. Жалаң аяқ, балағын түріп ап, балалар қуып береді. Жеткізе ме?

Екі-үш жерде сырғауылдан жасалған аулаға малды түлік-түлігімен қамап тастаған. Кісінеген жылқы, мөңреген сиыр, маңыраған қой. Дабұл-дұбыр халық даусы бір сәтте анық сақ-сақ естіледі де, енді бір сәтте күңгірт тартып, гүйлдеген шуга айналады.

Кәрденнің сегіз қабат ақ үйінде, алқақотан ақсақалдар отыр. Төр алдында Жұніс. Еттен өтіп, сүйекке жететін сөздер, атқан садақтың оғындаі, көздеген нысанасына қадала-

ды. Жүрек толқытқан қайғылы ой қауымды толқытып, ұйытып отыр. Өкпе-арыздың бәрі еске түсірілген.

— Тапа-тал түстө Тоқашқа жау қастық жасайды. Қанжарын сермейді. Жанында түрған сендер қолын қағудың орнына, мақұлдағандай бас изейсіңдер. Сөз болғанда азар-безер танып, қол қусырып, ауыздарыңды қу шөппен сүртесіңдер. Ал бүгін бастарыңа іс түскенде — ағайын едік деп қалтырап, шыбын жаны шіркейдей, қоярга жер таба алмайсыңдар! — Жұніс тізерлеп отыр, алдында бүктеулі дырау қамшы, бір саптап, бір сұлайтып көрпеге салады. Көк көзі шатынап, жан-жағына төнеді. Тілін Кәрденге сұғып-сұғып алады.— Анада қалада жиналғанда мен не дедім? Ушықтырма, байқайық дегем жоқ па!

— Кінэміз жоқ, сүттей ақпыз. Құдай куә. Ол үшін сізден кек алмасын! — деді Кәрдениң інісі Әділ.

— Сәт қайда? Ол не дейді еken? — Жұніс отырғандарды көзімен бір сүзіп алды.

Атақты байлар, ақсақалдар самсып отыр — үн жоқ. Тер саулаған, жең ұшымен анда-санда бір сыпырып алады. Бәрінің мұңы бір сабақтас. Шара-шара қымызды қағып тастап, аяқ түбін құрғатпайды.

— Сәт келмей қалды! — деді біреуі.

— Хабар жіберіп пе едіңдер?

— Кісі салғамыз. Әдейілеп шақыртқамыз! — деді Кәрден, өнді қашқан, жалтақтап әркімге бір қарайды.

— Сәт келмесе ел бүлінген еken! — деді Жұніс өкінішті дауыспен.

— Ия, Жүке!.. Осыны біліп сізге хабар беріп едік, әйтеп ел бүлінбесін де! Бұл қу замандағы ең ауыр тілекті, Жүке сізге артамыз! — деді шешенсұмақ күрек сақал бай Иса.

Топты сійға қалдырып, Жұніс тыскә шықты. Тоқашқа жолықпақ. Үй артында атқа мініп жатқан Құрышпайды көзі шалды.

— Уай, Құрышпай!

Құрышпай Жұністі танып, аттан секіріп түсті. Құшақтал, төске төс тигізді.

— Ehe-ehe! Көрмегелі көп айдың жүзі болды...

— Біздің жаққа бір орап соқпайсың ба?

— Ой, Жүке-ай, ізделгенім жерден табылғасын, аспаннан не алайын? — Құрышпай қарқылдан құлді.— Мен асығыспын, тағы бір жолыққанда, өзбектер айтқандайын, гәршәрміз!.. Өзіңіз неғып жүрсіз? Малыңыз азайды ма?

— Әзіліңді қой да, маған Тоқашты тауып бер.

— Ол жаңа, ана бір шеткі қараша үйге кірді.— Құрышпай атына қарғып мініп, қамшылап, шаба жөнелді.

Жұніс қараша үйге кірсе, Тоқаш науқас жігіттің қасында отыр. Науқастың сақал-мұрты өскен, сұлық жатыр. Көзін ашып Жұніске қадады. Тоқаш та басын көтерді, малтыққан ойдан жиекке әрең шыққан тәрізді.

— Танисың ба, Жүкे? — Тоқаш иегімен науқасты нұсқады.

Жұніс танымады, көзін сыйырайтып есіне түсірді. Жадында жоқ. Бірақ бір көмескі бейне жақындалп келіп, кайта алыстап кетеді.

— Көзіңің еті өскен екен, Жүке, Гейцигтің атын жара-лаған мерген есіңде ме?

— Ой, бауырым Дулатбек! — Жұніс тізерлеп маңдайынан сүйді.

Науқастың кезерген ерні жыбырлап, сөзге әрең икемі келді.

— Шықпаған жан жатады да...

Тоқаш әрі қарай сөйлеуге рұқсат етпеді: — тым әлсіз.

— Міне, біздің кешегі еріміз — өзі ауру, әрі аш. Ортадағы қымыздан басқа қорегі жоқ. Сіздің құда үйір-үйір жылқы, қотан-қотан қойдан сауынға бір мал бермеген. Соған сіздің жаныңыз ашиды. Білем, сіздің сонау қастектен неге ат терлетіп келіп отырғаныңызды! — Тоқаштың өңі жүдеу: көзі кіртиген, ерні кезерген. Қалыңдығының өлімі түсін де өзгертіп жіберген сияқты. Екеуі үйден шыға көрісті. Жұніс те қызу, басынан сөз асырып көрмеген адам.

— Ашу алдында, ақыл соңында. Қазақ баласының қамын жеген жалғыз сен емес! — Жұніс шапанының етегін артына қайыра ұстап, Тоқаштың кес-кестеп алдына шықты. Бетіне үңілді.

— Қам жегенің жаңағы ма? Кешегі халық үшін қеудесін тосқан ер ішуге сусын таба алмай жатыр. Оны не дейсің?

Тоқаш та Жұніске төнді. Екеуі бірін-бірі арбады.

— Кеу-кеу, сөзге ерме, Тоқаш!

— Ермегенде кімді тыңдайын?

— Мені,

— Сен кімсің?

— Ал, сен өзің кімсің?

— Мен кешегі өзіңізге ерген қазақтың жас бала, қатын-қалашы үшін жанын қиған жігіттерді, кедей-бұқараны қорғаймын. Кәзір солардың өкіметі.

— Олардікі емес.

— Енді кімдікі?

— Біздің өкімет екенін әлі көргенім жоқ!

— Көрмесең бүгін көресің.

— Жоқ, ондай қазақ баласын итке талатқан өкіметті көрмей-ақ өлейін. Менің айтпақ сөзім де сол еді.— Жұніс кенет бұрылды.

— Кімнің кім екенін айыра біл, достым. Мұндайда екі кеменің құйрығынан ұстаған суға кетеді.

Жұніс екі аттап жалт бұрылды.

— Ақырғы айттар сөзің осы ма?

— Осы!

— Онда мен суға кетсем, сен ұстама. Сен кетсең мен! Кешегі құні бір сапарға аттанып едік, бүгін жолымыз екі айрылды. Кош! Жолың болсын! Кім бұрын қайтады — сәлемді сол алсын.

Жұніс үйге кірмestен, сыртта байлаулы тұрған құла жорғасының тізгінін шешті. Тоқаш соңынан ұзақ қарап, тұрып қалды.

Тұс ауда мал бөліс басталды. Малды құзетіп тұрған Иван Покудин жан-жағына телміре қарап, бірін мұлт еткізбей, бәрін жадына сақтап тұр.

Аспандагы қара бұлт тарқап, күн жадырады. Дауыл басылды. Үй тундіктері ашылып, жерошақта от та жағылды.

Жиылған халық ауыл сыртында — қорғандағы мал қасында. Таң атқалы қамаулы мал аш, тықырышып тұра алмайды. Бірін-бірі сүзіп, бірін-бірі теуіп, кісінеп, мөңіреп маңырап есті шығарады. Қарақұрық қаптаған кедейлер: жетім бала, жесір қатын, мүгедек — бәрінің көзі аулада. Ентелеп тұр.

Кедейлер тобына қарсы тағы бір қауым тұр. Ішінді Кәрден, Үлпершек-бике, Исмаил Яшайло бар. Кәрдennің қабағы түсіңкі, өңі құп-қу, бетінде қан жоқ. Бикен қолтығынан демеп, әрең ұстап тұрған тәрізді. Бикенді бұрын көрген адам танымай да қалатын — киімі де бөтен, жұпыны. Екі беті сұлік сорғандай, боп-боз, елегізген, мазасыз мінез байқалады.

Екі топтың ортасында қызыл шалбарлы, құрым етікті Тоқаш. Ол жалаң бас. Қысқалау қара шашы кірпідей тікірейген. Қолында дырау қамшы. Айқай салып, қолын құлаштай сермен, бұйрық берді. Аула аузында мылтықтарын кезенген тоғыз солдат. Бір адамды Тоқаштың әмірінсіз малға жақыннатпайды. Оң жақтағы Аянбек тізім оқып тұр.

Аты аталған кедейлер аула аузына барып, өзіне бөлінген малды айдаپ кетіп жатыр. Үш қазақ малды бөліп таратып тұр.

— Ырысбекұлы Байсерке!

Таяғын беліне ұстаған шал шойнаңдай басып, Бокиннің қасына барды.

— Бір сиыр, бір ат! — деді Аянбек.

Шал қаукелектеп, құдайға сыйынып, жылқының шылбырына жабысты.

— Өркенің ессін! Рұқсат етсең, балам, атты өзім таңдал алайын. Көптен бері жақсы атқа құмар едім. Бәйге торым көтерілісте. оққа ұшқан соң, ат мінген пәнде емеспін.

— Қап! Әттеген-ай! — Кәрден тісін шықырлатып қинала өкінеді, бірақ қасындағы мылтық кезенген Покудиннен сақтанатын тәрізді. Әйтпегендег... Тура жүгірер еді.

Тағы бір дауыстар:

— Шалында кесел мол! Қара өзін!

— Ат бер... Оның үстіне таңдат! Жаман атқа жал біткеннің кері ғой мынау.

— Заман соның!

— Арманына жетсін!

— Тілеуң бергір өкімет-ай, айызымды бір қандырды-ау!

— Ей, кезек заман.

— Кәрден неғып шыдап тұр екен жарылып кетпей.

— Қотыр лағы шығын болса, зікір сап, бір уыс қылатын Кәрден, не жаны тұр десеңші!

Бұл ара сөзді Тоқаш та естіп тұрған болуы керек, мойнын Бикен жаққа бұрды. Кәрден құп-қу, екі көзі аулада, қолы жайылған, ұшар құстарың қанатындағы деддиіп, ышқына айғай салды:

— Оңбаған Байсерке, не деп аузы барып тұр! Қара бет! Мініп едің, жайлап едің жылқымды!

— Онда ар бар ма? Өз әкесінің кебінін өзі ұрлап сатқан ит!

— Құртты Бокының ұлы! Жетті түбіме!

— Бұған да бір тосу!..

Бір мезетте шал ноқталы мақпалқараны аулдан жетелеп, алып шықты: жұні жып-жылтыр, жаясы жұп-жұмыр, жер тарпып, пысқырынады. Байсерке атқа қарғып мінді. Мақпалқара мөңкіп ала жөнелді. Шаң бір-ақ бүрк етті. Соңынан сиырды жетелеп, кемпірі жөнелді.

— Уа, жарады шалым!

— Қысылып-ақ жүрген екен, шіркін!

— Атсыз адам, қанатсыз құс емес пе?

Аянбек тізім бойынша тағы бір кедейді шақырды. Ол да өзіне тиісті үлесін алғып, жайына кетті. Тізім оқушы Аянбек тағы біреудің атын атады. Бағанағыдай емес, шу ұлғайып, қозғалыс қебейе бастады. Кедейлердің келте сөздеріне әзіл араласты.

Күн төмен еңкейіп, көлеңкө ұзара бастады. Тау жақтан майда жел согады. Аянбектің де дауысы қарлыға бастады.

— Рақым Байжарысұлы, жасы он екіде, әкесі сергелден кезеңде қаза тапқан.

Аянбек жан-жағына қарады.

— Берілсін!

— Білеміз! — Кедейлер тобы шулап қоя берді. Аты ат-алған бала естімеді ме, көпке дейін көрінбеді.

— Байжарыстың жетімегі! — деді қарлықсан даусымен қайталаган Аянбек. Жұрт ду құлді. Ортаға ырғала басып, бойшаң, ақ құба, сопақ бет бала шықты. Ол айналасындағыларға жаутаңдап жасқана қарады. Тоқаш оны таныды: кешегі балық аулаған бала.

Тоқаш әзілдеп:

— Сен бағана малдың керегі жоқ дегенің қайда? — деді.

— Маған керегі жоқ, бірақ шешеме... — бала күмілжіп, желкесін қасып жерге қарады.

— Төрт қой, бір сиыр!

Ауылдан қойларды маңыратып, мұқыл мүйізді қызыл қасқа сиырды мөңіретіп, айдал шыққанда Рахым қабағының астымен Кәрден тұрған жаққа бір қарады. Ол малды бірден айдал кетуге бата алмайтын сияқты. Мұны сезген Тоқаш баланың қасына келіп, басынан сипады:

— Қорықпа, мал да, жер де сенікі! Сенің қолыңдан енді ешкім тартып ала алмайды!

— Қор болып қол-қолда кеткен есіл мал! — Кәрден ауыр күрсінді. Бикен әкесіне жабысып, ұшып кететін құстай қолынан ұстап айрылмайды.

— Мейлі, жұдеменіз. Бас садақасы. Қалғаны аман болса... — деп жұбатады әкесін қызы.

Осы мезетте кешкі даланы жаңғырта, дүркіреген дүбір естілді. Ондаған, мүмкін жұздеген салт аттылардың шабысына үқсайды. Жиналған жұрт елеңдеп, тау жаққа қарады. Будақ-будақ шаң. Қиқу. Бір кезде шаң ішінен бір үйір жылқы көрінді. Тегіс қарамақпал арғымақ. Жылқы соңында Құрышпай, тағы да бір-екі жігіт, қолдарында құрық, бұрқыратып қуып келеді. — Мынау не жылқы?

- Ойбай-ау, әлгі Кәрденнің мақпалқаралары ғой.
- Тыққан жерінен тапқан екен.
- Эй, Құрышпай, ай-ай, жігітсің-ау өзің!
- Сорлатты-ау бәлемді!

Кәрден тобы қозғалып, іріктеліп шетке шыға берді. Кәрден қызының қолын серпіп тастап, өкінішті дауыспен айғай салды:

- Бұдан да өлген артық. Экел пышағымды!

Біреулер жұбатып, тоқтатып көріп еді. Кәрден оған болмады.

- Елдіктеріңің ішін... Жалаңаш қалдырыды ғой. Не істейін! Не қылайын? Жазған құдайым-ай!..— Кәрден еңкілдеп жылап, тұра жүгірді.

Жиыннан үріккен асау үйір, аулаға кірмей, дүркіреп тауға қарай қайта тартты. Құрышпай соңынан қуа жөнелді.

- Үстатпайды, тағы өскен мал емес пе?

— Қара айғырды ұстаса, қалғаны өзі келеді,— деді Аянбек.

Жігіттер жабыла айғырды қуды. Жан-жағынан қамалап, Құрышпай құрық салды. Айғыр мөңкіп, тіке жоғары шапшыды, бірақ Құрышпай босатпады. Айғыр білек қүшін сезгендей кенет тұра қалды. Жетектеді — соңынан бір үйір қарамақпалдар моп-момақан ерді де отырды. Аулаға бірге кірді. Жондары астаудай жылт-жылт етеді. Жаздай таудағы көк майсаға жайылған тағы жылқы ауызben үрлеп қойғандай.

— Ең семіздерін қалаға жіберіңдер!— деді Тоқаш Аянбекке. Дабыр сөздер тағы ұлғайды. Кәрденді Бикен орта жолдан қайырды. Жібермеді, Яшайло да бір жағынан қолтықтап, сабырлық айтты.

Топтан ақсаңдай басып бір орыс шықты — үстінде көнетоз пальто, қолында таяқ.

— Жолдас Бокин! Мен әдейі Қаскелеңнен келдім. Жаз болса мынау. Егін еге алмадық. Шөп те шаба алмай отырмыз. Көлік жоқ. Бір ат беріңіз,— деді ақсақ солдат.

Тоқаш Аянбекке қарады:

- Білесің бе?

- Білем. Біздің тамыр.

- Аты-жөнін қағазға жаз да, бір ат бер!

Тоқаштың ат үстіндегі Құрышпайға көзі түсті — жетегінде мақпалқара айғыр тұр.

— Бер, мынаны! — деді Тоқаш қолымен айғырды нұсқап.

Құрышпайдың өзі ие болғысы кеп түрғандай, қипақтады, бірақ, қарсы сөз айта алмады. Жұрт көзінше: «маған қалдыр» деу де қиын.

Орысқа қарап айғырдың ноқтасын үстата бергенде, Кәрденнің тобы құңғреніп, кейін серпілді, сескеніп, үрейі үшқан тәрізді. Тына қап, қайтадан ду етіп шулап қоя берді. Қара айғырды жоқтап өкіре жылаған дауыс, қайғырған үхіл, аянышты таңдай қағыс — адамның зәресін алғандай.

— Шіркін арғымақ еді, мынау орыс қор қылады-ау!

— Мұсылман малын кәпірге берді ме?

— Келемеж! Мұсылман қауымына қорлық!

Кедейлер тобында үн жоқ. Бәрі де мелшиіп, қарап қалды. Тек Құрышпай ғана:

— Мін үстіне! Бақытың бар екен! — деді. Шап етіп шоқтықтап алып, орыс айғырға мінді, жан ұшырып Кәрден де жетті.

— Жылқымның ішіндегі құтын орысқа бердің бе шоқынды!.. Қайран малым! — Еңк-еңк еткен Кәрден тез қимылмен айғырдың шабын семсерімен осып жіберді. Айғыр шүркүрап, құлындағы даусы құраққа шықты. Мөңкіп-мөңкіп, орысты лақтырып тастап, тауға бір-ақ тартты. Аулдағы үйір бірге жөнелді.

Адамға қысылғанда күш қосылады — Кәрденнің қолындағы семсерін уш әскер зорға дегенде тартып алды. Бірақ оған қараған Кәрден жоқ, жылқы айдал келген жігіттің құрығын қолынан тартып ап, қайқайта Тоқашты бастан бір періп, қалпақтай ұшырды. Жақын келген Құрышпайды тобықтан қағып қап, ат үстінен оны да доптай ұшырды. Аянбек тұра қашты, соңынан қуып берді. Жиылған жұрт аң-таң. Әуелі аңғара алмай қалған әскерлер Кәрденді қуып жетіп, қолын артына қайырды. Байлады.

Тоқаш есін жинаса — бет-аузы қан-қан, шашы үйпатүйпа, Бикен басын сүйеп көмек беріп отыр. Қызда өң жоқ, сөл жоқ, дірілдеп бірдеңе деген болады, бірақ үні шықпайды. Тоқаш Бикенге жиіркене көз таstadtы да айғайлап, Аянбекті шақырып алды. Тым-тырыс, үшқан шыбынның ызыңы естіледі. Жұрт ынтыға күтеді тағы не болады дегендей.

— Жаз! — деді ол таңулы қолын қымсына ұстап тыжырынып, бітіп келе жатқан иықтың сынығы бүгін тағы үзілген тәрізді. Қолын қозғалтпайды. Ауырып, жанын шағарады.

Аянбек қарындашты алып, оқтана берді.

— Революция атынан: қарсылық қылғаны үшін Кәрдсін Марқабаев ату жазасына бұйырылсын! — Тоқаш даусы қатал, іркілмейді. Жұрт анық, айқын естіді. Екі топта үн жоқ, есендіреп қалғандай. Біреу «ах» ұрып, шыңғырып айғай сап жіберді — даусы тыныштықты қамшыдай тілді. Құстың қанатындай дір еткен шу тынбастан ұлғая берді.

Тоқаш ызғармен жан-жағына қарады. Әлде халық ииетін білгісі келе ме? Қасындағы Аяnbек тоқтау айтпақ болалады. Тоқаш қолын бір-ақ сілтеді. Жан ұшырған Бикен жылап, әркімге бір жалынады, жәрдем тілейді. Ешкім міз бақпайды, сіресіп қапты. Жүректерінің түгі бар ма? Жоқ, Тоқаштан қорқа ма? Әлде соны жақтай ма? Бикен Тоқашқа барды.

— Төқашкан, кешір әкемді, бір ағаттық болды?

Тоқашта үн жоқ. Сұрланып, қабағы түйіліп, қолын бұлғап Құрышпайды шақырды.

— Төқашкан! Құңқұц болайын, — Бикен Тоқаштың аяғына жырылды.

— Тұрыңыз, Бикен! Бұл жарамайды! — Тоқаш Бикенді орнынан сүйеп тұрғызды. — Революцияға қарсы адам жазасын тартады! — Тоқаш ернін тістеп, теріс айналып кетті.

Бикен күңіреніп, шашын жұлды. Әйелдер қосыла жылады.

— Покудин! — деді Тоқаш — Құрышпай екеуің жазаны орындаңдар!

Солдат пен Құрышпай қолы байлауды Кәрденді ай-түйігे қаратпай итермелеп, жар жиегіне ала жөнелді.

Кәрден сүріне басып кемсөндей, қызыымен қоштасты.

— Конь, балам... Бикем. Кегімді ал!.. — деді. Бикен шыңғырып жер бауырлап, шашын жұлды.

Тоқаш жалғыз өзі өзендей өрлең, жүріп келеді.

Ауыл сергек үйқыда. Дабыр жаңа ғана басылды. Кейбір үйден әлі де күбір шығады. Құндізгі оқиға ойға сіңген, мұлде кететін емес. Қотанда ыңыранып; күйсеген мал, андасанда үрген сақ төбет.

Ай, сүттен жарық. Аспан ашық, жұлдыздар сирек, бірі сөніп, бірі жанады. Майда жұмсақ жел Тоқаш мойнына жібектей оралады. Немен тынбақ?..

Итермелеп әкетіп бара жатқандағы Кәрдениң сиқы Тоқаштың әлі көз алдында: жүрісі шапшаң, сүріне басып, алға ентелейді. Неге асығады екен? Өңі қашқан. Көзінде тұтан-

ған отты кек... Эне, шашын жұлған Бикен, ойбайлап, жер бауырлайды...

Тоқаштың жүргегі қысып, алқымына тығылады... Жоқ. Бұл жасықтық. Шаршагандық. Кәрден шіріген емен. Оны кесіп құлатпаса, күн көзін көлеңкелеп, бұтақ өсірмейді. Кәрденге жан ашу — әлсіздік. Кеше Бокиннің өзін өлтірмек болып, пышақ ала ұмтылғанда, жау жүрексізденіп, аяды ма? Қазір кімді кім?..

Бокин жүріп келеді. Ауылдан ұзап кетті. Қөңілі орнығып бір арнаға түспейді. Аласұрады. Жұдырығы жұмылған. Тістенген. Қез алдында көк жасыл жердің кілемі. Гүл... Тамаша гүл-гүлдер. Ай жарығымен Жетісудың кекнәрі қанқызыл түстес.

Тоқаштың қез алдында үйілген топырақ. Қабыр. Е, Айгүлдің қабыры екен гой. Таң қалады. Қалай тапты? Кім итермелеп әкелді? Әлде жүргегі бастап алып келді ме екен? Тоқаш қабырды құшақтап, еңіреп құлап түсті. Айгүлдің өлімі жұмбақ. Не қылған қатал, шым-шытырық өмір еді? Енді қайтып Айгүлдің әдемі, шатты құлкісін көріп, құлагымен ести ала ма? О, опасыз жалған!

XXV

Какенов Кәрдениң өлімін кешірек естіді. Сол күні түнделетіп қалаға барды. Фальковский де асыға тосып отыр екен, болған оқиғамен таныстырыды. Байдың сүйегін қалаға алып келіпті, ертең жерленеді. Валентин Робертович: «Жеміс пісті, енді ауызға өзі түседі. Тек құр қалып жүрмейік!» деп сөзін тұжырды. Какенов өзі де солай ұққан-ды...

Какенов қала төңірегіндегі әйгілі ел ақсақалдарын, қожамолдаларды шақыртып, Кәрден сүйегіне түсірді. Бұл өңірде келмей қалған екі-ақ адам болды, бірі — Жұніс, екіншісі — Сәт. Алдымен шауып келген Қастектегі халфе «Ой баурымдап!» — ботадай боздалап аула толы жүрттың көзін бұлаудай қылды, сонсөн, жарты сағат ясих аятын оқыды... Қала мұсылмандары — дүнған, үйғыр, татар қазақ улап-шулап байды Қарамолаға апарып қойды. Ас берді, үшін жетісіне созды. Қаза күнреніп, Кәрденді жоқтады.

Мүйіс-мүйісте: «шахит!.. Кафір қолынан қаза тапқан!.. Лағнат, лағнат!» деген кекті кіжініс сөздер көбейе бастады. Какеновке керегі де осы — дүнған, татар арасында дінге бе-

рілген дуаналар аз емес, солардың намысына тио де... Бокин жайындағы тұтанған өсек өртке айналды.

«Шоқынды, Петроградта шоқынған!»

«Ел ішін зәбірлеген! Қызы басқан! Мал сатқан!»

«Бір орыс қызын алам деп, өзінің қалыңдығын тұншықтырып өлтіріп!» — деген өсек бірінен бірі асып түсіп, қаланы аралап, қайтадан иессін тапты. Какенов өз сезін таңымай, басын шайқап, тамсанатын болды. Қала өсегі облыстық атқару комитетіне де жетті. Бұл жөнінде ат салысқан Фальковский мен оның достары — эсерлер болды. Какенов мұртынаң күледі, ізdegені осы... Әйттеуір, бір шатақ, тығылтаяң! Габдулланың көңлінен шықпай, жүргегінде дерт салған жалғыз фана Бикен. Экесінің өлімінен кейін талма ауруға ұшырап, құн ара ұстайды. Жұдеді. Какенов ыңғай аурудың үстіне барып, қап көзбе-көз дидарласа алмай жүр.

Бүгін тағы да Бикенге барам деп тұрғанда, жаңбыр құйып ықтиярсыз үйінде отырып қалды. Өмір — ойыншық-қа айналды. Адамның құны бір-ақ тиын. Кәрден бай өмір бойы тынбай еңбектеніп, дәулет құрып, тиын жинағы. Бар күнәсі осы. Байлық күнә болып па? Ақшаның кімге жерегі жоқ. Байлық жанның рахаты, өмірдің жұмағы емес пе? Кәрдендер тиыннан байлық жиган адам, сол рахатын көре алмай да кетті. Бокин ғасыр бойы жоқшылық, тапшылық көріп өскен құл-құтанның баласы, іші қүйеді, қүндейді, жүрттың бәрін де өз қатарына қосқысы келеді. «Жүрттың бәрі бірдей кедей болсын!» дейді. Осыны ойлағанда Какеновтің төбе шашы тік тұрады...

Габдулла Кәрден үйіне кешке таман барды. Бикен өзінің бөлмесінде кереует үстінде сұлық жатыр екен. Қасында — Сәлімгерей, немере сіздің Ләйлі, үлкен апасы — Зәкірдің әйелі тағы бірнеше әйел, ерек отыр. Бірі күліп, бірі сейлеп, қызы көңлін көтеруде. Какеновті таңып, Бикен бетін алақанымен басып, еңіреп қоя берді. Габдулла тізерлеп, қыздың қолын сүйді. Қөзіне жас алды. Қөңіл айтты:

— Жасыма, Бикен! Тірі болсақ, Қәкеңнің кегін алармыз! — Бикеннің көкшіл көзі, күзді күнгі аспандай, ызғарлы, мұнар басқан. Рені түсіңкі, ерні кезерген. Кешегі көктемнің гүлдей құлпырған Бикен жоқ. Габдулланың жаны ашып, отыра алмады. Жұдырығын түйіп, тістеніп, терезе алдына барып, қалшиып тұрып қалды: ауладағы пеш түтіндеп, бықсып жанбайды. Жаулықты, денелі әйел пешті үрлеп, тұтата алмай әлек. Әуе дымқыл, тұтін ұша алмай жер қабады.

‘втің қасына Сәлімгерей келді.

— Өз қолымен атқан ба? — Габдулла Сәлімгерейге бетін бүрды. «Атты» деген аты болмаса, әлі күнге жай-жапсарын тәптіштеп сұрамаған-ды.

— Ішінде болған Яшайлө. Сол біледі... Эй, Исаил! — деді Сәлімгерей кіріп келген Яшайлөға саусағын шошайтып. Яшайлө көзін ақайтып, Какеновке иіліп сәлем берді.

— Бокинның байды өз қолымен атқаны рас па?

Яшайлө қолын бір-ақ сілтеді.

— Қалай атса, солай атсын. Эйтеір, атқаны рас... — Даусын бәсекеттіп, Сәлімгерейдің құлағына ернін тигізді. — Бикеннің есіне сап қайтеміз...

— Қалыңдығы үшін үш күн нәр татпады деседі... —

Сәлімгерей Какеновке қарады. Бұл сөз Габдуллаға арналып айтылғанын сезді. «Естідің бе?» дегені... Какенов мүмкін Айгүлдің өлгенін бұрын естіген де шығар?!

— Эй, қойши, тегі!.. Онда жүрек бар ма! Эшейін сез де! — Тойтарып тастады да, Какенов Яшайлөнің иығынан қағып:— Солай емес пе, Яшайлө? Ішінде болған сенсің ғой?..

— Ішінде болды деген сөзді екеуің де қайталап айтасыңдар, осында не мән бар? Жұмсаған сендер, барған мен...

Габдулла тыжырынып әдейі түсін сұытты. Яшайлө қорқа бастады. Сезікті секірер...

— Бізге сенбей тұрсың ба Яшайлө?.. Біз шынын сұрап тұрмыз: қалыңдығы неден қайтыс болды?

— Біреулер: жүргегі жарылып өлді, енді біреулер өзі тұншықтырып өлтірсе керек... Орыс қызын алмақ деседі.

— Мм... Енді түсіндім. Міне, жаңалық осы, Исаил, өлтіріп жатқанын, сен қөзіңмен көріпсің ғой күні есіңде болсын... Жауабыңды әзірлең ал! — Габдулла Яшайлөнің үнсіз қолын қысты.

Үшеуі Бикеннің қасына қайта оралды.

— Бикеш, кешегі жазған арызың қайда? — деді Сәлімгерей қызға жақын барып.

Бикеннің екі көзі бір ноқатқа қадалған, шатынап ұясынан шығып бара жатқандай.

— Жыртып тастадым! — деді Бикен салқын үнмен.

— Неге?

— О неге керек?..

Сәлімгерей ыршып түсті. Какеновке таңдана қарап:

— Енді не дейсің?.. Экесінің қанын қешірген, бит!.. — деп, ашулы Сәлімгерей татаршылап жіберді.

Яшайло езу тартып жымиды да, қонақтар отырған бөлмеге кіріп кетті.

— Намыс деген болу керек, Бикежан! — Какенов даусын жұмсата сөйлемеді.

— Менде намыс бар!.. Бокиннен кегімді қалай алам, оны өзім білем! — деді Бикен сол көзін қадаған қалпы.

Осы кездे ақсақалдар отырған қоснақ бөлмеден шу шықты. Какенов жүгіріп барса, опыр-топыр төбелес.

— Е, не болды?

— Шырағым, мына бір үшпанаң сақалымды жұлып ап, қолыма берді,— деді Шамалғаның бір байы Какеновке.

Кәрденнің інісі Әділ Яшайлоға ақырып, кет-кеттің астына алды.

— Шық, бұзық!

Яшайло сазарып, үн қатиайды. «Бәлем сені ме!» дегендей тісін шықырлатып, түйіле қарайды байға. Баяғы мысықтай жұмсақ басып, тілмен алдап, қасымен арбайтын сиқыршы Яшайло жоқ. Ауған, Үнді, Қытайды көзген атақты сиқыршының ибелі-әдебі қайда. Жұзікке жалатқан алтындаі түсіп қалған ба?..

— Бұ қалай, Ислам!

— Келсем «Бокин малымды тартып алды»,— деп жылан отыр. Мен айтам: «Онда арыз жаз. Ұрғанын айт» дейім. Бұл маған: «Ұрған жоқ. Несін жазам» дейді. Неге жалған айтасың, ақсақал, ұрмақ түгіл, сақалыңды жұлғаны қайда. Нанбасаң мынау сенің сақалың емес пе? — деп бір түп сақал ұсынсам, шу көтерді. — Яшайло қолындағы бір түп сақалды Какеновке ұсынды. Байдың сақалы! Құлкіден қысылған Бурнашев ернін тістеп, теріс айналып кетті. Какенов сақалды алақанына сап:

— Біле — білсеңіз, бұл сақалды жұлдырып отырған да сол Бокинның ұлы. Ол халықты қүйзелтпесе, Яшайлоның сізде несі бар? Жазыңыз. Жазғанда малымды алды деменіз: «Жаңа орнаған өкіметті мақтап едім, сен мақтайдың деп үрді» деңе!

Манағы Яшайлоға ақырып жатқан Әділ де өзгеріп, Какеновтың сөзін қоштады. Сол түні тексеру комиссиясына үш арыз қатарынан түсті: бірі — Бикеннен: «Мені әйелдікке бермеді деп, әкемді атып өлтірді» деген. Екінші арыз Яшайлоның: «Айғұл дейтін қазақ қызын тұншиқтырып өлтіргенін көрдім» деп өзін қуәға тартқан. Үшінші арыз — сақалы жұлдынған байдан.

...Кешкі намазда, халфе уағыз айтты. Ұйғырдың үлкен

мешітіне халық сыймай, жартылай тыста, аулада тұрды. Қысқа адыммен жыбырлай басып, халфе имамның қасына барды. Дембелше, бұжыр түсіне онша көңіл толарлық емес. Бірақ шет жақта байқаусыз тұрган Кәкенов сөзіне риза болды. Араб сөзін араластырмай жатық, үғымды тілде сөйледі:

— Мұсылмандар! — Халfenің даусы қatal, ашық еken. — Бұгін намазды қафір қолынан шейіт болған Кәрден ақсақалға бақшылаймыз!.. Кәрден мұсылман о дүниеде жұмақ төрінен орын алады...

Жиылған жұрт: «амин-амин!» деп бата қылды. Халфе сөзін жалғады.

— Кәрден байдың өліміне бұкіл дін мұсылман қауымы күңіренеді. Өкінеді. Жас балаға дейін шырылдап, жоқтайды. Көз жасын қөл қылады. Біздің Кәрден қандай еді: қой аузынан шөп алмайтын момын, кісіге зияны жоқ, хұданың құлыш еді... — тамағын бір кенеп қойып, имамға қарады — қоштар ма еken дегендей. Ол басын изеді.— Таурықта мұндағы уақыға болған да бірақ сол дер кезінде күнәшарлар, өз ғайбын тартқан еken. Естерізге салайын: пайғамбардың досы, төрт шаһар жердің бірі — хазрет Ғұмар Мединеден Мәккә келіп, ақшамда намаз оқиды. Бұкіл Мәккә сахабалары жиналады. Намазды орталай бергенде, минареттен біреу түседі. Қолында — екі жүзді семсер. Хазрет Ғұмарға қарсы кеп, жүрек тұсынан семсер сұғады. Бір сахаба тырып етпейді, ләм-мим демейді. Намаз бұзуга ешкімнің хұқысы жоқ. Себебі — хазрет Ғұмар намазды тамам етіп, әлі «амин!» демеген еken. Аздан соң хазреттің есі кіріп: «амин» дейді. Со кезде барып, сахабалар шуылдасып тұра жүгіреді. Абубекір соғының ұлкен ұлы Мұхаммәт, базарға жеткізбей, қуып жетіп, қафірдің басын кескен еken. Біз, мұсылман халқы төзімдіміз. Уақыты жетпей, «аминді» айтпаймыз!. Бұгін мешіт Кәрден өліміне батағып, «амин» дейді!.. Кәкеновтың желкесінен біреу «уһ» деп демін алды. Жалт қараса — Яшайло. Иығынан бір жүк түскендей, жеңіл қымылмен жалт бұрылып шығып бара жатты.

XXVI

Петр Алексеевич Еремин болыстың комиссар Аянбектің үйіне түсті. Бокин Қордай жаққа кеткен еken, соңынан — ат шаптырып, кісі жіберді — «тез қайтсын» деді. Ол келгенеше Еремин Кәрден өлімін тексерді.

Аянбек соңғы жұмада қартайып, әбден біткен. Шашы аппақ, бет- аузында қатпарланған ажым. Сақал-мұрты үрпиген. Айгүлдің қайғысы, Кәрден уақиғасы есін шығарып, дөл-құл ғып жіберсе керек. Кәрден өліміне өзін де ортақ деп саңайтын тәрізді — сөз қосып, тоқтам айтпағанына өкінеді. Еремин болыстық комитеттің кеңесесіне апарып, егжей-тегжейін сұрағанда, тұтығып, тіл қата алмай, жылап жіберді.

— Бұл бір сәтсіз іс. Пәле! Пәле жалғыз келе ме, ала келеді...

Ел ішінде барымтада бірін-бірін соққыға жығады, қан төгеді, ол ерсі емес, ал ату, әсіресе қазақты қазақ ату — кешірілмес күнә. Өшпес қылмыс. Қазақ оқтан қорқады. Аянбекке бататыны осы.

Еремин ауыл адамдарымен жеке-жеке әңгімелесіп сыр тартты. Әсіресе, кедей-батырақтардың ой-өрісін, мұң-мұқтажын сынап, байқады. Бокин жайында пікірлерін білді.

«Бокин — біздің көшеге қараңғы түнде жарқыраған жұлдыз» — деп ақсақ Ақан әшейінде дөрекілеу сөйлесе де, бүгін Тоқашқа ризалығын, мәнерлі сөзben білдірді. Еремин де дұрыс ұқты — шын жүректен шыққан сөз екенін рухты бет құбылысынан да аңғарды. Ертеңінде Тоқашпен кездескенде Еремин Ақан сөзін есіне алды.

— Халық сені сыйлайды екен, бірақ сен соны көтере алмадың. — Кеңседе екеуі гана отыр, бөтен адам жоқ. Тоқаш қап-қара, түтіккен, ерсілі-қарсылы тыныс таппай адымдап, демін екі иығынан алады. Еремин болыстың қағаз салған сандығының үстінде, шылым тартып отыр. Көзін Бокиннен айырмайды.

— Жұмбақтамай, тіке, туласын айтыңыз?

— Туласын айтсам: сен қателестің!

— Менің қатем жоқ! Кәрденді ишара ғып отырған бояларсыз. Олай десеңіз: Кәрден өлім жазасына дұрыс бұйырылды.

— Қате!

— Қате емес! — Бокин даусы ащырақ шықты.

Еремин шылымының қалдығын уқалап-уқалап лақтырып жіберді.

— Сенің атуға қақың жоқ! Біле-білсең тұтқынданап қалаға айдату керек еді!.. Анархия!?

Тоқаш жұдышырығын түйіп, сұрланып, Ереминге шүқшиды.

— Былшыл, жолдас Еремин! Бұл сіз айтатын сөз емес.

Ана, қала тоғышарларының өсегі... Тапқан екесіз қолжаулықты! Мені тапа-тал түсте көшеде жарапайды, сотсыз өлтірмек болады жау. Ол — ештеңе емес. Менің үйленейін деп отырған қалыңдығымды өлтіріп кетеді — оқасы жоқ. Бай, революцияның жауы қарсылық жасап, жұрт көзінше комиссарды ұрады — тимеу керек. Өзін қорғап, атса, ол — қате... К чорту, ондай гуманизмді! Тыңдамайым! Революцияның солдаты жалғыз Еремин емес. Мен де солдат!.. Қәне, айтыңызышы: маған зақым келтірген бай ұлдарына не шара қолданды? Тексеру комиссиясының басында кім отыр, көздерің жете ме? Біз отырған бұтақты кесіп жатқаннан сау ма?

Тоқаш қызыарып, бұлығып сөзін әрі соза алмады.

— Бокин, мен сені жақсы білем. Тар жол, тайғақ кешуде сынасқандай болдық. Бірақ революционер кіршікісіз таза болуы керек! Осыны ұмытпа!

Есіктен Аянбек кіріп, үнсіз Тоқашқа қаладан келген телеграмманы ұсынды. Тоқаш көзімен жүгіріп өтті де, Ереминге берді. Облыстық атқару комитеті Бокинді тез қалаға шақыртқан...

Күн ұясына жартылай кірген шақ. Көкжиектегі шөгін жатқан өркеш-өркеш бұлттардың шет жағы қып-қызыл, өртеніп жатқан сияқты.

Тоқаш сол лаулап жанған бұлттан көзін алмайды, жалаң бас, қаттырақ басып жүріп келеді. Жүрегі де тап осы бұлттай өртенеді. Өкініш, ыза, қайғы — бәрі қосылып, уытын денесіне жайған; өні куарып, қолы қарысып қалған, саусағын да жаза алмайды. Аңшылар әуелі тор құрып, соған қарай аң қуатын көрінеді. Торға түскен арыстан шырмала-шырмала қолға түседі екен... Тоқаш та соның кебін киіп жүрмесін? Айғұл өлімі... Көрден оқиғасы... Жоқ, Тоқаш өкінбейді. Дұрыс істеді. Мейлі, Еремин: «Қате» десін, бірақ, байларға тізе батырмаса, дес бермеуі мүмкін. Қәзірдің өзінде-ақ, қасқырдай қарсы шабады... Ай-ай, Еремин жолдас! Тоқашқа үңіле қарап, көзінен арам ой тапқысы келеді.

Тоқаштың қайғы, күйігіне кім ортақ? Кімнің жаны ашиды? Өмір гүлі — Айғұл бір-ақ күнде солды.

Тоқаш зират басына келді: мынау томпиган, жас қабір Айғұлдікі. Тоқаш тізерлеп қабірғе басын иді. Айғұлдің жақсы көретін гүлі — кекнәрді қабірдің басына қадады. Хош, Айғұл!..

XXVII

Құрышпай қалаға кіре бергенде, Тоқаштан рұқсат алып Халимашына барып қонған еді. Ерте Махмут тerezе қақты.

— Не болды, Маха, осынша тарсылдатып? — деді Құрышпай көзін тырналап, үйқысын бөлгөнге реніш білдіріп.

— Е, сени тұтқынға алған жақ па еді?

— Тұтқыны несі? — Құрышпай әзілдеп тұр ма деп, Махмуттың бетіне үңілді.

— Тоқашты әскерлерімен тұнде тұтқынға алса керек, естімдің бе?

— Тоқашты?!.. Есің дұрыс па, Маха?

— Мен өзім өткен тұні Жаркент жақтан оралдым. Яғни, тергеу комиссиясы шақыртып алдырыдь... Сонда Тоқашты да алып келгендін өз көзіммен көрдім... Отрядын да түгел қамады. Сен бар шығар деп, Халимаға айтқалы келіп ем.

— Мә, саған безгелдек! Ойпырмай, бұл сүмдыш екен! Енді не істейміз? — Құрышпай, абыржып Махмутқа жалтақтап қарай берді.

— Тым асқақтап кеттіңдер, шырақ. Нелерің бар еді, байларға тиісіп?.. Ақшаның сатып алмайтын адамы жоқ.

Құрышпай желкесін қасыды. Не деп оттап тұр осы! Қолын орашолақ сілтеп, Құрышпай есікті қатты жапты. Дірдек қағып жүгіріп келеді. Қөшеде кез кеп қалған таныстар, танымаған адамдай теріс айналады. Жамандық, жата ма, қала тегіс естіген.

Ай-ай, Тоқашкан-ай, Құрышпай Тоқашты баласындаі көретін. Сыртынан қамқор боп, ақыл айтып жүретін. Тоқаш мұның ақылын ала ма, жоқ па, онда ісі шамалы, тек Тоқаш құлімдеп, қошамет білдірсе, соған риза-ды. Соған да мәз Құрышпай. Кәрден үшін Тоқашты қалай тұтқынға алады? Жауыз екенін білмей ме?

Құрышпайды ана жылы Сибирьге айдатқан кім? Кәрден. Пәлен жыл жазықсыз бейнет шегіп, қорлық көрді тайгада, кім кінелі оған? Кәрден! Құрышпай ауылда өткір тілді, сері, әнші жігіт атанды. Бірде байқамай Кәрденді сықақтап өлеңіне ілген. Ақыры сол пәле боп тиді. Құрышпай үры, жылқымды ұрлады деп, ақшаны төгіп-төгіп согтатып жіберген-ді... Кәрден деген кісі осындаі да! Кім білмейді оны?

Құрышпай Сақаның пәтеріне келсе, жоқ. Пішпекте екен, әуелгі кеткеннен қайтып соқпапты. Қап!.. Енді кім бар? Оразды іздеді. О да әлі майданда екен. Құрышпай Тоқашты билетін ескі достарынан Виноградовты есіне алып, қалалық

Советке барды. Алдындағы хатшысы: «Құлжада. Жуырда келетін болар» деді. Құрышпай санын бір соқты. Емелев те, Журавлев те соғыста... Жалғыз қалған Еремин. Кеше Шамалған барып, тексерген боп жүр еді, соның өзі болмасын үстәтқан?.. Қой жақын адам туралы жаман сйлаудың өзі күнә демеуші ме еді? Құрышпай облыстық атқару комитетіне барды. «Еремин де жоқ. Бүгін қызметке шықпады, науқастанып қалмаса?» деп күдік білдірді жалпы бөлімнің бастығы. Құрышпай Ереминді іздең пәтеріне барды.

Петр Алексеевич басын орамалмен таңып алған, тесекте жатыр — қиналған адамның кейіпі, маңдай терісі қатпарланған, ерні қисайған. Көзінде реніш.

— Отыр... Қайдан жүрсің? — Еремин қолымен қасындағы орындықты нұсқады. — Қайдың жоқ ауру менің басыма, үялайды. Кейісем-ақ болды, былтырғы оқтың орны солқылдап жанымды көзіме көрсетеді. Дәрігерлер мұндай ауруды білмейміз, нерві шығар дейді... Ал, не жаңалық бар?

— Тоқашты абақтыға салдырып, жайбарақат жатқаныңыз қалай, жолдас комиссар? — деді Құрышпай тиісе.

— Тоқашты?.. Абақты?.. Қашан?

Құрышпай Ереминнің үрейлі сөзіне құлақ қоймады:

— Сіз не ғып білмедіңіз?

— Не айтып отырсың өзің? Түсіндірсейші, адам сықылды!

Құрышпай өткен түні Тоқашты бүкіл отрядымен тұтқынға алғанын баяндады.

Еремин көрпесін сырып тастап, атып тұрды.

— Қайда барасыз, Петр Алексеевич? Дәрігер жүргізбе деп кеткен! — деді есіктен кіріп келген күтуші әйел.

— Олай болса сіз жатыңыз. Шақыр деген кісіңізді мен шақырып келейін.— Құрышпай елбелектеп апшысы қуырылды — бір жағынан Петр Алексеевичке жаны ашиды: өзі ауру, өзі жалғыз, былайша айтқанда жетім, енді бір жағынан Тоқаштың абақтыға түскені жанына батып барады.

Петр Алексеевич екеуіне де үн қатпай, киіне бастады. Оқтиген қолы жөнді иілмейді. Құрышпай сүйеп тысқа алып шықты. Қөшеден өтіп жатқан арба жеккен қазақты тоқтатып Ереминді отырғызды да, облыстық атқару комитетіне алып барды Құрышпай.

Еремин кабинетіне кірген бетте-ақ құлады. Құрышпай басын сүйеп, су берді... Бекер барған екен. Эй, Құрышпай, жеңілтексің-ау!..

Еремин ернін тістеп, қинала отырып телефонның құла-

ғына жармасы. Тексеру коммиясының бастығы Фальковскийді шақырды:

— Тез келіп кетің!.. — Бетін Құрышпайға бұрды. — Құрыш, мына қатарғы бөлмеге барып отыра тұр!

Құрышпай Фальковскийді шақырғанда-ақ, өзі де ойлаған: «Көзіне түсіп не бар... кеткен жөн шығар» деп. Еремин ойының үстінен тұсті. Қатарғы бөлмеге кіріп, есікті сәл ғана жауып, арасынан саңылау қалдырды. Құрышпай Ереминге риза. Жігіт!.. Бәсе, ескі революционер деген осылай қайрат көрсеткені лайықты да.

Кәзір Фальковскийді қысса — бәлем өзі де сасар... Бірақ. Құрышпайдың жобасы дәл келмеди. Фальковскийдің аузы алты қарыс екен. Келген бетте-ақ Еремин екеудің айқаса тұсті. Құрышпай бір сөзін құр жібермей жадына сақтап отыр. Ертең аман-есен Тоқаш шықса, жырғып айтпай ма.

— Бокин облыстық атқару комитетінің мүшесі. Комиссар. Білесіз облатком мүшесін тұтқынға алу үшін, президиум қаулысы керек. Кәне қаулыңыз?

— Қаулы жоқ. Рұқсатым бар. Прокурордан, трибунал бастығынан және де облатком бастығынан!

— Президиум қаулысы керек, жолдас Фальковский! Кәзір тұтқыннан босатыңыз! Бір минут ұстауға хақыңыз жоқ.

— Жоқ. Босата алмадық!

— Мен облаткомның әкімшілік бөлімінің комиссарымын, бүйірамын сізге!

— Бокин саяси қылмысты, қауіпті жау. Қажет болса Москвадан чекадан бүйіркі алдырам!

— Сенбеймін сізге!

— Сіз Бокинді білмейсіз...

— Ендеше мен бұл мәселені президиумға қоям.

— Еркініз... Сонда ұялып қап жүрмеңіз. Ескертем!

— Маған сол керек!

Тарс-тұрс есік қатты жабылды. Еремин дауыстап:

— Құрышпай! — деді. Құрышпай кіріп барса, Еремин сұп-сұр, бетінде сәл жоқ, екі иығынан демін алады.

— Естідің бе?

— Естідім... Енді қайтеміз?

— Құресеміз де!..

XXVIII

Ереминнің жанжалы Фальковскийдің шатты көндін бұза алмады. Қөптен құрған қақланға аюдың өзі түсті. Енді оңайлықпен босап кете алмас! Тек істің қиуын таба білуі керек... Ақ жіппен тігіліп, ертең президиумда ақсиш көрініп тұрса — Фальковский құриды.

Алғашқы қадамы сәтті шықты. Жақыпбекті кедергі болған соң майданға жіберді. Қалған қызыметкерлердің ішінде ырқына көнбейтіні аз. Сенімсіздерін шет қақпайлап, маңына жуытпайды.

Валентин Робертович бұрыннан заңды жақсы біледі. Он алтыншы жылдар талай істі қолынан өткізген, бірақ ол жайында Валентин Робертович басқаға айту түгіл, өзінің есіне түсіруді шам көреді... Шамданбайды-ау, дәлірек айтқанда — қорқады. Ол бір заман! О кездे Фальковский соғыс прокуратурасының маңызды істі жүргізетін тергеушісі де. Одан кейін эсер партиясына мүше болды, міне, кәзір коммунист, тергеу комиссиясын басқарады. Несі бар?.. Өзін өзі жұрт алдында ақтап, «адал» екендігін көрсете білген жоқ па?..

Бокин халық жауы. Жұртқа осыны қалай сендіру керек? Ең алдымен ол қылмысын мойнына алыш, өз қолымен жазса... Куәлар мойнына салса... Қионын тауып, президиумға түсірмесе.

Фальковский Ереминмен салғыласқан күні кешке Бокинді тергеуге алдырды. Қалалық абақтыда жеке камерада отыратын-ды. Пенде баласына көрсетпей, «қарақарға» атанған қара құймеге мінгізіп, жасырын алдырды.

Дала барысы енді кайтер екен, бұғін Робертовичтің қайратын мұқап көрсін... Сұқтана қарайды, көзін алмайды, тегі шырамытып отырған жоқ па екен?.. Үстіне қылшық жуытпайтын тыраш, серінің жүні жығылып, уқаланып қалған тәрізді — жүдеу, самай шашы аппақ, «что же, на этот раз ты не уйдешь из моих рук!» — Валентин Робертович Бокинді бұрышқа отырғызып, өзі стол басына кеп, қалтасынан тапаншасын суырып ап, жанына қойды. Будыраған қалың қағаздарды ақтара бастады. Бәрі тұтқының жан-сезіміне тиетін қымыл, ескі әдіс.

— Біз сізді қазақтың маңдайына шықсан жұлдыз деп есептедік.

— «Бізіңіз» кім? — деді жұлдып алғандай Бокин.

— Біз — коммунистер.

— Ә... Сіз де коммунист пе едіңіз?

Валентин Робертович селк етіп, жалт қарады — күлімдей ме, қайтеді?

— Менің кім екенімді біледі екесіз ғой?

— Білгенде қандай, тақсыр!

Валентин Робертович қанын ішіне тартып, тістеніп, Бокиннің қасына барды.

— «Тақсыр» дейсіз бе?.. — Аңдаусызда қолының қырымен күре тамырдан шарт еткізіп, салып жіберді — Бокин серең етіп құлап түсті. Есінен таиды. Валентин Робертович іштей жымың-жымың етіп, күліп алды.— Саған осы керек!..

Тоқаш аздан соң есін жиды. Басын көтерді. Не болғанын сезгендей күп-күрең бол, булығып, ежіреле қарады. Фальковский сақтық жасап тапаншасын қолына алып ұлғірмедин, орындық кеп оның басына сарт ете түсті — аа!..

Тоқаш қашып кете алмады, сенекте қүзетте тұрған әскерлер ұстап, кабинетке қайта алып кірді. Фальковскийдің бет-аузын қан жауып кеткен, бір жанбасына қисая құлаған екен, түрегелді.

— Байланыр қолын!

Сөйтті де дәлізге шығып, бетін жуып, жарасын байлатты. Куәларды алдырды. Қара жамылған Бикен бадырайған көзін Тоқаштан алмайды, өңменнен өтеді. Бір басты... екі басты... Бокинге жақыннады...

— Мені осынша бақытсыз қылатын саған не жаздым? Сүйіп ғашық болғаным айып па?

Фальковский тап көзір сөз мағнасын ұқпаса да, қыздың бет-құбылысынан, қапалы үнінен жүрек қайғысын ұққандай, кейін қыздың не айтқанын сұрастырғанда, сол жорамалдауы дұрыс бол шықты.

— Бикен, сен менің жолымда тұрған жоқсың. Саған өкпем...

— Жоқ. Сен менің жүргегіме жазылмайтын жара, өміріме кетпейтін дақ салдың. Жастығымды қорладың, әкемді атып өлтірдің!.. Бірақ, мен де сенен өшімді алдым: Айғұлді өлтірген мен!.. Мына қолыммен өзім тұшықтырып өлтірдім. Ендігі арманым: сені ешбір әйелге бермей, өз қолыммен жерлеп, қабіріңе күнде барып, бір жылау! — Бикен бетін бүркеп, булыға жылап, шығып кетті. Фальковский де аң-таң, не дерін білмей отырып қалды.

...Фальковский кірпік қақпады, күні-түні Бокин ісінің қиуын жымдастырды. Ертеңінде Ереминнің бүйірігі болуы керек, Бокин ісіне прокурор килікті. Я, бар, айла-тәсіл-

ді қолданатын қезең енді келді. Фальковскийге «тақсыр» деді-ау. Танығаны ма?.. Ертең прокурор алдында «сондай адам» деп қоясын ашса? — Бұрын қамтымай болмайды. Каженовпен ақылдасып, «тыңдан куә» іздең, Махмутқа тоқталды...

— Махмут, сен таза адамсың. Кедей табынан шыққан осы өкіметтің ұлысың... Партияға неге түспей жүрсің? — деді Фальковский алыстан орағытып.

Махмут өзі інге кіре алмай жүргенде, тағы бір қалжуырды байламақ па.

— Түсем ғой...

— Бір мекемеге бастық қын қою жайын облаткоммен де келістім.

Махмутқа шенді кім береді. Алдап отыр. Қөзін аяқ астындағы кілемнен алмайды — тоған, түгі түскен ойдым-ойдым таңбасы бар. Тері Махнұт құсап, біреулер аяғымен кілемді тұртқілей берген де. Талай сырға куә кілем болар...

— Сен неге үндемейсің?

Махмут селк етіп, Фальковскийге үнілді.

— Дұрыс! — деді Махмут сасқаннан. Не «дұрыс?» өзі де түсінбеді.

— Ал, сені шақыртқаным: әнеугі жазған арызың есінде ғой?..

Махмут басын изеді: «Қай арыз?» Бірсыныра қағазға қол қойған еді...

— Қазір прокурор келеді. Сол арызды тексереді. Түсіндейдің бе?

Махмут салмақпен Робертовичке қарады — осы не айтып отыр? Жабысын соңынан қалар емес. Қайтсе, құтылады?

Фальковский қатаң дауыснен:

— Прокурордың көзінше мойнына саласың.

Махмут жынықтап: «кездестіріп қайтесің» демекші еді. Аузын ашқанша болған жоқ, Фальковский тағы да қайрады:

— Таяқтың бір ұшын бассан, екінші ұшы өзінді соғады. Сондықтан...

— Онымен енді қайтып кездеспейсің, арызды да көрсетпейім, сотқа ғана керек дегениң қайда?

— Қорқақ неме?.. Әлде «алтынды» тапқың келді ме?

Махмуттың басы төмен тұқырайды... Қөп кешікпей прокурор келді — ұзын бойлы, түсі суық, мосқал еркек екен.

Фальковский аяғының ұшымен тік тұрып қарсы алды.
Бума-бума қағаздарды алдына үйді.

— Міне-міне... жұз шамалы арыз. Соның бәрін бір адам жазды деуге бола ма... Мынау сақалдар шарф тсқуға да жетеді... Тістерді — қағып түсіре берген. Хи-хи... Бірінші Петр сияқты сақалға өш болған!.. Ал, осы бір арыздың иесі мынау отырған! — деді Фальковский еңкейіп, қызыл сиямен жазылған қағазды ұсынып.

Махмуттың маңдайынан тепшіп сұық тер шықты.

Екі әскер Бокинді алып кірді. Махмут көзі шалар-шалмас тайқып тұра қарай алмады. Дәті шыдамады. Тоқаш кешегі досы, сырласы. Қалай беттеседі? Шын болса, бір сәрі-ау... О, құдай!

Тоқаш сырт жағынан отырды. Көзінің өткірін қарашы, желкесін қыздырып барады.

Тілеуің бергір прокурор сөз бастап, бұлттай түйіліп келген қапастық жәйді тарқатып жіберді. Амандық жоқ, прокурор турасынан бастады.

— Бокин, сіз Махмутты білесіз бе?

— Білем. Білгенде қандай... Сырлас та болдық!

Ойбай, құдай-ай, өзін өзі қақпанға түсірді. Онан да білмеймін деп танса, құтылар ма, қайтер еді...

— Махмутқа өкіметті өз қолымызға алып, ел болайық. Соған белсене қатыс дегеніңіз рас па?

Тым-тырыс. Терезеге соғылған араның ызыңы ғана естіледі. Отырғандар демін ішіне тартқан. Бәрінің көздері Бокинде. Махмут әлі де Тоқашқа қарай алмай, қырындап отыр.

— Рас!

Махмуттың көзі шарасынан шықты: есі дұрыс па? Шыдай алмай, Тоқашқа жалт қарады. «Жалған!» — деп айғай сап жібере жаздады. Бірак, дер кезінде тоқталды, абыржып, сасқан Тоқаш жоқ, салмақты отыр екен.

— Не дейсіз? — Прокурор да шошыды білем, сенбей қайта сұрады.

— Айтқаным рас... — Төніп тұрған Фальковский «үһ» деп отыра кеткені сол-ақ екен, Тоқаш сәл мұдіріп, ойын жалғады. — Жалғыз-ақ бұл осыдан бір жыл бұрын Уақытша үкімет тұсында айттылған сөз. Мені жаппақ боп ақ казактар іздеген тұні, елге қашып бара жатып, Махмутқа осы сөзді айтқам!

— Жоқ. Осы жуықта айтыпсыз. Совет өкіметін құлатайық деп атап айтыпсызы! — деп Фалько.ский өре түрегелді.

Тоқаш қарқылдан күлді де, сыйдана:

— «Тақсыр!» — деді. — Өзім құрысқан өкіметті өзім құлатпақ болам, ә?

— Мойныңызға салса қайтесіз?

Махмуттың жүргегі үзіліп төмен түскендей, іші-бауыры түйіліп, дәрет алғысы келді...

Тоқаш ақырып, Махмутқа үңіліп қалды. Бірінші рет назар аударып, Махмуттың неге отырғанын енді түсінгендей.

— Махмут, азамат! Бокинды білесіз бе? — деді прокурор сөзге араласып.

— Білем! — деді Махмут әлі де қипақтап, екі ойлы, қай жақда шығарын білмей.

— Сізге «совет өкіметін» құлатайық деп сөз салды ма Бокин?

Тартыс ширап, шегіне жетті. Тоқаштың тесіле қарағанын басын көтермесе де, Махмут сезіп отыр. Не деу керек? Бас тартса Фальковский ертең құртады. Мүмкін, соңына жарық алып түсіп, Березовскийді ұстап бергенін де ашар...

— Жоқ. Мұның бәрі жалған! — Махмут басын жоғары көтеріп, Тоқаштың бетіне бірінші рет тура қарады. Тоқаш жүзіне қан жүгіріп, күлкі ойнады.

Фальковский ыршып түсті.

— Мына арызды кім жазды? Мынау сенің қолың емес пе?

— Я, айтқаны шын! — Махмут әуелі Фальковскийге, соның прокурорға, кезек-кезек қарады. Прокурор аң-таң, сезімін тұрақты арнаға түсіре алмай әлек болғандығы бесенеден белгілі.

— Осыдан бір жыл бұрын айтқан!

Енді Тоқаш жымиды.

— Арызды жазған кім? — деді прокурор.

— Мен.

— Неге жаздың?

— Зорлады!

Фальковский мен Бокин қатар орындарынан атып-атып тұрды.

— Подлең! — деді Фальковский Махмутқа кіжініп.

— Подлең! — деді Бокин Фальковскийге жеркеніш атып.

— Мен сені білем!..

Оңаша қалған соң, Фальковский прокурорға:

— Екінші күә тағы бар... Ол — қыз. Кәрдениң қызы Содан сұраңыз! — деп Фальковский өз сағатына қарады.

— Кешкі алты.

— Бүгін кеш. Ертең... Кәзір Бокинді кепілге басатыңыз. Үш адам алады: Виноградов...

— О кісі жоқ еді ғой? — деді жұлып алғандай Фальковский.

— Бүгін Қытайдан оралды. Екіншісі — Еремин. Үшіншісі — Құрышпай Қалдыбаев.

Прокурор шығып кетті. Фальковский телефонның құлағын бұрады да, абақтының комиссарын шақырып ап, бүйіркүй берді.

— Бокиннің жұмысы әлі біткен жоқ. Кепілге шығармаңыз. Сұраған адамға: «Кеш... Ертең ертесімен берейік» де. Түсіндік бе?.. То-то!

Көшеге шықса — қаракөлеңке. Күн тағы бүркеледі. Аспанда тұтасқан қара бұлт. Алатаудың ақбас шыңы тұманға оралған, буалдыр. Сұрғылт тұман жібектей созылып, қалаға жылжып түсқен.

Фальковский шіміркенді, денесі тоңазығандай. «Білем!» деді-ау... Амал-айла керек... Аузы темір татыды: таң атқалы тاماқ та ішпепті ғой... Қайда барам, қай көшемен жүріп келем деп сұлаған Фальковский жоқ, екі аяғы пәтеріне өзі алғып барды.

Үй иесі, етікші шал алдынан шығып: «біреу тосып отыр» деді.

Ауызғы бөлмеде бүкшиіп, басын тұқырайтып біреу отыр, екі қолын аяғының арасына салбыратып түсіріп жіберген, қалпағын үқалай береді. Е, қалқан құлақ кім десе — Какенов екен ғой.

— Жақсы келдің... Қайдан тапсам деп басым қатып кеп ем... — қалтасынан кілтін алғып, өз бөлмесін ашты да, Какенновты кіргізіп, есіктің тиегін салды.

— Танып кетті! — Фальковский Махмут қылышын Какенновке жеткізді.

— Ух... доңыз! — деді Габдулла ышқынып, — қылды ау!.. Енді қайттік?

— Қимылдайтын кезең... Ертең кеш қаламыз! Бүгін түн біздікі! — Фальковский сөзін бөліп, есікті оқыс ашып қап басын сұқты — тыңдал тұрған адам жөрінбеді. Қайта оралды... — ол — былай...

Петр Алексеевич сағатына қарады, алтыға жарты сағат қалған. Енді стыз минуттан соң облыстық атқару комитетінің президиумы басталады. Прокурор элі жоқ. Тоқаш ісі жайында мәлімет беруі керек еді... Қайда жүр екен?

Еңгезердей әскер босағадан аспай, рұқсат сұрады.

Сентябрьдің жаңбыры үш күндей құйып, күн бүгін түстегана ашылған-ды. Көше батпақ. Аяқ алып жүргісіз. Құректабан етігіне жабысқан балшықты әскер сүртпестен кабинетке ала кірді. Таза еденде баттайып-баттайып ізі қалды. Та-залықты сүйетін Еремин тыржиып, жақтырмады. Аяғын сүртуге ерінген бе? Мінезіне тұлғасы сай — дәл аюдың өзі. Салғаннан Ереминге тиісе келді. Қеңседе отырып, қағаз көшіргеннен басқа бітіретіні шамалы. Халықты білмейді. Жаны ашымайды — бюрократ!..» деп әуелі Ереминді тілдеп, рәссау қылды. Ауыр жұдырығымен столды ұрып, кабинетті басына көтерді. Петр Алексеевич біреу ашуланса, күліп жыныатын әдеті де. Бұл жолы да сыр бермеді. Долының ашуы — еткінші жауынданай, бүркүрап өте шығады...

— Сөзіңіздің төркінін таба алмай дағдардым... Басқа кісі болмасын іздеген адамыңыз? — деді Еремин оған құлімдеп қарап.

Әскер манадан бері өзінің босқа күжілдегенін енді аңғарғандай, тым-тырыс басыла қалды.

— Мен полктің партия үясының хатшысы ем. Кеше абақтыдан жазған Бокиннің арызын алдым... Тергеу комиссиясында кейбір адамдар зәбір көрсетіп жатқан көрінеді... Ол біздің партия үясында тұратын коммунист еді. Ара тұсу бізге борыш. — Әскер тамағын кенеп, тілектес пікірін білдірді.

Осы кезде, есікті қағып үш ел қазағы баса-көкте, ызбарлы кірді. Үшесінде біркелкі — стыз шамасындағы жігіт. Қурайдай қатқан қап-қара, қимдері қонетоз...

— Еремин кім? — деді сойдақ тісті, ала көз жігіт.

— Мен!

— Біз шығыс, батыс Қастек, Ұзынағаш, Қаскелең болыстарынан тұн қатын, ат терлетіп сізді іздеп келдік.

— Міне! — Қойнынан ума-жума, қалың сары қағазды суырып алды. Ана екеуі де қағаздарын қатар ұсынды, — арыз! Бес жұз адам қол қойған.

Еремин қағазды таңдана қолына алып, олай-бұлай сығалап қарап еді, танымады — арапша жазылған:

— Не жайында?

— Бокинді тұтқынға алған. Біз қазақ кедейлері үн қосып қарсылық білдіреміз. Біздің көзімізді ашқан, адам қатарына қосқан сол... Кәзір буржуй басын қайта көтерді. Бокинды әріске алды, стреляют, енді малымызды давай суда деп әлек сап жатыр! Бокинды шығар, түрме сидит нельзя!..

Орысша шала біледі екен, бір сөзді орысша, бір сөзді қазақша айтып ойын зорға жеткізді. Еремин түсінді...

Петр Алексеевич сағатына қарады — алтыдан он бес минут өткен. Президиум кәзір басталады. Қазақтар мен солдатты ертіп, облыстық атқару комитеті бастығының кабинетіне енгізді. Шет жақтан орын ұсынды да, өзі бастықтың қасына жақын барып отырды.

Президиум мүшелері, комиссарлар, облыстық қызметкерлер толық жиналған. Қалалық Советтің бастығы Виноградов та бар, «алыс сапардан қайтып ем, дем алайын» дегепті. Сақалы қеудесіне түскен жұмсақ мінез облатком бастығы — Гречко, сөзге ергіш, адамға сенгіш, көңіл қайтармайтын адам, егес-қияс туса, жайма-шуақтатып, тайқып шығады. Дәл баспайды. Мінезі Ереминге мәлім. Тоқаш жайында Фальковскийге аңқау басы, келісім беріп қап, енді бүгін қысылып та отырған болар.

Түр әлпеті соған ұқсайды — жадырамай, жұртқа осқыра қарайды.

— Құн тәртібінде бірінші — Еремин қойған Бокин жолдастың мәселесі.

Петр Алексеевичтің сол иығы шаншып, мазасын алса да, шыдап бақты. Бокин жайында әуелі Шамалғанда естігенин баяндады. Бүкіл қалың бұқарадан түскен шағымның мазмұнын жеткізді, полктың уәкілдерімен таныстырды.

— Байлар өшігіп, соңына жарық алып түскен... Бұлар кімнен күш алды?.. Бірінші алаш бастығы Какеновтен, екінші — тергеу комиссиясындағы Фальковскийден... ал — Фальковский кім?.. Қайсың білесің? Қәне? Айтыңдаршы? — Еремин көзімен отырғандарды жағалай шолып өтті. — Бәрің де үндемейсіңдер?.. Қайдан келді? Кім өзі?.. Ешқайсың білмейсің! «Зәкір байды атты» деп, тергеу комиссиясын билетіп, өкімет тұтқасын қолына бердік?!

Еремин әрі қарай бастырмалатып, түйрей сөйледі. Біреулері ауыздарын ашып, таңдана үңіледі. Енді бірі — көршісіне қарап, иығын көтерді. Астыңғы ернін салпитып, іштей жек көріп отырғандары да бар. Мүмкін Фальковскиймен дос та болар. Мейлі, Еремин әдейі солар үшін тісін батыра тіксінеді.

Фальковский алдымен Бокинге заңсыз сот құрған қала байларының балаларын абақтыдан босатып жіберген.. Қылмыс таппаған. Алашорда жетекшісінің бірі Кakenовты трибунал сотына тілмаш қып алған. Оның кім екенін Фальковский білмей-көрмей отыр ма?.. Бокинды Верный большевиктері жақсы біледі. Мына отырған бастық Гречконың өзі де екі жылдай қүрес сапарында үзеңгілесе келе жатқан жоқ па? Бокин революцияның адад ұлы. Мұнда бір гәп бар. Кеше Ереминге жазған хатында: «Фальковский бір жерде көрген адамым, бірақ, есіме түсіре алмай әлекпін» дегіті Бокин..

Прокурор кешіге кеп, шет жақтан орын алды. Еремин оған бір қарап қойып ойын жалғады.

— Прокурор таңертеңнен Бокин жұмысын тексеруде еді, айтсын, кәне, не жәйі бар! — Еремин прокурорға жол берді.

— Бокин ісінің көбі жасанды. Жала! Бұғін бітіре алмадым. Жалпы сөз түйіні — тергеу комиссиясының жұмысы салақ жүрген. Тәртіп жоқ..

Прокурор сөзін аяқтай бергенде, Виноградов іліп әкетті.

— Тергеу комиссиясының жұмысын зерттеп қортынды шығаруға үш кісіден комиссия құрылсын! Бастығы — Еремин, мүшелері — прокурор жолдас және...

— Виноградовтың өзі! — деді Гречко.

— Екіншіден, Бокин тұтқыннан босатылын. Облатком мүшесін рұқсатсыз тұтқындау заңсыздық!.. Мен өзім Қытайдан кеше қайттым. Естісімен прокурор жолдасқа телефон соғып, маған кепілге босатсын дегем...

— Бұйрық берілді. Бұғін шығарады! — деді прокурор сөзін нықтап.

Елден келген қазақтар қуанышты пішінмен біріне-бірі қарады. Полк партия ұясының хатшысы кепкесін жымыра ұстал, түрегелді..

XXX

Тоқаш көзін торлы терезеден айырмайды. Тұңғиық ойда — дария кезген жалғыз қайықтай, ағып барады. Шек жоқ. Алыста қарайып жиек те көрінбейді.. Кеше ғана талпынып, қолын соғған өмірдің асқар белесі, бұғін көз алдынан ғайып болды...

Абақты тұні үрейлі-ақ: зым-зия қараңғы, жым-жырт—

тірі жанның үні естілмейді. Анда-санда, шақыр-шұқыр ашылған камера есігі жүргегін тітірентіп, қүйқа тамырын шымырлатады. Ең болмаса, дәлізде жүрген абақты қараушысының жүрісі де сезілмейді.

Тоқаштың көз алдында торлы терезе. Эрбір тордың тесігінен ашынған, қанталаған қызыл көздер сығалап, зекіре қарап тұрған тәрізді. Әне біреу тұксиген қисық көз, аумаған Кәрдөннің көзі. Шұқшия қарағаны Кақеновке үқсайды.

Тоқаш кірпік қақпайды. Көз алдында буалдыр тұман Одан әрі тұңғиық, тұпсіз шыңырау сияқты елес. Осы өмірдің шыңырауы емес пе екен? Тоқаш зымырап барады, зымырап борады. Қашан түбіне жетіп, быт-шыты шығады?..

Міне, абақтыға тұскеніне бір жұма — еш хабар жоқ. Тыстан, бастандық өмірден саңылау да көрінбейді. Құлақ керең, көз соқыр. Бастандықта не боп жатыр? Достары қайда, неге болыспайды?

Тоқаштың жүргегі алқымына тығылады. Демігеді. Бұл абақты Тоқашқа он алтыншы жылы сегіз ай отырғанда жеңіл тиген еді. Кәзір неге үстінен зілдей басады! Әлде, о кезде қасында шынтақ тіретін, сүйеттін достары болғандықтан жеңіл тиді ме? Әлде шешесінің анда-санда әкеп берген тамағы нәр боп, қуат берді ме? Жоқ! Шешесі баласынан әлі де безген емес. Кәзір де тамақ әкелер еді, естімеген де. Ендеше себеп не?

Он алтыншы жылы Тоқаштың жауы бетпе-бет, қоян қолтық алысты. Кімнің қолына тұскенін Тоқаш жақсы білді. Ал, бүгін өз қолымен құрган өкіметінің абақтысында отыр. Кім тұсірді? Адам өзіне өзі қас бола ала ма? Тоқаш оң істейді — оған теріс деп жабады. Қасіреттің ауыры осы екен!

Камераны ұрып, сындырып тысқа шығып, көшедегі ағылышп жатқан халыққа айғай салып, мұңын айтар ма еді! Білекті сабанып тастап, ақиқат үшін құреске түсер ме еді?

Тоқаш біреу ине пісіп алғандай атып тұрып, қайта отырды. Абақтының тұні қалай ызғарлы? Бұл — тұн жапан түзде қара түнектен шыға келген қасқыр сияқты. Сескентіп, үрейді алады. Бұл өлімнен қорыққандық емес, қайта өмірді сүйгендік. Мақсатқа жете алмай, іріп-шіріп өлу — қорлық.

Тоқаштың көксегені осы революция емес пе еді? Ендеше Тоқаш бұған көнбейді. Әлі де болса құреседі. Революция үшін өлсе арманы жоқ. Фальковский деген кім? Ол

екімет емес, тергеу комиссиясының бастығы ғана. Революцияға көлденең жолдан келіп қосылған жолаушының бірі ғана. Тоқашты Жетісу халқы жақсы біледі. Әлде, Тоқаштың алған бағыты теріс пе? Шын қателескен бе?

Тоқаш қатты күрсініп, тар камерада бір-екі аттап қайта отырды. Ойы даладағы көштей тізбектеліп, көз алдынан өтіп жатты. Әне, қырдан өте алмаған түйедей, өткен өмірдің бір кезеңі шегіншектеп, жібін үзіп тоқтай қалды. «Фальковский... Шынымен сол Марков пе? Жоқ, ол емес. Ұқсамайды...»

Тоқаш өзімен өзі сөйлейді. Күбірләйді. Тоқаш осы Фальковскийді бір жерде көрген сияқты. Қайда көрді?

...Дәл революцияның алдыңғы кезінде Тоқаштың тергеуін екі-үш күндей бір офицер жүргізді: ұзын бойлы, таңқы мұрын, шадыр көз... Талай қинаған еді, айуан!.. Тоқаш сонда жалтарды: мойнына алса-ақ — атады. Сонда сол Столяровты қатты қадағалап суралған еді. Әлі есінде.. Ұзақ түн. Екі тергеуші екі жақтан Тоқаштың апшысын қуырып отыр. Шадыркөз Тоқашты үшбұрышты орындыққа отырғызып, екі қолын салбыратып қойды. Қан саусақтың басына құйылып, быртиып ісіп кетті. Қан толған тамыр солқ-солқ етеді. Шаншиды.

Тұн ауа:

— Столяров кім? — деді Шадыркөз.

— Білмеймін!

— Неге білмейсің? Мына адрес сенің қалтаңа қайдан түсті?

— Ол ма?.. Ол жол-жөнекей танысқан адам. Петроградта Нева өзенінің жиегінде кездескен ем. Ұмытып тақаптын!

— Адресін неге алдың?

— Ол фотограф еді.

— Жалған! — Шадыркөз столды жұдырығымен түйіп жіберді.

— Шыныңды өзің айт. Женіл тиеді!

Тоқаш басын шайқады. Шадыр жалма-жан ұшып тұрып періп жіберді — мұрнынан қан бұрқ ете түсті. — Айтасың ба?

Тоқаш жиіркене қарады. Басқа не дәрмен? Қолда кісен, Шадыркөз бір қағазды тағы оқыды: Столяров бір мың тоғыз жұз бесінші жылғы ереуілге қатысқан... Енді не дейсің? Тағы жалтарасың ба?

— Ол маған өмір тарихын айтқан жоқ.

— Э... Солай ма?.. Ол сені социал-демократ үйіміна тартқанда өмірін айтпаған болар?.. Мына қағазды танисың ба?

Тоқаш таныды. Столяровтың қол таңбасы. Почтадан ұстаған екен, Тоқаш басын шайқады — танымған пішін білдірді. Шадыркөз бұған дауыстап оқыды: «Істің бағыты қалай? Күніне бір адамға өз ойыңды үғындыра білсең соның өзі үлкен табыс. Ерінбе!.. Дауыл жақын, алыс емес!..» Ал, Бокин мырза, сөйле!.. Бұл не дауыл? Мүмкін түсіндірерсіз?..

Тоқаш тағы жалтарды:

— Түсінбедім!.. Менімше ол ғылым, тәлім-тәрбие тура-лы айтып отыр.

Шадыркөз есіре құлді:

— Мен саған әкеңді танытайдын! — Тағы қинады. Бұл жолы күре тамырдан қолдың қырымен ұрды. Тоқаш есі ауып құлап түсті. Шадыркөз құдды жын қуған бақсы: күркілдеп, зікір салады:

— Кәне, сен өзіңнің түйе емес екендігінді дәлелдеші! Сонда мен сенің сөзіңе сенейін!..

Тоқаш орнынан тағы атып тұрды. Кешегі Фальковскийдің кекесін сөзі: «Э, солай ма?.. Өзінді түйе емеспін деп дәлелдеші, мен сонда саған сенейін» — дегені осы өткен суретті жаңғырықтырмай ма? Шынымен сол Марков болғаны ма? Сақалын қырып тастаса — нақ өзі емес пе?

Тоқаш камерада ерсілі-қарсылы жүрді. Бір... екі... уш... Қайта бұрылды. Негілған тар камера... Тоқаш ойы тан бүгін сол камера сияқты тар арнаға түскен, шығалмайды, қайталап, қазыққа байлап қойған аттай айнала береді. Баяғы ой желісіне қайта соғады.

— Сол күнгі офицер бүгін Совет қызметіне кіріп, арамниетін жүргізуі мүмкін бе? Тоқаш есіне бұл жора бұрын неге түспеген. Мүмкін Тоқаш абақтыға түспеген де болар ма, қайтер еді... Тоқаш бірінші көргеннен-ақ осыны ұнатпаған еді. Сезген екен. Әйтпесе, өз қолымен құрған үкіметі Тоқашты неге отырғызады?..

Сабыр, Тоқаш, сабыр! Әлде қате жасаған боларсың? Кәне қатеңді санаши, Тоқаш!

— «Кәрденді аттың» — деді бір дауыс. Тоқаш жан-жағына жалт қарады. Ешкім жоқ. Тек баяғы абақтының қара түні. Тоқаш сезді: жүрек түкпірінен шыққан дауыс болды.

Кәрден — бай, саудагер. Революцияға қарсы адам. Кеше қазақ халқы бостандық үшін күресіп, қырылып жатқанда, патшаға тыңшы болып, көмек берген. Бекболатты ұстасып, дарға астырган да Зәкір мен осы Кәрден. Тоқаштың үстінен пәле тауып, көрсеткен де сол. Ендеше, Кәрденді атқан қате боп санала ма?

Анада Еремин не деді? Сол оқиға болған күні Шамалғанға облаткомның тапсыруымен Еремин келді. Ол: «Қате, өз қолыңмен атпай, үкімет орнына тапсыру керек еді» демеді ме? Онда сол Еремин сөзі дүрыс болғаны ма? Жоқ. Революция аянышты білмейді! Жауды аяу — өзінді өзің жауқолына ұстап беру. Тоқаш ондай тайқақтыққа бармайды. Тоқаш мұны қате деп санамайды.

Тағы қандай қатесі бар? Байларды ұрды. Малын тартып алып, кедейлерге әперді. Кеше Фальковский шіріп кеткен бір сары тіс пен бір топ сақалды алдына жайған жоқ па? «Тегінде сақалды біреуден қырқып алған болу керек — тым келте, шолақ. Ал тіс ше? Кәрі кемпірдің тісі тәрізді сарғайып кеткен. Эбден мұқалған!»

Тоқаш бұл «айыпты» да мойнына алмайды. Қате де емес. Тоқаш байларды ұрғанын жасырмайды. Ұрды. Эйтпесе малын ықтиярымен кедейге беруші ме еді?.. Тағы да қандай «қылмыс» жасады?.. Басқа жоқ сықылды. Онда абақтыға неге жапты? Кім жапты?

Тоқаш жұдырығын түйіп атып түрді. Тырнағы алақанына қірш-кірш батады. Жүргегі аузына тығылады. Айғай-лап жіберді:

— Аш!

Үн жоқ. Есікті тепкілеп, соғып-соғып қалды. Қарсы камерадан дыбыс естілді. Біреу сөйлегендей. Құңгірт.

— Аш!

Тірі жан жоқ. Абақты қараушысы үйқтап қалған ба? Қанша уақыт өтті екен... Тұн ортасы ауған сияқты...

Тоқаш қайта отырды. Достары қайда. Павел Виноградов, Петр Еремин, Сақа Сағатов... Шынымен олар да жау өсегіне сене ме екен?

Әлде Жұніс дүрыс айтты ма? «Сен, Тоқаш, көшіңнен озып кеттің!» деді ол. Сол шын ба? Кешегі көтерілісте бірге болған серіктерің қасында болса — Жұніс сондай сөзді айта алмас еді. Оларды қалай да тегіс Қытайдан тез қайтару керек. Қайтқандарын баурына тартып үкімет жұмысына икемдеу керек. Жоқ, Тоқаш, бұ да қате деді. Тағы бір

дауыс, сен елде жүрген кедей-батрактарды ұмыттың, соларды баурыңа тарта алмадың. Бірақ соған уақыт бар ма?.. Солтүстікten ашылған майдан анау! Сергиопольдан әскерін қаптатып келе жатқан атаман Анненков!

Тоқаш ұзақ түнде кірпік қаққан жоқ. Көрер таңды көзімен атқызыдь. Тоқаштың өмірінде бір-ақ өкініші бар. Оны өзі сезінеді. Ол — Үлпершек-бике. Тоқаш оған әділетсіздік жасады. Әкесі үшін қызының жек көрді. Қызының шын жүрегін алдау-арбау деп үқтү. «Бикен шын сүйсе, әкемді атты деп арызды неге берді?» — деген дауыс тағы да құлағына келді Тоқаштың. Ығы-жығы, қалтарысты сезікті ойлар аумаған таудағы қаратөбенің үңгірі. Бір кірсең — шыға алмайсың!

Бикен әкесінің алдында балалық қарызының өтеген болар? Не Кәкенов пен Бурнашев айдаған салған шығар. Кім білсін... Жоқ, Тоқаш бәрібір Бикенді сүймейді. Оны Айгүлмен қатар қоюға болмайды.

Айгүл... Тоқаш жүрегінде шешек атқан гүл еді. Арманда кетті! Я, Айгүл демекші. Соңғы кезде Айгүл өлімі туралы сыйбыс хабар да шықты. Сол рас болды-ау. «Өлтірген Яшайло көрінеді» — деді Құрышпай жақында. Қайдан естіген екен? Тоқаш сол сөзге көңіл бөлмеді. Апирмай, бұл ой бұрын неге жадына келмеді екен? Қап?.. Тоқаш бұлығып, дем ала алмады. Жүрегінің соққаны өзіне естілді. Көзіне қан толды!.. Қап!.. Таң сарғайып ата бастады. Торлы терезеден бозарған таң сәрісінің ақтаңдақ сәулесі түсті. Бір кезде дәлізде бірнеше адамдардың даусы естілді: бәсек дауыс, шолақ келте сездер. Дүбір. Келе жатыр, — бір-екі адам емес, бірнешеу. Кім болды екен? Әлде босатайын деп келе ме? Мұнша неге ерте? Кеше Еремин, Виноградов, Құрышпай — үшеуі кепілге алмақ деп еді. Солар ма екен? Таң атпай... Олар емес сияқты. Аяқ басыстары тым асығыс... Сөздері шолақ, шапшаң, сыйырлай ма қайтеді? Бұлар кім болды екен?.. Шықырлатып камераның кілтін бұрай бастады. Тоқаштың екі көзі есікте, жүрегі дүрсілдеп, аузына тығылды. Есік жұлқына ашылды...

XXXI

Бір көзін қара шүберекпен таңған әскер алдымен кірді. Оның соңында жұқа өнді ерек, сақал-мұрты қойдың жүні тәрізді — үйпа-түйпа. Одан әрі Тоқаш алдыңғы екеуінің қалтарысынан жөнделеп көре алмады.

Ақсақ:

— Тоқаш Бокин, киін! — деді қолындағы бір қағазға қарап.

— Неге? — Тоқаш көңліне секем алды: — таң жаңа ғана атқан жоқ па?

Осылардың бәрін шырамытады, бірақ дәл басып тани алмай түр.

— Соғыс прокуроры жауапқа шақырады! — деді қаба сақал. Таныс дауыс.. қайда көрді?

— Сенбейсің бе?.. Міне пропуск!

— Айда, пошли!

— Уақыт кетіріп, ес жоқ-ау сенде! — деді қазақша арт жағынан біреу. Бұ да гүжілдеген таныс дауыс. Тоқаштың жүргегі мұздай бастады — тегін адамдар емес. Ақсақ Тоқашты итермелеп, дәлізге алып шықты.

— Сіз мені бермеңіз мыналар әскер емес! — Тоқаш абақты қараушысына сөз таstadtы.

— Жап аузын!

— Жолдастар! — Тоқаш айғай сап үлгірmedі, біреуі аузын басты, енді бір-екеуі көтеріп ала жөнелді.

Таң атқан.. Көше жарық. Тыста, қақпа алдында жегілген пар ат. Тоқаш түсінді — жаудың ақырғы қастығы. Жанталасып, арбаға мінбей бақты. Алысты. Ақсақ жекпе-жек келіп, қап еді, доптай лақтырды. Төртеуі жабылды. Орамалмен аузын байлан, арбаға көтеріп салды. Үстінен баса отырды... Шауып ала жөнелді...

Қайда апарады?.. Қыршын жастың үзілген кезі осы ма? Арманына жетпей қор болғаны ма, Тоқаштың дем алысы тарыла бастады.

— Эй, хайуандар!.. Адамша өлтіруге болмай ма? Мен қашпайым... Босат!

— Тұншығып қап жүрмесін. Босат!

— Бізге керегі бұл емес қой! — деп біріне-бірі ақыл салды. Қолын байлан, аузына шуберек тығып, орталарына отырығызды. Жұрт көзіне түспеу үшін басына шәлі жапты. Тегі әрбір қимылға дейін күн бұрын ойлан қойған тәрізді. Қарсы бір екі адам келө жатыр... Тоқаш таныс па деп көз тастанап еді, көре алмады. Арбада отырғандар дабдырлап, бірі қарқылдан күліп, бірі екілене сөйледі.

— Күйеу қайда?

— Алға озып кеткен... Кәзір неке қиямыз!

— Қалың малға қанша төледің?

— Ха-ха...

— Бір адамның құны деседі.

Тоқаш енді анық түсінді. Бейнелеп отырғаны Кәрден болу керек.

Пар ат тауға қарай тартты. Шырт үйқыда жатқан қала сөзбейді. Ерте оянған бірлі-жарым шалдар бақшасымен әлек. Қөз қырын да тастамайды. Қалада күнде жанжал, күнде шу. Әбден ығыр болған да. Қайсы бірін біліп жатыр халық. Эйтеуір, өздеріне тимесе жарады.

Тоқаш жалғыз екендігін енді үғынды. Өкініш! «Әрбір көшеде жақтайтын, қорғайтын адам болу керек» деген кім еді? Қөшін тастап, ілгері жүріп кеткен екен Тоқаш. Ҳалықтың ортасында өскен Тоқаш серіктерін қасына ертуі керек емес пе еді? Қытайға кеткен серіктерін іздеймін деп мұндағы қедейлерді ұмытты ма? Отряды қайда?.. Кеше Иван хат түсірген-ді: «Солтүстік майданға жүріп барамыз. Қош!» деп. Тоқаш жалғыз болған жоқ. Ҳалқы бар, достары бар... Тап жауы айласын асырды. Шіркін, Алматы қандай әсем еді... Таңертенгі ауа тұнық — мөп-мөлдір, жұта берсе, жұта берсе... Адам тояр емес. Қәшениң екі жағы сыңсыған көкпенбек зәулім ағаш — аспанмен тілдеседі, ұшы сүп-сүйір, наиза тәрізді. Қаланың қөркі. Әне, тау шыңына шоқиған алтын күн, қаланы да, ағашты да жасыл, қан қүрең түрлі түске бояйды. Қек тұс, қазақта жастық түсі. Өмірің көгерсін демей ме?

Тоқаш өмірі сарғайып, үзіліп түскен жапырақ. Я, сен-табор айының бүгін он тоғызы. Жапырақ неге сарғаймаған?..

Міне, пар ат бәйгіге қосқандай, пәрменімен ағызып келеді, тау құшағын жайып, кейін шегіне береді. Әлде жау жаман ниетінен қорқа ма? Жоқ өлім бәйгі тікті ме? Жоқ, Тоқаш өлімнен қорықпайды. Бірақ, арманы көп. Артта қалып бара жатқан ісі көп... Мұның ісін кім аяқтайды? Сақа ма? Ораз ба?.. Тым ертерек келді-ау, осы өлім!

Арба Алатаудың қойнына кірді. Қош, асқар биқ! Тоқаш көңлі, қиялы Алатаудың шыңына талай ұя салған еді...

Медеу байдың дачасына жетпей, арба жолдан бұрылып, Алмасайдың үңгіріне келіп тоқтады. Түс-түс қалды. Алдарынан бір топ қісі шықты. Ішінде Фабдулла Қакенов, Әділ — Кәрденнің інісі, тағы да шоқша сақалды біреу Тоқаш шырамытады. Е, молда, анада үйіне келген халғенің өзі екен ғой.

— Міне қалыңдық! — деді қаба сақалды құліп Қакеновке. Сейтті де жапсырған сақал-мұртын жұлдып ап, Бокиннің бетіне төніп, қарқылдай құлді:

Күйеу жолдасыңды танисың ба? Танисың ба? Танымасаң — Сәлімгерей Бурнашев!

— Аузынан тығынын ал! — деді Кәкенов әмірлі дауыспен қарабұжырға. Е, Тоқаш мұны да таниды. Егескен жау алмай қоймас — Исмаил Яшайло. Оның қасында тұрған ақсақ Кихтенко. Қалапың қанішер бұзығы. Жалдаған екен. Қарабұжыр білегін сыйбынып жіберіп дөрекі қимылмен Тоқаштың аузынан тығынын сұрып алды. Сол тұрған бойында бәрі жерге отыра-отыра кетті. Тоқаш жанында Яшайлоғана қалды.

— Сен, Боқының ұлы, кәпірге сатылып, шоқынғандықтан біз шарифат сотымен жаза бұйырамыз! — деді халфе қолындағы құранның бетін ашып.

— Менің сотым сендер емес, халық! — Тоқаш жиіркеніш атып, тай-таласа жауап қайырды. Іштей бекінді: «Өлөр жер осы. Тайынба, мықты бол, Тоқаш!»

— Халық уәкілі мына біз! — деді Кәкенов даусы қалтырап, көзі шатынап.

— Сендер азғынсыңдар!.. Абақтыдан үрлап әкеп жүрттан жасырып өлтірмексіңдер, ә?.. Мықты болсаң халық алдында, ашық сотқа түсіңдер!

— Эй, мынаны үрдіріп қоюшы ма едіңдер? — деді Бурнашев кіжініп.

— Жап аузынды! — Қарабұжыр сылқ еткізіп, ауыздан бір салды. Тоқаштың мұрнынан қан сау ете түсті.

— Тұра тұр, тиме! — деді ақырып халфе. — Боқы баласы Тоқаш, о дүниеге аттанар сапар алдында мұсылман қауымына кір. О дүниеде қиналмайсың!.. Бишара, қайтесің қарсыласып, алланың жазуы осы!

— Бұл зұлымдық бүгін болмаса ертең, ертең болмаса 40 жылдан кейін ашылады!.. Ішіне сыймай, осы тұрғаның біреуі өзі айтады. Мына Бурнашев өзі-ақ айттар әлі мақтаныш қып.. Менің айтатын иманым сол — Кәкенов деген халықтың жауы, патша өкіметінің тыңшысы. Талай қазақты «галка», «қара» деген атпен қан қақсатып, зар жылатқан...

— Үр! — деді Кәкенов қарабұжырға. Ол пәрменімен пе-ріп жіберді — Тоқаш екі тісін қанмен бірге түкірді.

— Тоқтат! — деді тағы да халфе! — Боқы ұлы, құдайдың құллы екеніце шек келтіресің бе?

— Халықтың құлымын!

— Пайғамбардың үмбеті екенінді түсінесің бе?

— Қазақтың үмбетімін, молда. Қазақпын!

— Апырай, бірәдар-ай, осыған неге уақыт өткізесіз? —

деді Кәкенов ыза кернеп. — Онан да, Фальковскийдің кім екенін біле ме еken, соны сұра!

— Килікне, шырағым!.. Шаригат солай дейді. Мүмкін жадында жоқ шығар... Есіне салу мениң міндеттім!

Тоқаш халфе сөзін естіген де жоқ. Көз алдында бір-ақ адамның бейнесі кетпейді: ол — таңқы мұрын, шадыр көз. Ол — адамның бөрісі.

— Шейітпісің, сұнэтпісің? — деді халфе тағы да жақын келіп.

— Революционер, коммунисттың! — Тоқаш бар даусымен нығыздап айтты.

— Соқ! — деді Кәкенов шыдамай. Қарабұжыр екі жеңін сыйбанып, талтаңдай басып, келе бергенде, Тоқаш баспен дәл иектің тұсынан қойып жіберді — қарабұжыр қалпақтай ұшып түсті. Кәкенов пен Бурнашев, Кихтенко бірдей жүгірді.

— Тфу! — Тоқаш қанды аралас түкірігін Кәкеновтың бетіне жапсырды.

— Қап, мынау қылды-ау! — Бурнашев пышағын сұрып ап, ұмтыла бергенде, бет-аузы қан-қан есін жиған Яшайло, Бурнашевті итеріп жіберді.

— Өзім өлтірем, әрі тұр?

— Яшайло, тоқтат! — деді манадан үн-тұн жоқ отырған Әділ қолын көтеріп.

— Әуелі үкім шығарамыз?.. Кәне, қандай жаза бүйірасыздар?

— Қескілеп өлтіреміз! — деді Кәкенов.

— Тірідей өртейік! — деді Бурнашев.

— Үкімді халфе айтсын! — деді Әділ.

— Қескілеп өлтіруді шаригат көтермейді. Денені қорлау бол табылады. Күнә... Өртенсін! — деді халфе.

Сонша болмады, күн бұрын есептеп, дайындал қойған екен, ақсақ бір шелек керосинді Тоқаш үстіне тәңкере салды. Исмаил сіреңкені тартып қалды. От лап ете түсті. Қызыл жағынға оранған Тоқаш аспанинан салбырап түскен алтын адамдай, ұзара жанып, қекке созылды.

Алатайдың шыңынан найза бойы көтерілген күн жарқырап, Тоқашқа төнді. Күн сәулесіне шағылысқан жалын сайға тігілген қызыл жалаудай желбіреді...

Ақбалтыр қалаға күн бата кірді. Атқошшысы ересек ба-ла — Рахым, болдырған атын шу-шуlep, жүргізе алмай әлек. Ақбалтыр жаулығының самайынан шыққан ақ шашын қо-лымен сырғып, үрейлі көшеге тесіле үңіледі. Талай келіп-ақ жүр осы қалаға, бірақ үйренбей-ақ қойды, қарайып қалады. Көшелері біріне бірі үқсас. Рахымға: «былай жүр, былай жүр» деп жол нұсқаған болады, үйретсе де, өзіне өзі сенбей-ді — дұрыс па?

Таң атқалы дәм де татқан жоқ. Суық хабар асықтырып, ат шалдыруға да мұрсат бермеді. Ана жүргегі жарылып ке-түге бар — лықылдағ аузына тығылады. Кейде дауыстап, кейде іштей зар жылап, еңіреген ана, жасын тия алмайды. Бір сұмдықты сезініп келеді...

Құрғыр, Құрышпайдың үйін таба алмады-ау. Қай көше еді? Өткен-кеткен адамдардың әрқайсысынан бір сұрайды — Құрышпайдың пәтерін білесің бе? Біреулері басын шайқап өте шығады, енді біреулері жолаушының аты-жөнін сұрап, жаны ашыды. Кеш болса түсті. Тұнде кемпір мен бала қай-да қонаады?

Мүйістен салт атқа мінген құндыз бөрікті бір қазақ ана-дайдан ойқастап өте берді. Ақбалтыр дауыстап қолын бұл-ғады. Ел қазағы көрінеді, мүмкін білер... Атының басын бұрды. Ойбай-ау, әлгі Нұрмагамбет қой, осы әлгі Қытайға қашып кеткен Үбрайым мырзаның немере ағасы емес пе?

— Е, жол болсын, бәйбіше? — деді, көңілді, көтеріңкі дауыспен Нұрмагамбет. Езуіндегі сыздаған кекесін бе? Со-лай-ау, тегі.

— Қалаға келеміз шырағым. Менің балам Тоқаштан не хабар білесің? — Ақбалтыр асыға қүтеді жауапты. Нұрмагамбет сылқ-сылқ құліп, аяғын үзенгіге шірене тірепейді. Қам-шысын ерінің қасына сүйеп, көзін шұқшитады.

— Ойбай-ау, бәйбіше-ау, естімеп пе едіңіз?.. Балаңыз алыс сапарға аттанған... Осыдан бес күн бұрып Петерборға шақырып әкеткен... Ренжімеңіз, ол жалғыз сіздің балаңыз емес, ел баласы ғой...

— Илаһи, айтқаның келсің, қарағым... Бір суық хабар естіп, сүйт жүріп кеп едім. Лепесің жақсы екен.

— Ауылға қайтып жүре беріңіз.. Құрышпай дегенді қайтесіз. Естуімше о да қалада жоқ сияқты.. Біздің ауыл мына тұрған Борылдай.. Жүріңіз!

Ақбалтыр енді сезіктенді. Бір үртynда қан, бір үртynда май бар ит-ау, тегі. Сөзінің нұсқасы ұнамады. «Ауылға қайт» дейді, неге?

— Жоқ, шырағым, әдейі келген соң, бір дерек ала кетейін де! — Ақбалтыр сөзі көңліне жақпады ма, «мейлің!» деді де, атын санына бір салып кете барды.

Ақбалтыр атты айдатып, тағы бір көшे ілгері басты. Енді алдынан қиіз қалпақ киген, еркек кездесті — дүнған ба, үйғыр ма, құдай белсін. Кеудесін ашып тастаған, адымдай басып, тоқтап қалды.

— Шырағым, Құрышпайдың пәтерін білесің бе?

— Құрышпайың кім?

— Тоқаштың жолдасы.

— Тоқаш?.. Әлгі шоқынды ма?

— Тек. Не шатып тұрсың. Менің балам ондай емес, — Ақбалтыр кезерген ернін жалап, тағы да ашы сөз айтуға ұмтылды.

— Есің шыққан кемпір екесің... Балаң жоқ, енді сүйегін де таба алмассың!.. Оған бүкіл қала қарсы. Жазага ұшыратқан орыс әскерлері... Өзіңе зақым келмесін, қайтып жүре бер!

— Тілің улы екен, қастық жасағанның бірі сен емессің бе, зұлым? — Ақбалтыр еніреп, ботадай боздады. Қарғады.

— Жапан түзде жалғыз қал! Жақсылық көрме!.. Лагнат атсын сені!.. Құдай мендей зарлатсын!

Киіз қалпақ зытты. Ақбалтырдың даусына біраз адамдар да жиналышп қалды. Ымырт жабылды. Қараңғылық қоюлана түсті.

— Не болды, шеше?

— Кім керек еді? — деген сөздерді естіп барып, Ақбалтыр есін жинады.

— Адасып жүрміз, шырақтарым. Құрышпайдың үйін таба алмай жүрміз.

Әңгімеге терезе жауып жүрген қарт килікті.

— Немене, тағы Бокинді жоқтап жүрген біреумісің?

Жүргегі шайылып қалған ана азырақ кідіріп, жауап қайырды.

— Оны қайдан білдің, кәрия?

— Бүгін екінші күн, елден шұбырып кеп жатқан қазактар бәрі де Құрышпай дегеннің пәтерін іздең, Бокинді сұрайды.

— Қайдан келген адамдар екен, даңғылым?

— Тоқмақтан, Қаналдан, Қастектен, Іледен... Толып жа-
тыр, әйтеуір... Сол Құрышпай жаңылмасам осы көшениң ба-
сында... Әлгі қолағаштай қызыл мұрын жігіт қой?

— Тап өзі, атам тегі!

— Ендеше ссы көшемен жүре бер... Тау жақтан санаған-
да, оң қолыңдағы екінші үй!

Ақбалтыр рахмет айтып жүрін кетті. Мына шалдың сөз
ырымы жақсы екен. Бәсе, Тоқашты жоқтайдын ұл да табы-
лар. Қайран, арадагер! Бар арманы маңдайынан иіскең, өз
қолымен жерлей алмады-ау. О, дүние жалған! Yh!..

Рахым секіріп түсіп, әлгі көрия нұсқаған үйдің терезесін
қақты. Толықтау, қара торы әйел жүгіріп шықты — Халима
Ақбалтырды таңып, бас сап көрісті. Зарлаған екі әйелдің
даусы қаланы құнірентті. Үйден лек-лек адам шығып жатыр,
шығып жатыр. Бірінен соң бірі кеп, Ақбалтырдың қолын
қысып, көзіне жас алады. Құрышпай балаша жылады, өксі-
гін баса алмай, сілейіп арба жанында тұрып қалды. Есінен
танған ананы үйге көтеріп апарды. Жаңа ғана аттан түсіп
отырған Аянбек Ақбалтырдың басын сүйеп, маңдайына
сүйк шүберек басты... Аздан соң шәй беріп, жолаушылар-
дың есін жинады...

— Тағдыр солай, біреуге ерте, біреуге кеш. Әйтсе де,
маңдайға туған жұлдыз еді, сыймады, ерте кетті. Жастығын
қимаймыз, ерлігін жоқтаймыз. Бағымыз ашылмаған қу та-
бан кедей едік, сақтай алмадық! — деді Құрышпай мұңдайып.

— Я, мынау отырған Аякең де, екі бірдей баладан айры-
лып, құр сұлдері... Әйтеуір, арты қайырлы болсын! — деді
аузын кемсендептіп ақсақ Ақан. Ақбалтыр Аянбекке көз
қығын тастан еді, құп-қу, шөлмектей жүдеген. Қапалдан
келген екі мосқал еркек Ақбалтырга қөңіл айтты, бұлардың
сөзін Іледен келген іздеушілер іліп әкетті. Бірінен соң бірі
Тоқашты еске түсіре, ойда жүрген арман сөзін айта берді,
айта берді.

Әбден шаршаған, күйзелген Ақбалтыр көбінің сөзін
жадында ұстай алмады. Әйтсе де, бәрі де Тоқашты жоқтап,
ат салыса келгендер... Кешегі Тоқаштың қының күндерде
қарлығаштай ауыздарына су тамызған, көзін ашқан азамат-
тары екен.

— Ел айрылғанда, ер өлгенде қадірлі. Тоқаш кәдірін ті-
рі күнінде үқтық па? Бай-манап, молда-саудагер, арам құз-
ғындар бірлесіп жоқ қылды. Біз соған не қайрат, не күш
көрсетіп отырмыз? — деді Қастектен келген Тоқаштың
ескі досы Қырбай.

Жастар жағы дабдырлап, дауыс қосты:

— Елден қол жинал кеп, қаланы шабу керек.

— Тас-талқаның шығарып, тамтығын қалдырмасақ, біз-дің атымызды өзге қойсын!

— Үйдай-ай! Той өткесін, қылышыңды... шап!

— Сабыр, жігіттер, сабыр! Оныз да жау жазаларын тартып жатыр. Екібасты жау Кakenовты кеше абақтыға отырызыды. Тексеру комиссиясының бастығы — Фальковский орнынан алынды. Бақылауда. Мәселе өш ауда емес. Жау жазасын алмай кетпейді. Мәселе Тоқашты жамандап, өсекке іліндірген. Оған жала жапқан. Сол жау таратқан өсек қалада аяқ алдырмайды. Жүргізбейді. Гәп осында!.. — Құрышпай аз мұдіріп, жастыққа сүйеніп жатқан Ақбалтырға көз таstadtы: көзін жұмған, үhilegen өксік лебі сондай ыстық өттай шарпиды.

— Жау Тоқаштың өлмейтін ісін жасырмақ. Жақсы атын өшірмек! Өлімнің қапысы да салмағы да осында! — Құрышпай сөзін ақ құба бала Рахым іліп әкетті.

— Жоқ, Құрышпай аға, Тоқаш ағайдың ісі өлмейді. Ел аузы дуалы!.. — Отырғандар айбат шеккен Рахымға таңдана қарады.

Ертең ерте Құрышпай Рахымды ертіп облыстық атқару комитетіне, Ереминге алып барды. Қеңсе толған адам. Бәрі түрегеп тұр. Құрышпайдың алдымен көзіне түскені — Сақа, Ораз, Виноградов. Ортасында — Еремин. Түстері сүйк. Қиналып шешім таба алмай тұрган адамның сиқы. Құрышпайды көріп, Сақа тұра үмтүлды. Бас сап, құшақтап, көзіне жас алды. Ораз да кеуде соғысты.

— Я, Құрыш, ағайдан айрылдық! — деді Сақа, зіл-зарын осы бір-ақ ауыз сөзге сыйдырып. — Телеграммаңды кеше алдым. Өткен тұні кеп, шыға алмай жатырмын.. Қайран, ер-ай!

— Мен де тұнде оралдым!.. Сақа, сенің Пішпектен соққан телеграммаңды алғанда майданда жүр едім.. Жүрек толос таба алмай, сол сағатта аттандым. Қапыда қалдық. Арман!..

Құрышпай Сақамен де, Оразбен де қоштасып, кешкеп өз үйінде кездеспек бол айрылышты..

Көшеге шықса шаңқай тұс. Құрышпай Рахымды ертіп, өзен жиегіне барды. Құрышпай күнде екі-үш рет Алматы өзенінің жиегін қыдырады. Тоқаштың сүйегін іздейді. Жүрт

өсегі бойынша басарықта, Құмдан маңында өлтірсе керек-ті.

Өзен жиегінде, Пугас көпіріне асыла, суға төніп, біреу тұр — қара шәлі салынып, қара шапан жамылған әйел. Бұлар оның қасынан өте берді. Эйел күбірлеп, өзімен өзі сейлеседі. Құрышпай бетіне үңгіліп еді, теріс айналды.

— Міне әлгі Бикен осы!.. «Жынданыпты» дейді шын болса! — Мұсінсіз қара тұлыш қыбырлап ұзай берді...

Құрышпай мен Рахым соңынан ұзақ қарап тұрып қалды...

1956—1958 жыл. Алматы.

Зейн Шашкин

Избранное в шести томах

том II

Токаш Бокин

роман

(на казахском языке)

Издательство «Жазушы» 1973

Редактор Т. Тлеуханов. Художник Б. Григорьев. Худ. ред. Б. Табидзе. Тех. редактор К. Зауренбай улы. Корректор О. Таинкишева. Сдано в набор 29/Х—71 г. Изд. № 53. Подписано к печати 20/XI—72 г. Бумага № 1. Формат 84×108 $\frac{1}{32}$ =12,5 п. л.=21,0 усл. п. л. (Уч.-изд. 22,20 л.). Тираж 12000 экз. Цена 91 коп. Заказ № 1616. Полиграфкомбинат Главполиграфпрома Госкомитета Совета Министров КазССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.

